

Том 13

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

13 ТОМ

Май—сентябрь 1906

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1976

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ–КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

13 ТОМ

Май–сентябрь 1906

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1976

3К2
Л40

Л $\frac{10102-95}{401(07)-76}$ 2—76

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалар толық жинағының он үшінші томына 1906 жылы май — сентябрьде жазылған шығармалар еніп отыр.

Томдағы еңбектердің көпшілігі РСДРП IV (Бірігу) съезінен кейінгі партия ішіндегі күреске, I Мемлекеттік думаның қызметіне және оның таратылуына байланысты мәселелерге, большевиктердің Дума жөніндегі тактикасына талдау жасауға және меньшевиктердің тактикалық бағытын сынауға арналған.

Партияның IV съезінде РСДРП-ның тек формальды түрде бірігуі ғана жүзеге асырылды. Меньшевиктер мен большевиктер бұрынғыша әр түрлі саяси платформаларда қала берді және іс жүзінде басшылық ететін дербес орталықтары бар екі ұйым болды. Съезде сайланған меньшевиктік Орталық Комитетке Ленин басқаратын РСДРП Петербург комитеті қарсы тұрды. Лениннің бірігу саясатын большевиктерді меньшевиктермен шатастырумен, олардың идеялық және саяси позицияларын шатастырумен араластыруға болмайды деген қағидасын басшылыққа ала отырып, большевиктер съезден кейін де жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмге қарсы дәйекті, принципті күрес жүргізе берді.

Том В. И. Лениннің «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)» деген үлкен еңбегімен ашылады, оны Ленин съезден кейін іле-шала жазған болатын. Жұмысшылардың саяси санасын жетілдіруде зор роль атқарған бұл шығармасында

Ленин РСДРП IV съезінің жұмысына және оның шешімдеріне терең талдау жасайды, меньшевиктердің оппортунизмін әшкерелейді және революцияның түбегейлі мәселелері: революциялық кезең мен пролетариаттың таптық міндеттеріне баға беру, аграрлық мәселе, Мемлекеттік думаға көзқарас, қарулы көтеріліс жөніндегі большевиктердің позициясын негіздеп береді. Ленин съездің қорытындыларын шығарады және большевиктердің міндеттерін сипаттайды. Ол «партияны ұйымдастыруда демократиялық централизмнің принциптерін шындап жүзеге асыру,— төменгі ұйымдардың сөз жүзінде емес, іс жүзінде партияның негізгі ұйымдық ұясы болуын, барлық жоғары мекемелердің нағыз сайланып қойылатын, есеп беріп және ауыстырылып отыратын мекемелер болуын қажырлы күреспен қамтамасыз ету» қажеттігін баса көрсетеді. «Барлық саналы жұмысшы социал-демократтарды біріктіретін және дербес саяси өмір сүретін ұйымды қажырлы жұмыс арқылы қалыптастыру керек» (осы том, 66-бет) деп көрсетті Ленин.

Ленин большевиктер социал-демократияның оң қанатындағы оппортунистік тенденцияларға қарсы мейлінше батыл, ашық және аяусыз идеялық күрес жүргізуге тиіс деп жазып, партияның ішкі өмірі мәселелерін еркін талқылау қажеттігін көрсетеді. Ол былай деді: съезд шешімдерінің кең талқылануын қамтамасыз етіп, партияның барлық мүшелерінен бұл шешімдерге саналы түрде және сын көзбен қарауды талап ету керек. «Егер біз,— деп жазды Ленин,— партиямызда демократиялық централизмді шынында да мықтап жүзеге асырғалы отырған болсақ, егер біз жұмысшылар бұқарасын партиялық мәселелерді саналы түрде шешуге қатыстырғалы отырған болсақ, баспасөзде, жиналыстарда, үйірмелер мен топтарда осылайша талқылау ісін жүргізуге тиіспіз» (70-бет).

Съезден кейін, әдетте, жергілікті партия ұйымдарында съезд туралы екі баяндамашы есеп берді, олардың бірі — большевиктерден, екіншісі — меньшевиктерден еді. Большевиктерден негізгі баяндамашы Ленин болды. Ол астанадағы партия қызметкерлері ал-

дында, Петербургтің Француз-Орыс кіші ауданы, Москва, Нарва аудандары жұмысшы социал-демократтарының жиналыстарында және басқа жерлерде съезд туралы баяндама жасады. Лениннің баяндамалары партияның қатардағы мүшелерінің съезд шешімдерінің мәні мен маңызын түсінуіне, бұл шешімдерге дұрыс көзқараста болуына көмектесті.

1906 жылдың көктемі мен жазында революциялық қозғалыстың біраз жандана бастағаны байқалды. Егер 1906 жылдың бірінші тоқсанында стачкашылардың саны 269 мың болса, екінші тоқсанда ол 479 мыңға дейін көбейді. Тек июньде ғана экономикалық стачкаларға қатысушылардың саны 1906 жылғы ең көп цифр — 90 мыңға жетті.

Шаруалар қозғалысы да күшейді. Шаруалардың толқулары 215 уезді, яғни Европалық Россиядағы барлық уездердің жартысын қамтыды. Армия мен флоттағы қозғалыс 1905 жылғы октябрь — декабрьдегіге қарағанда едәуір ұлғайды. 1906 жылы июньде Севастопольде, Рязаньда, Батумиде, Владикавказда, Тамбовта әскери бөлімдердің толқулары болды, ал июльде Свеаборгте, Кронштадтта, Ревельде солдаттар мен матростардың көтерілістері бұрқ ете түсті. 1906 жылы майдың бас кезінде «Жаңа өрлеу» деген мақаласында Ленин былай деп жазды: «Біз жаңа қоғамдық өрлеудің басталғанын басымыздан кешіріп отырмыз. Жұмыссыздардың қозғалысы да, Бірінші май да, шаруалар арасында, әскерлер арасында толқудың күшеюі де, митингілер де, баспасөз де, одақтар да,— осының бәрі де жаңа өрлеуді мейлінше айқын дәлелдейді» (79-бет). Бұл мақаласында Ленин партияның алдына бүкіл насихат, үгіт және ұйымдастыру жұмысын пролетариат пен шаруалардың жаңа, шешуші күреске дайын болуына бағыттау міндетін қойды. Бұдан әрі Ленин саяси жағдайды талдауға, пролетариат пен оның партиясының революцияның қазіргі кезеңіндегі міндеттеріне бірнеше рет қайта оралады («Қазіргі саяси жағдай туралы», «Армия және халық», «Дауыл алдында» деген және басқа мақалаларын қараңыз). Ленин орыс революциясы ауыр да қиын жолмен келеді деп атап көрсет-

ті. «Әрбір өрлеудің соңынан, әрбір жеке табыстың соңынан жеңіліс, қан төгіс болып келеді, бостандық үшін күресушілерге самодержавие қорлық көрсетуде. Бірақ әрбір «жеңілістің» соңынан қозғалыс ұлғая түсіп келеді, күрес тереңдей түсіп келеді, күреске тартылған және оған қатысушы таптардың, халық топтарының күресуші бұқарасы барған сайын көбейе түсуде» (365-бет).

Бұл дәуірде ішінара, бірақ кең негіздегі революциялық өрлеумен қатар революция жалпы, баяу болса да, бәсеңдеп бара жатты. Революцияның бұл тарихи кезеңінің осы екі тенденциясы күрестің сипатына, оның ерекшеліктеріне, формалары мен әдістеріне әсер етпей қоймады.

Революцияда бет бұрыс кезең болған 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін патша үкіметі қорғаныстан шабуылға көшті. Елде жазалау экспедициялары қаһарын төгіп тұрды, губерниялар бірінен соң бірі соғыс жағдайында деп жарияланды, әскери-далалық соттар енгізілді, қаражүздіктердің ойрандары жиіледі. Алайда патша өкіметі тек қуғындау әдісімен ғана емес, сонымен бірге жаңа, «заң шығарушы» Думаны шақыру жолымен де революцияны тоқтатуға тырысты. Самодержавие мұның өзі бұқараның назарын революциялық күрестен басқа жаққа аударады, Дума құру арқылы революцияшыл күштерді бөлшектеудің, шаруаларды пролетариаттан бөліп әкетудің сәті түседі деп үміттенді.

Думаға көзқарас туралы мәселе 1906 жылдың көктемі мен жазында басты мәселеге айналды, бұл мәселе төңірегінде саяси партиялар мен топтар қиян-кескі күрес жүргізді. Бұл мәселе көп адам қатысқан митингілерде, жиналыстарда, баспасөзде талқыланды, одан күресуші күштердің межеленуі ерекше айқын, анық көрінді, әр түрлі партиялардың революцияға шын көзқарасы айқын аңғарылды.

Революцияның сипаты мен міндеттерін түрліше анықтау меньшевиктер мен большевиктердің I Мемлекеттік дума жөніндегі алауыздықтарының негізі болды. Ленин Россия социал-демократиясының меньше-

виктік қанаты туралы былай деп жазды: «Бұл қанат буржуазиялық революцияны тек буржуазия ғана дербес «жасай» алады немесе буржуазиялық революцияны тек буржуазия ғана жүргізуі керек деген сияқты мүлде қате және марксизмді тұрпайыландыратын пікірге қарай әрдайым адасып келеді. Буржуазиялық революцияның толық және үзілді-кесілді жеңуі жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер болып табылатын пролетариаттың ролі социал-демократияның оң қанатына түсініксіз» (68-бет).

Большевиктер маркстік, революциялық тактиканы қорғай отырып, бұқараны революциялық күресті одан әрі ұлғайта беруге бағыттады және Думаға бойкот жасауға шақырды; меньшевиктер буржуазиялық-демократиялық революцияның толық жеңіп шығатынына сенбей, принципсіз жартылай бойкот жасау тактикасын (сайлаудың алғашқы сатыларында оған қатысу тактикасын) қолданды, ал бұл тактика жұмысшыларды жікке бөліп, конституциялық жалған үміттің таралуына мүмкіндік берген еді.

Неғұрлым саналы жұмысшылардың, сондай-ақ демократиялық пиғылдағы интеллигенцияның бір бөлігінің сайлауға қатыспағанына қарамастан, I Мемлекеттік думаны болғызбаудың сәті түспеді, өйткені бойкот революцияның бәсеңдеуі жағдайында өтті. Сонымен бірге меньшевиктердің іріткі салушылық әрекеттері, шаруалар арасында конституциялық жалған үміттің күштілігі бойкоттың сәтсіздікке ұшырауының себептері болды.

Кейініректе Лениннің атап көрсеткеніндей, I Думаға бойкот жасау II Дума сайлауы кезінде оңай түзетерліктей жеңіл-желпі қате болған еді. Бірақ, бойкоттың сәтсіздікке ұшырағанына қарамастан, қайшылыққа толы, дәйексіз меньшевиктік жартылай бойкот тактикасына қарағанда, большевиктік тактика өте-мөте бағалы болды. Большевиктердің бойкоты пролетариаттың таптық сана-сезімін жетілдіруде зор роль атқарды, ол Думаның беделін едәуір төмендетіп, халықтың Думаға сенімін әлсіретті.

I Мемлекеттік дума (Витте Думасы деп аталатын Дума) 1906 жылы 27 апрельде (10 майда) шақырылды.

Думадағы депутаттық орындардың көпшілігін кадеттер алды. Ленин партияның алдына Думаны пайдалану міндетін, пайдаланғанда оны, заң шығару жұмысы үшін емес, революциялық үгіт пен насихат жүргізу мақсатына, халық өкілдігінің осы өңі айналдырылған өрескел түрін әшкерелеу мақсатына пайдалану міндетін қойды. «Жалған өкілдік шақыруға кедергі жасау үшін,— деп жазды ол,— біз қолдан келгеннің бәрін істеуге тиісті едік және біз оның бәрін істедік те. Бұл солай. Ал егер, біздің күш салуымыздың бәріне қарамастан, ол шақырылған болса, біз оны пайдалану міндетінен бас тарта алмаймыз. Революциялық күресті және революцияның толық жеңуі жолындағы күресті бағаламайтын буржуазиялық саясатшылар ғана мұны қисынсыз деп білетін болар» (309-бет).

Осы томға енген еңбектерінде Ленин жұмысшы табының және оның партиясының парламентаризмді пайдалануына байланысты мәселелерді тұңғыш рет кеңінеп баяндайды.

Большевиктер пролетариат күрестің парламенттік формасын қолдана алады және қолдануға тиіс деп есептеді. «Социал-демократтар,— деп жазды Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндамада»,— парламенттік күресті пайдалануды, оған қатысуды жақтайды, бірақ олар «парламенттік кретинизмді», яғни парламенттік күрес саяси күрестің *бірден-бір* немесе *қандай жағдайларда болса да басты* формасы болып табылады деген сенімді аяусыз әшкерелеп отырады» (40-бет).

Ол кезде Россияда қалыптасқан парламенттік режим болмады, конституция болмады. Қуғындау жағдайында және бүкіл өкімет билігі патша үкіметінің қолында толық сақталып отырған кезде шақырылған Мемлекеттік дума самодержавиені бүркейтін перде ғана болды. Бұл жағдайда Ленин конституциялық жалған үміт ең қауіпті әрі зиянды нәрсе болып табылады деп есептеді. «Конституциялық жалған үміт дегеніміз,— деп жазды ол,— конституция жөніндегі алдамшы сенім. Конституция бар сияқты көрінген кезде, ал іс жүзінде конституция жоқ кезде... конституциялық жалған үміт-

тер алға шығады» (40-бет). Ленин осы жалған үміттерге қарсы күрес жүргізу, халықтың қалың бұқарасының тікелей революциялық күресі бұрынғысынша басты форма болып қала беретінін жұмысшылар мен шаруаларға түсіндіру пролетарлық партияның негізгі міндеті деп білді.

Томға енген бірқатар мақалаларында Ленин халықты «тыныштандыру» үшін кіші-гірім реформалар жасауды талап еткен кадеттердің бет пердесін сыпырады, демократизм туралы жалған сөздермен бүркемеленген осы контрреволюционерлердің екіжүзділігі мен қорқақтығын әшкерелейді. «Пролетариат күресуде,— буржуазия ұрланып өкімет басына ұмтылуда,— деп көрсетті Ленин.— Пролетариат самодержавиені күреспен күйретуде,— буржуазия әлсіреп бара жатқан самодержавиенің қайыр-садақасына жармасуда. Пролетариат бүкіл халықтың алдында күрес туын жоғары көтеруде,— буржуазия шағып жеңілдіктер алу, мәмлеге келу және жалдаптық туын көтеруде» (243-бет).

«Дума және халық», «Думаның халыққа сөз салуына кадеттер бөгет жасайды», «Саудаласқысы да келмейді!», «Ашығушыларға жәрдем және Думаның тактикасы», «Кадеттік Дума ойраншылар үкіметіне ақша берді», «Батыл шабуыл және жасқаншақ қорғаныс» деген және басқа мақалаларында Ленин кадеттік Думаның мүдделері халық бұқарасының мүдделеріне қарама-қарсы екенін, Дума патша үкіметінің мүдделерімен тығыз қабаттасып жатқан буржуазияның мүдделерін көксейтінін көрсетті. Ленин кадеттер Думаға ұсынған заң жобаларының халыққа қарсы сипатын ашып көрсетіп, жер және бостандық туралы мәселені Дума шешпейтінін, оны тек еңбекшілердің революциялық күресі ғана шеше алатынын атап айтты. Кадеттердің халықтың есебінен самодержавиемен мәмлеге келу жөніндегі саясатын әшкерелеуде Лениннің 1906 жылы 9 (22) майда Панинаның Халық үйінде болған митингіде сөйлеген сөзінің зор маңызы болды. Бұл Лениннің Россияда бұқара алдында бірінші рет ашық сөз сөйлеуі еді. Жарқын да бейнелі сөзінде Ленин елде қалыптасқан жағдайға талдау жасады, большевиктердің

Думаға, Думадағы партиялар мен топтарға көзқарасын айқын тұжырымдап берді. Митингіге қатысушылар Ленин ұсынған қарарды бір ауыздан қабылдады. Қарар кадеттердің келісімпаздығын әшкерелеп, жұмысшы тобы мен шаруалар тобын дербес қимыл жасауға шақырды, Думадан тысқары жерде революциялық күрес жүргізу қажеттігін батыл мәлімдеді. «Жиналыс,— делінген қарарда,— пролетариат бұрынғысынша халықтың барлық революцияшыл элементтерін бастайтын болады деп сенім білдіреді» (107-бет). Панинаның Халық үйінде болған митингіде Лениннің сөйлеген сөзі пролетарлар бұқарасына орасан зор революцияландырушы ықпал жасады.

Томға енген «Жаман кеңестер», «Плеханов жолдас социал-демократияның тактикасы туралы қалай пайымдайды?», «Кадеттермен одақтасуды кім жақтайды?», «Кадет сөзін сөйлеушілер» деген мақалаларында Ленин «революцияны бастау правосын кадеттік реформизмнің болмашы пайдасына қызығып» сатып жіберген кадеттердің малайлары ретіндегі меньшевиктердің масқаралық ролін ашып көрсетті. Меньшевиктер Думаның таптық мәнін елемей, оны революцияшыл күштерді «топтастыру орталығы» деп, революция мәселелерін шешудің ең жақсы құралы деп білді. Олар өздерінің Дума жөніндегі тактикасында революция аяқталды, енді бейбіт конституциялық даму кезеңі басталды деген пікірге сүйенді. Ленин меньшевиктік тактика пролетарлық партияның мүдделерін буржуазияның мүдделеріне бағындыруға, жұмысшылар мен шаруалардың санасын күңгірттендіруге қарай бастағанын көрсетіп берді.

Ленин «думалық жауапты министрлік» құру жөніндегі меньшевиктер қолдаған кадеттік ұранға үзілді-кесілді қарсы шықты. «Пролетариат тактикасы және кезеңнің міндеттері», «Жұмысшылар шешсін», «Өкімет үшін күрес және қайыр-садақа үшін «күрес»», «Не істесең де, тез істе!», «Министрлік туралы келіс сөздер», «Тағы да думалық министрлік туралы» деген және басқа мақалаларында Ленин кадеттік министрлік идеясын әшкерелей отырып, бұл ұран халықты конституциялық жалған үміттермен азғындату құралдарының

бірі болғанын, кадеттердің самодержавиемен келісім жасау жөніндегі әрекеті болғанын көрсетті.

Ленин думалық немесе кадеттік министрлік дегеніміз — жалған, екіжүзді, зубатовтық реформа деп жазды. Кадеттердің халық өкілдігі алдында жауап беретін атқару өкіметі туралы айтқандарының бәрі шіп-шикі өтірік болды. Кадеттік министрліктің құрылуы самодержавиенің либералдық жаңа бет пердесі, патша үкіметіне жалған конституциялық костюм кигізіп сәндендіру болар еді. Пролетариаттың бұл ұранды қолдауы күрестен бас тартқандық, бостандық ісін либерал буржуазияның қолына беріп қойғандық болар еді.

Томға РСДРП Петербург комитеті қабылдаған «Мемлекеттік думаға көзқарас туралы» және «Думалық министрлік туралы мәселе жөніндегі» қарарлар енгізіліп отыр, бұл қарарлар Мемлекеттік думаға көзқарас туралы мәселе жөнінде меньшевиктермен күресте большевиктердің тактикалық платформасы болды. Бұл қарарларда Ленин жұмысшылар мен шаруалардың бірлесіп қимыл жасауын ұйымдастыруға, самодержавиеге шешуші соққы беруді әзірлеуге ерекше көңіл бөлді. Думалық министрлік ұранына қарама-қарсы Ленин патша үкіметіне қарсы күрестегі қимылдарды біріктіру мақсатымен Думаның революцияшыл элементтерінен атқару комитетін құру идеясын ұсынды. Петербург комитетінің қарарлары Петербургтің партия жиналыстарында кеңінен талқыланды және бұл қарарларды партия мүшелерінің басым көпшілігі мақұлдады: большевиктердің тактикалық бағытын жақтап 1760 дауыс, ал оған қарсы, меньшевиктік Орталық Комитеттің платформасын жақтап 952 дауыс берілді. Лениндік қарарларды РСДРП Петербург ұйымыныңауданаралық конференциясы қабылдады, бұл конференцияны пролетариаттың Думаға көзқарас жөніндегі тактикасын белгілеу үшін 1906 жылы июньде Петербург комитеті шақырған болатын.

«Мемлекеттік думадағы жұмысшы тобы», «Социал-демократтардың Тифлисте болған сайлаудағы жеңісі», «Жұмысшы-депутаттарының үндеуі жөнінде», «Бірлікке!», «Біздің думалық фракцияның декларациясы жө-

нінде», «Буржуазияның сөгістері және пролетариаттың шақырулары», «Думадағы партиялар және халық» және басқа мақалалар Россиядағы алғашқы жұмысшы парламентарийлердің қызметіне байланысты жазылған. РСДРП IV съезінде меньшевиктер Думада социал-демократиялық фракция құру туралы ұсыныс жасады. Ленин бұл ұсынысқа қарсы шықты, партия өз өкілдігін, шын мәнінде, кездейсоқ адамдарға бере алмайды, өйткені саналы пролетариат өз депутаттарын сайлаған жоқ, сайлауға бойкот жасады деп атап көрсетті. Әйтсе де, Думада социал-демократиялық фракция құру ұйғарылған кезде, съезд большевиктердің талап етуі бойынша партияның Орталық Комитетінің ерекше нұсқауын қабылдады, бұл нұсқау социал-демократиялық фракцияның қызметін іс жүзінде партия ұйымдарының бақылауына қойды.

I Думаның социал-демократ депутаттары меньшевиктік көзқараста болды. Олар Думаға партиялық жолмен емес, қайта кадеттермен тура немесе жанамалай, үндемей немесе мойындалып жасалған келісімдер арқылы өтті.

Ленин жұмысшы-депутаттардың қызметін дұрыс жолға бағыттауға күш салды, оларға өзінің ақыл-кеңестерімен күнбе-күн көмектесіп отырды, табыстарын атап көрсетіп, кемшіліктері мен қателіктерін сынады. Ленин социал-демократиялық фракцияның Думада 1906 жылы 16 (29) июньде оқылған декларациясын оның елеулі қатесі деп есептеді. Декларация Думаны жалпы халықтық қозғалыстың орталығы, құрылтай жиналысы жолындағы күрестің бір кезеңі деп таныған болатын. Декларацияны әзірлеген кезде социал-демократиялық фракция Ленин жазған жобаны (бұл жобаны Ленин «Біздің думалық фракцияның декларациясы жөнінде» деген мақаласында біраз қысқартып келтірген) қабылдамай, меньшевиктік Орталық Комитет мақұлдаған жобаны негіз етіп алды. Лениндік жоба елдегі жағдайға маркстік баға беріп, партия мен пролетариаттың сың таяу міндеттерін баяндаған еді, Россияның экономикалық және саяси өмірінің аса маңызды мәселелерін шешудің революциялық жолын көрсеткен еді. Декларация

туралы мәселедегі алауыздықтарды бұқараның төрелігіне ұсына отырып, Ленин социал-демократиялық фракция революциялық емес декларация қабылдау арқылы тіпті партияның IV съезінің шешімдерінен де оңға қарай едәуір ауытқып кетті деп атап көрсетті. «Әрине, жаңа парламентарийлердің жағдайының қиындығын біз әбден түсінеміз. Біз олардың ішінен кадеттерден социал-демократияға көше бастағандарының қателеріне төзімділік жасау керектігін өте жақсы білеміз. Бірақ егер оларға бұл көшуді ақырына дейін жеткізуге тура келетін болса, онда мұны әлгі қателерін ашықтан-ашық, тіке сынау арқылы ғана істей алады» (99—100-беттер).

Ленин социал-демократ депутаттарды дербес және батыл қимылдар жасауға, дәйекті демократизм және социализм жолындағы пролетарлық тап күресі ұрандарын ұсынуға шақырды. Ашығушыларға жәрдем беру туралы мәселе Думада талқыланған кезде кадеттер министрлікке 15 млн. сом болу жөнінде ұсыныс жасап, бұл мәселені шешуді патша үкіметінің қолына беруге келісkенде, ал социал-демократиялық фракция бұған қарсылық білдірмегенде, Ленин «Ашығушыларға жәрдем және Думаның тактикасы» деген мақаласында жұмысшы-депутаттардың бұл қатесін сынай отырып, олардың алдына: кадеттердің екі жақты ойынын әшкерелеу, революциялық қозғалысқа қарсы күреске, соғыс авантюраларына, т. б. жүздеген миллион сом жұмсап отырған патша бюджетінің құпияларын ашу, бүкіл еңбекшілер бұқарасының пролетариат партиясына тілектестігін баянды ету үшін азық-түлік мәселесі жөнінде өз қарарын ұсыну міндетін қойды. Бұдан былайғы жерде социал-демократиялық фракция бұл мәселеде дұрыс позиция ұстай білді. Жұмысшы-депутаттар өздерінің қарарында ашаршылықтың болуына үкіметтің тікелей кінәлы екенін әшкереледі. Олар ашығушылардың мұқтаждықтары чиновниктердің жалақысын қысқарту есебінен, кабинеттік, уделдік, шіркеулік, монастырьлік имениелерден түсетін табыстар есебінен қанағаттандырылуын талап етті және ойраншылар үкіметіне ақша бермеу, ал ашығушыларға жәрдем беру

үшін Дума жанынан арнаулы комитет құру, оның мүшелері жергілікті жерлерде ашығушылардан жергілікті азық-түлік комитеттерін ұйымдастыруға тиіс болуы жөнінде ұсыныс жасады. Осындай ұсыныс жасау арқылы социал-демократ депутаттар трудовиктерді өздерінің соңынан ерте алды. Бұл фактіге баға бере келіп, «Кадеттік Дума ойраншылар үкіметіне ақша берді» деген мақаласында Ленин былай деп жазды: «Саяси жіктелу біртіндеп айқын белгіленіп келеді. Октябристер мен кадеттер ескі өкіметпен келісімге келуді жақтап отыр. Социал-демократтар мен трудовиктер бұған үзілді-кесілді қарсы» (281-бет).

Большевиктердің, Лениннің социал-демократиялық фракцияға ұдайы ықпал жасауы арқасында жұмысшы-депутаттар, өздерінің бүкіл дәйексіздігіне қарамастан, Думада бірқатар мәселелер жөнінде дұрыс позиция ұстай білді. Бұл большевиктердің Думадағы жұмысшы фракциясымен істеген жұмысының, соның өзінде фракция өзінің құрамы жағынан меньшевиктік фракция болған, ал Думада өз өкілдері жоқ большевиктердің социал-демократ депутаттарға тек сырттан ғана, партиялық баспасөзде және жұмысшы жиналыстарында олардың қателерін сынай, табыстарын құттықтай отырып ықпал жасауына тура келген өзгеше, өте қиын жағдайларда жүріп істеген жұмысының алғашқы тәжірибесі болды. Большевиктердің өздері II, III және IV Думаларда зор табыспен қолданған думалық тактиканың негіздері нақ осы кезеңде тұңғыш рет қаланып, оның аса маңызды принциптік қағидалары жасалады. Бұл тактика басқа елдердің коммунистік партиялары үшін олардың парламенттік қызметінде, олардың революциялық-демократиялық күштерді реакция күштеріне қарсы топтастыру жолындағы күресінде үлгі болды және қазір де үлгі болып отыр. Бұл тактика оларды күрестің жария және құпия, парламенттік және парламенттік емес формаларын ұштастыру тәжірибесімен байытады, жұмысшы табының және барлық демократиялық күштердің күресіне басшылық ету тәжірибесімен байытады.

Томға енген бірқатар мақалалар («Шаруалар тобы немесе «Еңбек» тобы және РСДРП», «Думадағы жер туралы мәселе», «Жер де жоқ, ерік те жоқ», «Жер туралы мәселе және бостандық жолындағы күрес» деген және басқа) революцияның негізгі мәселелерінің бірі — аграрлық мәселеге арналған. I Мемлекеттік дума қызмет істеген кезеңде, одан бұрын да болып келгені сияқты, шаруалар үшін күресте екі күш: либерал буржуазия және пролетариат қақтығысты. Большевиктердің алдында шаруаларды кадеттердің ықпалынан шығарып алып, оларды өз жағына тарту, шаруалар қозғалысы мен жұмысшы қозғалысын бір арнаға тоғыстыру міндеті тұрды. Ленин жер туралы мәселе шаруаларды бәрінен де гөрі көбірек толғандырады, бұл мәселенің шешілуі шаруалардың кімге еретіндігіне: буржуазияға немесе пролетариатқа еретіндігіне байланысты деп атап көрсетті. Ленин жер мәселесін Дума арқылы емес, тек қана революциялық жолмен шешуге болады және шешу керек деп түсіндірді. Помещиктік жер иеленушілікті және крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жоюды қамтамасыз ететін негізгі шарт патша өкіметін құлату және жерді национализациялауды жүзеге асыру болды. Жерді национализациялау талабы буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластырудың лениндік теориясының құрамдас бөлігі еді.

Патша үкіметі Думада аграрлық мәселенің талқылануына жол бермеуге тырысты. Бірақ елдің саяси және экономикалық өмірінде басты орын алып отырған бұл мәселеге Дума соқпай кете алмады. Думадағы барлық партиялар мен топтардың позициясы аграрлық мәселеде айқын аңғарылды. Кадеттік аграрлық жоба («42-нің жобасы») шаруалардың құрал-сайманымен өңделген және арендаға берілген помещик жерлерін ғана өтеуін төлетіп иеліктен айыруға жол бере отырып, помещиктік жер иеленушілікті сақтап қалуды көздеді. «Думадағы жер туралы мәселе», «Жер туралы мәселе және бостандық жолындағы күрес» деген және басқа мақалаларында Ленин «42-нің жобасының» реакциялық мәнін әшкерелеп, мұның өзі 1861 жылғы реформаны қай-

талау, шаруалардың есебінен помещиктермен мәмлеге келу әрекеті болғанын көрсетті.

Шаруалар депутаттары кадеттік программаға үзілді-кесілді қарсы шықты. Олар «42-нің жобасына» қарама-қарсы өз жобасын, шаруаларға «еңбек нормасы бойынша» жер бөлу үшін «жалпы халықтық жер қорын жасау мақсатымен помещиктік, қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік, шіркеулік жерлерді күштеп иеліктен айыру талабын қойған «104-тің жобасын» ұсынды. Ленин «104-тің» жобасындағы «теңгермелілікті» ұсақ буржуазиялық утопиялық социализм деп сынға алды, жер туралы мәселені қазіргі құрылыс шеңберінде шешуге болмайды, өйткені капитализм негіздерінің сақталуы жер мейлінше «әділ» бөлініп берілген күннің өзінде де қанау мен теңсіздікті қайтадан туғызбай қоймайды деп түсіндірді. Ленин сонымен бірге бұл жоба Россиядағы крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы шешуші күрес туы болып қызмет етеді деп атап көрсетті. Кадеттік аграрлық программаны трудовиктердің программасына қарағанда неғұрлым прогресшіл программа деп есептеген меньшевиктерді Ленин мейлінше аяусыз сынға алды. Меньшевиктердің негізгі қатесі, деп жазды Ленин, мынада болып отыр: олар жалпы буржуазиялық демократиядан революциялық демократияны ажыратып ала білмейді, эсерлерге жақындаудан қорқып, кадеттерге шамадан тыс жақындай түседі.

Трудовиктердің талаптары, олардың Думада сөйлеген сөздері бүкіл елде кең пікір туғызды. Шаруалардың басым көпшілігі жерді национализациялауды жақтады. Шаруалар, шын мәнінде, аграрлық реформаны емес, аграрлық революцияны талап етіп отыр деп жазды Ленин.

Революциялық қозғалыстың күшеюінен үрейленген үкімет 1906 жылы 20 июньде (3 июльде) мәлімдеме жариялап, онда помещиктік меншікке ешкімнің тимейтіндігін және жерді күштеп иеліктен айыруға жол беруге болмайтындығын хабарлады. «Мұның өзі,— деп жазды Ленин,— революцияға нағыз соғыс жариялағандық. Мұның өзі — реакциялық самодержавиенің ха-

лыққа: төзбеймін! талқандаймын! деген нағыз манифесі» (325-бет). «Батыл шабуыл және жасқаншақ қорғаныс», «Думадағы партиялар және халық» деген мақалаларында Ленин социал-демократияны бұл кезеңде халыққа өз алдына дербес сөз салуды және үкіметке қарсы күрес жүргізу инициативасын өз қолына алуды қажет деп білмегені үшін сынады. Халыққа сөз салудың социал-демократиялық жобасы, деп атап көрсетті ол, революциялық күресті топтастыруға және дамытуға мейлінше пайдалы ықпал жасаған болар еді, революцияшыл шаруалардың таңдаулы элементтерін социал-демократтар жағына тартқан болар еді.

I Мемлекеттік дума, өзінің бүкіл әлсіздігіне, шешімдерінің жартыкештігіне қарамастан, үкіметтің үмітін ақтамады. 1906 жылы 8 (21) июльде ол таратылып жіберілді. Либерал буржуазия революциялық қозғалысты кадеттердің жұтаң саясатының тар шеңберімен шектей алмады, революцияны парламентаризм арнасына бағыттай алмады. Думаның нәтижесіз қызметі және оның таратылуы халықтың конституциялық жалған үміттерден арылуында айтарлықтай роль атқарды. Еңбекшілердің қалың бұқарасы ескі өкіметтің халықтың толық өкімет билігі бар өкілдігімен ымыраға келмейтіндігін барған сайын көбірек ұғынды. Олардың күрес бейбіт тынады деген үміті үзілді; бостандыққа жетудің бірден-бір сенімді жолы — самодержавиені күшпен құлату жолы екені барған сайын айқындала түсті.

1906 жылы июльде жазылған «Думаның таратылуы және пролетариаттың міндеттері» деген кітапшасы да осы томға еніп отыр; онда Ленин I Мемлекеттік думаның таратылуына саяси баға берді, бұқараны ұйымдасқан және шешуші күреске табанды түрде әзірлік жүргізуге шақырды. Ленин бұл еңбегінде жаппай бой көрсетуді әзірлеу қажеттігі, жұмысшыларды қыр көрсету ереуілдері мен ішінара бой көрсетулерден тежей отырып, жаппай саяси стачка әзірлеу, әзірлегенде оны қарулы көтеріліске ұластыруға болатындай етіп әзірлеу қажеттігі туралы сөз етеді. «Думаның таратылуы және пролетариаттың міндеттері» деген кітапшасында, сондай-ақ «Саяси дағдарыс және оппортунистік тактика-

ның күйреуі» деген мақаласында Ленин меньшевиктердің Дума таратылғаннан кейінгі тактикалық бағытын қатты сынады. Бұқараны қарулы көтерілісті әзірлеуге және ұйымдастыруға шақырудың орнына меньшевиктер Думаның таратылуына ішінара наразылық білдіруге шақырды. Ленин мұндай көзқарастардың қате екендігін әшкерелей отырып, істің объективтік жағдайы халық өкілдігі жолында емес, халық өкілдігін құруға немесе таратуға болмайтындай жағдайлар жасау жолында күресуді кезекке қойып отыр деп атап көрсетті.

1906 жылы 17 (30) июльден 18 (31) июльге қараған түні Свеаборг қамалында әскери көтеріліс, ал оған ілесе Кронштадтта және Ревельдегі «Память Азова» крейсерінде көтерілістер бұрқ ете түсті. Свеаборгте стихиялы түрде бұрқ ете қалған көтерілістен бір күн бұрын РСДРП Петербург комитеті Атқару комиссиясының мәжілісі болып, опда Свеаборгке делегация жіберу туралы Ленин жазған қаулы қабылданды (362-бетті қараңыз). Бұл делегацияға жергілікті жердегі істің жағдайын анықтау, бой көрсетуді кешеуілдете тұру тапсырылды. Ал көтерілісті кейінге қалдыру мүмкін болмаған жағдайда делегация оған барынша белсенді түрде қатысуға: көтерілісшілердің ұйымдасуына, реакцияның күштерін талқандауына, бүкіл халықты еліктіре алатын дұрыс әрі шын мәнінде революциялық ұрандармен көтерілуге көмектесуге тиіс болды. Бірақ Свеаборгте, Кронштадтта, Ревельде мезгілінен ерте басталған көтерілістер тез басылып тасталды. Жеңіліске ұшырағанына қарамастан, бұл көтерілістер революциялық пиғылдағы солдаттар мен матростардың арасан зор жігері мен батылдығын танытты.

Большевиктер жұмысшы табын, революцияшыл шаруаларды және әскердің алдыңғы қатарлы бөлегін қарулы қақтығыстардың тәжірибесін ескеруге, самодержавиеге қарсы күреске табандылықпен әрі батыл әзірленуге шақырды. Бұл кезеңде Лениннің өз еңбектерінде Москвадағы декабрь қарулы көтерілісінің оқиғаларына назар аударуы және Москва пролетариатының 1905 жылғы декабрьдегі көтерілісінің тарихи тәжіри-

бесін терең зерттеуге шақыруы кездейсоқ емес. Томға Лениннің қарулы көтерілісті ұйымдастыру және оның тактикасы мәселелеріне арналған «Москва көтерілісінің сабақтары», «Тарт қолыңды!» деген мақалалары да еніп отыр.

«Москва көтерілісінің сабақтары» деген еңбек қарулы көтерілістің маркстік теориясын дамытудағы маңызды кезең болды. Онда Ленин, 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісінің нақты оқиғаларын жан-жақты талдай келіп, Москва көтерілісінің күшті және әлсіз жақтарының себептерін ашып көрсете келіп, пролетарлық партияның көтерілісті ұйымдастыруы және оған басшылық жасауы жөнінде, сондай-ақ жұмысшы табының революциядағы қарулы күресінің формалары, әдістері, тәсілдері жөнінде маңызды теориялық қорытындылар мен практикалық пайымдаулар жасайды.

Ленин «Москва көтерілісінің сабақтарында», Маркс пен Энгельстің көтеріліске өнер ретінде қарау керек деген белгілі қағидасына сүйене отырып, тарихи жаңа жағдайға, пролетариат күресінің жаңа талаптарына байланысты бұл мәселені тұңғыш рет жан-жақты баяндады. Осы мақалада талдап жасалған көтеріліске басшылық ету туралы қағидалар Лениннің одан кейінгі шығармаларында, әсіресе Ұлы Октябрь социалистік революциясын әзірлеу кезеңінде жазылған «Большевиктер өкіметті алуға тиіс», «Марксизм және көтеріліс», «Бөгде адамның кеңестері» деген еңбектерінде одан әрі дамытылды.

«Москва көтерілісінің сабақтары» деген мақаласында Ленин меньшевиктердің декабрь көтерілісінің жеңіліске ұшырауын өздерінің көтеріліске басшылық етуден бас тартуға бағытталған оппортунистік бағытының дұрыстығына дәлел ретінде пайдалануға тырысқан капитулянттық пиғылын әшкереледі. Плехановтың барлық оппортунистер іліп ала жөнелген «қолға қару алмау керек еді» деген мәлімдемесіне Ленин былай деп жауап берді: «Мұның керісінше, неғұрлым батыл, неғұрлым жігерлі түрде, неғұрлым шабуыл жасайтындай болып қару алу керек еді, бір ғана бейбіт стачканың жеткілікті болуы мүмкін еместігін, қаһармандық және

аяусыз қарулы күрес жүргізудің қажеттігін бұқараға түсіндіру керек еді» (410-бет).

Бұл еңбегінде Ленин жаппай стачканы пролетариаттың таптық күресінің жоғары формасы — қарулы көтеріліске ұластыру туралы мәселеге зор көңіл бөледі. 1905 жылғы декабрьдегі пролетариаттың бұқаралық күресінің стачкадан көтеріліске ұласуын Ленин орыс революциясының тарихи аса ұлы табысы деп атады.

Әскерлерді революция жағына тарту жолындағы шешуші, табанды және оперативті күресті Ленин көтерілістің жеңіске жетуінің қажетті шарты деп есептеді. Әскерлердің революцияшыл болатын кезеңін енжар күтуді уағыздаған меньшевиктерді сынай келіп, Ленин әскерлердің көтерілісшілер жағына өтуі бір жолғы әрекет ретінде жүзеге асырыла алмайтындығын — ол үшін тегеурінді батыл күрес керек екендігін Москва көтерілісінің мысалы арқылы көрсетіп берді.

«Москва көтерілісінің сабақтары» деген еңбегінде Ленин тактика және көтеріліс күштерін ұйымдастыру мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталады. Ф. Энгельстің соғыс тактикасы соғыс техникасының дәрежесіне байланысты болады деген нұсқауын атап көрсете келіп, Ленин 1905 жылы декабрьде туған жаңа баррикадалық тактика — партизандық соғыс тактикасы туралы сөз етеді. Бұл тактика көтерілісшілердің әскери ұйымы жаңа формаларының пайда болуын — құрамында он, үш, тіпті екі адам бар ширақ қимылдайтын ұсақ отрядтар құруды керек етті, бұл осы тактиканың өзіне сәйкес келетін еді. Қарулы күрестің жаңа тактикасын зерттеп, үйренудің бүкіл маңыздылығын баса көрсете келіп, Ленин сонымен бірге партизандық соғыстың бұл тактикасын «жалаңаяқтарша» бұрмалаушылықтарды аяусыз әшкерелеп отыруды талап етті. Ленин бұл туралы сол кезде жазылған «Күнделікті оқиғалар жөнінде» және «Поляк социалистік партиясының партизандық қимылдары туралы» деген мақалаларында да сөз етеді, бұл мақалаларда партизандық қимылдар тактикасын ұсақ буржуазиялық партиялардың (Поляк социалистік партиясының, эсерлердің) бұрмалауы да, сол сияқты жалпы партизандық қимылдар тактикасының

беделін түсіруге меньшевиктердің жасаған әрекеттері де батыл әшкереленген болатын.

Ленин 1905 жылгы декабрь көтерілісін 1906 жылғы революциялық оқиғалармен байланыстырды. Ол былай деп атап көрсетті: бұл көтеріліс «өзінің 1906 жылдың жазындағы толып жатқан бытыраңқы, ішінара соғыс көтерілістері мен стачкалар түріндегі жалғасы болды. Витте Думасына бойкот жасау ұраны осы көтерілістерді топтау, жинақтау жолында күресу ұраны болды» (Шығармалар, 13-том, 7-бет).

Самодержавие 1906 жылдың көктемі мен жазындағы революциялық толқынға тойтарыс беріп, Свеаборг пен Кронштадттағы көтерілістерді баса алганнан кейін большевиктердің алдында өздерінің тактикасын жаңа жағдайға сәйкес өзгерту, соның ішінде Думаға бойкот жасау мәселесін қайта қарау міндеті тұрды. 1906 жылы августа «Бойкот туралы» деген мақаласында Ленин былай деп жазды: «Дәл қазір революцияшыл социал-демократтардың бойкотшылар болуды қоятын кезі туды. Екінші Дума шақырылған уақытта (немесе: «егер шақырылса»), біз бұл Думаға барудан бас тартпаймыз. Біз бұл күрес майданын пайдаланудан бас тартпаймыз, пайдаланғанда оның шамалы ғана маңызын әсте асыра бағаламаймыз, қайта біз оны тарихтың берген тәжірибесіне сүйеніп, стачка, көтеріліс, т. т. арқылы жүргізілетін басқа түрдегі күреске толығынан бағындыра отырып пайдаланамыз» (осы том, 378-бет).

Большевиктердің Ленин талдап жасаған думалық тактикасының бұқаралық пролетарлық ұйым ретінде партияны сақтау үшін, жұмысшы табына саяси тәрбие беру үшін зор маңызы болды. Большевиктердің думалық тактикасының аса маңызды міндеті шаруаларды либерал буржуазияның ықпалынан шығарып алу үшін, Думада пролетариат пен шаруалардың революциялық блогын құру үшін күресу еді. Бұл тактика 1905—1907 жылдардағы революциялық күресте жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайтуда маңызды роль атқарды.

* *
*

Он үшінші томға В. И. Лениннің «Эхо» газетінің баспасөзге шолу бөліміне арнап жазған «Газеттер мен журналдар әлемінде» деген бес жаңа заметкасы енгізіліп отыр. Өздерінің мазмұны жағынан мейлінше жарқын бұл полемикалық заметкалар елдің саяси өмірінің көкейтесті мәселелеріне арналған және Лениннің осындай әдеби еңбектерінің үлгісі есепті.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

РСДРП БІРІГУ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

(ПЕТЕРБУРГ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ХАТ)[1]

1906 ж. майдың бірінші жартысында жазылған

1906 ж. июньде Москвада жеке кітапша болып басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

Н. ЛЕНИНЪ.

ДОКЛАДЪ

ОБЪ ОБЪЕДИНИТЕЛЬНОМЪ СЪѢЗДѢ РОССІЙСКОЙ СОЦІАЛЪ-ДЕМОКРАТИЧЕСКОЙ РАБОЧЕЙ ПАРТІИ

(Письмо къ петербургскимъ рабочимъ).

Цѣна 25 коп.

МОСКВА.
1906.

Н. Лениннің «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Бірігу съезі туралы баяндама» деген кітапшасының мұқабасы.— 1906 ж.

Кішірейтілген

Жолдастар! Сіздер мені РСДРП-ның Бірігу съезіне [2] делегат етіп сайлағансыздар. Қазіргі уақытта өзімнің Петербургке баруға мүмкіндігім болмай отырғандықтан, съезд туралы баяндамамды жазба түрінде жіберіп, съезд жөнінде ара-кідік кейбір ойларымды айтпақшымын.

Іске көшпестен бұрын, маңызды бір ескерту жасауға тиіспін. 120 яки онан да көбірек адам қатысып, 30-ға жуық мәжіліс өткізген съезде болған нәрселердің бәрін дәлме-дәл есте ұстау мүлде мүмкін емес. Съезд бюросы председательдерінің бірі болғандықтан, оның үстіне кейбір комиссияларға қатысуыма орай, мен съезд кезінде жазба жасай алмадым. Жазбасыз бүтіндей өзіңнің жадыңа сену мүмкін емес. Комиссия жұмысына байланысты немесе кездейсоқ және өзіме қатысты себептермен мәжіліс залында болмағандықтан, мен съездегі бірқатар жекелеген эпизодтар мен жекелеген сөздерді тіпті естімей қалдым. Делегаттардың саны жағынан шағын съезд болған ілгерідегі съездердің (II және III) [3] тәжірибесінің маған көрсеткені — қадағалап зер салғанның өзінде де съездің дәл суретін ойға тоқу ешбір мүмкін емес екен. II және III съездің протоколдары жарыққа шыққан кезде, өзім съезге қатыссам да, мен бұл протоколдарды жаңа кітаптардай көріп оқыдым, өйткені бұл кітаптар, шынында да, маған көп жаңа нәрсе берді және съезден алған бірсыпыра дәл емес немесе толық емес әсерлерімді түзетуге мәжбүр етті.

Сондықтан мен мына жағдайды есте ұстауды қатты өтінемін: осы хат — қалай болғанда да съездің протоколдары бойынша түзетілуге тиісті баяндаманың нобайы ғана.

I

СЪЕЗДІҢ ҚҰРАМЫ

Съездің жалпы құрамынан бастайын. Шешуші даусы бар делегаттар партияның 300 мүшесінен бір адамнан сайланғаны мәлім. Осындай делегаттардың барлығы 110 адам шамасындай болды — съездің бас кезінде бұдан сәл азырақ сияқты еді (түгел келмеген болатын); съездің аяқ кезінде 113-ке жетіп те қалды. Кеңесші дауыспен Орталық Органның 5 редакторы («азшылықтан» — 3 және «көпшіліктен» — 2, өйткені мен сіздерден шешуші даусы бар мандат алдым) және, егер жаңылмасам, біріккен Орталық Комитеттің бес мүшесі қатысты. Онан соң ұйымдардың шешуші даусыс алмаған делегаттары, съезге айрықша шақырылған кейбір адамдар («аграрлық комиссияның» [4] екі мүшесі, онан соң Плеханов пен Аксельрод, онан кейін Акимов жолдас және кейбір басқалары) кеңесші дауыспен қатысты. Сонымен қатар 900-ден астам жұмысшысы бар ірі ұйымдардың кейбір делегаттары да (Питерден, Москвадан, оңтүстік облыстық ұйымнан, т. б.) кеңесші дауыспен қатысты. Ақырында, ұлттық социал-демократиялық партиялардың өкілдері: поляк социал-демократиясынан үш адам [5], латыш [6] және еврей (Бунд) [7] социал-демократиясының әрқайсысынан соншама адам, Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясынан (өзінің соңғы конференциясында Революциялық украин партиясы [8] осы атты қабылдаған көрінеді) бір адам кеңесші дауыспен қатысты. Кеңесші дауыспен жиыны 30 адам, немесе сәл көбірек қатысқан. Демек, барлығы 120 емес, 140-тан аса адам болды.

Тактикалық платформа жөнінде өздерінің «бағыты» жағынан немесе, керек десеңіз, өздерінің фракциялық позициясы жағынан шешуші даусы бар делегаттар шамамен алғанда былайша: 62 меньшевик және 46

большевик болып бөлінді. Не дегенмен де, съездің толып жатқан барлық «фракциялық» дауыс берулерінен осы цифрлар есімде көбірек қалып қойды. Әрине, делегаттардың бір бөлегі,— парламент тілімен айтқанда «центр», немесе «батпақ» деп аталатындары,— кейбір мәселелер жөнінде белгілі бағыт ұстамады немесе ауытқып отырды. Съезде осы «центр» өте-мөте әлсіз болды, ал дауыс берулеріне қарап мен меньшевиктердің қатарына жатқызган жолдастардың кейбіреулері «ымырашылдар» немесе «центр» деген атақтап дәмеленді. Съездегі азды-көпті елеулі дауыс берулердің біреуі-ақ (Бундтың партиямен бірігуі туралы мәселе жөніндегі дауыс беруі) есімде қалыпты, онда осы «ымырашылменьшевиктер» шынында да фракцияшылдық жасамай дауыс берген еді. Толық фракцияшыл меньшевиктердің өздеріне қарсы көпшілік 59 дауыс алып, жеңіліп қалғаны есімде, бұл дауыс беру туралы мен төменде толық айтамын.

Сонымен, 62 және 46. Съезд меньшевиктік съезд болды. Меньшевиктер берік әрі басы ашық басымдылыққа ие болды, мұның өзі олардың тіпті күні бұрын сөз байласып қоюына, сөйтіп съездің қаулыларын алдын ала шешіп қоюына мүмкіндік берді. Асылында, белгілі бір тұтас көпшілік болып отырғанда фракциялық жиналыстарда мұндай жекелеген келісімдердің болуы әбден табиғи нәрсе, сондықтан кейбір делегаттар, әсіресе центр дейтіннен келген делегаттар, бұл жөнінде шагым еткенде мен мұны делегаттармен әңгімелескенімде «центрдің өз әлсіздігі жөнінде шагым жасауы» деп атадым. Фракциялық жиналыстар туралы съезге мәселе енгізуге әрекеттенушілер болды, бірақ ол мәселе алынып тасталды, өйткені фракциялар бәрібір іс жүзінде топтасып алган еді, фракциялық жиналыстарга бөгде адамдарды да қатыстырып, бұл жиналыстарды «ашық» [9] жиналыс етіп өткізуге мүмкіндік туды. Съезд аяқталар кезде, мәселен, Орталық Комитеттің құрамы туралы мәселе, негізінде съездегі сайлау арқылы шешілмей, фракциялардың жай «келісуімен» шешілгенді, мұны төменде көруге болады. Бұл оқиғага баға бе-

ріп жатпаймын. Оған қайғырудың, меніңше, пайдасы жоқ, өйткені бәз-баяғы фракцияға бөлінушілік әлі жойылмай тұрған кезде ондай оқиғаның болуы әбден сөзсіз еді.

Фракциялардың ішіндегі ішкі айырмашылықтарға байланысты айтарым, мұндай айырмашылықтар тек аграрлық мәселе жөнінде ғана (меньшевиктердің бір бөлегі муниципализацияға қарсы болды, ал большевиктер болса «рожковшылдарға» — жерді бөліп беруді жақтаушыларға және республика болған жағдайда жерді национализациялаумен қоса конфискелеуді жақтаушыларға бөлінді) және Бундпен бірігу туралы мәселе жөнінде анық білінді. Одан соң, бұрын «Началода» [10] анық байқалған және партияда Парвус пен Троцкий жолдастардың есімдерімен байланыстыру әдетке айналған ағымның меньшевиктер арасында мүлде болмағандығы бірден көзге түсті. Рас, «парвусшылдар» мен «троцкийшілдердің» меньшевиктер арасында болуы да мүмкін,— мәселен, олардан 8-ге тарта адам бар еді, деп мені сендірушілер де болды,— бірақ, революциялық уақытша үкімет туралы мәселе алынып қалғаннан кейін, олар өздерін көрсете алмады. Алайда, бәлкім, съезге дейін Плехановтың «Дневниктеріне» [11] қосылмай келген меньшевиктердің съезде оның жағына жаппай бет бұрғаны себепті «парвусшылдар» да біршама оңға қарай ойысқан болуы керек. Бар болғаны бір оқиға менің есіме түседі, ол — меньшевиктердің арасындағы «парвусшылдардың» барлық меньшевиктерді аздап бет бұруға мәжбүр еткен кезі білем. Бұл, атап айтқанда, қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі жанжал еді. Комиссия басшысы Плеханов «өкіметті тартып алу керек» (қарардың бұл жерінде қозғалыстың міндеттері туралы сөз болған еді) дегеннің орнына — «правоны күшпен тартып алу керек» (немесе «правоны жеңіп алу керек» делінген бе еді — дәл есімде жоқ) деп жазып, бұрынғы меньшевиктік қарарды өзгертіп жіберген. Бұл түзетудегі оппортунизмнің қатты көзге түскені соншалық, съезде бұған мейлінше қызу наразылық білдірілді. Біз бұл түзетуге одан бетер қарсы шықтық. Меньшевиктер қатары абыржып қал-

ды. Фракциялық жиналыстардың болған-болмағанын, ол жиналыстарда не болғанын дәл білмеймін; «парвусизм» жағындағы он меньшевик өздерінің түзетуге үзілді-кесілді келіспейтіндігі туралы мәлімдепті деп маған жеткен хабардың дұрыс-бұрыс екенін білмеймін. Факт мынадай: Плеханов, съездегі айтыстардан кейін, мәселені дауысқа қоюға жібермей, түзетуін өзі алып тастады, алғанда «стилистикаға» бола соншалықты таласқан жарамас деген (дипломаттық, бәлкім, тапқырлық та болар, бірақ жұртты езу тартқызған) сылтау айтып алып тастады.

Ақырында, съездің құрамы туралы мәселені аяқтау үшін, енді мандат комиссиясы (съездің құрамын тексеру жөніндегі комиссия) туралы айтайын. Комиссия екеу болды, өйткені съезд сайлаған бірінші комиссия бүтіндей отставкаға кеткен-ді [12]. Мұның өзі бұрынғы съездерде болып көрмеген, шектен шыққан факт. Бұл факт қалай дегенмен де съездің құрамын тексеру жұмысы жөнінде барып тұрған өрескелдіктің болғанын дәлелдейді. Есімде, бастапқыда біздің фракцияның да сеніміне енген ымырашыл бірінші комиссияның председателі болды. Егер ол өз комиссиясының басын бір жерге қоса алмаса, егер оның бүкіл бірінші комиссиямен бірге отставкаға шығуына тура келген болса, мұның өзі — ымырашыл ымыраға келтіруге дәрменсіз болды деген сөз. Мандат комиссиясының баяндамаларына орай съезде болған тартыстың егжей-тегжейі жадымнан шығыңқырап қалған. Әлденеше рет өте қызу тартыс болды, большевиктердің мандаттары қабылданбады, желөкпелік қыза түсті, бірінші комиссия отставкаға шыққанда іс насырға шапты,— бірақ мен дәл осы сәтте мәжіліс залында болмаған едім. Съездің құрамын анықтауға байланысы бар, сірә, тағы бір ірі факт есімде қалған. Бұл — Тифлис жұмысшыларының (200-ге тарта адам болар деймін) Тифлис делегациясы уәкілдігіне қарсы білдірген наразылығы еді, Тифлис делегациясы түгелдей дерлік меньшевиктік болды және өзінің саны жағынан да ерекше көзге түсетін, оның саны 11 адамға жеткен шығар деймін. Бұл наразылық съезде оқылды, демек, протоколдарда болуға тиіс [13].

Мандат комиссияларының жұмыстары да, егер бұл комиссиялар өз жұмысын біраз құнттап атқарған болса және уәкілдіктерді тексеру туралы, барлық съезд сайлаулары туралы дұрыстап есеп жазған болса, протоколдарда баяндалуға тиіс. Бұл осылай істеле ме, протоколдарда есеп бола ма, мен мұны білмеймін. Егер болмаса, онда комиссиялардың өз міндетіне тиісінше көңіл қойып, тыңғылықты қарамағандығы мүлде күмәнсыз. Егер болса,— онда, бәлкім, жоғарыда айтылғандардың көпшілігін менің түзетуіме тура келер, өйткені мұндай принципті емес, мейлінше нақты жәпе іске қатысты мәселеде жалпы әсерлерді қорытқанда тіпті оп-оңай қателесіп кетуге болады, сондықтап документтерді мұқият зерттеудің ерекше маңызы бар.

Орайы келгенде, формальды мәселелердің бәрін тәмамдап, неғұрлым көңіл қоярлық принципті мәселелерге тез көшу үшін, протоколдар туралы да айта кетейіп. Бұл жөнінде де біздің съезд екінші съезден де, үшінші съезден де нашар болып шыға ма деп қорқамын. Бұл екі съезде де протоколдар түгелімен съезде бекітілген еді. Бірігу съезінде секретарьлардың сопшама тыңғылықсыздығы, съезді бітіруге соншама асыққандық (орасан зор маңызы бар бірқатар мәселелердің съездің күн тәртібінен алынып тасталуына қарамастан) бірінші рет байқалды, сондықтан съезде барлық протоколдар бекітілмей *қалды.* Протокол комиссиясы (2 меньшевик пен 2 большевик) осы съезден жазылып бітпеген протоколдарды бекітуге бұрып-соңды болып көрмеген кең әрі жайылыңқы уәкілдік алып шыға келді. Алауыздық болган жағдайда комиссия съездің Питердегі делегаттарына жүгінуге тиіс. Осының бәрі тым қынжыларлық жайт. II және III съездердің протоколдарындай жақсы протоколдар ала алмаймыз ба деп қорқамын. Рас, бізде екі стенографист болды, сондықтан кейбір сөздер бұрынғыдай конспект түрінде емес, толық күйінде дерлік болып шығады,— бірақ съездегі жарыс сөздерді толық стенограммалау туралы сөз болуы да мүмкін емес, өйткені екі стенографистің мұндай жұмысқа мүлде шамасы да келмейтін еді, мұны олар да съезд кезінде әлденеше рет айтқан

болатын. Мен, председатель ретінде, секретарьлардың өте қысқа болса да, жақсы конспектілер беруін айрықша талап еттім: айталық, кейбір сөздердің стенограммалары протоколдарға келісті толықтыру болсын, бірақ негізі болуы керек, кейбір жеке сөздер емес, жарыс сөздердің барлығы да конспект түрінде болса да түгел болсын дедім [14].

II

БЮРО САЙЛАУ. СЪЕЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІ

Енді съездің мәжілістер тәртібімен өткен жұмыстары туралы айтуға көшейін. Бюро сайлау жөніндегі дауыс беру, шын мәнінде, съездегі аса маңызды дауыс берулердің бәрін алдын ала шешіп қойған (істен аулақ тұрған адамдарға мұның өзі қаншалық ерсі көрінсе де) бірінші дауыс беру болды. 60 шақты адам (ұмытпасам, 58 болып қалар) Плеханов пен Данға дауыс беріп, қағаздарында көбінесе үшінші кандидаттың орнын ашық қалдырып отырған. Маған 40-тан аса немесе 40 шақты дауыс берілді. Сонан соң «центр» біресе ана кандидатқа, біресе мына кандидатқа оннан немесе он бестен дауыс қосып, өзін көрсетті. Плеханов, сірә 69 дауыспен (яки 71 ?), Дан 67 дауыспен өтті, мен 60 дауыспен өттім.

Съездің күн тәртібі туралы мәселе жөнінде болған жарыс сөз съездің құрамы мен сипатын барынша айқындап, екі рет ғажап сипат алды. Бұған, 1-ден, ұлттық социал-демократиялық партиялармен бірігу туралы мәселені бірінші кезекке қою керек пе, керек емес пе деген жарыс сөз енеді. Ұлттық партиялар, әрине, осыны қалады. Біз де мұны қуаттадық. Меньшевиктер мынадай дәлелмен мұны болгызбай тастады: алдымен РСДРП өзін өзі анықтап алып, содан кейін басқалармен біріксін, «біздің» *қандай* екенімізді алдымен «біз» өзіміз анықтап алайық, ал сонан кейін «олармен» бірігейік десті. Бұл (психологиялық жағынан әбден түсінікті және фракциялық-меньшевиктік тұрғыдан қарағанда дұрыс) дәлелге біз: ұлттық партиялардың бізбен *бірігіп* өздерін өздері анықтауына право бермеу ерсі

емес пе?— деп дау айттық. Егер «олар» «бізбен» бірігетін болса, онда «біз», оларды қатарымызға ала отырып, «өзіміздің» *қандай* екенімізді анықтаймыз және анықтауға тиіспіз. Оның үстіне біріккен Орталық Комитет поляк социал-демократиясы жөнінде съезден бұрын-ақ толық бірігу туралы шарт жасасқанын айта кету керек. Солай бола тұрса да бұл мәселені бірінші кезекке қойғызбай тастады. Поляк делегациясының мүшесі Варшавский жолдастың бұған ашықтан-ашық қарсы сөйлегені сонша, тіпті съездегілердің бәріне езу тарттыра, меньшевиктерге қарап былай деді: сіздердің алдымен большевиктерді «жалмағыларыңыз» немесе «бауыздағыларыңыз» келеді, содан кейін барып бізбен бірікпексіздер! Бұл, әрине, әзіл еді және мен «жалмау» деген сияқты «сұмдық сөздерге» жармасуға онша құштар емеспін, бірақ бұл әзіл айрықша саяси жағдайға айқын түрде өте дәл баға берді.

Екінші бір қызықты талас: біздің революциямыздың қазіргі кезеңі және пролетариаттың таптық міндеттері туралы мәселені съездің күн тәртібіне енгізу-енгізбеу жөнінде болды. Біздер, большевиктер, «Партийные Известияның»[15] 2-номерінде жасаған мәлімдемемізге сәйкес, әрине, енгізу жағында болдық *. Революция шынымен өрлеп бара ма, жоқ па, кезеңнің объективтік жағдайларына байланысты ендігі жерде революциялық қозғалыстың қандай формалары басты формалар болып табылады, бұдан пролетариаттың қандай міндеттері туып отыр деген негізгі мәселеге соқпай өту жайында принципті тұрғыдан қарағанда сөз де болуы мүмкін емес еді. Жалпы съездің күн тәртібіне бұл мәселені енгізуге қарсы дау айтқан меньшевиктердің халі тіпті кісі қызығарлықтай болмады. Олардың бұл мәселенің өзі теориялық мәселе, мұндай мәселелер жөніндегі қарарлармен партияның қолын байлауға болмайды деген тәрізді дәлелдерінің жасандылығы, ойдан шығарылғандығы тура жұртты таңқалдырды. Бұл мәселені күн тәртібіне енгізуге қарсы өзеуреген Данның сөзіне жауап ретінде, шешендердің бірі «Партийные Известия-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 233-бет. *Ред.*

ның» 2-номерін суырып алып, меньшевиктердің тактикалық платформасының: «біздер» — дәл біздер, меньшевиктер,— «біздер мойындаймыз және *съездің мойындауына ұсынамыз»* деген «жазмыштағы сөздерін» байсалдылықпен оқып шыққан кезде жұрт ду күлді. Бұл қалай, жолдастар? — деп сұрақ қойды шешен. Кеше «біздер съездің мойындауына ұсындық», ал бүгін бұл мәселе талқыланбасын деп «біздер съезге ұсынамыз»? Мәселе съездің күн тәртібіне қойылды, бірақ, солай бола тұрса да, меньшевиктер кейін өздерінің дегеніне жетті, мұны төменде көреміз.

III

АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Аграрлық мәселені яки, дұрысырақ айтқанда, аграрлық программа туралы мәселені съезд бірінші кезекке қойған еді. Үлкен жарыс сөз болды. Толып жатқан аса қызықты принциптік мәселелер көтерілді. Бес адам баяндама жасады: мен аграрлық комиссияның жобасын («Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапшада басылған) * жақтап, Масловтың муниципализациясына шабуыл жасадым. Джон жолдас осы соңғыны жақтады. Үшінші баяндамашы, Плеханов, Масловты жақтап, лениндік национализация — эсершілдік, халық ерікшілдігі деп съездегілерді сендіруге тырысты. Төртінші баяндамашы, Шмидт, «А нұсқасы» (бұл нұсқаны жоғарыда аталған кітапшадан қараңыз **) рухындағы түзетулерімен аграрлық комиссияның жобасын жақтады. Бесінші баяндамашы, Борисов, бөлісті жақтады. Оның программасы құрылысы жағынан ерекше болды, бірақ мәні жағынан бәрінен гөрі біздің программаға жанасты, республика орнатумен іске асатын национализацияның орнына жер шаруалардың меншігіне бөлініп берілсін деді.

Әлбетте, кең өріс алған жарыс сөздердің барлық егжей-тегжейлерін осы есепте түгел баяндауға шамам

* Шығармалар толық жинағы, 12-том 281—282-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 282-бет. *Ред.*

келмейді. Тек басты-басты жерлерін ғана, яғни «муниципализацияның» мәнісін, республика құру, тағы басқалары арқылы іске асатын национализацияға қарсы келтірілген дәлелдерді сипаттап шығуға тырысамын. Бұл арада мынаны айта кетейін: жарыс сөздердің бәрінде де мәселенің қойылысы өткір айтыс түрінде болуы себепті Плехановтың мәселе қойысына баса назар аударылды, мәселенің бұлайша қойылысы белгілі бір ой-пікір бағытындағы түбегейлі тенденцияларды айқын ажырата білу тұрғысынан қарағанда әрдайым тиімді де керекті болады.

«Муниципализацияның» мәнісі не? Оның мәнісі — помещик жерлерін (немесе дәлірек айтқанда: ірі жеке иеліктегі барлық жерлерді) земстволардың қолына немесе жалпы жергілікті өзін өзі басқару органдарының қолына беру. Шаруалардың үлесті жерлері және ұсақ меншікшілердің жерлері өздерінің меншігінде қалуға тиіс. Ірі имениелер «иеліктен айыру» арқылы демократиялық жолмен ұйымдасқан жергілікті өзін өзі басқару органдарының қарамағына беріледі. Қарапайым тілмен мұны былайша айтуға болады: шаруа жерлері шаруа меншігі болсын, ал помещик жерлерін шаруалар земстволардан, тек қана демократиялық земстволардан арендаға алып отырсын.

Бірінші баяндамашы ретінде мен бұл жобаға үзілдікесілді қарсы шықтым. Бұл жоба революциялық жоба емес. Шаруалар бұған бара алмайды. Республика орнатуға дейін баратын, чиновниктерді халыққа сайлататын, тұрақты армияны, т. б. жоятын мейлінше дәйекті демократиялық мемлекет құрылысы болмаған жерде мұндай жоба зиянды. Менің басты-басты үш дәлелім осылар еді.

Мен бұл жобаны революциялық жоба емес деймін, себебі: біріншіден, бұл жобада конфискелеу (төлемсіз иеліктен айыру) орнына жалпы иеліктен айыру жөнінде сөз болған; екіншіден, мұның өзі ең бастысы да, бұл жобада аграрлық төңкерісті жүзеге асырудың *революциялық әдісіне* шақыратын үндеу жоқ. Самодержавиені халықпен ымыраға келтірмекші болатын екіжүзді келісімпаздар, кадеттер [16], өздерін демократтармыз деп

атап жүрген кезде демократизм туралы айтылған құрғақ сөздерде ешқандай мән болмайды. Егерде, дәл қазір жергілікті жерлерде шаруалардың өздерінің, яғни, атап айтқанда, революцияшыл шаруалар комитеттерінің *дереу* жерді басып алуын ұран етіп қоймасақ, осы басып алынған * жерлерді бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақырғанга дейін шаруалардың дәл өздері *билейтіндей* етпесек, аграрлық төңкерістің қандай да әдістері шаруалар революциясы болмайды, либералдық-чиновниктік *реформаға,* кадеттік реформаға айналады. Мұндай ұран болмайынша, бізде шаруалар революциясының программасы емес, кадеттік немесе жартылай кадеттік аграрлық реформаның программасы болады.

Онан соң. Шаруалар муниципализацияга баспайды. Муниципализация — үлесті жерлерді өзіңе тегін ал да, помещиктік жерлер үшін земствоға аренда төле деген сөз. Революцияшыл шаруалар бұған бара алмайды. Олар не: барлық жерді өзара бөлісіп алайық, не: барлық жерді бүкіл халықтың меншігі етейік дейтін болады. Муниципализация ұраны ешқашан да революцияшыл шаруалардың ұраны бола алмайды. Егер революция жеңіп шықса,— онда ол муниципализациямен *ешбір* тына алмайды. Егер революция жеңіп шықпаса, онда «муниципализация» шаруаларды 1861 жылғы реформа [17] сияқты жаңа алдауга түсіру ғана болады.

Менің үшінші негізгі дәлелім. Егер муниципализацияға әдейілеп республиканы және халықтың чиновниктерді сайлап қоюын шарт етіп алмай, жалпы «демократизмді» шарт етіп алатын болсақ, онда муниципализация зиянды. Муниципализация — жерді жергілікті өкімет органдарына, өзін өзі басқару органдары-

---

* Менің жобамда «конфискеленген» делінген. Бұл қате тұжырым деп Борисов жолдас дұрыс айтты. «Басып алынған» деу керек. Конфискелеу дегеніміз басып алуды заң жүзінде мойындағандық, оның арқылы бекіткендік. Біз конфискелеу ұранын усынуға тиіспіз. Оны жүзеге асыру үшін біз шаруаларды жерді *басып алуга* шақыруға тиіспіз. Шаруалардың бұл басып алуын бүкіл халықтық құрылтай жиналысы мойындауга, заңдандыруға тиіс, бұл жиналыс, халық самодержавиесінің жоғары органы ретінде, құрылтай жиналысы шығарған заңға сүйеніп, басып алуды *конфискелеуге* айналдырады.

на беру деген сөз. Егер орталық өкімет *толық* демократиялық өкімет (республика, т. б.) болмаса, онда жергілікті өкімет орындары ұсақ-түйек нәрселер жөнінде ғана «автономиялы» бола алады, қол жуғыштарды жамап-жасқау мәселесінде ғана дербес бола алады, III Александр тұсында, айталық, біздің земстволар қаншалық «демократиялы» болса, соншалық қана «демократиялы» бола алады. Ал маңызды мәселелерде, әсіресе помещиктік жер иелігі сияқты негізгі мәселеде, жергілікті өкімет орындарының демократизмі — демократиялық емес орталық өкіметпен салыстырғанда ойыншық. Егер республика болмаса және чиновниктерді халық сайлайтын болмаса, онда муниципализация дегеніңіз — тіпті орталық өкімет Трепов пен Дубасовтың қолдарында қалып отырса да, помещик жерлерін сайланып қойылатын жергілікті өкімет орындарына беріп қою деген сөз. Мұндай реформа ойыншық және зиянды ойыншық болады, өйткені Треповтар мен Дубасовтар сайламалы жергілікті өкімет орындарына су құбырларын, электричкалар, т. б. орнату правосын қалдырып, бірақ помещиктерден тартып алынған жерлерді оларға ешқашан қалдыра *алмас еді*. Онда Треповтар мен Дубасовтар бұл жерлерді земстволардың «ведомствосынан» ішкі істер министрлігінің «ведомствосына» *аударар* еді де, шаруалар қып-қызыл ақымақ болып шығар еді. Треповтар мен Дубасовтарды құлатуға, барлық чиновниктерді халық сайлайтын етуге шақыру керек, ал мұның орнына және бұған дейін қайдағы бір либералдық жергілікті реформаның ойыншық үлгілерімен әуреленуді қою керек.

Ал Плехановтың муниципализацияны жақтағандағы дәлелдері қандай? Ол өзінің сөйлеген екі сөзінің екеуінде де көбінесе *реставрацияны болғызбау кепілдігі* туралы мәселе көтерді. Бұл ерекше дәлелдің мәнісі төмендегідей. Жерді национализациялау Петр заманынан бұрынғы москвалық Русьтің экономикалық негізі еді. Өзге революцияның бәрі сияқты, біздің қазіргі революциямыз да реставрацияны болғызбауға кепілдік бере алмайды. Сондықтан реставрациядан (яғни ескі, революциядан бұрынғы тәртіптің қайта орнауынан) аулақ

болу үшін әсіресе нақ осы национализациядан сақ болу керек дейді.

Плехановтың бұл дәлелі меньшевиктерге өте-мөте нанымды дәлел болып көрінді, сондықтан олар Плехановқа, әсіресе оның национализацияға тигізе «күшті айтылған сөздері» үшін (эсершілдік, т. т.) қуана қол шапалақтады. Ал енді, біраз ойлана түсетін болсақ, бұл дәлелдің нағыз софистика екендігіне көз жеткізу оп-оңай.

Шындығында да, алдымен осы «Петрден бұрынғы, москвалық Русьтің национализациясына» көз жіберіп көріңіздерші. Плехановтың тарихи көзқарастары москвалық Русь жөніндегі либералдық-халықшылдық көзқарасты әсірелей түскендік болатынын бұл арада айтпай-ақ қоялық. Петрден бұрынғы Россиядағы жерді национализациялау туралы үлкен әңгіме котеріп жатудың қажеті жоқ,— Ключевскийге, Ефименкоға, т. б. жүгінсек те болады. Бірақ бұл тарихи ізденістерді былай қоя тұрайық. Бір минутқа: Петрден бұрынғы москвалық Русьте, XVII ғасырда, жерді национализациялау шынымен болған делік. Бұдан қандай қорытынды шығады? Плехановтың логикасы бойынша бұдан шығатын қорытынды: национализацияны енгізу москвалық Русьтің реставрациялануын жеңілдеткендік болады. Бірақ мұндай логика — логика емес, софизмнің дәл өзі немесе оқиғалардың экономикалық негізіне немесе ұғымдардың экономикалық мазмұнына талдау жасамай, сөзуарлыққа салыну. Москвалық Русьте жерді национализациялау қаншалықты болса (немесе: москвалық Русьте болса), *азиаттық өндіріс әдісі* соншалықты оның экономикалық негізі болды. Оның бер жағында, Россияда *капиталистік өндіріс әдісі* XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап нығайды да, ал XX ғасырда созсіз басым болып алды. Сонымен, Плехановтың дәлелінен не қалады? Азиаттық өндіріс әдісіне негізделген национализацияны ол капиталистік өндіріс әдісіне негізделген национализациямен шатастырды. Сөз ұқсастығынан барып ол экономикалық қатынастардың, атап айтқанда, өндірістік қатынастардың негізгі айырмашылығын аңдамай қалды. Өзінің дәлелін москвалық Русь-

тің реставрациялануына (яғни азиаттық өндіріс әдістерінің реставрациялануына) негіздей отырып, ол іс жүзінде Бурбондардың реставрациялануы тәрізді (ол осыны тілге тиек етті) саяси реставрацияны, яғни капиталистік өндіріс қатынастарының негізінде басқарудың антиреспубликалық формасының реставрациялануы туралы айтты.

Съезде Плехановқа шатасып кеттің деп ескертілді ме? Ескертілді. Съезде Демьян деп аталған жолдас өзінің сөзінде былай деді: Плехановтың бізді қорқытпақ болған «реставрациялану» дегенінен дәнеңе де шықпады. Оның дәлеліндегі пікірлерден москвалық Русьті реставрациялау яғни азиаттық өндіріс әдісін реставрациялау, былайша айтқанда, капитализм заманындағы нағыз мағынасыздық туады. Ал оның жасаған қорытындылары мен келтірген мысалдарынан Наполеонның империяны реставрациялауы немесе ұлы француз буржуазиялық революциясынан кейін Бурбондардың реставрациялануы туады. Бірақ мұндай реставрацияның капиталистік өндіріс әдісінен бұрынғы өндіріс әдістеріне ешбір қатысы жоқ еді. Бұл біріншіден. Екіншіден, *мұндай* реставрация дәл жер национализацияланғаннан кейін емес, помещиктік жерлер сатылғаннан кейін болды, яғни архибуржуазиялық, нағыз буржуазиялық шарадан кейін, буржуазиялық, яғни капиталистік, өндіріс қатынастарын сөзсіз нығайтатын шарадан кейін болды. Демек, Плеханов шатастырған реставрацияның *бірде-біреуінің де*, азиаттық өндіріс әдісін реставрациялаудың да (москвалық Русьті реставрациялау), XIX ғасырда Францияда болған реставрацияның да национализация туралы мәселеге мүлде қатысы жоқ.

Ал Демьян жолдастың мүлде даусыз бұл дәлелдеріне Плеханов жолдас не деп жауап берді? Ол асқан ептілікпен жауап берді. Ленин — эсер,— деп дүрсе қоя берді ол,— ал Демьян жолдас болса маған қайдағы бір Демьянның балық сорпасын ішкізбек.

Меньшевиктер естен танғанша масайрады. Олар Плехановтың тауып айтқан өткір сөздеріне ішек-сілесі қатқанша күлді. Сатырлата қол шапалақтау мәжіліс залын жаңғырықтырды. Плеханов өзінің реставрация-

сынан бірдеңе шығара алды ма, жоқ па — бұл мәселе меньшевиктік съездің қарауынан мүлде алынып тасталды.

Мен Плехановтың жауабы тамаша тапқырлықтың ғана емес, сонымен қатар, керек десеңіз, маркстік терең ойлылықтың да үлгісі болғанын бекерге шығарайын деген ойдан, әлбетте, аулақпын. Бірақ сонда да Плеханов жолдас москвалық Русьті реставрациялау мен XIX ғасырда Францияда болған реставрация жөнінде қатты шатасты деп ойлауға қақым бар. «Демьянның балық сорпасы» Демьян жолдас жөніндегі емес (Плехановтың өткір сөзінің әсеріне айыздары қанған меньшевиктер осылай ойлайды), *қайта Плеханов жолдас жөніндегі* «тарихи сөзге» айналады деп ойлауға қақым бар. Тіпті, Бірігу съезінде кейбір делегаттар Плехановтың «Москваның қышқылтым қою сорпасы», «колбаса жөніндегі қуақы сөздер» туралы сөйлеген сөздері жөнінде айтты, бірде Плеханов қазіргі орыс революциясында өкіметті басып алу туралы мәселе жөнінде өзінің меньшевиктерін Францияның провинциялық бір кішкене қаласындағы коммунар туралы анекдот айтып күлдірген болатын, ол коммунар «өкіметті басып алу» сәтсіздікке ұшыраған соң колбасаны қарбыта асаса керек.

Жоғарыда айтылғандай, съезде мен аграрлық мәселе жөнінде бірінші баяндамашы болдым. Қорытынды сөзді де маған ең соңынан емес, бес баяндамашының бәрінен бұрын берді. Сондықтан мен Демьян жолдастан *кейін,* Плеханов жолдастан *бұрын* сөйледім. Демек, Демьянның дәлелдеріне қарсы Плехановтың шебер қорғанатындығын мен күн ілгері болжай алмадым. Мен бұл дәлелдерді қысқаша ғана қайталап өттім де, муниципализацияны жақтаудың дәлелі ретіндегі реставрация туралы пікірдің бүтіндей мағынасыздығын көрсетуге емес, реставрация туралы мәселенің мәнісін талдауға баса назар аудардым. Мен Плеханов жолдасқа: реставрацияны болғызбайтын қандай кепілдіктер туралы әңгіме болып отыр? — деп сұрақ қойдым. Реставрацияны туғызатын экономикалық негізді жою мағынасындағы толық кепілдік туралы болып отыр ма? Әлде біршама және уақытша кепілдік туралы, яғни

реставрация мүмкіндігінің өзін жоймайтын, мұны тек кемірек ықтимал ететін, реставрацияны тек қана қиындататын саяси жағдайларды туғызу туралы болып отыр ма? Егер әңгіме біріншісі туралы болып отырса, онда мен былай жауап беремін: *тек* Батыстағы социалистік төңкеріс *қана* Россияда реставрация болмауына (Россиядағы жеңімпаз революциядан кейін) толық кепілдік бола алады. Басқа кепілдік жоқ, болуы да мүмкін емес. Демек, осы жағынан алып қарағанда Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революция Батыстағы социалистік революцияны нақ қалай, нақ не арқылы жеңілдете алады немесе тездете алады деген сұрақ туады. Бұл сұраққа тек бір ғана жауап беруге болады: егер бейшара 17 октябрь [18] Европада жұмысшы қозғалысын мықтап өрге бастырған болса, онда Россияда буржуазиялық революцияның *толық* жеңіп шығуы Европада бірсыпыра саяси сілкіністер туғызбай қоймайды (немесе, ең болмағанда, туғызуы ықтимал) деуге болады, ал бұл сілкіністер социалистік революцияға ең күшті демеу болады.

Енді реставрацияны болғызбайтын «екінші», яғни біршама кепілдікті қарап көрейік. Капиталистік өндіріс әдісінің базисіндегі реставрацияның, яғни «москвалық Русьті» кісі күлерліктей «реставрациялаудың» емес, XIX ғасырдың бас кезіндегі француз реставрациясы типіндегі реставрацияның экономикалық негізі неде? Оның экономикалық негізі — қандай да болсын капиталистік қоғамдағы ұсақ товар өндірушінің жағдайында. Ұсақ товар өндіруші еңбек пен капиталдың арасында ауытқып отырады. Ол жұмысшы табымен бірге крепостниктік тәртіп пен полициялық самодержавиеге қарсы күреседі. Бірақ сонымен қатар ол буржуазиялық қоғамда өзінің меншікшілдік позициясын нығайтуға ұмтылады, сондықтан да, егер *бұл* қоғамның даму жағдайлары онша-мұнша қолайлы болып келсе (мәселен, өнеркәсіптің гүлденуі, аграрлық төңкерістің нәтижесінде ішкі рыноктың кеңеюі, т. т.), ұсақ товар өндіруші социализм үшін күресіп жатқан пролетарға *сөзсіз* қарсы шығады. Олай болса, дедім мен, капиталистік қоғамда ұсақ товар өндірісінің, ұсақ шаруа мен-

шігінің негізінде болатын реставрация Россияда мүмкін екені былай тұрсын, тіпті *сөзсіз де*, өйткені Россия — негізінен ұсақ буржуазиялық ел. Реставрация тұрғысынан қарағанда, орыс революциясының жағдайын мынадай қағидамен айтып беруге болады, дедім мен одан әрі: жеңіп шығу үшін орыс революциясының жеке өз күші жеткілікті. Бірақ жеңістің жемістерін баянды етуге оның күші жеткіліксіз. Ол жеңіп шыға алады, өйткені пролетариат революцияшыл шаруалармен бірге жеңілмес күш бола алады. Жеңісті ол өзіне баянды ете алмайды, өйткені ұсақ шаруашылық орасан дамыған елде ұсақ товар өндірушілер (соның ішінде шаруалар да) пролетарлар бостандық*тан* социализм*ге* аяқ басқан кезде оған қарсы шығады. Жеңісті өзіне баянды ету үшін, реставрацияны болғызбау үшін, орыс революциясына орыстан тыс *резерв* керек, шеттен көмек керек. Дүниеде мұндай резерв бар ма? Бар, ол — Батыстағы социалистік пролетариат.

Кімде-кім мұны ұмытып, реставрация туралы сөз қылатын болса, ол орыс революциясы жөніндегі өз көзқарастарының мейлінше өресіз екендігін көрсетеді. Ол мынаны ұмытады: XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі Францияны буржуазиялық-демократиялық революция заманында анағұрлым артта қалған жартылай феодалдық елдер қоршаған еді, бұлар реставрацияның резервтері болған-ды, ал XX ғасырдың бас кезіндегі Россияны оның буржуазиялық-демократиялық революциясы заманында анағұрлым алдыңғы қатарлы елдер қоршады, бұл елдерде революцияның резерві бола алатын әлеуметтік күш бар.

Қорытынды: реставрацияны болғызбайтын кепілдік туралы мәселе көтеріп, Плеханов бірсыпыра аса қызықты тақырыптарды қозғады, бірақ істің мәнісі жөнінде ешқандай түсінік бермей, муниципализация туралы мәселеден тек басқа жаққа ауытқумен тынды (сөзін тыңдаушы-меньшевиктердің назарын басқа жаққа аударып жіберді). Шындығына келгенде, егер капиталистік реставрацияның (азиаттық өндіріс әдісі негізіндегі емес, капиталистік өндіріс әдісі негізіндегі реставрацияны ықшамдық үшін осылай деп атайық) тірегі тап

ретіндегі ұсақ товар өндірушілер табы болса, онда бұл арада муниципализацияның қандай қатысы бар? Муниципализация дегеніміз — *жер иелігі* түрлерінің бірі, бірақ жер иелігінің формасынан *таптың* негізгі және мәнді белгілерінің өзгермейтіні айқын емес пе? Национализация тұсында да, муниципализация тұсында да, жер бөлісі тұсында да ұсақ буржуа қалайда және сөзсіз реставрацияның пролетарға қарсы тірегі болып табылады. Егер бұл ретте жер иелігі формаларының арасына қатаң меже қою мүмкін болса, онда тек қана қожайынсымақтың жермен неғұрлым тығыз байланыстылығын көрсететін жер бөлісін көздеп меже қойылар еді, бұл байланыс неғұрлым тығыз болғандықтан, оны үзу де қиынға түседі *. Ал реставрация жөніндегі дәлелмен муниципализацияны жақтау тіпті күлкінді келтіреді.

Съездегі жарыс сөздердің барысында өздерінің қорытынды сөздерін менен кейін сөйлеген Джон және Плеханов жолдастар реставрация жөніндегі бұл сәтсіз дәлелден байқаусызда басқа бір дәлелге, түрі жағынан ұқсас сияқты болса да, мазмұны жағынан мүлде өзгеше дәлелге тайқып кетуге әрекет жасады. Олар муниципализацияны жақтағанда республика орнағаннан кейін монархияның реставрацияланбауына кепілдік тұрғысынан, яғни республиканы қамтамасыз етудің шарасы ретінде, тұрақты мекеме ретінде жақтамай, монархияға қарсы республика үшін жүргізілетін *күрес процесіндегі* база ретінде, яғни бұдан былай жеңіске жетуді жеңілдететін шара ретінде, уақытша және өтпелі мекеме ретінде жақтай бастады. Бұл тұста Плеханов жерді муниципализациялаған ірі жергілікті өзін өзі басқару органдарын монархияға қарсы соғыста тірек болатын жергілікті «республикалар» деп атауға дейін барды.

Бұл дәлел жөнінде мынаны айта кету керек:

---

* Біз «тек қана» деп отырмыз, өйткені қожайынсымақтың өз «парцелласымен» мейлінше тығыз байланысының нақ өзі бонапартизмнің жақсы тірегі болмас па екен деген мәселе әлі ашық күйінде қалып отыр. Бұл арада осы нақты мәселенің егжей-тегжейін айтып жату орынсыз.

Біріншіден, Масловтың алғашқы программасында және Джонның — Плехановтың — Костровтың съезде қабылданған программасында: муниципализация революцияның *барысында* уақытша, өтпелі шара ретінде, яғни *келешек үшін күресудің құралы* ретінде қаралады деген *бірде-бір сөз* айтылмаған. Демек, бұлай түсіндіру, программаның тексті растамайтын, қайта бекерге шығаратын «емін-еркін долбарлау» болып табылады. Мәселен, өзімнің программамда революцияның құралы ретінде, келешек үшін күресудің базасы ретінде революцияшыл шаруалар комитеттерін ұсынғанымда, мен программаның өзінде: партия шаруалар комитеттеріне жерді басып алуға, оны *құрылтай жиналысына дейін* билеуге кеңес береді,— деп тура айттым. Масловтың — Джонның — Плехановтың — Костровтың программасында мұның айтылмағаны былай тұрсын *, қайта, керісінше, жер пайдалануды тұрақты орнықтыру жоспарының баяндалып отырғаны күмәнсыз.

Екіншіден, талданып отырған дәлелге қарсы келтірілетін басты және негізгі дәлел мынау: реставрацияны немесе реакцияны болғызбайтын кепілдік деген сылтаумен, Плехановтың программасынан *реакциямен мәмлеге келушілік* туады. Шынында да ойлап қараңыздаршы: біз программаны, әсіресе аграрлық программаны (шаруалар программасын) өзіміз басшылық еткіміз келетін қалың бұқара үшін жазып отырған жоқпыз ба? Ендеше бұдан не шықпақ? Кейбір мүшелер, тіпті партия көсемдері бола тұрып, жерді муниципализацияланған земстволар орталықтағы монархияға қарсы тұратын республикалар болатынын айтады. Ал программа-

* Мұның өзі Плехановтың программасында айтылмағандықтан да, муниципализацияның жаңаша түсіндірілуін меньшевиктердің «революциялық өзін өзі басқарумен» салыстыруға съезде біздің толық правомыз болды. Ал большевиктер мәселені ұзақ түсіндіргеннен кейін, «революциялық өзін өзі басқару» ұранының ешкімге еш нәрсе ашып бере алмай, бірсыпыра жұртты шатастырғанын Плехановтың дәл өзі мойындауға мәжбүр болды («Дневниктің» 5-номерін қараңыз). «Революциялық өзін өзі басқару» ұранының жеткіліксіз екенін, толық емес екенін, революцияның толық жеңу шарттарын көрсетпейтінін большевиктер бұдан бұрып «Вперед» [19] пен «Пролетарийде» [20] айтқан болатын. Мұндай жеңіс үшін революциялық өзін өзі басқару емес, революциялық өкімет керек, тек жергілікті революциялық өкімет орындары ғана емес, сонымен қатар орталық революциялық өкімет те керек. (Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 11-том, 176—185; 211—225; 384—403-беттер. *Ред.)*

да аграрлық төңкеріс жергілікті басқармадағы демократизммен тікелей әрі дәл байланыстырылып отыр, бірақ орталық басқарманың және мемлекет құрылысының *толық* демократизмімен *бірде-бір сөз* арқылы байланыстырылмай отыр! Мен сіздерге сұрақ берейін: біздің күнделікті үгітіміз бен насихатымызда партия қызметкерлері бұқарасы нені басшылыққа алады: Плехановтың орталық монархияға қарсы күресуші жергілікті «республикалар» туралы айтқан сөздерін басшылыққа ала ма, әлде шаруалар үшін жер талап ету тек жергілікті басқарманың демократизмімен ғана дәл байланыстырылып, орталық өкіметтің және мемлекет құрылысының демократизмімен әсте байланыстырылмаған біздің жаңа партиялық программамыздың текстінің өзін басшылыққа ала ма? Плехановтың өзінен-өзі шатасқан сөздері *«атақты»* (Плехановтың пікірінше, «атақты») «революциялық өзін өзі басқару» сияқты *«жұртты шатастыратын»* ұранның ролін сөзсіз атқарады. *Іс жүзінде* біздің партиялық программамыз *реакциямен мәмлеге келу* программасы болып қалып отыр. Біздің шешендердің кейбір сөздерінде көрсетілген дәлелдерді алмай, бұл программаның қазіргі Россия жағдайындағы *нақты саяси* маңызын алатын болсақ, ол — социал-демократиялық программа емес, кадеттік программа. Олардың келтірген дәлелдері ең тәуір дәлелдер, ниеттері нағыз социал-демократиялық ниеттер, ал программасы іс жүзінде «шаруалар революциясы» рухындағы емес, (айтпақшы, Плеханов: бізде бұрын шаруалар революциясынан қорқушылық бар еді, ал ендігі жерде бұл қорқушылықты тастау керек деген-ді) «мәмлеге» келу рухындағы кадеттік программа болып шыққан.

Жоғарыда мен «реставрацияны болғызбау кепілдігі» дәлелінің *ғылыми* маңызын талдадым. Енді мен оның дубасовтық конституционализм заманы мен кадеттік Мемлекеттік дума [21] заманындағы *саяси* маңызына жақын келдім. Бұл дәлелдің ғылыми маңызы нульге немесе минус бірге тең. Саяси жағынан алып қарағанда мұның өзі — кадеттер қолданатын қару және кадеттердің диірменіне құйылған су. Айналаға көз жіберіп қараңыздаршы: *саясаттағы* қай *ағым* реставрация қаупін

көрсетуді өзінің монополиясы етіп алды деуге болады? Кадеттік ағым. Кадеттердің «демократизмі» мен олардың монархиялық, тағы басқа программасының арасындағы қайшылықты көрсеткен біздің партиялас жолдастарға кадеттердің миллион рет берген жауабының мәні неде? Оның мәні монархияға тию — реставрация қаупін туғызу дегенде. Монархияға тимеңдер,— деп кадеттер социал-демократтарға мыңдаған дауыстармен айқай салды,— монархияға тимеңдер, өйткені сіздерде реставрацияны болғызбау кепілдігі жоқ. Өзіңе реставрация қаупін, реакция қаупін тілеп алғаннан гөрі, реакциямен мәмлеге келген жақсы,— кадеттердің саяси даналығының күллі мәні, олардың күллі программасы, ұсақ буржуаның таптық позициясынан, ақырына дейін жеткізілген демократиялық революцияның буржуазияға қауіптілігінен сөзсіз туатын олардың күллі тактикасы, міне, осында.

Осы айтылғанды дәлелдеу үшін екі мысал келтірумен шектелемін. Милюков пен Гессеннің органы «Народная Свобода» [22] 1905 ж. декабрьде былай деп жазған еді: қарулы көтерілістің мүмкіндігін Москва дәлелдеді, бірақ дегенмен көтеріліс қатерлі нәрсе, оның себебі көтерілістің үмітсіз болғандығынан емес, оның себебі — көтерілістің жеңістерін бәрібір реакция жоқ қылатындығынан (Менің «Социал-демократия және Мемлекеттік дума» деген кітапшамда келтірілген [23]). Басқа мысал. Мен 1905 жылы «Пролетарийдің» өзінде Виноградовтың «Русские Ведомостидегі» [24] мақаласынан үзінді келтіргенмін *. Виноградов орыс революциясының 1789—1793 жылдардағы революция сияқты болмай, 1848—1849 жылдардағы революция сияқты болуын тіледі, яғни бізде *жеңімпаз* көтерілістер болмауын, біздің революцияның ақырына дейін жетпеуін, ол революцияның либерал буржуазияның сатқындығы арқылы, оның монархиямен келісімге келуі арқылы күні бұрын күзелуін тіледі. Виноградов бізді реставрациямен пруссиялық вахмистр сияқты болып қорқытты, ал неміс пролетариаты сияқты «революцияның кепілі» жөнінде, әрине, бір ауыз сөз айтпады.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 243—249-беттер. *Ред.*

Реставрацияны болғызбау кепілдігінің жоқтығына сүйепу — нағыз кадеттік идея, *буржуазияның пролетариатқа қарсы қолданатын саяси құралы.* Буржуазияның мүдделері оны пролетариаттың революцияшыл шаруалармен бірігіп буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізуіне қарсы күресуге мәжбүр етеді. Бұл күресте буржуазия философтары мен саясатшылары тарихи дәлелдерге, өткен дәуірдің мысалдарына жармаспай қоймайды. Өткен кездерде әрдайым былай болып отырды: жұмысшыларды алдап-арбады, тіпті революция жеңіп шыққаннан кейін де реставрация келіп отырды,—демек, бізде де бұдан басқаша болуы мүмкін емес, дейді буржуазия, бұлай дегенде буржуазия, әлбетте, орыс пролетариатының өз күшіне және европалық социализмнің күшіне сенімін әлсіретуді көздейді. Саяси қайшылықтар мен саяси күрестің шиеленісуі реакцияға соқтырады,—деп буржуа жұмысшыларга ақыл айтады,— демек, бұл қайшылықтарды *мұқалту* керек: жеңгеннен кейін реакция қаупіне ұшырағаннан гөрі, жеңіс үшін шайқаспай, реакциямен мәмлеге келген жөн дейді.

Буржуазияның пролетариатқа қарсы қолданатын идеялық құралына Плехановтың жармаса кеткені кездейсоқ па еді? Жоқ, Плеханов декабрь көтерілісін теріс бағалап («қолға қару алмау керек еді»), затты өз атымен атамай, «Дневниктерінде» жұмысшы партиясының кадеттерді қолдауын уағыздай бастағаннан кейінгі жерде мұның осылай болатыны сөзсіз еді. Съезде бұл мәселе күн тәртібінің басқа бір пункті жөнінде болған жарыс сөздердің кезінде, Плехановты буржуазияның не үшін мақтайтындығы туралы талас болған кезде көтерілген еді. Мен бұл талас туралы тиісті жерінде айтамын, ал бұл арада ескерте кететінім, жоғарыда өзім келтірген дәлелдерді мен съезде дамытқан жоқпын, тек мейлінше жалпылама түрде тұспалдадым. Біздегі «реставрацияны болғызбау кепілдігі»—дедім мен— реакциямен мәмлеге келу емес, революцияны ақырына дейін жеткізу *. Шаруалар көтерілісінің және буржуа-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 383-бет. *Ред.*

зиялық-демократиялық революцияны толық аяқтаудың бүтіндей программасы болып табылатын менің аграрлық программамның айтатыны да тек осы. Мәселен, «шаруалардың революциялық комитеттері» дегеніміз шаруалар көтерілісі жүре алатын тек бірден-бір жол (оның бер жағында мен меньшевиктердің революциялық өкіметке революциялық өзін өзі басқаруды қарама-қарсы қойғаны сияқты, шаруалар комитеттерін революциялық өкіметке мүлде қарама-қарсы қоймаймын, қайта бұл комитеттерді осындай өкімет органдарының бірі деп білемін, өзін басқа, орталық органдардың, революциялық уақытша үкімет пен бүкіл халықтық құрылтай жиналысының толықтыруын талап ететін органдардың бірі деп білемін). Аграрлық программаны *тек* осылай тұжырымдағанда *ғана* аграрлық мәселенің буржуазиялық-чиновниктік тұрғыдан шешілуіне, оны Петрункевичтердің, Родичевтердің, Кауфмандардың және Кутлерлердің шешуіне жол берілмейді.

Менің программамның осы негізгі белгісін Плеханов байқамай қалған жоқ. Ол мұны байқады және съезде мойындады да. Бірақ ол өзінің мойындауын сол баяғы Демьянның балық сорпасы немесе Плехановтың қоқсығы түрінде білдірді (оның бойына біткен мінез ғой). Иә, иә, Лениннің программасында өкіметті басып алу идеясы бар. Мұны Лениннің өзі мойындап отыр. Бірақ мұның өзі жақсы нәрсе емес. Мұның өзі — халық ерікшілдігі. Ленин халық ерікшілдігін реставрациялап отыр. Халық ерікшілдігін қайта орнатуға қарсы шығыңдар, жолдастар. Ленин тіпті қайдағы бір «халық творчествосы» туралы айтып отыр. Мұның өзі халық ерікшілдігі емес пе екен? және т. с., т. б.

Осы пікірлері үшін біздер, большевиктер, мен де, Воинов та, Плехановқа шын жүрегімізден алғыс айттық. Бізге мұндай дәлелдер тек қана пайдалы және керек те. Шынында да, жолдастар, осы пікір жайында ойлап көріңіздерші: «Лениннің программасында өкіметті басып алу идеясы болғандықтан, Ленин — халық ерікшілі болып шығады екен». Қай программа туралы әңгіме болып отыр? Аграрлық программа туралы. Бұл программада өкіметті басып алушы деп ұйғарылып

отырған кім? Революцияшыл шаруалар. Ленин пролетариатты осы шаруалармен араластырып жіберіп отыр ма? Араластырмағаны былай тұрсын, қайта оны өз программасының үшінші бөлімінде айрықша бөліп көрсетіп отыр, мұны (3-бөлімді) меньшевиктік съезд өзінің тактикалық қарарында түгелдей көшіріп алған!

Шынында да, жақсы емес пе? Біздерге, марксистерге, *шаруалар революциясынан қорқу* лайық емес деген еді Плехановтың өзі. Солай дей тұрса да, *революцияшыл шаруалардың өкіметті басып алуы* оған халық ерікшілдігі болып елестеген!! Революцияшыл шаруалар өкіметті басып алмайтын болса, шаруалар революциясының жеңуі мүмкін бе?? Плехановтың тіпті тантуға айналғаны ғой. Ылдиға қарай бір бет түзеген соң, ол тоқтаусыз құлдилап барады. Бастапқыда ол қазіргі революцияда пролетариаттың өкіметті басып алуы мүмкіндігін теріске шығарды. Енді ол қазіргі революцияда революцияшыл шаруалардың өкіметті басып алуы мүмкіндігін теріске шығара бастады. Ал егер пролетариат *та*, революцияшыл шаруалар *да* өкіметті басып ала алмайтын болса, онда мұның өзі — өкімет *патшаның қолында, Дубасовтың қолында қалуға тиіс* деген сөз. Әлде өкіметті кадеттер қолына алуға тиіс пе? Бірақ кадеттердің өздері монархияны, тұрақты армияны, жоғарғы палатаны, басқа да сол сияқты тамашаларды қалдырып, өкіметті басып алғылары келмейді.

Плехановтың *өкіметті басып алудан қорқуы шаруалар революциясынан қорыққандық болады* деп съезде мен дұрыс айтқан жоқпын ба? * Жас кезінде Плехановты халық ерікшілерінің [25] қорқытқандығы сонша, тіпті шаруалар революциясының болмай қоймайтындығын оның өзі мойындаса да, социал-демократтардың арасында ешкімде де шаруалар социализмі жөнінде жалған үміт болмаса да, Плехановқа халық ерікшілері елестей береді деп Воинов дұрыс айтқан жоқ па? Меньшевиктердің қарулы көтеріліс туралы қарары жөнінде (бұл қарарда бірінші пункт «самодержавиелік үкіметтен өкіметті тартып алу» міндетін мойындаудан баста-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы. 12-том, 386-бет. *Ред.*

лады) съезде Воиновтың «өкіметті басып алу»— халық ерікшілдігі, ал «өкіметті тартып алу» — ақиқат және терең ойлы марксизм деп кекеткені әділ емес пе? Шындығында да, былай болып шығып отыр ғой: социал-демократиядағы халық ерікшілдігімен күресу үшін меньшевиктер біздің партияны *кадеттердің «өкіметті тартып алуы»*... программасымен сыйлады ғой.

Халық ерікшілдігі жөніндегі байбалам, әрине, мені титтей де таңқалдырған жоқ. Социал-демократия оппортунистерінің әрқашан да (1898—1900 жылдардың өзінде-ақ) революцияшыл социал-демократтарға қарсы осы құбыжыққа жармасып келгені тым жақсы есімде. Біздің Бірігу съезімізде Аксельрод пен кадеттерді қорғап тамаша сөз сөйлеген Акимов жолдас та мұны дер кезінде еске салды. Мен бұл мәселеге әдебиет бетінде әлі қайта оралармын деп сенемін.

«Халық творчествосы» туралы бір-екі ауыз сөз. Ол туралы съезде мен қандай мағынада айттым? * Ол туралы мен «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген кітапшамда (бұл кітапша съезд делегаттарына таратылып берілген болатын) қандай мағынада айтсам, дәл сол мағынада айттым **. Мен 1905 ж. октябрь — декабрьді қазіргі кадеттік кезеңге қарама-қарсы қойып, революциялық кезеңдегі халық творчествосы (революцияшыл шаруалар мен пролетарлардың творчествосы) кадеттік кезеңдегіден гөрі молырақ та өнімдірек деп отырмын. Плехановқа бұл халық ерікшілдігі болып көрінеді. Мұның өзі, меніңше, ғылыми тұрғыдан қарағанда, 1905 ж. октябрь — декабрь кезеңін бағалау жөніндегі аса маңызды мәселеден бұлтарғандық болады (Плеханов мораль оқумен тынып, өзінің «Дневниктерінде» бұл дәуірдегі *қозғалыстың формаларына* талдау жасауды ойламаған да!). Саяси жағынан қарағанда, мұның өзі Плехановтың тактикада Бланк мырзаға және жалпы кадеттерге соншама жақын екендігінің жаңа дәлелі ғана.

Аграрлық мәселені аяқтау үшін, тағы да елеулі деген дәлелдердің соңғысына тоқтала кетейін. Ленин —

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 386—387-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 332—364-беттер. *Ред.*

қиялшыл,— деді Плеханов,— ол чиновниктерді халықтың сайлап қоюы жөнінде қиялға басады, т. т. Мұндай жақсы нәтижеге арнап программа жазу қиын емес. Жоқ, сен нашар нәтижеге арнап программа жазып көр. Сен өзіңнің программаңды «төрт аяғын тең басатындай» етіп жаса.

Бұл дәлелде, дау жоқ, қай марксист болса да қатты ескеруге міндетті пікір бар. Шынында, тәуір нәтижемен *ғана* санасатын программа жарамсыз болар еді. Бірақ нақ осы жағынан қарағанда,— деп жауап бердім съезде мен Плехановқа,— менің программамның Масловтың программасынан жоғары тұрғаны анық. Бұған көз жеткізу үшін, *арендаың* болып отырғаны еске түсіру жеткілікті. Егіншіліктегі капиталистік (және жартылай капиталистік) өндіріс әдісінің өзгешелігі неде? Оның өзгешелігі барлық жерде бірдей арендаың өріс алып отырғандығында. Мұның Россияға қатысы бар ма? Өте көп қатысы бар. Сондықтан Джон жолдастың менің программамда қисынсыздық бар: помещик жерлері конфискеленгеннен кейін де аренда қалады-мыс деп маған дау айтуы дұрыс емес еді. Бұл пункт жөнінде Джон жолдастың айтқаны үш мәрте дұрыс емес: біріншіден, менің программамның *бүкіл* бірінші бөлімі шаруалар революциясының алғашқы қадамдары туралы баяндайды (бүкіл халықтық құрылтай жиналысы *болғанға дейін* жерді басып алу); демек, конфискеден «кейін» менде аренда «қалмайды», бірақ факт ретінде алынып отыр, өйткені аренда — факт. Екіншіден, конфискелеу — жерді меншіктенудің екінші қолға өтуі деген сөз, ал меншіктің екінші қолға өтуінің өзі арендаға ешбір нұқсан келтірмейді; үшіншіден, арендаың шаруа жерлерінде де, үлесті жерлерде де болатынын жұрттың бәріне мәлім.

Ал енді «төрт аяғын тең басуы» жөнінен, жақсы жағдайларды ғана емес, нашар жағдайларды да ескеру жөнінен бізде не шығып отырғанына қарап көріңіздер. Маслов маңызданып арендаңы мүлде сызып тастайды. Ол тура және бірден арендаңы жойып жіберетіндей төңкерісті жорамалдайды. Бұл жорамал, жоғарыда мен көрсеткендей, «нашар болмысқа» және оны-

мен санасу қажеттігінің тұрғысынан қарағанда мүлде өрескел жорамал. Керісінше, менің программамның бүкіл бірінші бөлімі *түгелінен* революцияшыл шаруалар қарсы күресіп жатқан «нашар болмысқа» негізделіп құрылған. Сондықтан мен аренданы мүлде жоғалтып жібермеймін (капиталистік қоғамда аренданы жоюдың өзі, Плехановтың «дұрыс пікірі» тұрғысынан қарағанда, тұрақты армияны, т. б. жоюдан асып түспесе, одан кем соқпайтын «қияли» өзгеріс болып табылады). Ендеше, мен *«нашар* болмыспен» Масловқа қарағанда едәуір байыптырақ санасатын болғаным, ал *жақсы* болмысты мен шаруаларға кадеттердің мәмлеге келуі (орталық монархияға қарсы жергілікті республикалар) тұрғысынан емес, қайта революцияның толық жеңіп шығуы және шын демократиялық республиканы жеңіп алу тұрғысынан уағыздайтын болғаным.

Съезде мен саяси насихаттың бұл элементін аграрлық программада әдейі айрықша баса көрсеттім, сондықтан әдебиетте менің бұл мәселеге әлі, сірә, талай рет тоқталуыма тура келер. Съезде біздерге, большевиктерге: бізде саяси программа бар, республика туралы сонда айтылуы керек деп дау айтушылар болды. Бұл дау мәселенің әбден ойластырылмағандығын дәлелдейді. Бізде, шынында, жалпы принципті программа (партия программасының бірінші бөлімі) мен арнаулы программалар: саяси, жұмысшы, шаруа программалары бар. Программаның жұмысшыларға қатысты бөлімінде (8 сағаттық жұмыс күні, т. б.) белгілі бір өзгерістің саяси жағдайларын ерекше және арнайы атап көрсетуді *ешкім де* ұсынбайды. Неге? Неге десеңіз, 8 сағаттық жұмыс күні және сол сияқты реформалар *қандай* саяси жағдайларда болса да алға басудың құралына айналатыны *сөзсіз.* Ал шаруа программасында саяси жағдайларды *ерекше және арнайы атап көрсету* керек пе? Керек, өйткені жерді нағыз жақсылап қайта бөлісу Треповтар мен Дубасовтар үстемдік етіп тұрғанда кейін кетудің құралына айналуы *мүмкін.* Тіпті Масловтың программасын-ақ алып қараңыздар: онда жердің *демократиялық* мемлекетке және жергілікті өзін өзі басқарудың *демократиялық* органдарына бері-

луі туралы айтылып отыр, яғни онда, партияның саяси программасы бола тұрса да, қазіргі аграрлық өзгерістердің саяси шарттары ерекше және арнайы атап көрсетіліп отыр. Демек, аграрлық талаптарды ерекше саяси шарттармен атап көрсетудің қажеттігі туралы талас болуы да мүмкін емес. Барлық мәселе мынада: ғылыми тұрғыдан және дәйекті пролетарлық демократизм тұрғысынан қарағанда түбегейлі аграрлық төңкерісті халықтың чиновниктерді сайлап қоятын болуымен, республикамен байланыстырмай, жалпы «демократизммен», яғни, демек, кадеттік демократизммен де байланыстыру лайық па, кадеттік демократизм қазір, біздің еркімізден тыс, жалған демократизмнің басты, ең көп таралған, баспасөз бен «қоғамда» ең ықпалды түрі болып отыр. Мен мұның өзі лайық емес деп ойлаймын. Алдын ала айтайын, біздің аграрлық программаның қатесін практика дереу түзетуге тиіс және түзететін болады, яғни саяси жағдай біздің насихатшылар мен үгітшілерді кадеттерге қарсы күресте нақ кадеттік демократизмді емес, чиновниктерді халықтың сайлап қоюын, республиканы баса көрсетуге *мәжбүр етеді.*

Жер бөлісі жөніндегі программаға келетін болсақ, оган өзімнің көзқарасымды съезде мен: муниципализация қате және зиянды, ал бөліс, программа ретінде, қате, бірақ зиянды емес деген сөздермен білдіргенмін. Сондықтан мен, әрине, бөліске жақынмын және Масловқа қарсы Борисовты жақтап дауыс беруге даярмын. Бөліс зиянды бола алмайды, өйткені шаруалар оған келіседі, бұл — бір; оны мемлекеттің дәйекті түрде қайта құрылуымен шартты етіп қоймау керек, бұл — екі. Оның қате болатын себебі не? Себебі — ол шаруалар қозғалысын өткендегі мен қазіргінің тұрғысынан ғана бір жақты алып қарайды да, болашақтың тұрғысын еске алмайды. «Бөлісшілдер» национализацияға қарсы таласып, маған былай дейді: сіз шаруаның национализация туралы айтқандарын тыңдағаныңызда, шаруаның тілейтіні өзінің айтып отырғаны емес. Сөзге қарамаңыз, істің мәніне қараңыз. Шаруаның тілейтіні — жеке меншік, жер сату правосы, ал «құдайдың жері»

дейтін, т. с. сөздер — помещиктің жерін алу ниетінің идеологиялық жамылғысы ғана.

Мен «бөлісшілдерге» былай деп жауап бердім: мұның бәрі дұрыс; бірақ біздің сіздермен алауыздығымыз сіздердің мәселені шешіліп бітті деп санайтын жерлеріңізден басталғалы тұр. Сіздер байырғы материализмнің қатесін қайталайсыздар, ол материализм туралы Маркс: бұрынғы материалистер дүниені түсіндіре білді, ал бізге керегі — дүниені өзгерту[26] деген болатын. Міне бөлісті жақтаушылар да шаруалардың национализация туралы айтқан сөздерін нақ осылай *дұрыс* түсініп отыр, *ол сөздерді дұрыс түсіндіріп отыр,* бірақ — мәселенің барлық мәні осында — бірақ осы дұрыс түсінікті *дүниені өзгертудің тұтқасы,* бұдан әрі ілгері басудың құралы ете білмей отыр. Әңгіме шаруаларға бөлістің орнына национализацияны таңу болып отырған жоқ (егер кейбіреулерде осындай қисынсыз пікірлер туатын болса, онда менің программамдағы А нұсқасы ол пікірлерге ешқандай негіз қалдырмайды). Әңгіме мынау туралы болып отыр: социалист шаруаның «құдайдың жері» жөніндегі ұсақ буржуазиялық жалған үміттерін аяусыз әшкерелей отырып, шаруаға алға басудың жолын көрсете білуге тиіс. Мен съездің өзінде-ақ Плехановқа айтқанмын және мен мұны мың мәрте қайталаймын: практиктер кесінділерді қалай түрпайылаған болса, олар қазіргі программаны да солай түрпайылайды,— олар кішкене қатеден үлкен қате жасап алады. Жер ешкімдікі де емес, құдайдікі, қазынанықі деп айқайлайтын шаруалар тобырына олар бөлістің артықшылығын дәлелдейтін болады, олар мұнысымен марксизмді масқаралайтын, бұрмалайтын болады. Біз шаруаларға олай демеуге тиіспіз. Біз былай деуге тиіспіз: жер құдайдікі, ешкімдікі де емес немесе қазынанықі дейтіп бұл сөздерде үлкен шындық бар, тек оны жақсылап ажырата білу керек. Егер жер қазынанықі болып, ал қазынаның басында Трепов отырса,— онда жер Треповтікі болады. Сіздер осыны тілейсіздер ме? Егер Родичевтер мен Петрункевичтер, өздерінің қалауы бойынша, өкіметті, демек, қазынаны да қолдарына ала қалғандай болса, жердің де солардың

қолдарына түсуін сіздер тілейсіздер ме? Шаруалар бұған, әлбетте, былай деп жауап береді: жоқ, тілемейміз. Помещиктерден тартып алынған жерлерді біз Треповтарға да, Родичевтерге де бермейміз. Ендеше барлық чиновниктерді халық сайлайтын болуы керек, тұрақты армия жойылуы керек, республика орнауы керек,— *тек* сонда *ғана* жерді «қазынаға» беру, жерді «халыққа» беру зиянды шара емес, пайдалы шара болады. Сондықтан қатаң ғылыми тұрғыдан қарағанда, жалпы капитализмнің даму жағдайларының тұрғысынан қарағанда біз, егер «Капиталдың» III томымен келіспегіміз келмесе, сөзсіз былай деуге тиіспіз: жерді национализациялау буржуазиялық қоғамда мүмкін нәрсе, ол экономикалық дамуға себепкер болады, бәсекені және егіншілікке капиталдың құйылуын жеңілдетеді, астық бағасын төмендетеді және т. б. Демек, мейлінше жоғары дәрежеде дамыған капитализм тұсындағы қазіргі шаруалар революциясы заманында біз национализацияны қалай болғанда да жалаң жәпе жалпылама теріске шығара *алмаймыз.* Мұның өзі тайыздық, сыңар жақтық, дөрекілік, соқырлық болар еді. Біз шаруаға пайдалы шара ретіндегі национализацияның қажетті саяси алғы шарттарын ғана түсіндіруге тиіспіз, ал содан кейін оның буржуазиялық сипатын көрсетуге тиіспіз (менің программамның қазір Бірігу съезінің қарарына кіріп отырған 3-бөлімі осылай етіп те отыр).

Съезде аграрлық мәселе жөнінде болған таластар туралы өзімнің әңгімемді аяқтай келіп, тағы да Масловтың программасының жобасына қандай түзетулер енгізілгенін айта кетейін. Программаның белгілі бір жобасын негіз етіп алу туралы мәселе дауысқа қойылған кезде, Масловты жақтап алғашында не бары 52 дауыс, *яғни тең жартысынан аз* дауыс берілді. 40 шақты адам бөлісті жақтап сөйледі (муниципализацияға қарсы дауыстарды ыдыратпау үшін мен «бөлісшілдерге» қосылдым). Қайта дауысқа қойылған кезде ғана Масловтың жобасы 60-тан астам дауыс алды, ауытқушылардың бәрі де бұл жолы партияны мүлдем аграрлық программасыз қалдырмауды жақтап дауыс берді.

Түзетулердің ішінен меньшевиктер: демократиялық мемлекет деген ұғымның неғұрлым дәл анықтамасына қатысты бір түзетуді өткіздірмей тастады. Біз: «халықтың самодержавиесін толық қамтамасыз ететін демократиялық республика» деп айтуды ұсындық. Бұл түзету жоғарыда баяндалған: орталық мемлекеттік өкімет *толық* демократияланбайынша, муниципализация тікелей зиянды және оның кадеттік аграрлық реформаға айналуы мүмкін деген пікірден туды. Түзету қызу талас туғызды. Мен дәл осы минутта мәжіліс залында болмаған едім. Әлі есімде, мен кері қайтып, көршілес бөлме арқылы өткенімде, «кулуарлардағы» әдеттен тыс айқай-шу және: «Джон жолдас республиканы жариялады!». «Ол реставрацияны болғызбау кепілдігін таппады». «Плеханов жолдас монархияны реставрациялады» деген толып жатқан қағытпа сөздер мені таңқалдырды.

Маған жұрттың айтуына қарағанда, әңгіме былай болған. Меньшевиктер, меньшевиктердің жаратылысына тән өкпешілдікпен, түзетуге өкпелеп қалыпты, бұл түзетуде: меньшевиктер республикаға қарсы екен, оппортунистік жасаған екен деп әшкерелеу пиеті бар деп түсініпті. Ызалы сөздер мен айқайлар естілді. Әдетте болатындай, большевиктер де желпініп кетті. Атап дауысқа қою талап етілді. Сол кезде қызбалық әбден үдеді. Джон жолдас абыржып қалып, дау-дамай туғызғысы келмей, әрине, «республикаға қарсы» тіпті ешқандай ниет білдірмей, орнынан ұшып тұрып: өзімнің тұжырымымды қайтып аламын, түзетуге қосыламын деп мәлімдеді. Большевиктер «республиканың жариялануына» қол соғады. Бірақ Плеханов жолдас немесе меньшевиктердің ішінен басқа біреуі киліге кетіп, дау шығарады, қайтадан дауысқа қоюды талап етеді, сөйтіп, менің естуімше, 34 дауысқа қарсы не бары 38 дауыспен «монархия қайта орнатылады» (көпшілігі, сірә, мәжіліс залында болмаса керек яки қалыс қалса керек).

Қабылданған түзетулердің ішінен «иеліктен айыру» деген сөздің «конфискелеу» деген сөзбен алмастырылғанын атап көрсету керек. Одан кейін «муниципалис-

тер» қалайда «бөлісшілдердің» айтқанына көнуге тиіс болды, сондықтан Костров жолдас шартты түрде бөліске де жол беретін түзету енгізді. Масловтың алғашқы программасының орнына, съезде айтылғандай, «күзелген» программа пайда болды. Бұл программада, асылында, национализация да (белгілі мөлшерлі жер *жалпы халықтық* меншікке беріледі), муниципализация да (жердің бір бөлігі — жергілікті өзін өзі басқарудың ірі органдарының қарамағына беріледі), ақырында, бөліс те араласып кеткен. Сонымен бірге муниципализацияны қай кезде, бөлісті қай кезде қуаттау керектігінің әбден дәл анықтамасы программада да, тактикалық қарарда да жоқ. Сайып келгенде, программа төрт аяғын тең баспаған, қайта төрт аяғының да буыны босап кеткен программа болып шықты *.

IV

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢГЕ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ТАПТЫҚ МІНДЕТТЕРІНЕ БАҒА БЕРУ

Тақырыпта аталған мәселе съездің талқылауына екінші етіп қойылған болатын. Баяндамашылар Мартынов және мен едім. Мартынов жолдас «Партийные Известияның» 2-номерінде басылған меньшевиктік қарар жобасын, шынына келгенде, өз баяндамасында қорғаған жоқ. Ол өз көзқарастарын «жалпы очерк» ретінде баяндап, меньшевиктер большевиктік көзқарас деп атайтындарды жалпылама сынауды жөн көрді.

Ол саяси орталық ретіндегі Дума туралы, өкіметті басып алу идеясының зияны туралы, революциялық замандағы конституциялық құрылыстың маңыздылығы туралы айтты. Ол декабрь көтерілісін сынады, біздің жеңілгенімізді ашық мойындауға шақырып, стачка мен көтеріліс туралы мәселені «техникалық» түрде қойғандығы үшін біздің қарарымызды айыптады. Ол—

* Масловтың «күзелген» программасын съезде ішінара бөлісті жақтаушы бір меньшевик-жолдас (Струмилин) мейлінше қатты сынады. Ол жазба мәлімдемесін оқып шықты, онда әлі программаның ішкі қайшылығын тамаша дәл және аяусыз көрсеткен — бәлкім, тіпті аяусыз сынаған дегеніміз дұрысырақ болар. Амал не, мен оның оқып берген сөздерінен үзінді жазып алмаған едім.

«кадеттер өздерінің антиреволюцияшылдығына қарамастан, революцияның одан әрі дамуы үшін негіз қалап жатыр» деді (өз қарарыңызда бұл неге айтылмаған? деп сұрадық біз), ол: «біз революциялық дүмпудің қарсаңындамыз» * деді (өз қарарыңызда бұл неге жоқ? деп сұрадық біз тағы да). Сөз арасында ол былай деді: «шынтуайтқа келгенде кадеттер эсерлерден гөрі көбірек роль атқарады». Өкіметті басып алуды Ткачевтің идеяларымен салыстыру, «конституциялық құрылыстың» бастамасы ретінде, «өкілдік мекемелердің» құрылысындағы іргетас ретінде Думаны бірінші кезекке қою,— Мартынов жолдастың баяндамасындағы негізгі пікір, міне, осындай болды. Барлық меньшевиктер сияқты, ол да енжарлықпен біздің тактикамызды оқиғалар барысындағы болмашы бұраланға бейімдеді, оны кезеңнің мүдделеріне, минуттың мұқтаждарына (немесе мұқтаж сияқтыларына) бағындырды, сөйтіп буржуазиялық-демократиялық революциядағы алдыңғы қатарлы күрескер болып табылатын пролетариаттың негізгі, түбегейлі міндеттерін еріксіз кемітті.

Мен өз баяндамамды съезге ұсынылған екі қарарды дәлме-дәл салыстыру негізінде құрдым. Екеуінде де, дедім мен, революцияның жаңадан өрлеп бара жатқандығы, біздің міндет — революцияны ақырына дейін жеткізу екендігі, ақырында, бұл міндетті революцияшыл шаруалармен бірге тек пролетариат қана орындай алатыны мойындалады. Олай болса, осы үш қағида тактикалық бағыттың толық бірлігін қамтамасыз етуге тиіс еді. Бірақ қараңыздаршы, екі қарардың қайсысы осы негізгі көзқарасты неғұрлым дәйектірек жүзеге асырып отыр? қайсысы оны неғұрлым дұрыс дәлелдеп, одан неғұрлым дұрыс қорытынды жасап отыр?

Меньшевиктік қарардың дәлелі мүлде жарамсыз екенін, мұның өзі дәлел емес, жай сөз екенін мен көрсеттім де («күрес үкіметке бұдан басқа жол қалдырмады». Бұл — жалаң сөздің үлгісі! Мұны нақты дәлелдеу керек және бұлайша дәлелдеуге болмайды. Ал меньшевиктер дәлелденбеген және дәлелденбейтін қағидадан

* Мен өз жазбаларымның ішінен табылған сөздерді тырнақшаға алып отырмын.

бастап отыр). Кімде-кім революцияның өрлеуі сөзсіз деп *іс жүзінде* танитын болса, ол адам қозғалыстың *басты* формасы туралы тиісті қорытынды жасауға тиіс, дегенмін мен. Негізгі ғылыми және саяси мәселе осында болып отыр ғой, біз оны шешуге тиіспіз, ал меньшевиктер одан жалтарып отыр: Дума болса,— Думаға ереміз, стачкалар мен көтеріліс болса,— стачкалар мен көтеріліске ереміз деседі, ал қозғалыстың белгілі бір формасының тумай қоймайтынын олардың ескергісі келмейді немесе ескере алмайды. Олар қозғалыстың қай формасы *басты* форма екенін пролетариат пен бүкіл халыққа айтуға бата алмайды. Егер осылай болса, онда революцияның өрлеуі және оны ақырына дейін жеткізу жайындағы сөздер (меньшевиктер: *логикалық* ақырына дейін жеткізу деп мейлінше олақ айтқан) бос сөз болады. Мұның мәнісі — атап айтқанда: пролетариатты революцияны неғұрлым тереңірек әрі кеңірек бағалайтын, өз тактикасын демократияның жалпы және түпкілікті мүдделерімен үйлестіретін революцияның алдыңғы қатарлы көсемі дәрежесіне дейін көтермеу, пролетариатты буржуазиялық-демократиялық революцияның енжар қатысушысы, жай «қара жұмысшысы» дәрежесіне дейін кеміту.

Меньшевиктер, дедім мен, Гегельдің: «нақты нәрсенің бәрі ақылға сыйымды, ақылға сыйымдының бәрі нақты» деген атақты қағидасының тек бірінші жартысын ғана алып отыр. Дума нақты нәрсе. Демек, Дума ақылға сыйымды дейді олар, сөйтіп осыны місе тұтады. Думадан тыс күрес «ақылға сыйымды»,— деп жауап береміз біз. Мұның өзі бүкіл осы заманғы жағдайдан объективті түрде сөзсіз туып отыр. Демек, мұның өзі, қазіргі кезеңде жанышталып отырғанымен, «нақты нәрсе». Біз кезеңге құлша ере беруге тиісті емеспіз; бұл оппортунизм болады. Біз оқиғалардың неғұрлым терең себептерін, тактикамыздың неғұрлым алыстағы нәтижелерін ойластыруға тиіспіз.

Меньшевиктер өз қарарында революция өрлеп барады, пролетариат шаруалармен бірге оны ақырына дейін жеткізуге тиіс деп мойындайды. Ал кімде-кім шын осылай ойлайтын болса, ол адам қорытынды жасай бі-

луге де тиіс. Егер шаруалармен бірге дейтін болсаңыздар,— демек, сіздер либералдық-монархиялық буржуазияны (кадеттерді, т. с.) сенімсіз деп есептейсіздер. Ендеше біздің қарарымызда айтылғандай, сіздер осыны неге айтпайсыздар? Ендеше конституциялық жалған үміттермен, яғни ескі самодержавиелік үкіметтің уәделері мен заңдарына сенушілікпен күресу қажеттігі туралы сіздер неге бір ауыз сөз айтпайсыздар? Кадеттер бұл күресті ұмытуға дағдыланып кеткен; конституциялық жалған үміттерді кадеттердің өздері таратады. Ал революциялық кезеңде конституциялық жалған үміттермен күресу міндетін ұмытатын социал-демократ *саясат жүзінде* өзін кадетке теңейді. Егер социал-демократ халық ішіндегі конституциялық жалған үміттерді іс жүзінде әшкерелемейтін болса, онда «революцияның өрлеуі» туралы, «оны ақырына дейін жеткізу» туралы, «революциялық жаңа дүмпу» туралы айтылған барлық сөздердің қандай құны болмақ?

Конституциялық жалған үміттер туралы мәселе — қазіргі уақытта революцияны дамыта беруді жақтайтын адамнан оппортунисті өте оңай, өте дұрыс ажыратуға болатын мәселенің нақ өзі. Оппортунист бұл жалған үміттерді әшкерелеуден жалтарады. Революцияны жақтаушы адам бұлардың жалғандығын аяусыз ашып көрсетеді. Ал енді меньшевик социал-демократтар осындай мәселені ауызға алмай отыр!

Октябрь-декабрьдегі күрес формалары жарамсыз және ұнамсыз дегенді ашық, тіке айтуға бата алмағандықтан, меньшевиктер мұны ең нашар, бүркемелі, жамамалы, бұлталақ түрде айтып отыр. Мұның өзі социал-демократқа мүлде лайық емес.

Менің баяндамамның негізгі қағидалары осылар еді.

Осы баяндамалар жөніндегі жарыс сөздерге тән мынадай тосын оқиғаларды атап өту керек. Съезде Борис Николаевич деп аталған жолдас мені өзімнің қорытынды сөзімде: аңшы алдынан аң жортар* деп айтуға мәжбүр етті. Меньшевизмнің бүкіл «мәнін» оның айтқанынан гөрі айқындау етіп бір жерге жинақтау қиын

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 395-бет. *Ред.*

еді. Ол былай деді: большевиктер қозғалыстың жария формасы мен конституциялық формасын емес, қалың халық бұқарасының революциялық қозғалыстарын «қозғалыстың *басты* формасы» деп есептейді, бұл — «ағаттық». Бұл — «кісі күлерлік», өйткені мұндай қозғалыстар көз алдымызда жоқ, ал Дума көз алдымызда бар. «Басшы» немесе «көсем» ретіндегі пролетариаттың ролі туралы, оның «артта жүруі» мүмкін екендігі туралы сөздер, т. т.— «метафизика» және «ділмарлық».

Өзіңіздің кадеттік көзілдірігіңізді алыңыз! — дедім мен осы дәйекті меньшевикке.— Сонда сіз Россиядағы шаруалар қозғалысын да, әскерлердегі толқушылықты да, жұмыссыздардың қозғалысын да көресіз, сіз қазір «бүркеулі жатқан» және тіпті баяу буржуалар да бекер дей алмайтын күрес формаларын көресіз. Олар күрестің бұл формалары зиянды немесе керексіз дегенді тура айтады. Ал меньшевик социал-демократтар бұл формаларды *келемеждеп отыр.* Буржуазия мен меньшевик социал-демократтар арасындағы айырмашылық осындай. Дәл осындай жағдай неміс меньшевигі, оңшыл бағыттағы неміс социал-демократы Бернштейннің басында да болған еді. Буржуазия XIX ғасырдың аяғында Германиядағы күрестің революциялық формаларын тіпті зиянды деп біліп, осылай деп жариялаған болатын. Бернштейн бұл формаларды *келемеждеді.*

Съезде Бернштейн туралы мәселе қозғалғаннан кейінгі жерде, бұдан табиғи түрде: буржуазия Плехановты не үшін мақтап отыр?— деген сұрақ туды. Россияда шығатын толып жатқан либералдық-буржуазиялық газеттер мен басылымдардың, тіпті октябристік «Словоға» [27] дейін, Плехановты барынша жанын сала мақтағандығы,— бұл факт съезде аталмай қалған жоқ.

Плеханов айтысты қабыл алды. Буржуазия мені не жөнінде мақтаса, Бернштейнді сол жөнінде мақтағап жоқ, деді ол. Бернштейнді мақтағанда біздің теориялық қаруымыз — марксизмді буржуазияға беріп қойғаны үшін мақтады. Ал мені тактика үшін мақтап отыр. Екі жағдай бірдей емес.

Плехановтың мұнысына поляк социал-демократиялық партиясының өкілі екеуіміз жауап бердік. Біз

екеуіміз де Плехановтың айтқаны *дұрыс емес* дедік. Буржуазия Бернштейнді тек теория үшін ғана емес, тіпті әсте теория үшін мақтаған жоқ. Буржуазия теория атаулыға пысқырып та қарамайды. Буржуазия оңшыл бағыттағы неміс социал-демократтарын мақтағанда олардың басқа *тактика* көрсеткендігі үшін мақтады. Оларды тактикасы үшін мақтады. Революциялық тактикадан өзгеше реформистік тактикасы үшін мақтады. Жария, парламенттік, реформистік күресті басты күрес немесе бірден-бір дерлік күрес деп білгендігі үшін мақтады. Социал-демократияны демократиялық-әлеуметтік реформалардың партиясына айналдыруға талпынғандығы үшін мақтады. Бернштейнді, міне, осы үшін мақтады. Буржуа оны социалистік революцияның қарсаңындағы заманда еңбек пен капиталдың арасындағы қайшылықтарды *көмескілегендігі* үшін мақтады. Буржуазия Плехановты буржуазиялық-демократиялық революция заманында революцияшыл халық пен самодержавие арасындағы қайшылықтарды *көмескілегендігі* үшін мақтап отыр. Плехановтың «парламенттік» күресті — күрестің басты формасы деп білгендігі үшін, октябрь-декабрь күресін, әсіресе қарулы көтерілісті мінегендігі үшін мақтап отыр. Плехановты осы заманғы тактика мәселелерінде социал-демократияның оң қанатының көсемі болғандығы үшін мақтап отыр.

Мен конституциялық жалған үміттер туралы мәселе жөніндегі жарыс сөздерде меньшевиктердің өздерін қалай ұстағанын айтуды ұмытып кетіппін. Олардың нәлендей тұрақты позициясы болған жоқ: біреулері конституциялық жалған үміттерге қарсы күрес әсте қазіргі кезеңдегі арнаулы міндет емес, социал-демократтардың түпкілікті міндеті деді. Екінші біреулері (Плеханов) конституциялық жалған үміттерге қарсы күресті анархизм деп жариялады. Меньшевиктердің конституциялық жалған үміттер туралы мәселе жөніндегі ұшқары және қарама-қарсы осы екі түрлі пікірлерінен олардың позициясының мейлінше осал екендігі өте-мөте айқын көрінді. Конституциялық құрылыс нығайған кезде, конституциялық күрес белгілі уақытқа таптар күресінің және жалпы саяси күрестің басты формасы

болған кезде конституциялық жалған үміттерді әшкерелеу социал-демократияның арнаулы міндеті, кезеңнің міндеті болмайды. Неге? Неге десеңіз, мұндай кезеңдерде мәселе парламенттерде қалай шешілетін болса, конституциялық мемлекеттерде *дәл солай* шешіледі. Конституциялық жалған үміт дегеніміз — конституция жөніндегі алдамшы сенім. Конституция бар сияқты көрінген кезде, ал іс жүзінде конституция жоқ кезде,— басқаша айтқанда: мемлекетте мәселе парламенттердегіден *басқаша* шешілетін кезде конституциялық жалған үміттер алға шығады. Шын саяси өмір өзінің парламенттік күрестегі бейнесінен *алшақтап кетсе*, сонда, *тек сонда ғана* конституциялық жалған үміттермен күресу алдыңғы қатарлы революцияшыл таптың, пролетариаттың кезектегі ісі болады. Либерал буржуа, парламенттен тыс күрестен қорқып, парламенттер дәрменсіз болған кезде де конституциялық жалған үміттерді таратады. Анархистер барлық және қандай жағдайларда болса да парламенттерге қатысуды мүлде теріске шығарады. Социал-демократтар парламенттік күресті пайдалануды, оған қатысуды жақтайды, бірақ олар «парламенттік кретинизмді», яғни парламенттік күрес саяси күрестің *бірден-бір* немесе *қандай жағдайларда* болса да *басты* формасы болып табылады деген сенімді аяусыз әшкерелеп отырады.

Россияда саяси шындық Думадағы шешімдер мен сөздерден алшақтай ма? Бізде мәселе Думада қалай шешілсе, мемлекетте солай шешіле ме? «Думалық» партиялар революцияның қазіргі кезеңінде *нақты* саяси күштерді аз да болса дұрыс көрсете ме? Конституциялық жалған үміттер туралы мәселе жөніндегі меньшевиктердің дәрменсіз абыржушылығын түсіну үшін осы сұрақтарды қоюдың өзі-ақ жетіп жатыр.

Бұл абыржушылық съезде мынадан ерекше айқын көрінді: меньшевиктер, көпшілік бола тұрса да, ағымдағы кезеңге баға беру жөніндегі өз қарарын тіпті дауысқа да қоймады. Олар өз қарарын қайтып алды! Большевиктер съезде бұған көп күлді. Меньшевиктердің съездер тарихында болып көрмеген, әдеттен тыс қылығы жайында,— жеңімпаздар өздерінің жеңімпаз

қарарын қайтып алды,— десті. Бұл мәселе жөнінде тіпті атап дауысқа қоюды талап етіп, осылай істеткіздік, меньшевиктер бұған тым қатты шамданып: «Ленин съездің шешімдеріне қарсы үгіт материалын жинап отыр» деп бюроға жазба арыздар түсірсе де осылай істелді. Материал жинау правосы оппозиция атаулының правосы мен міндеті емес сияқты! Біздің жеңімпаздар өз қарарынан бас тартамыз деп адам айтқысыз оғаш жағдайға душар болғанын өз күйініші арқылы айқын білдіріп отырмаған сияқты! Жеңілгендер жеңгендердің өз қарарын қабылдауын талап етті. Біз бұдан артық көрнекті моральдық жеңіске жетеміз деп ойлаған да жоқ едік.

Меньшевиктер, әрине, біз мақұлдамайтын нәрсені бізге күштеп таңғысы келмейтінін, зорлық жасағысы келмейтінін, т. б. айтты. Әлбетте, мұндай сылтауларды жұрт езу тарта қарсы алып, атап дауысқа қоюды қайтадан талап етті. Өйткені өздерінікі дұрыс деп сенген мәселелерде меньшевиктер бізге өз пікірін «күштеп таңудан» тайынған жоқ, «зорлық» жасаудан (осы зәрені алатын сөздің керегі не?) тайынған жоқ, т. б. Кезеңге баға беру жөніндегі қарар партияны ешқандай қимылға шақырмаған еді. Бірақ онсыз съездің бүкіл тактикасының принциптік негіздері мен *дәлелдемелерін* партия *түсіне* алмас еді.

Қарардың қайтып алынуы бұл ретте практикалық оппортунизмнің асқап көрінісі болды. Біздің ісіміз — Дума барда Думада болу, ал ешқандай жалпы пікір дегеніңізді, ешқандай жалпы баға дегеніңізді, ешқандай ойластырылған тактика дегеніңізді білгіміз де келмейді. Меньшевиктер өз қарарын қайтып алу арқылы пролетариатқа, міне, осыны айтты.

Күмән жоқ, өз қарарының жарамсыздығына, дұрыс еместігіне меньшевиктердің көздері жетті. Өз пікірлерінің дұрыстығына сенген адамдар ол пікірлерін тура, ашық айтудан тартынады деудің ешбір жөні жоқ. Бірақ әңгіменің төркіні мынада: меньшевиктер өз қарарына тіпті ешқандай түзетулер енгізе алмады. Демек, олар кезеңге баға беру және жалпы пролетариаттың таптық міндеттеріне баға беру жайындағы бірде-бір

елеулі мәселе жөнінде өзара келісе алмады. Олар тек қана қарарды мүлде алып тастау жөніндегі теріс шешімге келісті. Өздерінің *принциптік* қарарын қабылдау арқылы өздерінің *практикалық* қарарларын бұзатынын меньшевиктер ептеп сезді. Бірақ мұның өзі іске септігін тигізе алған жоқ. Кезеңге баға беру жайындағы меньшевиктер мен большевиктердің қарарларын *бүкіл* партия, *барлық* партия ұйымдары талқылап, салыстыра алады, солай етуі керек те. Мәселе ашық қалдырылды. Бірақ оны шешу керек. Аталған екі қарарды саяси өмірдің тәжірибесімен, тым болмаса кадеттік Думаның сабақтарымен салыстыру орыс революциясының кезеңі мен пролетариаттың таптық міндеттері жөніндегі большевиктік көзқарастардың дұрыстығын тамаша дәлелдейді.

V

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КӨЗҚАРАС

Мемлекеттік дума туралы мәселе жөнінде съездегі басым фракцияның баяндамашысы Аксельрод жолдас болды. Ұзақ сөзінде ол да екі қарарды салыстыра баға бермеді (комиссия екі қарар шығарды, өйткені меньшевиктер мен большевиктер арасында келісім болмады), тиісті мәселе жөніндегі азшылықтың барлық көзқарастарын дәл баяндамады, тек парламентаризмнің маңызы жөнінде «жалпы очерк» жасады. Баяндамашы құлашын кең сермеп, үлкен тарихи тақырыпты қамтыды, сөйтіп — сөйтіп парламентаризм дегеннің не екенін, оның маңызы қандай екенін, пролетариаттың ұйымын дамытуда, үгіт ісінде, пролетариаттың санасын жетілдіруде оның қандай роль атқаратынын, т. т. баяндады. «Анархиялық-заговоршылдық» көзқарастар жағын үнемі нұсқай отырып, баяндамашы бүтіндей абстрактілік саласын шарлады, жалпы алғанда барлық замандар үшін, барлық ұлттар үшін, барлық тарихи кезеңдер үшін жарамды,— біздің алдымызда тұрған нақты мәселенің нақты ерекшеліктерін қамтуға тек өзінің абстрактілігі салдарынан жарамсыз жалпы қағидалардың және тамаша тарихи жорамалдардың асқар шы-

цында шарқ ұрды. Аксельродтың мәселені адам айтқысыз абстракт түрде және мазмұнсыз жалпылама қойғандығының мынадай өте айқын көрінісі менің есімде қалды. Ол өз сөзінде социал-демократтардың кадеттермен мәмлеге келуі немесе келісім жасасуы туралы мәселені екі рет қозғады (мен мұны байқап отырдым). Бірінде ол осы мәселені жанамалай ауызға алды, келісім атаулының бәріне қарсы паңдықпен, екі ауыз сөзбен пікір айтты. Екінші ретте ол мәселеге толығырақ тоқталып, жалпы айтқанда, келісім жасасуға да болады деді. Тек бір қажет нәрсе, бұл келісімдер қандай да бір комитеттердің сыпсыңына айналып кетпей, барлық жұмысшылар бұқарасы көзбен көретін және айқын түсінетін ашық келісім болуға тиіс, мұның өзі ірі саяси қадам немесе іс болуға тиіс. Мұның өзі пролетариатты саяси күшінің маңызы жағынан жоғары котерер еді, белгілі бір таптардың саяси механизмін, әр алуан жағдайын, әр алуан мүдделерін оған неғұрлым айқын, неғұрлым нақты көрсетер еді. Мұның өзі пролетариатты белгілі саяси қатынастарға тартып, дұшпандар мен достарды ажырата білуге үйретер еді, тағысын-тағылар, тағы сондайлар. Аксельрод жолдастың тым ұзақ «баяндамасы» нақ осындай жорамалдардан құралған еді,— бұларды қайталап айтып беру мүмкін емес, бұларды тек белгілі бір жеке мысал арқылы суреттеп көрсетуге ғана болады.

Мен өзімнің жауап баяндамамда ең алдымен былай дедім: Аксельрод өте көркем, керек десеңіз, тамаша суретті бейнелеп көрсетті. Бұл суретті ол ынта-ықыласымен және өнерімен салды, ашық бояулар жақты, нәзік өрнектер жасады. Тек бір өкінішті жері — бұл сурет белгілі пішінді бейнелейтін сурет емес. Сөз жоқ, жақсы сурет, әттең, сюжеті қиялдан туған. Жалпы парламентаризмнің маңызы туралы тақырыпқа таптырмайтын этюд, өкілдік мекемелердің ролі туралы көпшілікке түсінікті тамаша лекция. Тек бір өкінішті жері — қазіргі орыс, оған айтылса ғапу етіңіз, «парламентінің» нақты тарихи жағдайлары туралы еш нәрсе айтылмады, бұл жөнінде тіпті еш нәрсе түсіндірілмеді. Аксельрод кадеттермен келісім жасасу жайындағы өз

жорамалы арқылы өзін өзі мықтап ұстап берді, дедім мен. Ол шын мәніндегі парламентаризмнің тұсында кейде сөзсіз болатын мұндай келісімдердің маңызы бұқара алдында ашық сөз сөйлеуге, бұрынғы «сыпсыңды» аластап, оны бұқара арасында үгіт жүргізумен, бұқараның дербес болуымен, бұқара алдында сөз сөйлеумен ауыстыру мүмкіндігіне байланысты деп мойындады.

Керемет нәрселер, не деріңіз бар. Бірақ айтыңызшы, российлық «парламент» құрылысында бұлар мүмкін бе? Немесе, дұрысырақ айтқанда, нағыз бұқаралық сөздер, біздегі нақты өмір шындығының (суреттен алынған емес) объективтік жағдайлары бойынша, Россияда осындай формада болып отыр ма? Аксельрод жолдас, сіз дәмеленген социал-демократтардың бұқара алдындағы сөздері астыртын листоктармен тынып, ал кадеттердің миллиондаған дана газеттері болмап па еді? Парламентаризм пейіштерінің (ешкім бекер демейтін) түкке тұрғысыз сипаттамасын бергенше, нақты өмір шындығында социал-демократиялық газеттердің, жиналыстардың, клубтардың, одақтардың жайы қалай екенін суреттеген жақсы болмас па еді? Сіздің парламентаризм жайындағы жалпы пікірлеріңіз газеттерді де, жиналыстарды да, клубтарды да, одақтарды да үнсіз жорамалдайтындығын, осылардың бәрі парламенттік системаның бір бөлегі екенін шынында мен сізге, европалық адамға, дәлелдеп жатпақпын ба?

Өз баяндамасында Аксельродтың жалпылама сөздермен және абстракт қағидалармен тынған себебі не? Өйткені, оған 1906 жылғы февраль — апрель дәуіріндегі Россияның нақты саяси өмір шындығын қалтарыста қалдыру керек болды. Бұл өмір шындығы *самодержавие* мен езілгендердің, бірақ ашынып отырған *пролетариаттың және шаруалардың* арасында тым *өткір* қайшылықтар бар екенін көрсетеді. Тыңдаушыларды жалпы парламентаризмнің суретімен еліктіру үшін бұл қайшылықтарды онша шиеленіспеген етіп көрсету, бұларды *көмескілеу,* кадеттермен жасалатын мінсіз, ашық келісімнің «мінсіз» жоспарын дәріптеу керек болды, ең бастысы — осы шиеленіскен қайшылықтарды

абстракциялау, оларды ұмыту, оларды ауызға алмай өту керек болды.

Нақты алауыздықтарды ескеру үшін және көкте шарықтамау үшін мен өз баяндамамда екі қарарды салыстырып, бұларды толық талдап өттім *. Бұл ретте Дума туралы меньшевиктердің қарары мен большевиктердің қарарының арасында негізгі төрт айырмашылық бар болып шықты.

1-ден, меньшевиктер сайлауға ешқандай баға бермейді. Съезд кезінде Россияның $^9/_{10}$ бөлігінде сайлау біткен еді. Күмән жоқ, бұл сайлау біздің қиялымыздың емес, өмір шындығының жағдайын көрсететін мол саяси материал берді. Бұл материалды біз тура және дәл ескеріп, ол Россияның орасан көп жерінде сайлауға қатысу кадеттерді қолдаумен барабар болғандығын, мұның өзі іс жүзінде социал-демократиялық саясат болмағандығын дәлелдейді дедік. Меньшевиктер бұл туралы *ләм демейді.* Олар мәселені осылай нақты негізде қоюдан *қорқады.* Олар өмір шындығына тура қараудан және кадеттер мен каражүздіктер арасындағы осы жағдай жөнінде міндетті қорытындылар жасаудан қорқады. Олар *нақты* сайлауға баға бермейді, *жалпы және тұтас алғанда* оның қорытындыларын шығармайды, өйткені мұндай баға *олардың өздеріне қарсы келеді.*

2-ден, меньшевиктер өздерінің бүкіл қарарында Думаны буржуазияның белгілі элементтерінің еркін (немесе еріксіздігін) білдіретін орган ретінде емес, белгілі буржуазиялық партиялардың мүдделеріне қызмет ететін орган ретінде емес, тек қана заңды мекеме ретінде алады немесе қарастырады. Меньшевиктер өз қарарында жалпы Дума туралы, «институт» ретіндегі Дума туралы, «таза» халық өкілдігі ретіндегі Дума туралы сөз етеді. Бұл — пікір қорытудың маркстік тәсілі емес, нағыз кадеттік тәсіл, материалистік тәсіл емес, сөздің ең нашар мағынасындағы идеалистік тәсіл, пролетарлық-таптық тәсіл емес, мещандық-тұрлаусыз тәсіл.

Меньшевиктік қарардың өзіне өте-мөте тән мынадай сөйлемін-ақ алып қараңыздаршы, дедім мен съезде:...

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 400—405-беттер. *Ред.*

«4) бұл жанжалдар (реакциямен болған жанжалдар), Мемлекеттік думаны қалың бұқарадан сүйеніш іздеуге мәжбүр ете отырып»... (мен съезге меньшевиктер енгізген жобадан цитат келтіріп отырмын). Дума қалың бұқарадан сүйеніш іздей алады, іздейді де деу дұрыс па? *Қай* Дума? Октябристердің Думасы ма? Олай емес шығар. Шаруа және жұмысшы депутаттарының Думасы ма? Оған сүйеніш *іздеудің* қажеті жоқ, өйткені оның сүйеніші бар, сүйеніші болған және болады да. Кадеттердің Думасы ма? Иә, сол жөнінде, тек сол жөнінде ғана осылай деу дұрыс. Кадеттік Думаның шынында да қалың бұқарадан *сүйеніш іздеуі* керек. Бірақ, меньшевиктердің абстрактілік, идеалистік және жалпылама тұжырымына нақты-таптық мазмұн тіркесеңіз-ақ болғаны, олардың тұжырымының толық емес екенін, демек, дұрыс емес екенін дереу көре қоясыз. Кадеттер халыққа сүйенуге *тырысады.* Бұл рас. Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы біздің (большевиктік) қарар сөзбе-сөз осыны айтады. Бірақ біздің қарар мынадай сөздер қосады: кадеттер халыққа сүйенуге тырысу мен *оның революциялық дербестігінен қорқу* арасында *ауытқиды.* Асты сызылған сөздердің әділдігін жоққа шығаруға бірде-бір социалистің батылы жетпейді. Дума туралы қарарда, Думаның кадеттік Дума екендігі мәлім болған кезде, меньшевиктердің тек *шындықтың жартысын* ғана айтқан себебі не? Олар кадеттердің тек *жарқын жағын* ғана көрсетіп, медальдың сырт жағын ауызға алмаған себебі не?

Біздің Дума халық өкілдігінің «таза идеясының» бейнесі емес. Тек кадеттік профессорлар арасындағы буржуазияшыл сұрқиялар ғана осылай ойлай алады. Біздің Дума — белгілі *таптар* мен белгілі партиялардың сонда отырған өкілдері одан не жасаса, сол. Біздің Дума — кадеттік Дума. Егер біз ол жөнінде: оның өзі халыққа сүйенуге тырысады дей келіп, бірақ оның өзі халықтың революциялық талапкерлігінен қорқады деп қоса айтпасақ, онда біз тура өтірік айтқан боламыз, пролетариат пен бүкіл халықты адастырған боламыз, біз мипуттық пиғылға мейлінше жөнсіз берілгіштігімізді, бостандық пен монархия арасында ауытқып жү-

ретін партияның жеңістеріне еліккіштігімізді және сол партияның шын мәнін бағалай білмейтіндігімізді көрсеткен боламыз. Осылай үндемей қалғандарыңыз үшін кадеттер сіздерді, әрине, мақтайды,— бірақ сіздерді саналы жұмысшылар мақтай қояр ма екен?

Тағы да мысал. «Патша үкіметі революциялық өрлеуді әлсіретуге тырысады»,— деп жазады меньшевиктер өз қарарында. Бұл рас. Бірақ бұған тырысатын жалғыз патша үкіметі ғана ма? Кадеттер де өздерінің *әрі* халыққа сүйенуге, *әрі* оның революциялық өрлеуін әлсіретуге тырысатынын мың мәрте дәлелдеген жоқ па? Социал-демократтардың кадеттерді әрлеуі лайық па?

Сөйтіп мен мынадай қорытынды жасадым. Біздің қарарда Дума революцияның дамуына *жанамалап* қызмет етеді делінген. *Тек* осындай тұжырым *ғана* дұрыс, өйткені кадеттер революция мен реакция арасында ауытқиды. *Дума жөнінде* біздің қарарда кадеттердің солқылдақтығын әшкерелеп отыру қажет деп тура және ашық айтылған. Дума туралы қарарда мұны ауызға алмау — «таза халық өкілдігін» буржуазиялық тұрғыдан дәріптеуге салынғандық болады.

Шынайы тәжірибе де меньшевиктердің жалған үміттерін қазірдің өзінде бекерге шығара бастады. «Невская Газетадан» [28] сіз Думада кадеттер революцияшылдық көрсете алған жоқ, бірақ пролетариат «Милюков мырзалардың ескі режиммен мәмлеге келуіне» жол бермейді деген пікірлерді (амал не, бір жүйеге келтірілмеген пікірлерді) табасыз. Мұны айта отырып, меньшевиктер олардың қарарына менің съезде айтқан сыпымның дұрыстығын толық растайды. Мұны айта отырып, олар революциялық өрлеудің толқынына іleседі, ал революциялық өрлеу өзінің біршама әлсіздігіне қарамастан, қазірдің өзінде кадеттердің шын сырын көрсете бастады, қазірдің өзінде мәселенің большевиктік тұрғыдан қойылуының дұрыс екенін аңғарта бастады.

3-ден, дедім мен, меньшевиктердің қарары пролетариат тактикасы тұрғысынан буржуазиялық демократияны айқын жіктеп көрсетпейді. Пролетариат белгілі дәрежеде буржуазиялық демократиямен бірге жүруге

тиіс, немесе «бөлек жүріп, бірігіп соққы беруге» тиіс. Қазіргі кезде, Дума заманында ол буржуазиялық демократияның дәл қай бөлегімен «бірігіп соққы беруге» тиіс? Меньшевик жолдастар, өздеріңіз де білесіздер ғой, Дума бұл мәселені күн тәртібіне қойып отыр, бірақ сіздер бұдан жалтарасыздар. Ал біз тура және айқын былай дедік: шаруалар демократиясымен немесе революциялық демократиямен бірге болып, сонымен келісім жасасу арқылы кадеттердің солқылдақтығы мен дәйексіздігін бейтарап ету керек.

Меньшевиктер (әсіресе Плеханов, қайталап айтамын, съезде ол меньшевиктердің нағыз идеялық көсемі болды) осы сынға жауап ретінде өз позициясын «тереңдетуге» тырысты. Иә, сіздер кадеттерді әшкерелегіңіз келеді,— деп өршеленді олар.— Ал біз *барлық* буржуазиялық партияларды әшкерелейміз; біздің қарардың соңын қара: «бұқара алдында *барлық* буржуазиялық партиялардың дәйексіздігін әйгілеу» делінген, т. т. Ал Плеханов мақтанышпен былай деп қосты: тек буржуазияшыл радикалдар ғана кілең кадеттерге қысым жасайды, ал біздер, социалистер, барлық буржуазиялық партияларды әшкерелейміз.

«Тереңдетілген» сияқты көрінетін осы мәселенің астарындағы софизм съезде жиі қолданылды және қазір де қолданылып жүр, сондықтан ол туралы бірер сөз айтудың реті келіп тұр.

Бұл қарарда әңгіме не туралы болып отыр? Барлық буржуазиялық партияларды социалистік тұрғыдан әшкерелеу туралы ма немесе буржуазиялық революцияны әлі де ілгері бастыру жөнінде пролетариатқа *енді* буржуазиялық демократияның қай тобы көмектесе алатындығын айқындау туралы ма?

Біріншісі туралы емес, екіншісі туралы әңгіме болып отырғандығы айқын.

Ал егер бұл айқын болса, онда екіншіні біріншімен алмастырудың жөні жоқ. Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы большевиктік қарар буржуазиялық демократия атаулының бәрін, оның ішінде революциялық демократияны да, шаруалар демократиясын да социалистік тұрғыдан әшкерелеу туралы анық айтады,

бірақ пролетариаттың қазіргі кездегі тактикасы жөніндегі мәселеде әңгіме социалистік сын туралы емес, өзара саяси қолдау туралы болып отыр.

Буржуазиялық революция неғұрлым ілгері басқан сайын, пролетариат өзіне буржуазиялық демократия арасынан соғұрлым солшыл одақтастарды іздейді, ол буржуазиялық демократияның жоғарғы топтарынан гөрі төменгі топтарына қарай соғұрлым жұғыса түседі. Дворяндар басшылары және «праволар және октем земство»[29] болсын деп шиповтық ұран ұсынған (1901 ж.) Струве мырза қолдай алатын кез де болған. Революция мықтап ілгері басты. Буржуазиялық демократияның жоғарғы топтары революциядан кете бастады. Төменгі топтары ояна бастады. Пролетариат одақтастарды *(буржуазиялық* революция үшін) буржуазиялық демократияның төменгі топтарынан іздей бастады. Сондықтан енді бұл жөніндегі пролетариат тактикасының бірден-бір дұрыс анықтамасы мынау болмақ: шаруалармен (бұлар да буржуазиялық демократия ғой, мұны ұмытпаңыздар, меньшевик жолдастар!) және революциялық демократиямен бірге болып, кадеттердің солқылдақтығын жою керек.

Тағы да. Кадеттік Думаның алғашқы қадамдары қандай бағытты растады? Өмір біздің таласымыздан озып кетті. Өмір «Невская Газетаны» да шаруалар («Еңбек») тобын[30] бөліп көрсетуге, оны кадеттерден артық санауға, онымен жақындасуға және кадеттерді әшкерелеуге мәжбүр етті. Өмірдің өзі: буржуазиялық революция жеңгенге дейін пролетариаттың одақтасы — шаруалар демократиясы мен революциялық демократия деген біздің ұранға үйретті.

4-ден, мен меньшевиктік қарардың Думадағы социал-демократиялық парламенттік фракцияға қатысы бар соңғы пунктін сынадым. Саналы пролетариаттың бүкіл бұқарасы сайлаған жоқ деп мен атап көрсеттім. Мұндай жағдайларда осы жұмысшы бұқарасына партияның ресми өкілдерін телу орынды ма? Кандидаттарды нағыз партиялық жолмен сайлауға партия кепілдік бере ала ма? Думаға баратын бірінші социал-демократиялық кандидаттар *шаруалар* куриясы мен қалалық ұсақ

буржуазиялық куриядан сайланғалы отырғандығы белгілі қауіп пен қолайсыз жағдай туғызбай ма? Социал-демократиялық жұмысшы партиясынан Думаға баратын бірінші кандидаттарды жұмысшы ұйымдары сайламайды да, оларды бақылап отырмайды да екен... Думаға баратын социал-демократиялық кандидаттарды жергілікті жұмысшы ұйымдары *ұсынсын* деп талап еткен Назар жолдастың түзетуін меньшевиктер қабылдамады. Біз атап дауысқа қоюды талап етіп, протоколға ерекше пікірімізді енгіздік *.

Кавказдықтардың түзетуіне (сайлау әлі болмаған жерлерде сайлауға қатысу керек, бірақ басқа партиялармен блок жасамау керек деген түзетуіне) біз дауыс бердік, өйткені басқа партиялармен блок жасауға, келісім жасауға тыйым салудың партия үшін күмәнсыз үлкен саяси маңызы бар еді.

Тағы да атап көрсететінім, съезд Ерманский жолдастың (өзін ымырашыл деп санаған меньшевик) түзетуін қабылдамады; ол бұқара арасында үгіт жүргізу және бұқараны кеңінен ұйымдастыру мүмкін болғанда ғана сайлауға қатысуға жол берілуін қалады.

Ұлттық социал-демократиялық партиялардың өкілдері, поляктар, бундшылдар және, әлі есімде, латыштар да бұл мәселе жөнінде сөз алып, үзілді-кесілді түрде бойкотты жақтады, жергілікті және нақты жағдайларды атап көрсете келіп, мұндай мәселені абстракт жорамалдардың негізінде шешуге қарсылық білдірді.

Социал-демократиялық парламенттік фракция туралы мәселе жөнінде съезд Орталық Комитеттің нұсқауын да қабылдады. Орталық Комитет бастырып шығарған съезд қаулыларына, амал не, кірмей қалған бұл нұсқау парламенттік фракциядағы партия өкілі етіп 1) нақ кімді, 2) нақ қашан және 3) нақ қандай шарттармен тағайындағандығы жөнінде *барлық* партия ұйымдарына хабарлауды, одан соң партияның осы өкілдерінің қызметі туралы ауық-ауық есеп беріп отыруды Орталық Комитетке тапсырады. Мүшелері Думаның социал-демократиялық депутаттары болып отырған жер-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 408—409-беттер. *Ред.*

гілікті жұмысшы ұйымдарына бұл қарар Думадағы өз «уәкілдерін» бақылап отыруды тапсырады [31]. Сөз арасында айта кетейін, социал-демократтардың парламентаризмге буржуазияшыл саясатқұмарлардан басқаша қарайтынын көрсететін бұл маңызды қарарды Струве мырзаның газеті «Дума» [32] да, «Новое Время» [33] да түгел ызаланып немесе келемеждеп қарсы алды.

Ақырында, Мемлекеттік дума туралы мәселе жөніндегі жарыс сөздер жайында әңгімені аяқтай келіп, тағы да екі оқиғаны атап көрсетейін. Бірі — съезге кеңесші дауыспен шақырылған Акимов жолдастың сөзі. Партиямыздың тарихымен таныс емес жолдастардың есіне сала кетейін, Акимов жолдас 90-жылдардың аяғынан бері партиядағы ең дәйекті оппортунист немесе ең дәйекті оппортунистердің бірі болып келеді. Тіпті жаңа «Искра» [34] да мұны мойындауға тиісті болды. Акимов 1899 және одан кейінгі жылдарда «экономист» [35] еді, сол бағытынан тайған жоқ. Струве мырза «Освобождениеде» [36] оны «реализмі» үшін және оның марксизмінің ғылымилығы үшін әлденеше рет мақтағап болатын. «Без Заглавиядағы» [37] бернштейншілдерден (Прокопович мырза, т. т.). Акимов жолдастың айта қаларлықтай өзгешелігі жоқ. Әлбетте, мұндай жолдастың қатысуы съезде социал-демократиядағы оң қанат пен сол қанаттың күресі кезінде елеусіз қалған жоқ.

Акимов жолдас Мемлекеттік дума туралы мәселе жөнінде баяндамашылардан кейін бірінші болып сөйледі. Ол көп ретте меньшевиктермен келіспейтінін, бірақ Аксельрод жолдаспен толық келісетінін мәлімдеді. Ол Думаға қатысуды ғана емес, сонымен қатар кадеттерді қолдауды да жақтайтынын білдірді. Кадеттерді ашық (кадеттер эсерлерден маңыздырақ деген сияқты бүркемелі түрде емес [38]) жақтағандығы жағынан Акимов жолдас бірден-бір дәйекті меньшевик болды. «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген кітапшада кадеттерге берген менің бағама ол ашықтан-ашық қарсы шықты. Оның айтуынша, кадеттер «нағыз халық бостандығының партиясы, бірақ нежүрлым баяу партия». Кадеттер—«жетім демократтар», деді біздің жетім социал-демократ. «Меньшевиктер ка-

деттердің қол шоқпары болып кетпеуі үшін әдейі бөгет жасап отыруға тиіс».

Оқушылар көріп отыр, біздің меньшевик жолдастардың қай жаққа қиыстап бара жатқанын Акимов жолдастың сөзі тағы да өте айқын көрсетіп берді.

Екінші оқиға мұны басқа жағынан көрсетіп берді. Әңгіме былай болды. Мемлекеттік дума туралы комиссия енгізген меньшевиктік қарардың бастапқы жобасының 5-пунктінде (армия туралы) мынадай сөйлем бар еді: *«...Патшаның өзі жүзеге асырған, заң жүзінде танылған*, ұлт қойнауынан шыққан өкіметті орыс топырағында бірінші рет көріп», т. т. Меньшевиктердің қарарын Мемлекеттік думаға, жұмсақ айтқанда, абайламай және оптимизммен қарағаны үшін сынай келіп, мен, оның бер жағында, асты сызылған сөздерді де сынап, әзіл ретінде, сол сөздерге: «және құдай тағаланың әмірімен дүниеге келген» (өкімет?) деген сөздерді де қоссақ қайтеді дедім. Комиссия мүшесі Плеханов жолдас осы әзіл үшін маған қатты ренжіп қалды.— Қалайша! — деп өршеленді ол өз сөзінде.— Мен «оппортунист деп күдіктендіретін» (оның мен жазып алған дәлме-дәл сөзі) осындай создерді тыңдауға тиістімін. Мен өзім әскери адаммын, және әскери адамдардың өкіметке қалай қарайтынын, патшаның өкіметті тануының олар үшін қандай маңызы бар екенін білемін, т. т., т. т. деді. Плеханов жолдастың репіші оның әлсіз жерін әйгілеп, оның «асыра сілтеп жібергенін» бұрынғыдан да айқын көрсетті. Өзімнің қорытынды сөзімде мен былай деп жауап қайтардым: әңгіме әсте «күдіктендіруде» емес және мұндай мүсәпірлік сөздерді айтудың өзі ерсі. Плехановты патшаға сенеді деп ешкім айыптап отырған жоқ. Бірақ қарар Плеханов үшін емес, халық үшін жазылады. Ал тек Витте мырзалар мен К°-ге ғана лайықты мұндай екіұшты дәлелдерді халыққа тарату келіспейді. Бұл дәлелдер біздің өзімізге қайшы келеді, өйткені егер Мемлекеттік дума — «өкімет» (?? осы бір сөздің өзі-ақ біздің меньшевиктердің шамадан тыс оптимизмін корсетеді) және патша жүзеге асырған өкімет деп атап көрсетсек, онда бұдан осы заңды өкімет

өзін «жүзеге асырушының» дегенімен заң бойынша әрекет істеуге тиіс деген қорытынды жасалады.

Плехановтың асыра сілтеп жібергенін меньшевиктердің өздері де көрді. Солардың өз ортасынан шыққан ұсыныс бойынша асты сызылған сөздер қарардан алынып тасталды.

VI

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС

Съезд кезеңге баға беру туралы жарыс сөздермен бірге басты екі мәселеге, аграрлық мәселе мен Мемлекеттік дума туралы мәселеге баса назар аударды. Осы мәселелерге неше күн кетіргеніміз есімде жоқ, әйтеуір бір факт сол, қатысқандардың бірталайынан қажығандық білінді,— қажығандықпен қатар, бәлкім, кейбір мәселелерді күн тәртібінен алып тастау ниеті де болды. Съездің жұмысын тездету жөнінде ұсыныс қабылданды, сондықтан қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі баяндамашылардың уақыты 15 минутқа дейін *қысқартылды* (алдыңғы мәселелер жөніндегі баяндамашылардың уақыты мөлшерлі жарты сағаттан әлденеше рет ұзартылған болатын). Мұның өзі мәселелерді шала-шарпы шешудің бастамасы болды.

Съезде сан жағынан басым болған «азшылықтың» қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі баяндамашысы Череванин жолдас, күткеніміздей, большевиктердің әлденеше рет алдын ала айтқанындай, «Плехановқа қарай ойысты», яғни шындығында «Дневниктердің» көзқарасында болды, көптеген меньшевиктер «Дневниктерге» қосылмайтындығын съезден бұрын айтып жүрген-ді. Менің ескертулерімде оның мынадай сөздері жазылыпты: «декабрь көтерілісі тек ашынғандықтың нәтижесі болды» немесе: «декабрь көтерілісінің жеңілуі бірінші күндерде-ақ қамтамасыз етілген еді». Плехановтың: «қолға қару алмау керек еді» деген пікірі әлгінің баяндамасына бастан-аяқ арқау болды, баяндамада, әдеттегідей, «заговоршылар» жөнінде және «техниканы асыра дәріптеушілік» жөнінде шаптығушылық көп болды.

Біздің баяндамашымыз Винтер жолдас өзінің қысқаша сөзінде екі қарардың дәл текстіне съездің баға беруіне түрткі болуға текке әрекеттенді. Тіпті бірде оның баяндаманы одан әрі созудан бас тартуына да тура келді. Бұл оның сөзінің орта шенінде, ол меньшевиктік қарардың: «күрес самодержавиелік үкіметтің қолынан өкіметті тартып алу жөнінде тікелей міндет жүктейді» деген бірінші пунктін оқыған кезде болды. Бақсақ, біздің баяндамашымыз, қарулы көтеріліс туралы қарар дайындайтын комиссияның мүшесі, сол комиссияның *соңғы минутта* съезге қарар жобасында гектографқа басылған *жаңа* редакциясын ұсынғанын *білмепті*. Атап айтқанда: комиссияның Плеханов бастаған меньшевиктік бөлегі: «өкіметті тартып алу» дегеннің орнына *«праволарды күшпен тартып алу»* деу керек деп ұсынған.

Съезге ұсынылатын қарардың текстін баяндамашының, комиссия мүшесінің ризалығынсыз осылай өзгертудің өзі съезд жұмысының барлық әдеттері мен ережелерін өрескел бұзғандығы соншалық, бұған ашуланған біздің баяндамашы баяндаманы одан әрі созудан бас тартты. Тек меньшевиктер ұзақ «түсінік» берген-нен кейін ғана ол бірнеше қорытынды сөз айтуға көнді.

Өзгеріс шынында да естен тандырарлықтай еді. Қарарда көтеріліс туралы өкімет үшін күресу жайында емес, праволар үшін күресу жайында айтылады. Ойлап қараңыздаршы, осы оппортунистік тұжырым бұқараның санасына қандай масқара шым-шытырық енгізген болар еді және құралдың (көтеріліс) ұлылығы мен мақсаттың (праволарды тартып алу, яғни ескі өкіметтен праволарды тартып алу, ескі өкіметті құлату емес, оның кеңшіліктер жасауына жету) шағындығы арасындағы бадырайып тұрған сәйкессіздік қалай оғаш көрінер еді.

Большевиктердің бұл түзетуге мейлінше батыл қарсы шыққаны өзінен-өзі түсінікті. Меньшевиктердің қатары абыржып қалды. Олар, сірә, Плехановтың тағы да асыра сілтеп жібергенін, көтерілістің міндетін бұлайша самарқау және ықшам бағалау практика жүзін-

де өздеріне қиын соғатынын аңғарса керек. Плехановты алған бетінен қайтуға мәжбүр етті. Ол, мұндағы айырмашылыққа, шындығында тек «стилистикалық» айырмашылыққа үлкен мән бермейтінін айтып, өз түзетуін қайтып алды. Әрине, бұлай деуі зәрліні зәрсіз етуге тырысқандық еді. Әңгіме әсте стилистикада емес екенін жұрттың бәрі түсінді.

Плехановтың түзетуі меньшевиктердің көтеріліс туралы мәселе жөніндегі негізгі тенденциясын: көтеріліске қарсы сылтау табу, декабрь көтерілісінен бас тарту, екінші көтерілісті болғызбау, оның міндеттерін жоққа шығару немесе бұл міндеттерді белгілегенде бұларды орындау үшін көтеріліс туралы әңгіме де болмайтындай етіп белгілеу жөніндегі тенденциясын айқын көрсетіп берді. Бірақ меньшевиктер мұны тура және батыл, ашық және айқын айтуға бата алмады. Олардың жағдайы мейлінше жалған еді: олар ішкі пікірінің өзін бүркемелеп, тұспалдап айтты. Пролетариаттың өкілдері оның қателерін ашық сынай алады, сынауға тиіс те, бірақ мұны бүркемелі, екіұшты, көмескі түрде істеу социал-демократияға мүлде лайық емес. Ал меньшевиктердің қарарынан осы екіұшты позиция еріксіз көрінді: көтерілісті «халықтық» деп танығансып, сонымен қатар көтеріліске қарсы сылтаулар айтады.

Техника туралы және заговоршылдық туралы сөздер барып тұрған көз бояушылық болды, көтеріліске *саяси* баға беру жөніндегі алауыздықтарды мейлінше өрескел түрде көмескілегендік болды. Осындай баға беруден жалтару үшін, декабрь көтерілісі қозғалыстың бір адым ілгері басқандығы және жоғары сатыға өрлегендігі болған-болмағанын тіке айтпау үшін әңгімені басқа жаққа, саясаттан техникаға қарай, 1905 ж. декабрьге нақты баға беруден заговоршылдық туралы жалпылама сылдыр сөзге қарай бұрып әкету керек болды. Сөйтіп, Москвадағы декабрь күресі сияқты *халық* қозғалысы жөнінде заговоршылдық деп айтқан осы сөздер социал-демократияға қандай таңба болып қалады десеңізші!

Біз меньшевик жолдастарға былай дедік: сіздердің айтысқыларыңыз келеді, большевиктерді «түйрегілері-

ңіз» келеді, сіздердің көтеріліс туралы қарарларыңызда басқаша ойлайтындар жөнінде шаптығушылық көп. Қалағандарыңызша айтыса беріңіздер. Бұл сіздердің праволарыңыз бен міндеттеріңіз. Бірақ тарихи күндерге баға беру туралы ұлы мәселені ұсақ-түйек, болмашы айтысқа айналдырмаңыздар. Партия жұмысшылардың, шаруалардың, ұсақ қала буржуазиясының декабрь күресі туралы мәселе жөнінде өзге фракцияны қағытып, түйрегеннен басқа дәнеңе айта білмейді деп партияны қорламаңыздар. Сәл жоғары көтеріліңіздер, қаласаңыздар, большевиктерге қарсы айрықша айтыс қарар жазыңыздар, бірақ көтеріліс туралы мәселе жөнінде пролетариат пен бүкіл халыққа екіжүзділікпен емес, тура және айқын жауап беріңіздер.

Сіздер техниканы асыра дәріптеу туралы және заговоршылдық туралы даурығып отырсыздар. Ал қарарлардың екі жобасына да көз салыңыздаршы. Сіздер біздің қарарымыздан техникалық материалды емес, *тарихи және саяси* материалды көресіздер. Сіздер бізден жалаң және дәлелденбейтін («өкіметті тартып алу күресінің міндеті») жалпы қағидалардан емес, қайта *қозғалыс тарихынан,* 1905 жылдың соңғы ширегіндегі саяси тәжірибеден алынған дәлелдемені көресіздер. Сіздер ауру бастың сақинасын сау басқа теліп отырсыздар, өйткені дәл сіздердің қарарларыңыз тарихи-саяси материал жағынан адам айтқысыз жұтаң. Сіздердің қарарларыңыз көтеріліс туралы сөз етеді, ал стачканың көтеріліске қатынасы туралы бір де соз айтпайды, октябрьден кейінгі күрестің көтерілісті қажетті түрде, сөзсіз туғызғаны туралы бір де сөз айтпайды, декабрь туралы бірде-бір тура және айқын сөз айтпайды. Нақ біздің қарарда көтеріліс заговоршылдық үндеу ретінде, техника мәселесі ретінде көрінбейді, қайта октябрь ереуілінен, бостандықтар беру жөніндегі уәдеден, бұл бостандықтарды тартып алу әрекетінен және осыларды қорғау жолындағы күрестен туған мейлінше нақты тарихи жағдайдың *саяси нәтижесі* ретінде көрінеді.

Техника мен заговоршылдық жайындағы жел сөздер — көтеріліс туралы мәселеде сіздердің *шегінгендіктеріңізді* тек бүркегендік қана болып табылады.

Съезде меньшевиктердің көтеріліс туралы мәселе жөніндегі қарарын «қарулы көтеріліске *қарсы* қарар» деп дәл осылайша атады. Сондықтан съезге ұсынылған екі қарардың текстерін аз да болса зейін қойып оқитын адам бұл пікірдің дұрыстығына таласа қоймас деймін *.

Біздің дәлелдеріміз меньшевиктерге аздап қана әсер етті. Кімде-кім олардың қарарының *жобасын* олардың біржолата қабылдаған қарарымен салыстырса, ол адам олардың бірсыпыра нағыз ұсақ шаптығулар мен көзқарастарды жойғанын көреді. Бірақ жалпы рухы, әрине, бұрынғысынша қалды. Тарихи факт сол — Россиядағы бірінші қарулы көтерілістен кейінгі меньшевиктік съезд сасқалақтық көрсетті, тіке жауаптан жалтарды, бұл көтеріліс қателік болды ма, әлде бір адым ілгері басқандық болды ма, екінші көтеріліс қажет пе және тарихи жағынан оның бірінші көтеріліспен байланысы қандай болмақ — мұны пролетариатқа тіке айтуға бата алмады.

Көтеріліс туралы мәселені күн тәртібінен алып тастауды тілейтін, осыған бой ұратын, бірақ мұны мойындауға бата алмайтын меньшевиктердің жалтақтығы шындығында мәселенің ашық қалдырылуына апарып соқтырды. Декабрь көтерілісіне *партия әлі де* баға беруге тиіс, ал бұл мәселеге барлық ұйымдар аса зор көңіл бөлуге тиіс.

Көтеріліс туралы практикалық мәселе де ашық қалды. Қозғалыстың *тікелей* (бұл естеріңізде болсын!) міндеті — *«өкіметті тартып алу»* екендігі съезд атынан танылған. Мұның өзі, керек десеңіздер, әсіре большевиктік тұжырым ғой, дәл осының өзі істі бізге айып ретінде тағылып жүрген жел сөзге апарып тірейді ғой. Бірақ съезд айтқаннан кейін біз бұл тұжырымды басшылыққа алуға тиіспіз, біз *осыған сүйеніп,* әлгі *тікелей* міндетті ұмытып кететін жергілікті және орталық

---

* Оқушының съездегі таластарға саналы сын көзімен қарауын оңайлату үшін, көпшілік пен азшылықтың қарарларының бастапқы жобаларының текстерін және съезд қабылдаған қарарлардың текстерін қоса тіркеп отырмын. Осы текстерді мұқият оқып шығып, салыстырғанда ғана социал-демократиялық тактика мәселелерін өз бетіңмен түсінуге мүмкіндік туады.

партия мекемелері мен ұйымдарын мейлінше батыл сынап отыруға тиіспіз. Біз белгілі саяси кезеңдерде, съездің шешіміне сүйеніп, әлгі *тікелей* міндетті *алдыңғы қатарға* қоя аламыз және қоюымыз керек те. Бұған бөгет жасауға ешкімнің правосы жоқ, біз «праволарды тартып алу» деген сөздерді алып тастап, *«өкіметті тартып алу жөніндегі тікелей міндетті»* мойындатқаннан кейінгі жерде, мұның өзі толығынан және бүтіндей съезд директиваларының шеңберінен шықпайды.

Партия ұйымдарының мұны ұмытпауына, әсіресе біздің атышулы Дума самодержавиелік үкіметтен соққы жеп отырған кездерде ұмытпауына кеңес береміз.

Воинов жолдас, қарулы көтеріліс туралы айтыс сөздерде, меньшевиктердің қандай қыспаққа түскенін өте дәл көрсетіп берді. «Праволарды тартып алу» деу — адам айтқысыз оппортунистік тұжырым. «Өкіметті тартып алу» деу — большевиктерге қарсы өз қолындағы қару біткеннен айрылып қалу деген сөз. Ортодокстық марксизмнің не екенін және заговоршылдық ылаңның не екенін енді біз білеміз,—деп мысқылдады Воинов.— «Өкіметті тартып алу» — ортодокстық, «өкіметті жеңіп алу» — заговоршылдық болады екен...

Нақ сол шешен осы жөнінде меньшевиктің жалпы кейпін суреттеді. Меньшевиктер — импрессионистер, деді ол, пиғылына қарай, минут сайын құбылып отыратын адамдар. Толқын көтеріліп, 1905 ж. октябрь — ноябрь келіп еді,— «Начало» тұра шапты, ол тіпті большевиктерден гөрі көбірек большевикше қимыл көрсетті. Ол демократиялық диктатурадан социалистік диктатураға қарай шауып бара жатты. Толқын басылып, пиғыл бәсеңдеді, кадеттер көтеріліп еді,— меньшевиктер бәсеңдеген пиғылға бейімделуге асықты, кадеттердің соңынан шоқырақтай жөнелді, күрестің октябрь-декабрьдегі формаларына тәкаппарланып қолды бір-ақ сілтеді.

Съезде меньшевик Лариннің жазбаша мәлімдемесі жоғарыда айтылғанның өте қызғылықты дәлелдемесі болды. Ол мәлімдемесін бюроға берген еді, демек, протоколдарда толық болуға тиіс. Ларин онда меньшевик-

тердің октябрь — декабрьде большевиктерше қимыл корсеткені қателік болды дегенді айтты. Мен съезде кейбір меньшевиктердің тарапынан осы «бағалы мойындауға» қарсы білдірілген ауызша, жеке наразылықтарды естідім, бірақ бұл наразылықтар сөйленген сөздерде немесе мәлімдемелерде айтылды ма, жоқ па, оған кепілдік бермеймін.

Плехановтың сөзі де көңіл аударарлық болды. Ол (егер мен жаңылмасам) өкіметті басып алу туралы айтты. Бұл жөнінде ол айрықша бір сөзді айтып салды.— Мен өкіметті заговоршылдық жолмен басып алуға қарсымын,— деп лепірді ол,— бірақ мен, мәселен, ұлы француз революциясындағы Конвент [39] қандай болған болса, өкіметті нақ сол жолмен басып алуды жақтаймын.

Бұл арада біз Плехановты сөзден ұстадық.— Өте жақсы, Плеханов жолдас,— деп жауап бердім мен оған.— Осы айтқаныңызды қарарға жазып қойыңыз. Заговоршылдықты қалағаныңызша қатты сөге беріңіз,— сонда да біздер, большевиктер, Конвенттің үлгісімен өкіметті басып алуды дұрыс деп танып, пролетариатқа ұсынатын осындай қарарды жақтап түгел және бір ауыздан дауыс береміз. Заговоршылдықты сөгіңіз, бірақ қарарда Конвент сияқты диктатураны таныңыз, сонда біз сізбен бүтіндей және сөзсіз келісеміз. Ол ол ма. Менің беретін кепілдігім — сіз осындай қарарға қол қойған күннен бастап, *кадеттер сізді мақтауын қояды!*

Конвент жөнінде абайсызда «айтып салған» Плеханов жолдастың сорақы қайшылыққа душар болғанын Воинов жолдас та атап көрсетті. Конвент нақ төмендердің, яғни қала мен село кедейлерінің ең төменгі топтарының диктатурасы болды. Буржуазиялық революцияда бұл толық билік жүргізетін мекеменің дәл өзі болды, мұнда ірі немесе орта буржуазия емес, қарапайым халық, кедейлер, яғни біздің «пролетариат пен шаруалар» деп атап жүргеніміздің дәл өзі бүтіндей және дербес үстемдік етті. Конвентті мойындай отырып, өкіметті басып алуға қарсы шығу сөзбен айла жасағандық болады. Конвентті мойындай отырып, «пролета-

риат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасына» қарсы шаптығу — өзіңді-өзің таяқтағандық болады. Ал большевиктер әрқашан, әрдайым өкіметті әсте белгілі бір «саналы азшылықтың» басып алуы туралы емес, дәл халық бұқарасының, дәл пролетариат пен шаруалардың басып алуы туралы айтып келді. Заговоршылдық пен бланкизм жайындағы жел сөздер — жай мүләйім тақпақ, мұның өзі Конвентті ауызға алғанның өзінде-ақ күл-талқан болды.

VII

СЪЕЗДІҢ СОҢЫ

Қарулы көтеріліс туралы мәселе съезде аз да болса тиянақты және принципті түрде талқыланған соңғы мәселе болды. Басқа мәселелер мүлде шала-шарпы қаралды немесе жарыс сөзсіз шешілді.

Партизандардың жауынгерлік қимылдары туралы қарар қарулы көтеріліс жайындағы қарардың қосымшасы ретінде өтті. Мен бұл кезде мәжіліс залында болмаған едім, бұл мәселе жөнінде азды-көпті қызғылықты айтыс болды дегенді жолдастардан естіген жоқпын. Оның үстіне бұл мәселе, әрине, принциптік мәселе емес еді.

Кәсіпшілер одақтары туралы және шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарарлар бір ауыздан қабылданды. Қарарлар дайындау жөніндегі комиссияларда большевиктер мен меньшевиктер бұл мәселелер туралы келісімге келді. Шаруалар қозғалысы туралы қарарда кадеттік партияға өте дұрыс баға берілгенін және көтеріліс бостандықты жеңіп алудың «бірден-бір құралы» деп танылғанын атап көрсетемін. Күнделікті үгіт жұмысымызда осы екі қағиданы жиі-жиі еске алып отыру керек.

Ұлттық социал-демократиялық партиялармен бірігу мәселесі біршама көбірек уақыт алды. Поляктармен бірігу мәселесі бір ауыздан өтті. Әлі есімде, латыштармен бірігу мәселесі де, қалай дегенмен, көп жарыс сөз туғызған жоқ. Бундпен бірігу мәселесі жөнінде ұрыс-

керіс көп болды. Әлі есімде, бірігу мәселесі 54 немесе сол шамалас дауыспен өтті. Большевиктер (бәрі дерлік), центр және фракцияшылдық пиғылы неғұрлым кемірек меньшевиктер *жақтап* дауыс берді. РСДРП-ның жергілікті басшы комитеттерінің бірлігін және жалпы ережелер бойынша съезге делегаттар сайлау тәртібін белгіледік. Ұйымды орталықтандыру принциптері жолында күресу қажеттігін мойындайтын қарар қабылданды (біз редакциясы жағынан басқаша, бірақ мағынасы жағынан бірдей қарар ұсындық, бұл қарарда біздің Бундқа жасаған кеңшілігіміздің практикалық маңызы баса көрсетіліп, пролетариаттың күштерін неғұрлым тығыз, неғұрлым жаңаша топтастыру жолында үздіксіз күрес жүргізу қажеттігі айтылған болатын).

Кейбір меньшевиктер Бундпен бірігу жөнінде қатты ызаланып, бізді екінші съездің принциптерінен тайдыңдар деп айыптады. «Партийные Известияның» 2-номерінде жарияланған анықтама бұл айыптауға өте жақсы жауап бола алады. Большевиктер онда *съезден көп бұрын* қарардың жобасын басты, бұл жобада *барлық* ұлттық социал-демократиялық партияларға, «партияның жергілікті, облыстық және орталық мекемелерінде пропорциялық мөлшерде өкілдік» * беруге дейін, *одан әрі де* бірқатар кеңшіліктер жасау ұсынылған болатын. Меньшевиктер «Партийные Известияның» нақ сол 2-номерінде біздің қарарларға өздерінің қарсы қарарларымен жауап қайырды, оның бер жағында олар Бундқа және басқа социал-демократиялық партияларға одан әрі кеңшіліктер жасау жөніндегі біздің жоспарымызбен келіспейтіндігін *бір сөзбен де* ескерткен жоқ.

Менің ойымша, бұл факт большевиктер фракцияшылдықпен Бундты жақтап дауыс берді ме, әлде меньшевиктер фракцияшылдықпен Бундқа қарсы дауыс берді ме деген талас мәселеге өте жақсы жауап береді.

Партияның уставы өте тез қабылданды. Мен уставтың жобасын жазу жөніндегі комиссияда болдым. Меньшевиктер төтенше съезді шақыру үшін қажетті

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 245—246-беттер. *Ред.*

партия мүшелерінің санын $^2/_3$-ге дейін арттырмақ болып еді. Мен сонда өзімнің большевик-әріптестеріммен бірге үзілді-кесілді былай деп мәлімдедім: оппозицияның автономиясы мен праволарының фракциялық III съезд уставта таныған минимумын азайтуға сәл де болса әрекеттенушіліктің өзі сөзсіз жікке бөлінгендік болады. Әңгіме сіздерге байланысты, меньшевик жолдастар: әділеттік сақтауды, азшылықтың барлық праволарын, оппозицияның барлық праволарын сақтауды қалайды екенсіздер*,— онда біз бағынамыз, өз пікірлестерімізді Орталық Комитетке енгіземіз және жікке бөлінуді айыптаймыз. Қаламайды екенсіздер,— онда жікке бөліну сөзсіз болады.

Меньшевиктер $^2/_3$-ні $^1/_2$-ге дейін кемітуге көнді. Устав бір ауыздан өтті: 1-параграф та, демократиялық централизм принципі де қабылданды. Тек екі пункт қана алауыздық туғызды.

Біріншіден, біз мекенін ауыстыратын партия мүшелері партияның жергілікті ұйымдарына кіруге праволы деген мағынада 1-параграфқа ескерту қосуды ұсындық. Бұл ескертудің маңызы сол — ұсақ керіс пен бақастықты, басқаша ойлайтындарды ұйымнан қуып шығуды, меньшевиктердің большевиктерге рұқсат етуден бас тартуын және оның керісінше істелуін мүмкін емес ету жағы көзделген еді. Партия өсіп келеді. Ол ұлғая бастады. Орынға бола күресуді қою керек. Партияның барлық мекемелері сайланып қойылады. Ал партияның төменгі ұйымдарына партияның барлық мүшелерінің кіруіне толық ерік берілуге тиіс. Тек сонда ғана идеялық күрес ұйымдық бақастықпен былғанбайтын болады.

Меньшевиктер, біздің талап етуімізге қарамастан, бұл ескертуді қабылдамады. Бірақ өз ниеттерінің адал екендігін дәлелдеу үшін олар мынадай қарар қабылдауға көнді: «Съездің бұл ескертуді қабылдамай отыр-

---

* Ескерте кетейін, өзімнің «Социал-демократия және Мемлекеттік дума» деген кітапшамда (Данның мақаласымен бірге) мен съезге дейін-ақ азшылықта қалған ағымның *съезд шешімдерін сынау бостандығын және жаңа съезд шақыру жолында үгіт жүргізу бостандығын* қамтамасыз ету қажет деп көрсеткен болатынмын (8-бет). (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 180-бет. *Ред.)*

ған тек бір ғана себебі — мұны керексіз және *өзіненөзі түсінікті* деп есептейді» (цитатты жатқа келтіріп отырмын, өйткені жазып алғандарымның ішінде бұл қарардың тексті болмай шықты). Ықтимал таластар мен ұйымдық егестердің қандайы болсын туа қалған күнде бұл қарарды есте сақтау өте қажет.

Алауыздықтардың екінші пункті Орталық Комитет пен Орталық Органның қарым-қатынастары жайында еді. Меньшевиктер Орталық Органды съезде сайлап, саясат мәселелері жөнінде Орталық Органның Орталық Комитет құрамына кіруін белгіледі (көмескі пункт, мұның өзі, сірә, түсінбестік туғызбай қоймас). Большевиктер, орыс және герман * партияларындағы әдеби қақтығыстардың күйініште тәжірибесін ескере отырып, Орталық Органның редакциясын Орталық Комитет тағайындайтын болсын және ол редакцияны ауыстырып отыруға праволы болсын деген еді. Менің байқауымша, меньшевиктердің шешімі партиямыздың оң қанатында, бір жағынан, әдебиетшілердің, екінші жағынан, практикалық-саяси басшылардың арасындағы қарым-қатынаста қолайсыздық бар екендігін айқын көрсетеді.

Оғаш жағдай ретінде тағы мынаны атап көрсету керек, меньшевиктер съезде Амстердам халықаралық социалистік конгресінің буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарарын қуаттап қаулы алды [42]. Бұл қаулы біздің социал-демократиялық съездердің тарихына дәл оғаш нәрсе болып кіреді. Шынында да, халықаралық социалистік конгрестердің қаулыларының *бәрі де барлық* елдердегі социал-демократиялық партиялар үшін міндетті емес пе? Сондай қаулылардың бірін бөліп алып, қуаттауда қандай мағына бар? Ұлттық социал-демократиялық партиялардың *өз* еліндегі белгілі бір буржуазиялық партияға көзқарас туралы мәселені шешудің орнына, жалпы барлық буржуазиялық партиялар жөніндегі барлық елдерге ортақ көзқарасқа сүйенуі бұрын-соңды болып көрген бе? Съезге дейін

* «Vorwärts» [40]-тің алты редакторы жөнінде таяуда болған «оқиға», олар Герман социал-демократиялық партиясының Орталық басқармасы өздерін орындарынан алғаны үшін жанжал шығарған болатын [41].

большевиктер де, меньшевиктер де *Россиядағы* буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарарлардың жобаларын Христ рождествосының *1906-ншы* жазында әзірлеген болатын. Егер съезде бұл мәселені талдап шешуге уақыт қалмаған болса, онда мұны кейінге қалдыра салу керек еді. Мынадай «аралық» жол таңдау: орыс партиялары туралы мәселені қарамау, ал жалпы мәселенің халықаралық шешімін қуаттау, мұның өзі бүкіл әлем алдында өздерінің абыржығанын көрсеткендік болды. Орыс партиялары жөнінде өз ақылымызбен қалай шешерімізді білмейміз, сондықтан тым болмаса халықаралық қарарды қайталайық десті! Мұның өзі мәселені ашық қалдырудың ең сәтсіз, тек келемеж болуға ғана лайық, формасы еді.

Ал мәселе өте маңызды. Көпшілік пен азшылықтың тиісті қарарларының жобаларын оқушы қосымшадан табады. Осы мәселені білгісі келетіндерге (ал осы мәселені білгісі келмейтін практик, үгітші немесе насихатшы бар ма?) бұл жобаларды «революция сабақтарымен» яғни партиялардың өмірінде кездесетін саяси фактілермен ауық-ауық салыстырып отыруды ұсынамыз, қазір мұндай фактілер орыс өмірінен мейлінше көп табылады. Кімде-кім осындай салыстыру жасағысы келсе, ол адам буржуазиялық демократиядағы басты екі ағымға: либералдық-монархиялық (негізінен кадеттер) ағым мен революциялық-демократиялық ағымға біздің берген бағамыздың революцияның барған сайын қуаттай түсіп отырғандығын көреді.

Ал меньшевиктік қарарда дәл әлгі дәрменсіздік пен абыржудың айқын белгілері бар, бұлар съезде оған амал істеуге: халықаралық қарарды қуаттауға әкеліп соқтырған болатын. Меньшевиктік қарар тек жалпылама сөздерден ғана құралған, онда орыс өмірінің саяси шындығының нақты мәселелерін шешуге (немесе шешу жолын белгілеуге) әрекет жасалмады. Барлық партияларды сынау керек, оларды әшкерелеу керек, әбден дәйекті демократиялық партиялар жоқ екендігін мойындау керек, дейді осы абыржыған қарар. Россиядағы *әр алуан* буржуазиялық партияларды немесе сол партиялардың әр алуан типтерін *дәл қалай* «сынап,

әшкерелеу» керек,— мұны қарар білмейді. Оның айтуынша, «сынау» керек, бірақ оның өзі сынай *білмейді*, өйткені буржуазиялық партияларды маркстік тұрғыдан сынау дегеннің мәнісі, атап айтқанда, әр алуан буржуазиялық партиялардың белгілі бір *таптық* негізіне *нақты* талдау жасау болып табылады. Қарар дәрменсіздікпен: әбден дәйекті демократиялық партиялар жоқ дейді,— сондықтан *орыс* буржуазиялық-демократиялық партияларының дәйектілігіндегі, біздің революцияның барысында көрінген және көрініп отырған *айырмашылықтарды* ажырата білмейді. Меньшевиктік қарардың жалаң сөздерінің, жалпы қағидаларының тасасында біздегі буржуазиялық партиялардың негізгі үш типінің: октябристер типінің, кадеттер типінің, революцияшыл демократтар типінің тіпті межелері де жоғалып кеткен. Ал оң қанаттағы біздің осы социал-демократтар, буржуазиялық Россиядағы әр түрлі партиялардың таптық негіздері мен тенденцияларын есепке алуға масқара дәрменсіз бола отырып, тағы да солшыл социал-демократтарды «ақиқат социализм» жөнінде айыптайды, яғни буржуазиялық демократияның тарихи-нақты ролін елемей отыр деп айыптайды! Тағы да: ауру бастың сақинасын сау басқа телу деген нақ осы.

Мен баяндап отырған тақырыбымнан біраз қашықтап кеттім. Бірақ өз кітапшамның басында-ақ съезд туралы баяндамаға съезд жөніндегі кейбір пікірлерді қоса айтпақшымын деп ескерткенмін. Сондықтан, менің ойымша, партия мүшелерінің съезге жүйелі баға беруі үшін съездің не істегені жөнінде ғана емес, сонымен қатар съезд істеуге тиісті болғанымен, нені істемегені жөнінде де ойлану керек. Ал Россияның әр алуан буржуазиялық-демократиялық партияларын маркстік тұрғыдан талдау қажеттігін ойлай білетін әрбір социал-демократ күн асқан сайын неғұрлым айқын ұғынып отыр.

Съезде сайлау бірнеше минуттың ішінде өтті. Шынында, съездің жалпы мәжілістеріне дейін бәрі жайғастырылып қойылған еді. Орталық Органдағы бесеуді меньшевиктер кілең меньшевиктерден құрастырды. Ор-

талық Комитетке біз жеті меньшевиктің үстіне үш адамды енгізуге көндік. Оппозицияның праволарын бақылаушылар мен қорғаушылар ретінде олардың жағдайы қандай болып шығатындығын әлі келешек көрсетеді.

VIII

СЪЕЗДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Съездің жұмыстарын және партиямыздың съезд жұмыстары нәтижесінде туған жағдайын жалпы шолып өткенде біз мынадай басты-басты қорытындыларға келеміз.

Ұлттық социал-демократиялық партиялармен бірігуді белгілеуі (қазірдің өзінде ішінара жүзеге асырылған) съездің ірі практикалық ісі болып табылады. Бұл бірігу Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын нығайтады. Мұның өзі үйірмешілдіктің соңғы сарқыншақтарын жоюға көмектеседі. Мұның өзі партияның жұмысына жаңа леп қосады. Мұның өзі Россиядағы барлық халықтардың пролетариатының күш-қуатын орасан зор мөлшерде арттырады.

Азшылық және көпшілік фракцияларының бірігуі ірі практикалық іс болып табылады. Жікке бөліну тоқтатылды. Социал-демократиялық пролетариат және оның партиясы біртұтас болуға тиіс. Ұйымдық алауыздықтар түгел дерлік жойылды. Енді маңызды, елеулі және ерекше жауапты міндет — партияны ұйымдастыруда демократиялық централизмнің принциптерін шындап жүзеге асыру,— төменгі ұйымдардың сөз жүзінде емес, іс жүзінде партияның негізгі ұйымдық ұясы болуып, барлық жоғары мекемелердің нағыз сайланып қойылатын, есеп беріп және ауыстырылып отыратын мекемелер болуын қажырлы жұмыспен қамтамасыз ету міндеті қалып отыр. Барлық саналы жұмысшы социал-демократтарды біріктіретін және дербес саяси өмір сүретін ұйымды қажырлы жұмыс арқылы қалыптастыру керек. Қандай да болсын партия ұйымының осы күнге дейін көбінесе қағаз жүзінде танылып келген автономиясы жүзеге асырылатын болуға және жүзеге асырылуға тиіс. Орынға бола күресушілікті, басқа «фракция-

дап» қорқушылықты жоя отырып, оны біржола құрту керек. Бізде іс жүзінде партияның біртұтас ұйымдары болсын, олардың ішінде социал-демократиялық пікірдің әр алуан ағымдарының таза идеялық күресі жүргізілсін. Бұған жету әлі де оңай емес, бұған біз бірден жете алмаймыз. Бірақ жол белгіленді, принциптер жарияланды, сондықтан біз осы ұйымдық мұраттың толық және дәйектілікпен жүзеге асуын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Социал-демократияның оң қанаты мен сол қанатының неғұрлым айқын және анық межеленгендігін біз съездің ірі идеялық ісі деп есептейміз. Оң қанат та, сол қанат та Европаның барлық социал-демократиялық партияларында бар,— бұлар бізде де әлдеқашан пайда болған. Бұларды неғұрлым анық межелеу, таластың не үшін болып жатқанын неғұрлым айқын белгілеу партияның дұрыс дамуы үшін, пролетариатты саяси жағынан тәрбиелеу үшін, дұрыс жолдан тым ауытқып кетушіліктің қандайын болса да социал-демократиялық партиядан аластау үшін қажет.

Біздің не жөнінде қосылатындығымызды, не жөнінде алшақ кететіндігімізді, нақ қаншалық алшақ кететіндігімізді анықтау үшін — дәл және даусыз анықтау үшін Бірігу съезі толып жатқан нақты, документтік материал берді. Осы документтік материалды *зерттеу* керек, алауыздықтардың мазмұны мен мөлшерін дәл көрсететін *фактілерді* білу керек, ескі үйірмешілдік әдеттен арылу керек — пәлендей мәселе жөнінде туған пәлендей алауыздықтарды іскерлікпен талдап шешудің орнына зекіре сөйлеу, қорқынышты сөздер айту, зілді айыптар тағу әдетінен арылу керек. Сондықтан біз партия мүшелерінің дағдылы алып-қашпа сөздерді шынға балап қайталамай, алауыздықтарды шын мәнінде өз бетімен *зерттеуі* үшін осы кітапшаға қосымшада Бірігу съезі жайында мүмкіндігіне қарай неғұрлым толық *документтік* материал келтіруді қажет деп есептейміз. Бұл документтік материал, әрине, тартымсыз. Қарарлардың жобаларын оқуға,— бұларды қабылданған қарарлармен салыстыруға, әрбір пункттің, әрбір сөйлемнің әр алуан тұжырымдарының маңызын ойлас-

тыруға әркімнің сабыр-тағаты жете бермейді. Бірақ мұндай елеулі жұмыс болмайынша съездің шешімдеріне саналы көзқарас болуы мүмкін емес.

Сонымен, съездегі таластар туралы жоғарыда өзім айтқандардың бәрін бір жерге жинақтай отырып, съезде қаралмаған (немесе кейінге қалдырылған) қарар жобаларының әр алуан тенденцияларын бір жерге жинақтай отырып, мен мынадай қорытындыға келемін: съезд социал-демократияның оң қанаты мен сол қанатының неғұрлым айқын межеленуіне көп көмек көрсетті.

Біздің оң қанат Россияда қазіргі, яғни буржуазиялық-демократиялық, революцияның толық жеңіп шығатынына сенбейді, бұл жеңістен қорқады, осы жеңіс ұранын халық алдына батыл және анық қоймайды. Бұл қанат буржуазиялық революцияны тек буржуазия ғана дербес «жасай» алады немесе буржуазиялық революцияны тек буржуазия ғана жүргізуі керек деген мүлде қате және марксизмді тұрпайыландыратын пікірге қарай әрдайым адасып келеді. Буржуазиялық революцияның толық және үзілді-кесілді жеңуі жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер болып табылатын пролетариаттың ролі социал-демократияның оң қанатына түсініксіз.

Мәселен, бұл қанат — ең болмағанда съездегі кейбір өз шешендерінің сөздерінде,— *шаруалар революциясы* ұранын ұсынады, бірақ бұл ұранды дәйектілікпен қолданып отырмайды. Бұл қанат халық арасында үгіт-насихат жүргізу үшін айқын революциялық жолды (бүкіл халықтық құрылтай жиналысы шақырылғанға *дейін* жерді революцияшыл шаруалар комитеттерінің *басып алуы*) программада тұжырымдап көрсетпейді. Бұл қанат шаруалар революциясы программасында революцияшыл шаруалардың өкіметті басып алу идеясын көрсетуге қорқады. Бұл қанат, өзінің берген уәдесіне қарамастан, егіншіліктегі буржуазиялық-демократиялық төңкерісті нақ «логикалық» ақырына дейін жеткізбейді, өйткені капитализм тұсында тек қана жерді национализациялау абсолюттік рентаны жою ретіндегі осындай «логикалық» (*және экономикалық*) ақырына

дейін жеткізу болып табылады. Бұл қанат жерді национализациялау ісін жергілікті округтерде бөлшектеп жүргізетін, демократиялық емес орталық өкімет тұсында демократиялық земстволар болуын көздейтін ақылға сыйымсыз қайдағы бір жасанды аралық жолды ойдан шығарып отыр. Бұл қанат, өзінің пролетариатқа қарсы буржуазияның саяси қаруына жармасып отырғандығын, монархиялық буржуазияның диірменіне су құйып отырғандығын аңғармастан, пролетариатты реставрация елесімен қорқытып отыр.

Өзінің бүкіл тактикалық бағытында оң қанаттағы біздің социал-демократтар солқылдақ, бұлталақ монархиялық либерал буржуазияның (кадеттер және т. с.) маңызы мен ролін асыра бағалап, революциялық буржуазиялық демократияның («Шаруалар одағы» [43], Думадағы «Еңбек тобы», эсерлер, толып жатқан жартылай саяси, жартылай кәсіпшілік ұйымдар, т. т.) маңызын жете бағаламай отыр. Кадеттерді осылайша асыра бағалау және революциялық демократиялық «төменгі» топтарды жете бағаламау буржуазиялық революция жөніндегі жоғарыда көрсетілген теріс көзқараспен өте тығыз байланысты. Кадеттердің алдамшы табысы, олардың «парламенттегі» даурықпалы жеңістері, олардың «конституциялық» әсерлі сөздері оң қанаттағы біздің социал-демократтарды әуліктіріп отыр. Минуттық саясатқа елігіп, олар демократияның неғұрлым түбегейлі және неғұрлым елеулі міндеттерін ұмытып отыр, Треповтар мен Дубасовтар рұқсат еткен «конституционализмнің» үстіңгі қабатында кемірек «шуласатын», бірақ онша көрнекті болмағанымен, революциялық-демократиялық төменгі топтарда неғұрлым келелі жұмыс атқаратын, сөйтіп парламенттік сипаттағыдан едәуір өзгеше жанжалдар тудыратын күштерді ұмытып отыр.

Оң қанаттағы біздің социал-демократтардың көтеріліске сенімсіздікпен (жұмсақ айтқанда) қарауы да осыдан, октябрь мен декабрьдің тәжірибесінен, сол кезде жасалған күрес формаларынан аулақ болуға ұмтылушылық та осыдан. Конституциялық жалған үміттерге қарсы күресте — әрбір нағыз революциялық кезең бірінші орынға қойып отыратын күресте — олардың ба-

тылсыздығы мен енжарлығы осыдан. Думаға бойкот жариялаудың тарихи ролін олардың түсінбеуі, белгілі кезеңдегі қозғалыстың нақты жағдайларын * есепке алудан «анархизм» деген шайпау сөз арқылы жалтарып кетуге ұмтылуы осыдан, жалған конституциялық мекемеге енуге шексіз асығушылығы осыдан, бұл мекеменің жағымды ролін асыра бағалаушылығы осыдан.

Оң қанаттағы біздің социал-демократтардың осы тенденцияларына қарсы біз мейлінше батыл, ашық және аяусыз идеялық күрес жүргізуге тиіспіз. Съезд шешімдерінің мейлінше кең талқылануын қамтамасыз ету керек, барлық партия мүшелерінен бұл шешімдерге әбден саналы жәпе сын көзімен қарауды талап ету керек. Барлық жұмысшы ұйымдары істі жете түсініп, белгілі бір шешімдерді мақұлдайтынын немесе мақұлдамайтынын айтулары керек. Егер біз партиямызда демократиялық централизмді шынында да мықтап жүзеге асырғалы отырған болсақ, егер біз жұмысшылар бұқарасын партиялық мәселелерді саналы түрде шешуге қатыстырғалы отырған болсақ, баспасөзде, жиналыстарда, үйірмелер мен топтарда осылайша талқылау ісін жүргізуге тиіспіз.

---

* Мен Карл Каутскийдің «Мемлекеттік дума» деген жаңа кітапшасын тек енді ғана алдым. Бойкот туралы оның мәселе қойысы мен меньшевиктердің мәселе қойысының арасында жер мен көктей айырмашылық бар. «Невская Газетадағы» Негорев сияқты біздің думше-социал-демократтар: бойкот дегеніміз анархизм! — деп тура былш еткізеді. Ал Каутский нақты жағдайларды талдай келіп, былай деп жазады: «Мұндай жағдайларда біздің орыс жолдастардың көпшілігі осындай жолмен шақырылғалы отырған Думаны халық өкілдігін мейлінше сорақы түрде боямалағаннан басқа түк те емес деп тауып, оған бойкот жариялауға ұйғарғандығы әсте таңданарлық нәрсе емес...». «Егер біздің орыс жолдастардың көпшілігі кейін Думаға бару үшін сайлау науқанына қатысудың орнына осы Думаны болғызбау жолында және құрылтай жиналысын шақырту жолында күресуді неғұрлым орынды деп тапқан болса, мұнда таңданарлық еш нәрсе жоқ».

Каутскийдің осы тарихи-нақты бағалауымен қосарлас Аксельродтың парламентаризмнің пайдалылығы мен анархизмнің зияндылығы туралы жалпылама сөздері тезірек жарыққа шықса, қандай оңды болар еді.

Айтпақшы. Өзінің нақ сол кітапшасында Каутский революцияның жеңуі туралы былай дейді: «Шаруалар мен пролетариат неғұрлым жігерлі, неғұрлым қатал түрде Дума мүшелерін солға қарай итермелей береді...» («Невская Газетаның» паңдықпен айтуынша, «кадеттерді жалаң әшкерелеу») «... *олар өз дұшпандарын мүлде жеңгенше* оларды барған сайын көбірек әлсіретіп, жансыздандыра береді». Сонымен, *шаруалар мен пролетариат* «оларды», яғни үкіметті де, либерал буржуазияны да жеңеді. Байғұс Каутский! Ол буржуазиялық революцияны тек буржуазия ғана жасай алатынын түсінбейді. Ол пролетариат пен шаруалардың жеңісі («диктатурасы») дегенді айтып, «бланкистік» ылаңға салынып отыр.

Бірақ бұл идеялық күрес біртұтас партияда ұйымдарды жікке бөлмеуге тиіс, пролетариаттың қимыл бірлігін бұзбауға тиіс. Мұның өзі партиямыздың практикасында әлі де жаңа принцип, сондықтан бұл принципті дұрыс жүзеге асыру үшін бірталай жұмыс істеуге тура келеді.

Талқылау бостандығы, қимыл бірлігі,— міне біз осыған жетуге тиіспіз. Ал Бірігу съезінің шешімдері бұл жөнінде барлық социал-демократтарға жеткілікті өріс қалдырып отыр. «Муниципализация» рухында практикалық қимылдар жасауға дейін әлі бірталай уақыт бар, ал шаруалардың революциялық бой көрсетулерін қолдау жөнінде, ұсақ буржуазиялық утопияларды сынау жөнінде барлық социал-демократтар өзара келісіп отыр. Олай болса, біз, пролетариаттың қимыл бірлігі бұзылар деп қорықпай-ақ, муниципализацияны талқылап, оны мінеуге тиіспіз.

Дума жөніндегі істің жайы біраз өзгеше. Сайлау тұсында толық қимыл бірлігі болуы *шарт*. Съезд шешті,— сайлау болатын жерлерде *барлығымыз* сайлаймыз. Сайлау кезінде сайлауға қатысуды ешқандай сынау болмасын. Пролетариаттың *қимылы* біртұтас болуға тиіс. Думада социал-демократия фракциясы болған кезде, бұл фракцияны бәріміз де әрдайым *біздің* партиялық фракция деп танимыз.

Бірақ қимыл бірлігінен тысқары жерде — өзіміз зиянды деп есептеген қадамдарды, шешімдерді, тенденцияларды мейлінше кең, еркін талқылап, мінеуге тиіспіз. Тек осындай талқылаулар, қарарлар, наразылықтар арқылы партиямыздың нағыз қоғамдық пікірі жасала алады. Тек осындай жағдайда ғана мұның өзі *әрқашан* өз пікірін айта білетін және айқындалған *пікірді* жаңа съездің *шешімдеріне* айналдыру үшін дұрыс жолдар табатын нағыз партия болады.

Алауыздық туғызған үшінші қарарды — көтеріліс туралы қарарды алыңыз. Мұнда қимыл бірлігі күрес кезінде сөзсіз қажет. Осындай қызу күрес кезінде өзінің барлық күшін жұмылдырып отырған пролетариат армиясы ішінде *ешқандай* сынға жол берілмеуі керек. Қимылға шақырған үндеу әлі жоқ кезде,— қарарды,

оның дәлелдері мен жеке қағидаларын мейлінше кең, еркін талқылап, баға беру керек.

Сонымен, майдан өте кең. Съезд қарарлары кең өріс береді. Жалған конституционализмге елігушіліктің қандайы болса да,— Думаның «жағымды» ролін кімнің тарапынан болсын асыра бағалаушылықтың қандайы болса да,— социал-демократиядағы әсіре оңшылдардың самарқаулыққа және ыңшамдыққа шақырған үндеулерінің қандайы болса да,— біздің қолымызда бұларға қарсы аса күшті қару бар. Бұл қару — көтеріліс туралы съезд қарарының бірінші пункті.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Бірігу съезі қозғалыстың *тікелей* міндеті — самодержавиелік үкіметтің қолынан *өкіметті тартып алу* деп таныды. Кімде-кім осы тікелей міндетті ұмытатын болса, кімде-кім мұны кейінгі орынға сырғыта салатын болса — ол адам съездің еркін *бұзады,* сондықтан біз мұндай бұзушылармен мейлінше қатты күресеміз.

Қайталап айтамын: өріс кең. Парламенттік фракциядан бастап — *өкіметті* тартып алу жөніндегі тікелей міндетке дейін. Пролетариаттың қимыл бірлігін сақтай отырып, осы кең көлемдегі идеялық күресті жіксіз жүргізуге болады және жіксіз жүргізу керек те.

Партиямыздың оңға қарай тым ауытқып кетуіне жол бергісі келмейтін барлық социал-демократтарды біз нақ осындай идеялық күреске шақырамыз.

Қосымша

РСДРП БІРІГУ СЪЕЗІНІҢ ЖҰМЫСТАРЫНА БАҒА БЕРУГЕ АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

Съезд протоколдары шыққанға дейін оқушылардың съезде талқыланған мәселелерді документтер бойынша анықтап білуіне мүмкіндік беру үшін бұл арада біз съезде меньшевиктер мен большевиктер ұсынған қарарлардың жобаларын, сонымен қатар съезд қабылдаған қарарлардың текстерін келтіріп отырмыз. Жоғарыда кітапша текстінде көрсетілгендей, тек осы материалды

зерттегенде ғана съездегі идеялық күрестің шын мацызы туралы әркімнің айқын және дәл пікір қорытуына мүмкіндік туады. Съезде қаралмаган және «Партийные Известияның» екінші номерінен съезге енгізілмеген қарарлардың аса маңыздыларын да біз осы арада келтіріп отырмыз, өйткені съездің барлық мүшелері айтыстар кезінде бұларды ауызға алды, кейде бұларды тілге тиек етті, сондықтан бұл қарарлармен таныспайынша алауыздықтарды толық ұғыну мүмкін емес.

БОСТАНДЫҚ ҮШІН КҮРЕС ЖӘНЕ ӨКІМЕТ ҮШІН КҮРЕС

«Новое Время» әшкерелеп отыр. Іс жүзінде самодержавиелік үкімет болып отырған үкіметке қызмет ететін газет пролетариаттың таптық күресінің буржуазия үшін қауіпті екендігі жөнінде кадеттерді ескертіп, біздің газетімізге [44] бірсыпыра қатаң айыптар тағып қарсы шықты. Бастықтар атына түсіп жататын дағдылы арыздардың ішінде «Новое Времяның» пікірінде өте маңызды, жалпы халық назарын аударатын пункттер бар.

«Социал-революционерлерді (әңгіме «Волна» туралы болды),— дейді «Новое Время»,— «саяси бостандық жолындағы алдыңғы қатарлы күрескерлер» етіп көрсетуге кадеттер қалай ұялмайды? Тіпті де олай емес. Олар бостандық үшін емес, қайта өкімет үшін күресіп отыр, сондықтан бұрынғы самодержавиенің орнына өз самодержавиесін — пролетариаттың самодержавиесін ұсынып отыр».

«Новое Время» самодержавиелік үкіметке жан-тәнімен қызмет етеді. Қожайынының мүддесін көздеген малай буржуазияны социалистік революцияның елесімен қорқытудың қамын жасайды. Бұл — бірінші міндет. Екінші міндет — болып жатқан революцияны социалистік революция етіп көрсету, «халық самодержавиесін» «пролетариат самодержавиесімен» шатастыру.

Жоғарыда көрсетілген міндеттердің екеуін де орындауға тырысатын самодержавие малайларының әрекеттері мен айла-шарғылары кездейсоқтық емес. Ескі, самодержавиелік өкіметтің малайлары барлық жерде,

әрдайым әлгіндей «айла-шарғыға» тырысып келді, тырысып та отыр, тек газет мақалаларында ғана емес, өзінің бүкіл саясатында да осылай істеуге тырысып отыр.

Сондықтан нововремялық алдау-арбауды талдаудың өте елеулі маңызы бар. Ең алдымен «олар» бостандық үшін *емес, қайта* өкімет үшін күресіп отыр деген «сұмдық» жаңалыққа тоқталып өтейік. Мұның не екенін қарап көрейік. Халық ешбір кедергісіз шынымен одақтар құрып, жиналыстар өткізетін, газеттер шығарып, заңдарды өзі жариялайтын кезде, заңдарды жүзеге асыру ісі мен заң негізінде басқару ісі тапсырылатын мемлекеттің барлық қызмет адамдарын өзі сайлап, өзі ауыстыратын кезде ғана халық бостандығы қамтамасыз етіледі. Демек, мемлекеттегі бүкіл өкімет билігі толығымен және шынымен халықтікі болған кезде ғана халық бостандығы толық, шын қамтамасыз етіледі. Мұның өзі мүлде ақиқат нәрсе, сондықтан үкіметтің «Новое Время» сияқты малайлары халық санасын әдейі шатастыру ниетін ғана көздейді. Осы сөзсіз шындықты жұмысшы партиясының программасы анықтап береді. Бұл программада буржуазиялық қоғам негізінде жүзеге асатын, яғни өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік, рынокқа арналған шаруашылық сақталған кезде жүзеге асатын *саяси* талаптардың бастысы *халық самодержавиесі* болып отыр. Кімде-кім мемлекет ішінде халықтың толық өкімет билігі үшін күреспей, халық бостандығы үшін күресе, ондай адам не дәйексіз, не пәтуасыз.

Егер тек өз пікірлеріміздің логикасы туралы ғана айтсақ, бостандық үшін күрес пен өкімет үшін күрестің жайы осылай болып отыр. Бостандық үшін күрес тарихында істің жайы әрқашан да былай болып келеді: халық бостандыққа ұмтыла отырып, өз күресінің бас кезінде, ескі өкіметтің бостандықты қамтамасыз етеміз деген *уәделерін* алады. Халыққа тәуелсіз, халықтың үстінен қарайтын мемлекеттік ескі өкімет, революциядан қорқып, бостандықты қамтамасыз етеміз деп *халыққа уәде береді*. Халық ауыстырып отырмайтын өкімет тұрғанда уәделер орындалмай қалады, өйткені олар түгел-

дей орындалмайтын уәделер. Сондықтан барлық революциялардың тарихында, олардың белгілі даму сатысында өмір сабақтарының ықпалымен жоғарыда өзіміз келтірген пікірдің ақиқат логикасы қалың халық бұқарасының санасына енген кезең болып отырды.

Осындай кезең Россияда да туып келеді. 1905 ж. октябрьдегі күрес, оның тарихи маңызы жағынан алғанда, ескі өкіметтің бостандықты қамтамасыз етеміз деген уәдесі үшін жүргізілген күрес болды. Халықтың осы күнге дейін уәделерден басқа мардымды еш нәрсеге қолы жетіп көрген емес. Бірақ осы мардымды нәрсе үшін күресудің сәтсіздікке ұшыраған сансыз көп әрекеттері босқа кеткен жоқ. Бұлар халықты неғұрлым елеулі күреске әзірледі. Бостандықты уәде ету мен бостандықтың болмауы арасындағы қайшылық, «бәрін тындырып отырған» ескі өкіметтің толық өктемдігі мен Думадағы тек сөйлеумен ғана тынатын «халық өкілдерінің» өктемсіздігі арасындағы қайшылық, осы қайшылық дәл қазір, нақ Дума тәжірибесі арқылы халық бұқарасына барған сайын күштірек, барған сайын терең ірек, барған сайын өткірірек сезіліп келеді. Халықтың толық бостандығын іс жүзінде қамтамасыз ету үшін халықтың толық өктемдігі жолындағы күрес, осы күрес ғажап тездікпен жақындап келеді, жақындағанда, біздің пікірлеріміздің субъективті логикасының нәтижесінде ғана емес, саяси оқиғалардың объективті логикасының нәтижесінде жақындап келеді. Міне, сондықтан да жаңа лептің есуі үшін Думаның бірнеше күн мәжіліс құруы жеткілікті болды. Дума әшкерелеудің тамаша құралы болып табылады, сондықтан ол *осындай* Думаның күші туралы, уәделердің маңызы туралы, берілген конституциялардың немесе ескі өкімет пен жаңа бостандық арасындағы шарттардың пайдасы туралы алдамшы пікірлерді айрықша жақсы әшкерелеп отыр. Міне, сондықтан да азаттық қозғалысының ілгері қарай басқан жаңа және нақты қадамының белгісі соншалық тез байқала бастады. Сайлауда кадеттердің жеңіп шығуы жұрттың бәрінің басын айналдыра жаздады. Кадеттердің Думадағы іс-әрекеті қазірдің өзінде-ақ кадеттердің даңқын түсіре бастады. Халықтың шын бостан-

дығын қамтамасыз ету үшін халықтың толық өктемдігі жолындағы күрес жақындай түскен сайын, ескі өкімет-ті жаңа бостандықпен келістірушілер халық алдында өздерінің беделін жоғалтып келеді және сөзсіз жоғал-тады.

1906 ж. 4 (17) майда жазылған

1906 ж. 5 майда «Волна» газетінің 9-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Л — н

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЖАҢА ӨРЛЕУ [45]

Дума мәжілістерінің басталуы қаражүздік ойрандардың басы болды. Кадеттер мен барлық мещандарды саясатта масаттандырып, мейірімдендіретін «бейбіт парламенттік» жолдың басталуы — азамат соғысының ең дөрекі, ең тура және тікелей көріністерінің басы болды. Мемлекеттік мәселелерді «праволық» әдіспен шешудің, сайлау жазбалары мен дауыс есебі арқылы шешудің басталуы,— қарсы ойлайтындарды құрту арқылы, саяси дұшпандарды жою (және де тура: оқпен, семсермен жою) арқылы мемлекеттік мәселелерді шешетін ең дөрекі зорлықтың бұрқ етуінің басы болды *.

Бұл тұстас келушілік кездейсоқтық емес пе? Әрине, жоқ. Ал полиция ойрандарды ұйымдастырғанда арандату мақсатымен, Думаның беделін түсіру мақсатымен ұйымдастырып отыр деп түсіндіру жеткіліксіз болар еді. Әлбетте, полицияның тікелей қатысуы жөнінде ешбір күмән болмауға тиіс. Әлбетте, полиция ұйымдастырады, айдап та салады, арандатады да. Мұның бәрі осылай. Бюрократияның шын мәпісінде, өлімге бел байлап жүргізіп отырған соғысында, осы соғыста бюрократияның малайлары мен жақтаушылары қандай құралдарды болса да қолданудан ешбір тайынбайды. Бірақ

---

* Полиция айдап салған тобырдың Вологда Халық үйін өртеуі, Симбирск демонстранттарын ұрып-соғу — соңғы күндердегі ойрандардың неғұрлым көрнекті оқиғалары осындай.

күрестің дәл осындай тәсілдерін олардың нақ қазір кең көлемде қолдануына тура келген себебі не? Революциялық дамудың бүтіндей дәуірлерін соғысушылардың мейлінше зұлым ниетінің, мейлінше қанқұмарлығының және мейлінше айуандығының нәтижелері деп қарамау үшін бұл мәселені ойластырған жөн.

Біз жаңа қоғамдық өрлеудің басталғанын басымыздан кешіріп отырмыз. Жұмыссыздардың қозғалысы да, Бірінші май да, шаруалар арасында, әскерлер арасында толқудың күшеюі де, митингілер де, баспасөз де, одақтар да,— осының бәрі де жаңа өрлеуді мейлінше айқын дәлелдейді. Кең етек алған халық қозғалысының өрлеуі кадеттер мен жалпы «солшылдардың» сайлауда жеңіп шығуынан көрінген өрлеуді бар болғаны бірнеше күннің ішінде-ақ басып озды. Кадеттер қазірдің өзінде-ақ кейін қалып қойды. Кадет Думасы шешек жармай жатып-ақ, қазірдің өзінде семіп, солып барады. Біздің ұсақ буржуазиялық гүлсымақтардың бұлай солуының, кадеттердің осы абыржуының өте-мөте ерекше көрінісі, былайша айтқанда, Д. Протопопов мырзаның (кадет, Мемлекеттік думаның мүшесі) кешегі «Думадағы» мақаласы болды. Протопопов мырза мұңын шағып, зар жылайды: «Бірсыпыра ең күрделі мәселелерді түбегейлі, дереу шешуді және, ең бастысы, күтіп отырған реформаларды да нақ солай дереу нақты жүзеге асыруды еліміз Мемлекеттік думадан күтіп отыр». Марқабат етіңіздер, ел азаматтары,— деп шақырады кадет.— Бізде «сиқыршының таяғы» да, «толық өкімет билігі» де жоқ қой (халыққа толық өкімет билігін әперу кадеттердің программасында да, яғни көксейтін саяси мұратында да жоқ екенін қоса айтуды кадет ұмытып отыр). Мемлекеттік дума Конвент емес қой. Сөйтіп, зәресі ұшқан мещанның: «Осындай Дума-Конвент қана біздің қоғамның едәуір бөлегінің талаптарын қанағаттандыра алар еді», деген теңдесі жоқ, көңіл толқытарлықтай мойындауы кадеттің аузынан шығып отыр. Дұрыстың аты дұрыс. «Едәуір бөлегі», бәлкім, тіпті шаруалар мен жұмысшылар бұқарасы да, Конвентті талап етер, бірақ алып отырғандары — кадеттердің Думасы... Бейшара, бейшара кадеттер! Олар өзде-

рін өрлеу соншама тез, соншама күдер үзетіндей басып озады деп күте қойды ма екен?

Міне, сонымен осы ұлы өрлеу мына жағдайдың — күрес мейлінше шиеленісіп отырган, «бейбіт парламентаризм» құлдырап, соңғы орынға ығысып отырган, конституцияны тәлкек ету мемлекеттік мәселелерді күш арқылы тікелей шешумен ауысып отырған жағдайдың материалдық негізі болып отыр. Тек анағұрлым кең негізде, анағұрлым кең көлемде, шаруалар бұқарасы мен жұмысшы табының саналылығы арта түскен кезде, олардың саяси тәжірибесі едәуір молыққан кезде (бастан кешірген октябрь — декабрь дәуірінің арқасында) октябрьдегі өрлеу қайта жалғасып отыр. Күресуші екі жақтың күштері октябрьде теңесті. Ескі самодержавиенің *ендігі жерде* елді басқаруға шамасы *жетпейтін* болып шықты. Толық бостандық болуын қамтамасыз ететін толық өкімет билігіне жетуге *әлі* халықтың шамасы *жетпей* отыр. 17 октябрьдегі манифест күштердің осылай теңесуінің заң жүзіндегі көрінісі болды. Бірақ ескі өкіметті жеңілдік жасауға көндіре отырып, оны бостандықты қағаз жүзінде мойындауга мәжбүр ете отырып, күштердің бұл теңесуі күресті мүлде тоқтатқандықты емес, оны аз уақытқа ғана кідірткендікті білдірді. Біздің үкімет туралы октябрь мен ноябрьде жұрт былай десті: үкімет «ереуіл жасады», революцияның «аңысын аңдып» мүлде сіресіп қатып қалды, сөйтіп дер кезін бағып тұрып, жанталасқан ұрысқа ұмтылды, ұрыс оның жеңіп шығуымен аяқталды. Әрқашан да өресі тар саяси мещандар, оздеріне тән қорқақтықпен, тозығы жеткен, жәдігөйлік «идеализммен» үкіметтің осы «ереуілі», революцияның осылай аңысын аңду «адамгершілікке жатпайды» деп ызалапды, жылап-сықтады, ашу шақырды. Бұған ызаланудың қажеті жоқ. «Соғыс болған соң, соғыстағыша болсын». Қай соғыста болса да екі жақ күштері теңескенде біраз уақыт кідіре тұрады, күш жинайды, тынығады, бастан өткен тәжірибені әбден ойластырады, әзірленеді, сөйтіп — жаңа ұрысқа ұмтылады. Куропаткин мен Ойяманың армияларымен осылай болды. Ұлы азамат соғысы-

ның бәрінде де осылай болып келді, әрқашан да осылай болады. «Соғыс болған соң, соғыстағыша болсын».

Бірақ азамат соғысы әдеттегі соғыстан өзгеше, ол өлшеусіз аса қиын соғыс, онда күресушілердің бір лагерьден екінші лагерьге өтуі (біресе октябристер [16] үкімет жағына кетеді, біресе әскердің бір бөлегі халық жағына кетеді) салдарынан, «комбатанттар» мен «комбатант еместердің» арасына, яғни соғысушылар қатарында есептелетіндер мен есептелмейтіндердің арасына меже қоюдың мүмкін еместігі салдарынан — күресушілердің құрамы мәлімсіз болады, оны анықтауға келмейді. Үкімет «ереуіл жасаған» кезде, полиция «аңысын аңдып» сіресе қалған кезде,— соғыс бәрібір тоқталмайды, өйткені, атап айтқанда, ол соғыс — азамат соғысы, халықтың өз ішінде ескі өкіметті қорғауға мүдделілер және бостандықты қорғаушылар бар. Міне, сондықтан күштерді теңестірген қазіргі өрлеу тағы да мызғымас қажеттілікпен, бір жағынан, үкіметтің әлсіреуіне, оның «ереуіл жасауына», «революцияның аңысын аңдып» тұрудың біраз қайталануына әкеліп соқтырады,—ал екінші жағынан, күрестің октябрьдегі, ноябрьдегі және декабрьдегі формаларын қайта жаңғыртуға әкеліп соқтырады. Көз алдымызда өріс алып отырған ұлы оқиғаларға саналы түрде қарағысы келетін адамның, революциядан үйренгісі келетін адамның қай-қайсысы болса да күрестің осы формаларының болмай қоймайтындығы жөнінде өзіне толық есеп беруге тиіс, күрестің осы формалары арқылы өзімізге жүктелетін міндеттерді ойластыруға тиіс.

Кадеттер өздерінің сайлаудағы жеңістеріне масаттанып, Россияның парламентаризм жолына түскендігі туралы тау-тау қағаз жазды. Біздің партияның оң қанатындағы социал-демократтар жалпы әуестенушілікке беріліп кетті. Партияның Бірігу съезінде олар жеңіп шыққандықтан, солшыл социал-демократтардың қарсылығына қарамастан, революцияның өрлеуі туралы, қозғалыстың қазіргі кезеңдегі басты формалары туралы, пролетариаттың міндеттері туралы қарарды өздері алып тастады. Олар бұл жөнінде Думадан гөрі халық революцияшылдау емес пе, сөздің тар мағынасындағы ре-

волюциялық күрес болмай қоймайтын күрес емес пе деп кадеттердің соңғы съезінде[47] мәселе қоя жаздап барып, бірақ қорқақтық жасап, мәселені талқылаудан дереу алып тастаған Милюков мырзаға ұқсады. Мұндай мәселеден жалтару кадет үшін табиғи нәрсе болатын. Ал социал-демократтарға бұлай жалтару лайықсыз еді. Өмірдің өзі де қазір ол үшін өш алып отыр. Думаны екінші орынға ығыстырып отырған және, біздің мұны тілейтін не тілемейтінімізге мүлде қарамастан, жаңа октябрьді, жаңа декабрьді жақындатып отырған күрес формаларын өмір қазірдің өзінде-ақ стихиялық күшпен алға қойып отыр.

Солшыл социал-демократтардың «қозғалыстың *басты* формасы» деп ойыншық-конституциялық форманы емес, октябрь-декабрь формасын, яғни ескі заңдарды да, өкіметтің ескі органдарын да тікелей ығыстырып шығаратын, нағыз күрес үстінде құрылған жаңа өкіметті бостандықты жеңіп алудың құралы ретінде пайдаланатын қалың бұқараның бой көрсетуін ашық және тура мойындайтын қарарын оң қанаттағы бір социал-демократ съезде келемеж етті. Біз қазір күрестің бұл формаларын көре алмай отырмыз, деп даурықты оңшыл социал-демократтардың шешені. Мұның өзі шындық емес, біздің солшылдардың, осы қиялшылдардың, осы бүлікшілердің, осы анархистердің ойдан шығарып жүрген нәрсесі.— Өзіңіздің кадеттік көзілдірігіңізді алыңыз! — деп жауап бердік біз бұл жолдасқа съезде,— сонда сіз көз алдыңызда болып жатқан нәрсені ғана көріп қоймайсыз. Сіз пақ думалық күрестің *басты* күрес емес екенін көресіз, сіз объективті жағдайлар қозғалыстың *думадан тыс* формаларын болғызбай қоймайтынын, дәл сол формаларды басты, мәнді, түбегейлі, шешуші формалар ететінін түсінесіз.

Съезде болған осы таластардан кейін бір-екі апта өтті. Ал революция кадеттік көзілдірікті оңшыл социал-демократтардан ғана емес, сонымен қатар қалың халық бұқарасынан да жұлып тастап отыр. Дума қазірдің өзінде-ақ құлдырап барады, конституциялық жалған үміттер қазірдің өзінде-ақ күйреуде. Шолақ ойлы адамдар мен шарықтаған ойға тым беріліп кеткіш адамдар

күні кеше көргісі келмеген күрестің октябрь-декабрьдегі формалары қазірдің өзінде-ақ жақындап келеді. Егер күрестің осы формаларының сөзсіз өсіп, дамитындығын бағалай білмесе, егер өмір қойып отырған және жақында бұқара алдына қоятын міндеттерді бұқара алдына бар тұлғасымен қоймаса, онда социал-демократия пролетариат алдындағы өз борышын орындай алмайды. Егер партиямыздың оң қанатынан жиі-жиі естілетін бүлікшілік, халық ерікшілдігі деген менсінбей айтылған сөздермен осы формаларды зерттеуден, бағалаудан бұлтаратын болса, онда социал-демократия өзі өкілі болып отырған тапқа лайық болмай шығады. Стихиялық толқын өрлеп келеді,— осы өрлеуге өзіміздің октябрь мен декабрьде енгізе алғанымыздан гөрі көбірек саналылық, көбірек ұйымшылдық енгізу үшін дереу барлық күшімізді жұмсауымыз керек.

Біз оқиғаларды жеделдетуге тиіс емеспіз. Қазір дүмпуді тездету біздің мүддемізге сай емес. Бұған күмән келтіруге болмайды. Біз 1905 жылдың аяғындағы тәжірибеден осындай сабақ алуға тиіспіз. Бірақ мұның өзі — міндеттің шамалы ғана бөлегі, мұның өзі — біздің тактикамыздың мүлде теріс анықтамасы. Кімде-кім мәселенің осы жағымен қанағаттанса, кімде-кім осы теріс міндетті бір дұрыс нәрсеге айналдырса, ондай адам халық бостандығын самодержавиемен ымыраластырушы буржуазияшыл келісімпаздардың роліне дейін тоқтаусыз құлдырайды.

Жұмысшы табы партиясының алдына аса елеулі, шұғыл және негізгі міндет қойылып отыр. Өзіміздің барлық ойымызды, барлық күш-жігерімізді, өзіміздің бүкіл үгіт, насихат, ұйымдастыру жұмысымыз бен тікелей практикалық жұмысымызды біз пролетариат пен шаруалардың шешуші жаңа күреске неғұрлым әзір болып шығуына жұмсауға тиіспіз. Бұл күрестің формаларын таңдау біздің еркімізге байланысты емес,— оларды орыс революциясының тарихи дамуы мызғымас қажеттілікпен белгілейді. Біз үкіметтің «аңысын аңдуының» не екенін, тез жетіліп келе жатқан жалпы саяси дағдарысқа байланысты бұқараның өсіп келе жатқан қозғалысының не екенін қазірдің өзінде-ақ бі-

леміз, тәжірибеден білеміз. Октябрь күресінің қалай керемет тез өскенін, оның декабрь күресіне қалай созсіз ұласқанын біз білеміз. Бәрі өз орнында болсын да. Түйіннің шешілер кезін ешкім болжап айта алмайды, қозғалыстың декабрь мен октябрьдегі формаларының қандай тәртіпте және қандай байланыста біржолата етек алатынын ешкім білмейді. Бірақ олар қазірдің өзінде-ақ етек алып келеді. Олардың органдары қазірдің өзінде-ақ пайда болуда. Ұлы революцияның нәтижесі түгелдей болмаса да, көбінесе алдыңғы қатарлы таптың топтасқандығына, саналылығына, ұстамдылығы мен батылдылығына байланысты.

«Волна» № 10, 6 май, 1906 ж.
Қол қойған· Н. Л — н

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СЪЕЗДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕ

«Оппозицияның тамаша табысы,— деп жазады бүгін «Речь» [48],— жерленген сияқты болып көрінген ескі жалған үміттерді жандандырғанын және революциялық қозғалысты бланкизм жолына қайта оралту қаупін туғызып отырғанын көрсететін белгілер бар; ал орыс социал-демократиясының парасатты «азшылығы» декабрь «қарулы көтерілісі» сәтсіздікке ұшырағаннан кейін революциялық қозғалысты бланкизм жолынан бұрып жіберуге соншалық жан сала тырысқан еді».

Бағалы мойындау, орыс жұмысшыларының бұл жөнінде ойлануына болады. Кейбір социал-демократтарды парасатты деп иығынан қағып, оларды буржуазия не үшін қорлап отыр? Қозғалысты бланкизм жолынан, «декабрь» жолынан бұрып жіберуге олардың жанын сала тырысқандығы үшін. Декабрь күресінің бланкизм болғаны рас па? Жоқ, бекер. Бланкизм дегеніміз — тап күресін теріске шығаратын теория. Бланкизм адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың таптық күресі арқылы емес, шамалы ғана интеллигенттік азшылықтың заговоры арқылы құтқаруды күтеді. Осындай заговор немесе осы сияқты бірдеме декабрьде болды ма? Заговор сияқты еш нәрсе болған емес. Мұның өзі күрестің таза пролетарлық құралын, стачканы қолданған және орыс саяси майданында бұрын-соңды болып көрмеген толып жатқан жартылай пролетарларды (темір жолшылар, почта қызметшілері, т. т.), шаруаларды

(Оңтүстік, Кавказ, Прибалтика өлкесі) және қалалардың ұсақ буржуаларын (Москва) өзіне қосып алған пролетариаттың қалың бұқарасының таптық қозғалысы болды. «Бланкизм» құбыжығы арқылы буржуазия халықтың өкімет үшін күресін төмендеткісі, масқаралағысы, қаралағысы келеді. Пролетарлар мен шаруалардың ескі өкіметтің жеңілдік жасауы үшін ғана күресуі буржуазияға тиімді.

Оң қанаттағы социал-демократтар әншейін айтыстағы сұлу сөз үшін «бланкизмді» қолдана береді. Буржуазия осы сөзсымақты пролетариатқа қарсы қаруға айналдырып жүр: «Парасатты болыңдар, жұмысшылар! Кадеттік Думаның праволарын кеңейту үшін күресіңдер, буржуазия үшін отқа да, суға да түсіңдер, бірақ халықтың толық өкімет билігі үшін күресу сияқты ақылсыздық, анархизм, бланкизм туралы ойлаушы болмаңдар!»

Оңшыл социал-демократтар қозғалысты октябрь, декабрь жолынан, тәсілдерінен тайдыруға жанын сала тырысыпты деп либерал буржуалар рас айта ма? Амал не, бұл рас. Оң қанаттағы социал-демократтардың бәрі бірдей өз тактикасының осындай маңызы бар екенін мойындаған жоқ, бірақ оның шын маңызы нақ осындай еді. Дума сайлауына қатысуға итермелеу революцияға опасыздық жасаған және революциялық күресті «ескі жалған үміт» деп атаған кадеттерді шын мәнінде жақтағандық еді. Солшыл социал-демократтардың қатты қарсылық көрсетуіне қарамастан социал-демократияның оң қанаты қабылдаған Бірігу съезінің принцип жағынан аса маңызды үш қарарының бәрінде,— аграрлық программада, Мемлекеттік дума туралы қарарда және қарулы көтеріліс туралы қарарда—«социал-демократияның парасатты бөлегінің» революциялық қозғалысты октябрь—декабрь жолынан тайдыруға тырысуының айқын іздері бар. Атышулы «муниципализацияны» алыңыз. Рас, біздің қысымымызбен, муниципализация жөніндегі Масловтың бастапқы жобасы, сөз жоқ, солға қарай жылжытылды. «Иеліктен айырудың» орнына «конфискелеу» қойылды, жер бөлісіне жол берілді, «ша-

руалардың конфискелеуге дейін баратын революциялық бой көрсетулерін» қолдау, т. т. қосылды. Бірақ, күзелсе де, дегенмен муниципализация қалып қойды. Муниципализация — помещик жерлерін демократиялық земстволарға беру деген сөз. Революцияшыл шаруалар бұған бармайды. Земстволар демократиялық болғанымен, әзірге жергілікті жерлердегі бұл демократизм демократиялық емес орталық өкіметпен ұштасып отырғанда революцияшыл шаруалардың земстволарға сенбеуі дұрыс және сенбейді де. Әзірге бүкіл өкімет, сөзсіз бүкіл өкімет, халық сайлайтын, халыққа есеп беретін, халық ауыстыратын өкімет болмай тұрғанда, өкіметтің жергілікті органдарына да, орталық органдарына да жер беруді олардың қабылдамай тастауы орынды. Ал бұл шартты солшыл социал-демократтардың қарсылығына қарамастан, съезд қабылдамай тастады. Халық мемлекеттік өкімет орындарының бәрін сайлаған кезде жерді халыққа берудің орнына, съезд жердің сайланып қойылатын жергілікті өкімет органдарына берілуін қабылдады! Ал съездің дәлелдері қандай еді? Көресіз бе, программада өкіметті басып алу идеясының керегі жоқ; реставрацияны болғызбау кепілдігі керек. Бірақ революцияшыл шаруалардың өкіметті басып алуынан қорқу — шаруалар революциясынан тура кадетше қорқу деген сөз.

Ал сөздің шын мағынасында реставрацияны болғызбау кепілдігі біреу-ақ болуы мүмкін: Батыстағы социалистік төңкеріс. Әзірге капитализм тұрғанда, әрқашан солқылдақ, әрқашан тұрақсыз ұсақ товар өндіруші тұрғанда, демократиялық емес орталық өкіметтің реставрациялану қаупінен бізді бұл шарттан басқа дүниеде ештеңе де құтқара алмайды. Реставрацияны болғызбаудың біршама кепілдіктері туралы бос қиялға берілудің орнына біз, демек, өз революциямызды ақырына дейін жеткізу туралы ойлауға тиіспіз. Социал-демократтардың оң қанаты съезде реставрациямен мәмлеге келуге ұқсас программа қабылдау арқылы реставрацияны болғызбау кепілдігін тапты: егер аграрлық программада демократиялық емес орталық өкіметтің толық демокра-

тизмінің қажеттігі туралы үндемесек, *осы* өкіметтің реставрациялау қаупінен біз өзімізді құтқарамыз...

Мемлекеттік дума туралы қарарды алыңыз. Съезд оны кадеттер сайлауда жеңіп шыққаннан кейін қабылдады. Сондықтан съезд, біздің қарсылықтарымызға қарамастан, нақты кадеттік Дума туралы емес, жалпы халық өкілдерінің Думасы туралы айтып отыр. Социал-демократияның оң қанаты *бұл* Думаның екіжүзді жаратылысын көрсеткісі келмеді,— ол *кадеттік* Думаның атқаруға тырысып отырған контрреволюциялық ролі туралы жұмысшыларға ескертпеді,— ол: социалистік жұмысшылар шаруалар демократиясымен және революциялық демократиямен бірге кадеттерге қарсы шығуға тиіс деп тура, анық айтуға келіспеді. Ол бізде парламент бар ма, жоқ па, бізде социал-демократиялық парламентарийлер бар ма, жоқ па дегенді жақсылап ойлап алмай жатып, социал-демократиялық парламенттік фракцияға ие болуға тілек білдірді.

Жоғарыда аталған қарарлардың үшіншісін алыңыз. Ол әсіре революциялық сөзбен басталады, солай бола тұрса да, ол түгелінен октябрь-декабрь күресіне теріс көзқарас рухында болмаса, скептиктік көзқарас рухында жазылған. Ол қарарда орыс пролетариаты мен орыс халқының 1905 жылдың аяғында жинақтаған *тарихи* тәжірибесін есепке алу туралы бір де сөз жоқ. Ол қарар күрестің әбден белгілі формаларының өткенде тарихи шүбәсыздығынан пайда болғанын және қазір қайтадан пайда болып отырғанын мойындамайды. Біз қарарлардың негізгі кемшіліктерін ең қысқа және жалпылама түрде ғана көрсеттік, ал съезде бұл кемшіліктер жөнінде тартыс болды. Біз осы сөз болған мәселелерге әлі талай рет ораламыз. Пролетариат партиясы кадеттік Думаның және жаңа өрлеудің тез етек алып келе жатқан көрінісінің бізге беретін жаңа мәліметтеріне сүйене отырып, ол мәселелерді мұқият талқылап, қайта қарауға тиіс. Пролетариат партиясы өз өкілдерінің қарарларына қатаң сын көзімен қарай білетін болуға тиіс. Ал орыс социал-демократиясының парасатты тіл алғыш-балаларын мадақтайтын буржуазиялық бас-

пасөздің қызу әнге басуы партия ішінде белгілі бір ауру бар екенін пролетариатқа айқын көрсетіп отыр.

Біз бұл ауруды емдеп жазуға тиіспіз және емдеп жазамыз да.

1906 ж. 6 (19) майда жазылған

1906 ж. 7 майда «Волна» газетінің 11-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Л—н

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ДУМА ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Думаның халыққа көзқарасы туралы мәселе күн тәртібінде тұр. Оны жұрттың бәрі талқылауда, әсіресе Думада үстем болып отырган кадеттер ерекше құштарлана талқылауда. Екінің бірінде кадеттің таңдаулы адамдарының көзқарасын білдіретін солшыл кадеттік «Наша Жизньнің» [49] қызықты пікірлерінің бірі мынау.

«Думаның халықпен бірігуінің шекарасы қайда? — деген сұрақ өзінен-өзі туады. Думаның не халық ынта-жігерінің ойыншығы болатын немесе, керісінше, оның халық пен партиялардан қол үзетін шектері қайда? Халықтың Думага көзқарастары стихиялық көзқарастар болған күнде, ол көзқарастар қауіпті болады. Пәлендей бір ірі оқиға бола қалған күнде — бұрқ ете түскен стихиялық наразылық дереу Думаға әсер етеді, опда халық еркінің дербес, ұйымдасқан түрде жұмыс істеуші органы болып қалу Думаға оңай болмайды. Тарих, тіпті сол француз революциясының тарихы болсын, халық өкілдерінің тобырдың ойыншығы болганы жөніндегі мысалдарды талай рет көрсетті. Бірақ керісінше, мүлде селқос қараушылық болуы да мүмкін. Думаны қуып жіберген күнде, оны халық шын қолдайды деп біз сеніммен айта аламыз ба, Думадан дәл қазір ерекше батыл шешімдер талап етіп отырған адамдар шүбәланып езу тартып, басқа жаққа бұрылып кетпей ме, олар: міне біз Думаның дәрменсіздігін алдын ала айтқанбыз демей ме. Бірақ олар қай кезде, не істер екен?».

Сонымен, автор Дума мен халық арасында нақты байланыс орнату үшін әр алуан клубтар мен жиналыстар ұйымдастыруға шақырады. «Думаны мейірбандықпен сынау және оны белсене қолдау — міне, қазіргі кезеңнің игілікті міндеті осы».

Асыл ойлы кадеттің осы мейірбандық сөздерінен оның партиясының және осы партия үстем болып отырған Думаның дәрменсіздігі қандай айқын көрініп отыр! Клубтар, жиналыстар, халықпен жанды байланыс... Өзінен-өзі түсінікті нәрселер туралы соншама маңызданып әңгіме етудің не керегі бар? Клубтар мен жиналыстардың пайдасын дәлелдеп жатудың қажеті қанша? Басымыздан кешіріп отырған өрлеуге байланысты еркін желдің алғаш соғуы-ақ митингілерге, клубтарды құруға, баспасөзді дамытуға бастап әкелді. Сыртқы кедергілер тыйым салғанша, бұл іс ілгері баса береді. Бірақ мұның бәрі, былайша айтқанда, мәселенің техникалық жағына қатысты нәрсе ғой: клубтар, жиналыстар, газеттер, баспасөз, петициялар (петицияларды әсіресе біздің оң қанаттағы социал-демократтар ұсынып жүр) — осының бәрі Думаға халық пікірін білуге, халыққа Думаны білуге көмектеседі. Әрине, мұның бәрі мың мәрте қажет нәрселер. Күмән жоқ, мұның бәрі жұртты ұйымдастырады, хабардар етеді. Мұның бәрі «байланыс» орнатады,— бірақ тек ойлап қараңыздаршы, әңгіме қандай байланыс туралы болып отыр? Тек қана техникалық байланыс туралы болып отыр. Социал-демократиялық жұмысшы ұйымдары кадеттік Думаны мұқият қадағалап отыруға тиіс. Бұған талас жоқ. Бірақ өте жақсы хабардар болып, өте жақсы ұйымдасқан күнде де олардың «байланысы» мүдделер байланысы, міндеттердің сәйкес келуі, саяси ниеттің бірдейлігі болып шықпайды. Ал істің мәні осында. Біздің мейірбан радикал байланысудың *құралдары* туралы мәселемен жүріп, байланыстыратын нәрсенің *мазмұнын* байқамай қалыпты, таптық мүдделердің өзгешелігін, саяси міндеттердің үйлеспеушілігін байқамай қалыпты.

Ол мұны неге байқамай қалған? Неге десеңіз ол, кадет болғандықтан, кадеттік Думаның халықтың қалың бұқарасының *артында* тұрғанын байқай алмайды немесе мойындаудан қорқады. Дума жер үшін, бостандық үшін күресте саналы шаруалар бұқарасын өз соңынан ертпейді,—Дума шаруалардан қалып қойып отыр, оның күресінің өресін *тарылтып* отыр. Думаның пролета-

риаттан қаншалықты қалып қойып отырғандығы туралы айтпаса да болады. Кадеттік Дума — шаруалар бұқарасы мен жұмысшы табының көсемі емес, оң жақтың одағы туралы, сол жақтың тілектестігі туралы арман етуші «мейірбан» делдал. Кадеттік Дума дегеніміз — кадеттер Думадан не істесе сол. Ал «халық бостандығының» партиясы дегеніміз — демократиялық ұсақ буржуазия мен контрреволюциялық ірі буржуазияның арасында, халыққа сүйенуге ұмтылу мен оның революциялық талапкерлігінен үрейлену арасында ауытқушы буржуазиялық партия. Халық пен ескі өкімет арасындағы күрес негұрлым шиеленісе түссе, делдалдың жағдайы соғұрлым ауырлап, ауытқушылар соғұрлым дәрменсіз бола түседі. Жоғарыда келтірілген цитат пен кадеттердің барлық сөздерінен білініп тұратын қайғылы сарын осыдан туып отыр. Олардың өз дәрменсіздігіне қапаланып шағым етуі де осыдан туып отыр. Өздерінің дәрменсіздігін, жалтақтығын, табансыздығын халыққа жабуға олардың үнемі әрекеттенуі де осыдан туып отыр.

«Мейірбан» буржуазиялық радикалдың осы үрейленуінің қандай маңызы бар екенін жақсылап ойлаңызшы: Дума халық ынта-жігерінің ойыншығы, тобырдың ойыншығы бола көрмесін! Осы бейшара адамдар өздерінің халық ынта-жігерінің органы, халық көсемі бола алмайтындығын сезеді,— міне сондықтан халықты жирене тобыр деп атап, «ойыншық» рөлінен менмендікпен бас тартып, өздерінің дәрменсіздігін, өздерінің артта қалғандығын олар халыққа жабады. Ал оның бер жағында Россияда әлі де болып отырған бостандықтың бәрін тек «тобыр» жеңіп алды, табандылықпен көшеге шыққан, күресте есепсіз құрбандық жасаған, өлім не бостандық деген ұлы ұранды өздерінің істерімен қолдаған халық қана жеңіп алды. Халықтың осы бой көрсетулерінің бәрі тобырдың бой көрсетуі болды. Россиядағы бүкіл жаңа заманды халықтың ынта-жігері ғана жеңіп алды және бұл заман тек қана соған табан тіреп отыр.

Ал сіздер, «халық бостандығы» туралы сөздердің партиясы, сіздер халық ынта-жігерінен қорқасыздар,

сіздер тобырдан қорқасыздар. Сіздердің де «тобырды» селқос деп кінәлауға батылдарыңыз барып отыр-ау! Сіздер жаратылысыңыздан скептиксіздер, өздеріңіздің бүкіл программаңызда скептиксіздер, өздеріңіздің бүкіл жартыкеш тактикаңызда скептиксіздер, ал халықтың сіздердің сөздеріңізге сенбеуін оның «скептизмі» деп атайсыздар! Сіздердің саяси ой-өрісіңіз: халық Думаны қолдай ма, қолдамай ма? деген сұрақтан әрі бармайды.

Біз бұл сұрақты кері айналдырып қоямыз. Думадағы кадеттер халықты қолдай ма? Әлде олар халықтың соңында жүр ме? Халық бостандық үшін *қазірдің өзінде істеген* ісін «істеген» кезде бұл скептиктер халықты қолдай ма? Әлде олар халықтың аягынан шалып, оның жігерін құм етіп, оны анархизм мен бланкизм жөнінде, ақылсыздықтың стихиялылығы мен стихияның ақылсыздыгы жөнінде айыптайтын бола ма?

Бірақ шаруа бұқарасы мен жұмысшы табы өз ісін істейді, сілікпесі шыққан буржуазиялық интеллигенцияның бейшаралық қорқыныштары мен шүбәларын жиренe шетке лақтырып тастайды. Олар Думаны қолдамайды,— олар өз талаптарын қолдайды, ол талаптарды кадеттік Дума соншалық жартылай, жеткіліксіз білдірген еді.

Кадеттер өздерін дүниенің тұтқасымыз деп ойлайды. Олар бейбіт парламентаризмді армандайды. Олар арманды шындық деп қабылдады. Олар, көріп қойыңыз, күресіп жатыр, оларды қолдау керек. Керісінше емес пе, мырзалар? Шын парламентаризм елдерінде ешкімнің ойына да келмейтін сөзді, «Думаны қуып жатыр» деген сөзді сіздер өздеріңіз ылғи еске алып жүрген жоқсыздар ма? Осы сөздің маңызы туралы, осы сөзді айтуға тура келетін жағдай туралы кімде-кімнің кәдімгідей ойланғысы келсе, ол адам не біздің алдымызда жалған сөздермен бояманланған жиреніште қараң қалушылықтың тұрғанып, не тобырдың жаңа ісі, ұлы халық ынта-жігерінің жаңа ісі тұрғанын түсінеді.

Біз кадеттерден бұл іске көмек күте алмаймыз. Дума азшылығы, «Еңбек тобы» мен «жұмысшы тобы» мәселені кадетше қоймас деп сенетін боламыз. Олар халық-

тан өзіне көмек сұрамайды, олар біздің ойыншық парламентте өздерін күшпен жариялай алмайды,— олар келешектегі осы ұлы істі немен болса да қолдауға өздерінің барлық күш-жігерін, өздерінің күллі жұмысын бағыттайды.

«Волна» № 12, 9 май, 1906 ж.

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ГАЗЕТТЕР МЕН ЖУРНАЛДАР ӘЛЕМІНДЕ [50]

«Невская Газетаның» 6-номеріндегі «Либералдық мақтаулар» деген мақалада Л. М. жолдас буржуазияның оңшыл социал-демократтарды ақиқат социал-демократтар деп мақтайтынын, ал солшыл социал-демократтарды анархистер деп ұрсатынын дәлелдегісі келеді. Буржуазия күрестің дөрекі әдісі ретіндегі анархизмнен, бомбалардан, т. т. өте-мөте қорқады дегенді айтады.

Мұндай козқарас ақиқатты тура күлкі қылу деген сөз.

Германиядағы бернштейншілдерді, Франциядағы мильераншылдарды [51] буржуазия олардың нақ оппортунизмі үшін, кескілескен күресте олардың қайшылықтарды мұқалтқаны үшін мақтағанын Л. М. жолдас қалайша білмейді? Бернштейншілдер мен мильераншылдарды ақиқат социал-демократтар деп санауға бейім болып, Л. М. неғып соншалықты «ақылды» бола қалған?

Немесе Л. М. жолдас тым болмаса соңғы кезге дейінгі халық ерікшілдігі және эсер терроры мен күрестің қазіргі декабрь формаларына орыс либерал буржуазиясының көзқарасы жөнінде ойлап көрсінші. Террор либерал буржуазияға жексұрын көрінген самодержавиеге қарсы бағытталған кезде, либерал буржуазия социал-демократтардан гөрі эсерлерді көбірек мақтады ғой. Солай емес пе, Л. М. жолдас? Ал сіз қалай ойлайсыз,

Л. М. жолдас, егер оңшыл социал-демократтар өздерінің *қазіргі* позициясын тастап, таза парламентаризм тұрғысына көшсе, оларды либерал буржуазия мақтар ма еді? Ал сонда қалай, Л. М. жолдас, сіз либерал буржуазия социал-демократтардың таза парламентаризмі оңшыл социал-демократтардың осы күнгі позициясынан гөрі *қазіргі кезеңде* өзі үшін неғұрлым зияндырақ екенін, ал пролетариат үшін неғұрлым пайдалырақ екенін құр әншейін түсінбейді деп айта аласыз ба?

«Волна» № 12, 9 май, 1906 ж.

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ТУРАЛЫ ҚАРАРЫНА [52]

Қарардың осы жобасын баса отырып, біз әділетті адамдарға мынаны шешуді ұсынамыз: «анархизм», «бланкизм» деген, т. с. сөздерді сан саққа жүгіртуге осы жоба титтей де болса сылтау бола ала ма. Оның үстіне, өмір қай қарарды ақтады, съезд қабылдаған қарарды ма, әлде осы қарарды ма? Думаның тек жанама түрде ғана пайдаланылуы мүмкін екені енді айқын емес пе? Осы екі қарардың қайсысының шын революциялық демократияға неғұрлым тікелей сәйкес келетіні және «кадетизмді», оның Думада көрінгеніндей, практикада неғұрлым дұрыс есепке алатыны енді айқын емес пе?

«Волна» № 12, 9 май, 1906 ж.

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ ТОБЫ

Мемлекеттік думада 15 адамнан жұмысшы тобы бар. Бұл депутаттар Думаға қалай өтті? Олардың кандидатураларын жұмысшы ұйымдары ұсынған жоқ. Партия өз мүддесін Думада қорғау жөнінде оларға уәкілдік берген жоқ. РСДРП-ның бірде-бір жергілікті ұйымы өз мүшелерін Мемлекеттік думаға өткізу туралы қаулы еткен жоқ (тіпті мұны істей алатын болса да).

Жұмысшы депутаттары Думаға партиялық жолмен өткен жоқ. Олардың бәрі дерлік, немесе тіпті бәрі, кадеттермен тура немесе жанамалай, үндемей немесе мойындалып жасалған келісімдер арқылы өтті. Көпшілігі Думаға кадет ретінде сайланды ма немесе социал-демократ ретінде сайланды ма, әйтеуір қалай өткенін ажыратып болмайды. Мұның өзі—факт және зор саяси маңызы бар факт. Көптеген социал-демократтардың осы кезде істеп жүргеніндей, бұл факт жөнінде үндемеу кешіргісіз де, пайдасыз да. Кешіргісіз, өйткені бұл — жалпы алғанда сайлаушылармен, жеке алғанда жұмысшы партиясымен жасырынбақ ойнау деген сөз. Пайдасыз, өйткені бұл факт оқиғалардың барысында сөзсіз өзін білдіріп қояды.

РСДРП-ның Бірігу съезі социал-демократияның парламенттік фракциясын құруды керекті деп танып, осы фактіні есепке алмай, қате жасады. Солшыл социал-демократтардың кеше біз басып шығарған қарарынан *

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 398—399-беттер. *Ред.*

съезге бұл фактінің ескертілгені көрініп тұр. Бірақ әділеттік мынаны айтуды қажет етеді: сол қанаттың талап етуі бойынша, съезд партияның Орталық Комитетінің өте маңызды нұсқауын қабылдады. Осы қарардың жарияланбауы — Орталық Комитеттің сол басылымының елеулі кемшілігі, съездің қарарларын біз содан алып бастық. Парламенттік фракция туралы қарар партияның Мемлекеттік думадағы өкілі етіп Орталық Комитеттің 1) нақ кімді, 2) нақ қашан және 3) нақ қандай шарттармен танығаны туралы *барлық* партия ұйымдарына хабарлауды Орталық Комитетке тапсырады. Сонан соң, ол қарар парламенттік фракцияның қызметі туралы партияға мезгіл-мезгіл есеп беріп отыруды Орталық Комитетке тапсырады және, ақырында, Мемлекеттік Думаның социал-демократиялық депутаттары мүше болып табылатын жұмысшы ұйымдарына сол депутаттарға арнаулы бақылау жасау міндетін жүктейді.

Осы өте-мөте маңызды қарарды атап көрсетіп, бұдан соң Думадағы жұмысшы тобы туралы мәселені қарауға көшеміз. Осы топтың көсемі Михайличенко Думаға өтіп алып, өзін социал-демократпын деп мәлімдеді. Сол арқылы жұмысшы тобы кадеттерден бөлініп, шын социал-демократиялық топ болуға ұмтылатынын айқын білдірді.

Мұндай талпынысты толық жақтауға болады. Біз съезде ресми парламенттік фракция құруға қарсы болдық. Біздің дәлелдеріміз кеше басылған қарарымызда дәл және толық баяндалған. Бірақ ресми парламенттік фракция құрудың орынды екеніне біздің теріс көзқараста болуымыз *әрбір* жұмысшы өкілінің кадеттерден социал-демократияға *жақындау* жөніндегі *қандай да болсын* талпынысын қолдауымызға кедергі жасамайтыны өзінен-өзі түсінікті.

Бірақ ұмтылу мен орындаудың арасында әлі белгілі бір қашықтық бар. Өзін социал-демократпын деп мәлімдеу жеткіліксіз. Шын социал-демократиялық жұмысшы саясатын жүргізу керек. Әрине, жаңа парламентарийлердің жағдайының қиындығын біз әбден түсінеміз. Біз олардың ішінен кадеттерден социал-демо-

кратияга көше бастагандарының қателеріне төзімділік жасау керектігін өте жақсы білеміз. Бірақ егер оларға бұл көшуді ақырына дейін жеткізуге тура келетін болса, онда мұны әлгі қателерін ашықтан-ашық, тіке сынау арқылы ғана істей алады. Бұл қателерге мән бермеу социал-демократиялық партия алдында да, бүкіл пролетариат алдында да кешіргісіз күнә болар еді.

Думадағы жұмысшы тобының бір қатесін енді атап көрсету керек. Патшаның сөйлеген сөзіне қайтарылған жауап дауысқа қойылған соң бірнеше күннен кейін, жұмысшы тобының мүшелері газеттерде: біздер «дауыс беруден қалыс қалдық, граф Гейденнің тобымен [53] араласып кетпеу үшін өзіміздің бас тартуымыздан демонстрация жасағымыз келмеді» деп мәлімдеді. Кадеттер — революция мен реакция арасында ауытқушы партия. Осы партияға қарсы Гейдендер оң жақтан, социал-демократтар сол жақтан әрқашан демонстрация жасауға тиіс және әрқашан демонстрация жасайды. Демонстрация жасаудан бас тарту жұмысшы тобының қатесі болды. Ол кадеттерді былай қойып, тіке және жұрттың бәріне естіртіп, бүкіл халыққа былай деуге тиіс еді: «Сіздер жалған сарынмен сөйлеп отырсыздар, кадет мырзалар. Сіздердің адресіңізден мәмлеге келу лебі еседі. Дипломатияны тастаңыздар. Шаруалардың бүкіл жерді талап ететінін, шаруалар бүкіл жерді төлем құнын төлемей алуға тиіс екенін қатты естірте айтыңыздар. Халықтың толық бостандықты талап ететінін, бостандықты қағаз жүзінде ғана емес, іс жүзінде қамтамасыз ету үшін халықтың бүкіл өкіметті өзіне алатынын айтыңыздар. Жазылған «конституцияларға» сенбеңіздер, күресуші халықтың күшіне ғана сеніңіздер! Біз сіздердің адресіңізге қарсы дауыс береміз».

Егер жұмысшы тобы осыны айтқан болса, ол шын социал-демократиялық жұмысшы саясатына сай әрекет жасаған болар еді. Ол осынысы арқылы жұмысшылардың мүдделерін ғана емес, сонымен бірге бостандық жолында күресуші бүкіл революцияшыл халықтың да мүдделерін білдірген болар еді. Және сонда ол патшаның қабылдауынан бас тартуы жөнінде былай деген болар еді: «Байқаңыздар, кадет мырзалар, сіздер жақ-

сы сабақ алдыңыздар. Өз адресіңіздің жалған сарыны үшін сіздер лайықты жаза алдыңыздар. Егер сіздер сол сарыннан жазбайтын болсаңыздар,— онда халықтың сіздерді «алданған ұлдың азғындаған әкесін ашына мазақ етуіндей»[54] еске түсіретін күні туады және ол күн жақын».

Сөздерімізді қасақана бұрмалап түсіндірушілік болмауы үшін тағы да қайталап айтамыз: біз жұмысшы тобының әрекетін оның мүшелеріне кінә тағу үшін емес, орыс пролетариаты мен шаруаларының саяси жағынан жетілуіне көмектесу үшін сынаймыз.

Ал осы тұрғыдан қарап біз «Невская Газетаның» елеулі қатесін көрсетуге тиіспіз. «Біз адрес жөніндегі жанжалды,— деп жазады ол,— Думаның қызметін тоқтатуға сылтау деп қарай алмаймыз»... «Біз мәселені дәл қазір үзілді-кесілді қоюға ешбір негіз жоқ деп білеміз» (№ 6). Мұның өзі — жалған сарын. Социал-демократтарға өздерін Дума үшін жауап бере алатын адамдар етіп көрсетуге тырысу лайықсыз. Егер социал-демократтар Думада көпшілік болса, Дума Дума болмас еді немесе социал-демократтар — социал-демократ болмас еді. Дума үшін түгелдей кадеттер-ақ жауап берсін. Конституциялық жалған үміттерден құтылуды халық біз арқылы емес, кадеттер арқылы үйренсін.

Сіздер «пролетариат ескі режиммен мәмлеге келу жөнінде Милюков мырзаларға ерік бермейді» деп өздеріңіз айтып отырсыздар, жолдастар. Тамаша сөздер. Ал кадеттік мәміленің мәнісі неде? Әрине, жеке адамның сатқындығында емес. Мұндай дөрекі көзқарас марксизмге мүлде жат. Мәміленің мәнісі мынада, тек қана мынад . кадеттер өкіметті ескі режимнің қолында сақтау негізінен, оның берген бұйрықтарының негізінен таймай отыр және тайғысы келмей отыр. Кадеттердің кадет болып қала отырып, былай деуі өте дұрыс: осы негізден таю — мәселені үзілді-кесілді қою деген сөз, Думаның қызметін тоқтатуға сылтау туғызу деген сөз.

Социал-демократтарға олардың пікірлері халыққа кадеттерді ақтайтындай болып көрінетін пікір айту лайықсыз. Барлық нәрсе Думаның «әдептілігінен», Треповтың «әдепсіздігінен» (Струве «Думада») болыпты

дейтін олардың екіжүзді сөздерін ақтауға тиіс емеспіз. Біз осы екіжүзділікті әшкерелеуге, кадеттер алған «бірінші сабақты» олардың барлық позициясының, олардың барлық адресінің әуел бастан-ақ жалғандығына байланыстырып қоюға тиіспіз. Біз елдің революциялық жағдайын Дума ішіндегі тұрғыдан қарап бағалауға тиіс емеспіз. Қайта: Дума ішіндегі мәселелер мен жанжалдарды елдің революциялық жағдайының тұрғысынан қарап бағалауға тиіспіз.

1906 ж. 9 (22) майда жазылған

1906 ж. 10 майда «Волна» газетінің 13-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ҰЙЫМДЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ [55]

Съезде партия уставын дайындаған комиссияда большевиктер: жергілікті ұйымдардың автономиясы мен оппозицияның правосын фракциялық III съездің белгілеген мөлшеріне қарағанда тарылту әрекеттерінің қандайы болса да сөзсіз жікке бөлінгендік болатындығын ашық мәлімдеді. Сондықтан да большевиктер, мысалы, жаңа съезді шақыру правосының тарылтылмауын, т. т. талап етті. Большевиктер: партия мүшелері тұрған жерін өзгерткен кезде жергілікті ұйымдарға кіруге праволы деген ережені уставқа қосуды ұсынды. Съезд бұл ережені қабылдамады, *бірақ оны мүлде артық және өзінен-өзі түсінікті нәрсе ретінде қабылдамайтын қарар алды.*

Демек, меньшевиктер әділетті болуға және ұсақ-түйек «шымшымаларға» бармауға уәде берді. Партия осы уәденің орындалуын жіті қадағаласын,— өйткені партияның бақылауы — жікке бөліну мүмкіндігін болдырмаудың бірден-бір кепілі.

«Волна» № 13, 10 май, 1906 ж.

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

1906 ж. 9 (22) МАЙДА гр. ПАНИНАНЫҢ ҮЙІНДЕ БОЛҒАН ХАЛЫҚ МИТИНГІСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [56]

1

«НЕВСКАЯ ГАЗЕТАНЫҢ» ҚЫСҚАША ЕСЕБІ

Карпов жолдас былай деп ойлайды: Думаны шыпында қумайды, себебі бұл үшін кадеттер мүмкін болатындардың бәрін істейді. Бұл қазірдің өзінде-ақ олардың Думадағы қызметінен көрініп отыр. Кадеттер ескі өкіметті халық бостандығымен ұштастыруға тырысуда. Сонан соң шешен РСДРП тактикасына көшті. Оның пікірінше, съезд Думаға көзқарас жөнінде «мүлде толық емес, мүлде теріс қарар қабылдады. Біз біртұтас РСДРП-ның шешімдерін жүзеге асыруға тиіспіз, бірақ біз оның шешімдерін өзіміздің қызметімізде толықтыратын боламыз».

Шешеннің пікірінше, бойкот жасау қате болмаған. Пролетариат кадеттерге өзінің бұл Думаны құртуға тиіс екенін айтты. Мұның сәті түспеген, бірақ онда тұрған не бар? Әрине, халық Думадан тек қана пайда табады. Дәйекті әрекет етуші шаруа депутаттары мен жұмысшы депутаттары көп пайда келтіреді. Бірақ Думаға қысым жасағаннан түк шықпайды. Үкімет халыққа қарсы болып отырғанда, тек күресуші жақтар ғана жанжалды шеше алатынын біз есте ұстауға тиіспіз.

Біз шаруаларға: кезеңі туған кезде революциялық қозғалысты қолдауға сіздер де әзір тұруға үйреніңіздер, шаруа жолдастар, дейміз. (*Шуылдап қол шапалақтау.*)

«Невская Газета» № 8, 11 (24) май, 1906 ж.

«Невская Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

2

«ВОЛНА» ГАЗЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ЕСЕБІ

Гр. Мякотинге сияқты, оған да Карпов жолдас қарсылық білдірді. Ол гр. Мякотинге: мәмлеге келу дегеніміз — нақты келіс сөз жасау, ал келіс сөз — мәмлеге келуге әзірлік, сондықтан кадеттер партиясы жөнінде гр. Мякотиннің айтқаны мүлде дұрыс емес деп түсіндірді. Бірігу съезі шешімдерінің бүкіл партия үшін міндетті екенін толық мойындай отырып, шешен оның кейбір қаулыларының қателігін, бұл қателік кадеттер партиясы жөнінде Бартеньев [57] жолдастың теріс пікірге келуінің де көзі болғандығын атап көрсетті. Кадеттер партиясын әшкерелеу, деді шешен, жай балағаттау емес, қалың халық бұқарасын ескі өкіметпен мәмлеге келуге тырысатын жартыкеш, жасқаншақ либерал буржуазиядан өкімет үшін шешуші күреске әзірленіп жатқан революциялық-демократиялық буржуазия жағына аударудың қажетті, аңағұрлым тиімді құралы. Кадеттер партиясы сияқты партияның беделін түсіру — халық бұқарасының саяси жағынан жетілуіне күшті қозғау салу деген сөз. Жанжалдың дәл туу кезеңі, әрине, біздің еркімізге байланысты емес, үкіметтің әрекетіне, халық бұқарасының саяси санасының дәрежесі мен пиғылына байланысты. Біздің міндетіміз — ұйымдасқан пролетариат жаңа өрлеуде де, келешектегі болмай қоймайтын шешуші күресте де жеңімпаз революциялық армияның көсемі ролін атқаруы үшін барлық күш-жігерді жұмсау.

«Волна» № 14, 11 май, 1906 ж.

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

1906 ж. 9 (22) МАЙДА гр. ПАНИНАНЫҢ ҮЙІНДЕ БОЛҒАН ХАЛЫҚ МИТИНГІСІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАРАР

Жиналыс барлық азаматтардың назарын мынаған аударады: самодержавиелік үкімет ойрандар ұйымдастырып, полициялық, әскери зорлық-зомбылықты тоқтаусыз күшейтіп, халық өкілдігін көріне көзге қорлап отыр және жалпы жұрттың бостандық талап етуіне, шаруалардың жер талап етуіне күш жұмсаумен жауап беруге әзірленіп жатыр.

Жиналыс мынаны мәлімдейді: «халық бостандығы» партиясы (кадеттер) халық талаптарын жасқана, жарым-жартылай ғана білдіріп отыр, бүкіл халықтық құрылтай жиналысының шақырылуын жариялау жөніндегі өз уәдесін орындамай отыр. Халық бостандығы мен халықты езіп отырған ескі самодержавиелік өкімет арасында ауытқып отырған осы партиядан біз халықты сақтандырамыз.

Жиналыс Мемлекеттік думадағы шаруалар («Еңбек») тобы мен жұмысшы тобын үзілді-кесілді, кадеттерден мүлде тәуелсіз, пікір білдіруге, әрқайсысын өзінің дербес талаптарымен шығып сөйлеуге, сөйтіп халық талаптарын толық мәлімдеуге шақырады.

Жиналыс бостандық ісін бағалаушы барлық жұрттың назарын мынаған аударады: самодержавиелік үкіметтің әрекеті және шаруалар мен жалпы халық мұқтаждарының мүлде қанағаттандырылмауы Думадан тыс жүргізілетін шешуші күресті, халық бостандығы мен мұқтажын бірден-бір қамтамасыз ете алатын халықтың то-

лық өкімет билігі үшін жүргізілетін күресті сөзсіз болатын күрес етеді.

Жиналыс пролетариат бұрынғысынша халықтың барлық революцияшыл элементтерін бастайтын болады деп сенім білдіреді.

«Волна» № 14, 11 май, 1906 ж.

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШАРУАЛАР ТОБЫ НЕМЕСЕ «ЕҢБЕК» ТОБЫ ЖӘНЕ РСДРП

Кеше біз Думадағы жұмысшы тобына социал-демократтардың көзқарасын талдаған едік *. Енді Еңбек тобы туралы мәселені қарайық.

Думадағы саны 130—140 адамга дейін баратып, кадеттерден бөлініп, дербес партия болып топтаса бастаған шаруа депутаттары әлгі атпен белгілі. Бұлайша бөліну әлі тіпті біткеп жоқ, бірақ ол қазірдің өзінде толық байқалып отыр. Горемыкин мұны өзінің: Дума мүшелерінің үштен бірі (яғни шамамен бірге қосып есептегенде тура Еңбек тобы мен жұмысшы тобы) дарға асылуга тіленіп отыр [58] деген қапатты сөзімен керемет тауып айтты.

Осы қанатты сөз революциялық буржуазиялық демократия мен революциялық емес демократияның (кадеттер) арасындагы айырмашылықты айқып белгіледі. Шаруалар тобының революцияшылдыгы неде? Оның революцияшылдыгы ақырына дейін әлі жете айтылмаған саяси талаптарынан гөрі, оның жер жөніндегі талаптарында. Шаруалар жерді талап етеді, оның үстіне бүкіл жерді талап етеді. Шаруалар жерді өздерінің жағдайын шынымен жақсартатындай шарттармен яғни мүлде төлем құнысыз немесе ең аз төлем құнымен алуды талап етеді. Басқаша айтқанда: шаруалар шын мәнінде аграрлық реформаны емес, аграрлық революцияны талап етеді. Олар ақша өктемдігіне титтей де тимей-

* Қараңыз: осы том, 98—102-беттер. *Ред.*

тін, буржуазиялық қоғамның негіздеріне тимейтін, бірақ ескі крепостниктік тәртіптің, бүкіл крепостниктік — помещиктік те, чиновниктік те — Россияның *экономикалық* негіздерін барынша үзілді-кесілді бұзатын төңкерісті талап етеді. Социалистік пролетариаттың шаруаларға өз талаптарын түгелдей толық жүзеге асыру үшін жан-тәнімен, бар жігерімен жәрдемдесетін себебі, міне, осыдан. Ескі тәртіптен мирас болып келе жатқан езушілерінің бәрін шаруалар толық жеңбейінше, буржуазиялық-демократиялық революцияның толық жеңуі мүмкін емес. Ал мұндай жеңіс бүкіл халыққа керек және социализм жолындағы өзінің ұлы күресінің мүдделері үшін пролетариатқа да керек.

Бірақ, революцияшыл шаруаларды қолдай отырып, пролетариат өзінің таптық дербестігін, өзінің ерекше таптық міндеттерін бір минут та ұмытпауға тиіс. Шаруалар қозғалысы дегеніміз басқа бір таптың қозғалысы; бұл күрес пролетарлық күрес емес, ұсақ қожайындардың күресі; бұл күрес капитализм негіздеріне қарсы күрес емес, оның негіздерін крепостниктіктің барлық қалдықтарынан тазарту күресі. Шаруалар бұқарасы өзінің ұлы күресіне беріліп кеткен: оларға барлық жерді алу — аграрлық мәселені шешу болып көрінетіні сөзсіз. Олар жерді теңгерме бөлуді, оны барлық еңбекшілерге беруді арман етеді, сөйтіп капитал өктемдігі туралы, ақшаның күші туралы, ең «әділ» бөлгеннің өзінде теңсіздік пен қанауды сөзсіз қайта туғызатын товар шаруашылығы туралы ұмытып кетеді. Крепостниктік тәртіппен күресуге беріліп кеткендіктен, олар социализмді толық жүзеге асыру жолында бүкіл капиталистік қоғамға қарсы бұдан былай да жүргізілетін, бұрынғыдан да гөрі зор және қиын күресті көрмей қалады. Жұмысшы табы бұл күресті әрқашан да жүргізіп отырады және бұл үшін дербес саяси партия болып ұйымдасады. Ал капитализмнің қатал сабақтары ұсақ қожайындарды социал-демократия көзқарастарының дұрыстығына илануға және пролетарлық социал-демократиялық партияға қосылуға мәжбүр етіп, олардың барған сайын тезірек сөзсіз көзін ашады.

Пролетариаттың енді буржуазиядан: буржуазиялық демократиямен бірге жүру керек дегенді жиі естуіне тура келеді. Онсыз пролетариаттың революция жасауға күші жетпейді. Бұл дұрыс. Бірақ мәселе мынада: пролетариат *енді* қай демократиямен бірге жүре алады және жүруге тиіс, кадеттік демократиямен бе, әлде шаруалар демократиясымен бе, революциялық демократиямен бе? Бір-ақ жауап болуы мүмкін: кадеттік демократиямен емес, революциялық демократиямен, либералдармен емес, шаруалар бұқарасымен бірге жүруге тиіс.

Осы жауапты есте ұстай отырып, біз шаруалардың неғұрлым тез көзі ашылса, олар саясатта неғұрлым ашық бой көрсететін болса, буржуазиялық демократияның барлық революциялық элементтерінің шаруаларға және, әрине, сонымен бірге қалалық мещандарға жақындауы соғұрлым көбірек байқалатынын жадымыздан шығармауға тиіспіз. Болымсыз өзгешеліктер маңызын жоя бастайды. Бірінші кезекке: қандай да болсын бір партиялар, топтар, ұйымдар революцияшыл шаруалармен ақыр аяғына дейін бара ала ма деген негізгі мәселе қойылады. Эсерлердің де (социалист-революционерлердің), кейбір тәуелсіз социалистердің де, ең солшыл радикалдардың да, бірсыпыра шаруалар ұйымдарының да бір *революциялық демократияға саяси жағынан* бірігуі барған сайын айқын көрініп отыр.

Сондықтан оң қанаттағы социал-демократтар «кадеттер партия ретінде эсерлерден гөрі маңыздырақ» деп даурығып (Мартынов пен Плеханов), съезде үлкен қателік жасады. Жеке алғанда эсерлер ештеңе емес. Бірақ эсерлер, шаруалардың стихиялық тілектерін білдірушілер ретінде,— атап айтқанда, кең, құдіретті революциялық демократияның бір бөлегі, онсыз пролетариат революциямыздың толық жеңіп шығуы туралы ойлай да алмайды. Думадағы шаруалар тобының немесе «Еңбек» тобының эсерлермен жақындасуы кездейсоқ емес. Әлбетте, шаруалардың бір бөлегі социал-демократиялық пролетариаттың дәйекті көзқарасын түсіне алады, бірақ олардың екінші бір бөлегі жерді «теңгерме»

пайдалануды аграрлық мәселенің шешілуі деп білетіні күмәнсыз.

Еңбек тобы, сірә, Думада да,— бұл одан да маңыздырақ,— Думадан тысқары да үлкен роль атқаратын болса керек. Саналы жұмысшылар шаруалар арасында үгітті күшейте түсуге, Еңбек тобының кадеттерден бөлінуіне, осы топтың толық және тиянақты саяси талаптар қоюына бар күшін салып ұмтылуға тиіс. Еңбек тобы тығызырақ, дербесірек ұйымдаса түссін, өзінің Думадан тыс байланыстарын кеңейте түссін, жер жөніндегі ұлы мәселенің Думада шешілмейтінін есінде сақтасын. Бұл мәселені Думада дауыс беру шешпейді, ескі өкіметке қарсы жүргізілетін халық күресі шешеді.

Революцияның табысты болуы үшін енді революциялық буржуазиялық демократияның осылай топтасуынан, көз ашуынан, саяси жағынан әзірленуінен артық маңызды іс жоқ. Социалистік пролетариат кадеттердің солқылдақтығын аяусыз әшкерелей отырып, осы ұлы істі мейлінше қолдайды. Ол бұл ретте ешқандай ұсақ буржуазиялық жалған үміттерге беріліп кетпейді. Ол социализм жолындағы қатаң таптық, пролетарлық күрес негізінде қалады.

Өздерін езушілердің бәрін шаруалардың толық жеңіп шығуы жасасын! — деп айтады пролетариат. Социализм жолындағы біздің пролетарлық күресіміздің табысты болуының ең сенімді кепілі осы жеңісте.

1906 ж. 10 (23) майда жазылған

1906 ж. 11 майда «Волна» газетінің 14-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ДУМАДАҒЫ ЖЕР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Думадағы кадеттердің алдымен қолға алған ісі патшаның сөзіне жауап ретінде адрес жазу болды. Талап қойылмай, ұяң тілек қойылды. Екінші «іс» — жіберген депутациясынан адресті қабылдамай қойғаннан кейін, үн-түнсіз кезектегі істерге кірісе бастады. Бұрынғыдан да бетер жасқаншақтық жасады. Енді үшінші іс — Думада кезекке қойылған жер туралы мәселені қарау болды.

Бұл мәселеге барлық жұмысшылардың өте-мөте қадағалап зер салулары керек. Жер туралы мәселе бәрінен де гөрі шаруалар бұқарасын толғандырады. Ал шаруалар қазір жұмысшылардың революциядағы басты және бірден-бір дерлік одақтасы болып отыр. Сондықтан өзін халық бостандығының партиясы деп атайтын кадеттер партиясының халық бостандығына шын мәнінде адал қызмет ететін-етпейтіні жер туралы мәселеде ерекше көрінетін болады.

Халық, яғни ең алдымен шаруалар не тілейді? Шаруалар жер тілейді. Мұны жұрттың бәрі біледі. Шаруалар мемлекеттегі барлық жер шаруалардікі болуын талап етеді. Шаруалар помещиктер мен чиновниктердің езгісінен құтылғысы келеді. Помещиктер мужикті жұмыспен өтеуге, яғни шын мәнінде бұрынғыша барщинаға жүруге мәжбүр етпеуі үшін олардың жерін тартып алу;— чиновниктер бұқара халықты басынбауы үшін олардан өкіметті тартып алу,— міне, шаруалардың тілейтіні осы. Сондықтан жұмысшылар жер

үшін күресте де, жер туралы мәселені тура, айқын және әбден тиянақты етіп қоюда да шаруаларға көмектесіп отырулары керек.

Жер туралы мәселені шатастыру да, көлегейлеу де өте оңай. Шаруалар, әрине, үлеске жер алуға тиіс қой деген түсінік туғызу оп-оңай, бірақ үлестірудің өзін шаруалар үшін бұл үлестіруден түк пайда келмейтіндей шарттармен шырмап тастау да оп-оңай. Егер жерді тағы да чиновниктер үлестіретін болса, егер неше түрлі «қауымдық делдалдар» болып тағы да либерал помещиктер шыға келсе, егер төлем құнының «шағын мөлшерін» ескі самодержавие өкіметі белгілейтін болса, онда мұның өзі шаруаларға пайда келтірудің орнына, шаруалар тағы да 1861 жылғыдай тақырға отырып қалады, шаруалардың мойнына жаңа тұзақ салынады. Сондықтан саналы жұмысшылар жер туралы мәселеге келгенде шаруалардың өте-мөте сақ болуға, сеніп қалмауға тиіс екенін оларға барынша мықтап түсіндіріп отырулары керек. Жер үшін төлем құнын төлеу туралы мәселе және жерді «үлестіріп» беретін өкімет туралы мәселе істің қазіргі жағдайында өте зор маңыз алып отыр. Кімнің шаруалар жағында, кімнің помещиктер жағында екенін, сол сияқты, кімнің бір жақтан екінші жаққа қашып шыққысы келетінін төлем құны туралы мәселеде бірден және қатесіз анықтауға болады. Төлем құны дегеннің не нәрсе екенін орыс шаруасы біледі,— білгенде қандай біледі десеңізші! Шаруалардың мүдделері мен помещиктердің мүдделері осы мәселеге келгенде тамаша межеленеді. Сондықтан РСДРП-ның Бірігу съезі аграрлық программаның алғашқы жобасындағы «иеліктен айыру» деген сөзді: «конфискелеу» (яғни төлем құнын төлемей иеліктен айыру) деген сөзбен ауыстырып, әбден дұрыс істеді.

Төлем құны туралы мәселеде шаруалар мен помещиктердің мүдделері қандай қатты алшақтайтын болса, үлес бөлетін өкімет туралы мәселеде де шаруалар мен чиновниктердің мүдделері дәл сондай қатты алшақтайды. Сондықтан социалистік жұмысшылар жер мәселесіне ескі өкіметтің кіріспеуінің маңыздылығын шаруаларға өте мұқият түсіндірулері керек. Егер іс тетігі

ескі өкіметтің қолында болса, ешқандай жер реформасынан пайда келмейтінін шаруалар біліп қойсын. Бағымызға қарай, РСДРП-ның Бірігу съезінде бұл мәселе жөнінде де, асылына келгенде, бір ауыздылыққа қол жетті, өйткені съездің қарары шаруалардың революциялық бой көрсетулерін қолдауды сөзсіз мойындады. Рас, нақ жер реформасын жүргізуді *толық* демократиялық мемлекеттік өкіметке ғана, халық сайлаған, халық алдында есеп беретін және халық ауыстыратын қызмет адамдарына ғана тапсыруға болады деп тіке көрсетпей, съезд, біздің ойымызша, қате істеді. Бірақ бұл туралы біз келесі жолы толығырақ айтпақшымыз.

Думада негізгі екі түрлі аграрлық программа ұсынылады. Думада үстемдік етуші кадеттер помещиктердің тоқ, шаруалардың аман болуын тілейді. Олар помещиктік жерлердің көбірек бөлегін еріксіз иеліктен айыруға қосылады, бірақ, біріншіден, төлем құнының төленуін көздейді, ал екіншіден, жер реформасын жүргізудің амалдары мен жолдары туралы мәселені революцияшыл шаруаларша шешуді емес, либерал чиновниктерше шешуді жақтайды. Өздерінің аграрлық программасында кадеттер, әдеттегісінше, помещиктер мен шаруалардың арасында, ескі өкімет пен халық бостандығының арасында жыландай ирелеңдейді.

Еңбек тобы немесе шаруалар тобы өздерінің аграрлық программаларын әлі тиянақтап белгілеген жоқ. Барлық жер еңбекші халықтікі болуға тиіс дейді, бірақ төлем құны туралы мәселе, сондай-ақ ескі өкімет туралы мәселе де әзірше үн-түнсіз қалып жүр. Бұл программа айқындалғаннан кейін, оны біз әлі талай рет сөз етеміз.

Кадеттердің аграрлық реформасы жайында чиновниктік үкіметтің, әрине, тіпті ештеңені тыңдағысы да келмейді. Әрқайсысы он мыңдаған десятина жерге ие ең бай помещик-чиновниктер басқарып отырған чиновниктік үкімет помещиктік жерлерді еріксіз иеліктен айыруға жол бергеннен гөрі «Мұхамед дінін тезірек қабылдайды» (бір таңқыр жазушының айтқанындай). Демек, аграрлық мәселені Думаның *«шешуі»*, мәселені шын мәнінде шешу емес, тек талаптарды жариялау, мәлім-

деу ғана болып табылады. Халық өкілдерінің өжет және батыл, адал және ашық талаптар қоюының орнына кадеттер тағы да ұяң тілектер білдіреді. Еңбек тобының тым болмаса осы жолы кадеттерден мүлде тәуелсіз және өз алдына дербес пікір білдіруін қалаймыз.

Ал социалистік жұмысшыларға қазір өте-мөте зор міндет жүктеліп отыр. Барлық шараларды қолданып және барлық күшті жұмсап, жалпы алғанда ұйымды, жеке алғанда шаруалармен байланысты кеңейтіп отыру керек. Төлем құны туралы мәселенің және жер жөнінде өзгерістер жасауды ескі өкіметтің қолында қалдырумен келісуге бола ма деген мәселенің барлық маңызын шаруаларға барынша кең, барынша айқын, толық және егжей-тегжейлі түсіндіріп отыру керек. Қазіргі саяси дағдарыстың болашақта сөзсіз шешілмей қоймайтын қарсаңында социалистік пролетариат пен революцияшыл шаруалар одағының нығаюына және өсіп жетілуіне барлық күш-жігерді жұмылдыру керек. Шаруаларға «барлық жерді», халыққа толық бостандық пен толық өкімет билігін беру туралы мәселені ойдағыдай шешудің кепілі осы одақта, тек қана осында.

«Волна» № 15, 12 май, 1906 ж.

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚАРАР ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ

Кеше «Наша Жизньнің» бас мақаласы, бүгін «Речьтің», «Думаның», «Наша Жизньнің», «Странаның»[59] және «Словоның» бас мақалалары — барлық буржуазиялық баспасөз түгелімен солшыл социал-демократияға дүрсе қоя берді. Не болып қалды? «Жеңімпаздардың» — кадеттердің күні кеше «бойкотшыларды» менсінбей, олардан ат-тонын ала қашатын тәкаппарлығы қайда кетті? Кадеттік гегемонияның, бұл мырзалардың пролетариатты нағыз мемлекеттік даналыққа баулып, оның қателеріне көңіл айтқан алтын күндері өтті. Не болып қалды?

Революционизм қайта туып келеді — деп жауап қатты Струве мырза «Думаның» 11 майдағы бас мақаласында. Оныкі дұрыс. Думаға деген үміт сағат сайын құрып барады. Партияның атынан тілімен орақ орып, сайлау кезінде халықтың біраз шаршағанын да, халықтың шын мүдделерін көздейтін шын өкілдеріне сайлау майданын жауып тастаған Витте — Дурноволардың саясатын да есепке ала білген партияның нағыз бейнесі анықталған сайын халық бостандығына қалай қол жететіндігі туралы түсінік айқындала түседі. Айқын көрініп отырған контрреволюциялық ұйымның әрекетінен күрестің жаңа формаларының тумай қоймайтындығы анық байқалып отыр. Иә, буржуазия сайлау күндерінде революция бітті, жұмысшылар мен шаруалардың күресінің жемісін өз пайдасына айналдыратын шағы туды деп ойлаған еді. Ал ол алданып қалды. Ол уақытша

толасты күштердің біржола сарқылғаны, революцияның тоқтағаны деп білген еді. Думаның жұмсақ орындықтарына ол енді-енді ғана нық отырып, жұмысшылар мен шаруалардың есебінен сүйіспеншілік мәмлеге келу жөнінде ескі өкіметпен енді ғана мейірлене жадырай сөйлесуге кіріскен еді. Кенеттен жұмысшылар мен шаруалардың бұл ойынға араласып, бұл мәмленің шырқын бұзуға даяр екені біліну қалды.

Панинаның үйінде болған халық жиналысы кадет мырзаларды өте-мөте ызаландырды. Бұл жиналыста сөйлеген социал-демократтардың сөздері осы сасыған батпақтың астан-кестеңін шығарды. Ғапу етіңіздер,— деп айқайлады кадет мырзалар, біздің партияны сынау арқылы сіздер үкіметке болысасыздар ғой. Бұл таныс дәлел. Социал-демократия пролетариат пен барлық халыққа болып жатқан оқиғалардың шын мәнін түсіндіру үшін, буржуазия саясатшыларының жұмысшыларға төндіріп отырған тұманын ыдырату үшін, халық бостандығын сататын буржуазиядан жұмысшыларды сақтандыру үшін, жұмысшыларға олардың революциядағы нағыз орнын көрсету үшін алға шыққан сайын,— либерал мырзалар бұдан революция әлсірейді деп айқай салады. Социал-демократтар: жұмысшылардың буржуазия туларының астында болуы жарамайды, олардың өз туы, социал-демократияның туы бар деген сайын,— либералдар бұл арқылы үкіметке қызмет көрсетіледі деп зарлай бастайды. Өтірік. Революцияның күші — пролетариаттың таптық санасының дамуында, шаруалардың саяси санасының дамуында. Социал-демократ кадеттік саясатты сынағанда, ол бұл сананы дамытады, ол революцияны күшейтеді. Кадет өзінің уағыздарымен халықтың басын айналдырғанда, ол бұл сананы көмескілейді, ол революцияны әлсіретеді. Кадеттерге біз сендерге сенбейміз, өйткені сендер халықтың талаптарын жеткілікті түрде толық және батыл мәлімдемейсіңдер, өйткені сендер үкіметпен күресуден гөрі, онымен саудаласуды дұрыс көресіңдер деу кадеттерге бола үкіметті ұмыту деген сөз емес.

Мұның өзі халыққа шын күрес жолын және шын жеңіс жолын көрсету болады. Пролетариат пен шаруа-

лар бұқарасы осы жолды айқын түсінген кезде —кадеттердің саудаласатын ешкімі болмайды, өйткені ескі өкімет талқандалуға душар болады.

Сендер пролетариатты ашық бой көрсетуге айдап саласыңдар,— деп айқайлайды кадеттер. Тоқтаңыздар, мырзалар! Бой көрсетулер туралы сендердің айтатын жөндерің жоқ, өздерің жұмысшылар мен шаруалардың қаны арқылы саяси мансапқа жетуді көздей отырып, «пайдасыз құрбандықтар» туралы сендердің иудалық сөз сөйлейтін жөндерің жоқ.

Сол митингінің өзінде пролетариатты «қамшылай түсудің» керексіздігі туралы әбден дұрыс және социал-демократтардың жалпы сенімін толық білдіретін сөздер айтылды. «Волнадан» әркім-ақ оқиғаларды жеделдетудің керексіздігі жайында оқи алатындай еді *. Бірақ жеделдету бір басқа да, ұлы драманың келесі актісі ойналуға тиіс жағдайлар бір басқа. Біз пролетариат пен шаруаларды осы кезеңге дайындала беруге шақырамыз; бұл кезең жалғыз бізге ғана байлапысты емес, айта кетелік, кадет мырзалардың бостандық ісіне істейтін опасыздығының мөлшеріне де байланысты. Күрес жағдайларын анықтау, оның болуы мүмкін формаларын көрсету, пролетариатқа келешек күрестегі орнын көрсету, оның күштерін ұйымдастыру жолында, оның санасын ашу жолында жұмыс істеу — міне, біздің міндетіміз осы. Ал қазіргі кезеңде мұның мәнісі, былайша айтқанда, кадеттерді үнемі әшкерелеп отыру, кадеттер партиясынан сақтандырып отыру деген сөз. Мұны біз істеп те жүрміз, мұны біз істейміз де. Ал егер бұл жөнінде кадеттер мазасызданып, күйіп-пісіп жүрген болса,— мұның мәнісі біз өз ісімізді жаман істеп жатқанымыз жоқ деген сөз. Ал кадеттер бұл жөнінде революцияның әлсіреуі туралы бейшаралық сөздер айтып, даурығып жүрсе,— мұның мәнісі шын революция, жұмысшылар мен шаруалар революциясы кадеттік Думаны тұншықтыруға әзір екенін олар қазір айқын сезіп жүр деген сөз. Кадеттер революцияның буржуазия белгілеген және буржуазияға пайдалы шеңберден шығып

---

* Қараңыз: осы том, 83-бет. *Ред.*

кетуінен қорқады. Жұмысшы табы мен шаруалар өз мүдделерінің бұл шеңберден кеңірек екенін, өздерінің міндеті революцияны ақырына дейін жеткізу екенін ұмытпаулары керек.

Учаскелік приставтар туралы кадет Протоповты күрсінуге мәжбүр еткен халық жиналысының қарары, міне, осыны айтқан болатын. Байқаңқырап жазыңыздар, кадет мырзалар.

«Волна» № 16, 13 май, 1906 ж.
Қол қойған: — Ъ

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖЕР ДЕ ЖОҚ, ЕРІК ТЕ ЖОҚ

Министрлер советінің председателі Мемлекеттік думаның адресіне жауап ретінде Думаға «мәлімдеме» хабарлады.

Бұл мәлімдемені жұрттың бәрі асыға күткен еді. Бұл мәлімдеме үкіметтің программасын білдіруге тиіс болатын.

Ал үкіметтің «программасы» шын мәнінде өте-мөте айқын берілген. Мәлімдеменің елеулі екі пунктін толық келтірейік:

«Шаруалардың жер мәселесін, Мемлекеттік думаның көрсеткеніндей, уделдік, кабинеттік, монастырьлік, шіркеулік жерлерді осы мақсатта пайдалану жолымен және жеке иеліктегі жерлерді, соның ішінде меншік иесі шаруалардың сатып алған жерлерін де күшпен иеліктен айыру жолымен шешу жағына келгенде, Министрлер советі мынаны мәлімдеуді өзінің міндеті деп санайды: бұл мәселені Мемлекеттік дума ұйғарған негіздерде шешуге сөзсіз жол берілмейді. Мемлекеттік өкімет жерді меншіктенуге біреулерді праволы деп тануға, сонымен қатар екінші біреулерден бұл правоны тартып алуға көне алмайды. Мемлекеттік өкімет өзге де мүлік атаулыны меншіктену правосын жоққа шығармайынша, жерді жеке меншіктенудің жалпы правосын да жоққа шығара алмайды. Бүкіл дүние жүзінде және азаматтық өмір дамуының барлық сатыларында меншіктің бұлжымауы және оған ешкімнің қол сұқпауы халық дәулеті мен қоғамдық дамудың іргетасы, мемлекеттік болмыстың негізгі тірегі болып табылады, мұнсыз мемлекеттің өмір сүруінің өзі де мүмкін емес. Ұйғарылған шара істің мәнінен де туып отырған жоқ. Мемлекеттің қарамағында орасан мол, сарқылмас көп құралдар тұрғанда және мұның үстіне барлық заңды әдістерді кең түрде қолданған жағдайда, мемлекеттігіміздің түп

негізін бүлдірмей-ақ, отанымыздың өмірлік күштерін әлсіретпей-ақ жер мәселесін сөзсіз нәтижелі етіп шешуге болады.

Мемлекеттік думаның адресіне кірген заң шығару жөніндегі басқа ұйғарындылар Дума көпшілігінің сенімімен пайдаланатын министрлердің халық өкілдігі алдындағы жауапкершілігін белгілеуді, Мемлекеттік советті таратуды және Мемлекеттік думаның заң шығару қызметіне ерекше заңдар бойынша қойылған шектерді жоюды көздейді. Министрлер советі бұл ұйғарындыларға тоқталуға өзін праволы деп есептемейді; бұлар негізгі мемлекеттік заңдарды бүтіндей өзгертуді көздейді, ал мемлекеттік заңдар өздерінің күші жағынан Мемлекеттік думаның бастамасы бойынша қайта қарауға жатпайды».

Сонымен, *жер* жөнінде: «сөзсіз жол берілмейді». *Ерік* жөнінде, яғни халық өкілдігінің шын праволары жөнінде, бұлар: «Думаның бастамасы бойынша қайта қарауға жатпайды».

Жер жөнінде шаруалар бар жақсылықты помещиктердің қайырымдылығынан ғана, помещиктердің ризалығынан ғана күтуге тиіс көрінеді. Күшпен тартып алуға сөзсіз жол берілмейді екен. Шаруалардың тұрмысын зәрредей болса да жақсартуға сөзсіз жол берілмейді екен.

Ерік жөнінде халық бар жақсылықты чиновниктердің өздерінен ғана күтуге тиіс көрінеді. Олардың ризалығынсыз халық өкілдерінің ешқандай қаулы етуге қақысы жоқ. Министрлер советі халық өкілдігінің праволарын кеңейту жөніндегі Думаның тілектеріне тоқталуға өзін тіпті правосыз деп есептейді. Халық өкілдері право туралы ойлай да алмайды. Олардың жұмысы — өтіну. Чиновниктердің жұмысы — бұл өтініштерді қарау, қарағанда біз баяндаған мәлімдемеде Думаның «өтініштері» қалай қаралған болса, міне, солай қарау.

Жер де жоқ, ерік те жоқ.

Мәлімдемені мәні жағынан бұдан әрі талдауға біз тоқтала алмаймыз.

Бұл мәлімдемелерден Дума депутаттары бірдеңе үйрене ала ма, жоқ па, оны көрерміз. Кадеттер — сірә, ештеңе де үйренбес. Еңбек тобы мен жұмысшы тобы

кадеттерден аз да болса дербес және тәуелсіз бола алды ма,— өтінуді тастау қажет екенін түсінді ме,— халықпен тіке және анық тілмен сөйлесе біле ме,— мұны олар енді көрсетулері керек.

1906 ж. 13 (26) майда жазылған

1906 ж. 14 майда «Волна» газетінің 17-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ ТИФЛИСТЕ БОЛҒАН САЙЛАУДАҒЫ ЖЕҢІСІ

Телеграфтың хабарына қарағанда, Тифлистегі сайлауда социал-демократтар толық жеңіске ие болған. 81 сайламшының 72-сі социал-демократ, 9-ы ғана кадет [60]. Кутаисте 4 депутат сайланған, бәрі де социал-демократтар [61]. Тифлистен Думаға кандидат болып ең ықпалды жергілікті социал-демократ Ной Жордания ұсынылған.

Кавказдық жолдастарымыздың табысын құттықтаймыз. Партиямыздың Бірігу съезінің шешімінен кейін жұмысшы партиясының басқа партиялармен блок жасаспауы, яғни ешқандай келісім жасамауы шартымен сайлауға қатысуы міндетті болды [62]. Егер кавказдық жолдастар өздерінің кандидаттарын толық дербес өткізген болса,— Тифлис жөнінде осылай ойлауға болады,— олар, демек, Армавирдегі [63] жолдастардың қатесінен аулақ болған. Онда біз съездің қаулыларын толық орындаймыз, онда Думаға кәміл партиялық социал-демократтар кіреді, кіргенде қатаң партиялық жолмен кіреді, онда біз көп кешікпей Орталық Комитеттің Думаға біздің партиямыздың ресми өкілдерін тағайындағандығы туралы естиміз.

Біздің оқушыларымыз Думаға біздің бойкот жариялауды жақтағанымызды біледі. Біз съезде «Волнаның» 12-номерінде басылған қарарда * дәл баяндалған пікірлер бойынша, социал-демократияның парламенттік фракция құруына қарсы дауыс бердік. Мұның өзі

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 398—399 беттер. *Ред.*

принципті пікірлер емес еді, сақтықтан және кезеңнің практикалық жағдайларынан туған пікірлер еді. Ал қазір, егер шын партиялық социал-демократтар шын партиялық жолмен Думаға өтсе, біздердің бәріміз, біртұтас партияның мүшелері ретінде, олардың қиын істерін атқаруларына шамамыз келгенінше көмектесетін боламыз, бұл өзінен-өзі түсінікті.

Тифлистегі жеңіске онша мәз-мейрам бола алмаймыз. Социал-демократияның парламенттік табыстары шын қалыптасқан және аз да болса «елеулі» парламентаризм болған жағдайда ғана бізді бүтіндей және сөзсіз қуантады және қуанта алады. Россияда ол жоқ. Россиядағы қазіргі кездегі жағдайлар социал-демократияға батыс европалық социал-демократиялық партиялардың бірде-бірінің алдында тұрмаған ұлы міндеттерді жүктеп отыр. Батыстағы жолдастарға қарағанда біз социалистік төңкерістен өлшеусіз қашықпыз, бірақ біз буржуазиялық-демократиялық шаруалар революциясының қарсаңында тұрмыз, бұл революцияда пролетариат көсемнің ролін атқарады. Қазіргі жағдайдың осы ерекшеліктері тез толғағы жетіп келе жатқан саяси дағдарыстың Думадан тыс шешілетіндігін сөзсіз етеді.

Россия басынан кешіріп отырған қазіргі уақытта социал-демократтардың сайлауға қатысуы бұқараның сайлау науқаны үстінде шын мәнінде нығаятынын әсте көрсетпейді. Газет бостандығынсыз, халық жиналысынсыз, кең үгітсіз социал-демократтар сайлауы көбінесе пролетарлық және толық социал-демократиялық партияның топтасқандығын емес, халықтың қатты наразылығын білдіреді. Ұсақ буржуазияның қалың топтары мұндай жағдайда кейде үкіметке қарсы кандидаттардың кез келгенін жақтап дауыс береді. Бүкіл Россия бойынша бүкіл бойкот тактикасын бағалағанда тек қана Тифлис сайлауының негізінде бағалау тым шалалық және ойланбағандық болар еді.

Жалпы және тұтас алғанда, түпкілікті қорыта келгенде, кадеттік Думаның қандай роль атқаратынын әлі ешкім білмейді. Кадеттердің Думада қожайын екені ақиқат. Ал кадеттер Думада өздерін жаман демократтарша ұстайтынына, бұлар халық бостандығының жас-

қаншақ және дәйексіз, түрлаусыз және бұлталақ жақтаушылары екеніне социал-демократтардың бәрі келіседі. Думаны меңгере отырып, кадеттер қазір халық арасында конституциялық жалған үміттерді қай уақыттағыдан болса да күштірек таратып жүр, сөйтіп жұмысшылар мен шаруалардың саяси санасын көлегейлеп отыр.

Кадеттердің осы реакциялық әрекеттеріне Думаның ішінде де қарсы шығудың қаншалықты мүмкін болатыны туралы пікір айту үшін тәжірибенің нәтижелерін күте тұрайық. Біздің кавказдық жолдастарға, Дума мүшелеріне, білдіретін тілегіміз — күйінішті шындықты зәредей де бүкпестен, сөзге, уәдеге, қағаздарға сенуді аяусыз әшкерелей отырып, ашық сөз айтқаны үшін бұрынғыша қысым көріп, қуғындалып отырған баспасөзіміздің кем-кетігін толықтыра отырып, пролетариат пен революцияшыл шаруаларды мәселелерді мейлінше айқын және тиянақты қоюға, бостандық жолындағы алдағы түпкілікті тартысты Думадан тыс шешуге шақыра отырып, осы жаңа трибунадан тұңғыш рет бар дауыспен сөз сөйлеңдер дейміз.

«Волна» № 17, 14 май, 1906 ж.

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҮКІМЕТ, ДУМА ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Дума үкіметпен араздасып қалды. Ол министрлікке сенбейтіндігін білдіріп, оның кетуін талап етті. Министрлік Думаның мәлімдемесіне құлақ аспады және оған Юрьев қаласындағы кеңсе күзетшілеріне арналған кір жуатын орын туралы мәселемен айналысуды ұсынып, Думаны бұрынғыдан да гөрі ашық мазақ етті.

Думаның үкіметпен бұл араздасуының, бұл қақтығысуының мәнісі неде? Шаруалардың қалың бұқарасы, жалпы тоғышар жұрт, ақырында, бірсыпыра буржуазияшыл саясатшылар (кадеттер) қақтығысу үкіметтің өз міндеттерін және өзінің алатын орнын түсінбегендігіне байланысты деп ойлайды немесе осылай деп сендіруге тырысады. Түсінбеушілік түсіндіріледі, жұрт жаңалыққа, яғни конституциялық тәртіптерге, мемлекеттік мәселелерді ескі өкіметтің бұйрығымен шешпей, азаматтардың дауыс беруімен шешу қажет екендігіне дағдыланады,— міне сонда бәрі де қалыпқа келеді. Бұл көзқарас бойынша, біз «конституциялық дау-жанжалды», яғни ескі өкіметпен қатар халық өкілдерінің өкіметін іс жүзінде мойындайтын конституциялық мемлекеттің әр түрлі мекемелерінің қақтығысуын көріп отырмыз. Жүре келе — жарасып кетеді, тоғышар осылай деп ойлайды және буржуазияшыл саясатшы осылай деп пайымдайды. Тоғышар жұпынылықтан және өзінің саяси тәжірибесіздігінен осылай деп ойлайды. Буржуазияшыл саясатшының бұлай деп ойлайтын себебі, мұндай ойлар оның табының мүдделеріне сай келеді.

Мәселен, кадеттердің басты органы «Речь» газеті былай дейді: «Конституционализмнің теориясы мен практикасы жөнінде біздің көптеген депутаттарға қарағанда біздің министрлердің тәжірибесі әлі аз». Әңгіме, көрдіңіздер ме, мемлекетті басқару ісін профессорлар Ковалевский мен Милюковтан үйренбеген министрлердің тәжірибесіздігінде екен. Мәселенің бүкіл мәні осында. Ал кітап бойынша үйренбесе, Думадағы сөздерден үйренер. Жүре келе — жарасып кетер. Сөйтіп кадеттік «Речь» неміс буржуазиясына сілтейді. Бұл буржуазия да — жұмсартып айтайық — 1848 жылы үкіметпен араздасып қалды. Ол да халықтың толық өкімет билігін алуына, халықтың толық бостандық алуына күш салды немесе күш салғысы келді. Неміс үкіметі халық күресін жаныштағаннан кейін буржуазияның парламентте өз өкілдері болуына мүмкіндік берілді. Өкілдер сөз сөйлеп, ескі өкімет іс істеді. Өкілдер сөз сөйлеп, министрлерге олардың «түсінбейтінін» түсіндірді, оларды «конституционализмге» үйретті, 40-жылдардың аяқ шенінен 60-жылдардың бас кезіне дейін он бес жыл үйретті. 60-жылдары Бисмарк буржуазиядан шыққан «халық өкілдерімен» ашықтан-ашық жүз шайысып қалды, бірақ бұл семьяда болатын ұрыс-керістің ақырғы бір көрінісі еді. Буржуазия неміс армиясының жеңістеріне елігіп өкімет билігін дворяндық-чиновниктік үкіметтің қолында толық сақтай отырып, жалпыға бірдей сайлау правосы жөнінде толық келісімге келді.

«Халық» өкілдерімен Бисмарктің соңғы елеулі ұрыс-керісінің нақ осы мысалы кадеттік «Речьке» өте-мөте ұнап отыр. Неміс буржуазиясы (революцияны біржолата жаныштағаннан кейін он бес жылдан соң) Бисмаркке жол берді. Ал бізде орыс буржуазиясы Горемыкиннен бірден жеңілдік алады. Сондықтан кадеттер күн ілгері: кезінде Бисмарктің иілгенінен гөрі Горемыкиннің көбірек иілуіне тура келеді деп масайрап жүр.

Горемыкин мен Бисмарктің арасы жер мен көктей, мұны біз ықыласпен мойындаймыз. Алайда біз былай деп ойлаймыз: буржуазия мен әр түрлі Бисмарктердің арасындағы мәмлеге келудің *нақ мәнін* түсіну жұмысшы табы үшін қазір өте-мөте маңызды, ал болашақтағы

ділудің мөлшері туралы мәселе — болашақтың ісі. Революция біржолата жапышталған кезде ғана, буржуазия «халық бостандығын» біржолата алдап соққан кезде ғана, шаруаға қарсы помещикті және бәрінен де гөрі жұмысшыға қарсы капиталисті жақтаған ескі дворяндық-чиновниктік өкіметпен буржуазия ауыз жаласып, татуласқан кезде ғана Бисмарктер буржуазиямен келісімге келіп отырды.

Бисмарктің неміс кадеттерімен, қала берді пруссак прогрессистерімен келісімге келуінің шын, нағыз негізі, міне, осында еді. Революцияны жаныштағаннан кейін неміс Ковалевскийлері мен Милюковтары Бисмарктерді 15 жыл үйреткен «конституционализмнің» өмірлік астары, міне, осында еді. Біздің профессорлар, мүмкін, мұны білмейтін де шығар: профессорлар кітапты білгенімен өмірді білмейді, бірақ жұмысшылар мұны білуге тиіс.

Біздің Россиядағы қазіргі елеулі күрес тіпті де Горемыкиндер мен либерал буржуазияның қандай жеңілдіктер жасап барып келісетіндігі жөнінде жүріп жатқан жоқ. Күрес ескі тәртіптер тұсында өмір сүре алмайтын халық бұқарасы мен шын конституциялық тәртіптер тұсында өмір сүре алмайтын ескі крепостниктік-чиновниктік өкімет арасында жүріп жатыр. Күрес конституционализмнің сабақтарын қалай дұрыс қолдану жөнінде емес, жалпы конституционализм мүмкін бе дегенге бола жүріп жатыр.

Бұл парламенттік дау-жанжал емес, ал Думаның өзі тіпті де әлі парламент емес, конституция жарияланған кездегі буржуазиялық «тәртіптің» органы емес. Ол — өзінен тыс немесе өзінен бөлек өсіп келе жатқан халық қозғалысының көрсеткіші және оның өте бір әлсіз жаршысы ғана.

Оның үкіметпен қақтығысуы шаруалар бұқарасы мен жұмысшы табының барлық негізгі және толғағы жеткен талаптарының ескі өкіметтің бүкіл толық өктемдігімен және бүкіл қол сұғылмаушылығымен қақтығысуын *жанамалап* қана көрсетеді. Бұл толғағы жеткен талаптар көбінесе: жер және ерік деген қысқа сөздермен білдіріледі. Бұл талаптар қанағаттандырылған

жоқ. Бұл талаптарды жақтайтын күштер әлі барынша толық бой жазған жоқ. Бұл күштердің толық көріну жағдайлары тек енді ғана пісіп жетіліп келеді.

Қазір біз халықтың назарын Ковалевскийлердің Горемыкиндерге үйретіп жүрген конституционализм сабақтарына аударуға тиіс емеспіз. Қазір біздің жиірек еске алатынымыз Бисмарктердің буржуазияның жоғарғы топтарымен ұсақ-түйек ұрыс-керістері емес. Кадеттердің Думаны мұндай ұрыс-керістер мен мұндай келісімдердің органына айналдыруына жұмысшы табы мен шаруалар жол бермейді. Кадеттердің осы жаққа қарай ауытқуын көрсететін әрбір қадамын әшкерелеп отыру керек. Думадағы Еңбек және жұмысшы топтары өздерін кадеттерден бөлектегенде ғана, конституционализмнің мектептік сабақтарынан жоғары көтерілгенде ғана, халықтың барлық талаптарын, оның барлық мұқтаждарын ашық мәлімдегенде ғана, бүкіл ащы шындықты айтқанда ғана, өздерінің нағыз бостандық жолындағы күреске шамасынан келген көмегін көрсете алатындығын білетін болсын.

1906 ж. 17 (30) майда жазылған

1906 ж. 18 майда «Волна» газетінің 20-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ДУМАНЫҢ ХАЛЫҚҚА СӨЗ САЛУЫНА КАДЕТТЕР БӨГЕТ ЖАСАП ОТЫР

Біз жаңа ғана Думаның бүгінгі мәжілісінде мынадай жағдай болғандығы туралы хабар алдық. Өлім жазасын жоятын заң жобасы туралы мәселе жөнінде жарыс сөздер болып жатса керек. Еңбек тобының мүшесі Аладьин мәселені бұл уақытқа дейінгіден гөрі батылырақ қойыпты. «Біз атқару өкіметімен күресуге тиіспіз»,— депті ол (цитатты «Биржевые Ведомостидің» [64] кешкі басылымына арналған жедел қосымша бойынша келтіріп отырмыз). «Біз министрлерді сұрақтар қойып мазаламақ боламыз, бірақ олардың бұл сұрақтарды елеусіз қалдыратындығы айқын емес пе? Жоқ, бізге екі жолдың бірін таңдау керек болады: не сұрақтарды ойыншық ете беруге тиіспіз, не *халық ісін өз қолымызға алуға тиіспіз»*. Аладьин: істі ай бойы кейінге қалдырмай, заң жобасын комиссияға тапсырмай, істі дереу шешу керек деп ұсынды. Ол өзінің сөзін былай деп аяқтады: *«Егер біз бүкіл шындықты халыққа айтып жеткізбесек,* егер біз зеңбіректер мен пулеметтер қолында отырған адамдардың кінәлы екендігін халыққа ашық айтпайтын болсақ, онда біз оңбаймыз».

Поярков дейтін священник те осылай сөйлепті. «Үкімет Мемлекеттік думаны *мазақ етіп отыр»,*— депті ол. «Өлім жазасын нақ бүгін немесе ертең жою керек екендігін біз өтінуге тиіс емеспіз, талап етуге тиіспіз, әйтпеген күнде, біз үй-үйімізге тарап кетуіміз керек деп ұсыныс жасаймын, өйткені өлім жазасы жойылғанға

дейін жұмыс істеген болып, ақша алуды ождансыздық деп есептеймін».

Сейтіп, Еңбек тобынан ұсыныс жасалыпты, ол ұсыныстың мәнісі анығында мынау: халыққа сөз салу керек,— өтінбеу керек, талап ету керек, кеңсе ережелерімен санаспау керек,— мәселелерді созбау керек және оларды комиссияға тапсырмау керек.

Кадеттер Думаның халыққа сөз салуына бөгет жасады. Поярковтан кейін сөйлеген кадет Набоков «заң жолын ұстауға» шақырды. Ол заң жобасының комиссияға тапсырылуын талап етті.

Жарыс сөздер аяқталғаннан кейін Дума председателі (кадет Долгоруков) былай деді: «Бізде *төрт* ұсыныс болып отыр: бұлардың екеуін *мен дауысқа қоя алмаймын,* өйткені олар *парламенттік практикаға сай келмейді.* Бұл екі ұсыныстың мәнісі: халыққа сөз салу керек және монархқа сөз салу керек».

Қалған екі ұсыныстың — 1) комиссияға тапсыру керек және 2) дереу талқылау керек деген ұсыныстардың — біріншісі *бір ауыздан* қабылданды, өйткені екіншісі алынып тасталды.

Сірә, Еңбек тобы кадеттердің талап етуіне, қорқытуына тағы да жол беріп, өзінің ұстай бастаған батыл позициясында тұра алмаған болуы керек.

Бостандық жолындағы күреске саналы түрде қарайтып халық кадеттердің Думадағы іс-әрекетіне қарсы шығуға тиіс, сөйтіп Еңбек тобын батыл әрі үзілді-кесілді мәлімдеме жасауға және халыққа сөз салуды *іске асыруға* шақыруы керек!

1906 ж. 18 (31) майда жазылған

1906 ж. 19 майда «Волна» газетінің 21-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Л—н

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

САУДАЛАСҚЫСЫ ДА КЕЛМЕЙДІ!

Струвенің асыл сезімдері жәбірленіп отыр. Үкімет оның ойлағанынан гөрі ақымақ болып шықты, сондықтан онымен істес болу тура коммерциялық жағынан тиімсіз болып шықты. Струве мырза саясатты өте қарапайым түсінген: Дума, ягни Думадағы кадеттік көпшілік, ең мәдениетті көпестер арасында қолданылатын әдепті сөздерді айтып сұрайды; үкімет аздап жеңілдік жасайды, Дума өз кезегінде сұрағанын азайта бастайды, міне сөйтіп Россияда халық бостандығы орнайды. Осы үшін кадет мырзалардың істемегені жоқ! Ал үкімет кенеттен осыншалық түсінбейтін болып шықты, саудаға осыншалық икемсіз болып шықты!

Струве мырза ыза болады:

Ол (үкімет) Думаның талаптары мен топшылауларының әлі де болса біреулерін елеусіз қалдырып, екінші біреулерін қабылдап, озінікі ете алатын еді. Ол саясат саласында батыл кеңшіліктер жасап, экономика саласында бірдемелерді азайтуға тырыса алатын еді. Ол керісінше де істей алатын еді. Бірақ барлық *даулы* мәселелердегі елеулі нәрселердің бәрін қабылдамай тастауға, жеке иеліктегі жерлерді күштеп иелігінен айыруға негізделген жер реформасынан бас тарту арқылы халық мұқтажы мен халықтың праволық санасына зіл тастауға мемлекеттік түсінігі өте төмен дәрежеде тұрған адамдар ғана бара алады.

Сөйтіп: Думаның адресінде айтылған талаптар — *даулы* мәселе; бұл барлық және әр түрлі әдістер арқы-

лы жеңіспен алынатын және одан әрі ұлғайтылуға тиісті болатын *қажетті нәрсе* емес, бұл тек саудаласуға арналған майдан ғана.

Амнистия, жалпыға бірдей сайлау правосы, бостандық және жерді күштеп иелігінен айыру — мұның бәрі даулы нәрсе, мұның бәрі жөнінде саудаласуға болады және... егер мұның есесіне үкімет те бірдеме бере қалса, жеңілдік жасауға болады.

Мұны есте сақтау керек. Струве мырза ашу үстінде кадеттердің тактикасын білдіріп қойды, ал бұл тактиканы социал-демократтар қашан да халыққа корсетіп келген болатын.

Халық талаптары адреске күзелген және кадеттік тұрғыдан өңі айналдырылған күйінде енгізілген болатын,— бұл тіпті осы күйінде де кадет партиясы үшін қажетті минимум емес, тек алдын ала белгіленуге тиіс болған ең жоғары баға ғана. Струве мырзаның өкінішіне қарай, үкіметтің «мемлекеттік түсінігі» жоқ болғандықтан, бұл мәмле іске аспады... Струве мырзаның айтуы бойынша — бұл түсінік өте төмен дәрежеде. Неге?— Неге десеңіз, Трепов, Горемыкин және Стишинский мырзалардың халық праволары жөнінде кадеттермен саудаласқысы келмейді, қайта бұл праволарды турадан-тура қабылдамай тастап отыр.

Ал «мемлекеттік түсініктің» ең жоғары дәрежесі — әлбетте — халық бостандығын ашықтан-ашық саудаға салушылықтан көрінеді.

Жұмысшылар мен шаруалар, естеріңізде болсын! Думада Горемыкин сөз сөйлердің алдында кадет мырзалар — «мемлекеттік түсінік» адресте айтылған халық талаптарын күзеу жөнінде Треповпен саудаласуда деп білді.

Кадет мырзалардың уайымын күшейтіп — мәмлеге келу мүлде іске аспай отыр. Пролетариат пен шаруалардың нақты мүдделері мен ескі өкіметтің өмір сүру үшін күресіндегі нақты мүдделерінің қақтығысуы дипломатиялық мәмлелердің шеңберіне сыймайды. Сондықтан орыс революциясының кадеттік жолға түсуінің мүмкін еместігі Струве мырзаның немесе Трепов мырзаның «мемлекеттік түсінігінің» белгілі бір «дәрежеде»

болуынан шығып отырған жоқ. Қақтығысып отырған мүдделердің сипатының өзі орыс революциясын революциялық және контрреволюциялық күштердің ашық күресі жолына итермелейді.

Сондықтан да халық бостандығын саудаға салатын, революциядағы маклер, соғыс кезіндегі дипломат мырзалар үнемі сәтсіздікке ұшырап отыратын болады.

«Волна» 21, 19 май, 1906 ж.
Қол қойған: — Ъ

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҮНДЕУІ ЖӨНІНДЕ [65]

Біз сенімі жағынан өзімізге бәрінен де гөрі жақын тұрған Дума депутаттары жұмысшы тобының үндеуін қызу құттықтаймыз,— бұл — депутаттардың үкіметке емес, халыққа тікелей арнаған бірінші үндеуі. Жұмысшы депутаттарының өнегесін, біздің пікірімізше, Думаның Еңбек немесе шаруалар тобы да қолдауға тиіс еді.

Жұмысшы депутаттарының үндеуінде көп мәселе дұрыс айтылған, бірақ, біздің пікірімізше, онда кейбір кемістіктер де бар.

Жұмысшы жолдастар «құрылтай жиналысын шақыруды Дума әзірлесін деп тырысқысы» келеді. Бұл ретте олардың бүкіл Думаға немесе тіпті оның көпшілігіне сүйене алатындығы неғайбіл. Думада үстем болып отырған либералдар құрылтай жиналысын шақырамыз деп халыққа талай рет уәде берді,— олар бұл уәдесін орындамағаны былай тұрсын, керек десе, мұндай талапты Думада жұртқа естірте, нық қойған да жоқ. Жұмысшы депутаттары бұл ретте тек Еңбек тобына — шаруа өкілдеріне ғана — азды-көпті сенімді түрде сүйене алады. Сондықтан да жұмысшы табы *бүкіл* Думаны қолдауды өз міндеті етіп қоя алмайды,— орыс либералдары тым сенімсіз,— одан да жұмысшылар өз күштерін *шаруа депутаттарын* қолдауға жұмсап, оларды мейлінше дербес бой көрсетуге,— сөйтіп оларды революцияшыл шаруалардың нағыз өкілдері ретінде қимыл жасауға жетелесін.

Пролетариат өзінің күреске қабілетті екендігін дәлелдеді. Ол енді үзілді-кесілді жаңа күрес бастау үшін,

соның өзінде бұл күресті шаруалармен бірге бастау үшін күш жинап жатыр. Сондықтан жұмысшы депутаттары пролетариатты ешкімнің де арандатуына берілмеуге және қажет болмаған жерде жаумен бытыраңқы қақтығысуларға жол бермеуге шақырып, дұрыс істеп отыр. Қажеттілік болмайынша және жеңіске кәміл сенбейінше пролетариаттың қанын төгуге болмайды, өйткені ол тым қымбат.

Қазіргі Думаның дәрменсіздігі мен жетімсіздігін сезінген шаруалар бұқарасы ғана жұмысшылар үшін анық жеңіске жеткізетін берік тірек бола алады. Жұмысшы табын күреске ұйымдастыру ісінде жұмысшы жиналыстарының үкімдері мен қаулылары өте пайдалы болғанымен, бірақ халықтың талаптарына барып тұрған айуандық зорлықпен жауап беруге қазірдің өзінде дайын отырған жауға қарсы шын тіректі бұлардан табуға болмайды. Керісінше, шын көңілден аңқылдап тілектерге, үкімдерге, талаптарға және шағымдарға сеніп қалса, шаруалар бұқарасының да қателесетінін жұмысшы табы оған түсіндіруге тиіс.

Қазір Россияда істің бүкіл барысы халықтың тағдыры туралы — *жер* мен *ерік* туралы ұлы таласты сөз сөйлеу мен дауыс беру арқылы шешуге болатын жағдайға қарай ойысып отырған жоқ.

1906 ж. 18 (31) майда жазылған

1906 ж. 19 майда «Волна» газетінің 21-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЖЕР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӘНЕ БОСТАНДЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС

Жер туралы мәселе Думада талқыланып жатыр. Бұл мәселенің басты екі шешімі алға тартылды: кадеттердің шешімі және «трудовиктердің», яғни шаруа депутаттарының шешімі.

Бұл шешімдер жөнінде РСДРП-ның Бірігу съезі шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарарында былай деп өте дұрыс айтты: «буржуазиялық партиялар шаруалар қозғалысын пайдалануға және оны өзіне бағындыруға тырысады — біреулері (социалист-революционерлер) утопиялық мещандық социализм мақсаттары үшін, басқалары (кадеттер) жеке ірі жер иеленушілікті белгілі бір дәрежеде сақтау мақсаты үшін және, сонымен қатар, ішінара жеңілдіктер жасау арқылы шаруалардың меншікшілдік инстинктерін қанағаттандыра отырып, революциялық қозғалысты әлсірету мақсаты үшін пайдалануға және өзіне бағындыруға тырысады».

Социал-демократия съезінің осы қарарының маңызын қарап көрейік. Кадеттер — жартылай помещиктік партия. Онда либерал помещиктер көп. Ол шаруаларға тек болмай қалмайтын *жеңілдіктер* ғана жасап, помещиктердің мүдделерін жақтауға тырысады. Кадеттер помещик жерлерінің бәрін шаруаларға беру үшін толық иелігінен айыруға көнбей, мүмкін қадарынша, жеке ірі жер иеленушілікті қорғауға тырысады. Шаруалардың жерді құнын төлеп алуын, яғни шаруалардың помещик жерлерін мемлекет арқылы *сатып алуын* жақтай отырып, кадеттер шаруалардың жоғарғы топтарын «тәртіп

партиясына» айналдыруға тырысады. Шынына келгенде, құнын төлеп алуды қалай ұйымдастырсаңыз да, қандай «әділ» баға белгілесеңіз де бәрібір құнын төлеп алу әлді шаруаларға жеңіл тиіп, кедей шаруаларға ауыр тиеді. Қауым болып құнып төлеп алу және т. т. жөнінде қағазға қандай ережелер жазылса да,— жер іс жүзінде құнын төлеп алуға шамасы келетіндердің қолында сөзсіз қала береді. Міне сондықтан да жерді құнын төлеп алу кедей шаруалардың есебінен бай шаруаларды күшейтуге, шаруалардың басын біріктірмеуге, осылайша шаруалардың басын біріктірмеу арқылы олардың толық бостандық алу және жерді түгел алу жолындағы күресін әлсіретуге әкеліп соқтырады. Құнын төлеп алу әлділеу шаруалардың бостандық ісінен *ескі өкімет* жағына *шығып кетуіне* әкеліп соқтырады. Жерді құнын төлеп сатып алу — бостандық жолындағы күрестен басын арашалау деген сөз, құнын төлеп алу дегеніміз — ақша арқылы бостандық жолындағы күрескерлердің бір бөлегін бостандық жауларының жағына шығарып әкету. Өз жерін құнын төлеп алатын әлді шаруа кішкене помещикке айналады, сондықтан оның ескі, помещиктік-чиновниктік өкіметтің жағына шығуы өте жеңіл және тұрақты болады.

Сондықтан социал-демократия съезінің: кадет партиясы (бұл жартылай помещиктік партия) революциялық қозғалысты, яғни бостандық жолындағы күресті *әлсірететін* шараларды жақтайды деген сөздері өте әділ айтылған.

Енді «трудовиктердің» немесе Думадағы шаруа депутаттарының жер туралы мәселені қалай шешетіндігін қарап көрейік. Олар өз көзқарастарын әлі толық анықтаған жоқ. Олар жарты жолда тұр: кадеттер мен «сұрлардың» (социалист-халықшылдар партиясы) арасында, жердің бір бөлегін құнын төлеп алу (кадеттер) мен жерді түгел конфискелеудің (социалист-революционерлер) арасында тұр, бірақ олар барған сайын кадеттерден алыстап, барған сайын «сұрларға» жақындап келеді.

Социал-демократия съезі «сұрлар» жөнінде бұлар — буржуазиялық партия, оның мақсаттары утопиялық ме-

щандық социализмнің мақсаттарымен бірдей деп дұрыс айта ма?

Жер реформасының «сұрлар» ұсынып отырған жобасын[66], кеше олардың: «Народный Вестник» (№ 9)[67] газетінде басылып шыққан ең соңғы жобасын алайық. Бұл — жерге жеке меншік атаулыны жою туралы және «жерді жалпыға бірдей теңгерме пайдалану» туралы заң. «Сұрлар» не себепті жерді теңгерме пайдалануды енгізгісі келеді? Неге десеңіз, олар байлар мен кедейлердің арасындағы айырмашылықты жойғысы келеді. Бұл — социалистік тілек. Социалистердің бәрі де осыны тілейді. Бірақ социализм әр түрлі болады, жер бетінде тіпті поптық социализм де бар, мещандық социализм де бар, пролетарлық социализм де бар.

Мещандық социализм дегеніміз — ұсақ қожайынсымақтың байлар мен кедейлердің арасындағы айырмашылықты қалай жойсақ екен деген арманы. Мещандық социализм барлық адамдарды кедей де емес, бай да емес, «теңгерме» қожайынсымақ етуге болады деп ойлайды. Мещандық социализм жерді жалпыға бірдей теңгерме пайдалану туралы заң жобаларын жазады. Ал шынына келгенде, қайыршылық пен кедейшілікті жойғанда мұны ұсақ қожайынсымақтың істегісі келетіндей етіп жоюға болмайды. Жер бетінде ақша өктемдігі, капитал өктемдігі өмір сүріп тұрғанда жерді теңгерме *пайдалану* мүмкін емес. Рынокқа арналған шаруашылық тұрғанда, ақша өктемдігі мен капитал күші дәуірлеп тұрғанда дүние жүзіндегі ешбір заң теңсіздік пен қанаушылықты жоя алмайды. Барлық жер, фабрикалар, құралдар меншігі жұмысшы табына беріліп, қоғамдық ірі, жоспарлы шаруашылық құрғанда ғана қанау атаулыны құртуға болады. Сондықтан пролетарлық социализм (марксизм) мещандық социализмнің ұсақ шаруашылықтың «теңгермелі» болуы мүмкін дейтін негізсіз үміттерінің бәрін және тіпті ұсақ шаруашылық капитализм тұсында жалпы сақталуы мүмкін дейтін негізсіз үміттерінің бәрін әшкерелеп отырады.

Саналы пролетариат жерді түгел алу және толық бостандық алу жолындағы шаруалар күресін бар күшімен қолдайды, бірақ ол шаруаларды жалған үміт атаулыдан

сақтандырады. Шаруалар пролетариаттың көмегімен өздерінен бүкіл помещиктер өктемдігін лақтырып тастай алады, помещиктік жер иеленушілікті және помещиктік-чиновниктік мемлекетті біржолата құрта алады. Шаруалар тіпті жалпы жерге жеке меншік болуын да жоя алады. Мұндай шаралардың бәрі шаруаларға да, жұмысшы табына да, бүкіл халыққа да орасан зор пайда келтіреді. Жұмысшы табының мүдделері шаруалар күресін барынша ұйымшылдықпен қолдауды талап етеді. Алайда помещиктер мен чиновниктердің өкіметін барынша толық құлату капитал өктемдігін ешбір әлсірете қоймайды. Демек, пролетариат пен буржуазияның арасындағы ақырғы ұлы күрес, социалистік құрылыс жолындағы күрес помещиктік және чиновниктік өкімет болмайтын қоғамда ғана шешіледі.

Міне, сондықтан да социал-демократтар кадеттердің сатқындық программасына қарсы батыл күрес жүргізіп, шаруаларды «теңгермелік» жөніндегі жалған үміттен сақтандырады. Жер үшін, ерік үшін болып жатқан қазіргі күресте табысқа жету үшін шаруалар барынша дербес және кадеттерден тәуелсіз қимылдауға тиіс. Шаруалар жерді реттеу жөніндегі әр түрлі жобаларды талдаумен әуестенбеуге тиіс. Өкімет билігі ескі самодержавиелік, помещик-чиновниктік үкіметтің қолында қалып отырғанда «еңбек нормалары» туралы, «теңгермелік» туралы және басқалар туралы мұндай жобалардың бәрі — бос және түкке тұрмайтын іс. Шаруалардың жер алу жолындағы күресі жобалардағы осы бықыған параграфтар мен ережелерден тек қана әлсірейді, ал бұл жобаларды ескі өкімет не лақтырып тастайды, не шаруаны алдаудың жаңа әдісіне айналдырады. «Жерді орнықтыру жобалары» шаруалардың жерді қалай алу керек екендігін түсінуін жеңілдетпейді, қайта істі дұрыс түсінуді қиындата түседі. Бұл жобалар чиновниктік үкіметтің ескі өкімет туралы мәселені ойдан шығарылған, түкке тұрмайтын кеңсе ұсақ-түйектерімен бытыстырады. Ескі анайы бастықтар іс жүзінде өздерінің барлық шексіз зорлық-зомбылықтарымен қалып отырғанда, бұл жобалар мейірімді бастықтар жөніндегі қиялдарымен адамның басын қатырады. «Жерді

орнықтырудың» қағаз «жобаларын» ойыншық етуді қойыңдар, мырзалар,— ескі өкімет тарапынан кедергі болмайтын кезде шаруалар жерді оп-оңай реттейді,— одан да барлық назарды шаруалардың мұндай кедергі атаулыны толық жою жолындағы күресіне аударыңыздар.

1906 ж. 19 майда (1 июньде) жазылған

1906 ж. 20 майда «Волна» газетінің 22-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ГОРЕМЫКИНШІЛДЕР, ОКТЯБРИСТЕР ЖӘНЕ КАДЕТТЕР

Кеше біз Мемлекеттік думада кадеттердің трудовиктерге қарсы абыройсыз жаңа жеңіске жеткендігін айттық *. Кадеттер трудовиктерді өздерінің халыққа сөз салу жөніндегі және Думаны бюрократияның бейшара, дәрменсіз шылауына айналдыратын ресімдерді сақтамастап өлім жазасын жою туралы заң жобасын талқылау жөніндегі ұсынысын қайтып алуға мәжбүр етті.

Бүгін нововремялық горемыкиншілдер [68] және «Словоның» октябристері кадеттердің трудовиктерді жеңуіне берілген бұл бағаны толық дәлелдеп отыр. «Еңбек тобы,— деп жазады «Новое Время»,— Дума мекемесінің статьясына қайшы келетін бірдеме... ұсынды. Атап айтқанда, ол Мемлекеттік думаның заң жобасының нақты мәні туралы пікір айтуын және содан кейін, бір ай мерзімді сақтамастан, демек, юстиция министрінің өз пікірін айтуына мүмкіндік берместен, дауысқа қою ісіне көшуін талап етті. Кейде заңдылыққа нұқсан келтіріп, орыс адамдары бейім болатын мейірімшілдікке қарай титтей аяқ басу — Думаны заңға сөзсіз жатпайтын әрекеттер жасауға итермелеуі керек еді де, «өз бетіндік тәртіптің» тайғақ, қисық жолынан туатын салдарлардың бәрі осыдан келіп шығатын еді».

Кадеттердің шешендері, дейді одан әрі «Новое Время», «трудовиктер ұсынған заңсыз шараға қызу қарсы болып», «тамаша жеңіске жетті». Трудовиктердің өз

* Қараңыз: осы том, 130—131-беттер. *Ред.*

ұсынысын қайтып алуы жөнінде «Новое Время» былай дейді: «Бәрі де ортақ сәттілікпен және правоның толық салтанат құруымен аяқталды». *Мұндай* правоның салтанат құруы жөнінде горемыкиншілдердің масайрауы орынды, ешкім олардан басқадай еш нәрсе күтпейді. Ал кадеттерден күтушілер, өкінішке қарай, тым көп. «Аладьин мырзаның үлгісіне еліктеген әрбір депутат,— деп аяқтайды «Новое Время»,— кешіруге болмайтын жеңілтектік жасағаны үшін сөзсіз кінәлы болады».

Октябристік «Словода» Ипполит Гофштеттер мырза кадеттерге сөгіс айта, оларды әкеше жазғыра келіп былай дейді: «Ауада нағыз революцияның иісі аңқи бастады». Кадеттер революцияны тілемейді, сондықтан ақылмен ойлауға тиіс. «Қолданылып келе жатқан заң бұдан былай да барынша заңды праволық саяси және әлеуметтік жеңістерге жету үшін қандай да болсын мүмкіндік беріп отырғанда, Мемлекеттік думаның саналы-алдыңғы қатарлы мүшелерінің қасиетті борышы— қайткен күнде де дау-жанжал шығару емес, заң негізінде табанды оппозицияда болу».

Горемыкиншілдер мен октябристердің позициясы айқын. Олардың позициясымен тектес кадеттер позициясын айқынырақ және дұрысырақ бағалайтын мезгіл жетті.

1906 ж. 19 майда (1 июньде) жазылған

1906 ж. 20 майда «Волна» газетінің 22-номерінде басылған
Қол қойған. Н. Л — н

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

СЫН БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ҚИМЫЛ БІРЛІГІ [69]

РСДРП Орталық Комитеті қол қойған мынадай бір листок редакцияға келіп түсті:

«Кейбір партия ұйымдары *партия съездерінің шешімдерін сынау бостандығының шектері туралы* мәселе қозғап отырғандықтан, Орталық Комитет, Россия пролетариатының мүдделері қашан да болсын РСДРП-ның тактикасында барынша бірлік болуын талап етіп келгендігін және партиямыздың жеке бөліктерінің *саяси қимылдарының бұл бірлігі* қазір басқа қай кездегіден болса да көбірек қажет болып отырғандығын еске ала келіп,— былай деп ұйғарды:

1) партия баспасөзінде және партия жиналыстарында өзінің жеке пікірін айтып, өзінің ерекше көзқарастарын қорғауға жұрттың бәріне де *толық бостандық* берілуге тиіс;

2) көпшілік қатысқан саяси жиналыстарда партия мүшелері съездің қаулыларына қайшы келетін *үгіт* жүргізбеуге тиіс;

3) *мұндай* жиналыстарда партия мүшелерінің ешқайсысы да *съезд шешімдеріне қайшы келетін қимылдар жасауға шақырмауы да*, съезд шешімдеріне сәйкес келмейтін қарарларды ұсынбауы да керек». (Барлық жерде курсив біздікі.)

Бұл қарардың мәнісін қарастыра келіп, біз мұнда бірсыпыра өрескелдіктер бар екендігін көреміз. Қарар былай дейді: «партия жиналыстарында» өз пікірін айтуға және сынауға «толық бостандық» беріледі (§ 1), ал «көпшілік жиналыстарында» (§ 2) «партия мүшелерінің ешқайсысы да съезд шешімдеріне қайшы келетін қимылдар жасауға шақырмауы керек». Бұдан не шығатындығын ойлап көріңізші: партия жиналыстарында партия мүшелері съезд шешімдеріне қайшы келетін қимылдар жасауға шақыруға *праволы,*— көпшілік жина-

лыстарында «өз пікірін айтуға» толық бостандық «беруге» *болмайды!!*

Қарарды жазған адамдар партия ішіндегі *сын бостандығы* мен партияның *қимыл бірлігінің* арақатынасын мүлде теріс түсінген. Партия программасының *негіздерінен* шықпайтын сынға тек партия жиналыстарында ғана емес, сонымен қатар көпшілік жиналыстарында да толық бостандық берілуге тиіс (РСДРП екінші съезінде бұл туралы Плехановтың сөйлеген сөзін еске түсірсек те болады). Мұндай сынға немесе мұндай «үгітке» (өйткені сынды үгіттен бөлуге болмайды) тыйым салу мүмкін емес. Партияның саяси қимылы бірыңғай болуға тиіс. Белгілі қимылдардың бірлігін бұзуға «шақыратын» ұрандардың ешқайсысына көпшілік жиналыстарында да, партия жиналыстарында да, партия баспасөзінде де жол беруге болмайды.

Тегінде,— Орталық Комитет сын бостандығын теріс және тым тар мағынада, ал қимыл бірлігін — теріс және тым кең мағынада айқындаған.

Мысал келтірейік. Съезд Думаға сайлау жүргізуге қаулы алған. Сайлау — барынша нақты қимыл. Сайлау кезінде (мысалы, қазір Бакуде) партия мүшелерінің *ешбір жерде сайламауға* шақырған ұрандарының *ешқайсысына* жол беруге мүлде болмайды. Бұл кезде сайлау туралы қаулыны да «сынауға» болмайды, неге десеңіз мұндай сын практика жүзінде сайлау үгітінің табысты болуын әлсіретер еді. Керісінше, сайлау әлі белгіленбеген *кезде* сайлауға қатысу жөніндегі шешімді партия мүшелерінің *барлық жерде сынауына* болады. Әрине, бұл принципті практикада қолданудың өзі де кейде таластар мен ұғыныспаушылықтар туғызады, алайда *барлық* таластар мен барлық түсініспеушіліктер *нақ* осы принцип негізінде *ғана* партия үшін абыроймен шешілуі мүмкін. Ал Орталық Комитеттің қарары мүмкін емес бірдеңені туғызады.

Орталық Комитеттің қарары әрі негізінен дұрыс емес, *әрі партия уставына қайшы келеді.* Демократиялық централизм және жергілікті мекемелердің автономиялылығы принципі, осы арқылы *белгілі қимыл* бірлігі бұзылмайтын болса, барлық жерде нақ толық *сын бос-*

тандығы болатынын,— және партия белгілеп шешкен қимыл *бірлігін* бұзатын немесе қиындататын *ешбір* сынға жол берілмейтінін білдіреді.

Алдын ала партия баспасөзінде және партия ұйымдарында ешбір талқыламай тұрып мұндай маңызды мәселе жөнінде қарар басып шығаруды біз Орталық Комитеттің тарапынан жіберілген үлкен қате деп есептейміз; мұндай талқылау оның біз көрсеткен қателерді жібермеуіне көмектескен болар еді.

Біз партия ұйымдарының бәрін енді Орталық Комитеттің қарарын талқылауға және өздерінің бұған қалай қарайтындығын ашық айтуға шақырамыз.

«Волна» № 22, 20 май, 1906 ж.

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖАМАН КЕҢЕСТЕР [70]

Плеханов жолдас «Курьерде» [71] жұмысшыларға арнап хат жазды. Ол өздерін қалай ұстау керек екендігі жөнінде жұмысшыларға кеңес береді. Ол былайша пайымдайды. Думаны барынша қатты сынауға үкімет кедергі жасамайды. Үкімет халықтың Думаны қолдауын әлсірету үшін осылай істейді. Үкімет жұмысшылардың дайындығы жоқ кезде оларды ұрысқа шақырғысы келеді. Жұмысшылар үкіметтің жоспарын бұзуға тиіс. Олар Думада буржуазиялық партиялардың үстемдік етуінен қаймықпауга тиіс. Думада басым болып отырған буржуазия жұрттың бәріне бостандық берілуін және шаруаларга жер берілуін талап етеді. Сондықтан бүкіл халық Думаны қолдауға тиіс.

Бұл пайымдауда дұрыс нәрселер қателермен араласып кеткен. Плеханов жолдастың пікірлері мен кеңестерін сабырлылықпен, егжей-тегжейлі қарап көрейік.

Плеханов жолдастың бірінші пікірі. Үкімет халықтың Думаны қолдауын әлсірету үшін Думаны барынша қатты сынауға кедергі жасамайды.

Бұл рас па? Қарап көрейікші, Думаны барынша қатты сынау соңғы кезде қай жерде болған екен? Мұндай сын «Невская Газета», «Дело Народа» [72], «Волна» сияқты газеттердің беттерінде, содан соң халық жиналыстарында болды. Либерал буржуазия, Думада көпшілік болып отырған кадеттер бұл сынға және әсіресе Петербургтегі халық жиналыстарына ызаланып бұлан-талан болды. Кадеттер тіпті социалистік митингілерге учас-

келік приставтар неге назар аудармайды екен деп таңырқауға дейін барды.

Үкімет қалай жасады? Ол «Дело Народа» және «Невская Газета» газеттерін жауып, «Волнаны» үш іс бойынша сотқа тартты. Ол митингілерге тыйым салып, 9 майда Панинаның үйінде болған митинг үшін сотқа тарту жөнінде жариялады.

Бұдан біз Плеханов жолдастың айтқаны *теріс* екенін айқын көреміз. Ол өрескел қатеге ұрынған.

Енді Плеханов жолдастың екінші пікірін қарап көрейік. Үкімет жұмысшылардың дайындығы жоқ кезде оларды ұрысқа шақырғысы келеді. Шақыруға елігу ақылға сыймайды, дереу қару алуға шақыру да ақылға сыймайды.

Бұл әділ пікір. Бірақ Плеханов жолдас оны тым шала-шарпы баяндайды, осыдан барып ең зиянды түсініспеушіліктер туады. Атап айтқанда, ол, біріншіден, үкіметтің бүкіл пиғылы және оның Думаға бүкіл көзқарасы Думадан тыс жаңа күресті болғызбай қоймайтындығын қоса айтуды ұмытқан. Ол, екіншіден, ауытқушы және сатқын либерал буржуазияға қарамастан жұмысшылардың шаруалармен бірге бұл күреске баруға тиіс екенін көрсетпейді.

Әділ пікірді шала-шарпы баяндау арқылы Плеханов социалистік митингілерге тыйым салғызған либерал буржуазияның диірменіне өзінің су құятындығын сезбейді. Буржуазия істі былай етіп: социалистердің кадеттердің жарамсыздығы жайында, Думадан тысқары жердегі күрес жайында айтқандарының *бәрі* жұмысшыларды *дәл қазір* ұрысқа шақыратын зиянды нәрсе деп көрсеткісі келеді. Буржуазия социалистерге әдейі жала жабады, ал Плеханов саяси жағдайды бағалауда қателесіп, бұл жалаға көмектеседі.

Мәселен, «Волнаны» алып қараңыз, бұған буржуазия басқадан да гөрі көп ұрсып, оны сөккен болатын. «Волна» дәл қазір ұрысқа шақырды ма? Жоқ, шақырған жоқ. Буржуазия «Волнаға» жала жапты. *Бұдан екі апта бұрын* «Волна» былай деген болатын (№ 10): «Біз оқиғаларды жеделдетуге (яғни қолдан тездетуге, асықтыруға, қамшылай түсуге) тиіс емеспіз. Қазір дүмпуді

тездету біздің мүддемізге сай емес. Бұған күмән келтіруге болмайды» *. Анық шығар деймін? Не себепті буржуазия социалистерге жала жауып, оларды өсектеді? Неге десеңіз, социалистер Думадан тыс күрес сөзсіз болады және пролетариат пен шаруалар либерал буржуазияның сатқындығына *қарамастан* күрес жүргізеді деп шындықты айтты.

Панинаның үйінде қабылданған қарарды алып қараңыз (бұл қарар «Волнаның» 14-номерінде және басқа бірсыпыра газеттерде басылған**). Бұл қарар *дәл қазір* ұрысқа шақыра ма? Жоқ, шақырмайды. Ал либерал буржуазия мен барлық кадеттер бұл қарарға не себепті құтырына ашуланып, бұлан-талан болды? Неге десеңіз, бұл қарар, ең алдымен үкіметті («халық өкілдігін мазақ қылады», «күш жұмсаумен жауап беруге әзірленіп жатыр» деп) әшкерелеп, содан соң либералдарды (халық талаптарын *жасқана әрі шала-шарпы* білдіреді», «бостандық пен ескі өкіметтің арасында ауытқиды» деп) әшкерелеп, шындықты айтады; — неге десеңіз, бұл қарар трудовиктерді, шаруа депутаттарын *батыл, кадеттерге мүлде тәуелсіз бой көрсетуге* шақырады; — неге десеңіз, ақырында, қарар Думадан тыс үзілді-кесілді күрестің *сөзсіз* болатындығы *туралы* ашық айтады. Социалистерді парықсыздықпен дәл қазір ұрысқа шақырып жүрген адамдар етіп көрсету үшін және буржуазияға қарсы шын қойылып жүрген айыптаулардан *жұрттың назарын басқа жаққа аудару* үшін буржуазия бұл қарардың мағынасын бұрмалады. Буржуазия өз мүдделерін дұрыс түсініп, осылай істеді. Плеханов жолдас буржуазияға жарамсақтанамын деп қателесіп отыр, өйткені ол пролетариаттың үкімет пен буржуазияға шын көзқарасын теріс бағалап отыр.

Плеханов жолдастың үшінші пікірін алып қараңыз. «Буржуазия Думада жұрттың бәріне бостандық берілуін және шаруаларға жер берілуін талап етеді». Бұл шындық па? Жоқ, бұл шындықтың тек жартысы ғана, немесе тіпті шындықтың тек ширегі ғана. Буржуазия ескі өкіметтен талап етпейді, сұрайды. Буржуазия Ду-

* Қараңыз: осы том, 83-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 106—107-беттер. *Ред.*

мада «талаптар» туралы айтуға тыйым салды. Буржуазия (кадеттер), мәселен, баспасөзге социалистерді сөйлеген сөздері үшін түзеу үйлеріне отырғызып, каторгаға айдатуға *жағдай жасайтын* «бостандық» берілуін талап етеді *. Буржуазия шаруаларға жер беруді *емес*, оларға *жердің бір бөлегін* сатуды талап етіп отыр (өйткені төлем құны дегеніміз сатып алу мен сатудың бір түрі). Плеханов жолдас бұл *олқылық* туралы, буржуазиялық жобалардың бұл *жасқаншақтығы* туралы, кадеттердің бұл ауытқуы туралы үндемей дұрыс істеп отыр ма? Жоқ, ол мүлде теріс істеп отыр. Плеханов жолдастың бұл қатесінің қандай мәні бар? Ол пролетариат үшін және бостандық жолындағы күрестің табысты болуы үшін өте қауіпті. Бұл күрестің Думадан тыс шешілетіндігіне, оның тіпті бізге қарамастан таяу уақыттың ішінде үдей түсуі мүмкін екендігіне социалистердің бәрі де келіседі. Пролетариат бұл күресте ауытқи беретін, сатқын, тұрлаусыз либерал буржуазияға *сенбей*, шаруалармен бірге бола алады және бірге болуға тиіс. Күресте тұрақсыз адамдарға сенуден бетер қауіпті ештеңе жоқ. Жаңа күреске жаңа бет бұрыс қарсаңында либерал буржуазияның жасқаншақтығы, ауытқуы және опасыздығы туралы үндемеу арқылы біз пролетариатқа және бостандық ісіне зиян келтіреміз.

Енді Плеханов жолдастың соңғы пікірі яки кеңесі жайында. «Бүкіл халық Думаны бір ауыздан қолдауға тиіс». Думада буржуазиялық партиялардың үстемдік етіп отырғанынан жұмысшылар қаймықпауға тиіс.

Жұмысшылар бұдан «қаймықпауға» тиіс деу дұрыс. Олар бұдан қаймықпайды да. Үкіметке қарсы күресте олар буржуазияны қолдауға дайын. Бірақ мәселе — *қай* буржуазияны *қандай* күресте *қалай* қолдау керек екендігінде. Өздерінің солқылдақтығын әшкерелейтін мұндай мәселелерді үндемей қоя салуға кадеттер дағдыланып алған. Социал-демократ Плеханов жолдастың бұл мәселелер туралы үндемеуі лайықсыз.

Жалпы «Думаны» қолдау — *кадеттік* Думаны қолдау деген сөз, өйткені онда кадеттер үстемдік етіп отыр.

* Қараңыз: «Волна» № 22, «Каторгалық жаңа заң жобасы» деген мақала.

Марксист Думаны жалпы «халық» өкілдігі деп қарамауға тиіс. Ол осы Думаның атынан нақ қандай таптардың сөйлеп отырғандығын айыра білуге міндетті.

Жалпы кадеттік Думаны қолдауға бола ма? Жоқ, болмайды, өйткені пролетариат Думаның әрбір солқылдақ, берік емес қадамын әшкерелеп және масқаралап отыруға тиіс. «Курьердегі» жолдастар нақ сол Плеханов жолдастың мақаласы басылған бетте былай дейді: «Думаның солшыл бөлегі (яғни Еңбек тобы мен жұмысшы тобы) Муромцев пен Долгоруков мырзалардың (Думаның председательдері, екеуі де кадет) қорлайтын және *реакциялық* қамқорлығына үн-түнсіз шыдап отыр». Міне бұл шындық. Міне бұл — нағыз социалистің сөзі. Либералдардың трудовиктерге *реакциялық* қамқорлық жасау құралы болып отырған «Думаны» «халық» немесе пролетариат бір ауыздан қолдай ала ма? Жоқ, қолдай алмайды және қолдамайды да.

Думада буржуазиялық басты екі партия: кадеттер мен трудовиктер бар. Біріншілері — келісімпаз, сатқын, самодержавиемен біле тұра мәмлеге келуге дайындалып жатқан, батыл күрес жүргізуге біле тұра қабілетсіз буржуазия. Екіншілері — еңбекші, адам айтқысыз езілген, жерді теңгерме бөлуді арман ететін, барынша батыл, жан аямай күрес жүргізуге қабілетті ұсақ буржуазия, бұларды осы күреске оқиғалардың бүкіл барысы және үкіметтің бүкіл пиғылы итермелейді. Пролетариат *«дәл қазір» қандай* буржуазияны қолдауға тиіс? «Халықты» біріншісінің сенімсіз екендігінен сақтандыра отырып, екіншісін қолдауға тиіс. Пролетариат кадеттердің трудовиктерге «реакциялық қамқорлық» жасап отырғандығын әшкерелей отырып, трудовиктерді бұл қамқорлықты лақтырып тастауға шақыра отырып, кадеттерге қарсы трудовиктерді қолдауға тиіс және қолдайды да.

Енді соңғы мәселе: қалай қолдау керек және қандай күресте қолдау керек? Дума ішінде біреуді қолдау — оған дауыс беру деген сөз. Жұртқа мәлім, жұмысшы тобы адреске берілген кадеттік (жалпы «думалық») жауапқа дауыс беруден бас тартты. Жұмысшы депутаттары «Думаны» *бір ауыздан* «қолдаудан» бас тартты.

Сонда, жұмысшылардың бұл жерде де «қателескені ме»? Егер Плеханов жолдас осылай деп ойлайтын болса, онда ол мұны тура айтсын,— мұндай нәрселерді бүкпелемей айту керек.

Елеулі қолдау, нағыз қолдау Думадан тыс көрсетіледі. Бұл бізге байланысты емес, оқиғалардың бүкіл барысына, қазіргі күрестің нақты мәніне байланысты, өйткені бұл — министрлікке қарсы Дума күресі емес, ескі өкіметке қарсы халық күресі. «Думаны» бұлай «қолдауды» тек «қолдау» деп қана атау өрескел және жаңсақ. Бұл — Думадан тыс үзілді-кесілді күрес жүргізу болады; пролетариат бұл күресті тек шаруалармен бірлесіп қана бастауға тиіс; либералдық, кадеттік, «думалық» буржуазияның тарапынан қаншама солқылдақтық, ауытқушылық, опасыздық және реакцияға жарамсақтанушылық болғанына қарамастан пролетариат пен шаруалар бұл күресте жеңіп шығады.

Қазір біз Плеханов жолдастың жұмысшы табына берген кеңестерінің қаншалықты жаман екенін көріп отырмыз. Біздің социал-демократтардың Бірігу съезі партияны аздап оңға қарай жылжытып, кадеттердің қолдауына елігудің қауіпті екенін жете бағаламай, біраз қате жасады. Плеханов жолдас мейлінше оңға қарай жылжып, пролетариаттың кадеттерді және кадеттік Думаны толығынан, бүтіндей және сөзсіз қолдауына шақырып, үлкен қате жасап отыр.

1906 ж. 20 майда (2 июньде) жазылған

1906 ж. 21 майда «Волна» газетінің 23-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАНЫҢ ТАРАТЫЛУЫ ТУРАЛЫ ҚАУЕСЕТТЕР МЕН ЛАҚАПТАР

Мемлекеттік думаны 15 июньде жазғы демалысқа таратү жөнінде ұйғарым бар екендігі туралы «Правительственный Вестниктің»[73] қысқаша хабары газеттерде көрсетілген болатын! Енді агенттік телеграммалар бұл хабарды бекерге шығарып отыр, бірақ, «Речьтің» дұрыс айтып отырғаны сияқты, екі ұшты етіп, ешкімді еш нәрсеге сендірместен бекерге шығарып отыр.

Бірнеше аптадан соң Думаны «жазға» тарату мүмкіндігі туады. Сондықтан «Курьердің» Дума *тарай* ма, жоқ па деп көтеріп отырған мәселесі өзіне зор назар аудартады. «Курьер» Родичев мырзаның Мемлекеттік думада сөйлеген сөзінен цитат келтіреді: «біз мұнда не үшін жіберілсек, соны орындамайынша, еш уақытта тарамаймыз» және екінші бір кадеттің, Гредескул мырзаның: «Думаның бұл күресте (үкіметке қарсы) тағы да бір аса маңызды ресурсы — оның заң шығару жөніндегі билігі бар, тек сол ресурсын пайдаланып болғаннан кейін ғана Думаның кетуге және өзінің дәрменсіздігі туралы халыққа мәлімдеуге правосы болады» деген сөздерін келтіреді.

«Курьер» Родичев мырза егер үкімет тарататын болса, тарамау керек деп Мемлекеттік думаға «шынымен» ұсыныс жасайды деп *ойлайды*. Сондықтан «Курьер» Гредескулға қарсы, Родичевті үзілді-кесілді қолдайды. Сонымен қатар «Курьер» Думаның келешегі туралы барынша заңды түрде жирене былай дейді: «өзіңнің дәрменсіздігіңді тек бүкіл халық алдында дәлелдеу үшін ғана заңдарды» (жартылап — нағыз каторгалық заңдарды, өз жанымыздан қосып айтсақ, жартылап —

жасқаншақ және жалтақ заңдарды) «үйіп-төгу керек және бір жаққа шеттеп кету керек».

Егер Дума тек қана «заңдарды үйіп-төгетін» болса, «өзінің дәрменсіздігін көрсететін» болса, онда Думаның ролі адам күлерлік және былғаныш роль болатындығын «Курьердегі» жолдастардың бұл мойындауы бізді өте қуантады. Сонымен қатар «Курьердегі» жолдастардың келешекте Дума тараудан *бас тартқан* күнде *ғана* Дума туралы «халық күштерін шоғырландыратын орталық, төңірегінде осы күштер ұйымдастырылатын және қозғалыс біріктірілетін өзек» ретінде сөз қылуға болады деп санауы да бізді өте қуантады. Біз Дума бір заңды негізбен шектелуден *бас тартса,* қазіргісінен гөрі қозғалысқа көбірек қызмет етер еді деп ойлауға бармыз. Бірақ біз осы уақытқа дейін кадеттік Думаның тарапынан трудовиктердің осы жолға түсу үшін жасаған жасқаншақ әрекеттеріне қарсы жүргізілген күресті ғана көріп келдік. Сондықтан біз Родичев мырза «шын» айтты деп «сенбейміз». Сонымен қатар біз былай деп ойлаймыз: егер Родичев мырзалар әйтеуір бір уақытта заңды негізден шығып, тараудан бас тарту сияқты қадам жасауға қабілетті болса, онда *мұндай кезді таңдауды үкіметке беруге болмайды.* Тараудан бас тарту дегеніміз батыл қақтығысу үшін мұндай кезді таңдап алу, мұның өзі үкіметке байланысты, өйткені Думаны тарату туралы указды сол шығарады. Оның бер жағында, қақтығысу үшін ең қолайлы кезді таңдап алғысы келген адамдар (ягни трудовиктер, өйткені кадеттерге сенуге біздің правомыз жоқ) істі жүргізгенде бұл кезді үкіметтің таңдауына беріп қоймай, *өздері таңдап алатындай* етіп жүргізуге тиіс. «Курьердің» дәл және уытты сөзімен айтқанда, кадеттердің «заңдарды үйіп-төгуіне» үкіметтің кедергі жасамауы да мүмкін ғой.

1906 ж. 20 майда (2 июньде) жазылған

1906 ж. 21 майда «Волна» газетінің 23-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

КАУТСКИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ТУРАЛЫ [74]

К. Каутскийдің: «Мемлекеттік дума» деген жаңа кітапшасы шықты («Амиран» баспасы, СПБ. 1906 ж., бағасы 3 тиын). Автордың орыс социал-демократиясының талас мәселелеріне қатысы бар кейбір пікірлерін көрсете кету өте қызықты. Ең алдымен Думаға бойкот жасау туралы. Оң қанаттағы біздің социал-демократтардың бұл мәселеден қандай арзан тәсіл арқылы бұлтарып келгендігін және бұлтарып отырғандығын, әрине, оқушылар біледі. Олар айта салады. Парламенттік күреске қатысу — социал-демократизм, қатыспау — анархизм болады. *Демек,* бойкот жасау қате болған, ал большевиктер — анархистер екен. Мәселен, социал-демократсымақ Негорев жолдас нақ осылай пайымдаған болатын, оның толып жатқан пікірлестері де осылай пайымдап отыр.

Каутский — марксист. *Сондықтан* ол басқаша пайымдайды. Ол европалық үшін әдетке айналған создерді қайталамай, Россияның *нақты тарихи* жағдайларын қарастыруды қажет деп санайды.

«Мұндай жағдайларда,— деп жазады Каутский, дубасовтық тәртіптерді қысқаша суреттей келіп, — мұндай жағдайларда біздің орыс жолдастарымыздың көпшілігінің осындай жолмен шақырылатын Думаны сорақы түрде халық өкілдігінің өңін айналдырудың нақ өзі деп қарап, оған бойкот жасауға, сайлау науқанына қатыспауға ұйғарғандарында *таңқаларлық еш нәрсе жоқ».*

Каутский «бланкизм» мен «анархизм» тактикасында таңқаларлық еш нәрсе жоқ деп есептейді. Бұл жөнінде Плеханов жолдас пен барлық меньшевиктер ойланса, расында, жақсы сабақ болмай ма?

«Біздің орыс жолдастарымыздың көпшілігі,— деп жазады одан соң Каутский,— кейін Думаға кіру үшін сайлау науқанына қатысудың орнына, бұл Думаны болғызбай тастап, құрылтай жиналысының болуын қамтамасыз ету мақсатымен күрес жүргізуді *неғұрлым тиімді* деп санаса, онда тұрған таңқаларлық еш нәрсе жоқ».

Бұдан шығатын қорытынды айқын. Марксистер нақты тарихи мәселелерді бланкизм-анархизм және сондайлардың қарама-қарсылығы туралы құрғақ сөздердің негізінде шешпей, кезеңнің барлық саяси жағдайларын құнттап талдау негізінде шешуге тиіс.

Бізде кадеттерге еріп, бойкот жасау қате болды деп қайталау социал-демократтардың арасында сәнге айналса, Каутский мәселелерді барынша әділдікпен талдап, мұндай қорытындыға келуді ойына да алмайды. Ол «Думаны болғызбау» әрекетінің сәтсіздікке ұшырағаны факт болып отырған кезде жазғанына қарамастан, Думаның шақырылу фактісінің алдында құлша бас июге асықпайды. Бірақ Каутский әрбір сәтсіздіктен кейін (мәселен, декабрьдегі сәтсіздікті алсақ та болады) өкініп, «қатені» мойындауға асығатын адамдардың қатарына жатпайды. Пролетариат күресіндегі сәтсіздіктер барлық уақытта бірдей тіпті де оның «қателері» бола бермейтіндігін Каутский біледі.

Каутскийдің кітапшасының екінші бір маңызды жері — қазіргі орыс революциясында кім, яғни қоғамның қандай таптары немесе топтары жеңе алады деген мәселе жөнінде. «Шаруалар мен пролетариат,— деп жазады Каутский,— Дума мүшелерін барған сайын батылырақ және қаймықпастан» (кадеттік «даналықты» мақұлдап жүрген «Невская Газетадағы» жолдастар, мұны есте сақтаңыздар!) «солға қарай итермелеп, *оның сол қанатын* барған сайын ығайта түседі, өз *жауларын мүлде жеңіп шыққанға* дейін оларды барған сайын әлсіретіп, берекесін кетіріп отырады» (8-бет).

Сөйтіп, Каутский қазіргі орыс революциясында *шаруалар мен пролетариат* жеңеді деп күтеді. Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы мен олардың жеңісі арасында қандай айырма бар екендігін меньшевик-жолдастар бізге түсіндірмес пе екен? *Буржуазиялық* революцияда буржуазия емес, шаруалар мен пролетариат *жеңіп шығуы* мүмкін деген идеясы үшін Каутскийді бланкизмге немесе халық ерікшілдігіне ұрынды деп айыптамас па екен?

Бұл мәселе жөнінде ойлағысы келген адам буржуазиялық революцияда тек буржуазияның басшылығы туралы ғана сөз болуы мүмкін деген пікірге қашан да бейімделе беретін, сондықтан өкіметті шаруалар мен пролетариат жеңіп алады деген идеядан (ал революцияда жеңіп шығу өкіметті жеңіп алу болып табылады) қашан да қорқа беретін меньшевиктердің түпкілікті қатесін түсінуге жақындай түседі.

К. Каутскийдің маңызды да бағалы үшінші пікірі — жаңа орталық ретіндегі, қозғалысты ұйымдастыру ісіндегі ірі қадам ретіндегі Думаның мәні туралы. «Дума қандай бағытпен кетсе де,— дейді Каутский,— оның қазірден бастап жанама және тікелей, мақсатты немесе мақсатсыз түрде революцияға беріп отырған түрткілері бүкіл Россия бойынша бір мезгілде әсер етеді және барлық жерде бір мезгілде қарсы әрекет туғызады».

Бұл өте әділ айтылған сөз. Кімде-кім енді большевиктерге — олар Думаға «соқпай өтуді» немесе тіпті оны қуып жіберуді ұсынады-мыс, олар Думаны елемейдіміс деген пікірді таңатын болса, сол адам өтірік айтады. Бірігу съезінің өзінде-ақ большевиктер қарар ұсынған болатын, ол қарарда былай делінген:

«Социал-демократия Мемлекеттік думаны және оның үкіметпен қақтығысуын немесе оның ішіндегі жанжалды *пайдалануға тиіс*, оның реакцияшыл элементтерімен күресуі керек, кадеттердің дәйексіздігі мен солқылдақтығын аяусыз әшкерелеуі керек, шаруалардың революциялық демократиясының элементтерін *мейлінше мұқият* қадағалап отыруы керек, оларды біріктіріп, кадеттерге қарама-қарсы қоюы керек, олардың пролетариат

мүдделеріне сәйкес келетін қимылдарын қолдауы керек» *, т. т.

Большевиктер туралы Негоревтердің өсек-аяңдарына сүйенбей, олардың өз қарарларына сүйеніп пікір айтқысы келген адам *Мемлекеттік дума туралы* мәселе жөнінде Каутский мен большевиктердің арасында *ешбір алауыздық жоқ* екенін көреді.

Социал-демократтардың Думадағы парламенттік фракциясы туралы аталған кітапшада Каутский мүлде еш нәрсе айтпайды.

«Вестник Жизни» № 6,
23 май, 1906 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Вестник Жизни»
журналының тексті бойынша
басылып отыр

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 399-бет. *Ред.*

КАДЕТТЕР, ТРУДОВИКТЕР ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ

Сайлау заңы мен сайлау жағдайлары арқылы халық өкілдігінің Мемлекеттік думада қаншама оңі айналдырылғанымен, соның өзінде ол Россияның әр түрлі таптарының саясатын зерттеу үшін аз материал беріп отырған жоқ. Сондықтан бұл өкілдік бұл мәселе жөніндегі қате немесе тар көзқарастарды түзетуге көмектеседі.

Большевиктер Бірігу съезіне ұсынған өз қарарының жобасында * жақтаған буржуазиялық партияларды негізгі үш типке бөлудің дұрыс екендігі барған сайын айқындалып келеді. Октябристер, кадеттер, революцияшыл демократтар немесе шаруа демократтары — бұл негізгі үш тип, міне, осылар. Әрбір типтегі партиялардың толық және түпкілікті топтасуын күтуге де болмайтындығы өзінен-өзі түсінікті: орыс қоғамының әр түрлі таптарының азды-көпті еркін саяси майданға ашық шығуы тым таяуда ғана басталды.

Октябристер — помещиктер мен ірі капиталистердің таптық ұйымының дәл өзі. Буржуазияның бұл бөлегінің контрреволюциялық (революцияға қарсы) сипаты әбден түсінікті. Ол, өкімет билігін бөлісу туралы әлі де үкіметпен таласып жүрсе де, үкімет жағында. Гейдендер мен К^{0} ескі өкіметке оппозицияда болғанда кейде тіпті кадеттермен бірігіп кетеді, бірақ «оппозиция» атаулыға еліккіш адамдардың өздері де бұған бола октябристік партияның шын мәнін ұмытпайды.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 242—244-беттер. *Ред.*

Кадеттер — екінші типтегі партиялардың ең бастысы. Бұл партия буржуазиялық қоғамның белгілі бір табымен ғана байланысты емес, бірақ солай бола тұрса да ол өн бойынан буржуазиялық партия. Оның мұраты: крепостниктік тәртіптен тазартылған, ретке келтірілген буржуазиялық қоғам, мұндай қоғамда пролетариаттың қол сұғуына қарсы жоғарғы палата, тұрақты армия, сайланбаған чиновниктер, баспасөз туралы каторгалық заңдар, т. т. сияқты... күзет болуға тиіс. Кадеттер — жартылай помещиктік партия. Ол революциядан құтылуды арман етеді. Ол ескі өкіметпен мәмлеге келуді аңсайды. Ол халықтың революциялық талапкерлігінен қорқады. Бұл партия ашық саяси қимылды, әсіресе Мемлекеттік думада, үдеткен сайын оның солқылдақтығы мен тұрақсыздығы барған сайын айқындалып келеді. Сондықтан да алысты болжай алмайтын, минуттық табысқа мастанған адамдардың кадеттерді қолдау туралы айтқан сөздері жұмысшы табынан еш уақытта да көп жақтаушы таба алмайды.

Буржуазиялық партиялардың үшінші типі — трудовиктер, яғни Мемлекеттік думаның таяуда өз программасын жариялаған шаруа депутаттары, Россияда саяси партиялардың мұндай типі пайда болатынын революцияшыл социал-демократтар әлдеқашан-ақ аңғарғанды. Шаруалар одағы мұндай партияның бір ұясы болды, дәулетсіз интеллигенцияның радикалдық одақтары да белгілі дәрежеде осы партияға бейімделді, социалист-революционерлер, интеллигенттік топтың тар қойнауынан өсіп шығып, нақ осы бағытта дамыды. Бұл ағымның түрлері мен сарындарының әр қилы болуы Россиядағы «еңбекші» ұсақ буржуазия түрлерінің әр қилы және орасан көп болуына толық сай келеді. Шаруалар — бұл ағымның, бұл партиялардың басты тірегі. Объективті жағдайлар шаруаларды помещиктік жер иеленушілікке қарсы, помещиктік өкіметке қарсы және онымен тығыз байланысты жалпы бүкіл ескі мемлекеттік өкімет билігіне қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізуге мәжбүр етеді. Либералдар, кадеттер, т. с. өздерінің өмір сүру жағдайларына қарай ескі өкіметпен мәмлеге келуді іздеуге *мәжбүр* болған буржуазияның өкілдері

болып отырса, *бұл* буржуазиялық демократия революциялық демократия болуға *мәжбүр* болып отыр. Содан соң, шаруалар өз талаптарын утопия формасына, яғни капиталдың үстемдігі сақталған жағдайда жер пайдалануды теңгермелеу сияқты жүзеге аспайтын тілектер формасына айналдыратыны түсінікті.

Өзінің таптық мүдделерінің революциялық демократияның мүдделерінен ерекше екендігін сезіну пролетариатты барынша дербес таптық партияға ұйымдасуға мәжбүр етеді. Алайда социалистік пролетариат өзінің бос қиялдарды сынау жөніндегі міндетіне бола өзінің игілікті міндетін: либерал буржуазияның тұрақсыздығынан халықты сақтандыра отырып, революцияшыл шаруалармен өзінің жауынгерлік келісім жасауы арқылы бұл тұрақсыздықтың зиянын азайта отырып, ескі өкімет пен ескі тәртіпке қарсы күресте революциялық демократияны барлық күшін сала қолдау міндетін еш уақытта да ұмытпайды.

Социал-демократиялық пролетариаттың қазіргі кездегі бүкіл тактикасының, бүкіл саяси әрекетінің *негізі* осындай болуға тиіс. Ол шаруалармен бірігіп қимыл жасау үшін, шаруалардың «өтініштерге», «үкімдерге», өтініштердің бүкіл россиялық мекемесі болып отырған Мемлекеттік думаға сенімін ұдайы әшкерелей отырып, оларды сауаттандыруға, күреске көтеріп, тартуға тырысуы керек. Пролетариаттың міндеті — «қалың бұқараны Думаның мүлде жарамсыз екендігін сезіну дәрежесіне жеткізу» (Бірігу съезінің қарарлары). Сондықтан шаруалармен бірігіп бой көрсету үшін пролетариат жекелара, мезгілсіз дүмпулерден мұқият сақ болуға тиіс. Ал келешекте сөзсіз болғалы тұрған күресті табысты ету мақсатымен кадеттердің солқылдақтығын барынша аяусыз әшкерелеу қажет, «Думаның толық жарамсыздығы» туралы мәселені барынша анық қою қажет, кадеттер мен трудовиктердің арасындағы айырмашылықты көлегейлеу әрекеттеріне қарсы барынша батыл күрес жүргізу қажет.

Социалистік пролетариат кадеттер мен трудовиктердің арасындағы қарым-қатынасты, міне, осы тұрғыдан бағалауға тиіс. Жер реформасы туралы мәселені алы-

ңыз. Кадеттер *төлем құнын төлеп алғысы келеді*. Трудовиктер жер үшін тек *сыйлық* қана бергісі келеді,— бәлкім, бұл сыйлық пенсия немесе шапағат үйінен тегін орып беру түрінде болуы мүмкін. Төлем құны мен шапағат үйіне орналастырудың арасында үлкен айырма бар екенін «Волна» түсіндірген-ді [75]. Жұмысшы партиясы *конфискелеуді*, яғни төлемсіз де, сыйлықсыз да иеліктен айыруды талап етеді, алайда дәулетсіз помещиктерді шапағат үйінің бағып-қағуына, әрине, жұмысшы партиясы қарсы болмайды. Әлбетте, жұмысшы партиясы кадеттерге қарсы трудовиктерді қолдауға тиіс. Россияда жерді төлем құнын төлеп алу шаруаларды күйзелтіп, помещиктерді байытып, мемлекеттік ескі өкіметті күшейтіп, бір кезде барынша зиянды роль атқарған-ды. Қазіргі уақытта Россияда үкіметтің жартылай жақтаушысы болып табылатын адамдар ғана төлем құнын төлеуді жақтай алады.

Саяси программаны алыңыз. Кадеттер жоғарғы палатаның және жартылай халық өкіметінің болуын тілейді. Трудовиктер жаппай, т. т. дауыс беру арқылы сайланған парламенттен жоғары «Мемлекеттік совет, билеп-төстеушілер палатасы, екінші палата және басқалар сияқты ешбір қондырмалар мен бөгеттер» [76] тұрмауын үзілді-кесілді жақтайды. Еңбек тобы жұмысшылардың программа-минимумын 8 сағаттық жұмыс күнімен, т. т. қабат толығынан дерлік қабылдайды. Әлбетте, жұмысшы партиясы бұл арада да кадеттерге қарсы трудовиктерді қолдауға тиіс.

Жерді не істеу керек деген мәселені алайық. Кадеттер жердің бір бөлегін шаруалар мен помещиктердің меншігінде қалдырып, бір бөлегін мемлекетке бергісі келеді. Трудовиктер барлық жерді, бірден болмағанымен, мемлекетке беріп, сонымен қатар жерді теңгерме пайдалануды орнатқысы келеді. Әлбетте, помещиктік жер иеленушілікке қарсы және жалпы жерге жеке меншіктің болуына қарсы күресте трудовиктер кадеттерден *әрі барады*. Бұл мәселеде де кадеттерге қарсы трудовиктерді қолдамаса, жұмысшы партиясы қатты қателескен болар еді. Кадеттердің де, трудовиктердің де қателері — жұмысшы партиясының нағыз революция-

лық буржуазиялық демократияны қолдамауына әсте негіз бола алмайды. Толық демократиялық болудан шалғай жатқан мемлекеттің қолына жердің бір бөлегін болса да беруге болады деп есептеп, кадеттер де, трудовиктер де қателеседі. Жерді мұндай мемлекетке беруден гөрі оны бөлген артық. Бірақ мұндай қатені, амал не, РСДРП съезі де жасады, ол жердің бір бөлегін «демократиялық» мемлекеттің қолына беруге болады деп ұйғарғанда осы демократизмнің *дәрежесін* және оның толықтығын *дәл* анықтамады. Кадеттер мен трудовиктердің программаларын салыстырғанда социал-демократиялық съездің қатесі өте айқын көрінеді.

Содан соң, трудовиктер товар шаруашылығы сақталып отырғанда жер пайдалануды «теңгермелеуге» болады-мыс деп қателеседі. Бұл ұсақ буржуазиялық утопияны жұмысшы партиясы барынша үзілді-кесілді әшкерелеп, теріске шығаруға тиіс.

Алайда ұсақ қожайынсымақтың түкке тұрмайтын *қиялына* қарсы күреске бола бұл таптың қазіргі революциядағы революциялық *ісі* туралы ұмыту ақылға сыйымсыз болар еді. Марксист бұлай істей алмайды. Осы айтылған қатені, мәселен, «Курьер» де жасап отыр, ол (№ 5) былай дейді: «Еңбек тобының заң жобасы өзінің негізгі белгілері бойынша тіпті де қанағаттанарлық емес» (дұрыс!) «және жұмысшы табының қолдауына тұрмайды» (дұрыс емес!).

Жұмысшы партиясы, толық дербестік сақтай отырып, бұл арада да кадеттерге қарсы трудовиктерді қолдауға тиіс. Бұлардың екеуінің де қателерін әшкерелей отырып, трудовиктердің кадеттерден әрі баратындығын, кадеттердің қателеріне қарағанда трудовиктердің қателері революция дамуының неғұрлым жоғары сатысында практикалық маңыз алатындығын ұмытуға болмайды. Кадеттер арқылы халық өзінің халық бостандығын ескі өкіметпен біріктіру мүмкіндігі туралы жалған үміттерінен *арылып келеді.* Трудовиктер арқылы халық өзінің «теңгермелілікті» капитализммен біріктіру мүмкіндігі туралы жалған үміттерінен *арылады.* Кадеттер арқылы халық өзінің буржуазиялық бірінші жалған үміттерінен арылып келеді; трудовиктер арқылы ол өзі-

нің буржуазиялық соңғы жалған үміттерінен арылады. Кадеттердің жалған үміттері буржуазиялық революцияның жеңіп шығуына кедергі жасайды. Трудовиктердің қателері социализмнің дереу жеңіп шығуына кедергі жасайды (мұндай дереу жеңіп шығу туралы жұмысшылар бостан-бос арман етпейді де). Осыдан келіп кадеттер мен трудовиктердің арасында орасан зор айырмашылық бар екендігі анықталады, ал жұмысшы партиясы бұл айырмашылықты қатты ескеруге тиіс.

Мұны істемесек, біз социалистік пролетариатты революцияның авангардынан, шаруалардың неғұрлым саналы кеңесшісінен либерал буржуазияның санасыз жәрдемшісіне айналдырған болар едік.

«Волна» № 25, 24 май, 1906 ж.

«Волна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПЛЕХАНОВ ЖОЛДАС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ ҚАЛАЙ ПАЙЫМДАЙДЫ? [77]

«Курьердің» соңғы екі номерінде Плеханов жолдастың «тактика мен әдепсіздік туралы» бірінші хаты басылды. Либералдық-буржуазиялық баспасөз Плеханов жолдастың оңға қарай ауытқуда «Курьер» газетінен анағұрлым асып түскенін әбден дұрыс көрсетіп өтті. Бұл баспасөздің бәрі Плеханов жолдасты тұс-тұстан мақтап, оны барлық қалған социал-демократияға қарама-қарсы қоюда.

Плеханов жолдастың бұл пайымдауларын сабырлылықпен байқап көрейік.

Плеханов жолдас Полтаваның социал-демократиялық газеті — «Колоколмен» [78] айтысады. Ол одан мынадай цитаттар келтіреді:

> «Бір ғана социал-демократиялық программаны қабылдаудан,— деп жазды «Колокол»,— жеке адам да, тіпті тұтас бір топ та социал-демократиялық болмайды. Бұл үшін социал-демократиялық тактиканың негіздерін де тұтас қабылдау керек.
>
> Социал-демократияның басқа партиядан бөліп көрсететін айрықша белгісі,— оның программасының үстіне, оның барлық басқа, буржуазиялық партиялар жөніндегі бітіспес таптық позициясы болып табылады».

Плеханов жолдас цитат келтірілген жерлерге тым қатал «дүрсе қоя береді». Біріншіден, «позицияның» орнына ол «оппозиция» деген сөзді қоюды талап етеді. Біздің байқауымызша, бұл түзету автордың баяндауын титтей де жақсартпайды, қайта тіпті нашарлата түседі. Екіншіден, Плеханов жолдас корректордың жұмысын өз мойнына алып отыр. Тексте «басқа» деген сөзден ке-

йін үтір жоқ. Талап қоймайтын корректорлар, әдетте, мұндай қателерді үндемей түзей салады. Талап қоятын корректорлар бұл туралы жарты бағанаға таяу фельетон жазады!

Іске кірісейік. Шын мәнінде Плеханов жолдастың келіспейтіні не? Ол былай дейді: «Автор барлық басқа* буржуазиялық партияларды біртұтас реакциялық бұқара ретінде суреттейді».

Бұл — *өтірік.* Цитатқа алынған сөздерде мұндай суреттеудің көлеңкесі де жоқ. Плехановтың өзі келтірген автордың одан кейінгі сөздерінде буржуазиялық партиялардың екі түрі *ашық ажыратылады:* 1) «кадеттік-оппозициялық» және 2) «оңшыл» партиялар. Плеханов жолдастың авторға «біртұтас реакциялық бұқара» туралы пікірді таңуға тырысқан әрекетінің әділетсіз екені былай тұрсын, істің мәні жөнінде таласуды қалайтын социалиске тура лайықсыз да.

«Әр түрлі буржуазиялық партиялар әр түрлі түске боялған»,— дейді Плеханов жолдас. Бұл дұрыс пікірдің «Колоколдағы» мақаланы жазған, кадеттік-оппозициялық және оңшылдық «түстерді» айыра білген авторға эсте жат емес екенін біз көрсетіп өттік. Демек, кінәмшыл, бірақ ебдейсіз сыншының пікіріне қарамастан, автор социал-демократиялық тактиканың «негіздеріне» қарсы күнә жасаған жоқ. Бірақ *россиялық* социал-демократияның революция *кезіндегі* тактикасын белгілеу үшін буржуазиялық партиялардың бұл екі «түсін» айыра білу *жеткіліксіз.* Бұл арада «Колоколдың» пікірінде немесе баяндауында шын олқылық бар. Плеханов жолдас осы олқылықты байқамады. Ол жоқ олқылықтарды ойдан шығарып, шын олқылықты көрмей қалды.

Егер Плеханов жолдастың кадеттік газеттерді көңілдендіріп, қуанту үшін емес, большевиктермен істің мәні жөнінде айтысқысы келсе**, буржуазиялық партиялардың ең болмағанда, басты-басты *үш* «түсін» айыра білу

* Плеханов жолдас *та* бұл арада үтір қоюды немесе «басқа» деген сөзді қалдырып кетуді ұмытып отыр, яғни осыны жаңсақ жазғаны үшін ол жолдасқа маңызды пішінмен сөгіс айтып, *өзі* соны *қайталап* отыр!

** Біз «Колоколдағы» мақаланың авторын да, жалпы алғанда бұл социал-демократиялық газеттің редакциясын да, оның ұстаған бағытын да білмейміз. Біз бұл арада Плехановтың «Колоколға» қарсы айтысын

қажеттігін нақ большевиктердің көптен бері талап етіп келе жатқаны жайында ол үндемей отыра алмас еді. *Екі тактиканың* түбірлі айырмашылықтарының бірі нақ осында жатыр, сондықтан Плеханов жолдас «әдепсіздік» жөнінде тоғышарлық-мещандық күрсінулер арқылы саяси тактикалардың бұл айырмашылығын көлегейлемек болып бекер үміттенген.

Бұдан бір жыл бұрын шетелде, кейін Россияда қайта басылған, «Екі тактика» * деген большевиктік кітапша жарық көрген-ді. Бұл кітапшада бүкіл меньшевизмнің негізгі қатесі — буржуазияның нақ қандай элементтерінің, пролетариатпен бірге, Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізе алатынын түсінбейтіні дәлелденді. Меньшевиктер буржуазиялық революцияны дәл «буржуазия» («түстерге» бөлмегенде жалпы буржуазия!) жасауға тиіс, ал пролетариат көмектесуге тиіс деп әрдайым шатасып келді және осы уақытқа дейін шатасуда. Сондықтан меньшевиктер (соның ішінде Плеханов та) «қазіргі революцияның үзілді-кесілді жеңуі» таптардың саяси қайта топтасуы тұрғысынан *не* болатындығын еш уақытта аз да болса марксистше анықтай алған емес, бірақ олар үзілді-кесілді жеңу туралы, тіпті қарарларында да, сөз етуден қашпады. Большевиктердің үзілді-кесілді жеңу пролетариат пен шаруалардың диктатурасы ғана бола алады деген пікірі оларға ұнамады, бірақ мұны не бекерге шығару, не түзету немесе өзгерту олардың қолынан келмеді.

Большевиктер нақ буржуазиялық-демократиялық революция заманында пролетариаттың тиянақты және байсалды одақтасы (осы революция жеңгенге дейін) тек шаруалар ғана бола алады деп айтып келді және айтып отыр. Шаруалар да — «буржуазиялық демократия», бірақ олар кадеттерге немесе октябристерге қарағанда мүлдем басқа «түстегі», «буржуазиялық демократия». *Бұл* буржуазиялық демократияның нені тілейтініне қарамастан, *тарих оның* алдына Россиядағы «ескі

әдейілеп айтып отырғанымыз жоқ, оның «сынының» жалпы пікірін айтып отырмыз.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер. *Ред.*

7*

тәртіп» жөнінде шын революциялық мақсаттар *қойды*. *Бұл* буржуазиялық демократия помещиктік өкіметтің және онымен байланысты мемлекеттік ескі өкіметтің *негіздерінің өзіне* қарсы күресуге *мәжбүр* болып отыр. *Бұл* буржуазиялық демократияны объективтік жағдайлар ескі өкіметті сақтауға, революцияны ескі өкіметпен *мәмлеге келу* жолымен аяқтауға барлық күшін салып тырысуға «мәжбүр» етпейді. Сондықтан *бұл* буржуазиялық демократия,— өзінің не істеуге *мәжбүр* болуына байланысты тенденцияларына қарай,— *революциялық демократия* болып табылады. Сөйтіп большевиктер социалистік пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революция кезіндегі тактикасын былай деп белгіледі: пролетариат шаруалармен бірігіп кетпей, оларды соңынан ертіп отыруга тиіс, халық бостандығы мен ескі өкіметтің арасында ауытқып жүретін либерал буржуазияның тұрақсыздығы мен солқылдақтығын жоя отырып, шаруаларды ескі өкіметке және ескі тәртіпке қарсы бастауы керек.

Россияның социал-демократиялық пролетариатының қазіргі замандағы тактикасының міне дәл осы негіздерін меньшевиктер түсінбейді де. Бұларды Плеханов жолдас та түсінбеген. Біздің тактикамыз туралы дәл осы *нақты* мәселеге соқпай өтуге, оны көлегейлеуге, жаңсақ жазулар, әріп қателері туралы пайымдауларымен, өзінің ретсіз іріктеп алған цитаттарымен және т. б. бүркемелеуге тырысады.

Төрелігін өздеріңіз айтыңыздар. «Курьердің» 5-номерінде Плеханов большевиктерге: «пролетариат буржуазиямен қатар жүре алмайды... бұл оппортунизм болады» деген пікірді таңуға дейін барады.

Біз әлі тіріміз, Плеханов жолдас! Өлгендерге үйіп-төгетіндей, қайдағы жоқты біздерге үйіп-төгу — масқара болу деген сөз. «Вперед»пен», «Пролетарий»мен», «Екі тактикамен», «Кадеттердің жеңісімен», большевиктердің басқа да кітапшаларымен аздап та болса таныс адам Плехановтың өтірік айтып отырғанын бірден көреді.

Меньшевиктердің қатесі — революциялық буржуазиялық демократияны нақ қазір өзінің революцияшылдығынан тез айрылып бара жатқан күллі буржуазиялық

демократиядан бөліп ала білмеуі деп большевиктер бір жарым жылдан бері айтып келеді. Меньшевиктер эсерлерге «жақындаудан» күлкі тудырарлық қорыққандықтан, кадеттерге шамадан тыс *жақындап барады*, сөйтіп *революциялық түстегі* буржуазиялық демократияны жеткілікті бағаламай отыр деп большевиктер бір жарым жылдан бері айтып келеді. Меньшевиктердің *оппортунизмі* демократияның, ал демек, *социализмнің* де түбірлі мүдделерін ұмытушылықта, өйткені буржуазиялық революцияның заманында демократия — либерализмнің уақытша табыстары үшін — табыстарға жетпейінше, социализмнің нақты табыстарға жетуі мүмкін емес деп, меньшевиктердің оппортунизмі земствошылардың немесе кадеттердің алдамшы табыстарына бет алды бас июінде деп большевиктер айтып келеді.

Сіздің *оппортунизміңіз* міне осында, Плеханов жолдас!

Маркс — дейді Плеханов — «буржуаның нені *тілейтіні* туралы емес, қайта олардың нені істеуге *мәжбүр* екені туралы сұрауға» үйретті.

Дәл солай, Плеханов жолдас. Марксизмге зиян тигізумен болған Бернштейннің Марксті бекерден-бекер дәлелге келтіргені сияқты, сіз де Марксті бекерден-бекер дәлелге келтіре отырып, Маркстің нақ осы ғылымын ұмытасыз. Сіз мынаны ұмытасыз: *кадеттер* ескі өкіметпен *мәмлеге келуге* «мәжбүр», ал *шаруалар демократиясы немесе революциялық демократия* ескі өкіметке қарсы батыл күреске шығуға «мәжбүр»,— немесе, қайткен күнде де,— кадеттер тек мәмлеге келуге ғана қабілетті, ал шаруалар үлкен күреске де қабілетті. Жалпы «буржуа» немненеге мәжбүр деген *жалпылама* сөздер арқылы Плеханов жолдас кадеттер *түсіндегі* «буржуа» мен революциялық демократия *түсіндегі* буржуаның неменеге мәжбүр екені туралы нақты мәселені *көлегейлейді.*

Енді өздеріңіз айтыңыздаршы, қазіргі уақытта *российялық* буржуазияның әр түрлі түстерін айыра білмеуші болып отырған *іс жүзінде* кім? Нақ қазіргі кезеңде буржуазиялық демократияның ішіндегі елеулі айырмашылықтарды көрсетіп берудің орнына жұмысшыларды

схоластикамен, педанттықпен, «өлі ақиқатпен» сыйлап отырған кім?

Бұл мәселемен шындап шұғылданатын оқушылар мұны кездейсоқ әсерлердің негізінде емес, социал-демократиялық әдебиетті және съездердің шешімдерін мұқият зерттеу жолымен шешуге тиіс. Съездің Мемлекеттік дума туралы қарарын алыңыздар да, оны большевиктер қарарының жобасымен салыстырып көріңіздер *. Сонда сіздер нақ съездің (меньшевиктік) қарары шаруалар демократиясы мен кадеттік демократияның арасын айқын ажырата *білмейтіндігін* көресіздер. Керісінше, большевиктердің қарары дәл осы айырмашылыққа баса назар аударады. Съездің қарары *барлық* буржуазиялық партиялардың дәйексіздігін әшкерелеуге кеңес берумен тынады, ал біздің қарарымыз кадеттердің солқылдақтығын және шаруалар демократиясын топтастырып, оларға қарсы қою қажеттігін айтады. Съездің қарары бұл жағынан түкке тұрмайды, өйткені *барлық* елдердің социалистері *барлық* буржуазиялық партияларды *барлық* заманаларда әшкерелеп отыруға тиіс, кімде-кім осымен тынса, ол марксизмнен жаттап алған сөздерін шәкіртше қайталайды, бірақ ол сөздерді қорытып, Россияға қолдана білмейді. Нақ буржуазиялық революцияның заманында: «барлық буржуазиялық партияларды әшкерелеңдер» деп айту ештеме айтпау деген сөз және тіпті өтірік айту деген сөз, өйткені байсалды түрде және іскерлікпен әшкерелеу *не ол, не бұл* буржуазиялық партиялардың *тарихи* жағынан алдыңғы шепке шығуына қарай қамтамасыз етіледі. Керісінше, біздің қарарымыз *қазір* саяси роль атқаратын «түстердің» дәл өзін ажыратады. Сондықтан да Мемлекеттік думаның бастапқы қадамдары-ақ *нақ біздің* қарарымыздың дұрыстығын дәлелдеп, кадеттердің солқылдақтығын және «трудовиктердің» неғұрлым революциялық мәнін жұрттың бәріне айқын көрсетті.

Екінші мысал. Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе. Бұл мәселені меньшевиктер съезге дейін қалай шешіп келді? Жалпылама сөздермен шешіп

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 398—399-беттер. *Ред.*

келді: олардың қарарының жобасын қараңыз. Ал большевиктер ше? Буржуазиялық оппозицияның *үш* түрін: октябристерді, кадеттерді және революцияшыл демократтарды білумен шешіп келді (большевиктік қарардың жобасын қараңыз) *. Бұл мәселені съезд қалай шешті? Меньшевиктердің өз қарарын ұсынуға *батылдары бармады,* сөйтіп *Амстердам қарарын қуаттады!* Буржуазиялық революция заманындағы орыс социал-демократтары орыс буржуазиясының әр түрлі түстері туралы барлық елдердің европалықтарының буржуазиялық революциядан кейін жүз жыл өткен соң айтқанын қайталаудан басқа ештеме айта білмейді!!

Құрметті Плехановтың ауру бастың сақинасын сау басқа теліп отырғаны айқын емес пе?

Плеханов жолдастың 40-жылдардағы Германиядағы «ақиқат социализм» туралы пікірлерін алыңыздар. Бұл «ақиқат социализмнің» мәні неде? Бір жағынан, тап күресін және саяси бостандықтың маңызын түсінбеуде. Содан соң қазіргі саяси күресте буржуазияның белгілі бір тобының маңызын айыра білмеуде. Плеханов жолдастың өзі меньшевиктерге бас болып, кадеттік-оппозициялық буржуазия және революциялық-демократиялық буржуазияның арасындағы қазіргі кезеңнің жағдайлары бойынша түбірлі айырмашылықты *көлегейлеп* отырған кезде, бұған *бізді* жазғырмақшы болуы ерсі емес пе?

Жалпы большевиктерді «ақиқат социалистерге» жақын тұр деп осылай жазғырушылық — күлуге тұрарлық нәрсе. Тек ойлап көріңіздерші: бізді бәрі және әрқашан шамадан тыс турашыл, сіресіп қатып қалған, тастай қатты деп жабыла айыптап келді. Сонымен бірге біздің оппоненттеріміз бізді әрі «бланкистер», әрі «анархистер», әрі «ақиқат социалистер» деп атайды. Бланкистер — заговоршылар (еш уақытта жалпы стачканы жақтаған емес), олар революциялық өкіметтің маңызын асыра бағалайды. Анархистер бланкизмнің тиянақты ұйымына мейлінше іріткі салатын ауа жайылушылықты қарама-қарсы қойып, революциялық өкіметті де, қандай да болсын басқа өкіметті де мүлдем теріске шы-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 242—244-беттер. *Ред.*

гарады. «Ақиқат социалистер» бейбіт лавристер сияқты бірдеме, жартылай мәдениетшілер, революционер еместер, түсініксіз пікірлер мен дерексіз уағыздардың қаһармандары. Меньшевиктер өздерін өздері соққылау үшін большевиктерге қарсы осындай *бірін бірі жоққа шығаратын* айыптарды ойлап табудан артық ештеме таба алмас еді. Меньшевиктердің айыптауларына жауап беру үшін бізге олардың осы бытыстыруын саусақпен нұсқап көрсету жеткілікті.

Керісінше, біз әрқашан мынаны айтып келдік және айтып отырмыз: меньшевиктер — социал-демократияның оппортунизмге бейім, яғни минуттық мүдделерге бола, минуттық пиғылга, ережелерге және қатынастарға «бейімделудің» жалған мүмкіндіктеріне бола пролетариаттың берік, мәнді, түбірлі мүдделерін ұмытуға бейім оң қанаты.

Плеханов жолдастың қазіргі бүкіл тактикасының мәнісі неде? Кадеттердің табыстарына құлшылықпен бас июде, олардың қазіргі әрекетінің орасан зор теріс жақтарын ұмытуда, буржуазиялық демократияның революцияшыл элементтерімен *салыстырғанда* кадеттердің реакцияшыл екенін көлегейлеуде, «өтініштерге» және ойыншық парламентке сенуге бейім жұмысшылар мен шаруалардың санасын көмескілеуде.

Кадеттер өздерін жалпы демократиялық буржуазия етіп көрсетуге, өздерінің Еңбек тобымен ажырасқандарын жасыруга, шаруалар демократиясымен келісе алмағандарын бүркеуге, буржуазиялық демократияның нақ оң, сенімсіз қанатының қолдауын қамтамасыз етуге барынша тырысып жүр. Плеханов жолдас не нәрсеге жеткісі келетіндігіне қарамастан, бір-ақ нәрсеге жетіп отыр: ол *іс жүзінде* кадеттердің осы реакцияшыл талаптарын *қолдап отыр*. Осы үшін де олар оны көкке көтере мақтап жүр.

Плеханов жолдас: 1903 ж. өзінде-ақ (РСДРП II съезі) мен самодержавиеге қарсы *оппозициялық* қозғалыстың қандайын болса да қолдау қажеттігін қорғап, партияның сол кездегі оң қанатына (Акимов, Мартынов және басқаларына) қарсы шығып, таластым, дейді. 1847 жылы Маркс те осылай қараған болатын. Сөйтіп

Плеханов большевиктер осы ақиқатты ұмытып кетті деп оқушыларды сендіргісі келеді.

Плеханов жолдас қателеседі. *Қазіргі* уақытта бұл оппозициялық және революциялық буржуазияның *не ол, не бұл бөлегін* қолдау туралы нақты мәселені шешетіндер оппозицияны қолдау туралы жалпы қағиданы теріске шығармайды. Плехановтың қатесі *нақты* тарихи мәселені *абстракт* пікірмен ауыстыруында. Бұл — бір. Ал екіншіден, Плеханов жолдастың қатесі Россиядағы буржуазиялық демократияға оның мүлдем *тарихи емес* көзқарасында жатыр. Революцияның алға басуына қарай бұл буржуазиялық демократияның әр түрлі топтарының алатын орны қалай өзгеріп отыратынын Плеханов ұмытады. Революция неғұрлым жоғары өрлеген сайын, буржуазияның революцияшылдығы кем топтары одан соғұрлым тез шығып қалады. Кімде-кім мұны түсінбесе, ол жалпы буржуазиялық революцияның барысында ештеме түсіндіре алмайды.

Айтылғанды түсіндіру үшін екі мысал келтірейік.

Маркс 1847 ж. неміс буржуазиясының үкіметке қарсы ең жасқаншақ оппозициясын қолдады [79]. Франкфурт парламентінде [80] «біте қайнасып» жұмыс жүргізген, осы біте қайнасып істеген жұмыстың өте үлкен үгіттік маңызы бар деп бүкіл дүние жүзін сендірмек болған және нақты өкімет жолындағы күрестің болмай қоймайтындығын түсінбеген өте радикал неміс кадеттерін,— біздің кадеттерден гөрі анағұрлым солшыл кадеттерді,— ол 1848 ж. аяусыз, қатал масқаралап, жерден алып, жерге салды [81]. Маркс өзінің осы жолынан тайды ма? басқа көзқарасқа көшті ме? бланкизмге түсіп кетті ме (бернштейншілдердің және немістің либерал профессорларының ойлайтынындай)? Жоқ. *Революция алға басты.* Одан 1847 жылғы неміс «шиповшылдары» ғана емес, 1848 жылғы неміс «кадеттері» де *қалып қойды.* Алдыңғы қатарлы таптың мүдделерінің сенімді қорғаушысы болғандықтан, Маркс қалып қойғандардың ішіндегі әсіресе бәрінен гөрі ықпалдыларын қалып қойғандары үшін аяусыз соққылап отырды.

Марксті дәлелге келтіре отырып, Плеханов Марксті бұрмалайды.

Екінші мысал.

1903 жылы, тіпті одан да бұрын: 1901—1902 жылдары ескі «Искра» «шиповшылдарды», яғни Струве мырзамен бірге «праволар және өктем земство» деген ұран ұсынған сол кездегі жасқаншақ либерал земствошыларды қолдады. Революция алға баса берді,— сондықтан социал-демократтар, былайша айтқанда, буржуазияның оппозицияшыл жоғарғы топтарынан оның революцияшыл төменгі топтарына қарай ауысып отырды. Олар бүкіл демократиялық қозғалыс дамып, кеңейіп, тереңдеген сайын шиповшылдарды — конституция талабын айқын қоймағандығы үшін; конституцияшылдарды — жалпыға бірдей және т. б. сайлау правосын елемегендігі үшін,— мұны танығандарды — революцияны танымағаны үшін және т. т. «қуғындап» отырды. Егер 1901—1902 жылдар заманында оппозицияшыл «шиповшылдарды» қолдаудан— 1905—1906 жылдары революцияшыл шаруаларды қолдауға көшсе, революцияшыл социал-демократтар өздерінің ұстаған жолынан тайды ма? Жоқ. Олар өздерінің ұстаған жолынан айнымады.

Кадеттердің минуттық табысын көріп, қазірдің өзінде өмір ұсынып отырған неғұрлым жоғары демократиялық міндеттерден көз жазып, Плеханов жолдас өзінің ұстаған жолынан тайды.

Әрі барайық. Плехановтың кадеттік Думаға соншалықты дәрежеде сын көзімен қарамайтындығының өте айқын мысалы мынау.

Плеханов жолдас «Колоколдан» мынадай цитат келтіреді:

«Осы жалпы қағидаларды парламенттік жұмысшы тобына қолдана отырып, біз мынаны айта аламыз: бұл топ өзінің Думадағы іс-әрекеттерінде социал-демократияның басты-басты тактикалық негіздерін қаншалықты жүзеге асыратын болса, соншалықты россиялық пролетариаттың ең айбынды және саналы бөлегінің шын талаптарын білдіреді, басқаша айтқанда, соншалықты социал-демократиялық болып аталады.

Думаның жалпы кадеттік-оппозициялық батпағына батпау, оның кадеттік көпшілігінің соңына сүйретіліп ермеу, қайта ол көпшілікке өзіңді қарама-қарсы қою, оның талаптарының шектеулілігін, оның «оңшыл» партиялармен және үкіметпен келісімге келуге бейімдігін әшкерелеп отыру — міне, пролетариат-

тың өкілдеріне бірден-бір лайықты және сонымен бірге шын мәнінде социал-демократиялық тактика осы; бұл тактиканы біз жұмысшылардың Мемлекеттік думадағы өкілдеріне батыл ұсынуға тиіспіз. Басқа тактиканың қандайы болса да пролетариаттың таптық сана-сезімін, өздерін пролетариаттың Думадағы өкілдеріміз деп санайтын әлгі топтың мүшелерін буржуазиялық партиялардың сыбайластарына және орыс революциясының жалпы барысында пролетариаттың дербес міндеттеріне қарсы бағытталған құралға айналдырады».

Плеханов бұл жөнінде былай дейді:

«Егер біздің полтавалық жолдасқа өзінің жалпы қағидаларын Франциядағы Социалистік партияға қолдануға тура келсе, оның өз мақаласының қорытынды жолдарына аз да болса елеулі түзетулер енгізуінің керегі болмас еді. Ол «кадеттер, кадеттік» деген сөздерді «радикалдар, радикалдық» деген создермен; «Дума» деген сөзді «Депутаттар палатасы» деген сөздермен; ақырында «орыс революциясының» деген сөздерді «қоғамдық-тарихи қозғалыстың» деген сөздермен ауыстырумен тына алар еді. Бұл таңқаларлықтай қолайлы».

«Колоколдан» келтірілген цитат пен Плехановтың ескертпесін тағы бір рет оқып шығуға оқушыны шақырамыз. Бұл ескертпе Плехановтың Бернштейнге қарай бет бұруының түпкі негіздерінің бірін бізге сирек кездесетін айқындықпен ашып береді.

Тек ойлап көріңіздерші: «Колокол» мақаласының қорытынды жолдарында «кадеттер» деген сөзді «радикалдар» деген сөзбен, «Дума» деген сөзді: «Депутаттар палатасы» деген сөздермен ауыстырумен *тына алар еді.*

Бұл пайымдауымен Плеханов жолдас өзін біржолата масқаралады. Конституциялық жалған үміт дегеннің не екенін түсінудің қандайы болса да, демек, россиялық буржуазиялық революцияның қазіргі кезеңін түсінудің қандайы болса да оған қаншалықты жат екснін ол айқын көрсетті.

Орыс кадеттері мен орыс Думасының арасында, француз радикалдары[82] мен француз Палатасының арасында, олардың өзара қатынастары арасында Плеханов ескермей отырған *түбірлі* айырмашылық бар. Плеханов «Колоколдағы» мақалада *кішкентай бір сөзді,*— кішкентай болғанымен жоғары дәрежеде сипатты

және маңызды сөзді байқамаған. Ол: *«үкіметпен келісімге келу»* деген сөз.

Ойлап көріңізші, Плеханов жолдас: Францияда Депутаттар палатасының үкіметпен «келісімге келуі» туралы сөз болуы мүмкін бе? Жоқ, мүмкін емес. Себебі? Себебі — үкімет онда барлық өте маңызды істер жағынан Палатаға бағынады. Палатадағы көпшіліктің өзі нақты *үкімет* болып табылады, ол өзіне қолайлы адамдарды министр етіп тағайындап отырады. Палатада көпшілік болуын қамтамасыз етіп, радикалдар *сол арқылы* үкімет *болады*. Бұл дәуірдегі парламенттік қатынастар халықтың ішіндегі нақты күштердің қатынасына да, мемлекеттік өкіметтің халыққа қатынасына да азды-көпті сай келеді. Осы дәуірге арналып жазылған конституция нақты, шын конституцияға, күштердің қатынасына оншама қайшы келмейді.

Россияда Думаның көпшілігінің үкіметпен келісімге келуі туралы сөз бола алады және сөз болуға *тиіс те*. Себебі? Себебі — бізде нақты өкімет заң бойынша да, істің шын жағдайы бойынша да *әсте Думаның қолында емес*, қайта ескі самодержавиелік үкіметтің қолында. Дума Палата сияқты мемлекеттік өкіметтің органы емес, халықтың бір бөлегінің ескі өкімет алдындағы өтініштерінің, арыздарының, талаптарын мәлімдеуінің органы ғана. Сондықтан Думадағы көпшілік үкіметпен «келісімге келе» алады,— ал Франция үшін бұл ерсі болады. Парламенттік қатынастар елдің ішіндегі күштердің нақты қатынастарына да, мемлекеттік өкіметтің халыққа қатынасына да мүлдем сай келмейді.

Францияда шын тап күресі, атап айтқанда, Палатада өкілдері бар күштердің арасында болып жатады және тіпті ол күштердің өкілдігі олардың қазіргі уақыттағы салыстырмалы «жауынгерлік маңызына» азды-көпті сай келеді.

Россияда шын күрес *әсте* Думада өкілдері бар *күштердің арасында* болып жатқан *жоқ*, ал бұл күштердің Думадағы өкілдігі олардың салыстырмалы «жауынгерлік маңызына» дәл қазіргі уақытта өте айқын және негізінен қайшы келеді. Россияның нақты үкіметінің Думада өкілдігі мүлдем дерлік жоқ, оның өзге «меке-

мелері» бар, пролетариаттың да өкілдігі жоқ дерлік, пропорцияға шаққанда шаруалардың өкілдігі тіпті аз.

Россияны Франциямен салыстыруға жасалған әрекет Плеханов жолдастың конституциялық жалған үміттерге белшесінен батқандығын көрсетеді. Құр сөзді (парламент, палата деген) ол мән деп, жарнаманы мазмұн деп қабылдайды. Сондықтан ол Думада өкілдігі өте аз «халықтың» және ескі өкіметтің арасындағы күрестің толғағы жеткен кезде, бұл күресте «келісімпаздардың», тұрлаусыздардың ролі өте маңызды және өте *қауіпті бола бастаған* кезде Россиядағы кезеңнің өте маңызды ерекшеліктерінің бәрін мүлдем елеусіз қалдырып отыр.

1899 жылы Бернштейннің ұсақ буржуазиялық интеллигент «келісімпаздарды» (пролетариат пен буржуазияны бітістірмек болған социал-либералдарды) қолында нақты өкімет бар буржуазияның өзі деп танып, неміс пролетариатына зор зиян келтіргені сияқты,— Плеханов та 1906 жылы жартылай реакцияшыл буржуазиялық «келісімпаздарды» (халық бостандығын ескі өкіметпен бітістірмек болып жүрген кадеттерді) мемлекет ішіндегі дербес саяси күш, қолдауға болатын және қолдауға тұратын өкімет деп тапып, россиялық пролетариатқа зор зиян келтіріп отыр.

Бернштейн, социал-либералдар жөнінде «әдепті» болуға, оларды қолдауға, оларды реакцияға қарай итермелемеуге шақыра отырып, *фикцияны* қолдауға шақырды. Ол әлеуметтік татулық *елесімен* әуестенді және өкімет жолындағы күрестің түбірлі міндеттерін ұмытты.

Плеханов, кадеттер жөнінде «әдепті» болуға, оларды қолдауға, оларды реакцияға қарай итермелемеуге шақыра отырып, *фикцияны* қолдауға шақырып отыр. Ол парламентаризмнің *елесімен* әуестеніп отыр (социалистік революцияның емес, буржуазиялық революцияның заманында) *және өкімет үшін күрестің түбірлі міндеттерін ұмытып отыр*.

Бернштейнді де, Плехановты да социал-либералдық, кадеттік буржуазия әлпештеп, көкке көтере мақтап, шамадан тыс мадақтап, жазғандарын қайта бастырып

жүр, мұның бәрін олардың пролетариатқа қарсы күресте буржуазияға көрсеткен *қызметі үшін* істеп отыр.

Бұл жөнінде адаспаңдар, жұмысшылар. Социал-демократтардың «әдептілігі» туралы және кадеттерді «қолдау» туралы сөздердің нақты саясатта *өз* маңызы бар, мұның өзі Плехановтың ізгі ниеттерімен емес, *күштердің іс жүзіндегі арасалмағымен* айқындалады. Таптардың өздерінің арасындағы және халық пен ескі өкіметтің арасындағы саяси және әлеуметтік антагонизмді бәсеңдету немесе мұқалту ойымда да болған жоқ деп Плехановтың өзі ойлай алады және басқаларды сендіруге әрекет жасай алады. Бірақ Плехановтың сөздері, оның еркіне қарамастан, қазіргі саяси жағдайда *нақ осындай маңыз алып отыр*.

Бернштейн әлеуметтік татулықты тілемеп еді (қалай болғанда да тілемеймін деп сендірген еді), бірақ оның сөздерінің шын маңызы сондай екенін буржуазия дұрыс түсіне қойды. Бізде де, Россияда да кадеттердің баспасөзіне көз салыңыздаршы. Ол Плехановты мақтайды және онымен санаспай, оның сөздерінен *өз тұжырымдарын жасауға дейін* барады. Кеше «Думада» (№ 22) Котляревский мырза қандай да болсын *«тап күресі мен тап өшпенділігі»* ұлт азаттығы ісіне кедергі жасайды деп дәлелдемек болды. Ол «Волнаның» күресін гедистердің жоресистерге қарсы, Ферридің Туратиге қарсы, Каутскийдің Бернштейнге қарсы күресімен ашық салыстырады; ол «қазір біздің Россияда болып отырғанындай, тап өшпенділігін мұндай уағыздаушылық әр түрлі қоғамдық топтардың бірлесіп саяси әрекет жасауы себепті олардың соншалықты қажет болып отырған ынтымағын бұзып, қандай да болсын дұрыс халық өкілдігінің әрекет етуі үшін қажетті негізді түптамырымен (тыңдаңыздар!) қопармаса игі еді» деп қауіптенеді. «Ол (тап өшпенділігі) конституционализм рухының өзін бұзып кетпес пе екен?»

Бүгін «Свобода и Культурада» (№ 7) [83] Струве мырза социал-демократтар «бостандықты *тап араздығы фурияларының* азаптауына беріп жүр», олар *«тап күресінің идеяларымен* бір жақты және есінен танғанша дертті түрде әуестеніп жүр» (458-бет), *«саяси тату-*

лық» (европалық буржуйлардың аузынан шыққан «әлеуметтік татулықты» еске түсіріңіздер!) «біздерге мүлдем жаңа талаптар қояды» (514-бет) деп зар қағады. Плехановтың идеялары «саяси татулық» туралы нақ жалған пікір тудыратынын және қандай да болсын тап араздығын, қандай да болсын тап күресін мұқалтатынын буржуазия өте жақсы түсінеді. Плеханов жолдастың тырнағы ілінуі-ақ мұң екен — қазіргі саясатқа орай «торғай» Струве мырзаның торынан бір-ақ шықты.

«Қатты сөздер сын болмайды»,— деп жазады Плеханов жолдас.— «Сын шын мәнінде сананы дамытады, ал қатты сөздер, керісінше, сананы күңгірттендіреді. Опасыздық деген қатты сөзді алайық. Буржуазияның опасыздығы туралы біздердің жиі даурығатынымыз соншалық — ол іс жүзінде «опасыздық істеген күнде»,— яғни бюрократиямен ымыраласқан күнде,— және біздердің бұл туралы шынында тұс-тұстан айқайлауымызға тура келген күнде, біздердің айқайымыз тиісінше әсер етпейтін болады, сөйтіп біздер қасқыр әлі көрінбей тұрып «қасқыр! қасқыр!» деп айқай салған балаға ұқсап кетеміз».

Плеханов пайымдауларының бұл кішкентай үзіндісі орыс бернштейншілдігінің қандай тамаша үлгісі десеңізші!

Біріншіден, Плеханов жолдастың табан тірер негізінің жоқтығы қалай айқын сезіліп тұрғанын байқаңыздар. 1905 жылы ноябрьде «Дневниктің» 3-номерінде ол былай деп жазды: «...Бізде соңғы уақытта буржуазияның *қайдағы бір* (!) опасыздығы туралы көп даурығады. Ал сонда буржуазия неменеге опасыздық істей алды? Қайткен күнде де революцияға емес, өйткені буржуазия революциялық идеяға еш уақытта қызмет еткен емес».

Көріп отырсыздар: 1905 жылы ноябрьде Плеханов жолдас жалпы буржуазияның неменеге опасыздық *істей алатынын* тіпті түсінбеген еді. Қазір ол мұны түсінген. Ол — буржуазия бір нәрсеге опасыздық *істей алады* деп ойлап қана қоймайды, буржуазия *іс жүзінде опасыздық істейді* деп біледі. Жарты жыл ішінде Плеханов жолдас позициясын өзгертті: әуелі жалпы алған-

да буржуазия опасыздық істегендей ештеме жоқ деп айтылды. Енді келіп, буржуазия іс жүзінде опасыздық істейді, яғни бюрократиямен ымыраға келеді деп айтылып отыр.

Егер Плеханов жолдастың көзқарастары басқа жағынан да осындай солқылдақ болмаса, біз оның бұл прогресіне өте қуанған болар едік. Опасыздық деген қатты сөз, дейді ол. Бұл жаңа көзқарас емес. Бұл — барлық либерал буржуалардың көзқарасы. Кадеттік баспасөздің мыңдаған мақалаларында буржуазияның «опасыздығы» туралы сөздер «ашынған» большевиктердің қатты айтқан сөзі ғана деген пікір Россия жұртшылығының құлағына құйылуда. Енді бұл мәселе жөнінде буржуазияның жаңа одақтасы табылды. Плеханов жолдас та «опасыздық» — «қатты сөз» деген пікірге келді.

Бір кезде Бернштейнге қарсы марксизмнің әліппесін қайталап, оны тәптештеп түсіндіруге тура келген болса, дәл осы істі Плехановқа қарсы қайталауға тура келеді. Ол қатты қателесіп отыр. «Опасыздық» «қатты сөз» емес, қайта шын фактілер мен буржуазияның шын талаптарын ғылыми және саяси тұрғыдан бірден-бір дұрыс білдірушілік. «Мәмле» деген сөз қандай пікірді білдіретін болса, «опасыздық» деген сөз де дәл сондай пікірді білдіреді. Плехановтың өзі мұны мойындамай тұра алмайды, өйткені ол опасыздықты және бюрократиямен ымыраға келушілікті бірдей деп біліп отыр. Енді «ашынған» «Волнаның» осы «мәмлеге келу» деген ұғым туралы не айтқанына көз жіберіп көріңіздер:

«Кадеттік мәмлеге келудің мәнісі неде?», — деп оқимыз біз «Волнаның» 13-номерінен. — *«Әрине, жеке адамның сатқындығында емес. Мұндай дөрекі көзқарас марксизмге мүлде жат.* Мәмлеге келудің мәнісі мынада, тек қана мынада: кадеттер өкіметті ескі режимнің қолында сақтау тұрғысынан, осы ескі режимнің берген бұйрықтары тұрғысынан таймай отыр және тайғысы келмей отыр *.

Сонымен, опасыздықтың немесе мәмлеге келудің мәнісі әсте жеке адамның сатқындығында емес. Опасыз-

* Қараңыз: осы том, 101-бет. *Ред.*

дықтың немесе мәмлеге келудің мәнісі *тек қана* мынада: «халықтық» (буржуазиялық деп оқы) бостандық партиясы өкіметті ескі самодержавиенің қолында сақтауға тырысып отыр, өкіметті ескі самодержавие мен буржуазияның арасында *бөліске салуға* тырысып отыр.

«Халықтық бостандық» партиясы халық праволары мен халық өкіметінің едәуір үлесін *ескі өкіметтің* өкілдеріне беріп, халық бостандығына опасыздық істеп отыр. Плеханов жолдастың осы қарапайым ақиқатты түсінгісі келмеуі тура ғажап. Ол істің жайын: бізде буржуазия *әлі* опасыздық *істеген жоқ*, ол тек алдағы уақытта ғана опасыздық істейді деп сипаттағысы келеді.

Бұл — опасыздық пен мәмлеге келудің нақты мәнін мүлде түсінбеушілік.

Буржуазия мен кадеттер бостандыққа қазірдің өзінде *мың мәрте* опасыздық істеді және бюрократиямен *ымыраға келді*. Кадеттер партиясының программасы деген не? Ол буржуазияның белгілі саяси қадамы болып табыла ма? Сөз жоқ. Ал нақ осы программа опасыздық істеу программасы және мәмлеге келу программасы болып табылады! Сондықтан кадеттердің *әрбір* саяси қадамы не ол жағымен, не бұл жағымен *нақ осы* программаны жүзеге асырып, орындап отырады. Трубецкойдың 1905 жылы жазда сөйлеген сөзі, төрт тармақты туралы мәселе жөнінде бұлғақтауы, баспасөз бостандығы туралы каторгалық заң жобасы — осының бәрі, атап айтқанда, либерал буржуазияның өзінің опасыздық істеу программасын нақ жүзеге асыратын қадамдары.

Плеханов жолдастың айтуынша былай болып шығады: егер буржуазия тағы да бір *ерекше* қадам жасамаса, онда буржуазия тарапынан ешқандай опасыздық болмайды. Бұл дұрыс емес. Егер буржуазия және нақ сол кадеттер осы уақытқа дейін істеп келгендерін істей берсе, *олардың барлық әрекеттерінің жиынтығы опасыздықтың мейлінше толық көрінісін береді.* Қазіргі социал-демократиялық оппортунизмнің мәнісі осыны түсінбеушілікте болып отыр.

Егер кадеттердің мещандық қиялы жүзеге асса, егер

Думаның және «жұртшылық пікірінің» «бейбіт қысымы» үкіметті кішкентай жеңілдіктер жасауға мәжбүр етсе, егер Мемлекеттік советтің мүшесі, кешегі кадеттік «Думада» жоспарлары жарияланған Хомяков мырзаның рецепті бойынша Мемлекеттік совет [84] біраз иілсе,— егер ескі өкімет оңшыл кадеттерге бірнеше орын беріп, министрлікті жаңартса және т. с., онда біз ақыраяғында кадеттердің бюрократиямен *нақ* «ымыраға келгенін» көреміз. Плехановтың күллі қатесі: «опасыздық» жолы біздің буржуазияның «жаңа» жолы болып отырмыс немесе болады-мыс деуінде, ал іс жүзінде, егер заң тілімен айтатын болсақ, оның ескі жолының нақ жалғасы опасыздықтың күллі «құрамын» береді.

Буржуазия «шынында» опасыздық істеген күнде,— дейді Плеханов,— жұрт біздің айқайларымызға нанбайды, өйткені опасыздық деген сөзге тым дағдыланып кетеді.

Неткен шексіз саяси аңқаулық! Социал-демократияның бүкіл саясаты халық *бұқарасы* өтуге *тиісті* жолды *нұрландыру* ғой. Біз өзіміздің маркстік шырағымызды жоғары көтереміз,— сөйтіп жеке таптардың әрбір қадамынан, әрбір саяси және экономикалық оқиғадан біздің ілімімізді өмірдің өзі *қуаттап* отырғанын көрсетеміз. Капитализм көбірек дамыған сайын, саяси күрес шиеленіскен сайын халықтың көбірек бөлегі біздің сөздерімізге және ол сөздердің іс жүзінде (немесе тарихи түрде) *қуатталуына* иланады. Қазір, айталық, Россияда біздердің кадеттерге берген бағамыздың дұрыстығына жүз мыңдаған адамдардың көзі жетті. Революцияның тез дамуы жағдайында не революция кадеттердің самодержавиемен қандай да бір үлкен мәмлеге келуіне күрт бет бұрған жағдайда біздердің бағамыздың дұрыстығына миллиондардың және тіпті ондаған миллиондардың көзі жетеді.

Сондықтан біздердің опасыздық туралы айқайларымызға болашақта сенбейді, өйткені бұл айқайды біздер қазіргі уақытта *тым жиі* қайталап отырмыз деп айту — мейлінше қисынсыз нәрсені айту деген сөз. Плеханов жолдас бұл қисынсыз нәрсені әдетте гимназисткаларға кәрі қыздардың, бақылаушы әйелдердің және т. с., ай-

татын пікірі сияқты пайымдаулармен бүркеуге бекер әуре болады. «Сын дәлелді болуға тиіс»,— деп ақыл айтады ол бізге.

Әрі жаңа, әрі дана. Сіздің сыныңыз да, Плеханов жолдас, дәлелді болуға тиіс қой. Ал, міне, қарап көріңізші: сіз біздердің тарапымыздан кадеттерді дәлелсіз сынаудың бірде-бір *нақты* және аз да болса елеулі мысалын *келтірген жоқсыз,* қайта өзіңіздің жалпы пайымдауларыңызбен оқушылардың басына толып жатқан *дәлелсіз* пікірлер тудырдыңыз! «Опасыздық» деген ұғымды қатты айтылған сөзге балаудың бір өзі не тұрады!

Мынадай сөйлем не тұрады: «Біздің қатарымызда бұл қарама-қарсылықты (буржуазия мен пролетариаттың мүдделерінің қарама-қарсылығын) сезіну қазірдің өзінде *соқыр сенім беріктігіне* айналып отыр деп айтуға болады». Ол қандай «біздің қатарымыз», Плеханов жолдас? Россиялықтардың Женевадағы тоғышарларының қатарында ма? Жалпы біздің партиямыздың мүшелерінің қатарында ма? Ал сонымен бірге халық бұқарасының қалың топтарын еске алған жөн болмас па екен?

Плеханов *«алыстан»* пайымдайды деп «Призывта» [85] бір жұмысшы дұрыс айтты. Пролетарлар мен жартылай пролетарлар бұқарасының жалпы бұл қарама-қарсылық туралы да, кадеттердің буржуазияшылдығы туралы да әлі түсінігі жоқ. Ал кадеттік баспасөз нақ қазір біздің социал-демократиялық баспасөзден он есе басым шығар. Кадеттердің халықты аздыруы кадеттік Дума арқылы да, әр түрлі либералдық мекемелер арқылы да күшейе түсіп отыр. Біз кадеттердің солқылдақтығы мен опасыздығын әшкерелей отырып, оқиғалардың барысынан және бұқараның тілегінен *озып кеттік*-ау деп ойлау үшін өмір шындығын мүлдем сезбейтін болуымыз керек еді. Керісінше, біз бұл істе оқиғалардың барысынан да, бұқараның тілектерінен де *кейін қалып келеміз!* Одан да кадеттерге жұрт түсінетін және «дәлелді» сын жазыңыз, Плеханов жолдас: бұл пайдалырақ болады.

Енді Плехановтың Дума жөніндегі қорытындыларына көшейік.

«Біздің үкіметіміз кешіргісіз қателерді көп істеп қой-

ды»,— деп жазады ол.— «Бұл қателер үкіметті тұңғиықтың жиегіне әкеп тіреді; бірақ бұл қателер үкіметті әлі тұңғиыққа итеріп түсірген жоқ. *Думаны таратып жіберген кезде, ол тұңғиыққа құлайды*... Дума тіпті ең ұйқышылдарды да оятады; ол тіпті ең артта қалғандарды да ілгері бастырады; ол бұқара ішінде тарихтың өзі өсиет етіп қалдырған ақырғы саяси жалған үміттерді талқандайды... Думаның ішкі жұмысының неғұрлым үлкен үгіттік маңызы болады».

Бұл пайымдауларға үңіле қарап көріңіздерші. Думаны таратып жіберген кезде үкімет құлайды екен. Солай болсын делік. Бірақ егер ол ішкі жұмыспен шектелетін болса, оны таратып жібереді деген қорытынды қайдан шығады? Ішкі жұмыс деген не? Думаның заңға бағынатын жұмысы. Дума Мемлекеттік советке заңдардың жобаларын енгізіп, министрлерге тілек-талаптарды білдіріп отырады. Мемлекеттік совет пен министрлер істі кейінге созады және туған дау-жанжалдардың бәрін қолдарынан келгенше бәсеңсітіп отырады. Орыс үкіметінің органы «Русское Государство» [86]: Дума оппозициялық бола берсін, бірақ тек революциялық болмасын деп баяғыда айтқан. Басқаша айтқанда: ішкі жұмысты істей беріңдер, бірақ бір адым әрі баспаңдар дейді.

Ішкі жұмысын жүргізгені үшін Думаны таратып жіберудің жөні қайсы?? Егер ол ішкі жұмысынан мүлдем тыс, революциялық қадам жасамаса, немесе Думадан тыс жерде кадеттік Думаның өзі де үкіметке кедергі болатындай қозғалыс өршімесе, *оны еш уақытта таратып жібермейді*. «Думаны таратып жібереді» деген бос сөзден гөрі үкіметке кедергі болады деген жорамал бізге анағұрлым сенімдірек болып көрінеді.

Думаны таратып жіберген күнде ғана үкімет құлайды деу дұрыс емес. Ол басқа реттерде де құлайды, өйткені Дума қозғалыстың әсте *басты* факторы емес және ең сенімді көрсеткіші емес. Ол өзінен-өзі құламайды, ол... үшінші біреу (үкімет емес және Дума емес) белсенді түрде әрекет еткенде ғана құлайды. Бұл әрекеттің болмай қоймайтындығын,— оның ықтимал формаларын, сипатын және бұл «әрекетті» істей алатын қай-

раткерлердің таптық құрамын,— әрекеттің нәтижелі болу шарттарын және тағы басқаларды және тағы сондайларды түсіндіріп отыру,— осының бәрін социал-демократтар істеуге тиіс. Сондықтан кадеттер социал-демократтардың бұл жұмысына қарсы мейлінше аяусыз күреседі. Кадеттердің беделін түсірудің өзі бұл жұмыстың бір шарты және бұл жұмысқа бұқараның тілеулестігін тудырудың кепілі болып табылады.

Кімде-кім үкіметтің тұңғиыққа «құлайтыны» туралы, сонымен бірге кадеттерді сынаудың және опасыздық істеді деп айыптаудың мезгілсіздігі туралы айтса, ол өзінің пікірлерін бірімен бірін жалғастыра алмайды. «Тұңғиыққа» құлау — тек бейнелі сөз тіркесі ғана,— егер мен Плехановтың манеріне еліктегім келсе, мұның өзі революциялық *жел сөз* деп айтар едім. Өкімет кімнің қолына тиеді? Өкіметтің оны дереу ескі самодержавиемен бөлісіп алатын кадеттердің қолына тиюіне жұмысшылар мен шаруалар жол бере ала ма? Нақ осы тұрғыдан қарағанда халықты кадеттерден *сақтандыру* өте-мөте қажет емес пе?

Біздің ойымызша, өте-мөте қажет. Біздің ойымызша, кадеттер жайында бұқараның көзін ашу жөніндегі бұл қажетті жұмысқа Плехановтың оппортунизмі кедергі жасап, зиян келтіріп отыр, ол кадеттер партиясының шын мәнін әшкерелейтін тактикаға қарсы мүлдем дәлелсіз күресіп отыр.

Думаның ішкі жұмысының өте үлкен үгіттік маңызы бар дей келіп, Плеханов әр түрлі нәрселерге мейлінше бір жақты қарайтындығын көрсетіп алды. Бұл арада, «Волнада» атап өткеніміздей, «заңдарды үйіп-төгу» * жөніндегі «думалық» перспективаны әбден дұрыс келекелей отырып, Плехановты меньшевиктердің өздері түзетеді. Россия осы уақытқа дейін қағаз жүзінде полициялық заңдарды ең көп шығарған ел болып келді. Егер Дума ылғи «ішкі» жұмысын істей берсе, Россияның тез арада қағаз жүзіндегі радикалдық заңдарды ең көп шығаратын ел болып шығуы мүмкін. Бұл заңдар немесе заң жобалары неғұрлым ұзақ және көп болса, олардың үгіттік әсері де соғұрлым ұзақ және көп бола-

* Қараңыз: осы том, 153—154-беттер. *Ред.*

ды деп жорамалдау — барып тұрған педанттық. Бұлай деп ойлау үшін өзінің «ішкі жұмысын» мейлінше негізді түрде істеген және, Плехановқа ұқсап, нақ ішкі жұмыстың өте үлкен үгіттік маңызы бар деп жорамалдаған Франкфурт парламентінің мысалын ұмыту керек. Бұлай деп ойлау үшін Россияда қазірдің өзінде болып жатқанды көрмеу керек; кадеттердің Думада сөйлеген сөздерінің шексіз суйықтығынан жұрттың мезі болғандығының белгілерін көрмеу керек, кадеттердің «каторгалық» заң жобаларының және сол жобалар жөнінде олардың өздерін ақтамақшы болып айтқан бейшаралық сөздерінің қандай әсер ететінін көрмеу керек, төніп келе жатқан жаңа толқыннан, болмай қоймайтын жаңа күрестен, Плеханов атаған «тұңғиыққа құлаудан» кадеттердің осынау шексіз-жексұрын, мещандық қорқуын көрмеу керек. Кадеттерді әшкерелеу халықтың қалың бұқарасының санасын әлгі құлауға әзірлеу, оған белсене қатысуға, оның кезінде кадеттерді «напақадан» *құр қалдыруға,* оған батыл және жігерлі дайындалуға әзірлеу болып табылады, Плеханов жолдас.

Дума оятады, Дума ақырғы жалған үміттерді әшкерелейді, деседі бізге. Дұрыс. Бірақ «Дума» мұны, *біз кадеттік* Думаның жасқаншақтығы мен солқылдақтығын қаншалықты дәрежеде әшкерелесек, соншалықты дәрежеде ғана істейді,— Думаға байланысты, жалған үміттердің құлдырауын көрсететін фактілерді *біз* қаншалықты дәрежеде түсіндірсек, соншалықты дәрежеде ғана істейді. Кадеттер мұны істемей отыр. Кадеттер бұған қарсы әрекет жасап отыр. Кадеттер конституциялық жалған үміттерді таратып отыр. Зубатовшылдық [87] та жұмысшыларды оятты, ол да жалған үміттерді әшкереледі, бірақ ол да мұны, біз зубатовшылдықтың халықты аздыруына қарсы қаншалықты дәрежеде күрессек, соншалықты дәрежеде ғана істеп отырды. Дума зубатовшылдық емес деп мәлімдеумен бұл дәлелді бекерге шығаруға тырыспай-ақ қойсын. Салыстыру — теңестіру емес. Маған халықтың саяси санасын *аздырудың* элементтері жоқ (газетте немесе сөйленген сөзде) кадеттік газетті немесе кадеттердің ірі саяси мәселе қозғап сөйлеген сөзін тауып көрсінші.

Плеханов жолдас көкірегін керіп, маңызданып: «Бүкіл философияның мәнісі мынау: халыққа саяси тәрбие беру ісіне көмектесетін нәрсенің бәрі жақсы, оған кедергі болатын нәрсенің бәрі жаман»,— дейді. Қалғаны — соқыр сенім, схоластика.

Иә, иә, социал-демократтардың қайсыбір қанаты шынында да үмітсіз схоластикаға салынады. Тек қай қанаты: оң қанаты ма әлде сол қанаты ма? Революция заманында пролетариаттың тактикасын халыққа саяси тәрбие беру міндетіне телуден асқан педанттық, өмірге бейімсіз, нағыз схоластикалық бірдемені көз алдыңа елестету мүмкін бе? Ал сонда социал-демократиялық тап күресі мен қарапайым буржуазиялық мәдениетші күресінің арасындағы шекара қай жерде? Революция қыза түсуде, әр түрлі таптар бой көрсетуде, бұқара тарихи жұмысты қолға алуда, буржуазиялық партиялардың әр түрлі сарындары қалыптасуда, күрделі саяси дағдарыс шиеленісуде, бұрын-соңды болып көрмеген оқиғалар мен тәжірибеге бай 1905 жыл әзірлеген негізде күрестің жаңа сатысы белгіленуде — осының бәрін әкеп бір нәрсеге: халыққа саяси тәрбие беру ісіне тіреу не деген сөз! Шынында да, бақылаушы бикешіміздің данышпандық жаңалығы! Шынында да, саясаттың барлық нақты мәселелері үшін жақсы «ашқыш», және соның өзінде көрінген кадет, тіпті демократиялық реформалар партиясы және тіпті Гейден бүтіндей қабыл алатын, қос қолмен бас салатын «ашқыш». Иә, иә, бізге керегі — нақ осындай «кең» өлшем, бізге керегі — өшпенділік пен алакөздік тудыру емес, таптардың басын қосып, ынтымақтастырудың нақ өзі. Нақ солай! бәрекелді, Плеханов!— дейді осынау мейірбан адамдардың бәрі — мұндай «ұйғарым» буржуазияның жүрегіне социалистік қорқынышты жаңа «ақылсыздық кезеңі» туралы, жаңа «құйын» туралы мәселені сөзсіз көлегейлейді ғой немесе алыстатады ғой. Ешқандай құйындардың — ешқандай апаттардың — ешқандай тұңғиықтардың қажеті жоқ, Плеханов жолдас, дәйекті болсаңызшы. Халыққа саяси тәрбие беру — біздің туымыз, бүкіл философияның мәнісі, міне осы.

Мұнысымен Плеханов жолдас өзін Франкфурт пар-

ламентіндегі орташа неміс кадетіне бүтіндей және толық ұқсастырады. Халықтың саяси санасы туралы бұл мылжыңдар, япырмай, қаншама теңдесі жоқ сөздер сөйледі десеңізші! Бұл мақсат үшін олар қаншама ұлағатты «ішкі» заңдар шығарды десеңізші! Халыққа біржолата жексұрын көрініп, қандай да болсын революциялық маңызынан айрылғаннан *кейін,* оларды таратып жіберген кезде, олар қандай ізгілікпен наразылық білдірді десеңізші.

Бізге былай дейді: орыс революциясы тереңдеп барады, ол өрге басып келеді, оны кадеттік Думаның, кадеттік жел сөздердің, кадеттік жасқаншақтықтың, кадеттердің каторгалық заң жобаларының бөгеті тоқтата алмайды. Иә, нақ солай, мырзалар: орыс революциясы кеңірек, қуаттырақ, тереңірек жатыр. Ол өрге басып келеді. Ол кадеттерден аттап өтіп келе жатыр. Сондықтан біздер, революцияшыл социал-демократтар, нақ осы негұрлым терең қозғалыстың жаршыларымыз, біздер, атап айтқанда, осы биік міндетті жұмысшылар мен шаруаларға түсіндіруге тырысамыз, біз өзіміздің күшімізге қарай, атап айтқанда, олардың кадеттік тоғаннан жоғары көтерілуіне көмектесеміз.

«Вперед» № 1, 26 май, 1906 ж.
Қол қойған: Н. Л.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ [88]

Самодержавиелік үкімет Россия халқының Мемлекеттік думаға жіберген өкілдерін ең дөрекі түрде тәлкек етіп және қорлап отыр. Үкімет халықтың мұқтаждықтары мен талаптары аздап та болса білдірілген Думаның барлық мәлімдемелерін қабылдамай отыр және қырып-жою мен зорлық-зомбылықтар саясатын үнемі жүргізіп келеді.

Дума дәрменсіз. Оның дәрменсіз болатын себебі — үкіметтің қарамағында бар штыктар мен пулеметтердің өз қарамағында жоқтығынан ғана емес, сонымен бірге өзінің тұтас алғанда революцияшыл еместігінен де, шешуші күреске қабілетсіздігінен де дәрменсіз. Думаның либералдық партиялары халықтың талаптарын тек қана шала-шарпы әрі жасқана қолдайды, олар халық дұшпанын жоюдан гөрі болып жатқан революциялық күресті жұмсартуды және әлсіретуді көбірек ойлайды. Жұмысшы депутаттарынан басқа, тек Еңбек тобы ғана халық талаптарын ашық және батыл айтуға бейімдігін көрсетті, бірақ оған бұл жөнінде сол либералдық партиялардың әсері, олар жөнінде дербестіктің жетімсіздігі осы кезге дейін кедергі жасап отыр.

Біз Еңбек тобын неғұрлым шешуші және дәйекті саясатқа шақырамыз. Біз оған Думадан халыққа тура, ашық үндеу жазуды талап етуді ұсынамыз, ал егер Думаның көпшілігі өз бетімен осындай үндеу жазудан бас тартатын болса, Еңбек тобы *нақты жағдайды* халыққа айтуға тиіс: Дума дәрменсіз, сондықтан одан жер мен

ерікті күтуге болмайды, сірә, мұның бәрін халықтың өзі алуына тура келер, мәселе Думадан тыс шешуші күреске бет алып келеді деуге тиіс.

Еңбек тобы ескі өкіметті жұмысшылар мен шаруалардың *бірлескен* жауынгерлік қимылдары ғана құлата алатынын, бұл қимылдарға әзірлену керектігін, ол үшін революциялық бой көрсетудің шешуші кезеңі туғанға дейін ұйымдасу керектігін айтуға тиіс. Сол кезеңге халық күштерін жинап, сақтау керек, ол күштерді жеміссіз ұсақ күреске шашпау керек, үкіметтің арандатуларына алданып қалмау керек.

Егер Еңбек тобы осының бәрін істесе, ол халық алдында өз борышын орындайды, тек сонда ғана ол қоғамның дамуын матап жібермей отырған ескі құрсауларды жоятын ұлы халық қозғалысына пролетариаттың революциялық ұйымымен қатар басшылық ете алады.

1906 ж. майда РСДРП Петербург комитетінің жеке листовкасы болып басылған

Листовканың тексті бойынша басылып отыр

ДУМАЛЫҚ МИНИСТРЛІКТІҢ ҰРАНЫ ТУРАЛЫ [89]

Жоғарыда басылып отырған документтер партияның Санкт-Петербург комитетіндегі ерекше маңызды таласты ашып береді. Бұл талас екі тұрғыдан маңызды.

1-ден, партияның әрбір автономиялық ұйымының Орталық Комитеттің қарарларына қол қоя салмай, дербес қарар қабылдау правосы формальды жағынан алғанда мүлде даусыз.

Петербург комитетінің қарары Бірігу съезінің ешқандай қаулысына қайшы келмейді, бұл түсінікті. Съезд шешімдерінің аумағында өздерінің басшылық пікірлерін өз бетімен әзірлеуге нақ жергілікті ұйымдар міндетті.

2-ден, істің мәніне келгенде, Орталық Комитеттің қарары көріне қанағаттанғысыз және *съездің шешіміне қайшы келеді*. Бұл қарар «Думаның жарамсыздығын» бір сөзбен де ашпайды,— оның ішіндегі дау-жанжалдарды ұлғайтпайды да, шиеленістірмейді де. Бұл қарар *съездің қарарынан ешбір алуға болмайтын* ұранды («қазіргі министрлікті Дума тағайындаған министрлікпен ауыстыру») қояды. Мұндай ұран екіұшты, ол пролетариаттың санасын күңгірттейді, өйткені кадеттер думалық министрлікті талап ету арқылы самодержавиелік үкіметпен мәмлеге келу ниетін, революцияны әлсірету, құрылтай жиналысын шақыруды қиындату ниетін жасырып отыр.

Қарарды неғұрлым толық талдауды келесі жолға қалдырып *, біз РСДРП СПБ. комитетіндегі ерекше маңызды таласқа барынша назар аударуға партияның барлық мүшелерін шақырамыз.

«Вперед» № 2, 27 май, 1906 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 209—214-беттер. *Ред.*

ҚАЗІРГІ САЯСИ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ

Саяси жагдай жанымызды жадырата қуантатын тездікпен айқындалып келеді. Халық бұқарасы саяси тіршілікпен айналыса бастаған уақытта өмір сүру көңілді. Қазіргі Россияның қоғамдық басты топтарының бәрі, қалай дегенмен де, ашық және жаппай саяси қимыл жасау жолына түсті. Ашықтан-ашық бой көрсетудің арқасында мүделердің түбірлі айырмашылықтары аяусыз ашылып келеді. Партиялар нағыз өз кейпінде айқындалып келеді. Оқигалар кімнің кіммен екенін, кімнің кімге қарсы екенін анықтауға мәжбүр етіп, әр түрлі таптардың жақтаушыларын құдіретті күшпен бір-бірінен ажыратып отыр.

Саяси жіктелуді туғызатын таптық мүделердің әлгі түбірлі айырмашылықтары Мемлекеттік думада халық өмірінің төменгі топтарындағыдан гөрі анағұрлым күңгірт, бұлдыр көрініп отыр. Өйткені Думада кадеттердің ерекше партиясы бар, ол партия барлық өтірік-шынды араластырып, айқын шектерді жоюға, шиеленіскен қайшылықтарды мұқалтуға, бірсе ол жерден, біресе бұл жерден естіліп жатқан күрестің дүмпулерін тұншықтыруға тырысып отыр. Ал «төменгі топтарда» толқу барған сайын күшейіп келеді. Пролетарлар, шаруалар, солдаттар, темір жол қызметшілері өздерінің барлық бұқаралық күшімен тағы да қозғала бастады. Стачкалық қозгалыс өсіп отыр, стачкалардың жаңа формалары жасалып жатыр (бір өндірістен соң бір өндірістің «сменалық стачкалары» — біз осы сменалық стачкаларға

қайтып ораламыз), шаруалардың жер үшін тікелей күресі шиеленісіп келеді, қараңғы солдаттар мен матростардың оянуы туралы хабарлар жиілеоіп отыр, темір жолшылар «естерін жия» бастады. Әлдебір жаңа, тың нәрсе барлық жерде қозғалып, шу көтеріп, толқып, толықсып келеді. Жаңа өркендер үйіліп жатқан үйінділердің ішінен өзіне бар пәрменімен жол ашып отыр.

Ал кадеттер Таврия сарайында терезе қақпаны мықтап жабуға тырысса да, өмір өз дегенін істеп, самал жел оған да ене бастады. Таптар арасындағы шекті ажырату мен саяси жағынан айқындалу жөніндегі жұмыс онда да жүріп жатыр. Кадеттер трудовиктерге әлі үстемдік етіп отыр. Олар өлім жазасы туралы дереу заң шығару жөніндегі трудовиктердің ұсынысын өздері өткізбей тастаған кездегі,— жер комитеттерін, жер туралы мәселені шешу үшін еркін сайланған жергілікті комитеттерді дереу құру жөніндегі ұсынысын қайтып алуға трудовиктерді өздері мәжбүр еткен кездегі өздерінің кешегі жеңісін бүгін де мейрамдап отыр.

Бірақ Думада үстемдік ету үшін кадеттерге барған сайын жиі күресуге тура келіп отырғаны жөніндегі фактінің өзі-ақ кадеттер мен трудовиктердің арасында әйтеуір бір терең айырмашылық бар екенін айқын көрсетеді. Осы жауынгерлік шайқастар неғұрлым жиі, неғұрлым күшті болған сайын, либерал помещиктің, фабриканттың, адвокаттың, профессордың — және мужиктің арасындағы айырмашылық халық бұқарасы алдында соғұрлым айқынырақ көрінеді. Мужик халық бостандығын жан-тәнімен іздейді, дәл сондықтан да мужик «халық бостандығы» партиясымен ынтымақтаса алмайды. Мужик жер мен ерік іздеуге ұмтылады, ал тек осы ұмтылулардан ғана атышулы «халық бостандығы» партиясының атышулы халық сүйгіштігі тамтығы қалмай быт-шыт болуда.

Кадеттер трудовиктерді әлі де болса жеңіп отыр, бірақ олардың жеңісі не өздерінің партиясы үшін тура жанжал туғызады, не пролетариат үшін нағыз қуанышты айқындылықпен кадеттердің бүкіл «жаратылысын» әшкерелейді.

Бірінші оқиға, атап айтқанда, кадеттердің баспасөз бостандығы туралы каторгалық заң жобасы жөнінде болды. Олар ақталмақ болады, құтылып кетуге тырысады. Бірақ бейшаралық қулық-сұмдықтары оларды бұрынғысынан да бетер шатастырып отыр. «Қатені», «алғашқы нұсқаны» басуды мойындай отырып, олар осы кезге дейін қатені ашық түзей алмай, соңғы нұсқаны көрсете алмай отыр.

Екінші оқиға — жергілікті жер комитеттері жөнінде болды [90]. Ашық саяси күрес барлық «солшылдарды», яғни трудовиктер мен социал-демократиялық пролетариатты кадеттерге қарсы дереу ұйымдастырды. Кадеттердің шын ниеттерін: революцияны сату, «бюрократтық» жобалар арқылы, *чиновниктер мен либералдарды мужиктерге қарсы біріктіру* арқылы революцияны тұншықтыру ниеттерін бағалау жөнінде меньшевиктер большевиктермен бір жерден шықты. Мәселе айқын қойылды: чиновниктер мен либерал помещиктер он миллиондаған шаруаларға бағынуға тиіс пе, әлде осы он миллиондаған шаруалар бір топ чиновниктер мен либералдарға бағынуға тиіс пе? Бүкіл жұмысшы табы, пролетариаттың барлық социал-демократиялық өкілдері чиновниктер мен либералдарға қарсы бір адамдай болып шаруаларды жақтады. Ал кадеттер өздерін мықтап масқаралады. Біз *толық ерік пен барлық жерді кадеттердің шаруаларға бергісі келмейтінін, шаруаларға қарсы көмекті чиновниктерден іздеп жүргенін* жұрт алдында мойындауға оларды мәжбүр еттік. Жергілікті жер комитеттерінде шаруалар сөзсіз басым болуға тиіс, біреулер: шаруалар он миллиондаған, ал чиновниктер мен помещиктер жүз мыңдаған дейді. Екінші біреулер: помещиктер мен шаруалардың өкілдігі тепе-тең болуға тиіс, ал чиновниктер қатысып, «бақылап» отыратын болады деп жауап береді.

Пролетариат пен саналы шаруалар бір жақта, чиновниктер мен кадеттер — екінші жақта. Қазіргі, дереу болғалы тұрған күресте өмір ұсынып отырған топтасу осындай.

Мәртебелеріңіз биік болсын, кадеттік мемлекет сабаздары! Мәртебе биік болсын, «Речь» пен «Дума» газеттерінің жазушылары,— боялмаған саяси шындықты халыққа түсіндіруде біздерге, революцияшыл социал-демократтарға, сіздер теңдесі жоқ көмек көрсетіп отырсыздар! Сіздер біздерге өз теорияларыңыз арқылы да, өз істеріңіз арқылы да көмектесіп отырсыздар.

Сіздер өз теорияларыңызда әлі де ілгері баруға *тиіссіздер.* Сіздер бүгін мәселені тамаша қойып отырсыздар: мәселе «көзқарастардың принципті айырмашылығында» болып отыр («Речь» № 84). «Бір көзқарас бойынша, Дума дегеніміз «революция кезеңдерінің» * бірі ғана, ал екінші бір көзқарас бойынша, Дума дегеніміз конституциялық құрылысты кең демократиялық негізде нығайтудың жолы».

Керемет, тамаша, «Речьтің» жазушы мырзалары! Нақ солай: біздің алдымызда негізгі принципті *екі* көзқарас тұр. Не Дума — революция кезеңі. Не Дума — чиновниктер мен кадеттердің пролетариат пен революцияшыл шаруаларға қарсы келісім жасасу құралы. Сіздер бұлай қайталап айтуға разы емессіздер ме? сіздер қарсы шығасыздар ма? Сіздер қандай қылжақбассыздар! Ал сіздер жергілікті жер комитеттері туралы мәселе жайында өздеріңізді әбден әшкерелеген жоқсыздар ма? Горемыкин мырзалар немесе басқа чиновниктер *бақылау правосымен қатысқанда,* мужиктер мен чиновниктер өкілдігінің *мүмкіндігіне қарай тепе-тең болуы* «кең демократиялық негізбен» бүркемеленіп отырғанын енді қандай ақымақ түсінбейді?

Ал егер кадеттердің барлық сөздеріне, айтқандарына, мәлімдемелері мен теорияларына кімде-кім назар аудармаса, ертең-ақ олардың *ісі* сол кісінің көзін ашады. Ал бұл алыс емес. Біз «халық бостандығы» партиясына тек қана мынаны айтамыз: істеп жатқан нәрсеңді тезірек істе!

Ал оның шынында не істеп жатқаны туралы пункттер бар.

* РСДРП Бірігу съезінің қарары «революция құралы» дейді.

Үкіметіміздің саясатындағы бет бұрысты газеттер жандарын сала талқылап жатыр. Француз банкирлері ақша бермей, кезекті жарналарын төлеуден бас тартып отыр. Француз капиталистерінің ең ықпалды газеті, «Le Temps» [91], кадеттерге жеңілдіктер жасау жөнінде орыс үкіметіне өте-мөте қатты кеңес беріп отыр. Витте мен Дурново француз банкирлерін көндіру үшін шет елге кетті. Сәті түспей отыр. Сенбейді. Трепов жаңа министрліктің құрамы туралы мәселені аянбай талқылап жатыр. Премьерлікке Коковцовты немесе басқа чиновникті белгілеп отыр. Министрлікке оңшыл кадеттерді белгілеп отыр.

Бізге, бәлкім, мұның бәрі газеттердің өсек-аяңдары дер. Мүмкін. Бірақ мұнда азын-аулақ шындық болуы да мүмкін. Отсыз түтін болмайды. «Новое Время» газеті көптен әйгілі саққұлақ. Оның желге мұрнын тосып, бастықтарға жарамсақтануға қабілеттілігі ондаған жылдар бойы дәлелденген. Бұл газет нақ соңғы күндері бағытын едәуір өзгертіп отыр. Кадеттерді тамтығын қалдырмай балағаттаудың орнына біз одан үкіметтің кадеттерге кеңшілік жасауына *және кадет министрлігін құруына* мейлінше қызу шақыруды оқып отырмыз. Бірақ, мүмкін, «Новое Времяның» өтірігіне кадеттер ашуланған шығар? Титтей де ашуланған жоқ. «Речь» қарсы бір сөз де айтпай, қайта тілектестік білдіріп, тек кейде «Новое Времядағы» ескіліктің белгілері туралы аяныш білдіріп, бұл мәселе жөнінде сол «Новое Времядан» қазірдің өзінде *екі рет* (№ 82 және № 84) *цитат келтірді.*

Сонымен, біз Коковцов сияқты біреу басқаратын кадет министрлігі қарсаңында тұруымыз мүмкін. Кешкі газеттер бүгін тіпті Горемыкин министрлігі кеше-ақ отставкаға шықты [92] деп те хабарлады. Сондықтан біз «халық бостандығы» партиясына тағы да айтамыз: істеп жатқан нәрсеңді тезірек істе! Кадет министрлігін жоғарғы өкімет етіп тағайындаудан басқа еш нәрсе қазіргі саяси жағдайға сондай толық және өте-мөте толық айқындық енгізбес еді. Тек сонда ғана кадеттер жөніндегі соңғы алдамшы үміттер жойылады, тек сон-

да ғана барлық «солшылдар» нақты саяси істе біржолата бірігеді, тек сонда ғана Дума мен думалық министрлікті қолдау туралы әр түрлі таластар жойылады, тек сонда ғана қазір белгіленген саяси жік нақты фактіге айналады және жаңа «кезеңнің» негізі болады.

Бұл «кезең», тегінде, кадет министрлігінсіз де туады. Біз «аяғымызды тең басып тұрмыз», кадет мырзалар!

1906 ж. 27 майда
(9 июньде) жазылган

1906 ж 28 майда «Вперед» газетінің 3-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРИАТ ТАКТИКАСЫ ЖӘНЕ КЕЗЕҢНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Горемыкин министрлігінің отставкаға шыққаны туралы осыдан үш күн бұрын біздің берген хабарымыз ресми түрде теріске шығарылды. Бірақ «жақын» деректемелерден бірдемелер білуге біраз мүмкіншілігі бар газеттер бұл теріске шығаруға сенбей отыр. «Новое Времяның» кадет министрлігінің пайдасына жүргізіп отырған науқаны сақтықпен жүргізілетін болды, бірақ тоқталған жоқ. «Новое Время» «кадеттер партиясы мемлекеттік міндеттерді көздейді» деп жорамалдайтын жапон дипломатын жарыққа шығарды,— ол газет тіпті Розанов мырзаның сөздерімен «кадеттер революция үшін де мәдениетті қолдарынан шығармайды», сондықтан «қазіргі кезеңде мүмкін болған нәрсенің бәрі осы» деп сендіреді. «Речь» газеті өз тарапынан «Горемыкин кабинетінің отставкаға шығуын шешілген мәселе деп есептеуге болады, сондықтан мәселе оның мұрагері кім болатындығына тіреліп отыр» деп ойлайды. Қысқасы, кадет министрлігі туралы мәселе әлі де күн тәртібінде тұр.

Кадеттер мұны сезіп отыр,— ал тіпті бұдан басқаны да сезіп отырған болар. Олар «аңысын аңдып» мелшиіп қалды. Олар өздерінің жоспарларын жүзеге асыруға жәрдемдесе алатын сол жақтың көмегінің тіпті кез келген көлеңкесіне екі қолымен жармасып отыр. Кадет партиясының басты органы. «Речь», өзінің соңғы бас мақаласын социал-демократтардың кадет министрлігіне көзқарасы туралы мәселеге текке арнаған жоқ. Біз

осы мақаланы қазіргі заманға аса сабақ боларлық оқиға ретінде төменде толық көшіріп басып отырмыз.

Бұл бас мақаланың негізгі пікірін авторлар мына сөздермен береді: *«сарындарының айырмашылығына қарамастан* азаттық қозғалысы толық ұйымшылдықпен табан тірей алатын ортақ негіз» құру. Шынында, бүкіл кадет саясатының басты мақсаты осындай. Ол ол ма. Жалпы россиялық революцияда бүкіл либералдық-буржуазиялық саясаттың басты мақсаты осындай. Азаттық қозғалысында «әр түрлі сарындарды» жою — буржуазияның, шаруалар мен пролетариаттың демократиялық талаптарының айырмашылықтарын жою деген сөз. Мұның өзі либерал буржуазияны бүкіл азаттық қозғалысының талаптарын білдіруші, жүзеге асырушы деп «толық ұйымшылдықпен» мойындау деген сөз. Мұның өзі пролетариатты либерал буржуазияның дүлей күшіне айналдыру деген сөз. Ал либерал буржуазияның жоғары саяси мұраты — және оның ең терең таптық мүддесі — ескі өкіметпен мәмлеге келу екендігі жұрттың бәріне белгілі болғандықтан, біз өзіміздің осы соңғы қағидамызды басқаша да айта аламыз. Біз былай деп айта аламыз: буржуазиялық «Речь» либералдардың ескі өкіметпен мәмлеге келуіне пролетариатты дүлей жәрдемші еткісі келеді. Ал бұл мәмлеге келу ең алдымен пролетариатқа қарсы, ал содан соң, әрине, революцияшыл шаруаларға қарсы бағытталған.

Кадет министрлігінің шын маңызы осындай. Жергілікті жер комитеттері туралы мәселе жөнінде Мемлекеттік думада таяуда болған қақтығыс кадет саясатын өте-мөте айқын ашып берді. Комитеттер жергілікті өкімет болуға тиіс еді, министрлік орталық өкімет болуға тиіс еді, бірақ кадет саясатының мәні барлық жерде әрқашан біреу-ақ. Кадеттер жергілікті комитеттердің жалпыға бірдей сайлауына қарсы, олар «ескі өкімет бақылаушы ретінде қатысқанда, помещиктер мен шаруалардың тең праволы өкілдіктері болуын» жақтайды. Кадеттердің мұны еріксіз мойындауына *тура келді,* өйткені олар жергілікті жер комитеттерін де, жалпыға бірдей сайлау правосын да *«жалпы алғанда»* жанымызды сала жақтап отырмыз деп сендіріп, *шындықты* ұзақ

уақыт *жасырып* келді, бас айналдырып келді. Мүлде дәл осылайша кадеттер — құрылтай жиналысына қарсы, олар — жоғарғы өкімет тағайындайтын кадет министрлігін жақтайды. Орталық өкімет органы ретіндегі мұндай министрлік атышулы тепе-тең өкілдіктің, т. т. негізінде құрылған жергілікті комитеттермен мейлінше бір тектес болады.

Кадеттердің осы саясатына орай пролетариаттың қандай тактиканы қабылдауға тиіс екендігі белгілі. Пролетариат бұл саясаттың мәнін аяусыз әшкерелеуге тиіс, екіұшты мағына атаулыға, жұмысшылар мен шаруалардың саяси сапасын көмескілеу атаулыға жол бермеуге тиіс. *Өзінің* таптық ұйымын кеңейтіп, нығайту үшін, азаттық қозғалысын кадет «тоғанынан» әрі апаруға, кадеттердің ескі өкіметпен мәмлеге келуінен *әрі* апаруға қабілетті бірден-бір тап ретінде революцияшыл шаруалармен өзінің байланысын нығайту үшін пролетариат «өкімет иелері» мен «өкіметті бөлісушілердің» саясаттағы бүкіл ауытқушылығын мұқият пайдалануға тиіс.

Бірақ либерал буржуазияның талабын, яғни жоғарғы өкіметтің кадет министрлігін құруын пролетариат *қолдауға* тиіс емес пе? Кадет министрлігі бостандық жолындағы күресті, социализм жолындағы күресті оңайлататын болғандықтан, пролетариат осыны істеуге міндетті емес пе?

Жоқ, мұндай қадам мейлінше өрескел қате және пролетариат мүдделеріне *опасыздық* жасағандық болар еді. Мұның өзі минуттық табысқа қызығып, пролетариаттың революциядағы негізгі мүдделерін құрбан ету болып табылар еді. Мұның өзі елеске елігіп кетіп, пролетариаттың күресін *шынымен* жеңілдететін титтей де *нақты* кепілдіктердің жоқтығына қарамастан пролетариатқа «қарусыздануға» кеңес бергендік болар еді. Мұның өзі оппортунизмнің ең жаман түрі болар еді.

Кадет министрлігін жоғарғы өкіметтің тағайындауы ескі өкіметтің негіздерін тіпті ешбір қозғамайды. Мұндайда күштердің нақты арасалмағының шын революцияшыл таптардың пайдасына өзгеруі тіпті де міндетті емес. Халықтың ескі өкіметпен күресі мұндай «рефор-

мамен» ешбір жойылмайды. Ескі өкімет тағайындаған мұндай либералдық министрліктің (мысалы, 1848 жылы Германияда) самодержавиеге бет перде ғана болып, революцияны тұншықтыруға басқа бюрократтық министрліктен анағұрлым жақсы жәрдем еткені жайындағы мысалдарды революциялардың тарихы біледі.

Кадеттердің шын жаратылысын білуге халыққа қалай болғанда да жәрдемдесетін кадет министрлігінен қорқуға Россия пролетариатының дәлелдері жоқ, бірақ ол мұндай шараны ешбір жағдайда қолдауға тиіс емес, өйткені бұл шара — өзінің мәні жағынан ең екіұшты, сатқын, опасыз шара.

Думаны жоюдың сәті түспегендіктен, кадеттердің сайлауда көпшілік болуы пролетариатқа тиімді еді. Мұндайда олар өздерінің азшылық болғанынан гөрі, тезірек өздерінің «түбіне жетеді». Бірақ пролетариат сайлауда кадеттерді қолдаудың қандайынан болса да бас тартты, сондай-ақ РСДРП Бірігу съезі басқа партиялармен блок (келісім, одақ) жасауға тыйым салып, осы шешімді қуаттады. Пролетариатқа кадет министрлігі *мына мағынада* тиімді: кадеттер осындай комбинация кезінде өздерінің «түбіне» бәрінен де гөрі тез «жетеді», «қожалық етіп бітеді», бәрінен де гөрі тез «мұршасы бітіп», өздерін әшкерелейді. Бірақ буржуазияның халық бостандығын бөліске салу туралы Треповтармен *мәмлеге келуін* пролетариат ешқашан да қолдамайды.

Азаттық қозғалысын шын «қолдау», оның шын дамуы пролетариаттың саяси және экономикалық ұйымдарын тек қана өркендетеді және революцияшыл шаруалармен оның байланыстарын нығайтады. Тек осы ғана ескі өкіметті іс жүзінде әлсіретеді, оның құлауын әзірлейді. Ал кадеттердің мәмлеге келуі — екіұшты әрекет, оны қолдау революцияның шын берік жетістіктері тұрғысынан да пайдасыз, революцияшыл таптардың санасының дамуы, ынтымақтастығы, ұйымшылдығы тұрғысынан да зиянды.

«Вперед» № 4, 30 май, 1906 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

НЕМІС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫ КАДЕТТЕР ТУРАЛЫ

Бүкіл Россияның либералдық-буржуазиялық баспасөзі орыс социал-демократиялық «большевиктерінің» халықаралық социал-демократиямен үш қайнаса сорпасы қосылмайды деп өз оқушыларын сендіруге бар күшін салып тырысып отыр. Бұлар, көресіздер ме, анархистер, бүлікшілер, заговоршылар; неміс социал-демократтарынан олардың үйренуі керек еді; олар, неміс социал-демократтары істегеніндей, «парламенттік» жолды басты жол деп мойындауы керек еді. Осындай және осыған ұқсас сөздер ондаған кадеттік газеттердің беттерінде толып жүр.

Орыс жұртшылығы үшін ашық саяси күрес әлі жаңалық. Орыс жұртшылығы мұның өзі — бұл елдің социалистері жексұрындар, бүлікшілер, т. с., ал мына көршілес елдердің социалистері «парасатты» адамдар деп әрқашан сендіру *барлық елдердің буржуазиясының* нағыз дағдылы тәсілі екенін әлі білмейді. Француз буржуазиясы Жоресті сөгеді, ал Бебельді мақтайды. Неміс буржуазиясы Бебельді сөгеді, ал Жоресті мақтайды. Орыс буржуазиясы орыс социал-демократтарын сөгеді, ал неміс социал-демократтарын мақтайды. Ескі, тіпті ескі тәсіл!

Факт керек болса, міне. Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы «Vorwärts»-те («Алға») — Россияның полициялық цензурасының «күш салуы» нәтижесінде біз бұл газетті өте сирек ала-

мыз — таяуда «Дума және кадеттер» деген екі мақала басылды. Редакция осы «орыс хаттарын» бас мақалалар ретінде басып қана қойған жоқ, оның үстіне оларға мынадай ескерту жазды: «орыс революциялық қозғалысындағы кадеттердің жағдайының дұрыс сипаттамасы».

Герман социал-демократиясының орталық органы кадеттерге берілген қандай бағаны *дұрыс* деп есептейтінін қарап көрейік. Көшірменің ұзақтығы үшін оқушы бізге назаланбасын: орыс либерал газетшілерінің орыс социал-демократиясы мен герман социал-демократиясының арасынан алауыздықтарды ойлап шығаруын біржолата қойдыру керек қой.

«Бертінге дейін,— делінген «Дума және кадеттер» деген мақалада,— кадеттер туралы ештеме естілген жоқ-ты. Қан судай ағып, атыстар гүрсілдеп жатқан жерде олар болған жоқ. Пролетарлық бостандық туы астында өлуге, не жеңуге бел байлаған халық бұқарасы революциялық күрестің қаһармандығына беріле, жанын құрбан еткен жерде олар болған жоқ. «Аласталғандар», қиялшылдар, революция «фанатиктері» бастаған бұқаралық қозғалысқа берілу үшін осы шынайы саясатшылар тым-ақ мемлекеттік дана, тым-ақ алыстан болжағыш болды. Олар, осы бір салқын қанды данышпандар, осы бір сылдыр сөздің батырлары, жылтырауық жалған либерализмнің серілері өз үйлерінде пеш артында жайбарақат отырды. Революция тым асқынып кетпесе игі еді, ол буржуазиялық өмірдің, меншіктіліктің, саяси жақсы ниеттің, тәртіптің ежелгі қасиетті тіректерін солқылдатпаса игі еді деп олар әбден үрейленіп, қапаланып бастарын шайқады.

Кадеттер «қызмет етуге әзір екендігі» жөнінен өздерінің әлуан қырлылығын әлдеқашан-ақ көрсетті. Булыгин Думасы кезінде-ақ олар сол кезде әлі «күнәсыз» Витteден шетел биржасына ашық қылымсыған либерализмге көпір салу туралы арман етті. Биржа — біздің «халық бостандығы» партиясының жалпы алғанда осал жері. Кадеттер жаңа миллиардтық заемға қарсы «сатқындық» үгіт жүргізіпті-міс деген айыптаудан олар осыдан бірнеше күн бұрын ызаланып ақталып еді. Ал олардың бұл қылығы әбден түсінікті. Олар мейлінше жүгенсіз кеткен полицейлік озбырлық кезінде оны демократияның қылығы деп түсіндіруге әрекеттенді. Сарай маңындағы сұрқиялар ұйымдастырған өрттер мен ойрандардың кезінде, олар ештемені мойындамайтын, бәрін теріске шығаратын, бәрін талқандайтын социалистерге қарсы тақ пен алтарьды [93] жан-тәнімен қорғады.

Даңқты бойкоттың уақыты жетті, ұлы октябрь стачкасы, халық көтерілістерінің, азамат соғысының, теңіздегі және құрғақтағы әскери бүліншіліктердің қанды кезеңі туды. Толқынның тазартқыш ұлы екпіні кадеттерді сыпырып тастады.

Ол кезде кадеттер туралы естілмеп еді. Алтын ортаның серілері бой тасалады. Ең жақсы дегенде олар даурығып наразылық білдірді, даурығып шағым жасады, бірақ революциялық дауылдың гүрілінен олардың үні естілмеді.

Реакция кадеттерге ең жақсы қызмет етті. Түрмелер қайтадан толған кезде, орыс күрескерлерін жалмаған жер аудару орындары қайтадан жанданған кезде кадеттердің күні туды. Олардың сол шыл дұшпандары үндемеуге мәжбүр болды. Кадеттердің газеттерге қолы жетті, контрреволюция кадеттерді біршама аз қуғындады. Жазалау экспедициялары оларға қарсы жіберілген жоқ, олардың үйлері өртелген жоқ, олардың балаларына казактар зорлық-зомбылық көрсеткен жоқ, Витте — Дурново мырзалардың «тыныштандыру» шаралары оларға қатысты болған жоқ, зеңбіректер мен пулеметтер, артиллерия мен жаяу әскерлер, флот пен казактар оларға қарсы бағытталған жоқ. Сонымен, кадеттер алдыңғы қатарға шықты. Сөз арқылы күрес басталды. Революцияның орнын айтыс басты, бұл майданда да кадеттер теңдесі жоқ шебер, бесаспап болып шықты. Олар ең алдымен революция мен революционерлерге тиісті, социалистерді жерден алып, жерге салды, жұмысшы партиясына жала жапты. Олар қауқардан айырған дұшпанмен айтысты. Олар жауап та бере алмайтын, қорғана да алмайтын адамдарды айыптады. Бірақ орыс либерализмі бұған да қанағаттанбады. Ол өзінің ең көрнекті көсемдерінің бірінің сөздерімен: Россияның бүкіл қаһармандық азаттық қозғалысы — либерализмнің ісі, самодержавиенің құлауы — либерализмнің еңбегі деп жариялады. Кадеттер пролетарлардың төккен қанын бетсіздікпен пайдаланды, дал-дал болып жыртылған қызыл тудың бір жапырағын бетке ұстады, либерализмді — азаттық күресінің дем берушісі, отанды жыртқыштардан құтқарушы деп жариялады. Түрмелер толы күйінде қалса да, дарлар құрыла берсе де, кадеттер өздерін мадақтай түсті, тынышсыздардың, өжеттердің, өштеседен тайсалмайтын революционерлердің жер-жебіріне жетті».

Автор бұдан әрі біздің Думаның заңдылық жағдайын, Мемлекеттік совет туралы заңды, кадеттердің сайлаудағы ролін баяндайды.

«Сүйікті кадеттер революцияның орнына эволюция болуын, революциялық анархия мен азамат соғысының орнына праволық тәртіп болуын жанын салып тіледі». Бірақ халық оларға сайлауда революциялық тапсырмалар берді, ол тапсырмалар кадеттерге мүлде ұнамады.

«Жаратылысынан дипломат және барып тұрған маклер ретінде олар өздерін революцияны тыныштандыру, биржаны жандандыру, самодержавиені жұмсарту, барлық қайшылықтарды

жайғастыру, барлық қақтығыстарды жою үмітімен жұбатты. Олар татулықты уағыздады, бірақ шындық басқа бірдемеге жеткізді. Олар сайлаушылар алдында «конституцияшыл демократтар» ретінде сөз сөйледі, оларды *жалпы алғанда* оппозициялық партия ретінде, бірден-бір немесе басты оппозициялық партия ретінде сайлады. Олар ымыраға келуге ұмтылды, бірақ оларға революциялық тапсырмалар берді. Олар сөз сөйледі, бірақ оларды күреске жіберді, олардан ант алды, қарулы күреске дейін қандай да болсын көмек көрсету жөнінде оларға уәде берді. Сайлау науқаны кезіндегі жеңіске мастанған, революцияшыл сайлаушылар ортасында болып, революциялық сөздерге әуестенген кадеттер өздерінің тілеген шегінен асып түсті. Олар өздерінің артынан жаңа күштің, өздерін күреске итермелеп отырған күштің өсіп жетілгенін байқамады.

Өздерін парламентке кім жібергенін, осындай үзілді-кесілді императивпен өздеріне уәкілдікті кім бергенін, өздері мейлінше қорыққан, бар күшін салып бас тартқан рольді өздеріне кімнің еріксіз таңғанын кадеттер тым кеш түсінді. Өздеріне алдағы жолды түзету үшін оларды орыс революциясы жіберді. Оларды самодержавиенің қабырғаларынан жаңадан саңылау ашу үшін кадеттерді таран етіп пайдаланған орыс халқы жіберді, ал самодержавиенің басты бекіністері кейін кадеттердің көмегі арқылы емес, қалың халық бұқарасының көмегімен алынатын болады».

Кадеттердің әрекетін бүлдіруге қауіп туғызып отырған революцияшыл шаруа депутаттарының Думада болуына кадеттер наразылықпен қарады. Олар *«бір ауызды кадеттік Дума»* туралы арман етті. «Онда революциялық міндеттерден бірдеме етіп құтылуға, қандай да болсын нағыз қимылды сұлу сөздермен бастырмалатып тастауға болатын еді... Қарарлармен және жобалармен шектелуге, ең әрі кеткенде — кадет министрлігіне қол жеткізуге, конституциялық монархияны ныгайтуға, ұсақ жеңілдіктердің көмегімен революцияны тұншықтыруға, барлық реформаларды созбұйдаға салуға, ақырында, буржуазиялық либералдық парламентаризмді енгізу мақсатына жетуге болар еді... Иә, Думада шаруалар болмағанда, мұның бәрі мүмкін еді!» Сөйтіп мақаланың авторы Думадағы шаруа депутаттарының революцияшылдығын — кейде тіпті тура қуанышты сөздермен — баяндайды. «Революция өз иығына салып тек кадеттерді ғана Думаға жеткізіп қойған жоқ, ол оның үстіне «Гораны», ымыраға бармайтын «Гора партиясын» да құрды. Революцияның өкілі Думада да болды».

«Бейшара кадеттер, бейшара орыс жирондистері! Олар балға мен төстің арасына, үкімет найзасының және пролетариат пен шаруалар революциясының арасына түсті.

Кадеттер өздерінің қызыл-жасыл киімін қазір масқаралықпен босқа тыққыштап отырған жоқ. Олар өздерінің даурықпа ұрандарын босқа лақтырып тастап отырған жоқ. Олар қазір ескі өкіметтің артықшылықтарын құрметтейтіндігі туралы босқа сөз көтеріп отырған жоқ. Жағдай ауырлай түсіп отыр. Үкімет қалжыңдап отырған жоқ, сондықтан одан құр қолмен еш нәрсе өндіре алмайсың. Бірақ революция, кадеттерді Думаға жіберген революция да қалжыңдамайды. Олардың істеген опасыздығына ол кешірім жасамайды. Өзіне революциялық роль алып, ерлігін жоғалтқан қорқақтарды революция есіркемейді.

Бір жағында — абсолютизм, екінші жағында — революция. Кадеттер не істер екен?».

Герман социал-демократиялық партиясы орталық органының өзі келісім білдірген мақала осылай аяқталады. Рас емес пе, осы «парасатты» неміс социал-демократтары «большевиктерді» қалай масқаралаған? Кадеттер туралы олардың пікірі мен біздің пікіріміз қалай мүлде үйлеспей жатыр? Олардың және біздің: пролетариат пен шаруалар революциясы деген ұрандарымыз бір-бірінен қандай алшақ жатыр?

Кадет министрлігін бағалауда біз осындай адамдармен айрылысар ма едік? — мұны оқушы да ойлап көрсінші.

Жоқ, абсолютизм жөнінде, либерал буржуа жөнінде халықаралық революциялық социал-демократия барлық уақыттағыдай қазір де бір ауызды болып отыр!

«Вперед» № 5, 31 май, 1906 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ГАЗЕТТЕР МЕН ЖУРНАЛДАР ӘЛЕМІНДЕ

Г. П. Милюков «Речьтің» 86-номерінде «Дума жұмысының бірінші айына» қорытынды жасайды.

Жалпы айтқанда, құрметті автор былай деп жазады.

«Думаның өмір сүрген бір айында оның қызметінің зор табысының дәлелі ретінде біздің осында келтіріп отырғанымыздың бәрі — осының бәрі қомақты нәрселер емес».

Бірақ, дегенмен «Дума жұмысының бірінші айының» нәтижесінде... тым болмағанда болашақ жөнінде айтарлықтай «қомақты» нәтижелер де бар.

«Шетелде «Temps», ал Петербургте «Новое Время» «кадет» министрлігін талап етіп отырғанда — мұның өзі не екенін әркім түсінеді».

«Әркімнің түсінетіндігі» жөнінде — бұл, бәлкім, тым қаттырақ айтқандық болар, Милюков мырза. Бірақ өте, өте коп адамдардың шынында «мұның өзі не екенін» қазірдің өзінде түсініп отырғаны күмәнсыз. Кадет мырзалардан әлі де сол: істеп жатқан нәрсеңді тезірек істе! деп қайта-қайта сұрауға тура келеді. Сонда, Милюков мырза, «мұның өзі не екенін» жақында шынында да жұрттың бәрі түсінеді.

«Вперед» № 5, 31 май, 1906 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫЛАР ШЕШСІН

Россияның, әсіресе Петербургтің социал-демократиялық пролетариаты алдында Мемлекеттік дума жөніндегі таяудағы саяси науқанды қалай өткізу керек деген өте маңызды мәселе тұр. Біртұтас социал-демократиялық партия үшін *таяудағы* науқан туралы бұл мәселе Бірігу съезі қарарының *ауқымында* ғана қойылатыны өзінен-өзі түсінікті.

Петербург социал-демократиялық пролетариатына науқанның *екі* жоспары ұсынылды: бірі Орталық Комитеттің қарарында, екіншісі Петербург комитетінің қарарында *. Біз «Вперед-тің» [94] 2-номерінде бұл екі қарарды басып та шығардық, сондықтан енді олардың мазмұнының елеулі айырмашылығына тоқталғымыз келеді. Орталық Комитеттің қарарының басты пункті былай дейді: «біз Думаның қазіргі министрлікті құлатуға, оны Дума тағайындаған министрлікпен алмастыруға бағытталған барлық қадамдары жөнінде Думаны қолдаймыз, өйткені мұндай алмастырудан құрылтай жиналысын шақыруға себі тиетін жағдайды көріп отырмыз». Петербург комитетінің қарары мұндай талапты қолдау туралы ештеме айтпайды, сөйтіп басты назарды үкіметтің мысқылдауына, Думаның дәрменсіздігіне, Еңбек тобының халыққа үндеу жазуының қажеттігіне, жұмысшылар мен шаруалардың жаңа, біріккен күресінің болмай қоймайтындығына аударады.

---

* Қараңыз: осы том, 189—190-беттер. *Ред.*

Сонымен, басты талас пункт: Думаның кадет министрлігін құруға бағытталған қадамдарын қолдау керек пе, жоқ па дегенге келіп тіреледі. «Думаның тағайындаған министрлігі» туралы айта отырып, Орталық Комитеттің қарары мұны ашық көрсетпейді. Бірақ әңгіме іс жүзінде нақ Думаға ұнайтын министрлікті, яғни кадет министрлігін жоғары өкіметтің тағайындауы туралы болып отырғандығын жұрттың бәрі біледі және либералдық-буржуазиялық баспасөз осыны атап көрсетіп отыр. Орталық Комитеттің қарарын жұмысшы табының қалың бұқарасы да тек осы мағынада ғана түсіне алады.

Социал-демократиялық пролетариат кадет министрлігін жоғарғы өкіметтің тағайындауы туралы талапты қолдай ала ма? Жоқ, қолдай алмайды. Кадет министрлігі социалистік жұмысшыларға қарсы және революцияшыл шаруаларға қарсы самодержавиенің либерал буржуазиямен *мәмлеге келуі* ғана болуы мүмкін. Социал-демократтар осындай мәмлеге келу кезінде болатын жаңа жағдайды, әрине, екі еселенген күшпен пайдаланады: егер осы мәмлеге келу бостандық жолындағы, социализм жолындағы күреске уақытша болса да жеңілдік беретін болса, социал-демократтар өздерінің тактикасын әбден салмақтап көреді. Біз революцияға қарсы бағытталған осы мәмлеге келуді де революция пайдасына жаратуға тырысамыз. Бірақ біз *халықтың сыртынан буржуаның чиновниктермен* жасаған мәмлесін *қолдай* алмаймыз. Халықты немесе пролетариатты осындай қолдауға шақыру оның санасын аздыру деген сөз, одан осы мәмлеге келудің *мәні* туралы, оның *қауіптілігі* туралы, осы арқылы құрылтай жиналысын шақыруды *қиындатуға* буржуазия мен чиновниктердің ұмтылуы туралы шындықты жасыру деген сөз.

Біз жұмысшылар мен шаруаларды мәмлеге келушілікті қолдауға емес, күреске шақыруға тиіспіз. Күреске мықтап әзірлену ғана самодержавиені *шын мәнінде* әлсіретеді, самодержавиенің болсын, буржуазияның болсын *барлық және әрбір* қадамдарының революция пайдасына шынымен қызмет етуінің кепілі — күресте ғана. Орталық Комитеттің қарары *дұрыс емес*. Социал-демо-

кратияның саналы жұмысшылары өздеріне ұсынылған осы қаралы қабылдай *алмайды*.

Енді екінші мәселе. Тәртіп үшін, съезге бағыну үшін осы қарарды қабылдау міндетті емес пе? Бірігу съезінің Мемлекеттік дума туралы қарарын қараңыз, сонда сіз одан кадет министрлігін құру талабын қолдауды табу мүмкін емес екендігін, онда жалпы алғанда Думаны «қолдау» туралы тіпті *бір ауыз сөз де* жоқ екендігін көресіз. Съезд қарарының Думаға деген көзқарасты *анықтайтын* бөлімі *тұтас* келтіргенде мынадай: «Социал-демократия: 1) үкімет пен Дума арасында болсын, Думаның өз ішінде болсын туатын дау-жанжалдардың бәрін революциялық қозғалысты кеңейту және тереңдету мүддесіне жоспарлы түрде *пайдаланып отыруға* тиіс, ал ол үшін: а) *бұл дау-жанжалдарды* қазіргі саяси тәртіпті *құлатуға* бағытталған *кең бұқаралық қозғалыстардың* басталатын жері етуге мүмкіндік беретіндей шектерге дейін *кеңейтуге, шиеленістіруге* ұмтылу керек; б) қазіргі әрбір жағдайда қозғалыстың саяси міндеттерін жұмысшы мен шаруа бұқарасының әлеуметтік-экономикалық талаптарымен байланыстыруға тырысу керек; в) Мемлекеттік думаға *революциялық талаптар* қою үшін халық бұқарасы арасында кең үгіт жүргізу арқылы — Думаны *революцияландыру* мақсатымен *оған сырттан қысым жасалуын* ұйымдастыру керек. 2) Өзінің осы *араласуын* мына түрде: осы шиеленісіп отырған қақтығыстар: а) Думада халық еркін білдірушілердің ролін өздеріне алатын барлық буржуазиялық партиялардың дәйексіздігін бұқара алдында ашып беретіндей етіп, және б) өкілдік мекеме ретінде *Думаның мүлде жарамсыздығын* және бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақырудың қажеттігін түсінуге қалың бұқараны (пролетариатты, шаруалар мен қала мещандарын) жеткізетіндей етіп бағыттау керек», т. т.

Орталық Комитеттің кадет министрлігі жөніндегі талапты қолдау туралы қарарының съезд қарарына сәйкес келмейтіндігі былай тұрсын, қайта оған тура *қайшы келетіндігі* біз астын сызған сөздерден айқын көрініп отыр. Кадет министрлігі — *революциялық емес* талап. Ол Думамен болған және Дума ішінде болған

дау-жанжалдарды *әлсіретіп, көмескілейді,* Думаның жарамсыздығын қалтарыста қалдырады, т. т., т. т. Қоса кететін нәрсе, съездің қарары Думаны «қолдау» туралы *бір сөз де* айтпайды, тек қана «қысым жасау», «пайдалану», «араласу» туралы айтады.

Бұдан шығатын қорытынды айқын. Орталық Комитет кадет министрлігі жөніндегі талапты қолдау туралы өзінің қарарын қабылдауды партия ұйымдарынан талап етуге, *әрине, праволы емес.* Партияның барлық мүшелері мәселеге мейлінше өз бетімен, сын көзімен қарап, өздерінің пікірінше Бірігу съезі қаулыларының аукымында *дұрысырақ* шешеді деген қарарды жақтап сөйлеуге *міндетті.* Петербург социал-демократиялық жұмысшылары партияның бүкіл ұйымының қазір *демократиялық* жолмен құрылатынын біледі. Бұл — қызмет адамдарын, комитеттердің мүшелерін, т. б. партияның *барлық* мүшелері сайлайды, пролетариаттың саяси науқаны туралы мәселелерді партияның *барлық* мүшелері талқылап, *шешеді,* партия ұйымдарының тактикасының бағытын партияның *барлық* мүшелері *белгілейді* деген сөз.

Петербург социал-демократиялық пролетариаты талас мәселеге осылай қарайды, оны жан-жақты тиянақты, іскерлікпен талқылайды, сөйтіп *кадет министрлігін талап етуді қолдау керек пе, жоқ па?* деген дербес шешім шығарады деп сенеміз.

Петербург жұмысшылары өздерінің осы *правосынан,* өздерінің осы социал-демократиялық және партиялық *міндетінен* ешқандай софизмдер арқылы, яғни ешқандай көріне жалған дәлелдер арқылы өздерін айнытуға мүмкіндік бермейді. Біз осы софизмдерді қысқаша ғана атап өтеміз. Л. Мартов «Курьерде» (№ 13) былай дейді: тәртіп үшін Орталық Комитеттің саяси науқанын бұзбаңыз. Бұл — софизм. Орталық Комитет жазған қарарлардың жобаларының бәріне көз жұмып келісе беруге партия мүшелерін ешқандай тәртіп міндеттемейді. Партия ұйымдары өз пікірін айту правосынан бас тартып, Орталық Комитеттің қарарларына *қол қоюшыларға* айналсын деген ережелер дүниеде еш жерде және ешқашан болған емес. Л. Мартов былай дейді: мень-

шевиктер бойкот жөнінде бағынды, енді сіздер бағыныңыздар. Бұл — софизм. Съездің шешімдеріне *біз бәріміз* бағындық. Думаның сайлауына қарсы және социал-демократияның парламенттік фракциясын тағайындауға қарсы *біздердің бірде-біріміз* күреске шақырған жоқпыз. Біз бағындық, біз съездің еркі бойынша бойкоттан бас тарттық. Бірақ біз кадет министрлігін қолдауға қарсы, *ешқандай съезд ұсынбаған* қолдауға қарсы *съезд шешімдерінің аукымында* күресуге праволымыз және міндеттіміз. Л. Мартов іріткі салушылар жөнінде кілең қорқынышты сөздер айтып, жала жабу арқылы істің мәнін аттап кетіп отыр. Ол Петербург комитетінің қарары съездің шешіміне қайшы келетін-келмейтіндігі туралы жұмған аузын ашпады. Ол съезд еркінің ауқымында Орталық Комитеттің тактикасын бекер деуге және оның бұлтаруы мен қателерін түзетуге *оппозицияның* правосы туралы, яғни *әрбір* партия ұйымының правосы туралы жұмған аузын ашпады. Сондықтан біз Мартовқа сабырлылықпен былай деп жауап береміз: кімде-кім партия ұйымдарының заңды праволарын бұзса, сол іріткі салады.

Біз тіпті меньшевиктердің (Власов жолдастың редакцияға жазған осы номердегі хатын қараңыз) кадет министрлігін қолдауға келіспейтіндігін сабырлылықпен көрсетеміз. Тіпті Рьяншев жолдастың өзі «Курьердің» 13-номерінде *«жұмысшы тобы мен Еңбек тобын»* жиналыс бостандығы туралы кадеттік заң жобасына қарсы «бар күшін салып күресуге» шақырады, яғни дәл сол кадеттердің министрлігін қолдауға *жол бермейтін таза большевиктік* тактиканы ұсынады.

Егер Выборг аудандық комитеті «фракциялардың айырмашылықтарына қарамай, яғни *ешбір айтыссыз»* — талас болып отырған нәрсені талқылаусыз!! — жалпы қалалық конференция шақыруды, делегаттар сайлауды ұсынса, онда Петербург социал-демократиялық жұмысшылары, әрине, тек бұл шешімді күлкі етеді. Саналы жұмысшылар *талқыламайынша* маңызды мәселені ешқашан шешпейді. Талқылау кезіндегі белгілі бір «қатты кетушілік» туралы бейшаралық сөздерде, Л. Мартовтың өзін ренжіткен белгілі бір қатты ке-

тушілік жөніндегі жылап-сықтауы да, дәл сол Л. Мартовтың немесе кімнің болса да жікке бөлінеміз деп қорқытуы да жұмысшыларды мәселені *дербес* шешуден бас тартуға мәжбүр ете алмайды. Жікке бөлінумен қорқыту, арандату — тек буржуазияны ғана қуантатын лайықсыз тәсіл (қараңыз: «Дума» № 29). Жұмысшылар кадет министрлігін қолдау туралы мәселені *көпшілікпен* шешеді және өздерінің Бірігу съезінің қаулылары *негізінде* толық еркін, толық дербес, толық заңды *шешімін орындауға* ешкімнің, тіпті Орталық Комитеттің де *бөгет жасамауын* қамтамасыз етеді.

1906 ж. 31 майда (13 июньде) жазылған

1906 ж. 1 июньде «Вперед» газетінің 6-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

«ЖОҒАРЫ ҚАРАМАУ КЕРЕК, ТӨМЕН ҚАРАУ КЕРЕК»

И. Жилкин мырза солшыл кадеттердің газеті «Наша Жизньде» бүгіп осылай деп отыр. Ол кадеттердің «жүзі жайнап, тоқмейілсіп» жүргенін қынжыла айтады. Милюков мырзаның «Кадеттер әсіре солшылдықтан жіктеледі» деген шаттыққа толы мәлімдемесі оның қарсылығын тудырады. Ол жағдайдың «ауырлығын» мойындайтын, сонымен қатар мемлекет кемесін... арнаға батыл бағыттап отырмыз деп мақтанатын кадеттердің «әдеттен тыс саяси даналығын» келемеждейді.

Бүгінгі таңдағы саяси жағдайдың ең түбірлі мәселесін қозғайтын осы пікірлерге тоқталайық. Сондықтан, өз тұрғымыздан қарағанда, осы жағдайды дұрыс бағалау оқиғалардың күші арқылы қазір тіпті солшыл социал-демократтардың көзқарастарына мүлде қосылмайтын, өзімізге қарсы айрықша өршелене соғысатын адамдарға *таңылып* отырғанын баса көрсетудің өте зор маңызы бар.

Орыс реакционерлерінің Париж клубынан шыққан лақаптар мынаны жеткізіп отыр: «Петергофта ауытқулардың бәрі тоқтатылды. Горемыкин қимыл жасауға толық еркіндік алды» [95], яғни Думаны біржайлы етуге ерік алды. Ал большевиктердің барлық нәрсені қара бояумен суреттеуге әрекеттенуін жақтырмайтын «Наша Жизнь» былай дейді: «Осы лақаптарға толық сеніммен қарауға біздің барлық негізіміз бар»... «Күрес шиеленісіп отыр...— деп аяқтайды бұл газет бас мақаласын. — Семсер көтерген — семсерден мерт болады.

Ал И. Жилкин мырза былай деп жазады: «Парламенттік жұмыстың бейбіт жеңіспен аяқталатынына сенетін адамдар Россияда көп пе? Осындай тәтті қиялға бүтіндей берілу үшін романтик, қиялшыл, идеалист болу керек». Ал соның қатарында В. Хижняков мырза былай деп мәлімдейді: «Біз революциялық дауылдан қашып құтыла алмаймыз,— мұны мойындау керек. Қозғалысты бейбіт жолға бұруға Дума дәрменсіз, өйткені халық тұрмысын жақсарту үшін оның қолында билік жоқ, ал мұндай билік болмаған күнде революциялық жолдардан басқа жол жоқ. Сондықтан қанағаттанбаушылық сезімінің қалай үнемі артып отырғаны, Думаның құдіреттілігіне сенудің қалай барған сайын көбірек жойылып отырғаны және сонымен қатар түңілушіліктің қалай өсіп отырғаны қазірдің өзінде айқын білініп отыр» (құдайға сенбеушілік сияқты Думаға сенбеушілік те әлі «түңілушілік» емес). «Атмосфера біртіндеп электрге толып отыр, кейде найзағайдың қатты жаңғырығын еситуге болады, сондықтан дүлей күштің бұрқ ететін уақытын күту, бәлкім, ұзаққа созыла қоймас».

Революциялық социал-демократияға өздерінің сезікті теріс көзқарасы болғандықтан, пікірі бізге айрықша бағалы адамдар әлгіндей дейді. Оқиғалар бұл адамдарды, атап айтқанда, біз әрқашан талап етіп келген қағидаларды қайталауға *мәжбүр етті,* ал «большевиктер» жөнінде толып жатқан өсектер, өтіріктер мен жалалар туғызған либерал буржуазия әлгі қағидалар үшін қашан да болсын жер-жебірімізге жетіп, бізді жерден алып, жерге салып, масқаралап келді.

«Жоғары қарамау керек, төмен қарау керек». Бұл — еркімізден тыс объективті тарихи жағдайлардың себебінен, парламенттік күрес қазіргі уақытта Россиядағы азаттық қозғалысының *басты* формасы бола *алмайды* деген сөз. Әңгіме оны «теріске шығару» туралы, оны пайдаланудан бас тарту туралы болып отырған жоқ,— ол туралы айтудың да керегі жоқ,— оқиғалардың бүкіл барысы нәтижесінде *басты* және шешуші күрестің басқа майданға төніп келе жатқаны туралы болып отыр. Либерал буржуазия біздерге, большевиктерге, олар «ұшқалақтанып шектен асқан іс-әрекетке итермелейді»

(«Речь» № 88) деп қисапсыз көп жала жауып келді. Қараңыздаршы, мырзалар, Жилкинді, Хижняковты, «Наша Жизньнің» бас мақаласын жазған адамды шынымен біз «итермелеппіз» бе? Курск мен Полтава солдаттарын, Киев, Саратов шаруаларын және басқа шаруаларды шынымен біз «итермелеппіз» бе?

Біз әрқашан да «жүзі жайнап, тоқмейілсіп» жүрген адамдарды «итермеледік» және ояттық. Біз азаттық күресінің белгілі бір формасын таңдап алу біздің еркімізге байланысты емес екенін, қазір «Наша Жизнь» де жабық деп мойындап отырған «жол» үшін негіз қалдырмайтын шындыққа сергек және тайсалмай қарау қажет екенін айтқанбыз. Социалистер бір минуттық табыстарға бола демократия мен социализмнің түпкілікті мүдделерін құрбан ете алмайды және құрбан етуге тиіс емес деп айтқанбыз,— олар кадеттердің сенімсіздігі туралы, Думаның дәрменсіздігі туралы, революциялық дауылдардың болмай қоймайтындығы туралы ащы шындықты бұқараға ашық айтуға міндетті. Егер кадеттердің сайлау жиналыстарындағы көпірме сөздеріне еліктіп кеткен бұқара бүгін біздерді түсінбесе, егер бірінші орыс парламентінің бірінші күндеріне еліктіп кеткен бұқара біздерді ертең түсінбесе,— онда бүрсігүні біздің ісіміздің дұрыстығына көзін жеткізеді. Оқиғалар революциялық социал-демократияны алдамшы жылтырауыққа еліктпейтін, нағыз (кадеттік емес) халық бостандығының тағдырын шешетін күрес сөзсіз күшейіп отырған жаққа «қарауға» байсалдылықпен, табандылықпен шақыратын партия деп білуге бұқараны мәжбүр етеді.

Біздің революцияның россиялық ұлы революция болатын себебінің өзі сол, ол байтақ халық бұқарасын тарихи творчествоға қатысуға жұмылдырды. Таптық қайшылықтар бұл бұқараның ішінде әлі онша толық айқындықпен дамыған жоқ. Саяси партиялар енді ғана қалыптасуда. Сондықтан бұқараны бағыттауға да, оны азды-көпті елеулі дәрежеде тоқтата тұруға да шамамыз жетпейді. Бірақ біз шын жағдайды және таптардың өзара қатынасын зерттеп білгеннен кейін, олардың тарихи жұмысының белгілі бір бағытының,—

олардың қозғалысының белгілі бір басты формасының болмай қоймайтындығын болжай аламыз. Сондықтан біз ақиқаттың көбінесе өте ауыр тиетіндігіне, сәнді маңдайшадағы саяси жазулардың немесе нәтижелі саяси мекемелердің алдамшы жылтырауығынан ақиқаттың бірден көріне қоймайтындығына қысылмай,— сырты сұлу өтіріктердің сиқырына алданып қалмай, әлгі өзіміздің социалистік білімдерімізді бұқараға өте кең түрде таратуға тиіспіз. Егер бұқараның осылай көзін ашу үшін және үстірт бақылаушыға елеусіз, бірақ елдің бүкіл экономикалық жәпе саяси жағдайынан сөзсіз туатын қозғалыс формаларына бұқараны әзірлеу үшін қолымыздан келетіндердің бәрін істесек, біз өз борышымызды орындаймыз. Егер өзіміздің барлық назарымызды «жоғарыға» аударып, төменде болып жатқан, өсіп келе жатқан, жақындап, төніп келе жатқан нәрсені байқамай қалсақ, біз өз борышымызды орындай алмаймыз.

1906 ж. 1 (14) июньде жазылған

1906 ж. 2 июньде «Вперед» газетінің 7-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

РЕАКЦИЯ ҚАРУЛЫ КҮРЕС БАСТАДЫ

Атышулы орыс «конституционализмінің» тұрақсыздығын, негізсіздігін социал-демократиялық баспасөз әлдеқашан-ақ көрсетіп келді. Ескі өкімет әзір өмір сүріп, мемлекеттік басқарудың бүкіл орасан зор машинасын өз қолында ұстап отырғанда,— осылай болып отырғанда халық өкілдігінің маңызы туралы, миллиондаған халықтың көкейтесті мұқтаждықтарын қанағаттандырудың мүмкіндігі туралы байсалдылықпен айтуға да болмайды. Мемлекеттік думаның мәжілістері басталды,— бейбіт конституциялық жол туралы либералдық-буржуазиялық сөздер ерекше буырқанған тасқынмен құйылды,— үкімет агенттерінің ұйымдастыруымен бейбіт демонстранттарды ұрып-соғу, халық жиналыстары болып жатқан үйлерді өртеу, ақырында, тура ойрандау басталып, барған сайын күшейе түсіп отыр.

Ал шаруалар қозғалысы өршіп келеді. Жұмысшылардың ереуілдері барған сайын шиеленісе, барған сайын жиілей, ұлғая түсуде. Ең артта қалған әскери бөлімдер, провинциядағы жаяу әскерлер, казактар толқып отыр.

Орыс өмірінде тұтанғыш материал мейлінше көп. Тарихта көз көріп, құлақ естімеген зорлық-зомбылықтардың, ұрып-соғулардың, азаптардың, тонаулар мен езіп-жаншулардың ғасырлары әзірлеген күрес мейлінше ұлы, мейлінше қызу. Халықтың ескі өкіметке қарсы осы күресін Думаның белгілі бір министрлік үшін күресінің шеңберіне сыйғызуға болмайды. Ең жаншыл-

ған және қараңғы «бағыныштыларды» оянып келе жатқан адамдық, азаматтық жеке басының талаптарын мәлімдеуден тоқтатуға болмайды. Заңдарды қашан болса да өзі шығарып келген, өзінің өмір сүруі үшін ақырғы, нағыз оңбаған, дөкір және айуандық амалдар арқылы күресіп отырған ескі өкіметті заңдылыққа шақыру арқылы тоқтатуға болмайды.

Белостоктағы ойран — үкіметтің халыққа қарсы қарулы әрекеттерінің осы бастамасының ерекше айқын фактісі. Ескі, бірақ мәңгі-бақи жаңа,— халық жеңгенге дейінгі, әбден ескі өкіметтің күлін көкке ұшырғанға дейінгі *мәңгі-бақи* россиялық ойрандар тарихы! Белосток азаматтарының сайламшысы Цириннің телеграммасынан алынған бірнеше үзінді мынадай: *«Алдын ала әзірленген* еврей ойраны басталды». «Тарап жүрген лақаптарға қарамастан, министрліктен бүкіл күні бойы *ешқандай жарлық түскен жоқ».* «Ойран екі апта бойы пәрменді үгіттелді; еврейлер былай тұрсын, интеллигенттерді де ұрып-соғуға шақырған прокламациялар көшелерде, әсіресе кешкі уақытта, таратылды; *полиция мұны көрмегенсіп отыр».*

Ежелден таныс жағдай! Полиция ойранды күн ілгері әзірлеп қояды. Полиция айдап салады; үкімет баспаханаларында еврейлерді ұрып-соғу туралы үндеулер басылады. Полиция ойран басталғанда ешбір әрекет жасамайды. Әскер қара жүздіктің жеңісіне үн-түнсіз қарап тұрады. Ал содан соң,— содан соң сол полиция ойраншыларға сот құрудың және тергеу жүргізудің комедиясын созбалайды. Ескі өкімет чиновниктерінің соты мен тергеуі айна-қатесіз бір нәтижеге алып келеді: мәселе созыла түседі, ойраншылар айыпты болмай шығады, тіпті кей кезде таяқ жеген, жарымжан болған еврейлер мен интеллигенттер сотқа тартылады, айлар өтеді,— ескі, бірақ мәңгі-бақи жаңа оқиға келесі ойранға дейін ұмытылады. Біздің қарғыс атқан капиталистік «цивилизацияның» азғындарын пасықтықпен айдап салу, пара беріп, ішкізіп өзіне қарату, қарусыздарды қарулылардың айуандықпен ұрып-соғуы, айыптылардың өздері жүргізетін сот пен тергеу комедиясы. Ал орыс өмірінің осы құбылыстарын көре тұрып, бей-

не бір біреудің «ұшқалақтығы» халықты «шектен асқап амалдарға» шақырады деп ойлайтын және айтатын адамдардың әлі табылуы мүмкін! Вологдада Халық үйін өртеу (Мемлекеттік дума мәжілістерінің бас кезі) немесе Белосток ойраны (Дума мәжілістерінің бір айы) сияқты оқиғалар болып отырғанда әлгіндей пәрселерді айту үшін ұшқалақтық қана емес, ниеттің бұзықтығы, саяси бұзылғандық керек. Миллиондаған үндеулер осындай бір оқиғаның халыққа етер әсерінің жүзден бір бөлігіндей де әсер етпейді. Сондықтан үндеулердің «ұшқалақтығы» туралы айту — Вологда мен Белостоктағы шайқас даласынан естіліп тұрған дәл ашу кернеген кек үнін айыптау сияқты қаратүнек педанттық, азаматтық өлім ғой.

Мемлекеттік дума Белосток ойраны жөнінде мағлұмат сұратуды дереу талқыға салып, мәселені жергілікті жерде тексеру үшін Мемлекеттік думаның мүшелерін Белостокқа жіберіп, өте жақсы істеді. Бірақ, сіз осы мағлұмат сұратуды оқығаныңызда, Мемлекеттік думаның депутаттарының сөздерін және ойрандардың жалпыға белгілі фактілерін онымен салыстырғаныңызда,— мейлінше қанағаттанбағандық сезімі, мағлұмат сұрату тілінің батыл еместігіне ызалану сезімі туады.

Төрелігін өздеріңіз айтыңыздаршы. Мағлұмат сұратудың авторлары тек қана былай дейді: «жәбірленгендерді өздерінің ауыр халге ұшырауына кінәлы етіп көрсетуге жергілікті өкіметтер мен қаскөй үгіттің тарапынан әрекет істелмесе игі еді деп халық *қауіптенеді»*... «Осы бағытта жалған деректер таратылып отыр». Иә, иә, жаншылған, азап шеккен еврей халқы қауіптеніп отыр және бұдан қауіптенуге барлық негіздері бар. Бұл рас. Бірақ бұл *шындықтың бәрі емес* қой, Думаға мүше және мағлұмат сұратуға автор болып отырған мырзалар! Сіздер, халықтың әзірге әлі таяқ жемеген, азап шекпеген депутаттары, мұның өзі шындықтың бәрі емес екенін тамаша білесіздер. Сіздер жаншылған халықтың ойранның *шын* айыптыларын атауға *батылы жетпейтінін* білесіздер. *Сіздер оларды атауға тиіссіздер.* Өйткені сіздер халық депутаттарысыздар. Өйткені сіздер — тіпті Россия заңы бойынша да — Мемле-

кеттік думада *толық* сөз бостандығымен пайдаланасыздар. Қарулы реакция қарусыз халықты тұншықтырып, ұрып-соғып, мертіктіріп жатқан уақытта реакция мен халықтың *арасына* түспеңіздерші. *Тура және түгелдей* халық жағына шығыңыздар. Ойрандардың жексұрын айыптылары өлгендерді кінәлы деп біледі деген тоғышарлық қауіпті таратумен шектелмеңіздер. *Осы айыптыларды тура айыптап сөз сөйлеңіздер* — бұл сіздердің халық алдындағы тікелей *борыштарыңыз.* Үкіметтен еврейлерді қорғауға және ойрандардан сақтандыру жолында шаралар қолданылмайтындығы туралы емес, үкіметтің құрамына жататын шын айыптыларды үкіметтің әлі қашанға дейін жасыратын-жасырмайтындығы туралы сұраңыздар. Үкімет осы шын айыптылар жөнінде халық әлі ұзақ уақыт адасады деп ойлай ма, соны сұраңыздар. Үкіметті ашық, жұрттың бәріне естірте айыптаңыздар, халықты ойрандардан қорғанудың *бірден-бір* құралы ретінде милицияны, өзін өзі қорғауды ұйымдастыруға шақырыңыздар.

Бұл «парламенттік әдет-ғұрыпқа» сәйкес келмейді деп айтарсыздар сіздер. Осындай дәлелдерді ұсыну сіздерге *тіпті* қазір ұят емес пе? Егер сіздер тіпті осындай уақытта да парламент ойынын ойнауды қоймасаңыздар, *өздеріңіз шынында не біліп, не ойлайтындарыңызды* тура, ашық, дауыстап айтуға батылдарыңыз жетпейтін болса, халық өздеріңізді кінәлайтынын сіздер түсінбейсіздер ме?

Ал сіздер ойрандар жайында шындықты білесіздер, бұл Дума депутаттарының сөздерінен көрініп отыр. Кадет Набоков былай дейді: «Ойрандардың бір мезгілде болуы не *жергілікті өкімет орындарының рұқсатымен* әрекет ететін қаражүздік ұйымдардың нәтижесі, не жақсы дегенде, олардың үнемі әрекет етпеуінің нәтижесі болып отырғаны жөніндегі күдіктен өзін ақтап алуға көптеген реттерде әкімшілікке мүлде мүмкіндік болмағанын біз білеміз».

Егер сіздер мұны *білсеңіздер,* кадет мырзалар, онда сіздер мұны мағлұмат сұрау үстінде айтуға тиіс едіңіздер. Осылай деп жазу да керек: біз мыналарды *білеміз,* ал мыналар туралы сұраймыз. Ал егер сіздер «жақсы»

оқиғаларды білетін болсаңыздар, онда халық депутаттарының *жаман* оқиғалар туралы: Питерден берілген бұйрық бойынша полицияның ойрандарды тікелей ұйымдастыруы туралы үндемеуі *лайықсыз*.

«Белосток ерекше оқиға емес» — деп Левин әділ айтты. «Мұның өзі сіздердің күрескілеріңіз келіп отырған системаның бір салдары». Дұрыс, Левин азамат! Бірақ егер біз газетте тек «система» туралы ғана айта алатын болсақ, онда сіздер Думада тіке және қатты айтуларыңыз керек.

«Ойрандар дегеніміз — тұтас бір система. Октябрь күндері... үкімет... азаттық қозғалысымен күресу үшін басқа амал таба алмады... Тарихтың осы тарауының немен аяқталғанын сіздер білесіздер. Енді дәл сол қайталанып отыр... Бұл система *зұлымдықпен* әзірленіп, ойластырылған және *соншалықты зұлымдықпен* орындалып отыр. Осы ойрандарды кімнің әзірлеп отырғанын көп ретте біз өте жақсы білеміз, прокламацияларды *жандармдық басқармалардың жіберіп отыратынын* біз өте жақсы білеміз».

Тағы да: дұрыс, Левин азамат! Сондықтан мағлұмат сұратуда былай деп жазу керек еді: министрлік жандармдар мен полицияның прокламацияларды жіберетіндігі туралы жұртқа мәлім фактіні Дума білмейді деп ойлай ма?

Депутат Рыжков ойрандарды тайпалардың өшпенділігі деп түсіндіруді *өтірік* деп, бұл ойрандар өкіметтің дәрменсіздігінен болды деп түсіндіруді ойдан шығарылған зұлымдық деп тура атады. Депутат Рыжков полицияның, ойраншылардың және казактардың «ынтымақтық әрекетінің» бірсыпыра фактілерін келтірді. «Мен ірі өнеркәсіпті ауданда тұрамын,— деді ол,— сондықтан, мысалы, Луганскідегі ойранның жан түршігерлік көлемде ұлғаймағандығының *бір ғана себебі* (мұны жақсылап тыңдаңыздар, мырзалар: *бір ғана себебі*): полицияның атып тастау қорқынышы төніп тұрса да *қарусыз жұмысшылар* ойраншыларды құр қолмен қуғандығы деп білемін».

Думадағы жарыс сөздердің осы бөліміне «Речь» газеті «Үкіметті айыптау» деп ат қойған. Жақсы қойыл-

ған ат. Бірақ бұл аттың орны газетте емес, Думаның мағлұмат *сұратуының текстінде.* Немесе бұл мағлұмат сұратуларды: олар үкіметті халық алдында мейлінше күшті айыптау болатындай етіп жазу керек,— не фактілердің жантүршігерлігі мен кеңселік-байсалды мағлұмат сұратуларға кеңсешілдік үндемеулердің арасындағы барып тұрған сәйкессіздік үшін қатты ескертпелер мен мысқылдар туғызу керек. Тек бірінші жолға түссе ғана, Дума өзіне реакционерлердің күлуін қойдырады. Әйтпесе реакционерлер тура ашықтан-ашық мазақ етіп отыр. Бүгінгі «Новое Времяны» оқыңыздаршы. Ойраншылардың осы малайлары қарқ-қарқ күліп, масайрап жүр: «Белостоктағы еврей ойраны туралы Думаның министрден асығыс түрде мағлұмат сұратқанын ерекше сүйсінгендікпен (!!) атап көрсетпеуге болмайды». Көріп отырсыздар: ойраншылар ерекше сүйсініп отыр,— малай лепіріп шындықты айтып отыр. Реакция Белосток ойранына да, енді Думаны «еврей» Думасы деп ұрсуға болатындығына да разы. Реакция мысқылдап отыр: «Бүгін Мемлекеттік думада айтылғанындай, егер орыс губернияларында шаруалардың жеке меншігінің талқандалуын кешіру керек болса, онда дәл сол сияқты Батыс өлкеде еврейлердің жеке меншігінің ойрандалуын да кешіру керек».

Көріп отырсыздар, думашы мырзалар: реакционерлер сіздерден бірбеткейлеу. Реакционерлердің сөздері сіздердің Думадағы сөздеріңізден гөрі күштірек. Реакционерлер соғыстан қорықпайды. Реакционерлер Думаны шаруалардың бостандық жолындағы күресімен байланыстырудан қорықпайды. *Реакциялық өкіметті ойраншылармен байланыстырудан сіздер де қорықпаңыздар!*

1906 ж. 3 (16) июньде жазылған

1906 ж. 4 июньде «Вперед» газетінің 9-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІНІҢ ДУМА МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРЫ [96]

Мыналарды еске ала отырып:

1) қазіргі кезеңде Мемлекеттік думаның көпшілігінен жауапты министрліктің тағайындалуын талап ету теріс және екіұшты талап болып көрінеді, өйткені:

а) мұндай министрліктің тағайындалуы өкіметтің самодержавиеден халық өкілдігіне шынымен өтуі бола алмас еді;

б) бұл шын мәнінде либерал буржуазияның халық есебінен және халықтың ту сыртынан самодержавиемен мәмлеге келуі болар еді;

в) бұл мәмлеге келу нақты саяси күштердің осы арақатынасы тұсында өзінің таптық күресін жүргізуін елеулі түрде қамтамасыз ететіндігіне (қалай болғанда да революциялық өрлеу заманында буржуазиялық мәмлеге келуді белсене қорғау арқылы пролетарлық таптық сананың дамуына тигізетін айтарлықтай зиянды жоя алатындай елеулі емес) пролетариаттың ешқандай кепілдіктері жоқ.

2) Жоғарыда баяндалғандай, Думаның жауапты министрлігінің тағайындалуын талап ету конституциялық жалған үміттерді нығайтуға ғана және халықтың революциялық санасын азғындатуға ғана қызмет етеді, сөйтіп өкіметтің халыққа бейбіт жолмен өтуіне үміт туғызады, бостандық жолындағы күрестің түпкілікті міндеттерін көлегейлейді; — осыларды еске ала келіп, жиналыс қаулы етеді:

1) қазіргі кезеңде пролетариат Дума министрлігінің тағайындалуын талап етуді қолдай алмайды,

2) пролетариат Думаның революцияшыл элементтерінің құрамынан атқару комитетін құру идеясын қолдайды, қолдағанда осы комитет арқылы халықтың жергілікті ерікті ұйымдарының қимылдарын біріктіру мақсатын көздеп қолдайды.

«Вперед» № 10, 6 июнь, 1906 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚАРСАҢДА [97]

Саяси жағдай таңқаларлық шапшаңдықпен айқындалып келеді.

Бұдан бірнеше ай бұрып Мемлекеттік дума жинала ма және оның жөн-жосығы қандай болады? деп сеніммен айтуға болмайтын еді. Бұдан бірнеше апта бұрып бостандық жолындағы күрестің келесі кезеңінің қай майданда және қандай формада өрістейтіні қалай болғанда да халықтың қалың бұқарасына әлі мәлім болмаған еді. Думаға аңқылдақ шаруа сенді, ол халықтың барлық өкілдерінің жалынды тілектері мен арыздары нәтижесіз қалады екен деп ойлаған да жоқ; Думаға буржуазиялық либерал сенді, ол үкіметті жеңілдіктер жасауға *«жақсылықпен»* көндіруге тырысты. Бұл сенім, халық бұқарасының сенімі, өздерінің барлық мүдделері осы сенімге арқау болып, оны нығайтып келген адамдардың сенімі бірнеше күннің ішінде біздің көз алдымызда жоғалып барады деп айтсақ, асырып айтқан болмаймыз. Олар сенгісі келгендіктен сенді, таяудағы саяси болашақ әлі қараңғы болғандықтан сенді, саяси күңгірттік әр түрлі екіұштылыққа, әр түрлі ауытқушылыққа, әр түрлі еңсе түсушілікке орын қалдырып отырғандықтан сенді.

Енді бәрі қайтадан айқын бола бастады. Дума сайлауы кезінде немесе Думаның бастапқы күндерінде қайдағы бір алаңғасар-пессимист сияқты болып көрінген адамдардың болжауы ақталып келеді. Думаның мәжіліс құрғанына бес-алты апта болды, ал Думаның ішінде немесе Думаның төңірегінде қызметін өрістетіп,

тиянақтап алуға жан-тәнімен тырысушы адамдар: «Халық күтуден қандай жалықты» деген зор фактіні қазірдің өзінде-ақ ашық, адал мойындап жүр.

Халық ондаған жылдар күтуге жалықпап еді, бірақ ол қазір бірнеше аптаның ішінде жалықты; ол ұйықтап жатқан немесе күйбеңмен күн өткізген кезінде, тұрмысының сыртқы бейнесінде оның өмір сүруін, оның пиғылын, оның санасын, оның еркін бірден астан-кестен ететін жағдайлар болмаған кезде ол күтуден жалықпады; оның әрекет етуге құлшынған сезімі адам айтқысыз шапшаңдықпен ояна бастаған кезде және тіпті Дума сияқты биік трибунадан айтылған ең жалынды, сүйкімді сөздердің өзі көмескі, көңілсіз, қызықсыз болып көріне бастаған кезде, ол бірнеше аптаның ішінде жалықты; күтуден жұмысшылар жалықты,— ереуілдер толқыны барған сайын жоғары өрлей бастады; күтуден шаруалар жалықты, орта ғасырлық инквизицияның сұмдық қорқыныштарынан асып түсетін қуғындаушылық пен азаптаушылықтың қандайы болса да олардың жер үшін, бостандық үшін күресін тоқтата алмады; күтуден Кронштадт пен Севастопольдегі матростар, Курскідегі, Полтавадағы, Туладағы, Москвадағы жаяу әскерлер, Красное Селодағы гвардияшылар, тіпті казактар да жалықты. Жаңа ұлы күрестің қай жерде және қалай өршіп келе жатқанын қазір жұрттың бәрі көріп отыр, күрестің болмай қоймайтынын жұрттың бәрі түсініп отыр, пролетариат пен шаруалардың ұстамдылығының, табандылығының, әзірленуінің, бір мезгілде, келісіп қимылдауының өте-мөте керек екендігін жұрттың бәрі сезіп отыр. Бұл үшін күту керек екенін жұрт сезеді... Біз аса ұлы тарихи оқиғалардың қарсаңында тұрмыз, біз Россия революциясының екінші үлкен сатысының қарсаңында тұрмыз. Пролетариаттың таптық күресінің саналы жаршысы — социал-демократия бір кісідей тегіс жұмылып, өз міндеттерін атқаратын болады, сөйтіп өзінің борышын ақырына дейін орындап шығады.

«Работник» № 1, 8 июнь, 1906 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Работник» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ЖОҒАРЫДАҒЫ АУЫТҚУ, ТӨМЕНДЕГІ БАТЫЛДЫҚ

Біз, тегінде, революцияның өте маңызды кезеңдерінің бірін бастан кешіріп отырмыз. Ескі тәртіпке қарсы кең және бұқаралық қозғалыстың жаңадан өрлеуі көптен бері-ақ белгілі болды. Қазір бұл өрлеу өз дамуының ең жоғарғы деңгейіне таяп келеді. Думаның сайлауы және оппозициялық Думаның бірінші аптадағы мәжілістері мен жұмыстары бүкіл ел ішінде өрт шығарған «бір тиындық май шамның» ролін атқарды. Тұтангыш материалдың шексіз көп екендігі соншалық, айналадағының «тұтанып тұрғандығы» соншалық, тіпті қорғану шараларының ешқайсысының себі тимеді.

Сонымен, өрттің бүкіл елді шын шарпығаны қазір жұрттың бәріне айдан анық болып отыр. Пролетариаттың, тіпті бұдан жарты жыл бұрын арасынан қаражүздіктер шыққан пролетариаттың да, әсіресе, шаруалардың шын мәнінде жаңа топтары көтерілді. Шаруалардың өте артта қалған топтарымен байланысты болған және өміршең, жаңа атаулының бәрін аулақ тастап, езіп-жаншып, тұншықтырып отыратындай етіп әдейі іріктеліп алынған армия,— тіпті осы армияның өзі де түгел дерлік лаулап тұрғандай болып көрінді. Әскер ішіндегі «бүліктер» мен бұрқ еткен көтерілістер туралы хабарлар үлкен өрт кезіндегі ұшқындар сияқты тұс-тұстан жауып жатыр.

Бюрократиямен оншақты-мұнша байланысы бар газет репортерлері: соғыс министрі Дума таратыла қалған

күнде армияға сепу мүмкіп емес деп санап, оның таратылуынан сақтандырып отыр деп хабарлайды [98].

Істің жағдайы осындай болып отырғанда үкіметтің қобалжуы таңқаларлық нәрсе емес. Рас, үкімет қобалжи отырып та, революцияны қан төгіспеп басып-жаныштауға мейлінше айқын түрде әзірленуде. Арандату күшеюде. Ерікті баспасөзге өліспей бітіспейтін соғыс жарияланды. Солшыл газеттер «қандай да болсын заң атаулыға қарамастап конфискеленуде». Кронштадт әдейі жіберілген әскерлерге лық толды. Белосток ойраны — контрреволюциялық қимылдардың, оның бер жағында қарулы қимылдардың тура бастамасы болды. Үкімет қобалжуда, оның қатарынан сақтандыру үндері, кадеттермен мәмлеге келуге шақыру үндері естіліп отыр, бірақ осы қобалжу үстінде, осы «ойлапушылық» үстінде үкімет тікелей зорлық-зомбылық жасау жөніндегі өзінің ескі, дағдылы, сыналған саясатын бір сәт те ұмытпайды.

Реакционерлер — істің адамдары, деген Лассаль. Біздің реакционерлер бұл сөзді ақтап отыр. Олар жаңа бағыт бойынша жалпы шабуылға бірден көшу керек пе (яғни Думаны таратып жіберу керек пе) деп ойланып, салмақтап, қобалжып жүр. Бірақ олар шабуылды әлгі «істен» бір сәт те қол үзбей *әзірлеп жатыр*. Тұзаққа түсіп, содан үсті-үстіне мойындары қылғынып бара жатқан жыртқыш аңдардың тұрғысынан қарағанда, олардың пікірлері дұрыс. «Күшті өкіметті» уәде етуші кадеттерге жол беру керек пе? немесе оқпен жәпе семсермен сазайын тартқызу керек пе? Бірінші қарекетті қоя тұрайық,— деп ұйғарады олар бүгін,— қоя тұрайық, өйткені *бұған* ертең де үлгереміз, ал екінші қарекетті қайткен күнде де әзірлеу керек. Олардың көбі, сөз жоқ, былай деп те пайымдайды: қолайлырақ кезеңді таңдап алып, әуелі екінші қарекетті де байқап көрейік. Ал кадеттерге жол беруге ақырғы минутта да, жаппай қан төгіспен *бәрін* қайтаруға болмайтындығына әбден көзіміз жеткен кезде де үлгереміз!

Бұл пікір, жыртқыштар үшін, әбден дұрыс. Олар, әрине, жанталаса, аяусыз күреспейінше беріле қоймайды. Ал ең болмай қалған күнде, олар, әрине, Струве

мырза оларға сондайлық орынды ескертіп жүрген «күшті өкіметтің» негізінде кадеттермен мәмлеге келуге қарай, олармен одақтасуға қарай шегінуге әзір отыр. Реакционерлер кадеттермен мәмлеге келуді ұрыстың сәтсіз аяқталуының қосалқы нәтижесі деп қарап, үлкен және батыл ұрыс әзірлеп жатыр.

Пролетариат революцияның міндеттеріне сергек және тура қарауға тиіс. Ұлы мәселелерді «іскерлікпен» қою жағынан пролетариат реакционерлерден кем түспейді. Барлық назарды, барлық қамдануды, барлық күшті ертең не бүрсігүні болмай қоймайтын батыл ұрысқа бағыттау керек және үкіметтің кадеттермен мәмлеге келуін революцияның ықтимал кезеңдерінің бірінің қосалқы нәтижесі деп қарау керек. Бұл мәмлеге келуден пролетариаттың қорқатын ештемесі жоқ: Треповтар да, баяу либералдар да осы мәмлеге келуден сүрінеді. Пролетариат бұл мәмлеге келуді ешбір жағдайда тікелей де, жанамалап та қолдамауға тиіс, думалық көпшіліктен жауапты министрліктің талап етілуін қолдамауға тиіс. Бізге қазір бұл мәмлеге келуді *болдыртпай тастаудың* да, оны қолдаудың да керегі жоқ. Біз *өз* жолымызбен бара жатырмыз, біз бұқараға *бірде-бір* екіұшты ұран бермейтін, буржуазияның бірде-бір былық ісімен өзін тікелей де, жанамалап та байланыстырмайтын, барлық жағдайларда және күрес қандай нәтижемен аяқталса да, революция мүдделерін қорғай білетін алдыңғы қатарлы таптың партиясы болып қаламыз.

Революцияның *жеке* оқиғаларының бірі ретінде үкіметтің Думамен ымыраға келуі мүмкін емес. Социал-демократия қазіргі кезеңде бұл ымыраға келуді уағыздауға да, оны қолдауға да, оны «болдырмай тастауға» да тиіс емес. Ол өзінің барлық назарын және бұқараның назарын қосалқы және екінші дәрежелі нәрсеге емес, басты және маңызды нәрсеге аударып отыр. Ол буржуазияның ескі өкіметпен жасасатын барлық және қандай да болсын ымыраларын, жоғарыдағы барлық ауытқуларды ақырына дейін сарқа пайдаланады. Бірақ ол жұмысшы табы мен шаруаларды кадеттермен «достасудан» үздіксіз сақтандырып отырады. Ол жоғарыда-

ғы ауытқуға төмендегі қалтқысыз батылдықты қарама-қарсы қоюға және, арандатушылыққа берілмей, шешуші кезеңге өз күштерін нық табандылықпен жинай беруге тиіс.

1906 ж. 8 (21) июньде жазылған

1906 ж. 9 июньде «Вперед» газетінің 13-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БІРЛІККЕ!

Біз парламенттік социал-демократиялық фракцияның Мемлекеттік думада сөз сөйлеуі қарсаңында тұрмыз. Бұл фракция *дәйекті* демократизмнің және социализм жолындағы *пролетарлық* тап күресінің талаптары мен ұрандарын бұлтармастай тиянақтылықпен мәлімдеп, өзінің батыл, дәйекті сөз сөйлеуімен жұмысшы қозғалысының ісіне, революцияның ісіне қазір үлкен пайда келтіре алатындығына күмән жоқ. Қазір, социал-демократтардың Думада сөз сөйлеуі туралы мәселені Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Бірігу съезі шешкен кезде, бұл туралы социал-демократтардың арасында екі пікір жоқ. Сондықтан біз өзіміздің кавказдық жолдастар: Мемлекеттік дума мүшелерінің атышулы «салтанатты уәдесіне»[99] қол қойып және мұнымен бірге «өзімізге халықтың тапсырған ісін орындауға мүмкіндік алу үшін» қол қойып отырмыз, «сонымен қатар тек халық жөніндегі ғана қандай да болсын саяси міндеттемелерді танитынымызды баса айтамыз» деп газеттерде белгілі мәлімдеме жасап, әбден дұрыс істеді деп ойлаймыз.

Біздің партиямыздың өкілдерінің Мемлекеттік думада сөз сөйлеуі партиямыз үшін неғұрлым маңызды болса, қазіргі кезеңде социал-демократиялық тактиканың принциптерін мүмкіндігінше мұқият салмақтап көру соғұрлым қажет. Және де мынаны мойындау керек: саяси оқиғалар барысының өткен бірнеше аптаның ішінде шамадан тыс шапшаңдауы күні кеше ай-

қын болмаған мәселелерге көп айқындық енгізеді, позицияны анық және дәл белгілеуге жәрдемдеседі, партиямыздың оң қанаты мен сол қанатының арасындағы көптеген алауыздықтарды жояды.

Бұл жөнінде біз бұрынғы меньшевик жолдастардың «Курьердің» бүгінгі номеріндегі пікірлерін ерекше сүйсіне атап көрсетуге тиістіміз. Рас, «Дума «заңдары»» деген бас мақала Дума заңдарын шығару ісін түкке тұрғысыз бос сөз деп атауға қарсы айтылған екіұштылау пікірден басталады. Бірақ әңгіме мынада екен: «заңдар» деген сөзді жолдастар тырнақшаға тегін алмапты. Олар заң болуға тиісті емес, қайта «декларация», «халықтың бостандық алуға праволарын жариялау», «ескі бөгеттердің жойылатындығын жариялау» болуға тиісті заңдардың шығарылуын жақтайды, олардың мұнысы мың мәрте дұрыс та.

Мұндай «заңдарды» заң деп атамай, халыққа үндеу деп атаған, бәлкім, бәрінен де гөрі дұрысырақ болар еді. Бірақ істің мәні жағынан келісімге қол жетіп отырғанда сөз жағынан болған алшақтыққа қадала беру ақылсыздық болар еді. Ал, шынында, толық келісімге қол жетіп отыр. «Мұқият және егжей-тегжейіне дейін талданып жасалған, ондаған, жүздеген параграфтары, ескертулері және басқалары бар заң жобаларын,— деп жазады «Курьер»,— Думаға енгізу мүлдем жөнсіз және *зиянды»* (барлық жерде курсив біздікі). Нақ осылай. Дағдыға енген сөз жүйесі бойынша «ішкі» жұмыс деп аталатын мұндай жұмыс шынында да *зиянды*. Зиянды болатын «себебі, әрбір адамға түсінікті айқын қарама-қарсылықтың орнына мұндай заң жобалары халықтың ой-пікірін статьялар мен параграфтардың шытырманында *үмітсіз шырмалуға* мәжбүр етеді».

Әбден дұрыс. Халықтың ой-пікірі, шынында да, заң шығару жөніндегі «ішкі жобақұмарлықтың шытырманында *үмітсіз шырмалуда*. Бұл жобақұмарлық халықтың ой-пікірін көмескілейді, топастандырады және аздырады, өйткені «ол заңдар бәрібір жүзеге асырылмайды. Ол заңдарды жүзеге асыру үшін өкіметті қазір қолында ұстап отырғандардан әуелі *өкіметті тартып алу* керек. Ал өкіметті Дума шығарған «заңдармен» есеп-

тесуді әсте міндет деп білмейтін *анағұрлым өктем, анағұрлым демократиялық мекемені* Думаның орнына қоятын халық қозғалысы *ғана* тартып ала алады». Халықтың назарын өкіметті тартып алудың сөзсіз керектігіне, кадеттік Думаның заңдарымен санаспайтын «анағұрлым өктем» мекемеге аударудың өзі революцияшыл пролетариаттың негізгі міндеттерін және қазіргі кезеңнің қажеттерін өте-мөте дұрыс ескереді.

Осы міндеттерді түсінбегені үшін «Курьердегі» жолдастар дәл сол мақаласында кадеттерді тамаша соққылайды. Кадеттер «шын мәнінде *өздерінің* қолында тіпті *бір тиындық та* заң шығару билігі *жоқ* екенін ұмытып, нағыз заң шығарушыларға ұқсап», өздерінің заң жобаларын жазып жүр. «Олар күні ертең-ақ азаматтардың істерін соттардың кадеттік жаңа заңдар бойынша қарауына тура келетіндей көріп, өздерінің «заң жобаларын» жазып жүр».

Мұндай көзқараста болу ұят, деп «Курьер» кадеттерге уағыз айтады. Өте-мөте дұрыс айтылған бұл уағыздан бір-ақ қорытынды шығаруға тура келеді, ал бұл қорытынды өзінен-өзі шығып тұр. Революциялық социал-демократия думалық көпшіліктен жауапты министрлік тағайындау талабын қолдай алмайды және қолдауға тиіс емес! Өйткені ондай министрлік кадеттік министрлік болады, сондықтан шынында да *күні ертең-ақ* бостандық жөнінде қиянат жасағаны үшін оған жаза белгілеуге тура келеді ғой. Қазір, жұлдызды палатадан [100] өкімет әлі тартып алынбай тұрғанда, ондай министрлік ескі өкіметтің тек либералдық шымылдығы ғана бола алады. Ондай министрлік қазір тек баяғы сол ойраншылар уақытша бүркене тұратын жаңа кием ғана бола алады! Біз, әрине, бұл бүркеншікті әшкерелейміз және өте тез әшкерелейміз. Жаңа жағдай туған кезде және ескі өкімет қана емес, онымен бірге кадеттер де жаңа киіміне оратылып шырмалған кезде және күшті толқын оларды соққан кезде біз бұл жаңа жағдайды барлық амалдармен пайдаланамыз. Бірақ біз ескі өкіметтің бұлай қайта киінгендігі үшін өз мойнымызға, пролетариат партиясына тікелей де, жанамалап та, мәлімдеме жасап та, үндемей де ешбір жауапкер-

шілік алмауымыз керек. Біз думалық көпшіліктен жауапты министрлік құру талабын қолдаймыз деп бұқара арасына ұран тастамауымыз керек. Мұндай ұран, қазіргі саяси жағдайдың объективтік шарттарына байланысты, әлгі қайта киінгендік үшін, буржуазияның ескі өкіметпен жасаған осы мәмлесі үшін жауапкерліктің бір бөлігінің пролетариат партиясына түсуімен, біздің еркімізден тыс, тең болмай қоймайды. Мұндай ұранның өзінде «Курьер» сондай тамаша сынап тастаған кадеттік «заң жобаларын» жанама түрде мақұлдаушылық бар, өйткені шынында кадеттердің бостандық жөнінде қиянат жасағандық үшін жазалауды қалай жобалайтындығы мен сол жазаларды қолдану үшін министрлік түрінде болмашы өкімет билігін алуды,— ескі өкімет*тен* болымсыз өкімет билігін ескі өкіметті нығайту *үшін,* ескі өкіметпен *мәмлеге келіп,* халықтың ескі өкіметке *қарсы* тегеурінін көлегейлейтін бүркеніш түрінде алуды қалай жобалайтындығының арасындағы байланысты бекерге шығаруға болмайды ғой.

Сондықтан жұмысшы партиясы үшін мұндай ұранның мүлдем керегі жоқ. Ойраншылардың сұрқиялылығына, кадеттердің «заң жобаларына» біздің социал-демократиялық «декреттерді», «жариялауларды», Думадағы социал-демократиялық фракция арқылы (белгілі жағдайларда онымен бірге трудовиктер арқылы да) халыққа арналған үндеулерді қарама-қарсы қоя отырып, ақырында, «халықтың өзінің өмірі мен намысын бір өзі қорғай алатын халық милициясын құруға шақырған үндеулерін»,— «Вперед»тің * 9-номерінде біз ұсынуға кеңес берген, Бундтың органы «Volkszeitung»[101] ұсынып отырған және «Курьер» әбден дұрыс мақұлдап отырған үндеулерді қарама-қарсы қоя отырып, жұмысшы партиясы өзінің бұқара арасындағы бүкіл насихат, үгіт жүргізу, кең ұйымдар құру жұмысын әлгі ұрансыз бұрынғыдан да жақсырақ, тұтасырақ, жүйелірек, батылырақ жүргізе алады.

Бірлікке, жолдастар! Пролетариаттың саяси қимылдарының бірлігі күллі революциялық жағдайдың тегеурінді күшімен қалыптасып келеді. Тактикамызға

* Қараңыз: осы том, 221—223-беттер. *Ред.*

міндетті емес және даулы ұрандарды енгізумен бұл бірлікті қиындатпайық. Ұлы россиялық революцияның, бәлкім, өте маңызды кезеңі болып шығатын қазіргідей кезеңде барлық социал-демократтардың толық келісімге жетуін қамтамасыз ету мүмкіндігін пайдаланып қалайық!

1906 ж. 9 (22) июньде жазылған

1906 ж. 10 июньде «Вперед» газетінің 14-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ДУМА ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Мемлекеттік думадағы социал-демократ депутат Рамишвили жолдастың сөйлеген сөзінде социал-демократиялық тактиканы дұрыс анықтайтын кейбір өте-мөте дұрыс ескертпелер бар. Шешен ойраншылар үкіметін пролетариаттың нағыз өкілінің жігерімен масқаралап қана қойған жоқ. Шешен үкіметтің өкілдерін «халықтың жаулары» деп атаумен ғана тынбады,— оның бер жағында Думаның кадет председателінің сөз бостандығына қысым жасауға тырысқан жаңа әрекеті әсіре солшылдардың заңды наразылығын тудырды. Шешен мұның үстіне сөзінің соңында Думаның халыққа көзқарасы туралы жалпы мәселені де көтерді.

Социал-демократ депутат бұл мәселе жөнінде, міне, былай деді:

«Мен созімді бізді халық жақтап отыр деген ескертпемен аяқтаймын. Өмірде болып жатқан істер біздердің осында, осы залда, істеп жатқанымыздан басқаша. Ондағы жағдай мүлдем басқаша, мұнда ол анағұрлым жайлы, мұнда көңіл күйі анағұрлым *бейбіт*. Бәлкім, енді бір айдан кейін *біз өз ісімізді өзіміз шешетін болармыз*... Айпалада болып жатқан нәрселер туралы біздің осында айтып отырғанымыздан өмір үні *анағұрлым өктем* шығып отыр. Менің айтарым, біз үкімет пен халықтың арасында тұрмыз. Дума,— бұл *қауіпті орын*. Солға қарай бару немесе оңға қарай бару — *біреумен бітісу* немесе біреумен кетісу деген сөз... Бірақ өзінің *ауытқушылығы мен тартыншақтығы* салдарынан Думаның жете алмай отырғанына *халықтың өзі жететінін* ұмытпау керек. Менің айтарым, бұл халықтың ниеті мұндағы біздің ниетімізден басқаша...».

Бұл сөздің ерекше маңызды жерлерін біз курсивпен көрсеттік. Өмір үні Думадан гөрі *анағұрлым өктем*, өмірде мұндай *«бейбіт»* жағдай жоқ, *«халықтың ниеті басқаша»* деп бұл арада дұрыс айтылған. Бұл күмәнсыз шындық. Ал бұл шындықтан мына қорытынды шығады: Думаны халық қолдап отыр деушілердікі дұрыс емес. Халық қазірдің өзінде-ақ Думадан озып отыр, үні өктемірек шығуда, бейбітшілдігі азайды, *жігерлірек күресіп жатыр*. Демек, социал-демократияның міндетіне бірден-бір дұрыс анықтама — Дума халықтың талаптарын *жасқаншақтықпен әрі шала-шарпы* ғана білдіретінін халықтың ең қалың бұқарасына түсіндіріп отыру болып табылады. Социал-демократиялық тактика туралы мәселені осылай қою *ғана* пролетариат партиясын кадеттердің тұрлаусыздығы үшін жауапкершіліктен құтқарады. Шаруалар бұқарасы санасының, батылдығы мен әзірлігінің даму дәрежесімен толық санаса отырып, мәселені *тек* осылай қою *ғана* кезеңнің,— кезең болғанда, социал-демократиялық пролетариаттың сайламшылары «бәлкім, енді бір айдан кейін біз өз ісімізді өзіміз шешетін болармыз» деп ашық айтып отырған кезеңнің, ұлы міндеттерінің дәрежесінде болып шығады. Мұны *шешуге* күш жететін болуы үшін, басқасын былай қойғанда, қазірдің өзінде-ақ «бейбітшілдікпен» тындырудың не жалған, не жете ойластырылмаған әрекеттерінің қандайынан болса да іргені мүлдем аулақ салу керек.

Сөйтіп Рамишвили жолдас Дума трибунасының биігінен: «Дума — қауіпті орып» деп, әбден дұрыс мәлімдеді. Себебі не? Себебі — Дума «ауытқушылық және тартыншақтық» көрсетіп отыр. Ал, бәлкім, енді бір айдан кейін халықтың өз ісін өзі шешуіне тура келуі мүмкін болып отырған кезеңде ауытқушылық пен тартыншақтық,— түп-тура қылмыс. Мұндай қылығын байқатқан адам, ниетінің қаншалықты адал болғанына қарамастан, ол *мұндай кезеңде, сөз жоқ*, барып тұрған жалғандыққа ұрынады. Мұндай кезеңде айналамыздағы өмір шындығының барлық экономикалық және саяси жағдайларынан халықтың ескі өкіметке қарсы үзілді-кесілді күресі сөзсіз пайда болатыны біздің еркімізге

байланысты емес. Кімде-кім жақындап келе жатқан бұл күресті көргенде ауытқыса, оның шынында да *«біреумен бітісуіне немесе біреумен кетісуіне»* қалайда тура келеді. Кадеттер нақ осындай халде. Либерал буржуазия өзінің екіжүзді және айнымалы саясатымен, революциядан контрреволюцияға қашып шығуымен жылдар бойы не еккен болса, енді соны орып отыр. Ескі өкіметпен келісу — күресіп жатқан халықпен араны үзу деген сөз. Ескі өкіметтен араны үзу — күресіп жатқан халықпен келісу үшін керегі, міне, осы болар еді.

Екінің бірін таңдамауға болмайтын осы жағдайда өзінің позициясын белгілеу үшін Думаның көпшілігі қолынан келгенінің бәрін істеді және істеп те отыр. Бұл кадеттер көпшілігі, ал ішінара тіпті кадеттерден де нашар көпшілік өз саясатының әрбір қадамымен күресуші халықпен араны үзісуді әзірлеп жатыр, ескі өкіметпен келісуді әзірлеп жатыр. Бұл кібіртік қадамдар ғой деп бізге қарсылық айтар. Бірақ бұлар — шын саясаттың шын қадамдары, деп жауап береміз біз. Бұл қадамдар либерал буржуазияның барлық түбегейлі таптық мүдделеріне сай келеді. *Кадеттердің* ескі өкімет тағайындаған думалық министрлікті талап етуінің *де* нақ осындай «бейбітшілдік» сипаты бар екені күмәнсыз.

Сондықтан біз жұмысшы партиясының бұл талапты қолдауы мағынасыз және зиянды деп қайталаудан жалықпаймыз. Мағынасыз, өйткені жасқаншақ Думаны артқа тастаған халықтың күресі ғана ескі өкіметті шындап әлсірете алады. Зиянды, өйткені ол жұртты алдап, басын қатырады. Кадеттердің заң жобаларының * мағынасыздығы мен зияндылығын «Курьердегі» жолдастардың қалай дұрыс мойындағанын біз кеше атап көрсеттік. Нақ сол жолдастардың өздері думалық министрлікті, яғни осы мағынасыз және зиянды заң жобаларын іске асырушы министрлікті қолдауды жақтап отырғанына бүгін өкіну керек!

«Курьердің» бұл қобалжуына біз, бәлкім, келесі жо-

---

* Қараңыз: осы том, 233—237-беттер. *Ред.*

лы толығырақ тоқтармыз. Әзірге ол қобалжуды көрсете кетсе де жеткілікті: осындай маңызды кезеңде қобалжу фактісінің өзі қобалжушылар позициясының әбден тұрақсыздығын көрсетеді.

1906 ж. 10 (23) июньде жазылған

1906 ж. 11 июньде «Вперед» газетінің 15-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ӨКІМЕТ ҮШІН КҮРЕС
ЖӘНЕ ҚАЙЫР-САДАҚА ҮШІН «КҮРЕС»

Халық бұқарасының пісуі жеткен мұқтаждарын шын мәнінде қанағаттандыру үшін *толық халық өкіметінің* керектігіне социал-демократиялық партия өзінің программасында-ақ берік сенім білдіргені баршаға мәлім. Егер халық бұқарасының өз қолында *мейлінше толық* мемлекеттік өкімет болмаса,— егер мемлекет ішінде халық сайламаған, ауысып тұрмайтын, халыққа бүтіндей тәуелді болмайтын тіпті қандай да болсын өкімет қалатын болса, онда пісуі жеткен және барша жұрт сезіп-біліп отырған мұқтаждарды шындап қанағаттандыру *мүмкін емес*.

Осы даусыз ақиқатты социал-демократиялық партия пролетариат арасында және бүкіл халық арасында әрқашан бар күшін салып таратып келді. Бостандық жолындағы шын мәніндегі күрес, яғни бұқаралық күрес мейлінше әр қилы және көбінесе күтпеген кезеңдерден өтіп келді және әрқашан солай өтіп отырады: күрестің орасан қиындығы, оның міндеттерінің күрделілігі және күресушілер құрамының тұрақсыздығы себепті басқаша болуы мүмкін емес. Пролетариат күресіне бұл күрестің даму сатысының қайсысында болса да және қандай жағдайларда болса да басшылық ете отырып, жұмысшы табының ұмтылып отырған талаптарын саналы білдіруші ретінде социал-демократия бүкіл осы күресті тұтас алғанда оның жалпы және негізгі мүдделерін әрдайым есте ұстауы керек. Жұмысшы табының жеке мүдделерін көре отырып, жалпы мүдделерін ұмытпау керек; — күрестің жеке сатыларының ерекшеліктерін

көре отырып, тұтас алғандағы бүкіл күрестің түбегейлі міндеттерін ұмытпау керек деп үйретеді социал-демократия.

Революциялық социал-демократия қазіргі россиялық революциядағы өз міндеттерін әрқашан дәл осылай түсініп келді. Тек осылай түсіну ғана алдыңғы қатарлы тап ретіндегі пролетариаттың жағдайына және оның міндеттеріне сай келеді. Мұның керісінше, буржуазияның ерекше таптық мүдделеріне сәйкес саяси бостандық жолындағы күресте либерал буржуазия өзінің міндеттерін әрқашан мүлдем басқаша қойып отырды. Буржуазияға саяси бостандық қажет, бірақ толық халық өкіметінен ол қорқады, өйткені ой өрісі кеңейіп, күресте топтасып алған пролетариат бұл халық өкіметін буржуазияға қарсы пайдаланған болар еді. Сондықтан, саяси бостандыққа жетуді көздей отырып, буржуазия сонымен қатар ескі өкіметтің бірсыпыра қалдықтарын (тұрақты армияны, сайланып қойылмайтын чиновниктерді және тағы басқаларын) сақтап қалғысы келеді.

Пролетариаттың саяси бостандық жолындағы күресі *революциялық,* өйткені бұл күрес толық халық өкіметін орнатуға ұмтылады. Буржуазияның бостандық жолындағы күресі *оппортунистік,* өйткені бұл күрес қайыр-садақа алуға, өкіметті самодержавие мен дәулетті таптардың арасында бөлісуге бағытталған.

Пролетариаттың революциялық күресі мен буржуазияның оппортунистік күресінің арасындағы бұл негізгі айырмашылық біздің революцияның бүкіл тарихында бастан-аяқ орын алып отыр. Пролетариат күресуде,— буржуазия ұрланып өкімет басына ұмтылуда. Пролетариат самодержавиені күреспен күйретуде,— буржуазия әлсіреп бара жатқан самодержавиенің қайыр-садақасына жармасуда. Пролетариат бүкіл халықтың алдында күрес туын жоғары көтеруде,— буржуазия шағын жеңілдіктер алу, мәмлеге келу және жалдаптық туын көтеруде.

Пролетариат қандай да болсын сацылауды, өкіметтің қандай да болсын әлсіреуін, қандай да болсын жеңілдікті және қайыр-садақаны бұрынғыдан гөрі кең, бұқаралық, батыл және жігерлі күрес жүргізу үшін пай-

даланады,— ал буржуазия мұны күресті бірте-бірте бітістіру, тыныштандыру, бәсеңсіту үшін, күрес міндеттерін кеміту үшін, оның формаларын жұмсарту үшін пайдаланады.

Біздің бостандық жолындағы күресіміздің кейбір кезеңдерін естеріңізге түсіріңіздерші. Буржуазия өкіметтің земствоға («праволар және өктем земство») және халыққа (үстіміздегі опжылдықтың басы) сенуі үшін «күрескен» болады. Пролетариат самодержавиені құрту жолындағы күрес туын көтереді. Үкімет «сенім» [102] дәуірін (Святополк-Мирский) жариялайды. Буржуазия банкеттерде сөз сөйлеп шаршауда, — пролетариат 9 январьда көше-көшеде өлімге ұшырап, орасан зор стачкалық қозғалысты өрістетіп, езушілік қамалының әр жерін жаңадан бұзуда.

1905 жылдың жазы. Буржуазия бостандықтар туралы депутация жібереді. Күзде Булыгин Думасы [103] сыйлыққа берілді. Буржуазия елжірей қалды. Думаға барыңдар деп жаппай зар қақты. Социал-демократияның оппортунистері қобалжыды. Пролетариат одан әрі күреседі. Дүние жүзінде бұрын-соңды болып көрмеген ереуіл бүкіл елді шарпып, Думаны жайпап тастайды. Пролетариат бостандықты күшпен алып, оны реакцияның қол сұғуынан қанымен қорғайды.

Алғашқы шайқаста пролетариат талқандалады. Буржуазия жеңілгендерді масқаралап, құлдық ұрып Думаға жармасады. Пролетариат жаңа шабуыл жасау үшін күш жинайды. Ол толық халық өкіметі жолындағы күрес туын бұрынғысынша асқақ ұстайды. Дума шақырылғанға дейін шабуыл жасаудың сәті түспейді. Буржуазия құрылтай жиналысы ұранын лақтырып тастап, «бас көтерулерге» ызаланып, ымыраласуды, келісуді, жоғарғы өкіметтің кадеттік министрлікті тағайындауын уағыздап, тағы да құрдай жорғалайды.

Пролетариат 1904 жылғы және 1905 жылдың 17 октябріндегі «сенімді» қандай пайдаланған болса, жаңа жағдайды да сондай пайдаланады. Ол өзінің революциялық борышын атқарды, Булыгин Думасы сияқты Витте Думасын да тура жайпап тастау үшін мүмкін болғанның бәрін істеді. Мұның сәті болмады, өйткені

буржуазия опасыздық істеді, жұмысшы табы мен шаруалар жеткілікті ұйымдастырылмады және жұмылдырылмады. Пролетариат «думалық» және дума төңірегіндегі жанжалдардың бәрін *пайдалана отырып*, ол жанжалдарды бұрынғыдан да гөрі кең және батыл бұқаралық қозғалыстың негізі ету үшін онан әрі күресе берді.

Жаңа күрес өршіп келеді. Мұны ешкім бекер демейді. Пролетарлардың, шаруалардың, қала кедейлерінің, әскерлердің және т. т. бұрынғыдан анағұрлым қалың бұқарасы көтерілуде. Мұның Думадан тыс күрес болатынын ешкім бекер демейді. Қазіргі заманның объективтік жағдайларына байлапысты мұның өзі ескі өкіметті тікелей қирататы күрес болады. Бұл қиратудың қандай көлемде болатынын ешкім болжап айта алмайды. Бірақ алдыңғы қатарлы тап болғандықтан пролетариат бұл күресте толық жеңіске жетуге, ескі өкіметті толық жоюға бұрынғыдан да гөрі бұлжымай ұмтылып отыр.

Сондықтан пролетариат социал-демократтардың бір бөлегін жаңылыстырған буржуазияның оппортунистік ұрандарын серпіп тастап, дәйекті күйінде қалып отыр. Кадеттік министрліктің тағайындалуы сарай маңындағы сұрқиялардан «өкіметті жұлып алу» болады деу бекер. Бұл — буржуазиялық өтірік. Іс жүзінде мұндай министрлікті тағайындау қазір сарай маңындағы сұрқиялардың либералдық жаңа бүркеніші болады. Кадеттік министрліктің тағайындалуы жалған конституцияны шынайы конституцияға айналдырады деу бекер. Бұл — буржуазиялық өтірік. Іс жүзінде мұндай министрлік самодержавиенің жалған конституциялық жаңа костюм кигендігі ғана болар еді. Кадеттік министрлікті талап ету бүкіл халықтық талапқа айналып келеді деу бекер. Бұл — буржуазиялық өтірік. Іс жүзінде бұл тек кадеттік Думаның ғана талабы. Іс жүзінде кадет еместер бұл талапты анағұрлым үлкен бірдеңе деп түсініп, оны түсініспеушіліктен ғана қайталап жүр. Іс жүзінде *бүкіл халықтық* талаптар кадеттік Думаның талаптарынан анағұрлым асып түседі. Ақырында, қарарлар, тапсырмалар және т. с. арқылы кадеттік министрлікті

талап етушілікті «қолдау» (немесе, мағынасы сонымен бірдей болатын кадеттік министрлікті қолдау) ескі өкіметке қарсы шын күрес болып табылады деу де бекер. Бұл — буржуазиялық өтірік. Пролетариат тарапынан мұндай «қолдаушылық» күрестен бас тарту ғана болып табылады, бостандық ісін қобалжыған либералдардың қолына беріп қою ғана болып табылады.

Пролетариат ескі өкіметті күйрету үшін күресіп жатыр және күресе береді. Бұл іске ол өзінің бұқараны насихаттау, үгіттеу, ұйымдастыру, жұмылдыру жұмысын тегіс бағыттайды. Түгел күйретудің реті келмесе, пролетариат ішінара күйрете беруді де пайдаланады. Алайда бұл ішінара күйретуді уағыздауға, оны боямалауға, халықты оны қолдауға шақыруға пролетариат ешқашан бармайды. Шын күресті шынымен қолдау *күреске дейін* оның міндеттерін оппортунистікпен кемітіп жіберетіндердің қолынан келмейді, ал көбірек нәрсеге (сәті түспеген күнде азға ие бола отырып) ұмтылатындардың қолынан келеді.

Даурықпа сөзге елікпейтін адам халықтың *іс жүзінде* әсте кадеттік министрлік үшін емес, ескі өкіметті жою үшін күресетінін бірден көреді. Бюрократияның мүдделері бұл күрестің шын серпіні *бәсеңсуін* керек етеді. Пролетариаттың мүдделері оның *ұлғаюын* және шиеленісе беруін керек етеді.

«Вперед» № 17, 14 июнь, 1906 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ ДУМАЛЫҚ ФРАКЦИЯНЫҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ЖӨНІНДЕ [104]

Біздің партия мүшелерінің Думада сөз сөйлеуі қазіргі жағдайда пролетариаттың ісіне және бүкіл халықтың ісіне көп пайда келтіре алған болар еді, бұған қазір социал-демократтардан ешкім күмәнданбайды.

Біз кавказдық жолдастардың сайлаудағы жеңістерін құттықтадық *. Олардың Думадағы табыстарын атап көрсетуді, олардың қателерін іскерлікпен сынауды біз өзіміздің борышымыз деп санаймыз.

Рамишвили жолдастың Думаның «қауіптілігі» және оның «бейбітшілдігі» туралы сөйлеген сөзін біз табыс деп санаймыз. Нақ соның Белосток ойраны [105] жөніндегі қарарын табыс деп санаймыз. Жиналыстар туралы кадеттік заң жобасының тамаша сыналуын және жалпы кадеттік жоба құмарлық туралы мәселенің дұрыс қойылуын табыс деп санаймыз. Бұл табыс туралы біз оқушылармен әлі толығырақ сөйлесеміз ғой деп сенеміз.

Азық-түлік мәселесі [106] жөніндегі қарарды набоковша бұрмалаушылықты Аладьин «асап жіберген» кезде Думадағы социал-демократтарымыздың үндемегенін біз қате деп санаймыз. Социал-демократтар қарсылық білдіріп, өздерінің қарарын енгізуге тиісті еді. Гомартели жолдастың екіжүзді Федоровскийге жауап беріп сөйлеген сөзі, ол сөзде социал-демократтың армияны саясатқа араластырудың қажеті жоқтығын мойындауы қате

* Қараңыз: осы том, 123—125-беттер. *Ред.*

болды. Бұл — өте үлкен, бірақ әлі түзеуге келетін қате. Ақырында, біз фракция қабылдаған декларацияның текстін де қате деп санаймыз. Бұл енді түзеуге келмейтін қате. Сондықтан тырнақ астынан кір іздеу мақсатымен емес — Думадағы жолдастардың ісі қиын іс және әуелгі кезде қателер де болмай қоймайды,— қайта, бүкіл партияға және бүкіл пролетариатқа саяси тәрбие беру мүддесі үшін біз енді осы қатеге тоқталуымыз керек.

Думадағы социал-демократиялық фракциямыздың мүшелеріне бұрынғы большевиктердің лагерінен декларацияның басқа жобасы ұсынылған еді. Кейбір... қысқартуларымен алғанда ол жоба, міне, мынау (біздө Думадағы депутаттың сөзінен газет сөзінің бостандығы кемірек):

«Мемлекетіміздің барлық ұлттары саналы пролетариатының партиясы, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы біздің топ арқылы Мемлекеттік думаның трибунасынан бүкіл халық алдында өз пікірін білдіріп отыр.

Біздің партия — социал-демократиялық пролетариаттың халықаралық армиясы отрядтарының бірі. Ұйымдасқан және өзінің таптық мүдделерін түсінген пролетариат бүкіл дүние жүзінде күреске көтерілді. Ол капиталдың езгісіне қарсы күресуде. Ол барлық еңбекшілерді правосыздықтың, қайыршылықтың, езушіліктің, жұмыссыздықтың азабынан толық азат етуге ұмтылады. Ол қанаушылар мен қаналушыларға бөлушілік атаулыны құртатын социалистік қоғам орнатуға жетуді көздейді. Социал-демократия өз қатарына барлық еңбекшілер мен қаналушыларды, жалдама жұмысшыларды ғана емес, сонымен қатар, егер өздерінің пролетариатпен ортақ мүдделерін түсінсе, егер олар құтылу жолын жеке ұсақ шаруашылықты нығайтудан іздемей, буржуазияның үстемдігін толық құлату жолында жұмысшы табымен бірлесіп күресуден іздесе ұсақ қожайынсымақтарды да шақырып отыр. Сөйтіп халықаралық социалистік пролетариат өзінің ынтымақты және үздіксіз күресімен өз мақсатына жетеді.

Бірақ біздің Россияда қазір күрес социализм үшін емес, саяси бостандық үшін жүріп жатыр. Россиялық ұлы революцияның қызған шағы. Самодержавиенің езгісі елдің дамуына ешқандай мүмкіндік бермей отыр. Жауапсыз чиновниктердің озбырлығы, помещиктердің шаруалар бұқарасын тағылықпен қанауы бүкіл халықты ашындырды. Пролетариат халықты бастап күресті. Октябрьдегі қаһармандық ереуілімен ол жаудан бостандықты мойындауды жеңіп алды. Декабрьдегі қаһармандық көтерілісімен ол халық өкілдігін кейінге созу мүмкіндігінің қандайын болса да құртты. Сөйтіп самодержавие сайлау заңын қаншама өтірік қолдан жасаса да, бостандық жолындағы таңдаулы күрескерлерді самодержавие қаншама азаптап, соққыға жықса да, түрмелерде қаншама сарғайтса да,— сонда да болса Мемлекеттік дума самодержавиенің дұшпаны болып шықты.

Енді халық жаңа ұлы күрестің қарсаңында тұр. Самодержавие халық өкілдігін мазақ етіп отыр, оның талаптарын қорлап отыр. Жұмысшылардың, шаруалардың, солдаттардың ашынуы барған сайын күшеюде. Россиялық ұлы революцияның немен тынатыны қоғамның әр түрлі таптарының әрекетіне байланысты.

Мемлекеттік думада ерекше ықпалды кадеттер партиясы сияқты өкілі бар либерал буржуазия Россия бастан кешіріп отырған демократиялық төңкеріс тұсында жарлылардың және әсіресе пролетариаттың праволары мүмкіндігінше кемітілуін, сөйтіп олардың бір ғана саяси бостандық емес, толық бостандық жолында күресуіне де қысым жасалуын көздейтіні сөзсіз. Либерал буржуазияның осындай мақсат көздеуі оның бостандық жолындағы күресте дәйексіздігі мен тартыншақтығын, оның халыққа сүйенуге ұмтылу мен халықтың революцияшыл талапкерлігінен қорқу арасында қобалжуын лажсыз тудырады. Біз бостандық мүдделері үшін және социализм мүдделері үшін бұл қобалжушылықтарға қарсы ең аяусыз күрес жүргіземіз. Халық мүдделерінің ескі тәртіпке және пролетариат мүдделерінің буржуазия мүдделеріне қарсы бітіспес өшпенділігін бүркемелеуге тырысқан әрекеттерге, бұл әрекеттерді кім істеп отырған болса да, біздің тарапымыздан мейлінше батыл

тойтарыс беріледі. Қағаз жүзіндегі жеңілдіктермен алдап, реакция жыртқыштары мен революцияшыл, яғни бірден-бір ақиқат және дәйекті, демократия арасындағы бітісушілік деген өтірікпен халық қозғалысын тежеу ниеттеріне қарсы біз өзіміздің барлық күшімізді жұмсаймыз. Бұл дәйектілікті сынайтын нәрсе біздер үшін, әсіресе, саяси және экономикалық бостандық жолында Думадан тыс күресті өрістете жүргізу үшін еркін, шын мәніндегі бүкіл халықтық және бұқаралық қозғалысты, ешқандай полициялық бөгеттермен шектелмеген қозғалысты ұйымдастыруға ұмтылу және оған әзір тұру болып табылады.

Біз шаруаларды бостандық жолындағы күресті ақырына дейін жеткізу ісінде пролетариаттың ықтимал одақтастарының ішіндегі басты одақтасы деп білеміз. Шаруалардың помещиктік, жартылай крепостниктік жер иеленушілікке қарсы және Россияның азиаттық саяси құрылысына қарсы күресін біз ең ақырына дейін жан-тәнімізбен қолдаймыз. Капитализм тұсында жерді теңгерме пайдалану мүмкіндігі туралы қиялдарға қосылмай, пролетарий мен ұсақ қожайынсымақтардың мүдделері арасындағы айырмашылықты бүркемелеуге әсте жол бермей, біз барлық уделдік, шіркеулік, монастырьлік және *барлық помещиктік* жерлердің конфискеленуін талап ететін боламыз. Біз кедей шаруалардың мойнына либерал буржуазияның салған тұзағына — *құнын өтеушілікке* қарсы күресетін боламыз. Революция әлі жеңбей тұрғанда, шын мәніндегі демократиялық мемлекет әлі толық орнатылмай тұрғанда, біз жерді, мейлі жергілікті болсын, мейлі орталық болсын бәрібір, полициялық-буржуазиялық өкімет органдарының қолына беріп қоюдан шаруаларды сақтандырып отыратын боламыз. Демократиялық мемлекет толық жүзеге асқан тұста, біз барлық жердің жергілікті өзін өзі басқару органдарына берілуін талап ететін боламыз. Біз жер туралы мәселені кадеттер партиясы ұсынып отырған чиновниктік-помещиктік комиссиялар сияқты демократиялық емес жергілікті комитеттердің шешуіне беріп қоюдан шаруаларды мейлінше батыл түрде сақтандырып отырамыз.

Революцияның бүкіл барысының өн бойында біз жұмысшылардың 8 сағаттық жұмыс күні үшін, жалақаны арттыру үшін, штрафтарды жою үшін, бір сөзбен айтқанда, біздің партияның программа-минимумының барлық талаптары үшін күресуін үздіксіз қолдап отырамыз. Пролетариаттың қала мен село кедейлерінің қалың бұқарасымен одақ жасауын біз революцияның жаңа жеңісінің кепілі деп білеміз. Мемлекеттік дума — бұл жеңісті жүзеге асыруға және баянды етуге жарамсыз мекеме. Жынысына, дініне және ұлтына қарамастан барлық азаматтардың жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беруімен сайланған, тек революциялық жолмен шақырылған бүкіл халықтық құрылтай жиналысы ғана,— тек сол ғана толық бостандықты жүзеге асыра алатын болады. Тек сол ғана Россияда... тұрақты армияны халықты жаппай қаруландырумен алмастырады, сайланып қойылмаған және халық алдында жауап бермейтін чиновниктерді жояды, толық және шектеусіз саяси бостандықты енгізеді.

Қазіргі революцияда біз үздіксіз осы мақсатқа ұмтылатын боламыз. Бұл мақсат үшін Мемлекеттік дума да қызмет етуге тиіс. Ол халықтың ұйымдасуына және ... өкіметті құлатудың қажеттігін әбден және ақырына дейін түсінуіне көмектесуге тиіс. Ол ескі самодержавиенің жаңа пердесі болып табылатын «халық өкілдігінің» бүкіл дәрменсіздігі мен бүкіл бейшаралық ролін халыққа түсіндіруге тиіс. Ол саяси жоба құмарлықпен, өлі «заң жобаларын» жасаумен шұғылданбауға тиіс,— ол халыққа жар салып отыруға, оған барлық шындықты аямай ашып беріп отыруға,— Россия үкіметінің... шайканың барлық қылмыстарын халық алдында аяусыз әйгілеп отыруға тиіс,— халықты күреске, ұстамды, табанды, қажырлы және келісіп алынған күреске шақырып отыруға тиіс. Ал егерде бұл міндетті тұтасымен алғанда Мемлекеттік дума орындай алмаса немесе орындауға батылы бармаса,— онда мұны Думаның шын мәніндегі революцияшыл топтарымен немесе мүшелерімен одақтасып біз орындаймыз.

Халықтың жеңуі алыс емес. Бостандық ісі сенімді қолда. Өзінің күштерін жинай отырып, оны жеке-дара

шайқасқа шақыруға тырысатын бейшара арандатушыларды аулақ серпіп тастай отырып,—миллиондаған және он миллиондаған езілушілер мен қаналушыларды, *мәңгі-бақи еңбек етушілер мен мәңгі-бақи жоқшылық көрушілерді* біріктіріп және өз төңірегіне топтай отырып, пролетариат өз қызметін атқарып отыр.

Сөйтіп, Мемлекеттік думадағы біздің тобымыз қаншалықты әлсіз, қаншалықты аз болса да сан миллиондаған пролетариат, барлық еңбекшілер мен қаналушы бұқараның алдыңғы қатарлы отряды осы топты жақтап отырғанын және онымен бірлесе күресіп отырғанын біз білеміз. Пролетариат өз күресінде жеңіп шығады. Ол Россияны азаптаушы самодержавиенің қаратүнек үйін тамтығын қалдырмай талқандайды».

Бұл жобаны қабылдамай тастап, Думадағы біздің депутат жолдастар дұрыс істеді ме?

Ресми тұрғыдан қарағанда,— дұрыс істеді. Олар устав бойынша, «бөгде біреулермен» емес, Орталық Комитетпен санасуға тиіс.

Фракциялық тұрғыдан қарағанда,— дұрыс істеді. Екінші жоба «бөтен» (бұрынғы фракциялар бойынша) лагерьден шықты.

Ал партиялық тұрғыдан қарағанда ше? Партияның социалистік мақсаттарын және оның халықаралық сипатын неғұрлым айқын анықтау қалаулы нәрсе деген пікірді қабылдамай тастау дұрыс болды ма? — Думадан тыс қозғалыс жөніндегі пікірді қабылдамау ше? — халық алдында думалық партиялардың жігін айқын айыру керектігін көрсеткен пікірді қабылдамау ше? — пролетарлық ілім мен ұсақ буржуазиялық ілімді дәл ажырату міндет екенін көрсететін пікірді қабылдамау ше? — жұмысшы партиясының шаруаларды *кадеттерден* қорғауының маңыздылығын көрсететін пікірді қабылдамау ше? — біздің ең таяудағы талаптарымызды неғұрлым айқын және толық баяндау жөніндегі пікірді қабылдамау ше?

Думаны *революцияның құралы* ету керек деген съезд бекіткен формуланың орнына декларацияда: «Думаны жалпы халықтық қозғалыстың органы ету керек» деп

айтып, біздің жолдастар немесе біздің Орталық Комитет дұрыс істеді ме?

Партиямыздың Бірігу съезінің қарарлары мен шешімдерінен осы айтылған барлық пункттер бойынша *оңға қарай* көрінеу *қадам басып,* олар дұрыс істеді ме?

Партиямыздың барлық ұйымдары мен барлық мүшелері бұл жөнінде жақсылап ойлап көрсін.

«Эхо» № 1, 22 июнь, 1906 ж.

«Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«НЕ ІСТЕСЕҢ ДЕ, ТЕЗ ІСТЕ!»

Түкке тұрмайтын жаңалықтарға жаны құмар, көше баспасөзіне жатпайтын екі газет, атап айтқанда: «Наша Жизнь» мен «Мысль» [107] бүгін Горемыкин министрлігінің отставкаға шығуы, ақырында, шешілгені туралы маңызды хабарлар беріп отыр. Жаңа кабинеттің құрамы мынадай болып белгіленген: Ермолов — премьер; Урусов — ішкі істер министрі; Герценштейн — финанс министрі; Тимирязев — сауда министрі; Стахович — егіншілік министрі; Кузьмин-Караваев — юстиция министрі; Набоков — сыртқы істер министрі. Халық ағарту ісін Гейден, ал қатынас жолдары министрлігін Николай темір жолының қазіргі министрі немесе бастығы Шухтан «алады» деп ұйғарылып отыр.

Сонымен,— ескі бюрократтар октябристермен және оңшыл кадеттермен, көбіне олардың жоғары шенділерімен, яғни кешегі бюрократтармен (Урусов — ішкі істер министрінің бұрынғы орынбасары, Кузьмин-Караваев пен Набоков — генерал және камер-юнкер) одақтасып отыр.

Жоғарыда аталған екі газеттің екеуі де тағы мынаны хабарлайды: Мемлекеттік советтегі «центр партиясы» (яғни қаражүздіктер мен праволық тәртіпшілердің [108] арасындағы орта қолды чиновниктер компаниясы) мен кадеттердің арасында соңғы уақытта қызу келіс сөздер болған.

Осының бәрі рас екен делік. Мұның керісінше деп дәлелденбей тұрғанда, біз мұны рас екен деп ойлауға

тиістіміз,— өйткені бұл мәліметтердің шыққан жері біршама сенімді, ал фактінің өзі бұдан бұрынғы оқиғалардың бәрінен сөзсіз туындап отыр.

Министрліктің мұндай құрамы немесе кадеттердің ойраншылармен әлгіндей келіс сөздері нені және кімнің көзқарастарын растайды? Панинаның үйінде болған митингіде (9 майда) социал-халықшыл Мякотин мырзаның кадеттерді ойраншылармен мәмле *жасады* деп айыптау әділетті емес деп социал-демократқа қарсы шыққанын еске түсіріңіздерші. Оң қанаттағы социал-демократтарымыздың, Плеханов бас болып, опасыздық пен келісім туралы әңгімелер дәлелсіз әрі ертерек деп айқай салғанын еске түсіріңіздерші.

Келіс сөздер — келісімнің басы, деп сонда Мякотин мырзаға социал-демократ қарсы шықты. Мәмлеге келу дегеніміз — ол аяқталған келіс сөздер *. Енді, міне, келіс сөз жүргізілгендігінің фактісі дәлелденіп отыр. Мәмле жасаудың сәті келіп-ақ қалды.

Ал толық амнистия жасау, бостандықтарды қамтамасыз ету, Мемлекеттік советті жою қайда кетті? Кадеттердің ойраншылармен келіс сөздерінде *бұл жөнінде* айтылды ма? Бұл туралы газеттер үндемейді. *Әуелі* осы шаралар қамтамасыз етілсін, содан соң кадеттік кабинет құрылсын деп «халық бостандығы» серілерінің *ультиматумдық* шарттарды *ешқашан қоймағанын* бәріміз де білеміз. Нақ халықтың сыртынан істеліп жатқан маңызы кем нәрселер, портфельдер мен орындар әперетін нәрселер бірінші қатарға қойылсын деген осы. Нақ халық үшін маңызды нәрсе кейінге ығыстырылсын деген осы. Министрлікте кадеттер амнистия жасалуы үшін және бостандық үшін «күресетін» болады — «жауапты» министрлікті қолдау ұранын халық арасына таратқан қарапайым аңқаулардың аузын аштырмайтын жауап қазір, міне, осы. Бұл министрлік ескі, ойраншыл күйінде қалып отырған заңдардың алдында, мұның үстіне оларды тағайындаған жұлдызды палатаның немесе сарай маңындағы сұрқиялардың алдында бұрынғысынша жауапты болады. Амнистия үшін және бостандық үшін

* Қараңыз: осы том, 105-бет. *Ред.*

«күрес» деп кадеттер күні кеше Родичевтердің Набоковтармен, Набоковтардың Урусовтармен, Урусовтардың Горемыкиндермен, Горемыкиндердің Треповтармен келіс сөздерін түсінген, ертең де осылай деп түсінетін болады.

Алайда — жаман айтпай, жақсы жоқ. Ойраншылық-октябристік-кадеттік министрлік істі тез алға бастырады, атап айтқанда: кадеттерді саяси күйреушілікке қарай, халықты тағы да бір зиянды жалған үміттен арылуға қарай, саяси оқиғалардың барысын революциялық жолмен шешілуге қарай бастай береді.

1906 ж. 21 июньде (4 июльде) жазылған

1906 ж. 22 июньде «Эхо» газетінің 1-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ПАЙДАЛЫ АЙТЫС

Горемыкин үкіметінің «шаруалардың тұрмысын жақсарту жөніндегі шаралар» туралы ұзақ хабарының жартысынан артығы шаруалардың көзқарастарымен және халықтың сөздерімен (горемыкиншілдердің менсінбей айтуынша, халық «лақаптарымен») айтысқа арналған. Мұның өзі ерекше пайдалы айтыс. Горемыкин үкіметі «орыс шаруаларымен» айтысады, олардың көзқарастарын «теріс» деп атайды, шаруаларға олардың талаптары мен жоспарлары «бәрінен бұрын шаруалардың өз пайдасына қарсы» деп дәлелдейді.

Сіздердің иландыру жолымен әрекет етіп көрмекші болғандарыңыз мақтарлық іс, Горемыкин мырзалар! Қашаннан осылай істеу керек еді. Дүрелеу мен қамшы жұмсағаннан гөрі, оқ атқаннан немесе мылтықтың дүмімен ұрғаннан гөрі, шаруаларға сіздердің, шынында да, осындай дәлелдермен келгендеріңіз жөн болатын еді ғой. Үкімет хабарын барлық газеттер түгел дерлік көшіріп басып шығарады, оны шаруаларға священниктер де, земствошылар да, болыстық старшиналар да, урядниктер де оқып береді. Ал шаруалар бұл хабар жөнінде ойластырып көреді. Шаруалар өздерінің шын пайдаларын қалай түсінуі керек екені жөнінде үкіметтен ақыл үйренетін болады. Сөйтіп, ойластырып көріп және үкіметтен үйреніп алған соң шаруалар шындықтың кімнің жағында екенін көпшілік дауыспен шешер еді. Осылай істелсе жақсы болар еді-ау. Бірақ Горемыкиндер мен олардың малайлары бір қолымен шаруалар-

ды ұрып-соғып, мертіктіріп, өлтіріп отырса, ал екінші қолымен шаруалардың пайдасын дұрыс түсіну туралы «хабарлармен» шаруалардың аузын басып отырса, бұл енді жаман-ақ. Шаруа газеттері жабылып жатыр, шаруалардың өкілдері мен Шаруалар одағының мүшелері түрмеде отыр немесе Сибирьге айдалған, деревнялар нақ бір жаудың жеріндей әскерге толып кеткен,— ал Горемыкин үкіметі дүре соғылып, таяқ жеген шаруаларға дүрелеп, сабағанда оларды өз пайдасы үшін дүрелеп, сабап отыр деген хабарды тықпалайды!

Пайдалы хабар! Бұл хабар шаруаларға тамаша әсерін тигізеді. Думадағы Еңбек тобының немесе шаруалар тобының атқаратын жұмысының шағын бір бөлегін үкімет өз міндетіне алып отыр. Бұл топтың халыққа назар аударғаны, шаруаларға жер беру жөнінде Думадағы шаруа депутаттарының талаптары туралы айтқаны, бұл талаптарға үкіметтің берген жауабы туралы айтқаны дұрыс болатын еді. Еңбек тобының әлі мұны істейтін ойы жоқ. Үкімет оған жәрдемге келді. Үкіметіміз ақылды-ақ. Оның өзі бүкіл халыққа арналған хабарды басып шығарып, шаруалардың талаптары жөнінде айтып берді.

Қазір тіпті ең меңіреу түкпірдегі деревняларда, Шаруалар одағы туралы және Думадағы шаруа депутаттары туралы тіпті естімеген деревняларда да (ондай деревнялар бар болса, сірә, бар да шығар, өйткені еліміз артта қалған тағы ел ғой), тіпті сондай жерлерде де дүмше поп немесе старшина үкіметтің бұл хабарын оқып береді. Шаруалар жиналады да, үн-түнсіз тыңдаған соң тарап кетеді. Кейіннен бастықтарсыз, тек өздері ғана бас қосады. Сөйтіп талқылай бастайтын болады. Чиновниктер мен үкімет помещиктердің пайдасын көздемейді деп үкіметтің сендіруін талқылай бастайды. Күліседі. Кімнің етін жегенін мысықтың өзі біледі!— деседі. Помещиктердің жер иелігінен өз ықтиярларымен, оның үстіне чиновниктердің жәрдемімен айыруы шаруаларды күштеп (мүмкін тіпті құнын төлеместен) иеліктен айырудан гөрі тиімдірек екенін әңгіме етеді. Күліседі. Барлық істі өзіміз шешкеннен гөрі помещиктер мен чиновниктердің айтқанын тыңдағанымыз тиім-

дірек екенін біздер, ақымақтар, осы уақытқа дейін неғып байқамағанбыз? — деседі.

Ал, бәлкім, шаруалар тек күліп қана қоймас? Бәлкім, тек күлкімен ғана емес, ызамен де тағы оны-мұны ойластырып көрер? Бәлкім, шындық қайсысы, өтірік қайсысы екені туралы қорытынды жасап қана қоймай, шындыққа қалай жету туралы да қорытынды жасар?..

Біздің үкіметіміз ақылды-ақ!

Айтпақшы, Мемлекеттік думаның кадет председателі, Муромцев мырза, үкімет деген сөзді қолдануға қоспайды. Байқайсыз ба, ол дұрыс болмайтын көрінеді. Дума да — үкіметтің бір бөлегі. Министрлік деп айту керек. Сонда «жақсы мырзалардың ойлағанындай» болып-ақ шығады. Дума заң шығарады; министрлік атқарып отырады; Дума — үкіметтің бір бөлегі.

Сүйкімді Муромцев мырза! Сүйкімді кадеттер-ай! Мемлекеттік правоның неміс тіліндегі оқулықтарын олар сондай ұқыптап жаттап алған. Хабарында *Дума туралы бір ауыз сөз айтпай,* ылғи *үкімет* туралы айтқан Горемыкиннен гөрі олар істі жақсы біледі. Кімдікі дұрыс: Горемыкиндікі ме, әлде Муромцевтікі ме? Қалай деп айту керек: министрлік деп пе, әлде үкімет деп пе?

Горемыкиндікі дұрыс. Ол өзінің бойына біткен қасиетімен... қайдам! қайдам! өзіне тән нәзік ақылымен — ... аңдамай анығын айтып алды. Муромцевтер өздеріне тән профессорлық оқымыстылығымен сыпайы өтірікті айтады.

Шаруалар ақылға Муромцевтен үйренбейді, Горемыкиннен үйренетін болады. Олар министрлікпен емес, үкіметпен есептескісі келер. Сонда олардікі дұрыс болып шығады.

«Эхо» № 1, 22 июнь, 1906 ж.

«Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АШЫҒУШЫЛАРҒА ЖӘРДЕМ ЖӘНЕ ДУМАНЫҢ ТАКТИКАСЫ

Бүгінгі газеттер 21 июньде, сәрсенбі күні, Мемлекеттік думаның біріккен бюджет және азық-түлік комиссияларының мәжілісі болғанын хабарлап отыр. Ашығушыларға жәрдемге 50 миллион сом бөлу туралы ішкі істер және финанс министрлерінің ұсынысы талқылапған. «Комиссия ең таяудағы мұқтаждыққа 15 миллион сом бөлуді және бұл қаржыны ағымдағы счеттан ала тұруды Мемлекеттік думаға тапсыруға, ағымдағы смета бойынша шығындарды осы айтылған сомаға кеміту жөнінде өз пікірін ұсынуды министрлікке тапсыруға қаулы етті. Министрліктің 50 миллион сомдық ішкі заем туралы ұсынысы қабылданбай тасталды» («Речь», 22 июнь).

Ашығушыларға жәрдемге ақша бөлу туралы мәселенің зор маңызы бар. Әрбір саналы азамат бұл мәселенің барлық сатыларын жіті қадағалап отыруы керек.

Ең алдымен Мемлекеттік дума туралы мәселенің бастапқыда былай туғанын естеріңізге сала кетейік: ойраншылар үкіметінің қолына ақша беруге бола ма әлде ашығушыларға жәрдемдесу ісінің бәрін Думаның өзі қолына алғаны жөн бе? Депутат Аладьин әуелі мәселенің дұрыс, яғни екінші тұрғыдан шешілуін жақтап сөйледі. Ол думалық комиссиялар сайлауды, Думаның депутаттарын жергілікті жерлерге жіберуді, «ерікті мекемелерге» сөз салуды, ақшаны да, ашығушыларға жәрдемдесу жөніндегі барлық істі де солардың қолында шоғырландыруды ұсынды. Гурко мен Дурново мырза-

ларға бір тиын берілмесін! деді Аладьин; Думаның солшыл бөлегі мұны қол шапалақтап және дұрыс деп айқай салып қарсы алды. Жұртқа мәлім, Аладьин дұрыс позицияда тұрып қала алмады. Ол шарықтап жоғары ұшып-ақ еді, бірақ кадеттердің тауық күркесіне келіп қонақтады. Бұл мәселе жөнінде жеріне жете сынап сөйлеу үшін сөз алмай, социал-демократ депутаттар қате істеді. Дума кезектегі істерге көшудің кадеттік формуласын қабылдады.

Осымен негізгі принциптік мәселе кадеттік, помещиктік, либералдық тұрғыдан шешілді. Дума бұл істе революцияның құралы болудан бас тартты. Дума халықтан қорықты, халыққа жар салудан үрейленді. Дума принцип жүзінде ашығушыларға жәрдем беру ісін Гурко мырзалар мен ойраншыл-министрлердің қолында қалдыруға келісті. Кадеттік Дума мұнысымен мынаны көрсетті: оның халықпен бірге ойраншыларға қарсы күрескісі келмейді, тек халықтың жәрдемімен ойраншыларға қысым жасағысы ғана келеді, ойраншыларды мүлдем аластап тастамай, оларды біраз ауыздықтағысы ғана келеді.

Мәселенің екінші сатысы басталды. Кадеттер ойраншыларға енді қалай қысым жасамақшы? Думалық комиссия мен министрлердің арасында саудаласу басталды. Комиссияның 21 июньдегі мәжілісіне ішкі істер және финанс министрлері келді. Халықпен және «ерікті мекемелермен» істес болғысы келмеген, олармен сөйлескісі келмеген Дума осы министрлермен келіс сөз жүргізе бастады. «Министр мырзаларға бір тиын берілмесін» деген сөз бос сөз болып қалып қойды. Министр мырзалармен келіс сөз жүргізу нақты іске айналды. Министрлер заемға рұқсат етуді сұрады. Думалық комиссия мұны қабылдамай тастады. Комиссия ақшаны биылғы жылға бөлінген қаражаттан алу керек, яғни кейбір *зиянды* шығындарды қысқарту керек, сөйтіп ашығушыларға жәрдемге керекті соманы жинап алу керек деп талап етті. Осы тактикалық тәсілмен, осы орағытқан әрекетімен Дума мемлекеттің бюджетін бақылау жөніндегі правоның болмашы бір бөлегіне ие бо-

лып алады. Бюджет халық өкілдері қатыстырылмай бекітілген, ал қазір зиянды шығындарды қысқарту үшін және пайдалы шығындарға ақша табу үшін бюджетті қайта қарауға жанама жолдармен қол жетіп отыр.

Мәселенің екінші сатысы осындай. Кадеттердің, ягни либерал помещиктер, либерал буржуа партиясының, ескі өкімет органдарын бақылап отырғысы келеді, оларды өздерінің ықпалына бағындырғысы келеді, оларды сылап-сипап, жуындырып, өзге түрге бөлегілері келеді, Столыпиндерді Набоковтармен ауыстырғысы келеді, бірақ ескі, полицейлік, крепостниктік өкіметтің *барлық* осы органдары мен мекемелерін бүкіл халықтың қызмет адамдары еркін сайлаған халықтың *ерікті мекемелерімен* ауыстырғылары келмейді. Ашығушыларға жәрдемге ақшаны қалай табу керек? Бұл миллиондарды жұмсауды кімге тапсыру керек? Қазіргі заманның басты-басты үш саяси күші бұл сұраққа басты-басты үш жауап береді. Полициялық ойраншылар үкіметінің жауабы: біздің полициялық-ойраншылдық бюджетке тимеу үшін ақшаны жаңа заемнан алу керек. Ақшаны да біздер, полицейлер мен ойраншылар жұмсауымыз керек, дейді. Жұмысшы табы мен барлық саналы шаруалар былай деп жауап береді: ақшаны халықтың өзі жинауы керек және шын мәнісінде жұрттың бәрі сайлаған, былыққан полициямен шын мәнісінде байланысы жоқ «ерікті мекемелер» арқылы ол ақшаны халықтың өзі жұмсауы керек. Мемлекеттегі барлық өкіметтің және барлық «қазынаның» халық қолына көшуіне бағытталған кең, бұқаралық қозғалыс үшін осы ерікті мекемелерді пайдалану керек, дейді. Либерал помещиктер мен либерал буржуа («кадеттер») былай деп жауап береді: біз «ерікті мекемелерді» қаламаймыз, біз олардан қорқамыз. Онда халық «тым» алысқа құлаш сермейтін болады. Одан да ескі ойраншыларды аздап тазалап, қырнап, солардан айрылмайық. Зиянды шығындарды азайтып, ақшаны да солардың бюджетінен алу керек. Бұл ақшаны жұмсауды да сол ойраншылар үкіметіне тапсыру керек, ол үкіметті біздердің, либерал поме-

щиктердің, бақылауына қоюға тырысып бағу керек, дейді.

Айқын жауаптар. Үкіметтің, буржуазияның және пролетариаттың айқын позициясы. Тек шаруалар кімнің соңынан ерер екен?

Либерал буржуазия, кадеттер, үкімет пен халықтың арасында қобалжуда. Қобалжушылардың халі екі ұдай. Зиянды шығындарды кемітіп, күнделікті жұмсалатын қаржыдан ақша алу! деп айтуға ғана оңай. Бірақ ақша дереу қажет, ал мұндай іске Мемлекеттік советтің және мемлекет басшысының *келісімі* керек. Демек, кадеттер шені жоғары чиновниктер мен сарай маңындағы сұрқиялардың өз ықтиярымен келісім беруіне жетеміз деп дәмеленіп жүр. Кадеттердің бұл дәмесі неге негізделген? *Болашақ министрліктің құрамына бола мәмлеге келу мүмкіндігіне негізделген.*

Өмір шындығына тайсалмай тура қарау керек. Екіжүзділік істеудің қажеті жоқ. Жасырынбақ ойнаудың керегі жоқ. Ашығушыларға жәрдемге ақша бөлу кадеттер мен ойраншылар үкіметінің, кадеттер мен сарай маңындағы сұрқиялардың саудаласуына сылтау болып отыр. Біздерге бір жол беріңіздер, ойраншы мырзалар, Ермоловтың орнына Муромцевті премьерлікке тағайындаңыздар,— ал біз сіздерге жол береміз, сөйтіп халықтың «ерікті мекемелеріне» сөз салу сияқты «қатерден» (сіздер, ойраншылар үшін де, біздер, помещиктер үшін де) аулақ болып, ашығушыларға жәрдемге, бәлкім, 15 миллионды, бәлкім, 50 миллионды да түгел береміз.

Думадағы қазіргі оқиғалардың нақ осындай мәні бар. Ещин мырзаның кадеттік «Речьте» басылған бүгінгі мақаласының, «Речьтің» бас мақаласы сәл ғана ескертпелер жасап, әдейілеп мақұлдаған, Дума ойраншылар үкіметіне ақша беруі керек, «бұл ақша беруді Думаның қоя алатын шарттарының бәрімен шырмау керек» деп дәлелдейтін бұл мақаланың нақ осындай мәні бар.

Саяси жағдай айқын. Думадағы социал-демократ депутаттарымыздың алдына өте-мөте күрделі міндет қойылып отыр. Біріншіден, Думада бюджет және азық-

түлік комиссиясының баяндамасы талқыланған кезде олар кадеттермен мықтап шайқасулары тиіс. Олар халықтың «ерікті мекемелеріне» сөз салуды талап етулері керек, араларында помещиктер сонша көп болып отырған кадеттердің *ешқандай* төлемсіз-ақ *барлық* жерді және барлық еркіндікті керек етіп отырған халықтан неліктен қорқатынына шаруалардың көзін жеткізуі тиіс. Олар барлық еңбекшілер бұқарасының пролетариат партиясына тілектестігін баянды ету үшін және либерал помещиктердің бүкіл тұрлаусыздығы мен қорқақтығын жұрттың бәріне ашықтап-ашық және айқын көрсету үшін әлгі мәселе жөніндегі өз қарарының дауысқа қойылуын талап етулері тиіс.

Екіншіден, кадеттер ерікті мекемелерге сөз салу туралы ұсынысты өткізбей тастаған кезде, социал-демократтар бекіністерiміздің келесі шебінде оларға қарсы екінші рет ұрыс ашуы керек. Аса құрметті ішкі істер министрі, финанс министрі мырзалармен жүргізілген келіс сөздердің *барлық* егжей-тегжейін бұл комиссияның (бюджет және азық-түлік комиссиясының) неліктен жарияламағандығына түсінік беруді талап ету керек. Барлық комиссияда бюджетті кадеттердің сынағанынан гөрі анағұрлым мұқият, анағұрлым батыл сынауға жақсылап әзірлену керек. Сонда Дума трибунасынан кадеттердің құйтырқылығын аяусыз әшкерелейтін, полициялық ойраншылардың россиялық бюджетінің барлық «құпиясын» әйгілейтін сөздер айтылады, ал, бұл бюджетте — жер иелері мен капиталистерге жәрдемге, соғыс авантюраларына, шпиондар мен жандармдарға «жәрдемге», Маньчжурия трагедиясының шені жоғары батырсымақ атаулысын сыйлауға, халықты талап, қысымға салушы қисапсыз чиновниктерді ұстауға ондаған және жүздеген миллион шашылып отыр. Дума трибунасынан, 15 емес, 50 емес, одан да көп миллиондаған *зиянды* шығындарды есептеп шығарған сөздер айтылатын болады.

Кадеттер үкіметті жеңіл-желпі жазғырып қана қойғылары келеді. Сарай маңындағы сұрқиялар мен ха-

лықтың арасындағы араздықтың бүкіл мәнін көмескілеуге тырысқандығы үшін ең алдымен ойраншылар да, одан соң кадет мырзалардың өздері де социал-демократияның алдында жауап беретін болады.

1906 ж. 22 июньде (5 июльде) жазылған

1906 ж. 23 июньде «Эхо» газетінің 2-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

МИНИСТРЛІК ТУРАЛЫ КЕЛІС СӨЗДЕР

Кеше біз Ермоловтың, Урусовтың, Набоковтың, Гейденнің және басқаларының болжанып отырған министрлігі туралы газет хабарларын жарияладық*. Бүгін «Речь» осы тізім туралы былай деп жазып отыр: «Тізімді жасаушылар конституциялық-демократиялық партияның мүшелерін тізімге болжаммен ғана енгізген болса керек; шындығында, конституциялық-демократиялық партия мұндай сипаттағы кабинетке қатыспайды».

Өте жақсы, кадет мырзалар! Бірақ кадеттер партиясының мұндай кабинетке қатыспайтынын «Речь» қайдан біледі?

«Қайданы» қалай, деп сұрар оқушы. «Речь» кадеттердің басты органы ғой? Дұрыс. Бірақ біздің нақ назар аудартқымыз келетіні мынау: кадеттер партиясы сияқты, жария съездері болған, Мемлекеттік думада үстем болып отырған, бай, «көзі ашық» және либералдық партияның жасырынбақ ойнауы *лайықсыз*, өте-мөте лайықсыз. «Речь» партияның ресми және басты органы деп жариялайтын уақыт жеткен жоқ па екен? Кадет партиясы Орталық Комитетінің қарарларын басып шығаратын уақыт жеткен жоқ па екен? Екінің бірі, мырзалар: *не* сіздердің партияңыз өзінің қандай министрлікке «қатысатыны жөніндегі» мәселені ресми түрде талқылаған жоқ. Онда осылай деп тура айту ке-

* Қараңыз: осы том, 254—256-беттер. *Ред.*

рек. Онда «Речь» кадеттер партиясының атынан емес, өзінің атынан айтуы керек, яғни «кадеттер партиясының қатыспайтынына *біздің көзіміз жетеді»* деуі керек және т. б.

Немесе сіздердің партияңыз бұл мәселені ресми түрде талқылаған. Онда бұл талқылаудың протоколдарын жариялау керек, өйткені сіздердің үндемеулеріңіз халықтың сыртынан астыртын келіс сөз жүргізіп жатқандарыңызды дәлелдейтін болады.

Ермоловтың, Тимирязевтің, Гейденнің, Стаховичтің, яғни кадеттерсіз чиновниктер мен октябристердің есімдерін ғана келтіріп, «Речь» сондай-ақ енді «Бүгін жұрт анағұрлым таза түрдегі тізім жайында айтып жүр» деп жазады. Сонымен, *келіс сөздер болған.* Бәлкім, Мемлекеттік советтегі «центр партиясы» арқылы ма, кадеттерден: мұндай министрлікке кіресіздер ме?— деп сұраған. Кадеттер: жоқ, ондай министрлікке кірмейміз деп жауап берген.

Осылай ма, кадет мырзалар? Келіс сөздер болды ма, әлде болған жоқ па? *Сіздердің* шарттарыңыздың қандай екенін айттыңыздар ма, әлде айтқан жоқсыздар ма? Бұл шарттарыңыздың мәнісі — министрлер етіп тек белгілі адамдарды тағайындау ғана болды ма немесе сонымен қатар толық амнистия жасау, бостандықтар болатынына кепілдік беру, Мемлекеттік советті жою, жалпыға бірдей сайлау правосына келісім беру болды ма?

Кадеттер партиясы осы сұрақтарға толық және дәлдеп ресми жауап бергенге дейін біз халыққа: азаматтар, сақ болыңдар! деп қайталаудан жалықпаймыз. «Халық бостандығы» партиясының мүшелері халық бостандығын, бағасы келіссе, сатып жіберу туралы халықтың сыртынан «ресми емес» келіс сөздер жүргізіп жатыр.

1906 ж. 22 июньде (5 июльде) жазылған

1906 ж. 23 июньде «Эхо» газетінің 2-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ГАЗЕТТЕР МЕН ЖУРНАЛДАР ӘЛЕМІНДЕ

Н. Рахметов жолдас «Голос Труда» [109] газетінде «россиялық социал-демократияның саяси міндеттері» туралы пікір айтыпты. Фельетонның төрт бағанасы мынаны дәлелдеуге арналған:

«Россияда әрекет етіп жатқан таптардың бірі ретінде пролетариаттың Думаны өз бетімен қоя беруі әсте тиімді емес: мұның аты — өзін нақтылы саяси күштердің тізімінен өшіріп тастау деген сөз болар еді, мұның өзі тек мынаған апарып соғар еді: пролетариат орыс буржуазиялық революциясын өзінің қолынан келгенінше толық пайдалана алмаған болар еді».

«Мәселені тек осылай қойса болғаны,— дейді Н. Рахметов,— бұған екі түрлі жауап беру мүмкін емес екені айқын көрінеді». Әбден дұрыс, Рахметов жолдас, бірақ барлық пәле сонда — бұл «мәселені қою» емес, әшейін жауыр болған жалпы сөз ғана.

«Мәселе» еш уақытта *бұлай* қойылған да жоқ қой. Жоғарыда келтірілген лепірме үзіндіден мүлде күтпеген жерден төмендегідей қорытынды жасап отырған Рахметов жолдас мәселенің нақ *қалай* қойылғанын және қалай қойылып отырғанын, сірә, білетін болуы керек:

«Пролетариат өзінің алдында да, сондай-ақ бүкіл елдің алдында да мынаны істеуге міндетті: ол Думаның самодержавиеге қарсы күресуі ісінде енжар бейтараптылықты қолдамауы былай тұрсын, *бұл күресте үкіметке қарсы, Дума жағына* батыл және үзілді-кесілді шығуға міндетті».

Міне, енді осы арадан «мәселе» басталады. Рахметов жолдастың өзі де мұны түсінеді, өйткені ол мынаны болжап біліп отыр:

««Светоч» * газеті мұндай тактикаға, сірә, зор скептицизммен қарар. Бұл газет былай деп жазады: ««Дума арқылы революция жасаудың» мінсіз диалектикалық схемасы қарапайым бір ғана фактіні ұмытқан, бұл факті мынадай: қазіргі Дума көбінесе революциядан қорқатын, сондықтан революцияға жау буржуазиялық элементтерден құралған мекеме». Мұндай пікірлер социал-демократтың пікірін еш уақытта және ешқашан да бұлайша айтпауға тиіс екендігінің ең жақсы белгісі бола алады. Пролетариаттың саяси тактикасы басқа қоғамдық топтардың *ниетінен* тумайтынын, қайта, ол топтарды белгілі бір *қимылдар жасауға мәжбүр ететін* объективтік тарихи процестен туатынын социал-демократ білуге міндетті. Социал-демократ өзі істес болуына тура келетін таптардың не істеуге *тиіс* болатынын білуге және ескеруге міндетті. Ал мәселені осылай қойғанда оның мынаған көзі жетеді: Думаны патша өкіметіне қарсы революциялық жолмен қолдауға әзір екенін білдіріп, пролетариат *мұнысы арқылы* Думаны көбірек революциялық белсенділік істеуге мәжбүр етеді. Осындай қарапайым «ақиқатты» түсінбеу үшін саяси жағынан едәуір шала болу керек».

Таңқаларлық пайымдау! Рахметов жолдастың айтуынша былай болып шығады: тіпті біздің буржуазия контрреволюциялық ниетте болып отырса да, оны күштеп революцияшыл етуге болады.

Бұл үшін «Думаны революциялық тегеуріннің отты құрсауымен қоршау» керек көрінеді. Сонда Думаның алдына: «не жанып кету, не жалпы жалынға қосылу» «мәселесі», «не өмір сүру, не өлу мәселесі» қойылатын көрінеді.

Біз Рахметов жолдастың күні не болады деп қатты қорқамыз: Плеханов жолдас оны метафизикалық тұрғыдан «мәселе қойғаны» үшін, өте маңызды саяси мәселені диалектикалық тұрғыдан қоя білмегені үшін іліп түспесе жарар еді. Бұрынғы меньшевиктер мен Плеханов жолдас саяси мәселелердегі мұндай «не олай — не бұлай» дегендерге жиі-жиі қарсы болды ғой. «Не жанып кетудің, не жалпы жалынға қосылудың» қалай да қажет болатын себебі не? Рахметов жолдас

* Қазіргі кезде үкімет жауып тастаған москвалық социал-демократиялық орган [110].

шынымен Герценштейн және Набоков мырзалардың фракциясы үшін үшінші жол жоқ деп ойлай ма екен? Ал олардың біршама «жөні түзу» бюрократтармен одақтасып, мәселен, бұл «революциялық тегеуріннің отты құрсауын» бұзуға тырысып көруіне неге болмайды?

Біз, мәселен, былай деп ойлаймыз: егер революцияның еселеп өсіп отырған толқыны кадет партиясының басшы элементтерін бірдемеге мәжбүр етсе,— бұл нақ әлгі үшінші жолға түсуге, яғни бюрократтармен келісім жасай салуға мәжбүр ететін болады.

«Халық бостандығы партиясының» қазіргі түрінде бұл істе «жанып кетуі» әбден ықтимал, бірақ халық бостандығы деген барлық даурықпаның кадеттер үшін әсте де «патша өкіметіне қарсы күрестің» емес, министрлік портфельдерге жетудің жай амалы болғандығын Рахметов жолдастар, ақырында, қашан түсінер екен, ал «патша өкіметіне қарсы күресті» Рахметов жолдастар кадеттерге қаніпа таңбақ болғанымен ештеңе шығара алмай жүр. Жалпы алғанда да: Думаның қожайындары — әзірге — кадеттік орталық; сіздердің *осы* Думаны «революциялық тегеуріннің отты құрсауымен қоршағыларыңыз» келеді. Бұл — өте жақсы, бұл сөзсіз маңызды және қажет. Бірақ осының өзінде оздерінің тегеурінімен Думаның қазіргі қожайындарын сөзсіз... бюрократтардың құшағына тықсырады деп «тегеурін жасаушыларга» әрқашан ескертіп отырған жөн емес пе? Осы жөп емес пе, Рахметов жолдас?

1906 ж. 22 июньде (5 июльде) жазылған

1906 ж. 23 июньде «Эхо» газетінің 2-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТЕРМЕН ОДАҚТАСУДЫ КІМ ЖАҚТАЙДЫ?

Кейде былай болады, тәжірибелі және сақ саяси қайраткерлер қандай да болса азды-көпті маңызды саяси қадам жасаудың елеулі жауаптылығын жақсы түсініп, барлау сияқты бір іс атқаруға алғы шепке албырт жас жауынгерлерді жібереді. «Ол араға ақылды адамның керегі жоқ», дейді өзіне ондай қайраткерлер, сөйтіп тәжірибесіз жастардың неңдей бір артық сөздерді айтып қоюына жол береді, осы тәсілмен жағдайды алдын ала байқап білмек болады.

«Голос Трудада» Н. Рахметов жолдас өзіне арналған қызметті атқарушы нақ әлгіндей тәжірибесіз жас секілді болып көрінеді. Нақ сондықтан Рахметов жолдастың мақаласы сияқты мүлдем жеңілтек мақала,— біз кеше-ақ оған күліп алдық *— белгілі бір жағынан сөзсіз саяси маңызы бар мақала. Біздің оң қанаттағы социал-демократтардың «Голос Труда» сияқты ықпалды органында социал-демократияны кадеттермен одақтасуға шақыратын мақалалар редакцияның ешбір ескертуінсіз басылып отырса,— мұның аты біздің партиямыздың ішінде үлкен ауру бар деген сөз. Сақ, тәжірибелі, епті адамдар бұл аурудың белгілерін қаншама жасырса да, ол ауру дегенмен біліне бастады. Оны айтпай қою аса үлкен қылмыс болар еді.

Социал-демократия оппортунистерінің негізгі қатесі — буржуазиялық революцияның үзілді-кесілді же-

* Қараңыз: осы том, 268—270-беттер. *Ред.*

ңуі дегеннің мәнісін түсінбейтінінде. Барлық оппортунистер сияқты, біздің орыс оппортунистері де революциялық марксизмнің ілімін және авангард ретіндегі пролетариаттың ролін кеміте отырып, буржуазиялық революцияның сөзсіз «қожайыны» либерал буржуазия болып табылады-мыс деген қате пікірге айналсоқтай береді. Олар ең болмағанда, мәселен, қоғамның төменгі топтары саналатын пролетариат пен ұсақ буржуазияның диктатурасы есебіндегі Конвенттің ұлы француз революциясындағы тарихи ролін мүлдем түсінбейді. Олар россиялық буржуазиялық революцияның толық жеңуі үшін бірден-бір мүмкін әлеуметтік тірек ретінде пролетариат пен шаруалардың диктатурасы идеясын мүлдем түсінбейді.

Оппортунизмнің мәні — пролетариаттың тиянақты және ұзақ мерзімдік мүдделерін оның алдамшы әрі бір минуттық мүдделеріне құрбандық ету. Буржуазиялық революция заманында социал-демократияның оппортунисі буржуазиялық демократияның революциялық қанатының маңызын ұмытады, сөйтіп пақ сол буржуазиялық демократияның революциялық емес қанатының табыстарына бас иеді. Либерал-монархиялық буржуазия (кадеттер, демократиялық реформалар партиясы[111] және т. с.) мен революцияшыл буржуазияның, әсіресе шаруа буржуазиялық демократиясының, арасындағы мәнді айырмашылық оның назарына ілінбей қалады. Оң қанаттағы жолдастарымызға біз бұл айырмашылықты, мың рет демесек те, жүз рет көрсеттік. Либерал буржуазия ескі өкіметпен келісуді, әлдеқалай емес, өзінің түбегейлі мүдделері үшін көздейді, революция мен реакцияның арасында ауытқиды, халықтан қорқады, халық әрекетінің еркін және жан-жақты дамуынан қорқады, деп съезге ұсынылатын большевиктік қарардың жобасында * барынша айқын айтылды. Осы буржуазияның демократияшыл сөздерін пайдалану керек, дедік біз, оның «келісімпаздық» және сатқындық ниеттерін бір минут та естен шығармай, оның жасқаншақтық қадамдарын да пайдалану керек. Мұның кері-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 242—244-беттер. *Ред.*

Годъ 1-й изданія. С.-ПЕТЕРБУРГЪ. Цѣна № 3 коп.

ЭХО

Редакція и Главная контора, Поварской п., д. 7, кв. 2.

№ 3. Суббота, 24 іюня 1906 г. № 3.

ОТКРЫТА ПОДПИСКА на ежедневную газету „ЭХО“.

Кто за союзы съ кадетами?

Вопросы дня.

Среди газетъ и журналовъ.

Государственная Дума.

«Эхо» газетінің бірінші беті, мұның 1906 ж. 24 июньдегі 3-номерінде В. И. Лениннің «Кадеттермен одақтасуды кім жақтайды?» деген бас мақаласы басылған

Кішірейтілген

сінше, шаруа демократиясы, шаруалар бұқарасы душар болып отырған объективтік жағдайларға байланысты, өзінің қатарында толық саналылық болмаса да, революциялық әрекет жасауға мәжбүр. *Бұл* буржуазиялық демократияның түбегейлі мүдделері оны қазіргі уақытта ескі өкіметпен келісім жасауға итермелемейді, қайта ескі өкіметке қарсы батыл күресуге итермелейді. Буржуазиялық-демократиялық революцияда пролетариаттың түбегейлі мүдделерін құрбандық етпеу үшін либералдық немесе «кадеттік» демократияны және шаруа демократиясын немесе революциялық буржуазиялық демократияны бір-бірінен жіті айыра білу керек.

Социал-демократия оппортунистерінің нақ осыны түсінгілері келмейді. Ал оның бер жағында біздің оларды ажыратуымыздың дұрыстығын оқиғалар тамаша дәлелдеді және одан әрі дәлелдеуде. Думада да шаруа демократиясы бөлініп шығуда, ол революциямен жақындасуға және кадеттердің өктемдігінен құтылуға тырысуға мәжбүр болып отыр. Трудовиктер мен социал-демократтарға қарсы кадеттер мен октябристер — міне-ки, сайланатын жергілікті жер комитеттері туралы мәселе жөнінде де, жиналыс бостандығын кадеттердің «ауыздықтауы» туралы мәселе жөнінде де *қазірдің өзінде қалыптасқан* топтар осылар.

Социал-демократияның оң қанатындағы жолдастар бұл фактілерді елемейді. Қазіргі сәттегі жағдайға елігіп, олар Думада нақ үстем болып отырған партияны, яғни кадеттерді, жалпы буржуазиялық демократиямен бірдей көруге бейім. Н. Рахметов меньшевиктердің осы ескі қатесін мейлінше аңқаулықпен қайталап отыр. Ал «кәрі торғайлар» теріс дәлелдерден шығатын ұнамсыз қорытындыларға ептілікпен соқпай өтіп жүрсе, балапан торғайлар мылжыңдап, ойындағысын айтып алып жүр. Егер кадеттер шынымен жалпы буржуазиялық демократияның өкілдері болатын болса (буржуазияның ең жаман, оның үстіне өрісі тар, жоғарғы топтары ғана болып қоймай), онда, әрине, пролетариатқа буржуазиялық демократиямен жасасуға керекті жауынгерлік одақ кадеттермен жасалатын одақ болуға тиіс. Пролетариат буржуазиялық революцияның жеңуі жолында-

гы алдыңгы қатарлы күрескер бола алады және болуға тиіс, бұл арада ол өзінің таптық дербестігін қатаң сақтауы керек. Бірақ буржуазиялық демократия *болмайынша,* бұл революцияны ол ақырына дейін жеткізе алмайды. Сонда кіммен «бөлек жүріп, бірігіп соққы беру» керек? либералдық демократиямен бе, әлде шаруа демократиясымен бе?

Либералдармен, кадеттермен, деп сайрайды Рахметов. Мұның ойлайтын несі бар? Кадеттер жоғарыда, олар көрнектірек, олар жылтырап тұр, шулап жүр! Кадеттермен, әрине, кадеттермен! «Кадеттерге ауытқу деп бұлтару,— деп мәлімдейді Рахметов,— олармен *саяси коалиция жасасу* ниетімен жақындасқан кездегіден гөрі өздеріне үстірт қарап жақтырмаушылыққа кезіккенде анағұрлым оңай... Ойланбаған, сондықтан қатты айтқанда, мақсатсыз бұзақылықтан гөрі, кадеттерге қоғамдық пікір арқылы қысым жасау жолымен (думаға қарарлар, тапсырмалар, петициялар, талаптар жіберу, наразылық білдіру жиналыстарын ұйымдастыру, *жұмысшы тобы мен кадеттер арасында келіс сөз жүргізу* арқылы) анағұрлым көп іс тындыруға болады». (Курсив біздікі.)

Міне, бұл — тұжырымды қорытынды, мұның үшін Рахметов «риза болған большевиктерден» деген жазуы бар мақтау қағазын алуға әбден лайық. Кадеттермен *саяси* одақтар жасасу, социал-демократтардың олармен келіс сөздер жүргізуі — мұның өзі қандай айқын және тиянақты ұран! Бізге меньшевиктердің осы ұранын жұмысшы партиясында кеңірек таратуға қам жасап, жұмысшылардың алдына: *кадеттермен одақтасуды кім жақтайды?*— деген сұрақ қою ғана қалып отыр.— Кімде-кім пролетариатты азды-көпті білетін болса, ондай адам бұған қандай жауап берілетініне күмәнданбас.

«Голос Труданың» нақ сол номерінде РСДРП Орталық Комитетінің социал-демократтарды трудовиктермен қосылудан сақтандыратын мазмұны дұрыс ескертуі басылған. Бірақ «Голос Труда» партиямыздың Орталық Комитетінің ескертуін социал-демократтардың кадеттермен одақтасуына бағытталған уағызды бұр-

кейтін құралға айналдырып, оған пайдасын тигізу орнына, зиян келтіріп отыр! Социал-демократияның беделін түсіретін бұдан өткен қылық болмас: қайталап айтамыз — мәні жағынан дұрыс мәлімдемені — социал-демократияның революцияшыл буржуазиямен *қосылуына қарсы* мәлімдемені социал-демократияның оппортунистік буржуазиямен *одақтасуын* уағыздаумен ұштастырып отыр!

Және біздің меньшевиктер бұл одақтасуды қандай кезеңде уағыздағалы отыр десеңізші? Революцияшыл буржуазия мен оппортунистік буржуазияның одағы, трудовиктер мен кадеттердің одағы *ыдырап жатқан* кезде уағыздағалы отыр. Несін айтасыз, біздің мейірбан Н. Рахметов жорыққа дәл мезгілінде-ақ аттаныпты. Трудовиктер кадеттерден бөліне бастаған кезде,— бөлінгенде де социал-демократтардың жәрдемімен бөліне бастаған кезде, кадеттердің өктемдігін жоя бастаған кезде, оларға қарсы дауыс бере бастаған кезде, кадеттер мен октябристердің «одағына» қарсы топтаса бастаған кезде,— міне, дәл осындай мезгілде жорыққа шығып отыр. Сөйте отырып, осындай Рахметовтар іс жүзінде әлгі Думаны кадеттерше масқаралауға қызмет ете тұра, Думаны революцияшылдандыру туралы маңғаздана айтып жүр-ау!

Естеріңізде болсын, мырзалар: кадеттермен одақтасу, олармен келіс сөз жүргізу — оларға тізе батырудың ең жаман әдісі. Іс жүзінде мұның өзі — социал-демократияның оларға тізе батыруы болмайды, қайта социал-демократияның дербес күресін мұқалту болады. Кімде-кім кадеттердің әрбір теріс қадамын аяусыз әшкерелеп отырса, нақ сол ғана Думаны революцияшылдандырады және кадеттерге «тізе батырады». Осы теріс қадамдары үшін кадеттерді қолдаудан бас тарту кадеттерді қолдамақ болып, олармен келіс сөз жүргізуден гөрі кадеттік Думаға қатты батады. Жұмысшы тобы жауап адресті жақтап дауыс беруден бас тартты: ол адресті кадеттер қырнап тастапты. Жұмысшы тобы кадеттерді қолдаудан бас тартты. Ол мұнысымен халық алдында кадеттердің беделін түсірді және моральдық жағынан халықтың негізгі назарын кадеттерден

Думаның «сол жақ» ұйтқысына аударды. *Кадеттік* Думаның жартыкештігін аяусыз масқаралай отырып, біз осы арқылы Думаны да, және,— одан да гөрі маңыздысы — Думаға сенетін халықты да революцияшылдандырамыз. Біз бұл арқылы кадеттердің өктемдігін жоюға шақырамыз, жігерлірек, батылырақ, дәйектірек қимылдауға шақырамыз. Біз социал-демократтар мен трудовиктердің бірлескен тегеуріні арқылы кадеттердің қатарына іріткі сала отырып, бұл арқылы кадеттерді де бөліп-жарамыз.

Біз либерал буржуазияның ең жасқаншақ әрі жексұрын бетке шығарларының құйыршығы емес, қайта революциядағы озық күрескер ретіндегі пролетариаттың саясатын жүргіземіз.

1906 ж. 23 июньде (6 июльде) жазылған

1906 ж. 24 июньде «Эхо» газетінің 3-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТІК ДУМА ОЙРАНШЫЛАР ҮКІМЕТІНЕ АҚША БЕРДІ

Бұл осылай болуға тиісті еді, осылай болды да. Кешегі күннен бастап ойраншылардың самодержавиелік үкіметінің бюджетінде «халық», егер осылай деп атауға болса, өкілдері *бекіткен* бір бөлім болып отыр. Бірінші адым ғана қиын, дейді француз мақалы. Немесе орысша: бірінші рюмка өзегіңді өртейді, екіншісі қылқ сте түседі, қалғаны — аз-аздан зымырап кете береді, дейді. Кадеттер самодержавиешілдермен бірге осы бірінші рюмканы ішіп жіберіп отыр.

Осы тарихи оқиғаның бүкіл барысын қаз-қалпына қойып көрейік. Ішкі істер министрі мен финанс министрі ашығушыларға жәрдем беру үшін Думадан 50 миллион сом қаржы бөлуді сұрады. Думаның қаулысынсыз министрлер, *«заң бойынша»*, бұл ақшаны ала алмаған болар еді, азық-түлік науқанын өз қолына ала алмаған болар еді. Бұл науқанды кімнің жүргізуі керегін министрлер Думадан сұраған жоқ: *«заң бойынша»* бұл іс онсыз да ойраншылар үкіметінің қолында болатын. Ақшаны қайдан алу керегі жайында да министрлер өз ұсыныстарында ештеңе айтпады: «оны табу финанс министріне тапсырылсын» деді де қойды. Тек комиссияға келгенде ғана министрлер ақша табу әдісі есебінде заемды ұсынды. Ал кеше Думаның мәжілісінде финанс министрі тура былай деп мәлімдеді: «Мемлекеттік думаның жұмысы ақша көзін табуға уәкілдік беру, ал оны табу тәртібі жоғарғы басқару орнына («Речьтен» цитат келтіріп отырмыз, сондықтан

оның сөз саптауына жауапты емеспіз) қатысты жұмыс». Сонымен, министрлерге керегінің өзі Думадан жалпы ақша бөлдіріп алу еді, ал ақшаның қайдан алынатыны жайында олар көп ойланып жатқан жоқ.

Думада бірден-ақ мәселенің негізгі екі шешімі белгіленді, мұны біз бұрнағы күні көрсеткенбіз *. Кадеттер 15 млн. сом бөлінсін, оны қайда жұмсағаны жөнінде есеп сұралсын, бұл сома 1906 жылғы есеп бойынша «күтіліп отырған жинақ» есебіне жатқызылатын болсын, деді. Бар болғаны осы. Ал финанс министрі салқын қандылықпен кадеттерге: «егер Мемлекеттік дума 15 млн. сом босатылсын деп қаулы шығарса, финанс министрлігі оны босатады, бірақ *жинақ қаржы есебінен* босатпайды, басқа қамтамасыз етілген шығындар есебінен босатады» деп жауап қайырды. Бұл шығынды шығарған соң, министр «дегенмен Мемлекеттік думаға келеді де, былай дейді: сіздер бізді шығын шығаруға мәжбүр еттіңдер, ал біз оның орнын толтыратын қаржы таба алған жоқпыз».

Демек, мәселе айдан анық. Министр кадеттік Думаның тура бетіне түкіріп: 15 млн. сом алуға берген рұқсатыңызбен біз пайдаланамыз, ал «жинақ қаржы» туралы қаулыңыз — бос сөз деп отыр. Министр жинақ қаржы болатын емес деп мәлімдеуге қысылмайды. Министр Думаның тағайындауы бойынша ақша алуға риза да, ал «жинақ қаржы» туралы Думаның кеңесіне құлақ аспаймын деуге қысылмайды.

Олай болса, кадеттік Дума *іс жүзінде* қандай роль атқарып отыр? Ол халықтан тонап алынған ақшаны жұмсау жөніндегі ісін мақұлдату үшін полиция шақыртқан *қосымша куәлар* ролін атқарып отыр. Ақша бөлу үшін «заң бойынша» қосымша куәлардың қол қоюы керек еді. Полиция осыны талап етті. Кадеттік Дума қол қойды. Полицияға керегінің өзі де тек осы еді. Ал қосымша куәлар біраз арындаған болса — онда келіп кетер еш нәрсе жоқ.

Полициялық қосымша куәлар ролін атқарған нақ осы *кадеттік* Дума болды. Социал-демократ депутаттар

* Қараңыз: осы том, 260—265-беттер. *Ред.*

бұдан мүлдем басқаша, дұрыс позиция ұстады. Бұлардың сөзі тап сол бұрнағы күні өзіміз көрсеткен сарында болды. «Менің айтарым, мырзалар, егер біз үкіметтің қолына бір тиын беретін болсақ та, ол тиын еш уақытта халықтың қолына тимейді» — деп Рамишвили жолдас тамаша айтты. Кеше біз бастырып шығарған өзінің қарарында да социал-демократтар: самодержавиелік үкіметке ақша беру кешірімсіз іс, Мемлекеттік дума *өзінің* азық-түлік комитетін құруы керек, жергілікті жерлерге өз мүшелерін жіберуі, «еркін қоғамдық ұйымдарды» іске тартуы керек деп өте дұрыс айтты. Социал-демократтар өз қарарын халыққа арналған революциялық үндеуге айналдырып, онда «ашаршылыққа шын кінәлы», халық ақшасын талан-таражға салып жатқан, оны халыққа қарсы соғысқа жұмсап отырған осы деп үкіметті әшкерелеледі. Социал-демократтар жандармерияға, саяси полицияға, стражниктерге және т. с. шығын шығаруды *жоюды* талап етті, шені жоғары арамтамақтардың жалақылары мен пенсияларын *азайтуды* және казначейліктегі ақша мен счеттарды *тексеруді* талап етті. Олар сондай-ақ үкіметтік, уделдік, шіркеулік, монастырьлік имениелерден түсетін табысты ашығушыларға жәрдемге жұмсауды талап етіп, әбден дұрыс істеді. Социал-демократтар бүкіл ескі өкіметті, жалпы оның органдарының бәрін тура айыптай сөйледі, сонымен қатар барлық бюджетті де сынады.

Дауыс беру қалай өтті? Кадеттер, әрине, жеңді. Бірсыпыра газеттердің бір ауыздан айтып отырғанына қарағанда, трудовиктер социал-демократтарды жақтап дауыс берді (атап дауыс беру, *амал не,* болмады). Саяси жіктелу біртіндеп айқын белгіленіп келеді. Октябристер мен кадеттер ескі өкіметпен келісімге келуді жақтап отыр. Социал-демократтар мен трудовиктер бұған үзілді-кесілді қарсы. Бір ауызды қимылымен социал-демократтар өз соңына шаруаларды ертіп қана қойған жоқ, тіпті кадеттердің арасына да бірқатар жік салды: полициялық қосымша куә ролін атқаруға солшыл Галецкий ғана емес, сонымен қатар оңшыл Кузьмин-Караваев та ұялды. Ойраншылардың қолына ақша

беруге «халық өкілдері ретінде» масқара болып қол қойған кадеттер, тек жалғыз кадеттер ғана болды.

Кадеттік Думаның бұл қол қоюының принциптік мәні зор. Аңқау адамдар мен өресі төмен саясатшылар: кадеттерді опасыздық жасады, бюрократиямен келісімге келді деп кінәлау дәлелді емес, бұлай деуге ертерек дегенді жиі айтады. Бірақ ойраншылар үкіметінің қолына ақша беру дегеніміз нақ осындай — ашық айтсақ, бұл, жалғыз осы жолы ғана емес, бұрын да болған,— мәмлеге келу. Кадеттердің өздерін қандай бейшаралық бұлтарумен ақтап отырғанын қараңызшы. Бұл — ымыраға келу, бірақ оны уақытша жағдай ақтайды, деп даурығады «Наша Жизнь».— Әрине, мырзалар, буржуазияның полициялық самодержавиемен икемге келуінің бәрі де әрқашан уақытша жағдайларға байланысты деп дәлелденіп келген.

Алайда шаруаларға дереу жәрдем беру керек!— Шаруаларға шаруа депутаттары опасыздық еткен жоқ па, кадет мырзалар, ә? Полицейлердің қолынан ақшаның қайда баратынын сіздерден гөрі тәуірірек біліп, шаруа депутаттары қарсы дауыс берді ғой. Мемлекеттік думаның істі өз қолына алмағаны несі?

Бұл утопия, бұл жүзеге аспайтын нәрсе, заң бойынша өзгертілмей тұрғанында, бар ұйыммен санасу керек,— деп бір ауыздан қақсайды Гейдендер, Коковцовтар, Милюковтар және тіпті «Наша Жизньнің» бернштейншілдері.— Иә, солай, мырзалар, ескі өкіметтің барлық органдарып жоюды буржуазия әрқашан да утопия деп есептейді, өйткені пролетариатқа қарсы және революцияшыл шаруаларға қарсы жұмсау үшін буржуазияға бұл органдар керек. Полициялық-таптық мемлекетте «аса қажет» шығындар деген әрқашан да көп болады: бір кезде жалданған чиновниктерді асырау керек қой, берілген заказдарға ақша төлеу керек қой және т. б., т. с. «Бар ұйым» да (атап айтқанда: полициялық-чиновниктік ұйым) әрқашан даяр болады, оны Мемлекеттік советтің ризалығынсыз, бірден өзгертуге «болмайды» және *т. б., т. с.*

Мұндай сылтаулар әрқашан болып отырады. Сенгіш халықты либерал буржуа дүние жүзінің барлық жер-

лерінде де осындай сылтаулармен алдарқатып келеді. Мұндай сылтаулар халық бостандығы ісіне буржуазияның опасыздық жасауын бүркейтін табиғи бүркеніштер болып табылады.

Пролетариат осындай екіжүзділік әрекеттің бәріне де әрқашан қарсы шығып отырады. Пролетариат халықты ескі өкіметтің барлық органдары мен мекемелеріне қарсы күреске, жұмысшы табы мен революцияшыл шаруалардың ерікті ұйымдарының көмегі арқылы күреске шақырып отырады.

1906 ж. 24 июньде (7 июльде) жазылған

1906 ж. 25 июньде «Эхо» газетінің 4-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ГАЗЕТТЕР МЕН ЖУРНАЛДАР ӘЛЕМІНДЕ

Жартылай кадеттік, жартылай бюрократтық министрлік туралы сыбыстарға байланысты солшыл баспасөздің кадеттер мен сарай маңындағы сұрқиялардың арасындағы саудагерлік сөз байласу туралы, мұндай соз байласу тұсында болмай қоймайтын сатқындық туралы сөз қозғай бастағанына «Речь» қатты шамданды.

«Бұл пайымдаулардың жалғандығы мен мағынасыздығын дәлелдеп жатудың керегі бар ма?» — деп ызаланды «Речь».

Керегі болғаны ғой, кадет мырзалар, тіпті әбден керегі бар, өйткені нақ сол мақаладан («Ашаршылық және саясат») біз мынаны оқимыз:

> «Бұл күрес (Думаның қазіргі министрлікпен) баяу және ауыр күрес, алайда ол мынаған әкеп соқтырды: жауапты кабинет туралы мәселе жалпылама пікірлер саласынан нақты шындық негізіне көшіп, енді нақты мүмкіндіктердің бірі ретінде талқылануда».

Өте жақсы. Ал енді Мемлекеттік советті жою туралы мәселе, амнистия туралы мәселе, жалпыға бірдей және т. т. сайлау правосы туралы мәселе, *осы* мәселелердің бәрі де *қазірдің өзінде-ақ* «нақты мүмкіндіктер» болып табыла ма? Жоқ, олай еместігі күмәнсыз емес пе? Ол туралы әзірге ешбір сыбыс та жоқ қой.

Ал мұның өзі солай болса, онда ешбір амал жоқ: «дәлелдеуге тура келеді».

1906 ж. 24 июньде (7 июльде) жазылған

1906 ж. 25 июньде «Эхо» газетінің 4-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТ СӨЗІН СӨЙЛЕУШІЛЕР

Кеше біз поляк социал-демократиясының бесінші съезінің [112] басты қарарларын басып шығардық. Енді біздің партиямызға кіріп отырған поляк жолдастар, 25—30 мыңға тарта партия мүшелері, Орталық Комитеттің Мемлекеттік дума жөніндегі тактикасына үзілді-кесілді қарсы шықты. Осы тактиканы жалпы теріс деп айыптап, олар теріс тактикадан туған жекелеген қателерге, кадет министрлігін атышулы қолдау сияқты қателерге, тоқталуды тіпті керек деп те есептемеді. Бірақ бұл «қолдауды» поляк социал-демократтарының сөзсіз теріс деп танитыны өзінен-өзі белгілі,— ал поляк съезінде болғандар мұны өте жақсы біледі. Бүкіл Петербург социал-демократтарының конференциясы да кадеттік министрлікті қолдауды үзілді-кесілді теріске шығарды [113]. Орталық Москва ауданы социал-демократтарының облыстық конференциясы да, дәл солай, оған қарсы шықты [114].

Петербург конференциясында 4 мыңға жуық партия мүшесінің өкілдері болған еді, Москва облыстық конференциясында 14 мыңға жуық партия мүшесінен өкілдер болды. Сонымен, 20 мыңдай партия мүшесі, яғни партияның жартысынан көбі (соңғы съезде 31—33 мың партия мүшесінің өкілі болған) *Орталық Комитеттің думалық министрлікті қолдау туралы мәселедегі тактикасын айыптап отыр.* Партияның көпшілігі — қолдауға қарсы. Біздің партия ішіндегі министрлігіміз, яғни партиямыздың Орталық Комитеті, партияның ер-

кін білдіруден қалды: оның қарапайым саяси міндеті дереу төтенше съезд шақыру ісін тездету болып табылады. Әйтпесе ол партияның қазірдің өзінде *шын мәнінде* білдірілген еркіне қарамастан, *формальды* ілгешектер мен сөзбұйдаға салу арқылы партиялық билікке жармасқан ат төбеліндей аз ғана адамдардың жағдайына душар болады. Қалай болған күнде де, партия енді съезд шақырта алады.

Думалық, *яғни кадеттік,* министрлікті қолдау жөніндегі партияның көпшілігі айыптаған тактиканы меньшевиктер (олардың бір бөлегі, Питерде болған дискуссиялардың көрсеткеніндей, бұл мәселе жөнінде дербес позиция ұстап, оппортунизмнен теріс айналуға шамалары жете тұрса да) әлі де қорғап келеді. Оң қанаттағы социал-демократтар айтып жүрген дәлелдерді талдауға тағы да бір тоқтап өтелік.

Думалық министрлік жасау, дейді бізге, «сарай маңындағы сұрқиялардың қолынан өкіметті жұлып алу», «атқарушы өкіметті халық өкілдігінің алдында жауапты етіп қою» деген сөз; бұл «жалған конституциялық құрылыстан шын конституцияға көшу» болады («Голос Труда», № 5).

Бұл — *барып тұрған өтірік.* Думалық, яғни кадеттік, министрлікті (егер кадеттердің талабын қанағаттандырса) сол сарай маңындағы *сұрқиялардың* өзі тағайындайды. Бірақ сарай маңындағы сұрқиялардың либерал министрлерді тағайындауын өкіметті қолға жұлып алу деуге бола ма? Министрлерді өз еркінше тағайындай отырып, сұрқиялар оларды қалаған уақытта орнынан ала алады: сұрқиялар өкіметті бермейді, қайта *өкіметті бөлісу ойынын ойнайды,* сұрқиялар өздеріне либерал малайлардың қолайлы-қолайсыздығын *байқап көреді.* Сұрқиялар тобының, мысалы, Победоносцев пен Трепов сияқты (кейбір газеттердің хабарларына қарағанда) ақылды мүшелерінің есебі тура осындай: либерал министрлерді тағайындау бізге бәрінен де қолайлы. Мұнымен біз кадеттерді (яғни Думаның көпшілігін) ғана емес, сонымен қатар кадеттеніп жүрген социал-демократтарды да тыныштандырамыз. Ал қолайсыз министрлерден құтылу Думадан құтылудан гө-

рі анағұрлым оңай. Біз уақыт ұтамыз, жұртты есебімен жаңылдырып, қым-қуыт берекесін кетіреміз, өзара сенбеушілік туғызамыз, Думаның оңшыл, яғни көпшілік, бөлегін министрлік портфельдер үшін қырқыстырып қоямыз, біз суды лайлаймыз, біз ашыққандарға жәрдем беру туралы мәселеде кадеттерді қалай алдап кетсек, бұл жолы да солай алдап кетеміз. Біз онда кадеттерді полициялық қосымша куәлар ролін «еркімен» атқаруға көндірген болсақ,— тап сол сияқты оларды енді министр қызметінде отырып, полициялық малайлар ролін атқаруға көндіреміз.

Кімде-кім орыс кадеттерінің, сондай-ақ басқа елдердегі «кадеттердің» тарихымен азды-көпті таныс болса, ол сарай маңындағы сұрқиялардың либералдық-монархиялық буржуадан қулығын әрқашан асыра алғанын біледі. Бұған жол бермеу үшін бір ғана шара бар, ол — пролетарлар мен революцияшыл шаруалардың *дербес* саяси санасын жетілдіру. Оңшыл социал-демократтар міне нақ осы сананы көмескілеп, ластап отыр. Революцияшыл таптардың саяси санасының толық айқындығын және толық жауынгерлік дербестігін сақтап қалу үшін, нақ осы үшін, біздер, социал-демократтар министрлік орындарға бола сұрқиялардың аяғының астында шырмалуды тек кадеттерге ғана қалдыруымыз керек. Бұл іске пролетариатты апарып шатастыру пролетариаттың мүдделеріне және революцияның мүдделеріне сатқындық жасағандық болар еді.

Егер сарай маңындағы сұрқиялар кадеттерді министр етіп тағайындайтын болса, онда олар «атқарушы өкіметті халық өкілдігінің алдында жауапты» («Голос Труда») еткен болар еді.

Бұл — барып тұрған өтірік. Бұл өтірікті кадет профессорлар айтса — оларға құдай кешірім ете жатар. Ал мұны социал-демократтар қайталап айтса, онда бұл — кешірімсіз нәрсе. Біреудің сөзін сөйлеуші құрметті мырзалар, атқарушы өкімет «халық өкілдігінің» алдында емес, *заң шығарушы өкімет* алдында жауапты. Бұл естеріңізде болсын. Енді біз сіздерге онан әрі түсіндірелік. Қазір Россиядағы заң шығарушы өкімет

кімнің қолында? 1) Жоғарғы өкіметте; 2) Мемлекеттік советте; 3) Мемлекеттік думада.

Өз қателеріңізді енді түсіндіңіздер ме? Кадет министрлер Дума алдында да, Мемлекеттік совет алдында да, сұрқиялар алдында да жауапты болады. Олар тек Дума алдында ғана жауапты деп көрсету халыққа *өтірік* айту деген сөз.

Ілгері баралық. Барынша әр алуан мекемелер алдында жауапты министрлердің жағдайы қандай болады? Жалған болады. Жоғарыда аталып өткен заң шығарушы үш инстанцияның бәрі заңдарды өзгертпеген болса, министрлер қазіргі заңның бәрін *сақтауға және қорғауға* тиісті болады. Сондықтан, кадеттердің Родичев сияқты сөзуарларының Думада жарамсақтық жасап, біздер — династияның қалқанымыз деп даурығып, қазірден-ақ әбігерге түсіп жүргені тегін емес. Кадеттер ебін таба біледі. Ал оңшыл социал-демократтар біреудің әуенімен жүреді, істің жайын түсінбейді.

Кадеттерге қазір үгіт орталығы министрлік болып отырған себебі не? Олардың Мемлекеттік совет жойылсын? халық өкілдігінің заң шығарушы өкімет болуына кедергі жасайтын *мынадай-мынадай заңдар* жойылсын?— деп, осы сияқты құлшына, осы сияқты жиілете, осы сияқты даурыға айқай салмай отырған себебі не? Олардың толық амнистия үшін, толық бостандық үшін, жалпыға бірдей сайлау правосы үшін үгіттеуінің министрлік орындар үшін үгіттегенінен *мың мәрте әлсіз* болатын себебі не? Сіздер мұны ойлап көрдіңіздер ме? Жоқ, сіздер мұны ойлаған жоқсыздар. Кадеттер ең алдымен сыртқы есікті қағып жүр, өйткені олар толық бостандықты *қаламайды* (олардың жиналыстар туралы заң жобаларын естеріңізге түсіріңіздер), Мемлекеттік советті толық жоюды *қаламайды (олардың* программасындағы жоғарғы палатаны естеріңізге түсіріңіздер); олар Думаның алдында жауапты *болғанындай* оның алдында *да* жауапты болады, *тағысын-тағылар*. Кадеттер *әуелі* толық амнистия берілсін, *әуелі* Мемлекеттік совет жойылсын, *әуелі* толық бостандық берілсін, *әуелі* жалпыға бірдей, т. т. сайлау правосы берілсін, ал *содан кейін барып* өздерін министр етіп

тағайындайтын болсын деген талап қойғылары келмейді. Кадеттердің мұны істегісі келмейтін себебі не? Себебі, олар ебін таба біледі, ал кадет сөзін сөйлеушілер мұны білмейді.

Кадеттер: біз өзіміз министр болып алайықшы, сонан соң *біз* бұл бостандықтардың бәрі үшін де *күресеміз!* Бірден болмайды ғой,— дейді. Ал олардың сөзін сөйлеушілер осыған нанады да, тырбана береді...

Министрдің нақ сол ескі, полицейлік, орыс заңы алдында жауапты екенін, Думаның алдында да, сарай маңындағы сұрқиялардың алдында да, Мемлекеттік советтің алдында да жауапты екенін кадет түсінеді. Сондықтан министрден түк те шығара алмайсың: мен қуана-қуана, жан-тәніммен істер едім, тек «аналардың» қосылмай отырғаны, мына Мемлекеттік советтің де біраз қасарысып отырғаны. Шыдай тұрыңыз, мырзалар: сарай маңындағы сұрқияларды да, Мемлекеттік советті де менен, кадеттен, артық ешкім де ұялтып жөнге келтіре алмайды деп өте шығады.

Есіңізде болсын, олардың сөзін сөйлеуші: кадеттердің бұл сатқындық тактикасымен күресу үшін олардың жырын жырлау керек емес, толық дербестікті сақтау керек, яғни пролетариат пен шаруаларды кадеттерге сенуден, кадет ұрандарын қайталап айтудан *сақтандыру керек.* Ал сіздер өздеріңіздің тактикаңызбен жұмысшы табы мен революцияшыл шаруалардың дербес күресін *қиындатасыздар.* Сіздер революцияны бастау правосын кадеттік реформизмнің болмашы пайдасына қызығып сатып жібересіздер.

Сарай маңындағы сұрқиялардың кадеттерден министрлер тағайындауы — «батыл бет бұрыс», «шын конституцияға» көшу болып табылады дейтін *үшінші өтірікті* де осылайша ежіктеп түсіндіріп жатуымыздың қажеті жоқ. Треповтың Родичевті министр етіп тағайындауынан тіпті *қазіргі жазулы* конституция да өзгермейтінін оқушының енді өзі де көріп отыр. Ондай тағайындаудың арқасында *шын* конституцияға өзгеріс кіреді деу, былайша айтқанда, мүлдем асыра сөйлеу деген сөз.

Келесі жолы біз: «қалай дегенмен де, кадеттік министрлік тәуір болады. Одан басқа таңдайтын неміз бар. Тәуірін қолдау керек» деген алыпқашты дәлелді талдаймыз. Бұл дәлелдің социал-демократияға лайықты-лайықсызын және оның құны қаншалық екенін сонда көрерміз.

«Эхо» № 5, 27 июнь, 1906 ж.

«Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ТАҒЫ ДА ДУМАЛЫҚ МИНИСТРЛІК ТУРАЛЫ

«Таңдауға тура келеді» — деген пікірмен оппортунистер әрқашан өздерін ақтап келді және ақтап та отыр. Бірден үлкен бір нәрсе істей қою қиын. Кішкенесі болса да қол жететін іс үшін күресу керек. Ал қол жетерлік іс екенін қалай білуге болады? Саяси партиялардың немесе ең «ықпалды» саясатшылардың неғұрлым көпшілігінің келісуіне қарай білуге болады. Саяси қайраткерлердің неғұрлым көпшілігі пәлендей бір кішкене жақсартуға келісетін болса, оны істеу соғұрлым жеңіл болады, ол соғұрлым қол жетерлік болады. Үлкен іске қол созып, утопист болудың керегі жоқ. Кішкене талапқа қосыла біліп, іскер саясатшы болу керек, міне осы кішкене үлкен үшін *күресті жеңілдетеді.* Біз кішкенені үлкен үшін күрестегі *ең дұрыс саты* деп қараймыз.

Революционерлерден өзгеше, барлық оппортунистер, барлық реформистер осылай пайымдайды. Оң қанаттағы социал-демократтар думалық министрлік туралы нақ осылай пайымдайды. Құрылтай жиналысы — үлкен талап. Қазір бұған жете алмайсың. Бұл талапты әлі жұрттың бәрі бірдей саналы түрде жақтап отырған жоқ *. Ал думалық министрлікті *бүкіл* Мемлекеттік дума, демек, саяси қайраткерлердің басым көпшілігі,— *демек,* «бүкіл халық» жақтап отыр. Қазіргі кесел мен оны *ең кішкене* түзетудің біреуін *таңдауға тура келеді,* өйткені «ең кішкене» түзетуді қазіргі кеселге жалпы наразылардың басым көпшілігі жақтап отыр. Ал

* Бұл талапты Думаның азшылық бөлегі жақтап отыр.

кішкенеге қол жеткен соң, біз өзіміздің үлкен іс үшін күресімізді жеңілдетеміз.

Қайталап айтамыз: бұл бүкіл дүние жүзіндегі барлық оппортунистердің негізгі, дағдылы пікірі. Бұл пікірден лажсыз шығатын қорытынды қандай? Ешқандай революциялық программа, революциялық партия, революциялық тактика керек емес деген қорытынды шығады. *Реформалар* керек, бар болғаны осы. Революциялық социал-демократияның керегі жоқ. Демократиялық және социалистік реформалар партиясы керек деген қорытынды. Шынында да: қазіргі бардың қанағаттанғысыз екенін түсінетін адамдар дүниеде *әрқашан* болатыны айқын емес пе? Әрине, әрқашан болады. Бұл қанағаттанғысыз жайды *ең кішкене* түзетуді наразылардың *әрқашан* ең *көбі* жақтайтыны да айқын емес пе? Әрине, әрқашан жақтайды. Демек, біздің ісіміз, алдыңғы қатарлы және «саналы» адамдардың ісі — *әрқашан* кеселді түзету туралы *ең кішкене* талаптарды қолдау болады. Міне, бұл ең сенімді, ең практикалық іс, ал қайдағы бір «түбегейлі» талаптар, т. т. туралы әңгімелер — тек «утопистердің» сөздері ғана, «революциялық жел сөздер» ғана. *Таңдауға тура келеді* — сондықтан әрқашан қазіргі кесел мен оны түзету жөнінде көп тараған жобалардың ең кішкенесінің арасынан біреуін таңдау керек.

Социал-демократияның неміс оппортунистері дәл осылай пайымдады. Социал-либералдық бір ағым бар екен деседі, ол ағым социалистерге қарсы ерекше заңдарды жоюды, жұмыс күнін қысқартуды, аурудан қауіпсіздендіруді, т. с. талап етеді. Осы талаптарды буржуазияның да біраз бөлегі жақтайды. Әдепсіздік істеп, оны өздеріңізден аулақтатпаңыздар, оған қол ұшын беріңіздер, оны қолдаңдар — сіздер сонда іскер саясатшы боласыздар, жұмысшы табына аз да болса, нақты пайда тигізесіздер, сіздердің тактикаңыздан «революция» туралы бос сөздер ғана зиян шегеді. Революцияны бәрібір қазір жасай алмайсыздар. Реакция мен реформаның арасынан, Бисмарк саясаты мен «әлеуметтік империя» саясатының арасынан біреуін *таңдауға тура келеді.*

Француздың министр социалистері бернштейншілдер сияқты пайымдады. Реакция мен практикада іске асырылатын бірсыпыра реформалар жасауға уәде берген буржуазиялық радикалдардың арасынан біреуін *таңдауға тура келеді*. Осы радикалдарды қолдауға, олардың министрліктерін қолдауға тура келеді, ал әлеуметтік революция туралы сылдыр сөздер — «бланкистердің», «анархистердің», «утопистердің», тағы сондайлардың мылжыңы ғана.

Осы оппортунистік пікірлердің бәрінің негізгі қатесі неде? Негізгі қатесі — бұл пікірлерде тарихтың бірденбір *нақты* қозғаушысы болып табылатын тап күресінің социалистік теориясы *іс жүзінде* «ынтымақтастық», «қоғамдық» прогрестің буржуазиялық теориясымен алмастырылады. Социализм, яғни марксизм (маркстік емес социализм туралы қазір шындап айтуға да болмайды) ілімі бойынша тарихтың шын қозғаушысы таптардың революциялық күресі болып табылады; реформалар — осы күрестің қосалқы нәтижесі, қосалқы болатыны сол — олар осы күресті әлсіретуге, мұқалтуға тырысқан сәтсіз әрекеттерді білдіреді, т. т. Буржуазиялық философтардың ілімі бойынша, прогрестің қозғаушысы — қоғамның қайсыбір мекемелердің «жетілмегендігін» түсінген барлық элементтерінің ынтымағы. Бірінші ілім — материалистік ілім, екіншісі — идеалистік ілім. Біріншісі — революциялық ілім. Екіншісі — реформистік ілім. Біріншісі қазіргі капиталистік елдердегі пролетариаттың тактикасын негіздейді. Екіншісі — буржуазияның тактикасын негіздейді.

Екінші ілімнен қарапайым буржуазиялық прогрессистердің тактикасы: барлық жерде де, әрқашан да «қай тәуірін» қолда; реакция мен осы реакцияға оппозициядағы күштердің ең оңшылының бірін таңда дейтін тактика туады. Бірінші ілімнен алдыңғы қатарлы таптың дербес революциялық тактикасы туады. Біз өзіміздің міндетімізді ешқандай жағдайда реформистік буржуазияның ең көп тараған ұрандарын қолдауға әкеп телімейміз. Біз революциялық күрестің мүдделеріне *сөзсіз* тиімді, пролетариаттың дербестігін, саналылығын және жауынгерлік қабілетін *сөзсіз* көтеретін ре-

формалардың ұрандарын *ғана* ұсына отырып, дербес саясат жүргізіп келеміз. Жоғарыдан жасалған әрқашан жарым-жарты, әрқашан екіжүзді болатын, әрқашан буржуазиялық немесе полициялық тұзағы бар болып отыратын реформаларды біз тек осындай саясат арқылы ғана *зиянсыздандырамыз.*

Ол ол ма. Елеулі реформалар ісін біз тек осындай тактика арқылы ғана шын ілгері бастыра аламыз. Бұл оғаштық болып көрінетін сияқты, бірақ бұл оғаштықты халықаралық социал-демократияның бүкіл тарихы растап отыр: реформистердің тактикасы реформалар жасауды және олардың шын реформалар болуын бәрінен де *нашар* қамтамасыз етеді. Революциялық тап күресінің тактикасы бұлардың екеуін де бәрінен жақсы қамтамасыз етеді. *Іс жүзінде* реформалар нақ осы революциялық тап күресі арқылы, оның дербестігі арқылы, оның бұқаралық күші арқылы, оның табандылығы арқылы еріксіз жасалады. Бұл күрес қаншалық күшті болса,— *әрқашан* жалған, екіжүзді, зубатовтық рухта болып келетін реформалар да соншалық нақты болады. Өзіміздің ұрандарымызды реформистік буржуазияның ұрандарымен қосып жіберсек, біз революция ісін, *ал, олай болса, реформалар ісін де әлсіретіп аламыз,* өйткені біз мұнымен революцияшыл таптардың дербестігін, ұстамдылығын және күшін әлсіретіп аламыз.

Кейбір оқушы: халықаралық революциялық социал-демократияның бұл әліппесін қайталай берудің қажеті не? — дейтін болар. Қажет болатын себебі, оны «Голос Труда» және көптеген меньшевик жолдастар ұмытып жүр.

Думалық немесе кадеттік министрлік дегеніміз нақ сондай жалған, екіжүзді, зубатовтық реформа. Кадеттердің самодержавиемен келісу тәжірибесі ретіндегі оның шын маңызын ұмыту марксизмді прогрестің либералдық-буржуазиялық философиясымен алмастыру деген сөз. *Ондай* реформаны қолдап, оны *өз* ұрандарымыздың қатарына енгізсек, біз мұнымен пролетариаттың революцияшыл сапасының айқындығын да, оның дербестігін де, оның жауынгерлік қабілетін де *әлсіретіп*

жібереміз. Өзіміздің бұрынғы революциялық ұрандарымызды *түгелінен* қолдай отырып, біз мұнымен шын күресті күшейтеміз, демек, реформаның болып қалу мүмкіндігін де, *оны* реакцияның пайдасына емес, революцияның пайдасына *айналдыру мүмкіндігін* де күшейтеміз. Бұл реформаның барлық жалған, екіжүзді жағын біз кадеттерге ысырып тастаймыз да,— оның барлық мүмкіндігі бар дұрыс мазмұнын өзіміз *пайдаланамыз.* Тек осындай тактика қолдансақ қана, Трепов және Набоков мырзалардың бір-бірін аяқтап шалуын бұл құрметті екі акробаттың екеуін де орға жығуға пайдалануымызға болады. Тек осындай тактика қолдансақ қана, біз туралы тарих, Бисмарктың неміс социал-демократтары туралы айтқанындай: «Социал-демократтар болмаса, әлеуметтік реформа да болмас еді» дейтін болады. *Революцияшыл* пролетариат болмаса, 17 октябрь де болмас еді. Декабрь болмаған болса — Думаны шақырудан бас тарту әрекеттерінің бәрі бірдей жойылмаған да болар еді. Алдымызда әлі басқа декабрь де болады, ол революцияның келешек тағдырын белгілеп береді...

Соңғы сөз. Біз «Голос Труданың» 6-номеріндегі бас мақаласын оқыған кезде бұл мақала жазылып қойған еді. Жолдастар енді түзеліп келеді. Олар думалық министрлік портфелін қолдарына алмастан *бұрын* соғыс жағдайы мен охранка атаулыны барлық жерде бірдей жоюды да, толық амнистия болуын да, бостандықтардың бәрін қалпына келтіруді де талап етіп, бұларды істететін болсын деп отыр. Өте жақсы, жолдастар! Орталық Комитеттің бұл шарттарды думалық министрлік туралы өз қарарына енгізуін сұраңыздар. Осыны өздеріңіз істеп көріңіздер,— сонда сіздерде де: думалық немесе кадеттік министрлікті қолдаудан *бұрын,* Думаның немесе кадеттердің революциялық жолға түсуін талап ету керек және осыны істету керек болып шығады. Кадеттерді қолдаудан *бұрын* кадеттердің кадет болуын қоюын талап ету керек және осыны істету керек.

«Эхо» № 6, 28 июнь, 1906 ж.

«Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ГАЗЕТТЕР МЕН ЖУРНАЛДАР ӘЛЕМІНДЕ

Айтпақшы, «Речь» генерал кадеттік министрлікті өзінің қолдағаны үшін тым көп сұрайды деп тауып, мынаны мәлімдейді: шаруалардың пайдасына жерді еріксіз иеліктен айыру принципінен, толық амнистиядан кадеттер ешқандай портфельдер үшін бас тартпайды. Біздің ойымызша, практикашыл мемлекеттік қайраткер болып жүрген генералға принципке бола келісімді бұзу орынсыз. Кадеттердің жоспары бойынша, еріксіз иеліктен айыруға бүкіл жер жатпайды, шаруалар мемлекеттің алым-салығын өтеп отыруы үшін оларға қанша жер кесіп беру керек болса, сонша ғана жер жатады; онан соң, жер иелері еріксіз алынған жері үшін «әділетті бағамен» таза ақша алады, ал осы заманда, шаруалардың жерді басқалар үшін өңдеуден қасарып бас тартуының салдарынан, қазірдің өзінде табыс келтірмей отырған жерден гөрі, ақшамен әрекет жасау әлдеқайда оңай. Ал амнистияға келетін болсақ, онда кадеттер халықтың тұтқындар мен жер аударылғандардың бостандық алғанын көргісі келген бір ауызды тілегін жоғары өкіметке жеткізіп, өздерінің ел алдындағы борышын қазірдің өзінде орындады, сөйтіп бұл істе патшаның қол сұғуға болмайтын ерекше правосына араласпау үшін олар Еңбек тобының амнистия туралы Мемлекеттік думаға енгізбек болып отырған заң жобасын өткізбей тастауды ұйғарды. Генерал Треповке мұнан артық енді не керек? Саудаласуды қойыңыз, генерал, сөйтіп «жабырқаусыз, қатерлі ойсыз, тек-

тек-тек бос күдіктерді қойып» делбені жаңа көшірге тапсырыңыз: сәтсіздік болған ретте «негізгі құралдар» бұрынғысынша сіздің еркіңізде қала береді ғой...

1906 ж. 27 июньде (10 июльде) жазылған

1906 ж. 28 июньде «Эхо» газетінің 6-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ГАЗЕТТЕР МЕН ЖУРНАЛДАР ӘЛЕМІНДЕ

Кадеттік-октябристік-чиновниктік министрлікпен жасалған айла-шарғының сәті түспегеннен кейін үкімет кадеттерді диктатурамен шошытып көрді. Енді кадеттер үкіметті революциямен қорқытып отыр. «Речь» былай деп жазады:

«Өрт лаулай түсуде — Россияның барлық түпкірінен бізге телеграф жеткізіп отырған хабарлардан туатын әсер осындай... Енді жалындап жатқан революцияшыл интеллигенция емес, тіпті жұмысшы табы да емес, жалындап жатқан шаруалар, жалындап жатқан әскерлер. Яғни, дұрысырақ айтқанда, бүкіл Россия жалындауда... Шаруалар, аздаған сылтау болса болғаны, сан мың топ болып жиналып, өкімет орындарына, жер иелеріне, поместьелер мен усадьбаларға өз дегендерін істейді».

Проф. Гредескул осы «өртке» байланысты тарихи оқиғаларды өзінің терең түсінетіндігін көрсетіп қалуға асығады:

«Біздердің шешуші оқиғалар қарсаңында тұрғанымыз күмәнсыз. *Не үкімет ең таяу арада ақылға келіп, өкімет билігін думалық министрлікке береді, не ол біздерді аса зор апатқа ұшыратады»*.

Сөйтіп, не революция, не кадеттік министрлік. Кадеттік министрліктің қажеттігін дәлелдеу үшін кадеттің барлық мүмкіндікті және көбінесе халықтың революциялық талапкерлігін пайдаланатынына таңданатын еш нәрсе жоқ. Тек ол бекерге дәмеленіп отыр: револю-

циялық талапкерліктің қуатына қарсы, «Речьтің» өзі айтып отырған бұқараның жиналыс бостандығына деген (жиналыстың кадеттік бостандығы емес, толық бостандығына) және бүкіл жерге деген өз правосын жүзеге асыруға ұмтылуына қарсы жасалатын әрекет — кадеттік тәуіптер революцияға қарсы қойып отырған кадеттік министрлік — еш нәрсе істей алмайды.

Тырысып бағыңдар, мырзалар, Витте — Дурновоның системасына да революцияның шамасы келген, кадеттердің қарсы шарасына да оның шамасы жетеді.

* *
*

Не революция, не кадеттік министрлік — дейді де, «Речь» онан әрі былай дейді: біз болсақ, айтуға рұқсат етіңіз, революциядан қорықпаймыз, ал сіздерге жаман болады. Бірақ айбынды кезеңде жауынгерлік позицияда тұра білетін адамдардың бәрі мұндай сөздердің бағасын біледі. Гредескул мырзалардың революциядан өрттен бетер қорыққандықтан ғана оны ауызға алатынын ойраншылар мен вахмистрлердің органы «Новое Время» да жақсы түсінеді. Сондықтан да «Новое Время» «кадет мырзалар, революциядан біз сіздермен бірдей қорқамыз, бірақ біз оған қарсы күресетін ресурстарымызды тауыстық дерліктей, ал сіздерде әлі де болса онша-мұнша бірдемелер бар — сондықтан — байқап көріңіздерші және істі ұзаққа созбаңыздар» деп мәлімдегенде, біздің ойымызша, дайындалып жатқан мәмленің психологиясы мен саяси мәнін әлдеқайда жақсы ашып көрсетеді. Нақ солай. Кадеттер былай дейді: біз күтіп тұра да аламыз, ал нововремяшыл мырзалар: тезірек жүріңдер, әйтпесе революция меңдетіп барады деп қайта-қайта шақырады.

«Новое Время» соңғы номерінде осылай деп жазып та отыр:

«...қопарылыс болады, ол үшін жауапкершілік қазіргі министрлікке ғана жүктеліп қоймайды, сонымен қатар кадет партиясына да жүктеледі; бұл партияның кінәсы, ол барып тұрған солшылдардың алдында өз беделінің біразынан айрылғысы кел-

мей жасқаншақтық жасап. Мемлекеттік думаны фатальдық ұзақ дау-жанжал жолына бастады, саяси программаны жүзеге асыруға өте-мөте ұзақ уақыт керек болатынына қарамастан, оны дереу жауынгерлікпен жүзеге асыруды талап етіп, бейбіт эволюция заңына қарсы қылмыс жасады».

Істің барысы осылай болып та отыр: біраз саудаласады, бірін-бірі қорқытады, ол кейін келіседі, өйткені іс біреу — мақсат та біреу.

* *
*

Иелерінен алынатын жер үшін кадеттер шаруалардан «әділетті бағамен» едәуір ақша алатын болғандықтан, шаруалардың пайдасына жерді еріксіз иеліктен айырудың принциптік жолсыздығына ғана бола Треповтың кадеттермен ажырасуы жөнсіз екенін кеше біз көрсетіп өткен едік *. Ал бүгін «Слово» былай деп отыр:

«Дума көпшілігінен жаңа кабинет құру туралы сыбыстардың бәрінің де табан тірері аграрлық реформа болып отыр. Бізге басқа жерлерден жеткен сыбыстарға қарағанда, *Дума кабинетін құру мәселесі жөніндегі келісімге негіз бола алатын нәрсе — жаңа заем негізі көрінеді.*

Заемның мақсаты — ең алдымен толғағы жеткен жер мәселесін шешу. Жасалған есептерге қарағанда, жерді еріксіз иеліктен айыру жөніндегі қолайсыз идеяны қоя тұрып, бұл мәселені шешу үшін екі миллиард сом керек. Ал заемның екінші жартысы армия мен флоттың жауынгерлік әзірлігін күшейту ісіне соғыс және теңіз министрліктерінің еш бақылаусыз жұмсауына берілуге тиіс».

Сонымен, істің ыңғайы келіп тұр: экспроприацияланатын помещиктерге және басқаларға сыйлық үшін екі миллиард, онымен қатар, соғыс және теңіз министрліктерінің еш бақылаусыз жұмсауына екі миллиард сом алып, одан әрі принциппен санаспай-ақ, Трепов кадеттерді өкімет басына қоюға риза. Қымбат сұрап отырған жоқ, шындығы осы емес пе, кадет мырзалар?

---

* Қараңыз: осы том, 296-297-беттер. *Ред.*

* *
*

«Наша Жизнь» партиямыздың жаңа съезін шақыру идеясы жайында алаңдап отыр. Ол алдағы съезді нендей бір апат түрінде, партиядағы айықпас дерттің нендей бір белгісі түрінде көрсеткісі келеді. «Тағы да съезд!» — деп шошиды ол. Иә, Орталық Комитет пен оның директивалары бүкіл партияның санасына қайшы келіп отырғанда, партия ішінде туып отырған жағдайдан шығудың лажсыз жолы ретінде тағы да съезд болады. Партия қазір демократиялық негізде қайта құрылып отыр, сондықтан біз «Наша Жизнь» демократтарынан демократиялық партияның ұйымдасқан түрдегі пікірі съезд арқылы білдірілмегенде қалай білдірілуі мүмкін деп сұраған болар едік. Бұл мырзалар өз газетінде Орталық Комитет саясатына қарсы пікір айтқан ұйымдар мен дауыстардың саны жайында «Эхода»[115] жарияланған мәліметтерді цитатқа келтіреді де, сөйте тұрып съезден шошиды.

Жоқ, жаңа съезд шақыру идеясы — бұл апат емес, бұл партияның өмір сүріп отырғандығының белгісі, партия ішіндегі жұртшылық пікірі күшінің белгісі, белгілі бір жағдайлардан туған қиыншылық халден партияның оңай, жеңіл шыға алатындығының белгісі. Ал партия ішінде ешкімге, әсіресе біздің жауапты министрлігімізге — Орталық Комитетке — съезд апат болып көрінбейтініне біз сенеміз. Партия үшін қазір съезд — қажеттілік, Орталық Комитет үшін — міндет, ал кадеттер мен олардың сөзін сөйлеушілер үшін,— мүмкін, қолайсыздық болар. Бірақ не істерсің! Съезд кімнің жеңісі болатын болса да — буржуазия үшін ол ірі қолайсыздық болатынын біз білеміз.

* *
*

«Голос Труда» (№ 7) газетінде былай деп басылыпты:

«Редакциядан. Біз К. П-ов жолдастан Н. Рахметов жолдастың мақаласы жайында хат алдық. Рахметовтың кейбір көзқарастарына оның қосылмайтынымызды, атап айтқанда, оның кадет-

термен «саяси коалиция» жасау туралы пікіріне мүлдем қосылмайтынымызды мәлімдеу қажет деп санаймыз.

Біз Рахметов жолдастың өз пікірін еркін білдіруіне право бердік. Ал біздің өзіміз Амстердам қарарын қолдаймыз және мұны конституциялық-демократиялық партияның саяси өмір майданына шыққан күнінен бастап-ақ ағымдағы саясаттың әр алуан мәселелері жөніндегі жетекші мақалаларда әбден айқын және анық көрсеттік».

«Голос Труда» редакциясына К. П-ов жолдастың, анығында, не жазғанын біз білмейміз, бірақ біздің түсіне алмайтынымыз мынау: Н. Рахметовтың мақаласын «түсіну» үшін редакцияға шынымен-ақ осы хатты алу қажет болғаны ма? Ал егер редакция Н. Рахметовтың пікірімен келіспейтінін К. П-ов жолдассыз-ақ түсінген болса, онда редакцияның келіспейтінін ескерте кетпейінше принциптік жетекші мақалаларды қалайша басуға болады? Оның үстіне, шынына келгенде, тек өткірлігі және қорытындылары мен ұрандарының «батылдығы» жағынан ғана қызғылықты мақаланың көлемділігі мұның авторы партияның басшы топтарына жақын адам болу керек деп ұйғарған көптеген оқушыларды еліктірді. Бірақ біздің аң-таң болған сезіміміз, дегенмен, біраз қанағаттанғандық сезіммен араласып отыр: «Голос Труданың» Н. Рахметовтан бас тартуына, рас, бір апта керек болды, бірақ сөйтсе де — ештен кеш жақсы деген ғой.

1906 ж. 28 июньде (11 июльде) жазылған

1906 ж. 29 июньде «Эхо» газетінің 7-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ГАЗЕТТЕР МЕН ЖУРНАЛДАР ӘЛЕМІНДЕ

«Мысль» газеті Ярославль әкімшілігінің қызықты «қара тізімін» басты. Ондаған адамдар (Ярославль қаласы бойынша 56 және Рыбинск қаласы бойынша—17) бұл тізімде «сенімсіздер» деп көрсетілген, сөйтіп құпия рапортта полиция департаментінен «тиісті жарлық» берілуі сұралған. «Мысль» бұл жөнінде былай дейді:

«Жұрттың бәрі ойлап көрсін. Құлағы барлар естісін. Ақылы барлар түсінсін. Полиция департаменті қазіргі уақытта социалист-революционерлер, социал-демократтар партияларына, шаруалар одағы мен темір жол одағына қатысы бар деп күдіктенген адамдарды жаппай, бұрын-соңды болып көрмеген мөлшерде «табу» жолымен бүкіл орыс жерінде толып жатқан ұйымдарды бір мезгілде батыл және «түпкілікті» «жойып жіберу» жөнінде орасан зор операция жасауды ойластырды. Департамент осы мақсат үшін жергілікті жерлерден күдіктілердің толық тізімін сұратып алған. Бір жерге жинақталған осы «қара тізімдерде» қазірдің өзінде-ақ ондаған мыңға жуық адамдардың есімдері бар, сөйтіп бұларға қай кезде болсын тұтқынға алыну қаупі төнді».

Сонымен, үкімет жаңа заговор әзірлеп жатыр. Халыққа қарсы әскери әзірліктер, Думаны тарату жөніндегі «шаралар», тұтқынға алу үшін ондаған мың адамдардың тізімдері! Октябрь — декабрьдегі сияқты, үкімет тағы да бостандық жолындағы мыңдаған күрескерлерді алдап қолға түсіріп, қырып-жою үшін біршама бостандықты пайдаланып, революцияны «тарпа бас салғалы аңдып тұр».

Жұрттың бәрі және әрбір адам өз орнында болсын. Үкімет әзірленді,— революцияшыл халықтың да әзірленуі керек.

1906 ж. 29 июньде (12 июльде) жазылған

1906 ж. 30 июньде «Эхо» газетінің 8-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

«БЕЙПАРТИЯЛЫҚ» БОЙКОТШЫЛАРДЫҢ ҚАТЕ ПІКІРЛЕРІ

«Мысль» газеті жуырда бас мақаласында Мемлекеттік думадағы Еңбек тобы партиялық фракциялар құрылуы нәтижесінде «жіктелуге» тиіс емес деп дәлелдеуге тырысты. Думаға жасалған бойкот ұшқары партиялардың Думада өз фракцияларының болмауын алдын ала шешіп беріп отыр-мыс. Ал Еңбек тобы, нақ партиялық емес ұйым болғандықтан да, жергілікті жерлердегі оған «көмектесетін» партиялық емес «топтармен» байланысты бәрінен де көп пайда келтіреді.

Бұл пікірлер түбірімен дұрыс емес. Бейпартиялық революцияшылдық дегеніміз буржуазиялық-демократиялық революция заманында қажет және болмай қоймайтын құбылыс. Социал-демократ большевиктер мұны талай рет атап көрсеткен болатын. Партиялық дегеніміз күшті дамыған таптық қарама-қарсылықтардың нәтижесі және соның саяси көрінісі. Ал олардың дамымағандығы буржуазиялық революцияның өзіне тән қасиеті болып табылады. Бейпартиялық-революциялық демократия мұндай революция заманында өспей және өріс алмай тұра алмайды.

Социал-демократтар саналы пролетариаттың өкілдері болғандықтан, әр түрлі бейпартиялық революциялық одақтарға қатыспаймыз деп сөз бере алмайды. Мәселен, жұмысшы депутаттарының Советтері, Шаруалар одағы, ішінара мұғалімдер[116], теміржолшылар[117] одақтары, т. б. сондай одақтар болатын. Оларға қатысуды біз социал-демократияның революциялық буржуазия-

лық демократиямен уақытша жауынгерлік одақтары деп қарауымыз керек. Мәселені осылайша қойғанда ғана пролетариаттың көкейтесті және түбегейлі мүдделеріне, марксистердің мейлінше дербес социалистік көзқарастарын қорғауға және социал-демократтардың дербес партиялық ұйымдарын құруға сәл ғана мүмкіндік болған жағдайда осындай ұйымдарды құру ісіне нұқсан келмейтін болады.

Социал-демократтардың осындай дербес ұйымдарының құрылуына бейпартиялық-революциялық ұйымдарды «жіктеу» деп қарау, 1-ден, таза буржуазиялық көзқарасыңды, ал, 2-ден, өзіңнің бейпартиялықты қорғауыңның жалғандығын немесе ойланбағандық екенін байқатып алу деген сөз. Социалистердің ерекше партия болып бөлінуін тек буржуазия идеологтары ғана «жіктелу» деп айыптай алады. Тек шын пейілді емес, яғни өзінің *бүркемеленген* партиялығынан іштей қорқатындар немесе мәселені әбден ойламаған адамдар ғана *партиялық* ұйымдардың құрылуына бейпартиялық ұйымдарды «жіктеу» деп қарай алады. Бұл пікірдің бас-аяғы жинақы болмай тұр ғой, мырзалар. Өйткені *бей*партиялық дегеніміз әр түрлі партиялар жөнінде (ортақ, революциялық-демократиялық мақсаттар шеңберінде) бейтарап болу деген сөз ғой. Ал, «жіктелу» деген сөз арқылы партиялықты кінәлау бұл бейтараптық пен бейпартиялықтан шегіну болады, нағыз партиялық болады. Мырзалар, сіздер не екіжүзділік жасап отырсыздар, не жете ойланбай отырсыздар: істің мәніне келгенде, сіздердің жіктелуге қарсы болып, бейпартиялықты жақтаған айқайларыңыз *өздеріңіздің* партиялығыңыздан қорқуыңызды бүркемелейді. Айталық, құрылтай жиналысының шын бейпартиялық жақтаушысы өз пікірлестерінің бір бөлегінің, бұл талапты толығынан қабылдай отырып, дербес партия құруына жіктелу деп қарамаған болар еді.

Сонымен, бейпартиялық революционерлер бейпартиялық-революциялық ұйымдарын дамыта берсін. Жолдары болсын! Бірақ олар бейпартиялық революцияшылдықты «жіктейтін» партиялық революционерлерге қарсы азырақ айқайлайтын болсын.

Енді бойкот туралы. Бойкоттың қателік болмағанына біз кәміл сенуліміз. 1906 жылдың бас кезіндегі нақты тарихи жағдайда ол қажет және дұрыс болды. Булыгин думасын сәтсіздікке ұшыратқаннан соң және декабрьден кейін социал-демократтар құрылтай жиналысы жолындағы күрес туын да жоғары көтеруге және Витте думасын да солайша сәтсіздікке ұшыратуға *барлық* күшін салуға міндетті болды. Біз өзіміздің революциялық борышымызды өтеп шықтық. Сонымен бойкот, әр алуан өтірік-өсектерге және кешіккен өкіністерге қарамастан, жұмысшылар арасында революциялық рух пен социал-демократиялық сананы қолдап отыру үшін көп пайда берді. Бұған берілген ең жақсы баға: 1) бойкотты төменгі жұмысшылар бұқарасының қолдауы, 2) оның әсіресе езілген шет аймақтарда тамаша жақсы жүргізілуі, 3) үкіметтің бойкотқа қарсы арнаулы заң шығаруы [118].

Бойкот жасау қате және пайдасыз іс болды деген пікір — дұрыс емес және өрісі тар пікір. Ол тек моральдық-саяси пайда келтіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар мейлінше нақты, тікелей пайда да келтірді. Ол үкіметтің барлық назарын және барлық күшін нақ осы бойкотшыларға қарсы күреске аудартты. Ол үкіметті адам күлерлік, ақымақтық және бізге пайдалы жағдайға: Думаны шақыруды *жақтап* күресуші жағдайына түсірді. Ол мұнымен Дума құрамына үкіметтің назар аударуын барынша әлсіретті. Ол, егер соғыс тұрғысынан салыстыру мүмкін болса, бетпе-бет шабуыл жасау немесе бетпе-бет шабуыл жасаған болып көріну болды, ал мұнсыз дұшпанды ту сыртынан орағытып алуға *болмайды.* Бұл нақ осылай болып та шықты, біз, революционерлер, бетпе-бет шабуыл жасауды көрсеттік, ал адам айтқысыз есуастық заң шығарған үкімет бұдан өлердей қорқатын еді. Либерал буржуа мен бейпартиялық революционерлер бұл бетпе-бет шабуыл мен дұшпан күштерінің орталыққа шоғырлануын орағытып өту үшін пайдаланды. Олар жауды ту сыртынан келіп орағытып өтті, бұқпалап келіп Думаға кірді, киімдерін өзгертіп жау лагеріне еніп кетті.

Әркім өз ісін істеді. Пролетариат күресуде, буржуазия бұқпалауда.

Сойтіп енді сарай маңындағы сұрқиялар шақырған, сұрқияларға бағынышты, сұрқиялармен саудаласқап Дума үшін саяси жауапкершілікті біз *түгелімен* кадеттерге арттық. Біз қалай да осылай етуге тиісті болдық, өйткені Думаның құрамында және оның ісінің барлық сипатында екі жақтылық бар еді: біз қолдауға тиісті бірдеңелер бар еді және біз батыл күресуге тиісті де бірдеңелер бар еді. Тек буржуазиялық саясатшылар ғана бұл екі жақтылықты ұмытады немесе оны көргісі келмейді. Тек буржуазиялық саясатшылар ғана самодержавиенің либералдық-монархиялық буржуазиямен бірігіп, пролетариат пен шаруаларға қарсы контрреволюциялық келісім жасау органы ретіндегі Думаның ролін қасарысып елемейді. Мұндай мәмле уақытша болса да жасала ма, оның зардаптары қандай болады, бұл әзір белгісіз. Бұл, түптеп келгенде, Думадан тыс халық қозғалысының күшіне, ұйымшылдығы мен сапалылығына байланысты. Ал Думада осындай мәмлеге келуге *бара алатын* таптың өкілдері басым екені, қазіргі кезде бұл жөнінде келіс сөздер жүріп жатқаны және әзірлік, байқап қарау қадамдары жасалып жатқаны — бұл *факт.* Кадеттердің «теріске шығаруларының» ешқайсысы, меньшевиктердің ешқандай үндемеулері бұл фактіні жасыра алмайды.

Бұл осылай болған соң — ал мұның осылай екені күмәнсыз — пролетариаттың тап күресінің мүдделері оның толық саяси дербестік сақтауын сөзсіз талап еткені анық. Ол қандай садақаға болса да қуана келіп жармасуға дайын тұратын либерал буржуазияға еліктемеуге тиіс болды. Ол сарай маңындағы сұрқиялар құратын тұзақтардан халықты барлық жігерімен сақтандыруға тиісті еді. Ол өңі айналдырылған, кадеттік «халық өкілдігін» шақыртпау үшін бар амалды істеуге тиіс болды. Міне, осының бәріне нақ бойкот арқылы қол жетті.

Сондықтан, буржуазияға күлкі болып, енді бойкоттан бас тартып отырған және *өздерінің* кешегі қылығын кінәлап отырған оң қанаттағы социал-демократ-

тардың пайымдаулары өте ұшқары және мүлдем тарихи емес пікірлер. Өйткені меньшевиктер де *бойкотшылар болды* ғой: олар Думаға тек басқа сатыда бойкот жасағысы келген еді. Өздерінің өткендегісін азды-көпті бағалай білетін социал-демократтардың ұмытуы кешірімсіз болатын *екі* тарихи фактіні ғана еске түсірсек жеткілікті. *Бірінші* факт: партиямыздың большевиктер мен меньшевиктерден тең мөлшерде құрылған Біріккен Орталық Комитетінің листогында бойкот идеясын олардың екі жағы бірдей мақұлдайды, олар тек бойкоттың қай сатыда жасалғаны тиімді деген мәселеде ғана бір пікірде емес делінген сөз турадан-тура айтылған болатын. *Екінші* факт: меньшевиктер бастырып шығарған бірде-бір еңбекте олардың ешқайсысы Думаның өзіне қатынасуға шақырған жоқ, тіпті «батыл» деген Плеханов жолдастың да мұны істеуге батылы бармаған еді. Социал-демократтар үшін бойкоттан бас тарту партияның кешегі тарихын қате түсіну болады.

Бірақ бойкот жасаудан Думада өзінің партиялық фракциясын құрудан бас тарту *міндеттілігі* туа ма? Мүлдем тумайды. «Мысль» сияқтанып, солай ойлайтын бойкотшылар қателеседі. Жалған өкілдік шақыруға кедергі жасау үшін біз қолдан келгеннің бәрін істеуге тиісті едік және біз оның бәрін істедік те. Бұл солай. Ал егер, біздің күш салуымыздың бәріне қарамастан, ол шақырылған болса, біз оны пайдалану міндетінен бас тарта алмаймыз. Революциялық күресті және революцияның толық жеңуі жолындағы күресті бағаламайтын буржуазиялық саясатшылар ғана мұны қисынсыз деп білетін болар. 1869 жылы неміс рейхстагын масқаралаған, сынаған және керексіз деп санаған, ал 1870 жылдан кейін оған қатысқан Либкнехттің үлгісін еске салайық. Либкнехт буржуазиялық-сатқын өкілдік жолындағы емес, революциялық халық өкілдігі жолындағы революциялық күрестің маңызын бағалай білді. Либкнехт өзінің өткендегісінен тайсақтап бас тартқан жоқ. Ол: мен мұндай рейхстагқа қарсы күресу үшін, мәселенің ең қолайлы болып шешілу мүмкіндігі жолында күресу үшін бәрін де істедім. Бірақ мәселе жаман болып шешілді. Мен өзімнің революция-

лық дәстүрлерімді сақтай отырып, соның өзін де пайдалана аламын деді және де оның осылай деуге толық правосы бар еді.

Сонымен, бойкот жасаудан Думаны пайдаланудан бас тарту керек деген және Думада партиялық фракция құрудан бас тарту керек деген қорытынды шығаруға болмайды. Мәселе басқаша қойылып отыр: өте сақтық керек (бұл мәселені Бірігу съезінде большевиктер нақ *осылай* қойған болатын, олардың қарарының жобасын оқыса бұған әркімнің де көзі жетеді *). Думаны *қазір* оның ішінде жұмыс жүргізу жолымен пайдалануға бола ма, бұл үшін жарайтын социал-демократтар және қолайлы сыртқы жағдайлар бар ма? осыны қарау керек.

Біз бар деп ойлаймыз. Думадағы депутаттарымыздың іс-әрекетіндегі жеке қателерді көрсеткен едік, алайда жалпы және тұтас алғанда олар дұрыс позиция ұстады. Думада шын революциялық жағдайға *сай келетін* топтасу *құрылды:* октябристер мен кадеттер оңға, социал-демократтар мен трудовиктер (немесе, дұрысырақ айтқанда, трудовиктердің тәуірлері) солға топтасып отыр. Халықты нақ кадеттік Думаның қауіпті жағынан сақтандыру үшін, нақ Думаның, думалық тактиканың, думалық мақсаттардың және т. б. шеңберлерімен шектелмеген революциялық қозғалысты дамыту үшін біз ондай топтасуды пайдалана аламыз және пайдалануға тиістіміз. Мұндай топтасу тұсында — істі дұрыс жүргізе білсек — біз бейпартиялық революцияшыл демократтарды да пайдаланамыз және сонымен бірге социал-демократиялық, пролетарлық партия болып, мейлінше айқын және батыл бой көрсете аламыз.

«Эхо» № 9, 1 июль, 1906 ж.

«Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 398—399-беттер. *Ред.*

БУРЖУАЗИЯНЫҢ СӨГІСТЕРІ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ШАҚЫРУЛАРЫ

Мемлекеттік думада Белосток ойраны туралы баяндамаларды талқылау аяқталып келеді. Үкіметтің қылмыстары барынша толық, кейде тіпті тәптештеле дәлме-дәл ашылды деуге болады. Жергілікті *және орталық* әкімшіліктің зұлымдық қылықтарын айыптауда Мемлекеттік дума мейлінше толық бір ауызды болған секілді көрінді. Дума «таптар күресін біртұтас етіп тоғыстырады-мыс» деуге аузы баратын адамдар мұндай бір ауыздылыққа масаттана алар еді [119].

Бірақ мәселе ойраншылар шайкасының зұлымдық қылмыстарымен *күресу үшін* қажетті шаралар жөніндегі *практикалық* қорытындыларға келгенде алдамшы, үстірт бір ауыздылық деген қаусап түсті. «Таптар күресі біртұтас етіліп» қалай «тоғыстырылатын» болса дағы буржуазия мен пролетариат өздерінің бостандық жолындағы күресінде *мәні жағынан* әр түрлі мақсаттар көздейтіні дереу айқындала қалды. Революцияны *тыныштандыруды* өз қолына алу үшін буржуазия үкіметке «сөгіс» бергісі келеді. Пролетариат халықты революциялық күреске *шақырғысы* келеді.

Бұл айырмашылық Белосток ойраны жөнінде ұсынылған екі қарардан айқын көрінді. Буржуазияның (конституциялық-демократиялық партия) формуласы: 1) үкіметті сөгеді; 2) министрліктің отставкаға кетуін талап етеді және 3) «үкімет революцияға қарсы күресте өзінің *дәрменсіздігін* мойындайды» дегенге сал-

мақ салады. Буржуазия *революцияға қарсы күресте күшті* үкімет болғанын қалайды.

Пролетариаттың (социал-демократиялық партия) формуласы басқаша: 1) үкіметті сөгеді—ал саясаттағы аңқаулар әдетте өздерінің назарын пролетариат пен буржуазияның осы «бір ауыздылығына» аударумен шектеледі; 2) «азаматтардың өмірі мен мүлкін қорғап қаларлық *бірден-бір* құрал *халықтың өзінің қарулануы бола алады»* дейді; 3) *«халықты* өз өмірі мен мүлкін қорғау ісін *өз қолына* алуға» және «ұлттық қырқысқа *тойтарыс беруге»* «шақырады».

Осы екі түрлі формуладан буржуазия мен пролетариат *мүдделерінің* айырмашылығы айқын көрінеді. Буржуазия революцияны сөндіргісі келеді. Пролетариат революцияны қаруландырғысы келеді. Буржуазия чиновниктердің сотын көксеп күрсінеді. Пролетариат халық сотына жүгінеді («халық соты бұл қылмыстыларды және *оларды қорғаушыларды* құтқармайды»— Думадағы біздің социал-демократиялық фракциямыздың формуласынан). Буржуазия тек *министрлерді* шақырады, шақырғанда оларды *икемге келуге* шақырады. Пролетариат *халықты* шақырады, шақырғанда қарулануға және *тойтарыс беруге* шақырады.

Думадағы біздің жолдастарымыз бұл мәселеде дұрыс бағыт алып отыр. Олардың бұдан былай да революцияшыл пролетариаттың мәлімдемелерін оппортунистік буржуазияның құрғақ сөздеріне осылайша айқын, ашық және ымырасыздықпен қарама-қарсы қойып отыруына тілектеспіз.

«Эхо» № 9, 1 июль, 1906 ж.

«Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АРМИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Әскер арасындагы қозғалыс туралы деректер барлық газеттерде ылғи басылып келеді. Дума «жұмысының» екі айы ішінде әскер полктарының немесе бөлімдерінің қаншасында толқу және көтеріліс ұшқындары болғанын қазірдің өзінде есепке алу қиын. Буржуазияның аңқау (дегенмен әрқашан да бірдей аңқау емес) саясатшылары ойлап шығарған атышулы бейбіт парламенттік қызмет әскери іс саласында да әсте бейбіт емес және әсте парламенттік емес күрес әдістеріне, қозғалыс формаларына әкелетін болып отыр.

Әскер арасындағы қозғалыс туралы фактілер мен деректерді келтіре отырып, біздің либералдық-буржуазиялық баспасөз бұл материалды әдетте үкіметті қорқыту үшін ғана пайдаланады. Өрт өршіп келеді, абайлаңдар, сақтаныңдар, министр мырзалар, кешікпей тұрғанда, біздің айтқанымызға көніңіздер — деп пайымдайды әдетте кадет газеттері. Ал министрлер («Новое Время» және басқа итаршы газеттер арқылы): абайлаңдар, мырзалар, өрт өршіп келеді, кешікпей тұрғанда, бізбен келісімге келіңдер—деп кадеттерді қорқытумен жауап береді. Кадеттер де, үкімет те әскердегі қозғалысқа революцияны сөндіру үшін дереу шаралар қолдануды қажет ететін іс деп қарайды. Олардың мүдделерінің пайдакүнемдігімен тығыз байланысты көзқарастарының тар өрістілігі оларға бұл қозғалысты біздің революциямыздың *шын* сипатының, оның *шын* талаптарының ірі көрсеткіштерінің бірі деп қарауына

кедергі жасайды. Кадеттер де, үкімет те армия туралы мәселеде өз пайдасын көздейді. Ойраншыларға армия ойрандау құралы ретінде керек. Либерал буржуаға армия шаруалардың және әсіресе жұмысшылардың «шектен асқан» сұқтанулары мен талаптарынан буржуазиялық монархияны сақтаушы есебінде керек. «Армия саясаттан тыс болуға тиіс» дейтін оңбаған, екіжүзді, жалған доктрина буржуазияның осы жөніндегі шын талаптарын бүркемелеуге өте-мөте қолайлы.

Бірақ әскери толқулардың сипатына, солдаттардың талаптарына қараңызшы. «Бағынбағаны» үшін атылуға бара жатқан солдаттарға дербес мүдделері бар адамдар, халықтың бір бөлегі, қоғамымыздың белгілі бір таптарының толғағы жеткен мүдделерін білдірушілер деп қарап көріңізші. Сонда сіздер саяси жағынан ең кенже қалған шаруаларға бәрінен де жақын тұрған, бастықтар жаппай тепкілеп, топастандырып, азапқа салып үйретіп отырған солдаттар,— міне осы «қасиетті хайуан» атанған солдаттар, кадет программаларынан *өлшеусіз әрі баратын* талаптар қойып отырғанын көресіздер!

Кадеттер мен кадеттік Дума өздерін жалпы халықтық талаптарды білдірушілерміз деп көрсетуді ұнатады. Көптеген аңқаулар бұған нанады. Ал енді фактілерге, халықтың қалың бұқарасының шын талаптарына, шын күресіне қараңызшы,— сонда сіздер кадеттер мен кадеттік Думаның қоғамдық талаптарды *жырымдап*, оларды бұрмалап отырғанын көресіздер.

Фактілерге қараңызшы. Преображенск полкының солдаттары жер мен ерік жолындағы күресте Еңбек тобын қолдау керек деген талап қойды. Есіңізде болсын: бұл — Думаны қолдау емес, Еңбек тобын қолдау,— қолдағанда, жерге жеке меншікті жою туралы 33-тің аграрлық жобасына бола Мемлекеттік думаны «өрескел масқаралады» деп кадеттер айыптаған Еңбек тобының дәл өзін қолдау! Солдаттар, бұл «сұрықсыз хайуандар», көріп отырсыздар, кадеттерден әрірек барып отыр: көзі ашық буржуазиядан гөрі *көбірек нәрсе* тілеп отыр...

Петербургтің жаяу әскер полктарының бірі: «...Мемлекеттік думаға бізден, солдаттардан, біздің солдаттық мұң-мұқтаждарымызды жоқтайтын депутаттар сайлапуға тиіс» деген талаптар қойды. Солдаттар саясаттан тыс қалғылары келмейді. Солдаттар кадеттермен келіспейді. Солдаттар касталық армияны, халықтан қол үзген армияны жоюға, оны толық праволы азаматтар армиясымен алмастыруға айқын бағытталған талаптар қойып отыр. Ал тұрақты армияны жойып, халықты қаруландыру дегеннің өзі, міне, осы емес пе.

Варшава округінің солдаттары құрылтай жиналысын талап етіп отыр. Олар *солдаттарға* «офицерлердің ешқандай рұқсатынсыз және қатысуынсыз» жиналыстар мен одақтар бостандығы берілуін талап етіп отыр. Олар солдаттың «әскери міндетті туған жерінде атқаруын», қызметтен тыс уақытта жай киім киюге право берілуін, солдаттарды азық-түлік, киім-кешекпен жабдықтау ісін басқару үшін, солдаттардың кінәлы істерін талқылайтын сот құру үшін *солдаттардың сайламшы адамдары* болу правосын талап етіп отыр.

Бұл не? бұл әскери реформа жөніндегі кадеттік түсініктерге ұқсай ма? Немесе бұл бүкіл халықтық және толық демократиялық милиция құруға өте жақын келетін нәрсе ме?

Солдаттар шын халықтық, халықтың басым көпшілігі қолдайтын талаптарды көзі ашық буржуа мырзалардан жақсырақ білдіреді. Әскердегі қозғалыстың сипаты мен негізгі белгілері азаттық күресінің қазіргі жағдайдағы басты және негізгі формаларының мәнін кадеттердің тактикасынан гөрі дұрысырақ көрсетеді. Жұмысшылар мен шаруалар қозғалысы мұны одан да гөрі зор күшпен дәлелдейді. Сондықтан біздің міндетіміз — бұл қозғалысты кадеттердің тым жұпыны саясатының тар шеңберімен тарылту емес, кадеттердің тым жұпыны ұрандарына бейімдеумен оны кеміту емес, қайта нағыз дәйекті, батыл және айбынды демократизм рухында қолдай беру, кеңейте беру, дамыта беру.

«Эхо» № 10, 2 июль, 1906 ж.

«Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ГАЗЕТТЕР МЕН ЖУРНАЛДАР ӘЛЕМІНДЕ

Кадет мырзалар өтірік «түсінбегенсумен» келеді. Олардың бәрінен де гөрі қасарыса «түсінбегенсіп» келе жатқаны Изгоев мырза болар. Бейне бір жәбірленген пішінмен ол кадеттерге тиіскені үшін «большевик мырзаларга» ашу шақырды.

««Халық бостандығы» партиясы ешкімді алдамайды. Одан партия съездері мақұлдаған программа мен тактикада көрсетілгенінен артық нәрсені талап етуге ешкімнің правосы жоқ. Бұл программа мен тактикада — қарулы көтеріліс те, монархияны құлату да жоқ. Большевиктер іс жүзінде өмір сүріп отырған партиямен санасуға тиіс. Сондықтан олардың өздеріне дұрысып айтып отырған және олардың нұсқауы бойынша әрекет істегісі келмейтін адамдарға ашулануы біраз оғаштау нәрсе».

Міне солай, Изгоев мырза; біз нақ сол «іс жүзінде өмір сүріп отырган партиямен санасып-ақ отырмыз». Сіз әлі «түсінбегенсіп» отырсыз ба? Ал оның бер жагында мәселе ап-айқын: «халық бостандығы партиясының» *программасы* буржуазиялық партия үшін жаман программа емес. Біз мұны, есіңізде болсын, шынымен айтып отырмыз.

Онда (*программада,* Изгоев мырза!), мәселен, сөз бостандыгы, жиналыстар бостандығы бар болатын, тағы басқа толып жатқан жақсы нәрселер бар. Бірақ мұның өзі кадеттердің сөз бостандығына да *қарсы,* жиналыстар бостандығына да *қарсы* және басқа жақсы нәрселерге де қарсы каторгалық заң жобаларын әзірлеуіне кедергі болған жоқ.

Ал тактика жағына келетін болсақ...

Партия съездерінің «не жеңіп, не жеңіліп тыну», «не даңқ алып, не масқара болып өлу» деген сияқты тактиканы әбден мақұлдағаны рас. Бірақ кадеттердің, съездердегі емес, іс жүзіндегі тактикасы басқа бірдеңені қоңырсытып отыр. Сіздер қарулы көтеріліске қарсысыз ғой? Бұған толық праволысыздар, мырзалар, бірақ сіздер *бас имейтін, келісімге келмейтін оппозицияны* жақтаушы едіңіздер ғой, сіздер патшалық құратын, бірақ билік жүргізбейтін монарх тұсында өкіметтің халық қолына көшуін жақтаушы едіңіздер ғой? Ендеше, сіздердің министрлік портфельдер жайында *саудаласатындарыңыз* қалай? Міне, солай, Изгоев мырза, біз, қағаз жүзінде емес, нақ осы «іс жүзінде өмір сүріп отырған партиямен санасып отырмыз». Егер сіздер «партия съездері мақұлдаған» программаңыз бен тактикаңыздың айтуы бойынша *толық дәрежеде* күрескен болсаңыздар, онда сіздермен біздің әңгімеміз де басқаша болған болар еді.

Изгоев мырзаның мақаласында тағы да көп қызықтар бар. Бірақ, жалпы алғанда, ол — А. Л. жолдастың әдеби меншігі. Оған біздің қол сұққымыз келмейді.

«Эхо» № 10, 2 июль, 1906 ж.

«Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БҰҚАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ КҮРЕС КЕЗЕҢІН ТАҢДАП АЛУ ТУРАЛЫ [120]

Біз бүгін Хрусталев жолдастың жұмысшы депутаттары Советтерін құрудың мезгілі жеткені туралы мәселе жөніндегі мақаласын басып отырмыз. Мақала авторының есімі мәселемен оның өте-мөте таныстығының кепілі болатындығын айтып жатуымыздың қажеті жоқ. Мұны Петербург жұмысшыларының бәрі біледі. Олар жұмысшы депутаттары Советтерін құру туралы мәселеге дәл қазіргі кезеңде астана пролетариатының ерекше назар аударып отырғанын да біледі.

Хрусталев жолдастың партиямыздың Петербург комитетінің шешіміне қарсы айтысы осындай жағдайларда көрнекті маңыз алып отыр.

Біз Хрусталев жолдаспен келісе алмаймыз. Ол Петербург комитетіне қарсы жалпы алғанда жұмысшы депутаттары Советтерінің идеясын және 1905 жылдың аяғындағы олардың тарихи ролін қорғағансып босқа әуреленеді. Ол декабрьді Совет есебіне қоюдан босқа бас тартып отыр. Біз мұны бәлсінбей-ақ істер едік,— бірақ, әрине, біз декабрьді «дебет» жағына емес, «кредит» жағына жазар едік. Біз жұмысшы депутаттары Советтерінің нақ жауынгерлік ролін олардың өте зор және әлі де оншама жете бағаланбаған еңбегі деп есептейміз.

Алайда жұмысшы депутаттары Советтері *өзгеше бір* жауынгер ұйым еді, бірақ ұйымның пайдасы туралы жалпылама пікір айтудан осы *өзгеше бір* ұйымның *қазіргі* кезеңдегі пайдасы туралы мәселе титтей де алға

жылжымай отыр. «Совет революцияшыл пролетариаттың революциялық парламенті болып еді» деп жазады Хрусталев жолдас. Әділетті айтылған. Әсте де техникалық-жауынгерлік емес, қайта нақ осы роль Советке тән нәрсе. Кәсіпшілік одақтарды ұйымдастырушы ретіндегі, анкеттер инициаторы ретіндегі, ымыраластырушы камера, т. с. ретіндегі Советтің ролі мүлде қосымша, екінші дәрежелі роль еді. Советсіз де бұл рольдердің орындалуын әбден көз алдыңа елестетуге болады. Бірақ жаппай стачка бұқаралық бейпартиялық стачкалық комитетсіз бола қояр ма екен. Совет *тікелей* бұқаралық күрестің қажеттігінен, оның органы есебінде, өсіп шықты. Бұл факт. Тек осы факті ғана бізге Советтің *ерекше* ролі мен шын маңызын түсіндіреді. Петербург комитетінің қарарындағы «жауынгер» деген сөз дәл осы фактіні көрсетеді.

Анкеттер үшін, кәсіпшілік одақтарын дамыту үшін, т. б. үшін жұмысшы депутаттары Советтерін құруды ешкім ойламас та еді. *Советті құру пролетариаттың тікелей бұқаралық күресінің органдарын құру деген сөз.* Мұндай органдарды кез келген уақытта құруға болмайды, ал кәсіпшілік одақтары мен саяси партиялар болса, *әрқашан* қажет *және сөзсіз* қажет, бұларды қандай жағдайларда болсын құруға болады және құру керек. Сондықтан жалпы алғанда ұйымдардың маңызын айтумен Петербург комитетіне қарсы болу — үлкен қателік. Сондықтан шаруалардың жерге орналастыру комитеттері идеясын барлық социал-демократтардың қорғауын дәлелге алу да қате нәрсе: бұл комитеттер шынында аграрлық реформаны жаппай талқылауға *байланысты,* қазірдің өзінде өсіп отырған аграрлық қозғалысқа *байланысты* жобаланып отыр.

Бірақ бұл комитеттер де «мезгілсіз» бой көрсетуге алып келуі мүмкін — деп мысқылдайды Хрусталев жолдас. Мәселенің өзі де осында: шаруалардың бой көрсетуі мен жұмысшылардың бой көрсетуінің арасында дәл қазіргі уақытта маңызды айырмашылық бар екендігінде болып отыр. Қазіргі уақытта шаруалардың жаппай бой көрсетуі «мезгілсіз» болуы *мүмкін емес,* ал жұмысшылардың кең көлемде бой көрсетуі өте-мөте

«мезгілсіз» болуы ықтимал. Себебі түсінікті: жұмысшы табы өзінің саяси дамуында шаруалардан *озып кетті*, ал шаруалар бүкіл россиялық революциялық бой көрсетуге өзінің әзірлігі жағынан жұмысшы табын *әлі қуып жеткен жоқ*. Шаруалар жұмысшы табын декабрьден кейін және едәуір дәрежеде декабрьдің арқасында (декабрьді бағаламауға немесе тіпті декабрьден безуге бейім жасқаншақ педанттар не айтса да) қуып жетіп келеді. Шаруалар оны жер жөніндегі жергілікті комитеттердің көмегімен *бұрынғыдан тезірек* қуып жететін болады. Соңғы шайқаста авангардқа көмектесуге жетіп үлгермеген арьергардты шаужайлау сөзсіз пайдалы және қай жағынан болса да қауіпті емес. Соңғы шайқаста өзіне көмектесуге арьергард жетіп үлгере алмаған авангардты шаужайлау сөзсіз қауіпті, сондықтан мұны істеуден бұрын жеті рет өлшеп-пішіп алу керек.

Міне, біздің ойымызша, осы ерекше саяси жағдайды Хрусталев жолдас еспке алмаған. Жалпы Советтердің сіңірген еңбегін және маңызын бағалауда оның айтқаны мың мәрте дұрыс. Қазіргі кезеңді және шаруалар мен жұмысшылардың бой көрсетулерінің арақатынасын бағалауда оның айтқаны дұрыс емес. Петербург комитетінің басқа қарардағы мына бір екінші ұсынысын: халықтың өз бетімен құрылған ұйымдарының әрекетін біріктіру үшін Думаның солшыл топтарынан атқару комитетін құру идеясын қолдау керек деген ұсынысын, сірә, ол ұмытып отырған болуы тиіс *. Мұндай комитетте тұтас алғанда шаруалардың әзірлігі мен бел байлауының дәрежесін неғұрлым дәл анықтауға болар еді, ал жұмысшы депутаттары Советтерін құруды да осыған қарай практикалық негізге қоюға болар еді. Басқаша айтқанда: Петербург комитеті қазір үлкенірек нәрсеге ұмтылып отыр, пролетариаттың жауынгер ұйымдарын құрудың бір өзіне ғана емес, оларды шаруалардың жауынгер ұйымдарымен үйлестіруге, *ұштастыруға* ұмтылып отыр, т. т. Петербург комитетінің жұмысшы депутаттары Советтерін құруды қазіргі кезеңде *кешеуілдетіп* отырған себебі, жұмысшы депутатта-

* Қараңыз: осы том, 225—226-беттер. *Ред.*

ры Советтерінің зор маңызын өзінің багаламағандығынан емес, оның себебі, *табыстың* тағы бір жаңа, қазір ерекше айқын көзге түсіп отырған *шартын,* атап айтқанда, революцияшыл шаруалар мен жұмысшылардың бірлескен қимылын өзінің есепке алғысы келетіндігінен. Демек, Петербург комитеті өз қолып өзі ешбір байламайды және ертеңгі күннің тактикасын ешбір алдын ала шешпейді. Петербург комитеті авангардқа *дәл қазір* мынадай кеңес береді: ұрысқа шықпа, әуелі арьергардқа делегаттарыңды жібер; ертең арьергард жақын келеді, тегеурін ынтымақты болады, ертең біз қимылға неғұрлым дер кезінде шақыратын ұран тастауға үлгереміз.

Аяқтайық. Хрусталев жолдас, жалпы айтқанда, Советтер құруды жақтап өте-мөте нанымды дәлелдер келтірді. Советтердің жалпы маңызын ол тамаша бағалады. Оның күресі көбінесе Советтің ролін төмендетуге қарсы, жалпы революциялық бой көрсетулердің маңызын төмендетуге қарсы бағытталған және бұл күресте Хрусталев жолдастыкі әбден дұрыс та. Мұндай «төмендетушілер» бізде жалгыз кадеттер арасында гана емес, басқалардың арасында да көп-ақ. Бірақ жендеттер мен ойраншылардың кінәсынан пролетариатпен үнемі және тығыз байланыс жасаудан қол үзген Хрусталев жолдас *қазіргі кезеңді* және революциялық күштердің *қазіргі* «диспозициясын» толық бағалай алмады. *Бүгін* таңда авангард өзінің негізгі назарын тікелей аттанысқа емес, арьергардпен және басқа да отрядтардың бәрімен мейлінше тығыз байланысты нығайтып, кеңейтуге аударуға тиіс.

«Эхо» № 11, 4 июль, 1906 ж.

«Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ГАЗЕТТЕР МЕН ЖУРНАЛДАР ӘЛЕМІНДЕ

Бойкоттың тарихи ролін бағалау туралы және бейпартиялық революциялық ұйымдардың маңызы туралы «Эхоның» 9-номеріндегі біздің ескертпелеріміз * буржуазиялық демократияның нағыз оң қанаты мен нағыз сол қанатының ерекше сипатты жауаптарын туғызды.

«Мысль» газеті, дәл күткеніміздей-ақ, «буржуазиялық демократия» деген сөз үшін шамданып, ашулы түрмен мәселенің мәніне соқпай өте шығып отыр. Ол былай деп жазады:

«Тіпті «жұмысшы депутаттары Советтерінен», таза пролетарлық, таптық ұйымның өзінен, «Эхо» «буржуазиялық демократияны» тауып отыр... Сірә, бұдан әрі барар жер қалмаған болар».

Еске түсіріңіздер, радикал мырзалар, жұмысшы депутаттары Советтерінің көпшілігі «таза пролетарлық» болған емес-ті. Бұлар өз құрамына көп ретте солдаттардан, матростардан, қызметшілерден, шаруалардан делегаттар енгізіп отырды. Қарсы дау айтып, алауыздыққа соқпай өтуден гөрі, «буржуазиялық демократия» ұғымын өздеріңіздің не үшін ұнатпайтындарыңызды *тура* айтқан жақсы емес пе?

«Речь» газеті мүлде бұлқан-талқан болып отыр. Бізге қарсы жазылған заметканың бас жағында кадет

* Қараңыз: осы том, 305—310-беттер. *Ред.*

«шамданарлық ештеңе айтқысы келмей», бойына кір жуытпай пікір айтады. Қандай джентльмендер десейші! Бірақ заметканың аяғында кадет дәл... дәл околоточныйша балағаттайды. Біздің бойкотқа берген бағамызды «мазақылық немесе асқан топастық» деп атайды. Шіркін, кадеттік джентльмендік-ай!

«Речь» былай деп жазады:

«Қалай болғанда да, большевиктер тактикасының *көздеген мақсаты* Думаны шақыру үшін күресу *болғанын* жазып қоялық. Бойкоттың қажеттігін айтып омыраулай берушіліктің бәрі де үкіметті адастыру *міндетін көздеді»*.

Жетер, джентльмен мырзалар! Біздің ойымыздың мүлде басқаша болғанын сіздер тамаша түсінгенсіздер. Бойкоттың мақсаты, Булыгин Думасын болдырмай тастағандағы сияқты, Витте Думасын да болдырмай тастау еді. *Өзінің,* яғни тура және тікелей мақсатына жете алмаған бойкот, былайша айтқанда, үкіметтің назарын басқа жаққа аударуы арқылы *жанама* пайда келтірді. Революциялық тактика, әрқашандағыдай, бұл арада да пролетариаттың санасы мен жауынгерлік қабілеттілігін өте жақсы дамытты, толық жеңіске қол жетпеген жағдайда жарым-жарты реформаларды жанамалай қамтамасыз етті.

«Эхо» № 11, 4 июль, 1906 ж.

«Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БАТЫЛ ШАБУЫЛ ЖӘНЕ ЖАСҚАНШАҚ ҚОРҒАНЫС

Реакционерлердің батыл адамдар екені, ал либералдардың қорқақтар екені көптен белгілі.

Осы ежелгі шындықты Мемлекеттік думаның жер туралы мәселе жөнінде халыққа арнаған үндеуінің кадеттік жобасы тағы да растап отыр. Амал не, трудовиктердің жобасы да кадеттердікінен артық емес: трудовиктер бұл жолы мүлде бейшаралықпен либерал буржуазияның соңынан еріп отыр. Думадағы социал-демократтар болмаса, осылар бір лажын таппас па екен?

Мемлекеттік думаның халыққа арнаған осы үндеуі туралы бүкіл мәселенің қалай пайда болғанын еске түсіріңіздерші. Мемлекеттік дума жауап адресінде жеке меншіктегі жерлерді шаруалардың пайдасына күшпен алуды жақтады. Горемыкин министрлігі бұған: *«мүмкін емес»* деп асқан табандылықпен, батылдықпен қысқа, айқын жауап берді.

Алайда министрлік осы дөрекі полициялық қарсы жауаппен тоқталған жоқ. Жоқ, министрлерді революция біраз нәрсеге үйретті. Министрлер Думаның формальды сұрақтарына формальды жауап берумен өз міндеттерін бітіргісі келмейді. Реакционерлер—формалистер емес, істің адамдары. Нағыз күш, Думада емес, халықта екенін олар біледі. Олар *халық арасында* үгіттегісі келеді. Олар ешбір кідірместен, қымбат уақытты босқа жіберместен, *халыққа үндеу* жазды. Осы үкімет хабары (20 июнь) дума атынан халыққа үндеу жазу туралы ой туғызды. Үкімет жол көрсетті. Дума нағыз

халық өкілдігіне лайықты жолға бұрын түсе алмағандықтан, үкімет соңынан сүйретіліп ере берді.

Үкімет хабары қалай жазылды? Реакциялық монархиялық партияның нағыз жауынгер манифесі сияқты жазылды. Шіркін, реакционерлер қымсынбайды! Олар айбынды тілмен жаза біледі. Олар өздерінің «хабарында» тура *үкімет* атынан сөйлейді. Шынында да, бұл арада бәлденетін несі бар? Осы либерал профессорлар: біз конституциялық құрылыс тұсында өмір сүріп отырмыз, Дума да үкіметтің бір бөлегі деп сендірмек болады. Мейлі, профессорлар мылжыңдай берсін! Конституциялық алдандырулар арқылы халықты еліте берсін! Біз, реакционерлер, істің адамдарымыз. Үкімет дегеніміз *іс жүзінде* өзіміз екенін біз білеміз. Біз солай дейміз де, ал осы либерал педанттардың аяқтан шалушылығын, формализмін елемейміз. Біз: шаруалар, сіздер өз пайдаларыңызды түсінбейсіздер, деп тура және ашық айтамыз. Жерді күштеп алу сіздерге тиімді емес, сондықтан біз, үкімет, оған *рұқсат етпейміз*. Шаруалардың жер туралы барлық лақаптары — жалған, алдау. Шаруалар туралы басқалардың бәрінен де гөрі жақсы қамқорлық жасайтын үкімет. Оның қазір де қайыр-садақа бергісі келеді. Ал шаруалар өздеріне жақсылықты «тартыс пен зорлықтан» күтуге тиіс емес екенін, қайта «бейбіт еңбектен» (помещиктерге еңбек етуден деп қосу керек еді) және біздің самодержавиелік үкіметтің шаруалар жөніндегі ұдайы қамқорлығынан күтуге тиіс екенін біліп қойсын.

Үкімет хабары осындай болды. Мұның өзі — революцияға нағыз соғыс жариялағандық. Мұның өзі — реакциялық самодержавиенің халыққа: төзбеймін! талқандаймын! деген нағыз манифесі.

Қазір кадеттер және олар бұл жолы өздеріне бүтіндей бағыныштты етіп алған трудовиктер үкіметтің шақыруына жауап беруге жиналды. Бүгін кадеттік жоба мен трудовиктердің жобасы жарияланды. Осы екі жобаның екеуі де қандай сорлы, нағыз бейшаралық әсер беріп отыр десеңізші!

Реакцияшыл сарай маңындағы сұрқиялар заңды аяққа басып, үкіметтің формальды бір *бөлегін* нақты *тұ-*

тас үкімет деп жариялауға тайсалмай отыр. Кадеттер мен трудовиктер, Щедриннің асқан дана шабақтары сияқты, заңды паналап жасырынып отыр: осы «халық» өкілдері біздерді заңсыз соққылайды, ал біздер заң арқылы қорғанамыз! деп қыңқылдайды, бұлай дегенім үшін ғапу етіңіз. Дума заң бойынша істеп, жерді еріксізден иеліктен айыруды жақтап отыр. Заң бойынша Думаның келісімінсіз «үкіметтің ешқандай жорамалдары күшіне ене алмайды». Бізде, заң бойынша, 99 адамнан [121] үлкен комиссия бар... Ол комиссия «әбден мұқият ойластырылған және дұрыс әзірленген заң» шығарады... Ал халық «осындай заңды шығару жұмыстарының аяқталуын тыныштықпен, бейбіт күте» тұрсын (трудовиктер осы мүлде сорақы-жағымпаздық соңғы пікірді алып тастаған! Ары шыдамаған. Бірақ оның есесіне олар «жер жөніндегі жергілікті мекемелерді» ұйымдастыруға сүйенуді қосқан, сөйтіп Дума, атап айтқанда, оның кадеттік көпшілігі, осы мекемелерді көрінеу *помещиктік-чиновниктік* түрде ұйымдастырғысы келетіндігі туралы *сатқындықпен үндемей қалады)*.

Ұят және масқара, халық өкілдері мырзалар! Қазір тіпті алыс түкпірдегі орыс мужигі түсініп отырған нәрсені, атап айтқанда: қағаз жүзіндегі заң мен өмірдегі шындық Русьте өзара түбегейлі ажырасқанын, бейне бір конституциялық, қатаң заңды жұмыстың бейбіт жолы арқылы бүкіл жердің шаруаларға көшуіне және бүкіл халық үшін толық бостандық болуына іс жүзінде жету *мүмкін еместігін* түсінбейтін бола қалу ұят. Егер сарай маңындағы сұрқиялардың реакциялық *шындығына* жауап беруде өзіңнің революциялық шындығыңды ашық айтуға, айқын жазуға батылдығың бармаған екен, батылдығың жоқ екен, онда министрлікке жауап жазуды да қолға алмау керек еді. Халыққа үндеу жазу Дума туралы заңдарда көрсетілмеген: асқан данышпан заңқойлар, өздеріңіздің «сұрақтарыңызбен» тыныш отырыңыздар, реакционерлермен, істің адамдарымен, күрес адамдарымен айтысуға батылдығыңыз да, туралығыңыз да, қабілетіңіз де болмаған салаға жармаспаңдар!

Ал егер халыққа үндеу жазады екенсіңдер, онда шындықты, бар шындықты, ең ащы шындықты, ештеңемен бүркемеленбеген шындықты жазу керек. Халыққа былай деу керек:

Шаруалар! Министрлік сіздерге жазған үндеуін басып шығарды. Министрлер сіздерге жер де, ерік те бергілері келмейді. Министрлер қысылып-қымтырылмай-ақ бүкіл үкімет атынан айтып отыр, Дума қағаз жүзінде үкіметтің бір бөлегі болып саналса да, олар Думаға қарсы пікір айтып отыр.

Шаруалар! Министрлер шындығында Россияның нақ самодержавиелік үкіметі болып табылады. Олар сіздердің Думадағы халық өкілдеріңізбен ешбір санаспайды, олар полициялық-заңдық кедергілер арқылы мәселені кешіктіріп, халық өкілдерін әжуалап отыр. Олар халық талаптарын мысқылдап отыр, сөйтіп ежелгі қырып-жою, зорлық, тонаушылық, ойрандау саясатын, бейне бір ештеңе болмағандай, одан әрі жүргізе беріп отыр.

Шаруалар! Сіздерге жер мен ерік беруге Думаның дәрменсіз екендігін біліп қойыңыздар. Полициялық үкіметтің заңдары арқылы Думаның аяқ-қолы маталған. Халық өкілдерінің қолында бүкіл өкімет билігі, барлық мемлекеттік өкімет билігі болуына жету керек. Сіздердің жер мен ерік алғыларыңыз келе ме? Бүкіл халықтық құрылтай жиналысына қол жеткізіңіздер, барлық жерде ескі өкіметті толық құлатуға, толық сайлау бостандығы болуына қол жеткізіңіздер!

Шаруалар! Егер сіздер өздеріңізді өздеріңіз азат етпесеңіздер, сіздерді ешкім азат етпейтіндігін біліп қойыңыздар. Жұмысшылар мұны түсінді, сөйтіп олар өздерінің күресімен 17 октябрьдегі жеңілдіктерді күшпен алды. Мұны сіздер де түсініңіздер. Тек сонда ғана сіздер революцияшыл халық боласыздар, яғни не үшін күресу керектігін білетін халық, күресе білетін халық, езушілерді жеңе білетін халық боласыздар. Өздеріңіздің Думадағы депутаттарыңызды, өздеріңіздің Думаға сайлаған адамдарыңызды пайдаланыңыздар, бүкіл Россия көлемінде тығыз, ынтымақтасып бірігіңіздер, сөйтіп ұлы күреске әзірленіңіздер. Күрессіз жер де, ерік

те болмайды. Күрессіз сіздерге күйзеліске ұшырататын жердің құнын өтеуді күшпен таңады, сіздерге 1861 жылдағыдай алдап-арбайтын, тонайтын помещиктер мен чиновниктердің жер жөніндегі комитеттерін таңады.

Шаруалар! Біздер Думада сіздер үшін қолымыздан келгеннің бәрін істеудеміз. Егер сіздер қазір, Думадан кейін де, Русьте сақталып отырған тәртіптердің болмауын іс жүзінде тілесеңіздер, өз істеріңізді өздеріңіз ақырына дейін жеткізіңіздер.

* *
*

Бірақ мұндай үндеуді Думада ұсынудың өзі күлкі.

Шынына келгенде ше? Мұның керісінше, кадеттер мен трудовиктердің (бұларға барынша ұят-ақ) россиялық топас қызметшінің тұрпайы тілімен жазып отырған тілмен «халыққа үндеу» жазу күлкі емес пе? Халық Дума үшін бе, әлде Дума халық үшін бе? Бостандық Дума үшін бе, әлде Дума бостандық үшін бе?

* *
*

Шаруалардың қандай жиынында болса да мейлі, кадеттердің үндеуін, трудовиктердің үндеуін және біздің үндеуімізді оқып көрсін! Сонда көрелік, шындық қайда деген сұраққа шаруалар не айтар екен?

«Эхо» № 12, 5 июль, 1906 ж.

«Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДУМАДАҒЫ ПАРТИЯЛАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Халыққа үндеу жазу туралы мәселе жөнінде кеше Думада болган жарыс сөз қалың бұқараны саяси тәрбиелеу үшін тамаша багалы материал берді.

Халыққа үндеу жазу туралы мәселенің өмірге мейлінше жақын мәселе болгандығы сонша, түрлі саяси партиялардың шын мәні бұдан артықты керек етуге болмайтын айқындылықпен ашылды. Бұл мәселе жөнінде Дума реакциялық самодержавие («үкімет хабары») мен революцияшыл халықтың арасында қыспақта қалды, ал халықтың Думадан тыс күресінің дүмпуі Таврия сарайының барлық есік-тесіктерінен ішке лап қойып енді деуге болады. Жарыс сөз басталысымен-ақ мәселе формальды жагынан және жекелеген ұсақ-түйектен істің шын мәнісіне қарай толассыз ауыса бастады.

Халыққа үндеу жазу не үшін керек? Бұл мәселе Думаның алдына өктем қойылды. Ол бүкіл жарыс сөзге ерекше өң берді. Ол бүкіл жарыс сөзді біз кешегі бас мақалада * бұл мәселені қай тұрғыда қойған болсақ, нақ сол тұрғыға алып келді: министрліктің айбынды мәлімдемесіне Думаның айбынды мәлімдемесімен жауап беру керек пе? әлде мүлде жауап бермеу керек пе? әлде алауыздықты жуып-шайып жіберуге, мәселенің қойылысының өткірлігін, өмір туғызып отырған өткірлігін, бәсеңдетуге тырысу керек пе?

Бастаушы Думадағы оңшылдар болып шықты. Оңшыл кадет Петражицкий мәселені талқылауды кейінге

* Қараңыз: осы том, 324—328-беттер. *Ред.*

қалдыруға тырысты. Оңшыл кадетті, әлбетте, октябристер қолдады. Думаның халыққа үндеуінен контрреволюцияның қорқатындығы айқын болды.

Реакция өзінің айқын бас көтеруімен Думадағы бүкіл солшылдардың ұйымдасуына көмектесті. Талқылауды кейінге қалдыру ұсынысы өтпей қалды. Жарыс сөздердің өзінен Думада негізгі үш бағыт бар екені толық айқындалып отыр. «Оңшыл» бағыт (октябристер және кадеттердің бір бөлегі) — шаруалар қозғалысын «тыныштандыруды» жақтайды, сондықтан үндеу атаулының қандайына болса да *қарсы*. «Центр» (кадеттер және, сірә, партияда жоқтардың көпшілігі) — шаруалар қозғалысын «тыныштандыруды» жақтайды, сондықтан *тыныштандыратын* үндеу шығаруды *қолдайды*. «Солшыл» бағыт (трудовиктер, сірә, олардың тек бір бөлегі ғана, және социал-демократтар) — халықтың «тыныш және тапжылмай күтіп» отыра *алмайтындығын* халыққа түсіндіру жағында, сондықтан «тыныштандыратын» үндеуді емес, *революциялық* үндеуді жақтайды.

Трудовик Жилкин, поляк Ледницкий, социал-демократ Рамишвили осы соңғы бағыттың көзқарасын өте-мөте айқынырақ білдірді. «Халық ең соңғы, сәбиге тән дерлік үміттерге жармасуда»,— деді Жилкин. «Мен бейбітшілік, тыныштық пен жайбарақаттық туралы айтып тұрғаным жоқ, мен ескі өкіметке қарсы ұйымдасқан күрес туралы айтып тұрмын... Әлде Мемлекеттік дума бейбітшілік пен жайбарақаттықтың арқасында туды ма?» Сөйтіп, октябрьдегі күресті еске түсіре келіп шешен солшылдардың қол соғуы үстінде көтеріңкі дауыспен былай деді: «Ал біздің осында отырғандығымыз осы «аласапыранның» арқасында болып отыр». «Осы жалпы мағынада,— деп әділ айтты шешен,— комиссия бізге ұсынып отырған, халыққа арналған үндеу өте қанағаттанғысыз жазылған» (тек былай деп: Жилкиннің сөйлеген сөзіндегі пікірлер мен тілектер енбеген трудовиктердің жобасы да қанағаттанғысыз деп қосу керек еді). «Бұқараны бейбітшілік пен тыныштық ұйымдастырмайды, қайта, осы сөздің жақсы әрі ұлы мағынасындағы мазасыздық ұйымдас-

тырады деген пікірді аяғында баса көрсету және айту керек...».

Ледницкий тіпті кеше біз қолданған ең қатты сөздердің бірін қайталап, ұсынылған үндеуді *«бейшаралық»* үндеу деп атады. Рамишвили де «мәселенің шешілуін бейбіт және тыныш күтіңдер деушілерге қарсы» шығып: *«шын жол — тек революциялық жол»* деп мәлімдеді. («Наша Жизньнің» есебінен цитат келтіріп отырмыз). Ол жердің бір қолдан екінші қолға *құнын өтеусіз* көшуі жөнінде айтудың қажеттігі туралы да мәлімдеді.

Кадеттер мен «бейпартиялықтардың» көпшілігі пақ «тыныштандыратын» үндеуді жақтап шықты, революциялық әрекеттерді айыптады (Котляревский Ледницкийге қарсы), «жер иеленушілер козқарасы тұрғысынан» үндеудің пайдалылығын дәлелдеді (кадет Якушкин).

Қаражүздік Волконский Скирмунтпен және оңшыл кадет Петражицкиймен бірігіп алып, революцияны тұтандырып жіберетін үндеудің «қауіптілігін» дәлелдейді, сөйтіп аграрлық жобаны әлі Дума арқылы өткізуге мүмкіндік беретін және оны Мемлекеттік советтің қарауына ұсынуға болатын *заңды* пайдалану қажеттігін көрсетеді, т. т., т. т., т. т.

Бағыттар тамаша айқын бейнеленді. Кадеттердің реакция мен революция арасында, ескі өкімет пен халық арасында ауытқып отырғандығы анықталған үстіне анықтала түсті. «Кадеттерді қолдау» тактикасының болжамсыз, қисынсыз тактика екенін, социал-демократия мен Думадағы революциялық демократияның революциялық позициясын әлсірететін тактика ғана екенін оқиғалар көрсеткен үстіне көрсете түсті. Социал-демократтар дербес бой көрсете отырып, трудовиктердің бір бөлегін өз жағына тарта алатындығын да, тіпті белгілі бір дәрежеде кадеттерді жікке бөле алатындығын да оқиғалар көрсеткен үстіне көрсете түсті.

Саяси жағдайдың өзі социал-демократиялық партияның тактикасын лажсыз күшпен айқындамай қоймайды. Социал-демократияның оң қанатының болымсыз әрекеттеріне қарамастан, осы кезге дейін кадеттерді

ешқандай қолдау *болмады,* қайта, бақытымызға қарай, шаруалар депутаттарының бір бөлегі қолдап отырған пролетариаттың дербес саясаты жүргізіліп келді. Оңшылдар кадеттерге, трудовиктер мен социал-демократтарға қоса қарсы деген оппортунистердің жанынан, өз ойынан шығарған бөлуі болмай шықты. Кадеттер әбден солқылдақ жағдайда болғанда, социал-демократтар мен трудовиктер оңшылдарға қарсы деген *революциялық* бөлу келіп шықты.

Амал не, біздің социал-демократ депутаттар өте-мөте қолайлы жағдайды жете пайдаланбады. Олар жалпы айтыстар кезінде халыққа арналған үндеудің социал-демократиялық *өз* жобаларын сөзсіз ұсынуға тиіс еді. Тек сонда ғана олардың саясаты революцияның *авангарды* болып табылатын пролетариаттың *таптық* партиясы өкілдерінің ақырына дейін толық *дербес* саясаты болар еді. Тек сонда ғана Рамишвилидің, Жилкин мен Ледницкийдің дұрыс пікірлері жарыс сөзде елеусіз қалмаған болар еді, қайта революцияшыл социал-демократияның батыл да айқын платформасында біріктірілген, бекітілген және қалыптастырылған болар еді.

Думадағы біздің социал-демократиялық фракцияның барған сайын жиі қалыптасып отырған думалық топтардың сабағын есепке алуына, толық дербес пролетарлық саясат жолына оның батылырақ түсуіне және үндеу жобасын статьялар бойынша талқылағанда мәселені аздап болса да түзетуіне, яғни дербес дәйекті-революциялық тұжырымдар ұсынуына тілек білдіру ғана қалады.

Халыққа арналған үндеудің социал-демократиялық жобасы, тіпті Думада оқылған жоба күйінде қалған күнде де, революциялық күрестің топтасуына және дамуына өте-мөте пайдалы әсер еткен болар еді және революцияшыл шаруалардың таңдаулы элементтерін социал-демократия жағына тартқан болар еді.

1906 ж. 5 (18) июльде жазылған

1906 ж. 6 июльде «Эхо» газетінің 13-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

РЕАКЦИЯНЫҢ ЗАГОВОРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЙРАНШЫЛАРДЫҢ ҚОҚАН-ЛОҚҚЫСЫ

«Россия» [122] газеті ойраншылар үкіметінің көзқарастарын насихаттағаны үшін осы үкіметтен қаржы алады.

Думаның халыққа арнаған үндеуінің жобасы жөнінде үкімет газетсымағының сарыны өте-мөте сұсты сарын болып отыр. Ойланған қадамның заңсыздығын да, оның «жөнсіздігін» де, «революцияшылдығын» да және т. т. дәлелдеуге тырысып, газетсымақ Думаны қорқытуда. Үкімет алдында құрдай жорғалаушы баспасөздің қоқан-лоққысынан, сірә, зәресі кетсе керек, кадеттік «Речь» бүгін бағытты мүлде өзгертіп, үндеуге қарсы шығып отыр.

Қоқан-лоққы осылай үсті-үстіне жауып жатыр. Кадеттік министрлік туралы мәселе жөнінде бүгін «Россия» былай деп жазады: «Егер Русьті басқару ісін, тәртіп орнатудың құралы ретінде, Соловей Разбойникке сеніп тапсыр деп Владимир Красное Солнышкога ұсыныс жасаған болса, ол, бәлкім, Илья Муромецтің көмегімен Соловей Разбойникті құрту керек деген неғұрлым оңай құрал ұсынар еді. *Жұртқа мәлім, бұл көмек болды да»*.

Россиядағы революцияны «құртқысы» келіп отырған бұл «Илья Муромец», бақсақ, *халықаралық контрреволюциялық армияның* дәл өзі екен. Үкімет газетсымағы «Шетелдік державалар және Россиядағы істің жайы» («Россия», № 170) деген мақалада, аңқаулығынан емес, сол бір қоқан-лоққы жасау мақсатымен

орыстардың ішкі ісіне шетелдік державалардың белсене қол сұғып отырғандығы туралы мәселені *түсіндіреді.*

Үкімет газетсымағының бұл түсіндіруі өте-мөте сабақ боларлық және аса пайдалы нәрсе. Халықаралық контрреволюция Россияны қадағалап бақылап отыр, «әлдеқалай жағдай үшін» оған қарсы күш топтастырып, әзірлеуде. «Герман императорлық үкіметі,— деп жазады «Россия»,— бұл жағдайды толық түсінеді (атап айтқанда: «Россиядағы қазіргі істің жайы бәрінен бұрын шетелдік революциялық элементтердің ықпалының нәтижесі болып табылады»), сондықтан да бұл үкімет керекті нәтижелерге жеткізбей қоймайтын бірсыпыра тиісті шаралар қолданды».

Бұл шаралар, егер бостандық ісі жеңсе немесе жеңетін болса, Россияға басып кіру үшін Австриямен бірігіп Германияның соғыс күштерін әзірлеуде болып отыр. Берлин үкіметі бұл мәселе жөнінде Австрия үкіметімен сөйлесті де. «Белгілі бір жағдайларда осы (яғни революциялық) қозғалысты басу немесе тежеу мақсатымен Россияның ішкі істеріне белсене араласу керекті және пайдалы іс болып табылатындығын» екі үкімет те мойындады. Мұнымен қатар араласу үшін орыс үкіметінің тура және айқын айтқан тілегі керек екендігі шешілді.

Орыс аграрлық қозғалысы типтес аграрлық қозғалыстың тарау мүмкіндігінен қорыққандықтан Австрияда, Галицияда орыс шекарасында үш корпус армия топталған. Галиция әкімі, оның үстіне орыс помещигі, наразылық толқулары атаулының бәрі де мейлінше батыл жаныштталатындығын ескертіп, 26 июньде халыққа тіпті үндеу де таратты.

Сонымен, халықаралық контрреволюцияның заговорына күмәндануға болмайды. Орыс үкіметі орыс халқына қарсы өзіне көмекке шетел әскерін шақырып отыр. Бұл туралы келіс сөздер жүргізілді, жүргізіліп те отыр, бұл келіс сөздер қазірдің өзінде айтарлықтай нақты келісімге жеткізіп отыр.

Ойраншылар шайкасының үстемдігін қамтамасыз ету үшін үкіметтің отанға опасыздық жасап отырған-

дығын жұмысшылар мен шаруалар біліп қойсын. Әрқашан осылай болып келді, әрқашан осылай бола бермек. Тарих былай деп үйретеді: егер мәселе езілген таптардың революциялық қозғалысын басып-жаншу туралы болып отырса, үстемдік етуші таптар бәрін, тіптен бәрін: дінді, бостандықты, отанды әрқашан құрбан етіп келді деп үйретеді. Орыстың ел билеуші-ойраншыларының да дәл осыны істейтіндігіне, олардың осындай әрекетті қазірдің өзінде әзірлеп жатқандығына титтей де күмән жоқ.

Бірақ жұмысшылар мен шаруалар мұндай әрекеттен қорықпай-ақ қойсын. Россия үкіметінің халықаралық резерві бар, ол резерв: Германияның, Австрияның және басқа елдердің реакциялық үкіметтері. Бірақ біздің де қуатты халықаралық революциялық резервіміз бар, ол резерв: Германияда 3 миллиондық партия болып, барлық европалық елдерде күшті партиялар болып ұйымдасқан Европаның социалистік пролетариаты. Біз үкіметіміздің реакцияның халықаралық резервіне сөз салуын құптаймыз: мұндай сөз салу, 1-ден, Россияның ең қараңғы адамдарының көзін ашып, монархияға сенуді талқандау ісінде бізге жақсы қызмет етеді, ал, 2-ден, мұндай сөз салу россиялық революцияны бүкіл дүние жүзілік революцияға айналдырып, оның базасы мен қимылының майданын бәрінен жақсы кеңейтеді.

Сапарларыңыз қайырлы болсын, Трепов мырзалар! Атқылаңыздар! Орыс шаруалары мен жұмысшыларына қарсы австриялық және неміс полктарын шақырыңыздар! Біз — күресті ұлғайту жағындамыз, біз — халықаралық революция жағындамыз!

* *
*

Бірақ халықаралық заговордың *жалпы* маңызына баға берумен қатар, орыс ойраншыларының ұсақ *жеке* мақсаттарын ұмытуға болмайды. Біз «Россияның» мақаласын туғызған аңқаулық емес екенін жоғарыда көрсеттік. Осылай ойлап, «Мысль» қателесіп отыр. Мұның өзі — «аңқаулық» емес, «арсыздық» та емес,

«мылжыңдық» та емес. Мұның өзі — *кадеттерді қорқытып алуды* көздеген қоқан-лоққы. Ойраншылар үкіметі Думаның халыққа үндеуінен үрейленіп, *кадеттерді қорқытады:* «асқақтамаңдар! әйтпесе Думаны қуып таратып жіберемін, австриялық және неміс полктарын шақырамын! Мен қазірдің өзінде бұған әзірмін».

Ақымақ-кадеттер осының өзінде-ақ үрейленіп, шегіншектеп отыр, мұны бүгінгі «Речь» дәлелдеді. Кадеттерге қоқан-лоққы жасап қойса болғаны — олар кейін кетуге әзір...

Пролетариат ойраншылар үкіметінің бейшаралық қоқан-лоққысынан қорықпайды. Пролетариат өзінің *дербес* жауынгерлік позициясын сақтайды, үрейленген кадеттің елестегенінен қорықпайды.

Тағы да айтамыз: атқылаңыздар, Трепов мырзалар! Күрестің революциялық өрісін кеңейтіңіздер! Халықаралық пролетариат қарап қалмайды!

1906 ж. 6 (19) июльде жазылған

1906 ж. 7 июльде «Эхо» газетінің 14-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ДУМАНЫҢ ТАРАТЫЛУЫ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ МІНДЕТТЕРІ [123]

1906 ж. июльдің ортасында жазылған

1906 ж. августа Москвада «Новая волна» баспасында жеке кітапша болып басылып шыққан

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

Думаның таратылуы [124] жұмысшы партиясының алдына көптеген аса маңызды мәселелер қояды. Олардың ішінен ең бастыларын көрсетіп өтейік: 1) революциямыздың барысындағы осы саяси оқиғаға жалпы баға беру; 2) келешектегі күрестің және ол күресте қолданылуға тиісті ұрандардың мазмұнын анықтау; 3) осы келешектегі күрестің формасын анықтау; 4) күрес сәтін таңдап алу немесе, дәлірек айтқанда, бұл сәтті дұрыстап таңдап алуға көмек ете алатын жағдайларды есепке алу.

Осы мәселелерге қысқаша тоқталып өтейік.

I

Думаның «конституциялық» сыртқы көрінісімен әуестенушіліктен және, егер бұлай деп айтуға болатын болса, 1906 жылдың екінші тоқсанындағы Россия саясатының конституциялық жамылғысымен әуестенушіліктен сақтандырған адамдардың көзқарасының дұрыстығын Думаның таратылуы өте ашық және айқын дәлелдеді. Дума алдында, Дума жөнінде және Думаға байланысты, біздің кадеттердің (және кадетофилдердің) көпірте сөйлеген «таудай сөздерінің» түкке тұрғысыз мардымсыздығын қазір өмірдің өзі әшкереледі.

Мына қызық фактіні қараңыз: Дума *нағыз конституциялық негізде* таратылды. Ешқандай «қуып жіберу» болған жоқ. Ешқандай заң бұзушылық болған

жоқ. Қайта, әрбір «конституциялық монархиядағы» сияқты, тура заң бойынша істелді. Жоғарғы өкімет «конституция» негізінде палатаны таратты. Пәленцей статья бойынша бұл «палата» таратылды *және нақ сол указ бойынша* (шабыттаныңдар, заңқойлар!) жаңа сайлау немесе жаңа Думаны шақыру мерзімі белгіленді.

Бірақ, міне, дәл осы арада, 1906 жылдың бүкіл бірінші жартысында социал-демократтардың сол қанаты баса көрсетіп келген россиялық конституцияның елес екендігі, отандық парламентаризмнің жалған екендігі бірден байқалып отыр. Енді қайдағы бір «тайыз және фанатик» «большевиктер» емес, ең момын деген жария-либералдар россиялық конституцияның бұл айрықша сипатын мойындап отыр. мойындағанда *өздерінің қылығы* арқылы мойындап отыр. Мұны кадеттер де мойындап, Думаның таратылуына жаппай «шетелдерге қашу», Выборгке қашу арқылы жауап берді, заңды бұзатын үндеу [125] арқылы жауап берді,— ең баяу деген «Речьтің» мақалаларымен жауап берді, солай жауап беріп те отыр; бұл «Речь» әңгіменің *іс жүзінде* самодержавиені қалпына келтіру туралы болып отырғанын, Суворин жаңа Думаға дейін тірі бола қояр ма екенмін деп жазғанда, оның байқамай шындықты айтып салғанын мойындауға тиіс болды. Кадеттердің барлық үміті «конституциядан» дереу революцияға көшті — ал мұның өзі жоғарғы өкіметтің тек бір ғана нағыз конституциялық шарасының салдарынан болып отыр. Ал кеше ғана кадеттер — біз «династияның қалқанымыз», нағыз конституцияшылдықты жақтаушылармыз деп Думада мақтанып еді.

Өмір логикасы конституциялық оқулықтардың логикасынан күштірек. Революция үйретеді.

Кадеттердің жеңісі туралы социал-демократ «большевиктердің» жазғандарының бәрі де (Н. Лениннің «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген кітапшасын салыстырыңыз) * тамаша дәлелденді. Кадеттердің бүкіл сыңар-жақтылығы мен

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 283—372-беттер. *Ред.*

болжамсыздығы айқын көрініп отыр. Конституциялық жалған үміттер,— тастай берік большевиктің белгісі деп танылып жүрген бұл құбыжық,— бүкіл жұрттың көз алдына нағыз жалған үміт, елес, алдамшы құбылыс ретінде көрініп отыр.

«Московские Ведомости»[126] мен «Гражданин»[127] зарлаған дауыспен — Думадан айрылдық! деп қақсайды. Біздегі конституцияға жетіктер, конституцияға соншама шебер сүйенген, оның параграфтарына соншама сүйсінген кадеттер — конституциядан айрылдық! деп оларға қынжыла үн қосады. Социал-демократтар шаттанбайды да (біз Думадан өзімізге керегімізді алдық), еңсесін де түсірмейді. Халықтың ұтқаны — өздерінің жалған үміттерінің бірінен арылды, дейді олар.

Иә, кадеттер партиясы арқылы бүкіл орыс халқы үйренеді, кітапшадан үйренбейді, өзіне тән, нақ өзі жасап отырған революциядан үйренеді. Кадеттер арқылы халық өзінің азаттық жөніндегі буржуазиялық бірінші жалған үміттерінен арылып келеді, ал трудовиктер арқылы ол өзінің азаттық жөніндегі буржуазиялық соңғы жалған үміттерінен арылады, деп біз бір уақытта айтқан едік *. Кадеттер ескі өкіметті құлатпай-*ақ* крепостниктік тәртіптен, озбырлықтан, жүгенсіздіктен, азиаттықтан, самодержавиеден азат болуды қиялдап келді. Кадеттер өздерінің шолақ қиялдары арқылы қазірдің өзінде-ақ апатқа ұшырады. Трудовиктер товар шаруашылығын құртпай-*ақ* бұқараны қайыршылықтан, адамды адамның қанауынан азат етуді қиялдап отыр: жақын арада, егер біздің революция біздің революцияшыл шаруалардың толық жеңіп шығуына дейін жететін болса — олар әлі апатқа ұшырайтын болады.

Кадеттердің тез көркейе қалуы, олардың сайлауларда мастанарлықтай жеңіске жетуі, олардың кадеттік Думада мерейі үстем болуы, «сүйікті монархтың» (патшаны жақсы көретіндігін білдірген Родичевтің, былайша айтқанда, бетіне түкірген монархтың) қаламының бір сызғанынан қалмай кенет апатқа ұшырауы,— міне мұның бәрі елеулі саяси маңызы бар оқиғалар, мұның

* Қараңыз: осы том, 163-бет. *Ред.*

бәрі *халықтың* революциялық дамуының кезеңдері. Халық, яғни халықтың қалың бұқарасы, 1906 жылға әлі саналы революцияшыл болып өсіп жеткен жоқ. Жұрттың бәрі самодержавиеге енді төзуге болмайтындығын ұқты, чиновниктер үкіметінің жарамсыздығын да ұқты, халық өкілдігінің қажет екендігін де ұқты. Бірақ ескі өкіметтің *өктем* халық өкілдігімен ешбір сыйыса алмайтындығын халық әлі толық ұғып, сезе алмады. Оған бұл үшін әлі айрықша тәжірибе, кадеттік Думаның тәжірибесі, керек болғаны көрініп отыр.

Кадеттік Дума өзінің күнделікті қысқа өмірінде *өктем емес* халық өкілдігі *мен өктем* халық өкілдігінің арасындағы бүкіл айырмашылықты халыққа *айқын* көрсетті. Біздің ұранымыз, құрылтай жиналысы (яғни *толық билігі бар* халық өкілдігі) мың мәртебе дұрыс болып шықты, бірақ өмір, яғни революция бұған біздің болжағанымыздан гөрі ұзағырақ, шырғалаң жолмен жеткізді.

Ұлы россиялық революцияның басты кезеңдеріне жалпы көз салып көріңізші, сонда сіз халықтың *өз тәжірибесі* арқылы, бірте-бірте, құрылтай жиналысы деген ұранға қалай жеткенін көресіз. «Сенім» дәуірін, 1904 жылдың аяғын алайық. Либералдар мәз-мейрам. Олар сахнаның төрінен орын алған. Онша табанды емес социал-демократтар тіпті қазіргі кезеңнің басты *екі* күші: либералдар мен үкімет туралы әңгімелеп жүрді. Сөйтіп, міне, *халық* «сенім» идеясына бөленеді, халық «сеніммен» 9 январьда Қысқы Сарайға барады. «Сенім» дәуірі *үшінші* күшті, пролетариатты шығарады, сөйтіп халықтың самодержавиелік үкіметке зор *сенбеушілігін* бастап береді. «Сенім» дәуірі үкіметтің «сенім» туралы *сөздеріне* сенуден халықтың бас тартуымен аяқталады.

Одан кейінгі кезең. Булыгин Думасын шақыруға уәде беріледі. Сенім іспен дәлелденеді. Халық өкілдері шақырылады. Либералдар мәз-мейрам болып, сайлауға қатысуға шақырады. Либерал профессорлар, буржуазияның бұл «идеялық» құйыршықтары, өздеріне лайықты істі істейді, студенттерді революциямен шұғылданбай, оқу оқуға шақырады. Онша табанды емес со-

циал-демократтар либералдардың келтірген дәлелдеріне беріліп кетеді. Сахнаға халық шығады. Пролетариат октябрь ереуілі арқылы Булыгин Думасының қарасын өшіріп, бостандықты қолына алады, өзінің формасы мен мазмұны жағынан әбден конституциялық манифесті жеңіп алады. Бостандық туралы уәде алу жеткіліксіз екеніне, оған қоса бостандықты *тартып аларлықтай күш керек* екендігіне халықтың өз тәжірибесі арқылы көзі жетеді.

Одан әрі. Үкімет декабрьде бостандықты қайта тартып алады. Пролетариат көтеріліске шығады. Алғашқы көтеріліс талқандалады. Бірақ Москва көшелеріндегі асқан қажырлы да табанды қарулы күрес Дума шақыруды лажсыз етеді. Пролетариаттың бойкот жасауы сәтсіз болып шығады. Витте Думасын лақтырып тастауға пролетариаттың күші жеткіліксіз болып шығады. Кадеттер бұл Думаға толып кетеді. Халық өкілдігі — болып қойған факт. Кадеттер мәз-мейрам. Олардың шаттанып, қуануында шек болмады. Пролетариат күдіктене күтумен болады.

Дума жұмыс істей бастайды. Бостандықтың сәл кеңеюін халық кадеттерден гөрі он есе көп пайдаланады. Өзінің пиғылы мен батылдығы жағынан кадеттік Дума лезде халықтан *артта* қалып қояды. Кадеттік Думаның заманы (1906 ж. май және июнь) кадеттерден *солшылдау* партиялардың неғұрлым зор табыстарға жеткен заманы болып шығады: трудовиктер Думада кадеттерден озып кетеді, халық жиналыстарында кадеттердің қорғалақтығын бетіне басады, социал-демократтар мен социалист-революционерлердің баспасөзі оседі, шаруалардың революциялық қозғалысы, әскер арасындағы қобалжу күшейеді, декабрьде қажыған пролетариат әлденеді. Кадеттік конституционализм заманы, кадеттік қозғалыстың да, конституциялық қозғалыстың да заманы болмай, революциялық қозғалыстың заманы болып шығады.

Бұл қозғалыс Думаны таратып жіберуге *мәжбүр етеді.* Кадеттердің құр «көбік» екенін тәжірибе көрсетіп береді. Олардың күші — революцияның күшінен туынды күш. Ал революцияға үкімет шындығында револю-

циялық жолмен (формасы жағынан конституциялық жолмен болса да) — Думаны таратумен жауап береді.

Егер халық өкілдігінде толық билік болмаса, оны ескі өкімет шақырған болса, онымен қатар әлі де ескі өкімет өмір сүріп отырған болса, мұндай халық өкілдігі *нольге* тең екеніне халықтың *тәжірибе жүзінде* көзі жетеді. Оқиғалардың объективті барысы, енді заңдардың, конституцияның белгілі бір редакциясы туралы мәселені емес, *өкімет* туралы, нақты өкімет туралы, мәселені кезекке қояды. Қандай заңдардың болса да, қандай сайламшылардың болса да билігі болмаса, онда олар *нольге тең*. Міне, кадеттік Дума халықты осыған *үйретті*. Дума марқұмның жаназасын шығарып, одан алатын сабақты жақсылап пайдаланайық!

II

Сонымен, біз екінші мәселеге: алдағы күрестің объективтік, тарих көрсетіп отырған, мазмұны туралы және ол күресте ұсынуға тиісті ұрандарымыз туралы мәселеге тікелей жақындап келдік.

Онша табанды емес социал-демократтар, меньшевиктер, бұл арада да солқылдақтық жасап үлгерді. Олардың бірінші ұраны: құрылтай жиналысын шақыру мақсатымен *Дума сессиясын қайта бастау үшін* күресу болды. Петербург комитеті бұған қарсы шығады. Ұранның сорақылығы бадырайып көрініп тұр. Бұл тіпті оппортунизм де емес, әншейін құр мағынасыздық. Орталық Комитет бір қадам алға басады. Ұран: *құрылтай жиналысын шақыру мақсатымен Думаны жақтап үкіметке қарсы күресу*. Әлбетте, бұл тәуірлеу. Бұл ұран: революциялық жолмен құрылтай жиналысын шақыру үшін самодержавиелік үкіметті *құлату жолында* күресу деген ұраннан пәлендей қашық емес. Күмән жоқ, Думаның таратылуы *өктем* халық өкілдігі үшін жалпы халықтық күреске желеу болады: осы мағынада алғанда «Думаны жақтау» деген ұранды мүлдем жарасымсыз деп айтуға болмайды. Бірақ әңгіме мынада: нақ *осы мағынада* Думаның таратылуы күреске *желеу* болады деп, ұранды мойындап отырмыз. Ал «Думаны жақтау» деген тұжырым *дәл осы* (яғни жаңағы көрсе-

тілген) мағынада айрықша түсіндірілмесе, ол көмескі болып қалады, күңгірттік туғызады, белгілі дәрежеде жойылған ескілікке, *кадеттік* Думаға, қайта оралтады, қысқасы, бұл тұжырым бірсыпыра теріс, зиянды, «кертартпа» пікірлер туғызады. Бұл тұжырымның ішінде дұрыс жерлері біздің күрес туралы қарарымыздың *дәлелдерінде,* Думаның таратылуының жетерліктей маңызды себеп болып саналатыны неліктен екенін *түсіндіруде* әбден, тегіс қамтылады.

«*Тікелей* алда тұрған күрестің ұраны белгілі программаның ішіндегі *жалпы* ұраннан жай ғана, тура алына қоймайтынын марксист еш уақытта ұмытпауы керек. *Қазір* алдағы, 1906 жылдың жазындағы немесе күзіндегі, күрестің ұранын тікелей айқындау үшін программамызға (соңындағы: самодержавиені құлату және құрылтай жиналысы, т. т. дегенді қараңыз) сүйену жеткілікті болмайды. Бұл үшін *нақты* тарихи жағдайды ескеру керек, революцияның бүкіл дамуы мен бүкіл кезекті барысын қадағалау керек, біздің міндеттерімізді, тек программаның принциптерінен емес, қозғалыстың *өткен* қадамдары мен кезеңдерінен қорытып шығару керек. Тек осындай талдау ғана диалектикалық материалист үшін міндетті нағыз тарихи талдау болады.

Нақ осындай талдау бізге мынаны: объективтік саяси жағдайдың қазір *алға қойғаны* халық өкілдігі *бар ма* деген мәселе емес, бұл халық өкілдігі *өктем* халық өкілдігі ме деген мәселе екенін көрсетеді.

Кадеттік Думаның мерт болуының объективтік себебі, оның халық мұқтажын білдіре алмағандығында емес, *өкімет* үшін күрестің *революциялық* міндетін атқаруға шамасы келмегендігінде. Кадеттік Дума өзін конституциялық орган деп ойлады, ал іс жүзінде ол революциялық орган *болды* (Думаны революцияның кезеңі немесе құралы деп қарағанымыз үшін кадеттер бізді сөкті, бірақ өмір *біздің көзқарасымызды* толық дәлелдеді). Кадеттік Дума өзін *министрлікке* қарсы күресетін орган деп ойлады, ал іс жүзінде ол бүкіл ескі өкіметті *құлату* жолында күресуші орган болды. Іс жүзінде осылай болып шықты, өйткені қазіргі экономи-

калық жағдай осыны талап етті. Сонымен, *дәл осындай* күрес үшін кадеттер Думасы сияқты орган «жарамсыз» *болып шықты.*

Егер халықтың қолында өкімет билігі болмаса, онда Думаның керегі жоқ, қандай Думаның болса да керегі жоқ деген пікір енді ең қараңғы мужиктің де санасына мықтап қонайын деп отыр. Ал өкіметті қалай қолға түсіру керек? Ескі өкіметті *құлатып,* жаңа, халықтық, ерікті, сайланатын өкімет орнату керек. *Не* ескі өкіметті құлату керек, *не* революцияның міндеттерін шаруалар мен пролетариаттың қойған көлемінде жүзеге асыру мүмкін емес деп тану керек.

Өмірдің өзі мәселені осылай қойды. 1906 жыл мәселені осылай қойды. Кадеттік Думаның таратылуы мәселені осылай қойып отыр.

Біз бұл мәселені революция бірден шешеді деп, күрес оп-оңай, жеп-жеңіл болады деп, жеңіс толық, сөзсіз қамтамасыз етіледі деп, әрине, кепілдік бере алмаймыз. Күрес басталмай тұрып мұндайға еш уақытта және ешкім кепілдік бере алмайды. Ұран — оп-оңай, жеңіл жеңістің кепілі емес. Ұран дегеніміз *белгілі бір* міндеттерді жүзеге асыру үшін орындалуға тиісті *мақсатты* көрсету. Бұрын мұндай белгілі бір тікелей міндеттеріміз жалпы халық өкілдігін құру (немесе шақыру) болды. Қазіргі мұндай міндет: *өкіметті* халық өкілдігіне беруді қамтамасыз ету. Ал мұның аты: ескі өкіметті тайдыру, қирату, *құлату,* самодержавиелік үкіметті құлату деген сөз.

Егер бұл міндет *толығымен* шешілмесе, онда халық өкілдігі де толық өктем бола *алмайды,* демек, бұл жаңа халық өкілдігінің тағдыры кадеттік Думаның тағдырындай болмайтынына толық кепілдік болуы да мүмкін емес.

Істің объективтік жайы қазір халық өкілдігі үшін күресті кезекке қойып отырған жоқ, халық өкілдігін қуып жіберуге немесе таратып жіберуге мүмкіндік бермейтін, сондай-ақ Трепов пен $К^0$ кадеттік Думаны комедияға айналдырғаны сияқты, бұл халық өкілдігін де комедияға айналдыруға мүмкіндік бермейтін жағдайлар жасау жолындағы күресті кезекке қойып отыр.

III

Алдағы күрестің ықтимал формасын ішінара оның мазмұны белгілейді, ішінара халықтың революциялық күресі мен самодержавиенің контрреволюциялық күресінің бұрынғы формалары белгілейді.

Күрестің мазмұнына келетін болсақ, онда революцияның екі жылы ішінде бұл мазмұнның қазіргі мезгілде ескі өкіметті құлатуға келіп тірелгенін біз көрсеткен болатынбыз. Бұл мақсатты тек бүкіл халықтық қарулы көтеріліс жасау жолымен ғана толық жүзеге асыруға болады.

Күрестің бұрынғы формаларына келетін болсақ, онда бұл жөнінде Россиядағы бұқаралық және жалпы халықтық қозғалыстың «ең соңғы сөзі» — жаппай стачка мен көтеріліс болып табылады. 1905 жылдың соңғы тоқсаны пролетариаттың, шаруалардың, әскерлердің саналы бөлегі мен түрліше кәсіптік-интеллигенттік одақтардың демократиялық бөлегінің сана-сезімі мен пиғылында өшпес із қалдырмай қойған жоқ. Күреске қабілетті элементтердің нағыз қалың бұқарасының Дума таратылғаннан кейінгі ойына келген бірінші пікір жаппай ереуіл болғандығы сол себепті де өте табиғи нәрсе. Думаның таратылуына жалпы россиялық ереуілдің сөзсіз жауап болуға *тиіс* екендігіне тіпті ешкім де күдіктенбегендей болды.

Мұндай пікірдің жалпыға ортақ болуы белгілі бір пайдасын келтірді де. Революциялық ұйымдар барлық жерде дерлік стихиялық, ішінара дүмпулерден жұмысшыларды әдейі және үнемі *тоқтатып отырды*. Бұл жөнінде Россияның түрлі жерлерінен мәліметтер түсіп жатыр. Октябрь — декабрьдегі тәжірибе, дау жоқ, көпшіліктің назарын *жаппай және бір мезгілде* бой көрсетуге шығу мәселесіне бұрынғыдан гөрі көбірек аударуға жәрдем етті. Мұның үстіне тағы да бір ерекше жағдайды атап өту керек: жұмысшы қозғалысының, мәселен, Петербург секілді кейбір ірі орталықтарының мәліметтеріне қарағанда, жұмысшылар жаппай және бір мезгілде бой көрсетуге шығу қажет деген идеяны оп-оңай, тез ұғып қана қоймаған, сонымен қатар *жа-*

ынгерлік және батыл бой көрсетуді табандылықпен жақтаған. Думаның таратылуына байланысты *демонстрациялық* (бір күндік немесе үш күндік) ереуіл жасау жайлы жарамсыз пікір,— Петербург меньшевиктерінің кейбіреулерінен шыққан пікір,— бұл пікір жұмысшылар тарапынан батыл қарсылық туғызды. Талай рет терең мәнді күрес жүргізген адамдардың таптық сезімі мен тәжірибесі қазіргі уақытта істің мәні әсте демонстрацияда емес екенін оларға бірден аңғартты. Біз демонстрация жасамаймыз, деді жұмысшылар. Жаппай бой көрсетудің мезгілі жеткен кезде біз аяусыз, батыл күреске шығамыз. Барлық мәліметтерге қарағанда, Петербург жұмысшыларының жалпы пікірі осындай болды. Россия 1901 жылдан бері (демонстрациялық қозғалыстың кеңінен басталған жылы) басынан кешірген оқиғалардың бәрінен кейін ішінара бой көрсетулердің, әсіресе демонстрациялардың кісі күлерлік нәрсе болатынын, саяси дағдарыстың шиеленісуі қайтадан «басынан бастауды» мүмкін етпейтінін, декабрьде ықыласымен «қанның дәмін татып көрген» үкіметке бейбіт демонстрациялардың адам айтқысыз тиімді екенін жұмысшылар жақсы түсінді. Бейбіт демонстрациялар ешқандай пайда келтірмей, пролетариатты әлсіретер еді, бұл демонстрациялар полицейлер мен солдаттардың қарусыз адамдарды ұстап, атып жаттығуына көмек еткен болар еді. Бұл демонстрациялар — Столыпинді мақтаушылықты — ол революцияны жеңді, өйткені Думаны таратып жіберді, бірақ осынысы үкіметке қарсы қозғалысты шиеленістірмеді деп оны мақтаушылықты бірсыпыра дәлелдегендік болар еді. Енді жұрттың бәрі де күрестің әлі алда екенін білгендіктен және сезгендіктен, бұл мақтауға бос мақтау деп қарайды. Онда «демонстрацияны» күрес деп түсіндірер еді, одан (үмітсіз) күрес жасаған болар еді, ал демонстрацияның тоқтауын жаңа жеңіліс деп есептеп, бүкіл дүниеге жар салар еді.

Қыр көрсету мақсатында ереуіл жасау туралы пікір, парламентаризмді болжамсыз асыра бағалаған 1849 жылғы Ледрю-Роллен сияқты біздегі кадеттер партиясының Ледрю-Роллендеріне ғана лайықты пікір еді.

Пролетариат бұл пікірді бірден қабылдамай тастады және сөйтіп өте дұрыс істеді. Әрқашан революциялық күреспен бетпе-бет тұрған жұмысшылар дұшпанның жауынгерлік дайындығын және үзілді-кесілді жауынгерлік бой көрсетудің қажеттігін кейбір интеллигенттерден гөрі дұрысырақ бағалады.

Өкіністісі сол, қазіргі кезде біздің партияда, оның орыс бөлегінде социал-демократтардың оң қанатының басым болуы салдарынан жауынгерлік бой көрсету туралы мәселе елеусіз қалдырылып отыр. Россия социал-демократиясының бірігу съезі кадеттердің жеңісіне елігіп қалды, басымыздан кешіріп отырған кезеңнің революциялық маңызын бағалай алмады, октябрь — декабрь тәжірибесінің бүкіл қорытындыларын шығару міндетінен жалтарды. Ал бұл тәжірибені пайдалану қажеттігі парламентаризмге толып жатқан бас июшілердің ойлағанынан гөрі партияның алдына неғұрлым шұғылырақ, неғұрлым күштірек қойылып отыр. Біздің партияның орталық мекемелерінің елеулі кезеңде жасаған абыржушылығы істің осындай жағдайының сөзсіз нәтижесі болды.

Істің бүкіл мүддесі бұқаралық саяси стачканың қарулы көтеріліспен ұштасуын тағы да керек етіп отыр. Мұнымен қатар, стачканы күрестің дербес құралы ретінде алсақ, оның әлсіз жақтары өте айқын көрініп отыр. Саяси ереуілдің табысты болуының аса маңызды шарты — оның кенеттен болуы, үкіметті аңдаусызда тарпа бас салу мүмкіндігі екеніне жұрттың бәрінің де көзі жетті. Қазір бұл мүмкін емес. Үкімет стачкамен күресуді декабрьде үйреніп қалды және қазіргі кезде бұл күреске тәуір-ақ даярланып алды. Жаппай стачкада темір жолдардың аса маңызды екенін жұрттың барлығы да көрсетіп жүр. Темір жолдар тоқтаса — ереуілдің жаппай ереуілге айналуына барлық мүмкіндіктер бар. Темір жолдарды толығымен тоқтату қолдан келмесе — онда ереуіл де, мүмкін, жаппай ереуіл бола алмас. Ал темір жолшылардың ереуіл жасауы ерекше қиын: жазалау поездары толық дайындықпен тұр; қаруланған әскер отрядтары бүкіл жол бойына, станцияларға, кейде тіпті жеке поездарға таратылып орналас-

тырылған. Мұндай жағдайларда ереуіл — ол ол ма: көбінесе сөзсіз солай болып шығады,— қарулы күшпен турадан-тура, тікелей қақтығысу болып шығуы мүмкін. Машинист, телеграфист, стрелочник бірден екінің бірін таңдап алатын жағдайға мәжбүр етіледі: не тұрған орнында атылуы керек (орыс темір жолдары жүйесінің Голутвино, Люберцы және басқа станциялары қазірдің өзінде бүкіл халық алдында революциялық атаққа текке ие болған жоқ), не жұмысқа кірісіп, стачканы болдырмауы керек.

Әлбетте, өздерінің бостандыққа берілгендіктерін *іспен* дәлелдеген, көптеген темір жол жұмысшылары мен қызметшілерінен асқан ерлік күтуімізге біздің правомыз бар. Әлбетте, темір жол ереуілінің мүмкін екенін және табысқа жетуге үміт барлығын теріске шығару пікірінен біз аулақпыз. Бірақ біз міндеттің *қазіргі* қиыншылықтарын өзімізден жасыруға праволы емеспіз: мұндай қиыншылықтарды айтпай қою ең нашар саясат болар еді. Ал егер шындыққа тура қарасақ, егер бой тасалап жасырынбасақ, онда стачкадан *сөзсіз* және дереу қарулы көтеріліс келіп шығатыны ашықтан-ашық көрінеді. Темір жол ереуілі *дегеніміз* көтеріліс деген сөз, бұл декабрьден соң талассыз болып отыр. Ал темір жол ереуілінсіз темір жол телеграфы тоқтамайды, темір жол арқылы хат-хабар тасу үзілмейді, демек айтарлықтай дәрежеде почта-телеграф ереуілін жасау да мүмкін емес.

Сонымен, стачканың көтеріліске бағынышты мәні істің қазіргі жағдайынан, оның 1905 жылғы декабрьден кейін қалыптасқанындай, сөзсіз туып отыр. Біздің еркімізге қарамастан, қандай «директивалар» болса да оған қарамастан, шиеленісіп отырған революциялық жағдай демонстрацияны стачкаға, наразылықты — күреске, стачканы — көтеріліске айналдырады. Әлбетте, көтеріліс, бұқаралық қарулы күрес ретінде, оның белгілі бір жерінде әскерлер белсене қатысқанда ғана өрши алады. Сондықтан әскерлердің ереуіл жасауы, халыққа оқ атудан бас тартуы, күмән жоқ, белгілі бір жағдайларда жалаң бейбіт ереуілдің жеңіп шығуына жеткізе алады. Бірақ мұндай жағдайлар мейлінше ой-

дағыдай көтерілістің тек жеке кезеңдері болып табылатынын және мұндай жағдайларды жиілету үшін, бұған мүмкін қадарынша көбірек жақындау үшін тек бір ғана құрал барлығын, ол құрал: көтерілісті ойдағыдай әзірлеу, алғашқы көтерілудегі қимыл-әрекеттердің жігерлі, күшті болуы, сұрапыл батыл шабуыл арқылы немесе армияның ірі бөлегінің қатардан шығып қалуы арқылы әскерлерге іріткі салу, т. т. екендігін дәлелдеп жатудың қажеттігі бола қояр ма екен.

Бір сөзбен айтқанда, істің дәл қазіргі, Думаның таратылу кезінде қалыптасып отырған жағдайында, пәрменді күрестің турадан-тура және тікелей көтеріліске бастайтынына ешбір күдіктенуге болмайды. Істің жағдайы өзгеруі мүмкін, онда бұл қорытындыны қайта қарауға тура келеді, бірақ қазіргі уақытта бұл тіптен мүлде даусыз қорытынды. Сондықтан, көтеріліске шақырмай тұрып, бүкіл россиялық ереуілге шақыру, ереуілдің көтеріліспен тығыз байланысын түсіндірмеу қылмыспен шектескен нағыз жеңіл ойлылық болар еді. Сондықтан үгіт жұмысында барлық күшті күрестің белгілі бір формалары арасындағы байланысты түсіндіруге жұмсау керек, күрестің үш бұлағының: жұмысшы дүмпуінің, шаруа көтерілісінің және соғыс «бүлігінің» бір тасқынға құйылуына көмек бере алатын жағдайларды әзірлеу ісіне жұмсау керек. Шын мәнінде халықтық қозғалыстың, яғни самодержавиені құлататын *бұқаралық,* заговордан мүлдем аулақ, белсенді қозғалыстың, *көтерілістің* бұл *үш формасы* әлдеқашан, өткен жылдың жазынан, атақты «Потемкин» көтерілісі [128] болған уақыттан бастап әбден анық көрініп отыр. Бүкіл россиялық көтерілістің табысқа жетуі, сірә, бәрінен де бұрын көтерілістің осы үш арнасының бірігуіне байланысты. Бұл арналардың бірігуіне Думаны тарату сияқты күрес желеуінің өте күшті жәрдем ететіндігінде күмән жоқ, өйткені шаруалардың (ал, олай болса, көбінесе біздің шаруалық әскерлердің де) ең артта қалған бөлегі Думаға үлкен үміт артқан еді.

Бұдан шығатын қорытынды: бүкіл халықтық көтеріліске шақырған үгітті барынша өрістете жүргізудің себебі ретінде нақ Думаның таратылуын күштірек пай-

далану керек. Саяси стачканың көтеріліспен байланысын түсіндіру керек. Белсенді, қарулы күреске жұмысшылардың, шаруалардың, матростардың және солдаттардың бірлесіп, тізе қосып аттануына жету үшін бүған барлық күш-жігерді жұмсау керек.

Ақырында, қозғалыстың формасы туралы сөз қозғағанда, шаруалар күресі туралы да ерекше еске салу керек. Мұнда стачканың көтеріліспен байланысы ерекше айқын. Тағы да бір айқын нәрсе мынау: мұнда көтерілістің мақсаты — барлық жергілікті өкімет атаулының бәрін толығымен қирату немесе тайдыру, олардың орнына жаңа, халықтық өкіметтерді құру ғана болмай (бұл — қалалардағы, деревнялардағы, әскердегі, т. т. болсын, бәрібір: жалпы көтеріліс атаулының мақсаты), сонымен бірге *помещиктерді қуып,* помещиктік жерлерді *басып алу* болуға тиіс. Шаруалар бүкіл халықтық құрылтай жиналысының шешіміне дейін, күмән жоқ, помещиктердің жер иеленушілігін *іс жүзінде* құртуға тырысуы керек. Бұл туралы көп айтып жатудың реті келмейді, өйткені шаруалар көтерілісін помещиктерді жазаламай-ақ, олардың жерлерін тартып алмай-ақ болатын нәрсе деп, сірә, ешкім де түсінбес. Бұл көтеріліс неғұрлым саналы, ұйымдасқан түрде болса, үйлерді, мүліктерді, малды, т. с. жоюшылықтың соғұрлым сирек болатыны түсінікті. Соғыс тұрғысынан қарағанда, белгілі бір соғыс мақсаттарына жету үшін құртып, жою — мәселен, үйлерді, ал кейде мүліктерді де өртеп жіберу әбден заңды шара және белгілі бір жағдайларда міндетті шара. Шаруалардың әрқашан да осындай шараларды қолдануына тек педанттар (немесе халыққа опасыздық етушілер) ғана ерекше қайғыра алады. Бірақ өзімізден мынаны жасырудың қажеті жоқ: кейде мүлікті жойып жіберу тек ұйымдаса алмағандықтың, жаудың мүліктерін жоюдың орнына оларды *өзіне алып,* қолында ұстап тұра білмегендіктің нәтижесінен ғана болады,— немесе соғысушының жауды *құртуға,* жапыштауға күші болмағандықтан, жаудан *кек алуға жасалған әлсіздігінің* нәтижесінен болады. Әрине, біз өзіміздің үгітімізде шаруаларға, бір жағынан — жауға қарсы *аяусыз* күрес

жүргізудің, олардың мүліктерін жоюға дейін барудың толық заңды және қажетті екенін әбден түсіндіруге тиістіміз, ал екінші жағынан — істің неғұрлым ақылға сыйымды және қолайлы нәтижемен тыпу мүмкіндігі ұйымдаса білудің дәрежесіне байланысты екенін: жауды (помещиктер мен чиновниктерді, әсіресе полицияны) құртып жою және мүлік атаулының бәрін ешбір бүлдірместен (немесе мүмкіндігінше азырақ бүлінген күйінде) халықтың немесе шаруалардың иемденуіне беру керектігін көрсетіп отыруға тиістіміз.

IV

Күрестің формасы туралы мәселе мен күреске арналған *ұйым* туралы мәселе тығыз байланысты.

Бұл жөнінде де 1905 жылғы октябрь — декабрьдің ұлы тарихи тәжірибесі қазіргі революциялық қозғалысқа өшпестей із қалдырды. Жұмысшы депутаттарының Советтері мен оларға ұқсас мекемелер (шаруалар комитеттері, темір жол комитеттері, солдат депутаттарының Советтері, т. с.) орасан зор және әбден лайықты беделге ие болып отыр. Қазіргі уақытта жалпы бұл сияқты ұйымдарга тілектестігін білдірмеген және әсіресе олардың осы кезде құрылуын ұсынбаған социал-демократты немесе басқа партиялар мен бағыттардың ішінен революционерді табу оңай болмас еді.

Бұл турасында, сірә, алауыздықтар немесе пәлендей деп айтарлық елеулі алауыздықтар жоқ. Сондықтан нақ бұл мәселенің өзіне тоқталып жатудың қажеті болмас.

Бірақ істің екінші бір жағы бар, оған ерекше назар аударып, тоқталу керек, өйткені оны тым жиі елемей жүр. Әңгіме мынада: жұмысшы депутаттары Советтерінің ролі (ықшамдылық үшін олар туралы осы сияқты ұйымдар атаулының бәрінің *типі* ретінде сөз қыламыз) октябрь мен декабрьдің ұлы күндерінде бұл мекемелерді әсерлеп көрсеткені соншалық — оларға кейде тіпті фетишизм тұрғысынан қарайды. Бұл органдар әрқашан және қандай жағдайларда болса да бұқаралық революциялық қозғалыс үшін «қажетті және жет-

кілікті» деп ойлайды. Осыдан келіп мұндай мекемелерді құру үшін кезеңді таңдап алуға, олардың қызметінің табысты болуының нақты жағдайлары қандай деген мәселеге сын көзбен қарамаушылық шығады.

Бұл турасында октябрь — декабрьдің тәжірибесі нағыз сабақ боларлық нұсқаулар берді. Жұмысшы депутаттары Советтері — *бұқаралық тікелей күрес органдары.* Бұлар *стачкалық* күрес органдары ретінде пайда болды. Қажеттіліктің салдарынан олар өте тез арада үкіметке қарсы *жалпы революциялық* күрестің органдарына айналды. Оқиғалардың дамуының және стачкадан көтеріліске көшудің салдарынан олар *тоқтаусыз көтеріліс органдарына* айналды. Толып жатқан «советтер» мен «комитеттердің» декабрьде дәл осындай роль атқарғаны мүлдем даусыз факт. Сонымен, шайқас кезінде мұндай органдардың күші мен маңызы *бүтіндей* котерілістің күшіне және табысты болуына байланысты екенін оқиғалар мейлінше айқын, көз жеткізе көрсетті.

Мұндай бейпартиялық, бұқаралық органдарды көтерілістің қажеттігіне жеткізген және оларды көтеріліс органы еткен белгілі бір теория емес, ешкімнің де шақыруы емес, әлдекімнің ойлап шығарған тактикасы емес, партиялық доктрина емес, істің жағдайының дәл өзі.

Сондықтан қазіргі уақытта мұндай органдарды құру — көтеріліс органдарын жасау деген сөз, оларды құруға шақыру — көтеріліске шақыру деген сөз. Мұны ұмытушылық немесе халықтың қалың бұқарасы алдында мұны бүркемелеушілік нағыз кешірілмес болжамсыздық және нағыз нашар саясат болар еді.

Бұл осылай болса,— ал бұл сөзсіз осылай,— онда бұдан көтерілісті ұйымдастыру үшін «советтер» және сол сияқты бұқаралық мекемелер әлі *жеткіліксіз* деген қорытынды шығатыны да айқын нәрсе. Олар бұқараны біріктіру үшін, жауынгерлік топтастыру үшін, саяси басшылыққа алатын партиялық ұрандарды (немесе партияның келісуімен ұсынылған ұрандарды) бұқараға жеткізу үшін, бұқараны ынталандырып, оятып, іске тарту үшін қажет. Бірақ, сөздің дәл мағынасымен айт-

қанда, *тікелей жауынгерлік күштерді* ұйымдастыру үшін, *көтерілісті ұйымдастыру* үшін олар жеткілікті емес.

Кішкене мысал келтірелік. Жұмысшы депутаттары Советтерін көп реттерде жұмысшы табының парламенті деп атап жүрді. Бірақ *өз* парламентін полицияның қолына беру үшін оны шақыруға бірде-бір жұмысшы келіспейді. Өзінің «парламентін» қорғау үшін дереу *күш ұйымдастырудың* қажеттігін, қаруланған жұмысшылардың отрядтары сияқты *соғыс* ұйымын ұйымдастырудың қажеттігін әркім де мойындайды.

Енді «советтердің» қайда апаратынына және мұның қандай мекемелер екеніне үкіметтің тәжірибе жүзінде әбден көзі жетіп отырған кезде, үкімет бақайшағына дейін қарулапып, жауының есін жиып, өз ісін өрістетуіне уақыт бермей, оған шабуыл жасау үшін осындай мекемелердің құрылуын күтіп отырған кезде,— міне, осы кезде біз іске байсалды қарау қажеттігін, советтерді қорғау үшін, көтерілісті жүзеге асыру үшін советтер ұйымымен қатар *соғыс ұйымының* қажеттігін, ал көтерілісті жүзеге асырмайынша советтер атаулының және бұқарадан сайланатындар атаулының бәрі де дәрменсіз болатынын өзіміздің үгітімізде өте-мөте түсіндіруге тиіспіз.

Біз сөз етіп отырған бұл, егер осылай деп айтуға болатын болса, «соғыс ұйымдары», бұқараны сайламшылар арқылы өзіне тартуға емес, қайта көшедегі күрестерге және азамат соғысына тікелей қатысушылар бұқарасын өзіне тартуға тырысуы керек. Бұл ұйымдардың өте ұсақ, ерікті одақтары, ондықтар, бестіктер, бәлкім, тіпті үштіктер сияқты өздерінің ұялары болуы керек. Ұрыстың жақындап келе жатқанын, ол кезде *әрбір* адал ниетті азаматтың өзін құрбан етуге және халықты езушілерге қарсы шайқасуға міндетті екенін барынша пәрменді уағыздау керек. Ұйымда формальдылық, қағаз бастылық азырақ, қарапайымдылық көбірек болуы керек; ол ұйым барынша оралымды, икемді болуға тиіс. Бостандық жағында болуды тілейтін барлық жұрт және әрбір адам дереу жауынгер «бестіктерге» бірігуі керек — бір кәсіптегі, бір фабрикадағы

адамдардың немесе жолдастық жөнінен, партиялық байланыс жөнінен, ақырында, жай тұрғын жерлері жағынан (бір деревня, қалада бір үй немесе бір пәтер) бір-біріне байланысты адамдардың ерікті одақтарына бірігуі керек. Бұл одақтар тікелей революциялық бір міндет арқылы: үкіметке қарсы көтеріліс жасау міндеті арқылы байланысқан әрі партиялық, әрі бейпартиялық одақтар болуы тиіс. Бұл одақтар мейлінше кең көлемде және сөзсіз қару-жарақ алғанға дейін, қару-жарақ жөніндегі мәселеге *қарамай-ақ*, құрылуы қажет.

Ешқандай партия ұйымы бұқараны «қаруландыра» алмайды. Қайта керісінше, ықшамды ұсақ жауынгер одақтарға бұқараның ұйымдасуы қозғалыс кезінде қару-жарақ тауып алу ісіне аса зор қызмет етеді.

Ерікті жауынгер одақтар, егер Москвадағы декабрьдің ұлы күндері ерекше ардақталған атты қолдансақ— «жасақшылар» одақтары, дүмпу кезінде орасан зор пайда келтіреді. Оқ ата білетін жасақ городовойды қарусыздандырады, кенеттен патрульге шабуыл жасайды, сойтіп өзіне қару-жарақ түсіріп алады. Оқ ата білмейтін немесе өзіне қару-жарақ түсіре алмаған жасақ баррикадалар жасауға, барлау жүргізуге, қатынас ұйымдастыруға, жауға қарсы тосқауыл құруға, жау бекініп алған үйлерді өртеуге, көтерілісшілерге тірек бола алатын пәтер үйлерді басып алуға жәрдемдеседі,— бір сөзбен айтқанда, өліспей беріспеуге бел байлаған, жер жағдайын жақсы білетін, халықпен өте тығыз байланысқан адамдардың ерікті одақтары мейлінше алуан түрлі мыңдаған міндеттерді атқарады.

Әрбір фабрикада, әрбір кәсіпшілік одағында, әрбір деревняда осындай ерікті жауынгер жасақтарды ұйымдастыруға шақыру үндері естілетін болсын. Бірін-бірі жақсы білетін адамдар бұларды күні бұрын-ақ ұйымдастырады. Егер осындай одақтарды құру идеясы қалың жұртқа таралып, оны бұқара шындап қабыл алған жағдайда, бірін-бірі білмейтін адамдар күрес күні немесе күрес қарсаңында, күрес болатын жерде бестіктерді, ондықтарды құратын болады.

Қазіргі уақытта, Думаның таратылуы халықтың әлденеше жаңа топтарын ашындырған кезде, өздерінің

жалпы түрпатына қарағанда шамалы ұйымдасқан, негұрлым «қаражүздік» сипаттағы, қарапайым қала халқының қатардағы өкілдерінен нағыз революциялық пікірлер мен мәлімдемелерді жиі кездестіресіз. Олардың барлығының да алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен шаруалардың жер үшін, ерік үшін тез арада күрес ұйымдастырайық деген шешімін білуіне, олардың барлығының да күрескерлер жасағын даярлау қажеттігін білуіне, олардың барлығының да көтерілістің сөзсіз болатынына және оның халықтық сипатта екеніне көзін жеткізуге тырысайық. Сонда біздің әрбір ірі қалада декабрьде Москвадағы болғандай жүздеген жасақтар емес, мың-мыңдаған жасақтар болуына қолымыз жетеді,— бұл əсте бос қиял емес. Ал сол уақытта, Москвадағы жауынгер жасақтардың сипаты мен құрамының жеткілікті түрде бұқаралық еместігін, халыққа жеткілікті түрде жақын еместігін көрсете келе, Москвадағы жұрт айтқандай,— *ешқандай пулемет төтеп бере алмайды.*

Сонымен: көтерілістің бір мезгілде болуының, оған дереу күш даярлаудың және «жасақшылардың» бұқаралық ерікті отрядтарын ұйымдастырудың қажетті екендігі жөнінде барынша кең түрде насихат пен үгіт жүргізумен қатар, барлық жерлерде жұмысшы депутаттары советтерін, шаруалар комитеттерін және осыларға ұқсас мекемелерді ұйымдастыру керек.

* *
*

P. S. Біздің Орталық Комитеттің ұрандарында: құрылтай жиналысын *шақыру органы* болып табылатын Дума үшін күресейік деген жаңа «бет бұрыс» жасалғанын білген кезімізде, бұл тарау жазылып та болған еді.

Демек, ұйым туралы мәселе революциялық уақытша үкімет құру мәселесімен толықтырылып отыр, өйткені, шынында, осындай үкімет қана құрылтай жиналысын шынымен шақыра алатын мекеме болар еді. Бірақ уақытша үкіметтің бәрінен бұрын *көтеріліс органы* екенін ұмытпау керек, ал біздегі кадетофилдер мұны ұмы-

туды ұнатады. Марқұм болған Дума көтеріліс органы болғысы келе ме? кадеттер көтеріліс органы болғысы келе ме? Рақым етіңіздер, мырзалар! біз *күресте* буржуазиялық демократиядан шыққан одақтастардың қандайын болса да қарсы аламыз. Егер сіздердің бізбен одақтығыңыз — ғапу етіңіз,— Францияның Россиямен (яғни ақшаның шығатын көзімен) одақтығы сияқты болса, соның өзінде де біз оған өте қуанар едік, біздер парасатты саясатшылармыз, мырзалар. Ал егер сіздердің көтеріліске кадеттік қатысуларыңыз әншейін меньшевиктік бос қиял болса,— онда біз тек былай дейміз: сіздердің қиялдарыңыз нендей шағын, ұсақ еді, меньшевик жолдастар. Сіздер тек өздеріңізді құмардан шығара алмайтын кадеттерді «үмітсіз сүйетіндіктеріңіз» үшін құрып кетпесеңіздер жарар еді...

Уақытша үкімет туралы мәселе теориялық жағынан әлденеше рет анықталды. Социал-демократтардың қатысуының мүмкін екені дәлелденді. Бірақ енді бұл мәселенің екінші жағы, оның октябрь — декабрьде *белгіленген практикалық* қойылысы көңіл бөлерлік болып отыр. Өйткені жұмысшы депутаттары Советтері және т. с. *іс жүзінде* уақытша үкіметтің ұрығы болды; көтеріліс жеңе қалған күнде өкімет *сөзсіз* соларға тиген болар еді. Жаңа өкіметтің осы, тарихи белгіленген, ұрық күйіндегі органдарын зерттеуге, олардың жұмыс жағдайларын, *олардың табыстарын* зерттеуге баса назар аудару керек. Қазіргі уақытта революциялық уақытша үкімет жөнінде «жалпы» жорамалдаудан гөрі бұл қажеттірек, бұл маңыздырақ болып отыр.

V

Бізге енді бой көрсетудің мерзімі туралы мәселені қарастыру қалып отыр. Кадеттік Думаны елжірей жақсы көру социал-демократтардың оң қанатының дереу бой көрсетуді талап етуін тудырып отыр. Бұл идея салтанатты түрде масқара болды. Жағдайдың елеулі екені ұғынылып немесе сезіліп келе жатқанын жұмысшы табы мен қала халқы бұқарасының көзқарасы жалпы алғанда көрсетті. Іс жүзінде, әрине, әсте де Дума

үшін емес, ескі өкіметті *құлату* үшін күрес болады деп күтілуде. Кешеуілдету нағыз табанды, аяусыз күреске дайындалуды, келісіп қимыл жасауды көздеген жалпы жұрттың көңіл-күйінің, пиғылының нәтижесі болды.

Жаңа күрес, бұрынғы болып өткен күрестер сияқты, көңіл-күйінің өрлеуінің және сөзсіз болатын бір дүмпудің нәтижесінде стихиялы түрде, күтпеген жерден өршуі мүмкін, бұл бәрінен де гөрі ықтимал нәрсе. Егер іс осылай болып шықса, егер осындай даму жолы сөзсіз белгіленсе, онда бой көрсетудің мерзімі туралы мәселені біздің шешіп жатуымызға да тура келмейді, онда біздің міндетіміз бүкіл жоғарыда көрсетілген бағыттарда үгіт пен ұйымдастыру жұмысын ондаған есе күшейтуге келіп тіреледі.

Дегенмен, оқиғалар бізден басшыларды және бой көрсету мерзімін белгілеуді талап етуі мүмкін. Егер бұл осылай болып шықса, онда біз бүкіл россиялық бой көрсетуді, ереуілді және көтерілісті жаздың ақырына немесе күздің басына, августың ортасына немесе аягына тағайындауға кеңес берер едік. Қалаларда құрылыс жұмыстары жүріп жатқан және жазғы егіс жұмыстары аяқталатын кезеңді пайдалану маңызды болар еді. Егер бой көрсетудің мерзімі жөнінде *барлық* ықпалды революцияшыл ұйымдар мен одақтардың келісіміне қол жеткен болса, онда оны жоғарыда көрсетілген мерзімде өткізу мүмкіндігі теріске шығарылмас еді. Бүкіл Россияда күрестің бір мезгілде басталуының орасан зор пайдасы болар еді. Стачканың мерзімі туралы тіпті үкіметтің хабардар болуының да оны болдырмастай мәні бола қоймас еді; өйткені бұл заговор емес, тұтқиылдан қимылдауды керек ететін әскери шабуыл да емес. Күрестің сөзсіз болатындығы жөніндегі пікір егер аптадан апта өткен сайын әскерді алаңдатқан болса, мүмкін, бүкіл Россия көлемінде әскердің неғұрлым берекесі кетер еді, оларды қаруын кезендіріп, сақадай сай ұстап тұрар еді, ал үгіт жұмысын «бейпартиялық» революционерлер бұқарасымен қатар кез келген алуан түрлі ұйымдар ұйымшылдықпен жүргізе берер еді. Думаның социал-демократтар мен трудовик-

терден болған ықпалды мүшелері де бір мезгілде бой көрсетудің табысты болуына көмектесе алар еді.

Егер бүкіл революциялық Россия осы ұлы ортақ шайқастың сөзсіз болатындығына сенген болса, онда солдаттардың «бүліктері», шаруалардың үмітсіз көтерілістері сияқты жекелеген және мүлдем пайдасыз дүмпулерді, мүмкін, кідірте тұруға болар еді.

Бірақ мұның өзі *барлық* ықпалды ұйымдар толық келіскен күнде ғана мүмкін екенін қайталап айтамыз. Өйтпеген күнде көтеріліс ниетінің бұрынғы стихиялық өршу жолы қала береді.

VI

Қысқаша қорытынды жасайық.

Думаның таратылуы самодержавиеге қарай толық бет бұрыс жасау деген сөз. Бүкіл Россияның бір мезгілде бой көрсету мүмкіндігі өсіп келеді. Барлық жекелеген көтерілістердің біртұтас көтеріліс болып бірігу мүмкіндігі күшейе түсуде. Өкімет үшін күрес болып табылатын саяси ереуіл мен көтерілістің сөзсіз болатындығы халықтың қалың бұқарасына бұрын болып көрмеген дәрежеде сезіліп отыр.

Біздің міндет — бүкіл россиялық көтерілістің пайдасына үгіт жұмысын барынша кең көлемде өрістету, көтерілістің саяси және ұйымдастыру міндеттерін түсіндіру, жұрттың бәріне көтерілістің сөзсіз болатындығын ұғындыруға, жалпы тегеуріннің мүмкіндігін көрсетуге және жұрттың бәрін «бүлікке» емес, «демонстрацияға» емес, қарапайым стачкаларға, талқандаушылыққа емес, өкімет жолындағы күреске, үкіметті құлатуды мақсат ететін күреске бастауға барлық күш-жігерді жұмсау.

Істің барлық жағдайы осы міндеттің орындалуына қолайлы болып отыр. Пролетариат күрестің басшысы болуға дайындалуда. Революциялық социал-демократияның алдында жауапты, қиын, бірақ ұлы әрі игілікті міндет: бүкіл россиялық көтерілістің алдыңғы қатарлы отряды — жұмысшы табына жәрдемдесу міндеті тұр.

Бұл көтеріліс самодержавиені құлатып, шын мәнінде өктемді халық өкілдігін — яғни құрылтай жиналысын орнатады.

P. S. Бұл мақала Свеаборг көтерілісі[129] басталғанға *дейін* жазылды

СВЕАБОРГКЕ ДЕЛЕГАЦИЯ ЖІБЕРУ ТУРАЛЫ

РСДРП ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІ АТҚАРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Свеаборг [130] қаласындағы жағдайдың мейлінше шиеленіскендігі туралы және дереу дүмпу шығып кету мүмкіндігі туралы бұл қаладан алынған төтенше хабарларға байланысты РСДРП С.-Петербург комитетінің Атқару комиссиясы қаулы етеді:

1) Свеаборгке NNNN жолдастардан құралған делегация дереу жіберілсін;

2) бұл делегацияға сол жердің өзінде істің жайын мұқият анықтауға барлық шараларды қолдану тапсырылсын;

3) егер қазірдің өзінде белгіленіп қойған адамдарды үкімет тұтқынға алып, халықты тым көп шығынға ұшыратпайтын болса, делегацияға бой көрсетуді кідірте тұру мағынасында жергілікті партия мүшелеріне, революционерлерге, халыққа ықпал жасау тапсырылсын;

4) бұл делегацияға дүмпуді тоқтату толық мүмкін болмаған күнде, қозғалысқа басшылық етуге барынша жігерлі түрде қатысу, яғни күреске аттанған бұқараның дербес ұйымдасуына, реакцияны қарусыздандыруға және құртуға, дұрыс дайындықпен батыл шабуыл әрекеттерін жасауға көмектесу, бүкіл халықты ерте алатындай дұрыс және нағыз революциялық ұрандар көтеру тапсырылсын.

1906 ж. 16 (29) июльде жазылған

Бірінші рет 1930 ж. ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Ленин Институтының «Партияның XVI съезіне есебінде» басылған. Москва

Қолжазба бойынша басылып отыр



В. И. Лениннің «Свеаборгке делегация жіберу туралы. РСДРП Петербург комитеті Атқару комиссиясының қаулысы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1906 ж.

Кішірейтілген

ДАУЫЛ АЛДЫНДА [131]

Мемлекеттік Дума таратылған уақыттан бері бір ай өтті. Көтерілісшілерді қолдауға тырысқан әскери көтерілістер мен ереуілдердің бірінші кезеңі өтті. Халықтан үкіметті «қатты күш салып», «төтенше қорғап» келген бастықтардың жұлқынуы осы күннің өзінде-ақ кейбір жерлерде бәсеңдей бастады. Революцияның өткен кезеңінің маңызы барған сайын айқын көріне бастады. Жаңа толқын барған сайын жақындап келеді.

Орыс революциясы ауыр және қиын жолмен өтіп келеді. Әрбір өрлеудің соңынан, әрбір жеке табыстың соңынан жеңіліс, қан төгіс болып келеді, бостандық үшін күресушілерге самодержавие қорлық көрсетуде. Бірақ әрбір «жеңілістің» соңынан қозғалыс ұлғая түсіп келеді, күрес тереңдей түсіп келеді, күреске тартылған және оған қатысушы таптардың, халық топтарының күресуші бұқарасы барған сайын көбейе түсуде. Революцияның әрбір тегеурінінен кейін, жауынгер демократияны ұйымдастыру ісіндегі алға басқан әрбір қадамнан кейін реакция қатты жанталасып шабуыл жасай түсуде, халықтың қаражүздік элементтерін ұйымдастыру ісі күшейе түсуде, өзінің өмір сүруі үшін аянбай күресіп отырған контрреволюцияның арсыздығы арта түсуде. Бірақ реакцияның күші, оның жан сала арпалысқанына қарамастан, құлдилап кеміп барады. Кеше ғана селқос болған немесе қаражүздік болған жұмысшылардың, шаруалардың, солдаттардың барған сайын көп бөлегі революция жағына шығуда. Орыс халқын сенгіш, төзімді, аққөңіл, көнбіс, бәріне төзгіш, бәрін де кешіргіш еткен жалған үміттер мен

соқыр сенімдер бірінен соң бірі талқаны шығып қирап, қарасы өшіп барады.

Самодержавиеге бірталай жарақаттар жасалды, бірақ ол әлі өлтірілген жоқ. Самодержавиенің тұла бойында жарасы таңылмаған жері жоқ, бірақ ол әлі тірі, құлаған жоқ, ол әлі тісін қайрауда, тіпті неғұрлым қансыраған сайын, соғұрлым қаһарын төге түсуде. Ал пролетариат бастаған халықтың революцияшыл таптары бойға жаңа күш жиып алу үшін, жауға үсті-үстіне жаңа соққы беру үшін, ақырында, Россияны уландырып отырған крепостниктік тәртіп пен азиаттықтың қарғыс атқан мерезін түп тамырымен жұлып тастау үшін әрбір толастау шағын пайдалануда.

Қоян жүректіктің қандайын болса да жеңу үшін, біздің революциямыздың келешегі жөніндегі тар өрісті, бір жақты және ұсақшыл-қорқақ көзқарастардың қандайын болса да теріске шығару үшін революцияның өткен шағын жалпы шолып өтуден артық дұрыс құрал жоқ. Орыс революциясының тарихы әлі қысқа, әйтседе ол: революцияшыл таптардың күші мен олардың тарихи творчествосының байлығы толастау кезінде көрінгенінен анағұрлым көп екендігін қазірдің өзіндеақ бізге жеткілікті дәлелдеп, көрсетіп берді. Революцияның бастан кешірген әрбір өрлеу толқыны жаңа және неғұрлым зор міндетті орындауға керек күштердің көзге түспей және біршама айғай-шусыз жинақталып жатқанын көрсетіп отыр, сөйтіп саяси ұрандарды үстірт қарап, қорқақтықпен бағалаушылықтың бәрін осы жиналған күштердің лап беріп майданға шығуы әрқашан теріске шығарып отырды.

Біздің революциямыздың басты үш кезеңі айқын көрініп отыр. Бірінші кезең — «сенім» дәуірі, конституцияның қажеттігі туралы жаппай сұрану, іздену, өтініш беру заманы. Екінші кезең — конституциялық манифестер, актілер, заңдар шығару заманы. Үшінші кезең — конституционализмді жүзеге асыра бастау заманы. Мемлекеттік дума заманы. Әуелі патшадан конституция шығаруды өтінді. Одан соң патшаға конституцияны салтанатты түрде күшпен мойындатты. Енді... енді патша сыйлаған, патша заңдары мақұлдаған, пат-

ша чиновниктері жүзеге асырған конституцияның соқыр тиынға тұрмайтынына Дума таратылғаннан кейін жұрттың тәжірибе жүзінде көзі жетіп отыр.

Осы замандардың әрқайсысында біз ең әуелі даурықпа, мақтаншақ, мещандарша тар өрісті және мещандарша менменшіл, өздерінің «мирасқорлық правосына» күн ілгері сенген, «кіші туысын» сылап-сипап бейбіт күрес жүргізуге, адал оппозицияда болуға және халық бостандығын патша өкіметімен келістіруге үйрететін либерал буржуазияның алға түскенін көреміз. Осы либерал буржуазия социал-демократтардың (оң қанатынан) кейбіреулерін әрқашан абыржытып отырды, оларды өздерінің саяси ұрандарына, өздерінің саяси басшылығына бағындырып алды. Ал іс жүзінде, либералдық саясат құмарлықтың айқайымен бұқара ішінде революцияшыл күштер өсіп жетіліп, нығая берді. Іс жүзінде пролетарлар алдыңғы қатарлы шаруаларды соңынан ертіп ілгері бастап көшеге шыға отырып, барлық ескі заңдарды, барлық ескі шарттылықты лақтырып тастап, тікелей революциялық күрестің жаңа формаларын, тәсілдерін, бұл күрес құралдарының амалдарын жер жүзіне тарата отырып, тарих кезекке қойған саяси міндетті *орындауды* әр уақыт өз қолына алып отырған болатын.

Тоғызыншы январьды еске түсіріңіздер. Жұмысшылар өздерінің ерлік қимылымен патшаның халыққа және халықтың патшаға «сенім» дәуірін жұрт күтпегендей тез арада қалай аяқтады! Сөйтіп, олар бүкіл қозғалысты қалай бірден-ақ жаңа, жоғары сатыға көтерді! Ал сырттай қарағанда 9 январь толық жеңіліске ұшырағандық болды ғой. Өйткені мыңдаған пролетарлар оққа ұшты, жазалау әрекеті өрши түсті, Россияның үстіне треповшылдықтың қара түнегі орнады.

Либералдар тағы да алға түсе қалды. Олар тамаша съездер өткізді, патшаға салтанатты депутациялар жіберді. Олар садақа ретінде тастай салынған Булыгин Думасына қос қолдап жармаса кетті. Олар майлы сүйек көрген иттерше революцияға ырылдай бастады және студенттерді саясатпен шұғылданбай, оқуын оқуға шақырды. Содан кейін революцияны жақтаушылар ара-

сындағы жүрексіздер: Думаға барайық, «Потемкиннен» кейін қарулы көтеріліс жасау үмітсіз нәрсе, бітім жасасқаннан кейін жаппай жауынгерлік бой көрсету мүмкін емес дей бастады.

Мұнан кейінгі тарихи міндетті тағы да пролетариаттың революциялық күресі ғана шын мәнінде шешті. Бүкіл россиялық октябрь стачкасы [132] конституциялық манифесті күшпен шығартты. Жұмысшылардан кейін шаруалар мен солдаттар да жанданып, бостандыққа, жарыққа қарай талпына бастады. Аз ғана уақыт бостандық болды, одан кейін ойрандар, қаражүздіктердің айуандық әрекеті басталды, күрес орасан шиеленісті, патшадан тартып алынған бостандықты қорғау үшін қолына қару алғандардың барлығын құлақ естімеген қан төгіспен аяусыз жазалау басталды.

Қозғалыс тағы да жоғары сатыға көтерілді, ал сырттай қарағанда пролетариат тағы да толық жеңіліске ұшыраған сияқты болды. Жазалау әрекеті адам айтқысыз күшейді, түрме біткеннің бәрі лық толды, ату-асудың ұшы-қиыры болмады, көтеріліс пен революциядан безген либералдар опасыздықпен даурықты.

Адал либерализмнің мещандары тағы да алға түсе қалды. Олар патшаға сенетін шаруалардың ең ақырғы соқыр сенімінен өздеріне капитал жинауда. Олар сайлауда демократияның жеңіп шығуынан Иерихонның қабырғалары құлайды деп сендірмек болды. Олар Думада басым болып алды, сөйтіп тағы да аула күзеткен тойған төбеттерше «қайыршыларға» — пролетариат пен революцияшыл шаруаларға арсылдай бастады.

Думаның таратылуы — революцияны тежеп, кемсітіп келген либералдық гегемонияның ақыры болды. Думадан бәрінен де гөрі шаруалар көп сабақ алды. Олар қазір ең зиянды жалған үміттерден құтылып, көзін ашты. Сөйтіп, Дума жөніндегі тәжірибенің арқасында қазір тіпті бүкіл халық бұрынғысынан өзгеріп отыр. Көп адам үміт артқан өкілдіктің нәтиже бермеуі арқасында келешектегі міндет ауыр азаппен болса да айқынырақ белгіленді. Дума күшті дәлірек өлшеп, салмақтауға көмектесті, ол халық қозғалысының, ең болмағанда, кейбір элементтерін бір жерге жинады, ол

[369

ПРОЛЕТАРІЙ

Цѣна 5 коп. Москва. № 1.

РОССІЙСКАЯ СОЦІАЛЬДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ РАБОЧАЯ ПАРТІЯ.

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

Понедѣльникъ, 21-го августа 1906 г.

ОРГАНЪ МОСКОВСКАГО И С.-ПЕТЕРБУРГСКАГО КОМИТЕТОВЪ Р. С.-Д. Р. П.

Передъ бурей.

Прошелъ мѣсяцъ со времени роспуска Государственной Думы. Прошла первая полоса военныхъ возстаній и забастовокъ, которыми пытались поддержать возставшихъ. Кое-гдѣ начало уже ослабѣвать рвеніе начальства, примѣняющаго «усиленныя» и «чрезвычайныя охраны» правительства отъ народа. Все яснѣе выступаетъ значеніе пройденнаго этапа революціи. Все ближе надвигается новая волна.

Тяжелымъ и труднымъ путемъ идетъ русская революція. За каждымъ подъемомъ, за каждымъ частичнымъ успѣхомъ слѣдуетъ пораженіе, кровопролитіе, надругательства самодержавія надъ борцами за свободу. Но послѣ каждаго «пораженія» все шире становится движеніе, все глубже борьба, все больше массъ втянутыхъ въ борьбу и участвующихъ въ ней классовъ и группъ народа. За каждымъ натискомъ революціи, за каждымъ шагомъ впередъ въ дѣлѣ организаціи боевой демократіи слѣдуетъ прямо-таки бѣшеный натискъ реакціи, слѣдуетъ шагъ впередъ въ дѣлѣ организаціи черносотенныхъ элементовъ народа, возрастаетъ наглость контръ-революціи, съ отчаяніемъ борющейся за существованіе. Но силы реакціи, несмотря на всѣ ея усилія, неуклонно падаютъ. На сторону революціи становится все большая часть рабочихъ, крестьянъ, солдатъ, вчера еще бывшихъ равнодушными или черносотенными. Одна за другой разрушаются тѣ иллюзіи, одинъ за другимъ падаютъ тѣ предразсудки, которые дѣлали русскій народъ довѣрчивымъ, терпѣливымъ, простодушнымъ, покорнымъ, всевыносящимъ и всепрощающимъ.

Самодержавію нанесенъ цѣлый рядъ ранъ. но оно еще не убито. Самодержавіе покрыто со всѣхъ сторонъ повязками и бинтами, но оно еще держится, оно еще скрипитъ и даже свирѣпѣетъ тѣмъ болѣе, чѣмъ сильнѣе истекаетъ кровью. А революціонные классы народа, съ пролетаріатомъ во главѣ ихъ, пользуются каждымъ затишьемъ, чтобы накопить новыя силы, чтобы нанести новый и новый ударъ врагу, чтобы вырвать наконецъ съ корнемъ проклятую язву азіатчины и крѣпостничества, отравляющую Россію.

И нѣтъ болѣе вѣрнаго средства побороть всякое малодушіе, опровергнуть всякіе узкіе, односторонніе и мелочно-трусливые взгляды на будущее нашей революціи, какъ бросить общій взглядъ на ея прошлое. Коротка еще исторія русской революціи, но она уже достаточно доказала и показала намъ, что силы революціонныхъ классовъ и богатство ихъ историческаго творчества гораздо больше, чѣмъ кажется во времена затишья. Каждая волна подъема, пережитая революціей, показываетъ невидное и безшумное сравнительно накопленіе силъ для разрѣшенія новой и болѣе высокой задачи, и каждый разъ всѣ близорукія и малодушныя оцѣнки политическихъ лозунговъ опровергаются взрывомъ этихъ накопившихся силъ.

Три главныхъ этапа нашей революціи намѣтились ясно. Этапъ первый — эпоха «довѣрія», эпоха массовыхъ просьбъ, ходатайствъ и заявленій о необходимости конституціи. Этапъ второй — эпоха конституціонныхъ манифестовъ, актовъ и законовъ. Этапъ третій — начало осуществленія конституціонализма, эпоха Государственной Думы. Сначала у царя просили конституцію. Потомъ у царя вырвали силой торжественное признаніе конституціи. Теперь... теперь на опытѣ убѣдились послѣ роспуска Думы, что конституція, царемъ пожалованная, царскими законами признанная, царскими чиновниками осуществляемая, не стоитъ ломаннаго грошá.

Въ каждую изъ этихъ эпохъ мы видимъ сначала на авансценѣ либеральную буржуазію, шумливую, хвастливую, мѣщански-ограниченную и мѣщански-самодовольную, заранѣе увѣренную въ своихъ «правахъ на наслѣдство», снисходительно поучающую «меньшого брата» мирной борьбѣ, лояльной оппозиціи и согласованію народной свободы съ царской властью. И каждый разъ смущала нѣкоторыхъ изъ соц.-дем. (праваго крыла) эта либеральная буржуазія, подчиняла ихъ своимъ политическимъ лозунгамъ, своему политическому руководству. А на дѣлѣ подъ шумокъ либеральнаго политиканства росли и зрѣли въ низахъ революціонныя силы. На дѣлѣ *рѣшеніе* поставленной на очередь исторіей политической задачи брали на себя всякій разъ пролетаріи, увлекая за собой передовое крестьянство, выходя на улицу, отбрасывая всѣ старые законы и всѣ старыя рамки, обогащая міръ новыми формами, пріемами, комбинаціями средствъ прямой революціонной борьбой.

Припомните девятое января. Какъ неожиданно для всѣхъ закончили рабочіе своимъ геройскимъ выступленіемъ эпоху довѣрія царя къ народу и народа къ царю! И какъ подняли они сразу все движеніе на новую, высшую ступень! А вѣдь по внѣшности 9-ое января было полнымъ пораженіемъ. Тысячи перебитыхъ пролетаріевъ, разгулъ репрессій, темная туча нависшей надъ Россіей Треповщины.

Либералы опять заняли авансцену. Они устраивали блестящіе съѣзды, эффектныя депутаціи къ царю. Они обѣими руками цѣплялись за брошенную имъ подачку: Булыгинскую Думу. Они уже начали, какъ увидѣвшіе жирный кусъ псы, рычать на революцію, и призывали студентовъ учиться, а не заниматься политикой. И малодушные среди сторонниковъ революціи начали говорить: пойдемъ въ Думу, послѣ «Потемкина» безнадежно вооруженное возстаніе, послѣ заключенія мира невѣроятно боевое массовое выступленіе.

Дѣйствительное разрѣшеніе слѣдующей исторической задачи дано было опять-таки только революціонной борьбой пролетаріата. Конституціонный манифестъ былъ вырванъ всероссійской октябрской стачкой. Крестьянинъ и солдатъ ожили и потянулись къ свободѣ и свѣту, вслѣдъ за рабочимъ. Наступили краткія недѣли свободы, а за ними — недѣли погромовъ, черносотеннаго озвѣрѣнія, страшнаго обостренія борьбы, неслыханнокровавой расправы со всѣми, кто взялся за оружіе, чтобы отстоять вырванныя у царя свободы.

Движеніе опять-таки поднято на высшую ступень, а по внѣшности снова полное пораженіе пролетаріата. Бѣшенство репрессій, переполненныя тюрьмы, казни безъ конца, подлый вой либераловъ, отрекавшихся отъ возстанія и отъ революціи.

Мѣщане лояльнаго либерализма опять занимаютъ авансцену. Они наживаютъ себѣ капиталъ изъ послѣдняго предразсудка крестьянъ, вѣрящихъ въ царя. Они увѣряютъ, что отъ побѣды демократіи на выборахъ падутъ стѣны Іерихона. Они главенствуютъ въ Думѣ и опять начинаютъ вести себя, какъ сытыя дворовыя собаки по отношенію къ «нищимъ» — къ пролетаріату и революціонному крестьянству.

Роспускъ Думы — конецъ либеральной гегемоніи, сдерживавшей и принижавшей революцію. Крестьянство больше всѣхъ научилось отъ Думы. Оно пріобрѣтаетъ теперь то, что теряетъ самыя вредныя иллюзіи. И весь народъ выходитъ изъ опыта съ Думой уже не тѣмъ, чѣмъ былъ прежде. Предстоящая задача оцѣнена конкретнѣе и выстрадана неудачей представительства, на которое многіе возлагали всѣ надежды. Дума помогла точнѣе измѣрить силы, она сконцентрировала нѣкоторые по крайней мѣрѣ элементы народнаго движенія, она показала на дѣлѣ, какъ ведутъ себя разныя партіи, она обрисовала передъ новыми и новыми массами гораздо рельефнѣе партійную физіономію либеральныхъ буржуа и крестьянства.

Разоблаченіе кадетовъ, сплоченіе трудовиковъ — таковы одни изъ самыхъ важныхъ пріобрѣтеній думскаго періода. Лживый демократизмъ кадетовъ заклейменъ десятки разъ въ самой Думѣ и притомъ людьми, готовыми вѣрить въ кадетовъ. Сѣрый русскій мужикъ перестаетъ быть политическимъ сфинксомъ. Несмотря на всѣ искаженія свободы выборовъ, онъ сумѣлъ проявить себя и создалъ новый политическій типъ трудовика. Отнынѣ подъ революціонными манифестами наряду съ подписью организацій и партій, которыя складывались въ теченіе десятилѣтій, прибавилась подпись Трудовой Группы, сложившейся въ нѣсколько недѣль. Революціонная демократія обогатилась новой организаціей, которая раздѣляетъ, конечно, не мало иллюзій, свойственныхъ мелкому производителю, но въ данной революціи выражаетъ несомнѣнно тенденціи безпощадной и массовой борьбы съ азіатскимъ самодержавіемъ и крѣпостническимъ помѣщичьимъ землевладѣніемъ.

Изъ опыта съ Думой революціонные классы выходятъ болѣе сплоченными, болѣе близкими другъ къ другу, болѣе способными къ общему натиску. Самодержавіе получило еще рану. Оно еще болѣе изолировано. Оно еще болѣе безпомощно передъ задачами, которыя разрѣшить совсѣмъ ему не по силамъ. А голодъ и безработица все сильнѣе. Крестьянскія возстанія вспыхиваютъ все чаще.

Свеаборгъ и Кронштадтъ показали настроеніе войска. Возстанія подавлены, но возстаніе живетъ, ширится и растетъ. Къ забастовкѣ для поддержки возставшихъ примкнули многіе черносотенные элементы. Эту забастовку прекратили передовые рабочіе, и они были правы, ибо изъ забастовки выходила демонстрація, а на дѣлѣ стояла задача великой и рѣшительной борьбы.

Передовые рабочіе правильно учли моментъ. Они быстро измѣнили ошибочное стратегическое движеніе и сберегли силы для грядущей битвы. Они тутъ-же поняли неизбѣжность стачки - возстанія и вредъ стачки - демонстраціи.

Настроеніе, по всѣмъ признакамъ, наростаетъ. Взрывъ неминуемъ и, можетъ быть, недалекъ. Свеаборгскія и Кронштадскія казни, расправы съ крестьянами, травля трудовиковъ-членовъ Думы, все это только разжигаетъ ненависть, сѣетъ рѣшимость и сосредоточенную готовность къ битвѣ. Больше смѣлости, товарищи, больше вѣры въ силу обогащенныхъ новымъ опытомъ революціонныхъ классовъ и пролетаріата прежде всего, больше самостоятельнаго почина! Мы стоимъ, по всѣмъ признакамъ, наканунѣ великой борьбы. Всѣ силы должны быть направлены на то, чтобы сдѣлать ее единовременной, сосредоточенной, полной того же героизма массы, которымъ ознаменованы всѣ великіе этапы великой россійской революціи. Пусть либералы трусливо киваютъ на эту грядущую борьбу исключительно для того, чтобы погрозить правительству, пусть эти ограниченные мѣщане всю силу «ума и чувства» вкладываютъ въ ожиданіе новыхъ выборовъ, — пролетаріатъ готовится къ борьбѣ, дружно и бодро идетъ на встрѣчу бурѣ, рвется въ самую гущу битвы. Довольно съ насъ гегемоніи трусливыхъ кадетовъ, этихъ «глупыхъ пингвиновъ», что «робко прячутъ тѣло жирное въ утесахъ».

«Пусть сильнѣе грянетъ буря!»

МЕЖДУНАРОДНОЕ СОЦІАЛИСТИЧЕСКОЕ БЮРО ОПУБЛИКОВАЛО СЛѢДУЮЩЕЕ ВОЗЗВАНІЕ:

КЪ РАБОЧИМЪ ВСѢХЪ СТРАНЪ!

Царь Николай II, уже дважды изобличенный въ клятвопреступленіи, распустилъ Думу. Онъ нарушилъ этимъ данное имъ слово, какъ нѣсколько лѣтъ тому назадъ онъ нарушилъ свое слово, отмѣнивъ конституцію Финляндіи. Царь стянулъ войска въ Петербургъ, разогналъ народное представительство и выпустилъ манифестъ, чтобы ввести въ заблужденіе Европу. Каждое слово въ этомъ манифестѣ — ложь. Онъ обвиняетъ Думу въ совершеніи незаконныхъ дѣйствій, — и это послѣ того, какъ царь, вопреки своему обѣщанію въ манифестѣ 17 октября, навязалъ Думѣ противоконституціонные основные законы. Онъ обвиняетъ Думу за ея безсиліе, — и это послѣ того, какъ онъ насильственными средствами низвелъ Думу до роли простой ораторской трибуны. Но эта трибуна принесла все же ту пользу, что съ нея клеймили преступленія бюрократіи. Царь упрекаетъ Думу за ея бездѣятельность, — а это послѣ того, какъ онъ самъ отнялъ у нея всякую возможность сдѣлать хоть что-нибудь на пути парламентаризма.

Международный соціализмъ не будетъ терять времени на пустые протесты. Онъ бросаетъ лишь еще разъ призывный кличъ къ тѣмъ, кто готовъ дѣйствовать.

Новый ударъ героя 9-го января не удивилъ соціалистическую партію и не засталъ ее врасплохъ. Такая участь могла постигнуть Думу потому, что камарилья чиновниковъ и великихъ князей увидѣли безсиліе большинства въ Думѣ. Это большинство, вопреки всѣмъ усиліямъ со стороны с.-д. фракціи и Трудовой Группы, слѣдовало такой тактикѣ, которая должна была неизбѣжно сдѣлать его безсильнымъ.

Безобразно урѣзанное избирательное право, безстыдное давленіе со стороны властей во время выборовъ, недовѣріе народа, удерживавшее вдали отъ избирательныхъ урнъ тѣхъ немногихъ пролетаріевъ, которые имѣли право голоса, — все это создало искусственное большинство въ Думѣ, отнюдь не выражавшее стремленій большинства народа. Поведеніе депутатовъ либеральной буржуазіи послѣ роспуска Думы доказываетъ, что они сдѣлали ошибку, проявивъ нерѣшительность по отношенію къ власть имущимъ и промышляя съ самыми неотложными реформами. Развѣ они не потеряли довѣріе крестьянства, обѣщавъ ему лишь недостаточныя земельныя реформы, проведеніе которыхъ не вернуло бы всей земли въ руки сельскаго населенія? Развѣ они не внушили рабочимъ отвращенія къ себѣ тѣмъ, что предлагали имъ жалкіе паллиативы вмѣсто коренныхъ реформъ? Развѣ они не разочаровали всѣхъ тѣхъ, кто страстно добивался свободы, когда они не сумѣли принять никакихъ энергичныхъ рѣшеній относительно амнистіи, погромовъ, относительно смертной казни? И несмотря на всѣ ихъ многократныя увѣренія въ своей лояльности, царь только презиралъ ихъ. При открытіи парламента имъ прочли тронную рѣчь въ защиту царскихъ основныхъ законовъ, и въ теченіе всей сессіи Думы царь отвѣчалъ на всѣ ея заявленія од-

«Пролетарий» газетінің 1906 ж. 21 августағы 1-номерінің бірінші беті, мұнда В. И. Лениннің «Дауыл алдында», «Бойкот туралы» деген және басқа мақалалары басылған

Кішірейтілген

түрлі партиялардың өздерін қалай ұстайтындығын іс жүзінде көрсетті, ол либерал буржуа мен шаруалардың партиялық бет бейнесін қалың бұқараның көптеген жаңа топтары алдында неғұрлым айқын суреттеп берді.

Кадеттердің әшкерелепуі, трудовиктердің топтасуы — міне, дума дәуірінің ең маңызды табыстарының бірі осылар. Кадеттердің жалған демократизмі Думаның өзінде-ақ сан рет әшкереленіп, бетіне таңба етіп басылды; оны әшкерелегенде кадеттерге сенуге дайын тұрған адамдардың өздері әшкереледі. Орыстың қарапайым мужигі саяси жұмбақ болудан қалды. Сайлау бостандығының мейлінше бұрмаланғанына қарамастан, ол өзінің кім екенін көрсетті, сөйтіп трудовиктің жаңа саяси типін туғызды. Осыдан былай революциялық манифестерге ондаған жылдар бойына қалыптасып келген ұйымдар мен партиялардың қолдарымен қатар бірнеше аптаның ішінде құрылған Еңбек тобының [133] қолы да қойылатын болды. Революциялық демократия қатарына жаңа ұйым қосылды, ол ұйым ұсақ өндірушіге тән бірқатар жалған үміттерді, әрине, қостайды, бірақ қазіргі революцияда азиаттық самодержавиеге және крепостниктік помещиктік жер иелігіне қарсы жаппай, аяусыз күресу ниетінде екенін даусыз көрсетіп отыр.

Дума жөніндегі тәжірибе арқасында революцияшыл таптар неғұрлым топтаса түсті, бір-біріне неғұрлым жақындады, жалпы тегеурінге неғұрлым қабілеттірек болып шықты. Самодержавие тағы жарақаттанды. Ол одан бетер оқшаулана түсті. Ол алда тұрған міндеттерді шешуге бұрынғыдан да гөрі дәрменсіз болып, оған мүлдем күші жетпейтін халге жетті. Ал ашаршылық пен жұмыссыздық барған сайын күшеюде. Шаруалар көтерілістері жиілей түсуде.

Свеаборг пен Кронштадт [134] әскерлердің пиғылы қандай екенін көрсетті. Көтерілістер жанышталды, бірақ көтеріліс әлі өмір сүруде, ұлғайып, өсуде. Көтеріліс жасаушыларды қолдау үшін жасалған ереуілге толып жатқан қаражүздік элементтер қосылды. Бұл ереуілді алдыңғы қатарлы жұмысшылар тоқтатты, тоқтатқаны

дұрыс та болды, өйткені ереуіл демонстрацияға айналатын еді, ал іс жүзінде батыл, ұлы күреске шығу міндеті алға қойылған еді.

Алдыңғы қатарлы жұмысшылар кезеңді дұрыс ескерді. Олар қате болған стратегиялық қозғалысты тез өзгертті, сөйтіп алдағы шайқас үшін күштерді сақтап қалды. Стачка-көтерілістің сөзсіз болатынын, ал стачка-демонстрацияның зияндылығын олар сезініп, түсіне білді.

Қай жағынан алып қарасаң да, көтеріліс нииеті өсіп келеді. Көтерілістің бұрқ ете қалатыны даусыз, мүмкін, оған көп уақыт қалмаған да болар. Свеаборг пен Кронштадттағы дарға асу, шаруаларды жазалау, Думаға мүше трудовиктерді қуғын-сүргінге салу,— осының бәрі өшпенділікті күшейте түседі, ұрысқа шығуға жұрттың батылдығын және жұмыла әзірлік жасауын арттыра түседі. Неғұрлым батыл болыңдар, жолдастар, жаңа тәжірибе жинақтаған революцияшыл таптардың, бәрінен бұрын, пролетариаттың күшіне көбірек сеніңдер, дербес әрекет етуді мейлінше күшейтіңдер! Қай жағынан алып қарасаң да, біз ұлы күрестің қарсаңында тұрмыз. Бұл күрестің бір мезгілде басталуы үшін, жұмыла ұйымдасқан болуы үшін, россиялық ұлы революцияның барлық ұлы кезеңдерінде бұқараның көрсеткен ерлігінің бұл күресте де мейлінше күшті болуы үшін бұған барлық күшті жұмсау керек. Мейлі, либералдар тек үкіметтің өзін қорқыту үшін ғана осы төніп келе жатқан күреске тайсақтай иек қаға берсін, өрісі тар бұл мещандар жаңа сайлауды күтіп, өздерінің бар «ақыл-ойы мен сезімін» соның жолына сарп ете берсін,— ал пролетариат күреске әзірленіп жатыр, пролетариат тізе қосып, бар жігермен дауылға қарсы барады, ұрыстың нағыз қақ ортасына жұлқына кіреді. Қоян жүрек кадеттердің, «қорғалақтап семіз денесін жартасқа тасалайтын» бұл «ақымақ пингвиндердің» бізге гегемондық етуі енді жетер.

«Дауыл күштірек соқсын, қаттырақ соқсын!»[135]

«Пролетарий» № 1,
21 август, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БОЙКОТ ТУРАЛЫ

Сол қанаттағы социал-демократтар Мемлекеттік думаға бойкот жариялау туралы мәселені қайта қарауға тиіс. Бұл мәселені біздің әрдайым нақты түрде, белгілі бір саяси жағдайға байланысты қойып келгенімізді естен шығармау керек. Мәселен, кезінде «Пролетарий» (Женевадағы): егер Булыгин Думасы шақырылатын болса, онда «тіпті сол Булыгин Думасын да пайдаланудан безу күлкі болар еді» * деп жазған болатын. Ал Витте Думасы жөнінде «Социал-демократия және Мемлекеттік дума» деген кітапшадағы (Н. Ленин мен Ф. Данның кітапшасы) Н. Лениннің мақаласынан мынаны оқымыз: «Біз тактика туралы мәселені қалайда жаңадан, іскерлікпен талқылауға тиіспіз... Енді жағдай басқаша», Булыгин Думасының тұсындағыдай емес (цитат келтірілген кітапшаның 2-бетін қараңыз) **.

Бойкот туралы мәселеде революциялық социал-демократия мен оппортунистік социал-демократияның басты айырмашылығы мынада. Оппортунистер герман социализмінің ерекше бір кезеңінен алынған жалпы шаблонды барлық ретте қолданумен шектеледі. Біздер өкілетті мекемелерді пайдалануымыз керек,— Дума деген өкілетті мекеме,— олай болса, бойкот жариялау анархизм, сондықтан Думаға бару керек болады. Біздің меньшевиктердің, әсіресе Плехановтың бұл тақы-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 179-бет. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 173-бет. *Ред.*

рыптағы ой-пікірлерінің бәрі әрдайым осындай жай балалық силлогизммен аяқталып отырды. Революциялық заманда өкілетті мекемелердің маңызы туралы меньшевиктердің қарары (қараңыз: «Партийные Известия» № 2) олардың пайымдауларының осы шаблондық, тарихқа қарсы сипатын мейлінше айқын көрсетіп отыр.

Мұның керісінше, революцияшыл социал-демократтар мәселенің салмағының денін, атап айтқанда, нақты саяси жағдайды құнттап есепке алуға аударады. 1847—1848 жылдардың сабақтарын ұмытып, соңғы уақыттағыдан бір жақты алынған неміс шаблондарын көшіріп алумен орыс революциялық заманының міндеттерін қамту мүмкін емес. Егер социал-демократтардың сайлауға қатысуына жалаң «анархиялық» бойкотты қарсы қоюмен шектелсе, онда біздің революцияның барысынан еш нәрсе түсінуге болмайды. Орыс революциясының тарихынан сабақ алыңдар, мырзалар!

Булыгин Думасына бойкот жариялаудың бірден-бір дұрыс тактика екенін осы тарих *көрсетті,* оның дұрыс екенін оқиғалар толық дәлелдеді. Кімде-кім мұны есінен шығарса, кімде-кім Булыгин Думасының сабақтарын ескермей, оған соқпай (меньшевиктердің әрқашан да оған соқпай өтетініндей), бойкот туралы сөз қылса, ондай адам өзінің бейшаралығын, орыс революциясының ең маңызды және оқиғаларға өте бай замандарының бірін түсіндіре білмегендігін, оны есепке ала білмегендігін толық сипаттап береді. Булыгин Думасына бойкот жариялау тактикасы революцияшыл пролетариаттың пиғылын да, жақындағы жалпы дүмпуді болмай қалмайтын көтеріліс еткен кезеңнің объективтік ерекшеліктерін де дұрыс есепке алды.

Тарихтың *екінші* сабағына,— кадеттердің Витте Думасына келейік. Бұл Думаға бойкот жариялау жөнінде социал-демократ интеллигенттердің айтып жүрген өкініш сөздері қазір өте көп таралған. Бұл Дума жиналды және оның революцияға жанама түрде қызмет еткені күмәнсыз болды,— Витте Думасына бойкот жариялаудың қате екендігін өкінішпен мойындау үшін осы фактінің өзі де жеткілікті деп санайтындар бар.

Бірақ мұндай көзқарас барып тұрған сыңар жақтылық, болжай білмеушілік болады. Мұндай көзқарас Витте Думасына дейінгі, оның кезіндегі және ол таратылғаннан кейінгі замандардағы орасан зор маңызды бірсыпыра фактілерді ескермейді. Бұл Думаны сайлау туралы заңның 11 декабрьде, көтерілісшілер құрылтай жиналысы үшін қарулы күрес жүргізіп жатқан кезде, шыққанын еске түсіріңізші. Сол кезде *тіпті меньшевиктік «Началоның»* да: «Пролетариат Булыгин Думасын қалай жайпап кетсе, Витте Думасын да *нақ солай* жайпап кетеді» деп жазғанын еске түсіріңізші. Мұндай жағдайда пролетариат Россиядағы алғашқы өкілетті мекемені шақыру ісін патшаның қолына күрессіз беріп қоя алмады және беруге тиіс те емес еді. Пролетариат Витте Думасы жүргізетін заем арқылы самодержавиенің нығаюына қарсы күресуге тиіс болды. Пролетариаттың конституциялық жалған үміттерге қарсы күресуі керек еді; 1906 жылдың көктеміндегі кадеттердің сайлау науқаны мен шаруалар арасындағы сайлау *бүтіндей* сол конституциялық жалған үміттерге негізделген болатын. Думаның маңызы өлшеусіз асыра бағаланған ол кезде мұндай күресті тек бойкот арқылы жүргізуден басқа жол жоқ еді. Конституциялық жалған үміттердің *таралуы* сайлау науқанына және 1906 жылдың көктеміндегі сайлауға қатысумен қандайлық дәрежеде тығыз байланысты болғаны, мұның өзі бәрінен де гөрі біздің меньшевиктердің мысалынан айқын көрінеді. Большевиктердің сақтандырғанына қарамастан, РСДРП IV (Бірігу) съезінің қарарында Думаның *«өкімет»* деп аталғанын еске түсірудің өзі-ақ жеткілікті! Екінші бір мысал: Плеханов ешбір күдіктенбестен былай деп жазды: «Думаны таратып жіберген кезде, үкімет шыңырауға *құлайды»*. Жау өздігінен шыңырауға «құлайды» деп кадеттерше үміттенуді қойып, жауды тұңғиыққа *құлатуға* дайындалу керек, деп сол уақытта оған қарсы айтылған сөздер кешікпей-ақ дұрысқа шықты *.

---

* Қараңыз: осы том, 165—188-беттер. *Ред.*

Пролетариат біздің революциядағы өзінің дербес тактикасын, атап айтқанда: саналы шаруалармен бірігіп, солқылдақ және опасыз либерал-монархияшыл буржуазияға қарсы шығу керек деген тактикасын бар күшімен қорғап қалуға тиіс болды. Ал бұл тактиканы Витте Думасының сайлауы тұсында қолдануға *мүмкін болмады,* өйткені бұған толып жатқан жағдайлар объективтік те, сондай-ақ субъективтік те жағдайлар себеп болды,— мұндай жағдайларда сайлауға қатысу Россияның анағұрлым көп жерінде жұмысшы партиясының кадеттерді үн-түнсіз қолдауымен бара-бар болар еді, бұл — факт. Жартыкеш, әдейі ойдан шығарылған, «қулық» пен абыржушылыққа негізделген сайлау тактикасын — Дума үшін емес, Думаға сайлау дейтін не үшін екені белгісіз сайлау тактикасын пролетариат қабылдай алмады және қабылдауға тиіс те емес еді. Ал бұл тарихи факт ғой: меньшевиктердің қандай да болса үндемеушілігі, қандай да болса орағытып, жалтаруы бұл фактіні жоя алмайды,— олардың *ешқайсысының,* тіпті Плехановтың да, баспасөз бетінде Думаға баралық деп шақыра *алмағаны* факт. Думаға барыңдар деген *бірде-бір* шақырудың баспасөз бетінде көрінбегені факт. РСДРП біріккен Орталық Комитетінің листогінде меньшевиктердің өздері бойкот жариялауды ресми түрде мойындап, таласты *тек* қай кезеңде бойкот жариялау керек дегенге ғана әкеп тірегені факт. Меньшевиктер салмақтыңденін *Дума* сайлауына аударған жоқ, тек сайлаудың *өзіне ғана,* тіпті сайлау процесіне ғана аударды, өйткені оны көтеріліс жасау *үшін,* Думаны тайдыру *үшін* қажетті ұйым деп санады, бұл факт. Ал оның бер жағында, сайлау кезінде қалың бұқара арасында үгіт жүргізу мүмкін емес екенін және сол Думаның өзінен ғана белгілі дәрежеде бұқара арасында үгіт жүргізуге болатынын оқиғалар дәлелдеп берді.

Кімде-кімнің осы объективтік, сондай-ақ субъективтік мәні бар күрделі фактілердің бәрін шынымен ескеріп, есепке алғысы келсе, ол адам Кавказдың жалпы ережені сипаттаған бір ғана ерекшелік болғандығын көреді. Ондай адам өкініш сөздердің және бойкотты

«жастықтың қызуынан» деп түсіндірудің өзі оқиғаларға мүлде таяз, үстірт және құр долбарлап баға бергендік болып табылатынын көреді.

1906 жылдың көктемі жағдайында бойкот жариялау, жалпы айтқанда, күмәнсыз дұрыс тактика болғанын және оның пайда келтіргенін Думаның таратылуы қазір айқын көрсетіп отыр. Социал-демократия *сол кездегі* жағдайда өзінің борышын тек бойкот жариялау арқылы *ғана* орындай алды: атап айтқанда, патша конституциясы жөнінде халықты қажетті түрде сақтандыра алды, кадеттердің сайлау кезіндегі алдамшылығын керегінше сынай алды; мұның (сынау мен сақтандырудың) дұрыстығын Думаның таратылуы тамаша дәлелдеп берді.

Жоғарыда айтылғандарды сипаттап көрсету үшін мынадай бір кішкене мысал келтірейік. Водовозов мырза, осы бір жартылай кадет, жартылай меньшевик, 1906 жылдың көктемінде барынша күш салып сайлауды жақтап, кадеттерді қуаттады. Кеше (11 августа) ол «Товарищте»[136]: кадеттер «парламенті жоқ елде парламенттік партия болғысы келді және конституциясы жоқ елде конституциялық партия болғысы келді», «батыл программа мен мүлдем батыл емес тактика арасындағы түбегейлі қайшылық конституциялық-демократиялық партияның барлық сипатын айқындап берді» деп жазды.

Солшыл кадеттің немесе оңшыл плехановшылдың бұл мойындауынан асқан салтанатты большевиктер тілеген де жоқ еді.

Бірақ тұрлаусыздықтан және болжамсыздықтан айтылып жүрген өкініш сөздерді сөзсіз теріске шығара тұрсақ та, ақымақтықпен бойкотты «жастықтың қызуынан» деп түсіндірушілікті теріске шығара тұрсақ та, біз кадеттік Думаның *жаңа* сабақтарын бекерге шығару ниетінен аулақпыз. Бұл жаңа сабақтарды ашықтан-ашық мойындап, есепке алудан қорқу педанттық болар еді. Дума жиналған уақытта оның ішінен және оның жанынан пайдалы үгіт жүргізуге мүмкіншілік бар екенін, кадеттерге қарсы революцияшыл шаруалармен жақындасу тактикасы қолдануға Думаның

ішінде мүмкіншілік бар екенін тарих көрсетті. Бұл парадокс болып көрінер, бірақ тарих мазағының осылай екені күмәнсыз: ықшамдап айтсақ, «антикадеттік» осы тактиканың дұрыстығын бұқараға нақ сол кадеттік Дума ерекше айқын көрсетті. Барлық конституциялық жалған үміттер мен «Думаға сенушіліктің» бәрін де тарих аяусыз теріске шығарды, бірақ үгіт жүргізу үшін, саяси партиялардың шын «ішкі пиғылын» әшкерелеу үшін, т. т. үшін трибуна болып табылатын ондай мекеменің революцияға аз да болса белгілі бір пайдасы бар екенін тарихтың дәлелдеп бергені даусыз.

Бұдан шығатын қорытынды мынау. Шындықты көрмеу күлкі болған болар еді. Дәл қазір революцияшыл социал-демократтардың бойкотшылар болуды қоятын кезі туды. Екінші Дума шақырылған уақытта (немесе: «егер шақырылса»), біз бұл Думаға барудан бас тартпаймыз. Біз бұл күрес майданын пайдаланудан бас тартпаймыз, пайдаланғанда оның шамалы ғана маңызын әсте асыра бағаламаймыз, қайта біз оны тарихтың берген тәжірибесіне сүйеніп, стачка, көтеріліс, т. т. арқылы жүргізілетін басқа түрдегі күреске толығынан бағындыра отырып пайдаланамыз. Біз партияның бесінші съезін шақырамыз; бұл съезде біз: *сайлау бола қалған жағдайда* бірнеше аптаға трудовиктермен сайлау келісімін жасасу қажет деп қаулы шығарамыз (партияның бесінші съезін шақырмайынша сайлау науқанының тыңғылықты өтуі мүмкін емес, ал «басқа партиялармен блок жасаудың» қандайына болса да төртінші съездің қаулысы сөзсіз тыйым салған болатын). Міне, сонда біз кадеттерді қирата жеңеміз.

Бірақ бұл қорытынды біздің алдымызда тұрған міндеттің барлық қиыншылығын толық көрсетуден әлі әлдеқайда алыс жатыр. «Сайлау *бола қалған жағдайда»,* т. т. деген сөздерді біз әдейі атап көрсеттік. Екінші Думаның шақырылатынын, немесе шақырылмайтынын, сайлаудың қашан өтетінін, сайлау правосының сипатын, сол уақытта жағдайдың қандай болатынын біз әлі білмейміз. Сондықтан біздің қорытындымыз өте-мөте жалпылама айтылған: өткенге қорытынды жасау үшін, осы өткен уақыттың сабақтарын ескеру үшін, тактика-

ның келешектегі мәселелерінің дұрыс қойылуы үшін осы қорытынды керек, бірақ ең таяу арадағы тактиканың нақты міндеттерін шешу үшін бұл қорытынды әлі де мүлдем жеткіліксіз.

Қазіргі уақытта тек кадеттер және әр алуан «кадетке ұқсастар» ғана осындай қорытындымен қанағаттана алады, солар ғана жаңа Думаны көксеуден өздеріне «ұран» жасап ала алады, солар ғана ол Думаны тезірек шақыру керектігін үкіметке дәлелдей алады, т. т. Пиғыл мен толқудың онда сөзсіз жаңадан өрге басуын жаппай стачка және көтеріліс жасау жолымен жүргізілетін күреске жұмсамай, нақ сайлау науқанына жұмсауға *қазір* опасыздар ғана — революцияға біле тұра немесе білместіктен опасыздық жасаушылар ғана күш сала алады.

Біз қазіргі кезеңдегі социал-демократиялық тактика туралы мәселенің түйінді жеріне таялып келдік. Қазір мәселенің мәні — жалпы алғанда сайлауға қатысу керек пе, жоқ па дегенде болып отырған жоқ, тіпті де онда емес. Бұл арада «иә» немесе «жоқ» деп айту кезеңнің түбегейлі міндеті туралы әлі еш нәрсе айтпағандық болады. 1906 жылдың авгусындағы саяси жағдай сырттай қарағанда 1905 жылғы августағы жағдайға ұқсас, бірақ бұл уақыттың ішінде алға қарай зор қадам жасалды: шайқасушылардың екі жағының күштері де, күресінің формалары да, егер солай деп айтуға мүмкін болса, белгілі бір стратегиялық қозғалыс үшін қажетті кейбір мерзімдер де анағұрлым айқынырақ белгіленді.

Үкіметтің жоспары айқын. Думаны шақырудың мерзімін белгілеп, бірақ *заңға қарамастан* сайлау мерзімін белгілемеген үкіметтің есебі тіпті дұрыс шығып отыр. Үкімет өз қолын өзі байлағысы келмейді, өзінің сырын ашқысы келмейді. 1-ден, ол сайлау заңын өзгерту жағын ойлану үшін уақыт ұтады. 2-ден,— және бұл ең бастысы — ол сайлаудың мерзімін жаңа өрлеудің сипаты мен күші толық анықталуы мүмкін болатын кезеңде тағайындағысы келіп, мұны әдейі кейінге қалдырып отыр. Үкімет жаңа сайлауды тағайындағанда, *басталып келе жатқан көтерілісті бытыратып, әлсі-*

ретуге болатындай мерзімде (мүмкін, сондай формада, яғни сондай немесе басқаша сайлау) тағайындағысы келеді. Үкімет былай деп дұрыс пайымдап отыр: егер бәрі тыныш болса, онда біз, мүмкін, Думаны тіпті шақырмаспыз немесе Булыгин заңдарына қайта оралармыз. Ал егер қозғалыс күшті бола қалса, онда уақытша сайлау тағайындап, осы сайлау арқылы кейбір қорқақтарды немесе аңқауларды тікелей революциялық күрестен алдап қайтарып алып, ол қозғалысты бытырату әрекетін істеп көруге болады.

Либерал кещелердің («Товарищ» пен «Речьті» қараңыз) жағдайды түсінбейтіні соншалық — үкімет құрып қойған торға өздері барып түседі. Олар Думаның керектігін және өрлеудің сайлауға бағытталуы *қажеттігін* «дәлелдеп» әбден қызыл өңеш болады. Бірақ ең таяу арадағы күрестің формасы туралы мәселенің әлі де ашық қалып отырғанын олардың өздері де бекер дей алмайды. Бүгінгі (12 августағы) «Речь» мұны мойындап былай дейді: «күзде шаруалардың не айтатыны... әзір белгісіз». «Сентябрь — октябрьге дейін, шаруалардың пиғылы біржолата анықталғанға дейін, пәлендей жалпы болжау айта қою қиын».

Либерал буржуалар өз пайдасын біледі. Күрестің формаларын таңдап алуға, шаруалардың пиғылы қай жақта екенін анықтауға либерал буржуалар белсене көмектескісі келмейді және көмектесе алмайды да. Буржуазияның мүдделері ескі өкіметті құлатуды емес, оны тек әлсіретіп, либерал министрлікті тағайындауды талап етеді.

Пролетариаттың мүдделері ескі, патша өкіметін толық құлатып, толық билігі бар құрылтай жиналысын шақыруды талап етеді. Оның мүдделері шаруалардың пиғылын айқындауға, күрестің ең батыл формаларын және күрес үшін ең қолайлы кезеңді таңдап алуға барынша белсене араласуды талап етеді. Біз: революцияшыл жолмен, яғни революцияшыл уақытша үкімет арқылы құрылтай жиналысын шақыру ұранын күн тәртібінен алып тастауға да, оны бүркемелеуге де ешбір тиіс емеспіз. Біз көтерілістің шарттарын анықтауға,— оның стачкалық күреспен ұштасуын, осы мақсат үшін

барлық революцияшыл күштердің бірігіп, даярлануын, т. т. анықтауға барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек. Барлық революцияшыл ұйымдар, соның ішінде Еңбек тобы да кірген «блок» қол қойған «Армия мен флотқа», «Барлық шаруаларға» деген әйгілі үндеулерде белгіленген жолға мейлінше батыл түсуіміз керек. Ақырында, біз басталып келе жатқан көтерілісті үкіметтің сайлау тағайындау арқылы бытыратуына да, тоқтатуына да, әлсіретуіне де еш уақытта жол бермейтін болып, ерекше қамдануымыз керек. Бұл жөнінен кадеттік Думаның сабақтары біз үшін сөзсіз міндетті болуы керек, оның сабақтары мынадай: Дума науқаны күрестің бағыныңқы, екінші дәрежелі формасы, ал күрестің басты формасы — кезеңнің объективтік жағдайына байланысты — халықтың қалың бұқарасының тікелей революциялық қозғалысы болып қалады.

Әрине, Дума науқанын негізгі күреске бұлайша бағындыру, шайқастың ақыры жаманға айнала қалған күнде немесе бұл шайқас екінші Думаның тәжірибесіне дейін кешеуілдей қалған күнде, бұл науқанды екінші орынға шығару — бұл тактиканы, егер керек десеңіз, ескі бойкот жариялау тактикасы деп атауға болады. Бұлай деп атауды формальды жағынан жақтауға болады, өйткені «сайлауға әзірлік» — әрдайым міндетті болатын үгіт және насихат жұмысынан басқа да — ең ұсақ жай даярлықтар болып шығады, мұндай ұсақ даярлықтардың сайлаудан көп бұрын істелетін кезі өте сирек болады. Біз сөз туралы таласқымыз келмейді, ал істің мәнісі жөнінен мұның өзі — ескі тактиканы дәйекті түрде *дамытушылық,* бірақ оны *қайталау* емес, бұрынғы бойкоттан жасалған қорытынды, бірақ бұрынғы бойкот емес.

Қорытынды жасайық. Кадеттік Думаның тәжірибесін ескеріп, оның сабақтарын бұқара арасына тарату керек. Думаның «жарамсыздығын», құрылтай жиналысының қажет екендігін, кадеттердің солқылдақтығын дәлелдеу керек, трудовиктердің кадеттер қысымынан азат болуын талап ету керек, трудовиктерді кадеттерге қарсы қойып, қолдау керек. Жаңа сайлау бола қалған

жағдайда социал-демократтар мен трудовиктердің сайлау кезінде келісімге келуі қажеттігін бірден мойындау керек. Үкіметтің сайлау тағайындау арқылы көтерілісті бытыратпақ болатын жоспарына бар күшпен қарсы тұру қажет. Өзінің сыннан өткен революциялық ұрандарын бұрынғыдан да зор күшпен қолдай отырып, социал-демократия барлық революцияшыл элементтер мен таптарды тығыз біріктіруге, ең таяу арада болуы ықтимал өрлеуді патша үкіметіне қарсы бүкіл халықтық қарулы көтеріліске айналдыруға барлық күш-жігерін жұмсауы керек.

1906 ж. 12 (25) августа жазылған

1906 ж. 21 августа «Пролетарий» газетінің 1-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

САЯСИ ДАҒДАРЫС ЖӘНЕ ОППОРТУНИСТІК ТАКТИКАНЫҢ КҮЙРЕУІ

I

Думаның таратылуы орыс революциясының барысында, күмән жоқ, үлкен саяси дағдарыс болды. Барлық дағдарыстар сияқты, ол да саяси қайшылықтардың бәрін бірден мейлінше қатты шиеленістірді, көптеген құбылыстардың жасырын сырын ашты және сол кезге дейін тек білініп қана келген, ал қалың бұқараның санасына сіңе қоймаған міндеттерді халық алдына барынша айқын қойды. Өткен даму жолының тұтас бір дәуірінің қорытындысын шығаратын барлық дағдарыстар сияқты, Думаның таратылуы тактикалық көзқарастардың қайсыбір бағытын байқап, тексеріп көретін сынақ ролін сөзсіз атқаруға тиіс болды. Бір жағынан, дағдарыс дамудың белгілі бір кезеңін аяқтайды, сөйтіп бұл дамуға берілген жалпы бағаның дұрыстығын немесе бұрыстығын айқып анықтауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, дағдарыс төтенше туып келе жатқан бірсыпыра мәселелерге дереу жауап беруге мәжбүр етеді, оның бер жағында, оқиғалардың тез дамуы нәтижесінде бұл жауаптар көбіне сол сәтте, былайша айтқанда, сол орнында тексеріледі.

Думаның таратылуы Россия социал-демократиясында әлдеқашан белгіленген *«екі тактика»* үшін нақ осындай «сынақ» болып шықты. «Дума дәуірінің» өн бойында бұл екі тактика туралы біз біршама тыныш таластық, өйткені саяси жағдай дереу ірі саяси қадамдар жасауды қажет еткен жоқ еді. Думаның таратыл-

луы бірден осындай қажеттікті туғызды. Саяси дағдарыс алдында «екі тактика» *сынға* түсті. Бұл сынның нәтижелеріне барынша зер салып қарау қажет.

II

Партиямыздың Орталық Комитеті социал-демократияның оң қанатының қолында. Енді олардан жаңа тактикалық мәселелерге тез, дәл және анық жауап беру талап етілді. Ал бұл жауаптар қандай болды?

Алдағы күрестің жалпы сипаты жайындағы негізгі мәселеге Орталық Комитет мынадай ұрандармен жауап берді: әуелі «Думаның сессиясы қайтадан басталсын». Бұл ұранды кадеттер іліп әкетті («Речьті» жәнә «Око» [137] газетіндегі Кедрин мырзамен интервьюді қараңыз). Социал-демократтар партиясы мұны қабылдамайды. Орталық Комитеттің большевик мүшелері наразылық білдіреді, партияның С.-Петербург комитеті наразылық білдіреді. Орталық Комитет бірінші ұранды тастап, екінші ұран ұсынады: «құрылтай жиналысын шақыру үшін Думаны жақтап, сарай маңындағы сұрқияларға қарсы күресу керек». Ақырында, осы екінші ұраннан ең соңғы, үшінші ұран келіп шығады: «құрылтай жиналысын шақыратын өкімет органы ретінде Думаны жақтау керек». Сол қанаттағы социал-демократтардың наразылығына қарамастан, Орталық Комитет осы ұранды қорғап қалады. Ұрандар туралы мәселе жөнінде мүлде абыржушылық байқалады.

Екінші мәселе: күрестің қандай формасын ұсыну керек? Орталық Комитет бәрінен бұрын стачка-демонстрацияға ден қояды. Оның дереу ереуіл жасауға шақырғысы келер еді, бірақ ол барлық революцияшыл партиялар мен ұйымдардың ішінен жапа-жалғыз қалатын болып отыр. Сондықтан ол *көтеріліске* шақыратын үндеуге қол қойды. («Армия мен флотқа» және «Россияның барлық шаруаларына» деген үндеулер). Бірақ ол стачка-демонстрациядан стачка-көтеріліске қарай бір адым ілгері басып, содан соң бір адым кейін шегінуге асығады, сөйтіп «бұқаралық ішінара наразылық көрсетуге» шақырады.

Үшінші негізгі мәселе: күреске кіммен бірге шығу керек? Буржуазиялық демократияның қай топтарына сүйену керек немесе оның қайсысымен көбірек санасу керек? Қандай партиялармен немесе ұйымдармен жақындасуды іздеу керек? Біздің көргеніміздей, Орталық Комитет өз ұрандарын да, өзі ұсынып отырған күрес формаларын да «тұтас Думаның» дәрежесіне, кадеттердің дәрежесіне лайықтайды. Алайда — «табиғатты есіктен қусаң да, ол терезеден қайта кіреді»! Орталық Комитет әскерге де, шаруаларға да, «Бүкіл халыққа» да арналған үндеулерге *тек қана* революциялық ұйымдармен бірлесіп, *тек қана трудовиктермен* (Думаның қалдықтарынан) бірлесіп қол қоюға *мәжбүр* болып отыр. Тактика туралы *пайымдауларында* Орталық Комитет, барлық меньшевиктер сияқты, кадеттер мен октябристер арасына ажырату шегін қояды: оң жақта — «олар», сол жақта — «біз» («біз» дегені кадеттермен бірге). Өзінің *іске кірісу* жөніндегі тактикалық *шақыруларында*, өзінің жауынгерлік үндеулерінде Орталық Комитет кадеттер мен трудовиктердің арасына да ажырату шегін қояды: кадеттер не оңшылдарға, не күресте бейтарап қалатындарға қосылып кетеді дейді. «Біз» дегені,— *бақсақ*, кадеттерсіз трудовиктермен бірге болатын «біз» екен. «Біз» дегені,— бақсақ, «Еңбек тобының комитетімен» қоса алғанда, бірақ кадеттерсіз, *барлық* революциялық ұйымдардың информациялық-координациялық бюросы екен. «Талабы зор, ақыры сор» деген болып шығады. Оңшыл социал-демократтардың кадеттермен бірлесе, ауыз жаласа отырып қимыл жасау талабы зор, ақыры сор, өйткені кадеттер оқиғалардың барысынан туатын жауынгерлік келісімдерден шеттеп кетуде.

Дума таратылғаннан кейінгі меньшевиктік тактиканың іс жүзіндегі тарихы, жалпы алғанда, осындай. Бұл тарих аз ғана документтерде ғана жазылған. Орталық Комитеттің партия ұйымдарына жазған «хаттарын» (№ 4 және № 5) және «Армия мен флотқа» (социал-демократиялық фракция мен Еңбек тобының комитеті), «Россияның барлық шаруаларына» (Еңбек тобының комитеті, социал-демократиялық фракция,

Бүкіл россиялық шаруалар одағы, социалист-революционерлер партиясының Орталық Комитеті, социал-демократтар партиясының Орталық Комитеті, Бүкіл россиялық темір жол одағы, Бүкіл россиялық мұғалімдер одағы), «Бүлік халыққа» (жаңағы ұйымдардың үш одақтан басқалары, бірақ мұнда Поляк социалистік партиясы,— ППС [138],— және Бунд бар) арналған үндеулерін оқыңыздар, ақырында, Орталық Комитеттің үш мүшесінің наразылығын («тек партия мүшелері үшін» шығарылған) [139] оқыңыздар, сонда сіздер социал-демократияның Дума таратылғаннан кейінгі оппортунистік тактикасы жайындағы барлық материалмен танысасыздар.

Меньшевиктердің тактикалық директиваларының бұл іс жүзіндегі, сыртқы тарихының жалпы қорытындысы қандай? Бұл қорытынды айқын: либерал-монархиялық буржуазия мен революциялық буржуазиялық демократияның арасында ауытқып отыру. Расында, Орталық Комитеттің ұран туралы мәселеде ауытқуының мәнісі неде? Мұның мәнісі — жалғыз ғана, бірден-бір жол ретіндегі жария-конституциялық жол («Думаның сессиясы қайтадан басталсын» деген ұран) мен революциялық жолды (Думаның сөзсіз қосылуымен *әлсірейтін* «құрылтай жиналысы» дейтін ұранды) мойындаудың немесе оған жол берудің арасында ауытқу болып табылады. Мұның өзі — кадеттер («сессияның қайта басталуып» толық қабылдайтын және *қабылдаған)* мен революцияшыл шаруалардың (құрылтай жиналысы үшін көтеріліс жасауға шақыруға РСДРП Орталық Комитетімен бірге қол қойған трудовиктер, эсерлер, шаруалар одағы, темір жол одағы және мұғалімдер одағы) арасында ауытқу болып табылады. Біздің Орталық Комитет немесе біздің социал-демократ оппортунистер кадеттерден біршама солшыл, ал революциялық буржуазиялық демократиядан едәуір оңшыл болып отыр. Ұрандар туралы мәселе жөнінде де, күрестің формалары туралы мәселе жөнінде де, саяси партиялардың топтасуы туралы мәселе жөнінде де Орталық Комитеттің ауытқуларынан шығатын жалпы қорытынды осындай.

Социал-демократияның оң және сол қанаттарының арасындағы тактикалық алауыздықтар бүкіл Дума дәуірінің өн бойында барған сайын анықтала түсіп, буржуазиялық демократияның ішіндегі ажырату шегі жөніндегі негізгі мәселеге немесе кіммен бірге болу керек деген мәселеге барған сайын тығыз байланысты болып отырды. Оң қанаттағы социал-демократтар барлық күш-жігерін кадеттермен бірге болуға жұмсады (тұтас алғанда Думаны қолдау, думалық министрлікті тағайындау талабын қолдау). Революцияшыл социал-демократтар, мұның керісінше, өз тактикасын революциялық буржуазиялық демократияны кадеттерден бөліп әкетуге, оның элементтерін кадеттердің қысымынан босатуға, сөйтіп жауынгерлік мақсат үшін оларды пролетариатпен топтастыруға жұмсады. Думаның таратылуы думалық дәуірдің қорытындысын шығарды. Ал сонда не болып шықты? Оң қанаттағы социал-демократтар кадеттерден бөлек кетіп, революциялық демократияға қосылуға *мәжбүр* болып шықты. Олардың ұрандарындағы белгілі бір қосымшалар ғана кадеттік күйінде қалды. Әрдайым сол қанаттағы социал-демократтар көрсетіп келген жерге ғана ажырату шегін қоюға өмірдің өзі мәжбүр етті. Орталық Комитет ұрандарының дәйексіздігі мен олардың «түкке тұрмайтындығы» ерекше айқын көрінді.

III

Енді Орталық Комитеттің пайымдауларын талдап көрейік. Бұл пайымдаулар бәрінен де гөрі «партия ұйымдарына хат» деген 4-хатта толық баяндалған (бұл хаттың жазылған уақыты да, номері де жоқ, бірақ бұдан соңғы хат бесінші деп аталған). Бұл хат оппортунистік ойдың нағыз тамаша үлгісі болып табылады: тактика туралы социал-демократтардың *бұлай пайымдамауы керек* екенін айқын мысал арқылы түсіндіру үшін бұл хатты қайта-қайта бастырып шығаруға, социализмнің хрестоматияларына, оқулықтарына енгізуге тұрар еді.

Бұл хаттың негізгі түйіні авторлардың өздері: «енді өкімет кімнің қолына көше алады?» деп тұжырымдаған мәселені талдау болып табылады.

«Қазіргі кезде 140 миллион халықтың *көз алдында,*— дейді хат одан соң,— патша үкіметінің қолынан тартып алынған мемлекеттік өкіметтің табиғи мұрагері болатын немесе бола алатын кім?.. Өйткені, мемлекеттік өкіметті жеңіп алу үшін бүкіл халықтық қозғалыс басталған кезде, құлатылған үкіметтің орнын кім басатындығы туралы *түсінік те* бүкіл халық *санасында* болуға тиіс... Қозғалыстың әрбір нақты кезеңінде белгілі бір коллектив немесе ұйым бүкіл халық *санасында* осындай роль атқаруға тиіс».

Бұл келтірілген пайымдаулардан біз олардың толық жарамсыз екендігін бірден көрсететін жерлеріне әдейі тоқталып отырмыз. Өкіметті *жеңіп алу* туралы мәселеде Орталық Комитет пролетарлық-материалистік көзқараста болмай, бірден мещандық-идеалистік көзқараста болып отыр. Ол өкіметке «табиғи мұрагерлікті» күрестің нақты жағдайларынан шығармай, барынша кең тараған «санадан» (халықтың «көз алдында») шығарады. Ол кімнің болса да *«санасында»* «мұндай роль атқаратындар» «табиғи мұрагер» болмай, қайта үкіметті іс жүзінде *құлатушылардың,* өкіметті іс жүзінде *жеңіп алушылардың,* күресте *жеңіп шығушылардың* «табиғи мұрагер» болатындығын түсінбейді. Күрестің тағдырын «бүкіл халықтық сана» шешпейді, қайта қоғамның қайсы бір *таптары* мен элементтерінің *күші* шешеді.

Сөйтіп, Орталық Комитет мәселеден бірден мүлде басқа жаққа ауып кетіп отыр. Шын мәніндегі күрестің жағдайларына, оның қалай жүргізілгендігіне және қалай жүргізіліп жатқандығына көз жіберудің орнына, ол кімнің *құлатып отырғандығы және* кімнің *құлататындығы* туралы емес, «құлатылғанның орнын кім басатындығы» туралы «сана» мен «ұғым» жөнінде ең нашар, идеалистік тәсілмен жалдаптық жасап отыр. Оппортунистік қорытындылар жасау үшін оның бүкіл маркстік әдісті лақтырып тастауына тура келді, өйткені маркстік әдіс қандай таптардың қандай мүдделері

өкіметті *құлатуды,* қандай мүдделері өкіметті тежеуді тілейтіндігін зерттеуді талап етеді; материалдық жағдайлардың қандайлары революциялық күресті («құлатуды»), қандайлары — құлатылушы мен құлатушының конституциялық жолмен бірге өмір сүруін *туғызатындығын* зерттеуді талап етеді. Егер Орталық Комитет марксизмнің әліппесін ұмытпаған болса, онда ол тіпті орыс революциясы тәжірибесінің негізінде болса да, бізде қозғалыстың барысының өзі қандай таптарды, көбінесе олардың «санасынан» тәуелсіз (және тіпті олардың монархиялық санасына қарамастан), өзінің жолында тұрған өкімет мекемелерін *құлатуға мәжбүр етіп* отырғанын көрген болар еді. Орталық өкіметті жалпы және толық құлату жөнінде Ледрю-Роллеише пайымдамай, марксисше пікір айту үшін XX ғасырда Россияда болған *жұмысшы және шаруалар* қозғалысының тарихы өкімет мекемелерінің жекелеген және жергілікті жерде *құлатылуы* жайында біздің Орталық Комитетке жеткілікті мысалдар берген болар еді.

Бұл тақырып жөніндегі өзінің бұдан кейінгі пайымдауларында Орталық Комитет жалған жолға түсіп, шатасқан үстіне шатасады. Ол «революциялық уақытша үкімет» құрамының мүмкін боларлық және ықтимал комбинацияларын қарастыра бастап отыр.

Жұмысшы депутаттары Советтерін, сондай-ақ еңбек тобы мен социал-демократиялық фракциядан құрылған атқару комитетін Орталық Комитет жарамсыз деп жариялайды. Біріншілердің соңынан «жүз миллион шаруа» ермейді, екіншінің соңынан — «қала мещандарының, орташа буржуазияның, солдаттардың, казактардың, офицерлердің, т. т. едәуір бөлегі» ермейді. «Ал оның бер жағында, барлық осы элементтердің еркіне қарамастан жаңа мемлекеттік өкіметті орнатуға болады деп ойлау ең қауіпті адасқандық болар еді».

Оқушыға осы пайымдаудың бірінші бөлегін уақытша үкімет туралы большевиктік қарардың жобасымен салыстыруды ұсынамыз (қараңыз: «Партийные Известия» № 2, 20 март, 1906 ж., Лениннің «Съезд туралы баяндамасында» қайта басылған, 92-бет) [140]. Бұл жобада декабрь көтерілісінде *іс жүзінде* революциялық өкі-

мет органдарының ролін атқарған ұйымдар тікелей атап көрсетілген. Жұмысшы депутаттары Советтерімен қатар онда, әрине, солдаттар, темір жол, *шаруалар* комитеттері де, Кавказдағы және Прибалтика өлкесіндегі сайланған селолық органдар да аталған. Демек, Орталық Комитеттің қазірде дәрменсіз түрде шешуге тырысып отырған мәселесіне тарих жауап беріп те қойған болатын. Көтеріліске халықтың қандай таптары мен қандай элементтері *қатысып,* көтеріліс органдарын *құратындығын* тарих көрсетіп те берді. Бірақ социал-демократияның оппортунистері революцияның кешегісін ұмытып отырғаны (немесе түсіне білмейтіні) былай тұрсын, олар тіпті революциялық уақытша үкіметтің не екендігін де мүлде түсінбейді. Мұндай үкіметтің көтеріліс органы болып табылатынына (уақытша үкімет туралы меньшевиктік қарардың жобасында қате жорамалданғанындай, көтерілістің нәтижесі ғана емес — қараңыз: нақ сол «Баяндама», 91-бет немесе «Партийные Известия» № 2) көз жеткізу үшін ақылға салып біршама ойланса жеткілікті.

Содан соң, келтірілген пайымдаудың екінші бөлегі одан да бетер теріс. Бұл бөлегі оппортунистердің әдеттегі тәсілі бойынша: мейлінше баяу ұранның басқа ұраннан дұрыс екендігін бұл ұран үшін әлеуметтік элементтердің көбін біріктіруге болады деумен дәлелдеу тәсілі бойынша құрылған. Бернштейн былай деген болатын: әлеуметтік революцияны пролетариаттың бір бөлегі ғана жақтайды, ал әлеуметтік реформаны көптеген социал-либералдық элементтер жақтайды. Бұлардың еркімен санаспай, социализм орнатуға болады екен деп адаспаңыздар! Одан да демократиялық-социалистік реформалар партиясы болыңыздар! Меньшевиктер былай дейді: біздің революцияның шын жеңіп шығуын тек пролетариат және ұсақ буржуазияның революцияшыл бөлегі ғана (ең алдымен шаруалар) жақтайды. Ал ескі монархияны либералдық жолмен тежеуді — «орта буржуазия да, офицерлер де, т. т.» жақтайды. Сондықтан, мынағап келіңіздер: либералдардың патшамен мәмле жасауын революцияның жеңісі деп

атайық, көтерілістің органы ретіндегі шын мәніндегі революциялық үкіметті Думамен алмастырайық!

Жоқ, жолдастар. Саяси арифметиканың *барлық* «оппозициялық» элементтерді жай санап шығудан гөрі біраз күрделірек әдістері болады. Нағыз күресуші революцияшыл элементтерге ауытқушы және сатқын оппозицияны әкеп қосу әр уақытта бірдей тиімді бола бермейді, ол көбінесе тиімсіз болады. Өз мүдделері үшін монархияны тежеуге тырысуға *мәжбүр* болатындар және монархияның күйреуінен қорқатындар көтерілістің қуатты және батыл органын құруға ешбір жағдайда қабілетті бола алмайды. Көтерілістің болашақ органын осы кадеттік элементтердің үлгісі бойынша алдын ала өлшеп-пішуге тырысу — Европадағы әлеуметтік революцияны қайдағы бір Науманның немесе Клемансоның үлгісі бойынша өлшеп-пішумен бірдей.

Біздің оппортунистер өздерін-өздері қандай адам күлерлік қайшылыққа әкеліп ұрындырды десеңізші! Олар орта буржуазиямен және офицерлермен, бір сөзбен айтқанда, кадеттік партияның элементтерімен одақ жасауды тілейді. Бірақ онда құрылтай жиналысы жөніндегі ұранды мүлде лақтырып тастау керек, өйткені кадеттер бұл ұранды мүлде лақтырып тастап отыр! Біздің Орталық Комитет мынадай сорақылыққа жетіп отыр: ол орта буржуазия мен офицерлерге сай келмейтін құрылтай жиналысы жөніндегі ұранды ұсынады да, баяу, адал Думаға барынша революциялық рольді (үкіметті құлатып, революциялық уақытша үкімет болу ролін!) әкеп таңу арқылы оларды өз жағына тартуға тырысады.

Айтпақшы, сорақылық жөнінен Орталық Комитеттің хатында бұдан да зор кереметтер бар. Тыңдап көріңіз: «Егер, шынында да, қазір өкімет билігіне ие болушы ретінде жұмысшы депутаттары Советтерінен басқа ешкімді ұсынуға болмайтын болса, онда алдын ала мынаны айтуға болады: *өкіметті қолға алу жолындағы күресте* үкіметті жеңіп шығу (ал бұл жеңіс мұндай күреске армияның қатысуын сөзсіз керек етеді) «халық жағына» шыққан армияның *әскери диктатурасынан*

басқа еш нәрсеге әкеп соқпаған болар еді». (Курсив түпнұсқанікі).

Осы жан түршігерлік сандырақты тек ойластырып қараңыздаршы: егер армияның бір бөлегінің көмегімен жұмысшы депутаттарының Советтері үкіметті *жеңетін* болса, онда армияның бұлайша «халық жағына» * шығып кетуі армияның әскери диктатурасына әкеп соғар еді!! Мен білмеймін, күрестің жеңіп шығуымен бұлайша қорқытудың үлгісі тіпті кадеттік әдебиеттен де табыла қояр ма екен? Мен білмеймін, 1905 жылдың жазында «Освобождениеде» және 1906 жылдың көктемінде «Полярная Звездада» [141] әскери диктатураның идеясына жақын нәрсе деп қарулы көтеріліс идеясын соққылаған кезінде мұндай нәрсені тіпті Струве мырза да айта қойды ма екен? Егер Орталық Комитет тым болмаса солдаттар мен матростардың соңғы жылдың ішіндегі сансыз «бүліктері» кезінде қойған жай талаптарының өзін білген болса, онда ол бұл талаптардың *іс жүзінде* касталық армияны халық армиясына, яғни милицияға айналдыруды тілейтіндігін көрген болар еді. Солдаттар мен матростар өз талаптарының қорытындыларын үнемі тұжырымдай біле бермейтін, тіпті көбінесе тұжырымдай біле бермейтін де, алайда митингілер бостандығы, т. т. болып тұратындай жағдайда әскер қызметін өзінің туған жерінде өтеу нақ милиция құрумен бірдей екендігін кім түсінбейді? Декабристердің дворяндық революцияшылдығы мен,— халық еріктілері офицерлерінің эр текті-интеллигенттік революцияшылдығы мен,— жиырмасыншы ғасырдағы Россиядағы солдаттар мен матростардың барынша демократиялық, пролетарлық және шаруалық революцияшылдығының арасындағы айырмашылықты түсінбейтіндей, Орталық Комитет өзінің элементарлық революциялық түйсігінен соншалықты айрылып қалғаны ма? Халық еркі заманындағы солдат бұқарасы толығынан дерлік селқос қалатын кездегі офицерлердің революцияшылдығы мен әскердің нақ қарапайым қалың бұқарасы айбынды қозғалысқа кірісіп отырған кездегі қа-

* Тырнақшалар, сірә, біздің Орталық Комитеттің мысқылдауын білдіретін болар!

зіргі офицерлердің реакцияшылдығы арасындағы түбірлі айырмашылық Орталық Комитеттің көзіне еш уақытта да түспегені ме? Үкіметке қарсы күресте қазіргі орыс солдатының немесе матросының жұмысшы депутаттары Советтерінің жағына шығуын әскери диктатураға көшкендік болады деп ойлау үшін,— «Думаны жақтаған» баяу ұран арқылы офицерлерді тарту бұған қарсы құрал болады деп білу үшін,— бұл үшін не шындықты сезудің қандайынан болса да жұрдай болу керек, немесе Струве мырзадан да және оның сыбайластарынан да оңға қарай ауытқу керек! Социал-демократиялық партияның Орталық Комитеті орыс солдатының әскери диктатураға ұмтылуына қарсы офицерлерді өз жағына тарту арқылы күрескісі келеді: оппортунистер бізді, міне, осындай халге жеткізіп отыр.

Орталық Комитет өзінің үмітсіз позициясын бұдан әрі былайша қорғамақ болады: жаңа үкіметті қолдан жасауды іздестірудің қажеті жоқ-мыс, өйткені Дума немесе оның қалдықтары қазір де бар, міне бұлар «өзін Мемлекеттік дума деп жариялай алады», ал «жазылған конституцияның егжей-тегжейін жете түсінбейтін халық ойы Мемлекеттік думаны өкімет органы деп санап келді және санап отыр... Егер патша үкіметіне бағынудан бас тартқан әскер жаңа үкіметке қызмет ете алатын болса, онда бұл жаңа үкімет — Мемлекеттік дума болып табылады».

Неткен тамаша! Егер «халық ойы» ертең заңға бағынатын екінші бір мекемені «өкімет» деп санайтын болса, онда біз бұл сияқты соқыр сенімді таратуға міндетті болады екенбіз,— несін айтасыз, революцияшыл партияның міндеттерін неткен жақсы түсінгендік бұл. Өкіметті күшпен, күреспен, көтеріліспен алу керек екепін, ақырында, түсінсеңіздерші, қымбатты жолдастар. Кадеттер бұған дайын ба? Егер дайын болса, онда біз қарсы аламыз, біз күресте ешбір одақтасты сыртқа теппейміз. Ал егер дайын болмаса, егер олар тіпті көтеріліске *тіке шақырудан* қорқатын болса (мұндай шақыру, шақырушылар адал болса, іске бірінші кірісудің өзі болып табылады, ал мұндай кірісуді бүкіл Думаның ішінен жалғыз ғана социал-демократтар мен трудовик-

тер жасады),— онда «құрылтай жиналысын шақыратын өкімет органы» ретіндегі Дума туралы сөздердің бәрі тек қана зиянды маниловшылдық, халықты тек қана алдау болып табылады.

Орталық Комитет тіпті Выборг үндеуінен де қорқып қалған кадеттерді ақтай келіп, Думаның қалдықтары басқа жағдайда өзгеше істеген болар еді дейді.— Иә, бұл дұрыс, олар өзгеше істеген болар еді. Бұдан қандай қорытынды шығады? Бұдан шығатын қорытынды — біз осы *басқа* жағдайды жасауға тырысуға тиіспіз. Бұған қалай тырысу керек? Күреске қабілеті бар элементтерді революциялық санаға дейін көтеру арқылы, олардың санасын кадеттік дәрежеден, кадеттік ұрандардан жоғары көтеру арқылы тырысу керек. Ал сіздер кадеттік жалтақтықты революциялық емес жағдаймен *ақтайсыздар*, сонымен қатар революциялық ұрандарды кадеттік ұрандармен алмастыру арқылы бұл жағдайды *нашарлатып* отырсыздар!

IV

Орталық Комитеттің оның атақты 4-хатынан шығатын практикалық қорытындысы мынау: «Қазірден бастап барлық жерде жергілікті бұқаралық наразылық көріністерін ұйымдастыру қажет». Бұлардың мақсаты сөзбе-сөз былай деп белгіленген: «Таяуда болатын үзілді-кесілді күреске дайындалу үшін жағдай жасау...». Таяуда болатын үзілді-кесілді күреске дайындалу керек емес, дайындалу үшін жағдай жасау керек екен ғой!..

Орталық Комитеттің бұл ұранын партиямыз ерекше бір ауыздылықпен теріс деп тауып, қабылдамай тастаған болатын. Оның «ішінара бұқаралық наразылық көрсету» жөніндегі науқаны *қазірдің өзінде* сәтсіздікке ұшырады. Азамат соғысы адам айтқысыз дәрежеде шиеленісіп отырған жағдайда демонстрация жасап, наразылық көрсетудің ақылға сыйымсыздығы тым көзге түсерлік нәрсе. Партияның бірсыпыра комитеттері мен конференцияларының осы номерде біз жариялап отырған қарарлары [412] Орталық Комитеттің бұл ұранының

және оның Дума таратылғаннан кейінгі бүкіл саясатының қандайлық ызаланушылық туғызғанын жеткілікті түрде айқын көрсетеді. Сондықтан біз Орталық Комитеттің өмірдің өзі қазірдің өзінде-ақ теріске шығарған және партия қабылдамай тастаған ұранын теріске шығару үшін артық сөз айтып жатпаймыз. 1-ден, тек оның қателерінің принциптік мәнін ғана және, 2-ден, Орталық Комитеттің өзі душар болған мүшкіл халден құтылу үшін 5-хатта қолапайсыз әрекеттер жасайтындығын ғана көрсете кету керек.

Орталық Комитеттің қатесі принциптік жағынан алғанда оның стачка-демонстрация мен стачка-көтерілістің арасындағы айырмашылықты мүлде түсінбеуінде болып отыр. Декабрьден кейін мұндай түсінбеушілік мүлде кешірімсіз. Оны хаттардың бірде-бірінде Орталық Комитеттің қарулы көтеріліс туралы тура еш нәрсе айтпағандығын есепке алумен ғана түсіндіруге болады. Көтеріліс туралы мәселені тура қоюдан жалтару біздің оппортунистердің әлдеқашанғы және айнымас мақсаты болып табылады, бұл олардың бүкіл позициясынан сөзсіз келіп шығады. Орталық Комитеттің не себепті тек стачка-демонстрация туралы ғана баса айтып, стачка-көтеріліс туралы үндемейтіндігі бізге оның осы мақсатынан түсінікті.

Осындай позиция ұстағаннан кейін Орталық Комитет басқа барлық революциялық партиялар мен ұйымдардың соңында қалмай қоя алмады. Социал-демократияның оппортунистерінен басқалардың *бәрі* көтеріліс туралы мәселе қоюдың сөзсіз қажет екендігін түсінді деуге болады. Күткендей-ақ, Бүкіл россиялық темір жол одағы бұған қатты көңіл бөлді (осы номерде біз басып отырған оның қарарын және бюроның баяндамасын қараңыз) [143]. Бұл бірнеше революциялық ұйымдар қол қойған бірсыпыра үндеулерден де (жоғарыда аталып өткен: «Армия мен флотқа», «Россияның барлық шаруаларына» және басқа үндеулер) ап-айқын көрініп отыр. Біздің Орталық Комитет бұл үндеулерге бейне бір еріксіз, өзінің сеніміне бейне бір қарсы қол қойған сияқты!

Шынында да, бұл үндеулерге қол қоя отырып, стачка-демонстрация мен стачка-көтерілістің арасындағы айырмашылықты байқамау тіпті де мүмкін емес. Орталық Комитеттің іс-әрекетінің қайшылығы, оның тұрақсыздығы бадырайып тұр: өзінің меншікті шығармаларында (№ 4 және № 5 хаттар) ол көтеріліс жайында бірде-бір сөз айтпайды. Ал басқа революциялық ұйымдармен бірге қимыл жасаған кезде, ол көтеріліске шақыратын үндеулерге қол қояды! Өзімен-өзі жеке қалғанда, біздің Орталық Комитет сөзсіз кадеттік позицияға ауып кетіп отырады, өзінің барлық күшін кадеттер үшін қолайлы, немесе қолайлы сияқты көрінетін ұрандар ойлап шығаруға жұмсайды. Басқа революциялық ұйымдармен бір қатарда, бір сапта болған кезде, Орталық Комитет «ширай бастайды», өзінің кадеттік ұрандарынан ұялып, өзін дұрыс ұстайды.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы мұндай лайықсыз халге бірінші рет ұшырап отыр. Ол барлық жұрттың көз алдында бірінші рет жетекке еріп отыр. Ол бірінші рет артта қалып отыр. Біздің борышымыз, РСДРП-ның барлық мүшелерінің борышы қайткен күнде де және мүмкіндігінше тез арада бұл жағдайдың бірінші және *ақырғы* рет қапа болуына қол жеткізу.

Июльдегі (соңғы) ереуілдің сәтсіздікке ұшырауының себептерін түсіне алмаушылық бүтіндей жоғарыда көрсетілген принциптік қатеге келіп тіреледі. Күрес *мезгілін* белгілеуде кімнің болса да қателесуі мүмкін. Біз *бұл үшін* Орталық Комитетті тіпті де кінәлағымыз келмейді. Бірақ бой көрсетудің *сипаты* жөнінде қателесу, көтеріліске шақыру жөніндегі үндеулерге Орталық Комитетпен бірге қол қойған бірсыпыра ұйымдардың сақтандыруына қарамастан қателесу,— кешірімсіз нәрсе.

Орталық Комитет 5-хатта эсерлерге қарсы қайдағы бір тым ұсақ-түйек айтысқа салынады (ондағысы трудовиктер өкілінің пайымдаулары дәйектірек болды деп дәлелдеу ғана,— оның бер жағында, мұның бәрі және бұл кім үшін қажетті болмақ?), сөйтіп июль ереуіліне шақырған үндеуге нақ алдыңғы қатарлы, сапалы жұ-

мысшылар үн қоспағанына таңданады. Артта қалған жұмысшылар үн қосты; ал алдыңғы қатардағылар үн қосқан жоқ! Сөйтіп, Орталық Комитеттің зығырданы қайнап, ыза болады, ол ұрсысып отыр деуге болады.

Ал оның бер жағында, егер Орталық Комитет түбірінен қате позиция ұстамаған болса, пролетариаттың авангардымен *принципті* түрде ажыраспаған болса, онда ол істің мәнісін оңай түсінген болар еді. Артта қалған жұмысшылардың стачка-демонстрация мен стачка-көтерілістің арасындағы айырмашылықты әзірше білмеуі де мүмкін, бірақ алдыңғы қатарлы жұмысшылар бұл айырмашылықты өте жақсы білді. Свеаборг пен Кронштадтты олар *көтеріліс* жасаған кезде қолдауға мүмкіндік бар деп сенген кезде,— ал мұндай кез болды,— онда бүкіл халықтық ереуіл жариялау табиғи нәрсе болды. Бірақ, әрине, бұл Думаны таратуға қарсы наразылық көрсету мақсатымен жасалған (Орталық Комитет осылай ойлады) ереуіл болмас еді, қайта көтерілісшілерді қолдау мақсатымен, көтерілісті *ұлғайту* мақсатымен жасалған көтеріліс болған болар еді *(осылай болды да)*.

Алайда бір-екі күннен соң, Свеаборг пен Кронштадтағы көтерілістің *бұл жолы* басылып тасталғаны біржола анықталды. Көтерілісшілерді қолдау үшін болған стачка орынсыз болып шықты, ал наразылық-стачканы, стачка-демонстрацияны алдыңғы қатарлы жұмысшылар қашан болса да *тілеген емес*. Өздерінің жалпы, шешуші шайқасқа шығатынын, бірақ демонстрация жасау стачкасына ешбір бармайтынын олар әрдайым барынша ашық және барынша батыл айтып келді (тек біздің Орталық Комитет қана мұны білмегенсіді немесе түсінбегенсіді).

Сонымен, июль ереуілінің сәтсіздікке ұшырауы социал-демократия оппортунистерінің тактикасын, былайша айтқанда, мүрдем кетірді. Стачка-демонстрация идеясы мүлде және біржолата іске аспай қалды. «Іші-нара бұқаралық наразылық көрсету» ұраны мүлде және біржолата іске аспай қалды.

Бірақ Россияның ірі-ірі орталықтарындағы жұмысшылардың пиғылымен азды-көпті таныстығы бар адам

үшін, қазір шаруалар арасында не болып жатқандығына зер салған адам үшін,— міне, мұндай адам үшін стачка-көтеріліс идеясының, көтеріліске дайындалу ұранының маңызын жоғалтпағандығы, күңгірттенбегендігі былай тұрсын, қайта керісінше, барлық жерде жетіліп, нығайып келе жатқандығы айдан анық.

V

Дума таратылғаннан кейінгі қиын-қыстау күндердегі меньшевиктік тактиканы қысқаша талдауымыздың қорытындысын шығарайық.

Дума дәуірінің өн бойында меньшевиктер әрдайым бүкіл Думаны қолдауды, кадеттерді (Дума министрлігін тағайындау туралы талапты қолдаған болып) қолдауды уағыздап келді. Большевиктер трудовиктерді кадеттерден барынша күш салып ажыратты және «Думаның солшыл топтарынан атқару комитетін» құру идеясын қолдады.

Енді Дума таратылғаннан кейін кімнің тактикасы дәлелденді? Кадеттермен бірігіп тек Выборг жалтақ үндеуін ғана шығарудың сәті түсті. Кадеттер *партия ретінде* оны қолдамады, оны жақтайтын партиялық үгітке де, *осындай* жұмысты жүргізе беруге де қатыспады. Бұл үндеудің жеткіліксіз екенін тіпті біздің меньшевиктер де дереу мойындады. Выборг жалтақ үндеуінен соң басқа, неғұрлым нақты және неғұрлым батыл үндеулер шықты. Думаның кейбір бұрынғы мүшелері жекелеп бірікке нңен соң, думалық *екі* топтың «комитеттері» бірікті, олар бірсыпыра үндеулерге қол қойып, бірсыпыра революциялық кеңестерге қатысты, олар революцияның *әскери советіне барды*.

Думаның талқандалуынан топ ретінде, коллектив ретінде аман қалған, табан тірерлік «конституциялық» негізі жоғалса да, өздері жоғалмаған бұл екі топ қандай топтар еді?

Бұлар социал-демократтар мен *трудовиктер* еді. Осындай комитет құру *идеясын* қолдап, большевиктер уағыздаған «солшыл топтардың атқару комитеті»,—

жүзеге асты. Еңбек тобы шаруалар арасында *жаңа* байланыстары бар, *революциялық* жаңа ұйым туғызды, ал кадеттер саяси мағынада өлді — өлгенде де «құрт-құмырсқа тірі адамдардың төңірегіне емес, өлекселердің төңірегіне үйір болады ғой» * деп большевиктердің баса көрсете отырып, нақ болжап айтқанындай болып өлді.

Социал-демократтардың трудовиктермен, эсерлермен және т. б. жауынгерлік келісімі *факт* болып шықты, бұл факт жоғарыда айтылған листоктарда документ жүзінде жазылды. Біз Бірігу съезіне арналған қарарлар жобасында-ақ большевиктердің ұсынғанындай, бұл істі ертерек ойластырмай, біртіндеп негіз дайындамай, *кешігіп* қолға алудың салдарынан тек зиян шектік, әрине, көп зиян шектік.

Volentem ducunt fata, nolentem trahunt,— орысша, шамамен, бұл былай деген сөз: саналы саясатшы оқиғалардың алдында болады, санасыз саясатшыны оқиғалар өз соңынан сүйреп отырады. Нақ революциялық демократиямен жауынгерлік келісімнің *сөзсіз қажет* екендігін, пролетариаттың нақ алдыңғы қатарлы шаруалармен жауынгерлік жақындасуының зор маңызы бар екендігін большевиктер айлар бойы, жыл бойы деуге де болады, айтудай-ақ айтты. Думаның таратылуы осы жолға түсуге *мәжбүр етті,* оның бер жағында меньшевиктер, Орталық Комитет тактикасының барлық тарауларын талдауда біздің көрсеткеніміз сияқты, дайындықсыз болып шықты, өздерінің еркінен, санасынан тыс, оқиғалардың «күтпеген» бет бұрысының «жетегіне еріп кеткен» болып шықты.

Көтеріліс туралы мәселені алып қараңыз. Меньшевиктер бар күшін салып одан «бойын алып қашты». Олар тіпті Бірігу съезінде қарулы көтеріліске *қарсы* қарар қабылдады. Олар қазір, басқа революциялық ұйымдардың нұсқауынсыз, Орталық Комитеттің өзі жазып отырған № 4 және № 5 «хаттарда» көтеріліс туралы *үндемей отыр.* Бірақ ол революциялық ұйымдармен *бірге,* олардың нұсқауымен бірдеме жазған кезде,

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 357-бет. *Ред.*

міне, сонда біз көтеріліске тікелей және үзілді-кесілді шақыратын үндеулерді оқимыз. Сонда ұрандар да революциялық болып шығады. Сонда Думаның сессиясын қайта бастау туралы ғана емес, тіпті Дума арқылы құрылтай жиналысын шақыру туралы да бір ауыз сөз айтылмайды. Қайта, керісінше, онда біз мынаны оқимыз («Бүкіл халыққа» арналған үндеу): «Халықтың өзіне мақсат етіп қоятыны — *өкімет билігі жоқ* Дума *емес*, дауыс беру, т. т. негізінде болатын толық билігі бар құрылтай жиналысы. Бұл жиналысты *патша министрлері де емес, қайта революцияшыл халыққа сүйенетін өкімет* шақыруға тиіс» (курсив біздікі). Еңбек тобы комитеті мен поляк социалистік партиясы сияқты ұсақ буржуазиялық революционерлердің арасында болған кезде, біздің Орталық Комитет, міне, осындай өткір тілмен сөйлейді!

Ақырында, революциялық уақытша үкімет туралы мәселені алып қараңыз. Плеханов бастаған біздің меньшевиктер мұндай үкіметке буржуазиялық революционерлермен бірге социал-демократтардың қатысуына болмайды, ал революциялық уақытша үкімет құру ұранын ұсыну бланкизм, якобиншілдік және басқадай пендешілік күнә болып табылады деп, бір жарым жыл бойы дәлелдеп бақты.

Сонда ше? Дума таратылды, ал Орталық Комитет *нақ сол* революциялық уақытша үкімет туралы, оның кімдерден құралатындығы туралы мәселе қоюға мәжбүр болып отыр. Бұл мәселеге ешбір дайындықтың болмағандығы бірден көрініп тұр: тіпті революциялық уақытша үкіметтің *көтеріліс органы* екендігін түсінушілік те болмай отыр. Орталық Комитет революциялық уақытша үкімет деп Думаның қалдықтарын: социал-демократтарды, трудовиктерді және кадеттердің бір бөлегін жариялауды ұсынады. Бірақ мұның өзі не болып шықпақ, қараңыздаршы, жолдастар: *сіздер социалистерге буржуазиялық революционерлермен бірге революциялық уақытша үкіметке қатысуды ұсынып отырсыздар ғой!* Трудовиктер мен солшыл кадеттердің ішінде социал-демократтардың *өте азшылық* екендігіне қарамастан, сіздер осылай істеп отырсыздар! Әттең, әт-

тең! Социал-демократтардың буржуазиялық революционерлермен бірге уақытша үкіметке қатысуына *болмайды* дейтін доктринерлік мылжыңның шындық жағдаймен алғаш кездескенде-ақ күлі көкке ұшады. Бұл жалған ұйғарымды Маркске әдейі теріс сүйепу арқылы ақтамақ болып күшенудің бәрі түтін сияқты ғайып болуда. Ол ол ма: біздің «қатал» марксистсымақтар әр алуан айла-шарғы арқылы болашақ уақытша үкіметке буржуазиялық *революционерлермен* (трудовиктер, эсерлер, Поляк социалистік партиясы, шаруалар, темір жол және мұғалімдер одақтарының бір бөлегі) қатар буржуазиялық *келісімпаздарды* да (кадеттерді) апармақ!

Иә, оппортунистік тактиканың Дума таратылғаннан кейін біздің Орталық Комитеттің басынан кешіргенінен бетер толық күйреуін көз алдыңа елестету қиын. Кеш қалмай тұрғанда, біздің партияны бұл батпақтан алып шығу керек.

«Пролетарий» № 1,
21 август, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КҮНДЕЛІКТІ ОҚИҒАЛАР ЖӨНІНДЕ

Варшавада және Польшаның басқа қалаларында болған «қанды күп» [144], Столыпинге қастандық жасау, Минді өлтіру [145], осылардың бәрі «партизандық қимылдар» туралы,— біз партияда дағдылы болған және Бірігу съезінің қарарында қолданылған сөздерді пайдаланып отырмыз,— мәселеге жалпы жұрттың назарын аударатты.

Редакция ең таяу уақыттың ішінде осы аса маңызды мәселені толық және мүмкіндігінше жан-жақты талдайтын бір немесе бірнеше мақала басып шығармақ *. Өзіміздің көзқарасымыз жөнінде оқушыларды бейхабар қалдырмау үшін әзірге біз тек мынадай ғана қысқаша ескертпелер жасаймыз, бұл ескертпелер кейінгі мақалаларда, егжей-тегжейіне жете дамытылып, дәлірек тұжырымдалатын болады.

Бірінші ескертпе. Ұшқарылықтың ешбір жақсылығы жоқ, партизандық қимылдар ұйымдастыруда қалың бұқараның пиғылымен санасу қажеттігіне социалистердің ешбіреуі де күмәнданбайды. Сондықтан біз Варшавадағы жұмыстың жағдайларымен және ондағы бұқараның пиғылымен таныстығы бар Бундтың (сірә, ол поляк социал-демократтарымен де ынтымақтас болу керек) көзқарасын, атап айтқанда, Поляк социалистік партиясы «асыра сілтеді» дейтін көзқарасты еске алуды сөзсіз қажет деп есептейміз. Бұл факт мәселесі, ол асыра сілтеді ме, жоқ па, бұл мәселені шешу біздің

* Қараңыз: Шығармалар, 11-том 203—214-беттер. *Ред.*

міндетімізге жатпайды. Еш уақытта да асыра сілтеуге болмайды, бірақ «ұшқарылықтың» жеке оқиғаларына бола күрестің белгілі бір формасын жарамсыз деп қорытынды жасау теріс болар еді.

Жалпы және тұтас алғанда біз Россияда Дума таратылғаннан кейін партизандық күрестің шиеленісуін тиімді деп санаймыз. Үкіметтің зорлықшыларына қарсы партизандық қырғын және аяусыз күрес бізге дер кезіндегі және тиімді күрес болып көрінеді.

Екінші ескертпе. Партиямыздың Орталық Комитеті 4-ші «хатқа» (партия ұйымдарына арналған) жазған ескертуінде: ««партизандық» жауынгерлік қимылдар дейтінді партияның, бұрынғысынша, қабылдамайтындығы өзінен-өзі түсінікті» деп мәлімдеп, сөзсіз қателесіп отыр, мықтап қателесіп отыр.

Бұл дұрыс емес. Біз съездің шешімдеріне бағынамыз, бірақ Орталық Комитеттің бұл шешімдерді *бұзатын* қаулыларына *ешбір жағдайда да* бағынбаймыз. Бірігу съезінің: «Партизандық қимылдар туралы» деп аталатын қарарын құнттап оқыған адамның қайсысы болса да біздің партия партизандық қимылдардың бір түрін *қабылдамаса,* екінші бір түрін *қабылдайтындығын* және үшінші түрін *ұсынатындығын* оп-оңай көре алады.

Қарар жеке меншіктегі мүліктерді экспроприациялауды мүлде қабылдамайды. Ол қазыналық қаржыны экспроприациялауды *бекерге шығармайды,* бірақ оған *ерекше қатал* шарттар қояды («белгілі бір жерде революциялық өкімет органдары құрылған жағдайда», *т. т.).*

Содан соң, съездің қарары мүліктерді экспроприация *жасамайтын* партизандық қимылдарды *мақұлдайды,* яғни *«террорды» мақұлдайды,* жауды өлтіру мақсатымен болған *партизандық* қимылдарды мақұлдайды. Бұл мақұлдау қарардың нақты қорытынды бөлегінің бірінші сөздерінде-ақ анық және тікелей айтылған:

«Съезд қаулы етеді: 1) болғалы тұрған көтеріліске революциялық күштерді дайындауды, негізі жұмысшы бұқарасын ұйымдастыру болып табылатын дайындауды мойындаумен *қатар* (курсив барлық жерде де біздікі) *үкіметтік террорға және қаражүздіктердің зорлық-*

зомбылықтарына қарсы *белсенді күрестің сөзсіз керек* екендігін мойындай отырып, мынаны істеу қажет...» (бұдан әрі ұрлыққа, жеке меншіктегі қаржыны тартып алуға, т. т. тыйым салу айтылады).

Біз келтіріп отырған *съезд шешімі* барынша анық. Бұқара арасында жұмыс жүргізумен «қатар» зорлықшыларға қарсы «белсенді күрес», яғни оларды «партизандық қимылдар» арқылы сөзсіз өлтіру мақұлданған.

Партизандық қимылдардың *осы,* екінші, түрін (зорлықшыларды өлтіру) тежеу жөнінде қарарда тек былай делінген: «үкіметке қарсы күрестің *лажсыз* нәтижесі болатын *немесе,* мәселен, баррикадалар жасағанда тікелей күрестің мүдделері керек ететін кездердегіден басқа (тыңдаңыз!) реттерде *бейбіт* азаматтардың жеке меншігіне қол сұғуға *бармау керек».*

Сонымен, *тікелей күрес* керек еткен кезде жеке меншікке қол сұғуға да, мысалы, баррикада үшін экипаждарды, т. с. тартып алуға да болады. Тікелей күрес *жоқ* кезде съезд «бейбіт» азаматтардың жеке басының қауіпсіздігіне қатер төндіруге *бармау керек* дейді, бірақ съезд осы тұста мынадай *ерекшелікті* көрсетеді: атап айтқанда, үкіметке қарсы күрестің нәтижесі ретінде адамның жеке басының қауіпсіздігіне «лажсыз» қатер төндіруді съезд партизандық қимылдарға қатысушыларға *кінә етіп қоймайды.*

Ақырында, съезд партизандық қимылдардың түрін партияға тікелей *ұсынады,* ол ешбір шарт қоймай, тежеу салмай былай деп қаулы етеді: «үкіметтің қарамағындағы қару-жарақ пен соғыс снарядтарын мүмкіндігі болған кездің *барлығында да басып алу керек».*

Мәселен: городовойлардың қолында үкіметтің қарамағындағы қару-жарақ бар. «...мүмкіндігі болып отыр».

Үшінші ескертпе. Біз партиямыздың толып жатқан жауынгер топтарының бәріне өздерінің әрекетсіз отыруын қойып және съезд қарарларына дәлме-дәл сүйене отырып, яғни мүліктерді ешбір экспроприациямастан, бейбіт азаматтардың «жеке басының қауіпсіздігіне» қатер төндіруді барынша азайта отырып, шпиондардың, *белсенді* қаражүздікшілердің, полицияның,

әскердің, флоттың басшы адамдарының *және тағы сондайлардың* жеке басының қауіпсіздігіне *барынша көп* қатер туғыза отырып, бірқатар партизандық қимылдар жасауды ұсынамыз. Ал «үкіметтің қарамағындағы қару-жарақ пен соғыс снарядтарын мүмкіндігі болған кездің *барлығында* да басып алу керек».

*«Пролетарий» № 1,
21 август, 1906 ж.*

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«ЖҰМЫСШЫ СЪЕЗІ» ТУРАЛЫ

«Товарищ» газеті Аксельрод жолдас «жұмысшы съезін» [146] жақтап үгіт жүргізіп отыр деп заметка береді. Мұндай үгіттің меньшевиктер тарапынан шын мәнінде жүргізіліп отырғандығы жөнінде бізде де хабар бар. Партиялық борыш мұндай мәселелерді ашық талқылауды талап етеді гой деп ойлаймыз. Әлде ең көрпекті меньшевиктер тарапынан *ашық* жұмысшы съезін шақыру жолындағы үгіт партиядан *жасырын* жүргізілуге тиіс пе? Егер Аксельродтың өз көзқарастары баяндалған мақала басып шығаруға мүмкіндігі болмаса, онда біз оған өз газетіміздің бетін ұсына аламыз.

«Пролетарий» № 1,
21 август, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

МОСКВА КӨТЕРІЛІСІНІҢ САБАҚТАРЫ

«Москва 1905 жылғы декабрьде» (М. 1906) деген кітап әбден дер кезінде жарыққа шықты. Декабрь көтерілісінің тәжірибесін үйрену — жұмысшы партиясының көкейтесті міндеті. Амал не, бұл кітап — бір қасық қара май араласқан бір бөшке бал сияқты: оның материалы, толық еместігіне қарамастан, өте қызық, ал қорытындылары адам айтқысыз салақ, адам айтқысыз дөрекі болып шыққан. Бұл қорытындылар туралы біз ерекше әңгіме етеміз» *, ал қазір осы күнгі маңызды саяси мәселелерге, Москва көтерілісінің сабақтарына көшелік.

Москвадағы декабрь қозғалысының басты формасы бейбіт ереуіл мен демонстрациялар болды. Жұмысшы бұқарасының орасан көпшілігі күрестің тек осы формаларына ғана белсене қатысты. Бірақ күрестің дербес және басты формасы есебінде жаппай стачка өзінің маңызын жойғанын, қозғалыстың стихиялық, тасқын күшпен бұл тар шеңберді бұзып, күрестің жоғарғы формасын — көтерілісті туғызып отырғанын нақ Москвада декабрьде болған бой көрсетулер ашықтан-ашық көрсетіп берді.

Москвадағы барлық революциялық партиялар, барлық одақтар стачка жариялағанда ол стачканың сөзсіз көтеріліске ұласатынын түсінген де, тіпті сезген де болатын. 6 декабрьде жұмысшы депутаттары Советі

---

* Қараңыз: осы том, 428—432-беттер. *Ред.*

«стачканы қарулы көтеріліске айналдыруға тырысу керек» деп қаулы шығарды. Бірақ іс жүзінде барлық ұйымдар бұған әзірленбеген еді, тіпті жауынгер жасақтардың коалициялық Советі де [147] көтерілісті қайдағы бір алыс нәрседей сөз қылды, *(9 декабрьде!)* ал көшедегі күрес, күмәнсыз, оның басынан аттап өтіп, оның қатысуынсыз жүріп жатты. Ұйымдар қозғалыстың өрлеуінен және екпінінен *кейін қалды.*

Ереуіл, ең алдымен, октябрьден кейін қалыптасқан объективтік жағдайлардың қысымымен көтеріліске айналды. Үкіметті жаппай стачка арқылы қапы соқтыру мүмкін болмай қалды, өйткені ол соғыс қимылдарына дайын тұрған контрреволюцияны ұйымдастырып та үлгерді. Орыс революциясының октябрьден кейінгі жалпы барысы да, декабрь күндерінде Москвада болған оқиғалардың дәйекті түрде өтуі де Маркстің терең мағыналы қағидаларының бірін: революция топтасқан және берік контрреволюция тудыра отырып ілгері басады, ягни жауды қорғанудың негұрлым күшті құралдарын пайдалануға мәжбүр етеді, сөйтіп оған шабуыл жасаудың барған сайын күшті құралдарын тудырады [148] деген қағидасын тамаша дәлелдеді.

7 және 8 декабрьде: бұқараның бейбіт ереуілі, бейбіт демонстрациялары болды. 8-і күні кешке: Аквариумды [149] қоршауға алды. 9-ы күні күндіз: Страстная алаңында драгундар жиналған жұртты ұрып-соққылады. Кешке — Фидлердің үйі [150] қиратылды. Жұрттың көңіл күйі көтеріле түсті. Ұйымдаспаған, көшеге жиналған жұрт мүлде стихиялы түрде және сенбесе де алғашқы баррикадалар тұрғызды.

10-ы күні: баррикадаларды және көшелердегі топталған жұртты артиллерия атқылай бастайды. Баррикадалар сенімді түрде жасалып, енді ол жалғыз-жарымдардың емес, нағыз көпшіліктің ісіне айнала бастайды. Бүкіл халық көшелерге шығады; бүкіл қаланың негізгі орталықтары баррикадаларға толады. Жасақтардың әскерге қарсы табан тірескен партизандық күресі, күрес болғанда әскерлерді қажытып, Дубасовты жалынып қосымша көмек сұрауға мәжбүр еткен күрес бірнеше күнге созылады. Тек 15 декабрьде ғана

үкімет жағының күштері толық басым болып шықты, сөйтіп 17-де семеновшылар көтерілістің ақырғы тірегі Пресняны талқандады.

Стачкалар мен демонстрациялардан жұрт жеке баррикадаларға көшті. Жеке баррикадалардан жаппай баррикадалар жасауға және әскерге қарсы көше күресіне көшті. Бұқаралық пролетарлық күрес, ұйымдардың басынан аттап өтіп, стачкадан көтеріліске көшті. Орыс революциясының 1905 жылғы декабрьде жеткен асқан ұлы тарихи табысы,— барлық бұрынғы табыстардай, өте көп құрбандықтар арқылы қолы жеткен табысы,— міне, осында. Қозғалыс жаппай саяси стачкадан жоғарғы сатыға көтерілді. Ол реакцияны қарсыласудың *ақырғы шегіне дейін* жетуге мәжбүр етті, сөйтіп революцияның да шабуыл құралдарын ақырына дейін қолданатын кезеңін мейлінше жақындатты. Реакция баррикадаларды, үйлерді, көшеде жиналған жұртты артиллериямен атқылаудан әрі *ешқайда* бара алмайды. Революцияның Москва жасақшыларынан әрі де баратын жері бар, кеңейе және кеулей дами алатын жері өте-мөте көп. Революция декабрьдегіден гөрі көп ілгеріледі де. Революциялық дағдарыстың негізі өлшеусіз кеңейе бастады,— қылыштың жүзі енді өткірірек қайралуға тиіс.

Күрестің объективтік жағдайындағы стачкадан көтеріліске көшуді талап еткен өзгерісті пролетариат өзінің басшыларынан бұрын сезді. Практика, әрқашанғыдай, теорияның алдында жүрді. Бұдан әрі не болады? — деп сұраған, неғұрлым белсенді іс-әрекетті талап еткен жұмысшыларды бейбіт стачка мен демонстрациялар бірден-ақ қанағаттандырудан қалды. Баррикадалар тұрғызу туралы директива аудандарға өте кешігіп, орталықта баррикадалар жасалып жатқан уақытта жетті. Жұмысшылар жұмыла іске кірісті, бірақ *онымен де қанағаттанбады:* бұдан әрі не болады? — деп сұрап, белсенді іс-әрекетті талап етті. Біздер, социал-демократиялық пролетариаттың басшылары, декабрьде өзінің полктарын соншама қолайсыз орналастырғандықтан әскерінің дені ұрысқа белсене қатыспаған қолбасшы сияқты болдық. Жұмысшылар бұқарасы

жаппай белсенді әрекет жасау жөніндегі директиваларды іздеді, бірақ таба алмады.

Сонымен, Плехановтың барлық оппортунистер іліп ала жөнелген көзқарасынан, мезгілсіз стачканы бастаудың керегі жоқ еді, «қолға қару алмау керек еді» деген көзқарасынан асқан болжамсыздық жоқ. Мұның керісінше, неғұрлым батыл, неғұрлым жігерлі түрде, неғұрлым шабуыл жасайтындай болып қару алу керек еді, бір ғана бейбіт стачканың жеткілікті болуы мүмкін еместігін, қаһармандық және аяусыз қарулы күрес жүргізудің қажеттігін бұқараға түсіндіру керек еді. Ақырында, біз саяси ереуілдердің жеткіліксіз екендігін енді ашық түрде және барлық жұртқа естірте отырып мойындауымыз керек, нағыз қалың бұқара арасында қарулы көтерілісті жақтаған үгіт жүргізуіміз керек, бұл мәселені ешқандай «алдыңғы сатылармен» бүркемелемеуіміз керек, ешқандай пердемен тасаламауымыз керек. Келешек бой корсетудің нақты міндеті ретіндегі аяусыз, қырғып, қанды соғыстың қажет екенін бұқарадан жасыру өзімізді де, халықты да алдағандық болады.

Декабрь оқиғаларының бірінші сабағы осындай. Екінші сабақ — көтерілістің сипаты, оны жүргізу тәсілі, әскердің халық жағына шығу жағдайлары жайында болып отыр. Біздің партияның оң қанатында осы әскердің халық жағына шығуына тым біржақты көзқарас көп тараған. Осы заманғы әскерге қарсы күресіп болмайды, әскердің өзінің революцияшыл болуы керек деседі. Әлбетте, егер революция бұқаралық революция болып, әскердің өзін қоса қамтымаса, онда елеулі күрес туралы әңгіме де болуы мүмкін емес. Әлбетте, әскерлер арасында жұмыс жүргізу қажет. Бірақ әскердің осылай халық жағына шығуын, бір жағынан, сенімпің, екінші жағынан, сананың нәтижесі болатын жай ғана, бірліжарымды акт деп ойлауға болмайды. Москва көтерілісі мұндай көзқарастың үстірттігін, жансыздығын бізге айқын көрсетіп берді. Шын мәнінде халықтық қозғалыстың қандайында болса да іс жүзінде болмай қоймайтын әскердің қобалжуы революциялық күрес шиеленіскен кезде *әскер үшін* шындап *күресуге* әкеліп соқтырады.

Москва көтерілісі бізге әскер үшін реакция мен революцияның барынша жанталаса, барынша арпалысып күрескендігін көрсетті. Москвадағы 15 мың әскердің 5 мыңы ғана сенімді деген сөзді Дубасовтың өзі айтты. Үкімет қобалжушыларды нағыз алуан түрлі, мейлінше жанталасқан шаралармен тежеп ұстап отырды: оларға уәде беріп сендірді де, оларды өтірік мақтады да, сағат, ақша және сондайларды үлестіріп сатып алып та байқады, оларды арақпен де суарды, оларды алдады да, оларды қорқытты да, оларды казармаға да қамады, оларды қарусыздандырып та көрді, ең сенімсіз деген солдаттарды сатқындықпен және күшпен әскер арасынан ұстап әкетіп те отырды. Ал біз бұл жөнінде үкіметтен кейін қалып қойдық, мұны ашықтап-ашық және тура мойындауға батылдық көрсетуіміз керек. Үкімет қобалжушы әскерді ұстап қалу үшін белсенді, батыл, оралымды, тегеурінді күрес жүргізіп, бәрін істеп бақты, ал біз өзіміздің бар күшімізді нақ сондай күреске пайдалана білмедік. Біз әскерді идея жағынан «өз жағымызға тарту» ісін дайындадық, оны бұдан да гөрі табанды түрде дайындай береміз. Бірақ көтеріліс кезінде әскер үшін қолма-қол күресу де керек екендігін ұмытсақ, онда біз бейшара педант болып шығамыз.

Москва пролетариаты декабрь күндерінде бізге әскерді идея жағынан «өз жағымызға тартудан» тамаша сабақ берді,— мәселен, 8 декабрьде Страстная алаңында жұрт казактарды айнала қоршап алып, олармен араласып, бауырласып кетті, сөйтіп оларды кейін қайтуға көндірді. Немесе 10 декабрьде Пресняда 10 000 адамнан құралған қалың топтың ішінде қызыл ту көтеріп келе жатқан екі жұмысшы қыз казактарға: «Бізді өлтіріңдер! Тірі тұрғанда туымызды бермейміз!» — деп айқайлап қарсы ұмтылған. Сонда казактар сасып қалып, кері қайтып кеткен, жұрт оларды «казактар жасасын!» деп дауыстап ұзатып салған. Қайраттылық пен батырлықтың бұл үлгілері мәңгі-бақи пролетариаттың есінде қалдырылуы керек.

Бірақ Дубасовтан біздің кейін қалып қойғанымызды көрсететін мынадай мысалдар бар. 9 декабрьде Үлкен Серпухов көшесінде солдаттар Марсельеза әнін айтып,

көтерілісшілерге қосылғалы келе жатады. Жұмысшылар оларға делегаттар жібереді. Сол арада Малаховтың өзі алға шығып, солдаттарға қарай жанталаса шаба жөнеледі. Жұмысшылар кешігіп қалған, Малахов дер кезінде барып жеткен. Ол қызу сөз сөйлеген, ол солдаттарды қобалжытқан, оларды драгундармен қоршап алып, казармаға алып барып, қамап қойған. Малахов барып үлгерген, ал біз үлгере алмадық; біздің үндеуіміз бойынша екі күннің ішінде 150 000 адам бас көтеріп шықса да, демек, олар көшелерді шолуды ұйымдастыра алатын және ұйымдастыруға тиісті болса да, осылай болды. Малахов солдаттарды драгундармен қоршап алды, біз Малаховтарды бомбашылармен қоршап алғанымыз жоқ. Біз мұны істей алатын едік, істеуге тиісті едік, көтеріліс кезінде азаматтық және әскери басшыларды аяусыз қыру біздің борышымыз екендігін социал-демократиялық баспасөз де (ескі «Искра»[151]) әлдеқашан көрсеткен болатын. Үлкен Серпухов көшесінде болған оқиға, сірә, Несвижск казармалары алдында да, Крутицкий казармалары алдында да, пролетариат екатеринославтықтарды «алып тастауға» тырысқанда да, Александровтағы саперлерге делегаттар жібергенде де, Москваға жіберілген жерінен Ростов артиллериясын қайтарғанда да, Коломнада саперлерді қарусыздандырғанда да, басқа сондай кездерде де негізінен қайталанған болу керек. Көтеріліс кезінде біз қобалжыған әскер үшін күресу міндетіне сай болғанымыз жоқ.

Маркстің терең мағыналы және оппортунистер ұмытып кеткен тағы бір қағидасын: көтеріліс дегеніміз өнер, бұл өнердің басты ережесі — өршеленген өжет, үзілді-кесілді батыл *шабуыл жасау* [152] деген қағидасын декабрь айқын дәлелдеді. Біз осы ақиқатты жете ұғынғанымыз жоқ. Осы өнерді, қайткенде де шабуыл жасау жөніндегі осы ережені өзіміз де жете үйренбедік, бұқараға да жете үйретпедік. Біз енді осы кемістігімізді барлық жігерімізді салып түзетуіміз керек. Саяси ұрандар жөнінен ғана топтасу жеткіліксіз, қарулы көтеріліс жөнінен де топтасу қажет. Кімде-кім қарулы көтеріліске қарсы болса, кімде-кім оған әзірленбесе,— ондайды революция жағындағылардың ішінен аяусыз аластау

керек, ондайларды революция дұшпандары, сатқындар немесе қорқақтар жағына қарай аластау керек, өйткені оқиғалардың екпіні, күрес жағдайы бізге дұшпан мен досты осы белгі бойынша ажыратуға мәжбүр ететін күн жақындап келеді. Біз сылбырлықты, әскердің өз жағымызға «шығуын» жай ғана «күтіп» отыра беруді насихаттамауымыз керек,— жоқ, біз батыл шабуыл жасаудың және қолға қару алып шабуыл жасаудың қажеттігін, мұның өзінде бастықтарды аяусыз қырып, қобалжыған әскер үшін мейлінше жігерлі түрде күресудің қажеттігін барынша естірте қатты айтуымыз керек.

Москваның бізге берген үшінші үлкен сабағы тактика және күштерді көтеріліске ұйымдастыру жайында болып отыр. Соғыс тактикасы соғыс техникасының дәрежесіне байланысты,— бұл ақиқатты Энгельс[153] марксистерге әбден түсіндіріп, құлақтарына құйған болатын. Қазіргі соғыс техникасы XIX ғасырдың ортасындағы техникадай емес. Артиллерияға топтасқан күйде қарсы шығу, баррикадаларды револьвермен қорғау ақымақтық болар еді. Сондықтан Каутскийдің Москвадағы оқиғалардан кейін Энгельстің қорытындыларын қайта қарайтын мезгіл жетті, Москва *«жаңа баррикадалық тактиканы»*[154] ұсынды,— деп жазған сөзі дұрыс сөз. Бұл тактика партизандық соғыс тактикасы болды. Бұл тактиканың талабына сәйкес келетін ұйымдар — құрамында он адам, үш, тіпті екі адам бар шиырақ және өте ұсақ отрядтар. Бізде бес және үш адамнан құралған отрядтар туралы сөз болған кезде, мұны мысқылдап күлетін социал-демократтарды қазір жиі кездестіруге болады. Бірақ мысқылдау дегеніміз қазіргі заманғы соғыс техникасы тұсында көшедегі күрестен туған тактика мен ұйым жайындағы *жаңа* мәселені сезбеудің өте арзан әдісі ғана. Москва көтерілісі жайындағы әңгімені зер сала оқып көріңіздер, мырзалар, сонда сіздер «жаңа баррикадалық тактика» жайындағы мәселе мен «бестіктің» қандай байланысы бар екенін ұғатын боласыздар.

Бұл тактиканы Москва ұсынды, бірақ ауыз толтырып айтарлықтай, азды-көпті кең, шын бұқаралық көлемде дамытып, өрістеткен жоқ. Жасақшылар аз бол-

ды, жұмысшылар бұқарасы батыл шабуыл жасау ұранын ала алған жоқ және оны қолданған да жоқ, партизан отрядтарының сипаты тым біркелкі болды, олардың қару-жарақтары мен тәсілдері мардымсыз еді, олардың топталған жұртқа басшылық ете білу қабілеті жоқ-ты деуге болады. Москваның тәжірибесінен үйрене және сол тәжірибені бұқара арасында тарата отырып, осы тәжірибені одан әрі дамытуға бұқараның өз ынта-жігерін туғыза отырып, біз осының бәрінің есесін толтыруымыз керек, толтырамыз да. Көтеріліс кезіндегі дұрыс тактиканы қалың бұқараға үйретуге Россияның барлық жерінде декабрьден кейін ұдайы дерлік болып жатқан партизандық соғыстың, жаппай террордың жәрдемі тиетіндігі күмәнсыз. Социал-демократия осы жаппай террорды дұрыс деп танып, өз тактикасына қосып алуы керек, қосқанда, әрине, оны ұйымдастырып және бақылап отыруы, оны жұмысшы қозғалысы мен жалпы революциялық күрестің мүдделері мен жағдайларына бағындыруы, бұл партизандық соғысты «жалаңаяқтарша» бұрмалаушылықты аяусыз жойып, құртып отыруы керек; бұл бұрмалаушылықты көтеріліс күндеріндегі москвалықтарша және атышулы латыш республикаларының кезіндегі латыштарша өте тамаша және аяусыз құртуы керек.

Соғыс техникасы ең соңғы уақытта жаңадан тағы да ілгері қадам басып отыр. Жапон соғысы қол гранатын туғызды. Қару-жарақ фабрикасы рынокқа автомат мылтық шығарды. Бұлардың екеуі де орыс революциясында осы күнде-ақ ойдағыдай қолданыла бастады, бірақ әлі де жеткіліксіз қолданылып отыр. Біз техниканың жетілдірілуін пайдалана аламыз және пайдалануымыз да керек, жұмысшы отрядтарын бомбаны көптеп әзірлеуге үйретуіміз керек, оларға және өзіміздің жауынгер жасақтарымызға жарылғыш заттарды, запалдарды және автомат мылтықтарды көбірек тауып алуға көмектесуіміз керек. Қаладағы көтеріліске жұмысшы бұқарасы қатысқан жағдайда, жауға жаппай шабуыл жасаған жағдайда, Думадан соң, Свеаборг пен Кронштадтан соң бұрынғыдан да гөрі қатты қобалжып отырған әскер үшін іркілмей батыл, шебер күресе біл-

ген жағдайда, жалпы күреске деревняның қатысуы қамтамасыз етілген жағдайда — келесі бүкіл россиялық қарулы көтерілісте біз жеңіп шығамыз!

Россия революциясының ұлы күндерінің сабақтарын көңілге тоқи отырып, жұмысымызды бұрынғыдан да гөрі кең өрістетейік, міндеттерімізді бұрынғыдан да гөрі батылырақ қоятын болайық. Біздің жұмысымыздың негізі қазіргі кезде таптардың мүдделері мен жалпы халықтық дамудың қажеттерін дұрыс есепке алып отыру болып табылады. Патша өкіметін құлату және революциялық үкіметтің құрылтай жиналысын шақыруы ұранының төңірегіне біз пролетариатты, шаруа мен әскерді барған сайын көбірек топтастырудамыз, бұдан былай да топтастыра түсеміз. Бұқараның санасын жетілдіру әрқашанғыдай бүкіл ісіміздің негізі және басты мазмұны болып қала береді. Бірақ осындай жалпы, түпкілікті және негізгі міндетке Россияның қазіргі басынан кешіріп отырғаны сияқты кезеңдердің қосатын ерекше, дербес міндеттері де болатынын ұмытпайық. Педанттар мен филистерлерге айналып кетпейік, әрқашан да, қандай жағдайда, қай уақытта болса да өзгермейтін міндеттерімізді мағынасыз сылтау етіп, кезеңнің осы айрықша міндеттерінен, күрестің нақты формаларының осы арнаулы міндеттерінен жалтармайық.

Бұқаралық ұлы күрестің жақындап қалғандығын есімізде ұстайық. Ол қарулы көтеріліс болады. Ол, мүмкіндігінше, бір мезгілде болуға тиіс. Қарулы, қанды, арпалысқан күреске түсетіндігін бұқара білуге тиіс. Өлімнен тайынбайтын ерлік бұқараның бойын билеп, жеңісті қамтамасыз етуге тиіс. Жауға қарсы шабуыл барынша батыл болуға тиіс; бұқараның ұраны қорғану емес, шабуыл болуға тиіс, жауды аяусыз қыру — бұқараның міндетіне айналады; күресті ұйымдастыру ісі ширақ және орамды болып құрылады; әскердің қобалжушы элементтері белсенді күреске тартылатын болады. Бұл ұлы күресте саналы пролетариаттың партиясы өз борышын орындауға тиіс.

«Пролетарий» № 2,
29 август, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ТАКТИКАЛЫҚ АУЫТҚУЛАР

Біз Плеханов «Дневнигінің» 6-номерін алдық — он екі бет екен, Женевада басылыпты. Бізді сүйсіндіре таңдандырған нәрсе — бұл жолы орыстың либерал-буржуазиялық баспасөзі, әдетін бұзып, Плехановты мадақтаудан бой тартқан. Біз либералдық газеттерден «Дневниктің» — 6-номерінің шыққаны туралы дағдылы тілектестік цитаттарсыз басылған хабарларды оқығанымызда Думаның таратылуы Плеханов жолдастың оптимизмін жойған шығар деп ойладық.

Расында да, «Дневниктің» 6-номерінде Плеханов жолдас өзінің Дума кезіндегі (Рахметов жолдаспен бірге) позициясынан, меньшевизмнің нағыз оң қанатына тән позициядан, кетіп отыр. Меньшевиктердің: «құрылтай жиналысы үшін» деген революциялық ұранды: «Дума арқылы» және «Дума үшін» деген, т. с. қосымшалармен *бәсеңдетуге* тырысуына ол мүлде жат көзбен қарайды. Плеханов тек құрылтай жиналысын шақыру ғана ұран бола алады деп әділ дәлелдейді және осы ұранның жоқтығы үшін Выборг манифесін әділ сынайды. Плеханов меньшевиктердің жаппай бой көрсетудің орнына жекелеген бой көрсетуді болса да, кешірек болатын, неғұрлым толғағы жеткен бой көрсетудің орнына дереу болатын және дайындалмаған бой көрсетуді болса да — осындай «бой көрсетуді» болса да Думамен сөзсіз байланыстыруға тырысқан әрекетіне де жат көзбен қарайды. Ақырында, Плеханов бұл жолы социал-

демократияның ұрандарын кадеттік ұрандарға бейімдемегені былай тұрсын, кадеттерді жалпы буржуазиялық демократиямен бірдей деп санамайтындығы былай тұрсын, қайта мұның керісінше, кадеттердің жартыкештігін тура және ашық сынайды (сондықтан да кадеттік газеттер Плеханов туралы үндемей қалды!), *оларға* «еңбекші» шаруаларды барынша батыл қарсы қояды.

Мұның бәрі бізді қатты қуантады. Бірақ бір өкінiштісі сол, Плехановтың бірқыдыру тактикалық бүкпесі мен тактикалық ауытқушылығы әлі де қалып қойып отыр.

Плеханов Выборг үндеуінің авторларын алым-салық төлеуден және солдатқа адам берудеи бас тартуға шақырумен «тынды» деп, олар заңдық негізді сақтап қалуға тырысады деп әділ кінәлайды. Былай деп айту керек еді дейді Плеханов: «Дайындалыңдар, өйткені уақыт таялып келеді». Құрылтай жиналысы ұранын алға қою керек еді.

Бірақ алым-салық төлеуден және басқаларынан бас тарту күрес *құралы* болып табылады. Құрылтай жиналысын шақыру — күрестің ең таяудағы *мақсаты*. Кадеттерді жалғыз ғана құралмен шектелуге тырысты деп кінәлай отырып, басқа құралдарды және оларды қолдану шарттарын, олардың маңызын, т. т. *көрсету* керек еді. Плеханов сияқты «әр күннің өз жұмысы өзіне жетеді» деген ескертпе жасап қана қойып, бұл мәселеге соқпай өту дұрыс емес. Социал-демократия пролетариатқа дұрыс ұрандар қою ісінде ғана басшылық етіп коймай, сонымен қатар күрестің ең батыл және ең тиімді *құралдарын* таңдап алу ісінде де басшылық етуге міндетті. Күрестің міндеттері кеңеюімен бірге, күреске қатысатын бұқараның өсуімен бірге күрестің құралдары, тәсілдері, әдістері де өзгеретіндігі жөнінен, олардың неғұрлым батыл, неғұрлым тегеурінді болатындығы жөнінен орыс революциясының тәжірибесі бізге қазірдің өзінде көп материал беріп отыр. Нақ қазіргідей кезеңде біз күрестің әр түрлі құралдары туралы, атап айтқанда: саяси ереуіл туралы, қарулы көтеріліс, т. т. туралы мәселені бүгіп қалмай, қайта мейлін-

ше мұқият зерттеуге тиіспіз. Бұл — толғағы жеткен мәселелер, сондықтан біздің бұл мәселелерге жауап беруімізді алдыңғы қатарлы жұмысшылар әділ талап етіп отыр.

Құрылтай жиналысын талап етуге түрлі таптардың мүдделері қандай қатынаста екені туралы мәселені талдай келіп, Плеханов *үш* таптың арасына шек қояды. (1) Пролетариат жөнінде ол пролетариаттың таптық мүдделері жалпы халықтық мүдделермен толық сай келеді деп қорытады. (2) «Еңбекші шаруалар» жөнінде ол шаруалардың мүдделері белгілі бір жағдайларда жалпы халықтық мүдделермен ажырасуы мүмкін дейді, бірақ «олардың таптық мүддесі» құрылтай жиналысын шақыруды талап етеді деп атап көрсетеді. (3) «Кадеттер партиясы өзінің өкілі санайтын топтар» жөнінде Плеханов олардың «таптық мүдделері» оларды құрылтай жиналысын шақыруға сенімсіз қарауға мәжбүр етеді, мұның өзі Столыпин мырзалардың әрекеттерімен олардың «келіскендігін», помещиктік жерден ешбір ақысыз айрылып қалудан, т. б. қорқатындығын дәлелдейді дейді. Сөйтіп, Плеханов кадеттердің таптық мүдделері жалпы халықтық мүдделерден басым бола ма немесе мұның керісінше бола ма деген пікір жөнінде «болжап айтқым келмейді» дейді.

Болашақты болжайды, ал құрылтай жиналысы ұранынан және құрылтай жиналысы жолындағы революциялық күрестен кадеттердің бас тартуы қазіргі шақтың ісі болып табылады. Бұл жөнінде үндемей қалудың пайдасыз екені былай тұрсын, тіпті зиянды да. Ал егер бұл жөнінде үндемей қалмайтын болсақ, онда, сірә, мынаны мойындауға тура келеді: «Пролетариат саналы еңбекші шаруалармен *бірге* сенімсіз және солқылдақ кадеттерге *қарсы* шығады». Плеханов бұл тактикалық директиваға, оның мәселені қазіргі қойысынан сөзсіз келіп шығатын директиваға, таяп келіп отыр.

Ол былай деп жазады: «Осы қозғалысқа (құрылтай жиналысын шақыру жолындағы күреске) қатысып отырған партиялардың бәрі бұл істе өзара көмектесу үшін дереу бір-бірімен ұғынысуға тиіс болған болар еді». Дұрыс-ақ! Ал бұлар қандай партиялар? Бұлар —

кадеттерден *солшылдау* партиялар және *революциялық* буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық демократиялық партиялар (өйткені кадеттердің: «тезірек жаңа Дума болсын» деген оппозициялық және *«адалдық»* ұранынан өзгеше құрылтай жиналысының ұраны *революциялық* ұран болып табылады). Сонымен, *пролетариат партиясының революциялық демократия партияларымен жауынгерлік келісімі болу керек.*

Бұл — біздің қашаннан талап етіп келгеніміздің дәл өзі. Бұл көзқарасты Плехановтың бұдан былай да дәйекті жүргізе беруіне тілектестік білдіру ғана қалады. Бұл көзқарасты *дәйектілікпен* жүзеге асыру үшін тек *революциялық*-демократиялық ұранды (құрылтай жиналысы ұранын) мақұлдауды ғана мұндай жауынгерлік келісімнің *шарты* етіп қоймай, сонымен қатар күрестің революциялық құралын, қазірдің өзінде біздің қозғалысымыз өсіп-жетіп отырған және құрылтай жиналысы жолындағы күресте қозғалысымыз сөзсіз қолдануға тиісті болатын құралды мақұлдауды да, ягни *жалпы халықтық көтерілісті* мақұлдауды да оның шарты етіп қоюға тура келеді. Содан соң, құрылтай жиналысы ұранын тек қайталап қана қоймай, оны шын түсіндіру үшін *революциялық уақытша үкімет* туралы да мәселе қоюға тура келеді. Бұл мәселені қоймайынша, Плеханов «еңбекші» шаруалардың мүдделерін «кадеттер партиясын өзінің өкілі санайтын топтардың» таптық мүдделерінен дұрыстап ажырата алмайды. Бұл мәселені қоймайынша, Плеханов біздің насихатымыз бен үгітімізге үлкен нұқсан келтіреді, өйткені жұрт қай үгітшіден болса да: жұмысшы партиясының пікірінше, құрылтай жиналысын кім шақыруға тиіс? — деп сұрайды.

Жалпы күрес тәсілдері туралы мәселе сияқты, көтеріліс туралы мәселені де, біз көрсетіп өткендей, Плеханов ешбір дәлелсіз тастап кетіп отыр. Ол былай деп жазады: «Қазіргі минутта көтеріліс халық ашуының тек дүмпуі ғана, бүлік қана болар еді, мұны өкімет орындары оп-оңай жаныштар еді; бірақ бізге бүліктер, дүмпулер керек емес; бізге жеңімпаз революция керек».

Егер 1905 жылы августа Ноги: «Бізге Порт-Артурға шабуыл жасау керек *емес, қайта* Порт-Артурды алу керек» деген болса, бұл да дәл солай дегендік болады. Мезгілсіз шабуылдарды мезгілді шабуылдарға, дайындалмаған шабуылдарды дайындалған шабуылдарға қарсы қоюға болады, бірақ шабуылдарды жалпы қамалды «алуға» қарсы қоюға болмайды. Бұл қате. Бұл қамалды алу тәсілдері туралы мәселені орағытып өту деген сөз. Плеханов жолдас нақ осы қатеге жол беріп отыр. Ол не жете айтпай отыр, не мәселе оның өзіне де айқын емес.

Стачка-демонстрацияның стачка-көтерілістен өзгешелігі айқын. «Бұқаралық ішінара наразылық көрсетулердің» жаппай және бүкіл россиялық бой көрсетулерден өзгешелігі айқын. Ішінара және жергілікті көтерілістердің жаппай, бүкіл россиялық көтерілістен, революциялық партиялар мен элементтердің *бәрі* қолдайтын көтерілістен өзгеше екендігі де айқын. Егер сіз демонстрацияларды, ішінара наразылықтарды, ішінара көтерілістерді «дүмпулер» деп атайтын болсаңыз, онда сіздің пікіріңіз де айқын болады және де сіздің «дүмпу шығарушыларға» қарсы наразылығыңыз әбден әділ де.

Бірақ: «бізге дүмпулер керек *емес, қайта* жеңімпаз революция керек» деу түк айтпағандық болады. Ол олма: мұның өзі бос сөзге мағыналы түр бергендік болып шығады. Мұның өзі әсерлі, бірақ бос сөздің сарынымен оқушының *басын айналдырғандық* болып табылады. Бізге «дүмпулер емес, қайта жеңімпаз революция» керек екендігі жөнінде *бір пікірде болмайтын,* ақылынан адаспаған екі революционерді табу өте қиын. Сонымен қатар, нақ қай *кезеңде* күрестің *нақ* қандай құралы «дүмпу» болмай, жеңімпаз революцияға *қарай* жасалған дұрыс *адым* болатындығы жөнінде *бір пікірде болатын,* әбден есі дұрыс екі революционерді таба қою онша оңай емес. Ешкім күмәнданбайтын нәрсені әсерлі түрде қайталап, мәселенің нағыз қиын жерін тастап кетіп, Плеханов онша ілгері жылжып отырған жоқ.

Қорытындыда мынаны айта кетпей болмайды: әрине, Плеханов жол-жөнекей большевиктерді «шымшып» ке-

туге тырысады: олар бланкистер ғой, өйткені Думаға бойкот жасады, олар «ұшқалақ» қой, өйткені олар әскер арасында қызу жұмыс жүргізу қажеттігін (Плехановжолдастың «Дневниктің» 6-номерінде үйреткеніне дейін) білмеді-міс. Бұл сияқты шымшуды айта кетсе жеткілікті,— ал оған жауап беруге тұрмайды. Егер Плеханов жолдас өзінің *қазіргі* тактикалық позициясымен біздің партияда меньшевиктерді күшейтіп, большевиктерді әлсіретемін деп ойлайтын болса, онда біз оны осылай өзіне ұпамды адасқан қалпында қалдыруға ешбір қарсы емеспіз.

«Пролетарий» № 2,
29 август, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ҮКІМЕТТІҢ САЯСАТЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ КҮРЕС

Неміс социал-демократтары шығаратын юмористік газеттердің бірі бұдан бір жарым жыл бұрын II Николайдың карикатурасын берген болатын. Патшаны әскери киімде, күліп тұрған күйінде көрсетіпті. Ол бір үзім нанмен алба-жұлба мужикті мазақтап тұр, нанды біресе оның аузына тақап апарады, біресе кейін тартып алады. Алба-жұлба мужик біресе риза болып күлімсірейді, аузына түсуге аз-ақ қалған бір үзім нанды кейін тартып алған кезде біресе ызаланып қабағын түйеді. Бұл бір үзім нанда: «конституция» деп жазылған. Ақырғы «көріністе» бір үзім нанды тістеуге бар күшін салған мужиктің Николай Романовтың [155] басын тістеп алғаны көрсетілген.

Карикатура мірдің оғындай дөп тиген. Шынында да, самодержавие, міне, бірнеше жыл бойы орыс халқын конституция берем деп «мазақтап» келеді, бұл конституцияны «түгел дерлік» беруге таяп қалады да, содан соң бүкіл ескі озбырлықты, бүкіл полициялық бассыздық пен заңсыздықты бұрынғыдан да сойқанды етіп бірден қайта орнатады. Бізде дүние жүзіндегі ең демократияшыл дерлік «парламент» болған кезден бері көп уақыт өтті ме? Кадеттік министрлік туралы мәселені, оны ең жақын және ең нақты мүмкіндік деп бүкіл баспасөздің талқылаған кезінен бері көп уақыт өтті ме? Мұның өзі не бары екі-үш ай ғана бұрын болған нәрсе екендігіне сену қиын. Бірді-екілі указдар, манифестер, жарлықтар шығарылды да,— ескі самодержавие үстем-

дік құра берді, барша жұрт айыптаған, масқараланып, жұрт алдында лағынет айтылған ат төбеліпдей қазына тонаушылар, жендеттер мен ойраншылар халықты тағы да аяусыз қорлап отыр, тағы да ойран салып, тонап, ұрып-соғып, жұрттың аузын жауып, адам төзіп болмайтын крепостниктік сасық иіспен ауаны уландырып отыр.

Бүкіл халықтық революциялық күрестің даму тұрғысынан қарағанда, қысқа мерзімді «бостандық күндерінің» жанталасқан реакцияның ұзақ айларымен мұндай тез ауысуы күресуші күштердің арасында өткен жылғы күзден бастап орнаған тепе-теңдіктен болып отыр. Бұдан былай халықты билеуге самодержавиенің *енді* күші *жетпейді,* ойраншылар үкіметін өз иығынан шынымен лақтырып тастауға халықтың *әлі де* күші жетпейді. Айқасушы екі жақтың екеуі де бейне бір жауласқан екі армия сияқты бір-біріне қарама-қарсы тұр, олар біресе күрестен уақытша тыныс алып, күш жинасады, біресе жексұрын жауға қарсы жаңа ұрысқа құлшына кіріседі.

Кадеттік және нововремялық баспасөз публицистерінің пікірлері шын мәнісінде, бұл ауытқушылықтарға *моральдық* жағынан баға беруде бір жерден шығуда. Олардың екі жағы да үкіметтің ауытқушылығын, тартыншақтығын, қобалжуын кінәлап, зар еңірейді, оны «қаталдыққа» шақырады — біреулері жаза қолдануда қатал болуға, екіншілері уәделі конституцияны жүзеге асыруда қатал болуға шақырады. Қоғамдық күштердің шын арасалмағын өзгертетін тап күресін түсіну олардың екі жағына да жат нәрсе.

Ал бұл күрестің дамуы барысында революция қатарында да, реакция қатарында да сапалылық пен топтасушылық сөзсіз өседі, күрестің неғұрлым өткір, неғұрлым аяусыз формаларына көшу де сөзсіз болады. «Бостандық күндерінен» «атқылау айларына» тез көшушілік енжарлар мен бейқамдардың санын азайтуға, күреске жаңа топтар мен жаңа элементтерді неғұрлым көбірек тартуға, бүкіл россиялық түрлі эксперименттердің үлгісі арқылы бұқараға самодержавиенің біресе ол жағын, біресе бұл жағын барынша анық көрсете

отырып, бұқараның санасын жетілдіруге әбден ыңғайлы болып шығып отыр. Бұл көшушілік неғұрлым тез және неғұрлым айқын болса, істің ақтық қорытындысы соғұрлым тез шығады, ал осы ақтық қорытынды бостандық жағындағы қоғамдық күштердің сөзсіз басым болуына жеткізеді.

Сондықтан саналы жұмысшылар самодержавиенің жаза қолдану ісінде адам айтқысыз тез «прогреске» жетуіне барынша сабырлы түрде қарай алады. Романов, Трепов, Игнатьев және Столыпин мырзалар, осы беттеріңізден қайтпаңыздар! Сіздер бұл жолмен жүруге неғұрлым тырысқан сайын, өздеріңіздің соңғы резервтеріңізді соғұрлым түгел сарқасыздар. Сіздер бүкіл Россияда әскери диктатура, соғыс жағдайын орнатамыз деп қорқытасыздар ма? Бірақ мұндай соғыс жағдайынан, сөз жоқ, бәрінен де гөрі революция ұтады. Әскери диктатура мен соғыс жағдайы жаңа әскер бұқарасын мобилизациялауға мәжбүр етеді, ал оның бер жағында қазірдің өзінде ең «сенімді» әскерді, казак әскерлерін, қайтадан мобилизациялау күйзелген казак станицаларында наразылықты қатты өршітіп отыр, осы әскердің «сенімсіздігін» күшейтіп отыр. Соғыс жағдайы ақшаны керек етеді, ал самодержавиенің финанс жағдайы қазірдің өзінде нашар халде. Соғыс жағдайы солдаттар арасында үгітті күшейте түсуге ұмтылдырады және халықты жазалаудың ең «қорқынышты» формаларынан да қорықпайтын етіп үйретеді; Польша мен Прибалтика өлкесі мұны тамаша дәлелдеп отыр.

Біз реакция әскери диктатура орнатамыз деп «қорқытады» дедік. Мұның өзі, шынын айтқанда, дұрыс емес, өйткені қазірде «шеткері аймақтарды» қосқанда барлық губернияларда, яғни империяның 87 губерниясының 82-сінде, әскери-далалық соттар [156] құрылып отырғанда, әскери диктатураны болашақтағы нәрсе ретінде әңгіме қылу адам күлерлік нәрсе. Мұның өзі қазіргі нәрсе болып отыр, сондықтан оның атын өзгерту, неғұрлым «қорқынышты» сөзді қолдану («төтенше қорғану» дегеннің орнына «диктатура» деу), бір диктаторды тағайындау жаппай тұтқынға алуға, сотсыз

жер аударуға, жазалау экспедицияларына, көшеде тінту жүргізуге, офицерлердің үкімі бойынша атып өлтіруге қазірде тіпті еш нәрсе де қоса *алмайды*. Россияда қазірдің өзінде әскери-полициялық диктатура үстемдік етіп отыр. Жазалау қазірдің өзінде мынадай жағдайға жетті: Плевенің тұсынан бері мұндай «тауқыметке» еті үйреніп кеткен революционерлер мұндай жазалаудың зардабын өте-мөте аз көруде, қайта барлық ауыртпалық «бейбіт» халықтың, Столыпин мырзалар айта қаларлық дәрежеде «үгіттеп» жүрген халықтың мойнына түсуде.

Қысқы жазалаулар нағыз революциялық көтерілістен кейін өтті, либерал-монархиялық буржуазия бұл көтеріліске тілектес болған жоқ, солай бола тұрса да бұл жазалаулар бүтіндей оппозициялық Думаны дайындады, ал бұл Думадан әсіресе революцияшыл элементтер көп пайда көрді. Күзгі жазалаулар жария «конституционализм» дәуірінен кейін жүргізілуде. Бұл жазалаулардың *тек* Дума құрамын неғұрлым солшыл етіп қана дайындауы мүмкін емес.

Ойраншылар тобыры жазалаулардың дәрменсіз екенін сезіп, көмек іздеп аласұрып жүр. Бір жағынан, октябристермен келісу әрекетінен түк шықпады. Екінші жағынан, Победоносцев және К⁰ «конституция» атаулының бәрін толық жою ісін дайындауда. Бір жағынан, университеттер ашылып, сатқын баспасөз берік либерализмнің қажет екендігі туралы байбалам салуда. Екінші жағынан, тіпті кадет партиясының [157] съезіне де тыйым салынып отыр (Столыпиндердің бұл кадеттерге көмектесуін көрдіңіз бе!) және баспасөз қуғындалуда, тіпті Дурново да оны бұлай қуғындаған емес. Бір жағынан, әскери-далалық соттар құрылып отыр. Екінші жағынан, деревня буржуазиясымен [158] сөз байласуды көздеп, кең ойластырылған әрекет жасау бар.

Үкімет өзінің жан сақтауының бірден-бір амалы — қауым ішінде мужиктерден шыққан деревня буржуазиясын нығайту, сөйтіп шаруалар бұқарасына қарсы оларды сүйеніш ету керек екенін сезіп отыр. Бірақ мұндай мақсатқа Гучковтар ақылмен, абайлап баратын болса, кадеттер жайлап, ептілікпен жақындап

отырса, полицияның ұр да жықтары, мейлінше дөрекілікпен, ақымақтықпен және қолапайсыз түрде ұмтылуда, сөйтіп олардың бүкіл «науқанының» сәтсіздікке ұшырауы өте-мөте мүмкін болып отыр. Шаруа буржуазиясының элементтері көп емес, бірақ олар деревняда экономикалық жағынан өте күшті. Кадеттердің аграрлық реформасының үлгісі бойынша помещиктік және басқа жерлерді сатып алу шаруалардың *бәріне* нәр татқызып, самодержавиенің аюша «ұмтылып» отырған мақсатына ойдағыдай жеткізер еді, атап айтқанда: шаруа буржуазиясын адам айтқысыз нығайтып, оны «тәртіптің» тірегіне айналдырар еді.

Бірақ мұны түсіну үшін Романовтар, Треповтар, Игнатьевтер және Столыпиндер тым топас. Олар Думада шаруалардың жер жөніндегі тілегін орындаудан дөрекі түрде бас тартты, ал енді уделдік және қазыналық жерлерді чиновниктер арқылы *сатып* жатыр. Мұның нәтижесінде село буржуазиясының ықпалды топтары *қазіргі* үкімет жағына шыпымен шыға ма, жоқ па, бұл барынша күмәнды нәрсе, өйткені Романовтар мен олардың тобырының әрқашан істеп келгеніндей, чиновниктік итаршылар тобы да істі нақ сондай сөзбұйдаға салып, тонаумен және пара алумен болады. Уделдік және қазыналық жерлерді сатып алу жөніндегі хабардың шаруалар бұқарасын бұрынғыдан да гөрі «қыздыра» түсетіндігі күмәнсыз. Бұл жерлерді сату көп жағдайда аренда ақысын төлем ақыға айналдыру салдарынан шаруалардан алынатын төлемді *өсіретін* болады. Ал жер үшін шаруалардан алынатын төлемді өсіру, міне, мұның өзі үкіметке қарсы біздің үгітімізді жеңілдету үшін сол үкімет ойлап тапқан тәсілдердің ішіндегі ең тәуірі болып табылады. Мұның өзі — шаруаларды бұрынғыдан да гөрі өшіктіре түсу жөнінде және оларды *біздің* ұранымыз жағына:— революция жеңген жағдайда *түгелімен* шаруалардың қолына көшуге тиісті жер үшін ақы төлеудің *қандайынан* болса да толық бас тарту керек деген ұран жағына тарту жөнінде өте жақсы құрал болып табылады.

Үкіметтің шаруа буржуазиясын алдарқату үшін осындай ақылсыз әрекеттер жасап отырған себебі —

бір жағынан, полициялық үкіметтің қайсысына болса да тән ақымақтықтан, екінші жағынан, ақшаға өте мұқтаж болғандықтан. Финанс жайы тіпті жаман. Апатқа ұшырау қаупі туып отыр. Шетелдер ақша бермей отыр. Ішкі заем өтпей жатыр. Оны жинақ кассаларының капиталына күштеп және *жасырын* орналастыруға тура келіп отыр, *жасырын* орналастыратын себебі—жинақ кассаларының вкладшылары қазір мемлекеттік рентаны сатып алуға онша құштар болмаған болар еді. Алтын валютаның сөзсіз күйрейтінін және қағаз ақшаны үстемелеп көп шығара беруге тура келетінін самодержавиенің малайлары қазірдің өзінде-ақ сезе бастады.

Осы беттеріңізден қайтпаңыздар, Столыпин мырзалар! Сіздер біздің пайдамызға жақсы жұмыс істеп отырсыздар! Сіздер халықты бізден де гөрі жақсы қоздырып отырсыздар. Сіздер жазалауды ақырғы шегіне жеткіздіңіздер, сөйтіп осымен жауынгерлік революциялық бой көрсетуді де ақырына дейін жеткізу қажеттігін жұрттың бәріне айқын көрсеттіңіздер.

«Пролетарий» № 3, 8 сентябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ТАРТ ҚОЛЫҢДЫ!

«Москва 1905 жылгы декабрьде» деген кітап Россия революциясы тарихында орасан зор маңызы бар оқиғаларга арналған. Москва көтерілісінен шығатын пайдалы қорытындыларды, негізінен алғанда, біз бұдан бұрынгы номерде * баяндаган болатынбыз. Бұл заметкада осы маңызды, бірақ нашар орындалған жұмыстың москвалық социал-демократтарға ерекше жақын қатысы бар жақтарына тоқталамыз.

Кітапты «құрастырушылар» алгы сөзде өздерінің социал-демократиялық ұйымдардың материалдарын пайдаланғандығын айтады, бірақ та ол материалдардың «тұрған бойында бұл жұмысқа ешбір қатысы жоқ» деп көрсетеді. Социал-демократиялық ұйымдардың алдында жауапты емес адамдарга бұл ұйымдардың осылайша материалдар жіберуі барып тұрған сорақылық екені өзінен-өзі түсінікті. Сөз жоқ, қазір жұмысшы партиясының ұйымдары өз материалдарын шалағай өңдеудің және ол материалдарды пасықтыққа «толтырудың» салдарынан ыңғайсыз жағдайға қалып отыр. Москва социал-демократтарының *барлық* ұйымдары және, әрине, ең алдымен олардың ішіндегі басшы ұйым, Москва комитеті, біздің ойымызша, бұл істі қарап, осы көрсетілген сорақылықтың қайталанбауы үшін шаралар қолдануы тиіс.

---

* Қараңыз: осы том, 407—415-беттер. *Ред.*

Социал-демократиялық ұйымдар берген материалды кітаптың беймәлім құрастырушылары қалай «өңдегендігінің» көп үлгілерінің бірін алып көрейік. Әңгіме революциялық ұйымдардың Москва оқиғаларындағы ролі туралы және, атап айтқанда, РСДРП Москва комитеті жанындағы Жауынгер ұйымның 11 декабрьде «Известия Совета Рабочих Депутатовтың»[159] 5-номерінде басылып шыққан үндеуі туралы болып отыр. Құрастырушылар бұл «Известияның» мазмұны мен сипатын ешбір тұтас баяндамастан, өздерінің терең ойлаушылығын мынадай сын арқылы жаттықтырады. Олар 5-номерден цитат алады: «Ұрыс барынша қыза түсуде. Москва көшелерінде көтеріліске шыққан халықтың патша әскерлеріне қарсы талай уақытқа созылған бірсыпыра қанды шайқастары болып жатыр». Құрастырушылар былай деп «сынайды»: «Біз Москва көшелерінде әскерлердің тек аздаған жасақшылар отрядтарына қарсы қақтығысулары ғана болғанын білеміз». Сөйтіп олар «бұқаралық күресті шағын қарулы топтардың күресімен алмастыруға (sic!)» қарсы отірік даурығып айқай салады, былай деп екіленеді: «Сонда бұқара қайда болмақ еді, олардың белсенділігі неден көріне алатын еді?», т. т. және т. с.

Бұл не деген сөз?? Өзінің терең ойшылдығып «сынның» бұл сияқты тәсілдерін қолдану арқылы көрсетем деп осыншама тыраштану ғылыми талдау деп қалай аталмақ?? Ойлап көріңіздерші: күрделі тарихи еңбекте, революциялық ұйымдардың ролі туралы арнаулы тарауда, авторлар жұмысшы депутаттары Советінің *11* декабрьде, яғни дағдарыстан бірнеше күн *бұрын*, күрестің *жаңа* тәсілдері басталысымен-ақ «көтерілген халық» туралы айтуға батылы барғандығына жармасуға тырысады! Сірә, ол халық пен бұқараны басталып келе жатқан ұрысты қолдауға шақырмай, терең ойлы кішіпейіл болғансып, «аздаған жасақшылар отрядтары» туралы айтуға тиіс болған болар? Нақ осы «құрастырушылардың» өздерінің кітапта жалпы халық туралы, «бүкіл халықтың» көшеге шыққаны туралы *бірсыпыра* сөздер жазғанын көре отырып, бұл сияқты доктринерлік «ақылгөйсуге» тыраштанушылықты, бұл

сияқты жалаң кінә тағушылықты оңбағандық деп қалай атамассың? Бейшара немелер-ау, түсінсеңдерші: 11 декабрьде Москвада революциялық ұйымда бола отырып, көтеріліске шыққан халық туралы *айтпау* тек қаражүздіктердің немесе Леонид Андреевтің «Жұлдыздарға» деген шығармасындағы Поллак сияқты рухани азғындап біткен педанттардың ғана қолынан келеді!

Ілгері барайық. Жауынгер ұйымның «Известияның» сол 5-номеріндегі үндеуі жайында құрастырушылар былай деп мысқылдайды: «Үндеу авторларының ойынша, 3—4 адамдық отрядтар зорлықшылардың ғасырлар бойғы үстемдігінен азат болған астананы халыққа сыйға тартуға (!) тиіс еді». «Жауынгер ұйым бұқараның қимыл жасауының керегі жоқ деп ұйғарды».

Үндеуге келейік. Құрастырушылар оны *түгелімен* басып шығармай, тек үзінділер ғана басқан. Тіпті осы «зерттеушілер» таңдап алған үзінділерден де Жауынгер ұйымның: *«Мұндай отрядтар мүмкіндігінше көп бола берсін»*, деп *тікелей* шақырған үндеуін оқимыз. Сөйтіп, қарулы күрестің бірінші күнінде-ақ «мүмкіндігінше көп» жұмысшыларды жауынгер отрядтарға кіруге шақырған адамдарға әйтеуір бір нәрсені халыққа «сыйлау» туралы пікірді, «бұқараның қимыл жасауының *керегі жоқ»* дейтін пікірді әкеп таңып отыр...

Бұл немене? әдеби салақтық па немесе ұшқары әдебиет пе?

Авторлар әскери ұйымның соғыс техникасымен байланысы туралы мәселені, тікелей-қарулы күрес пен қосалқы күрестің олардың арақатынасында қандай роль атқаратындығы туралы мәселені талдауға ешбір әрекет жасамайды. Олар өткенге көз жіберуге тырыспайды, олар Россиядағы жаппай стачкаларды да, демонстрацияларды да қазіргі өлшем бойынша тым шағын, өте аз қатысушылар бастағандығын ұмытады. Байсалды тарихи зерттеу дегеннің тіпті жұрнағы да жоқ, тек жиркеніш туғызатын кінәлаушылық қана бар. Жауынгер ұйымның үндеуі мағынасын бұрмалау мақсатымен 145-бетте тек үзінді ретінде ғана келтіріледі; тек бұдан соңғы баяндауда ғана жол-жөнекей

көрсетілген нәрсе: әлгі үндеу «жаяу әскерлерді аяу керек деп ұсынады» (154-бет) делінген; яғни бұл үндеу бұқараның психологиясымен *тікелей санасады,* қаражүздік әскерлер мен қобалжыған әскерлердің арасына тікелей шек қояды. Оның есесіне Москва көтерілісін зерттеуге тіпті ешбір қатысы жоқ октябристердің үндеуі *толық* қайта басылған!

Пасық қу тілділікке пасықтықпен жаттығу үшін октябристердің үндеуін толық басып шығарып, жұмысшы депутаттары Советінің Жауынгер ұйымының үндеуінен үзіп-жұлып алынған сөздер келтіріп отырған адамдарға социал-демократиялық ұйымдар материалды сеніп тапсыра салған...

Құрастырушы мырзалардың қорытындыларына көшейік. «Пролетариат бұқара ретінде көтеріліске шыққан жоқ» (245-бет). «Москва пролетариаты 9—10 декабрьде де..., одан соңғы күндерде де көтеріліске шыққан жоқ. Ал мұның өзі оның саналылығы мен ұйымшылдығын көрсететін абыройлы іс» (244).

Еситіңіздер ме, жұмысшы жолдастар: бұқараның *жеткіліксіз* күрескендігін бұдан былай сіздердің «абыройыңыз» деп білу керек деп ұсынады! Көрдіңіздер ме, жұмысшы бұқарасының белсенді күреске, тегеурінді күреске жете қатыспағандығын дұрыс деп отыр. Ал жұмысшы бұқарасының өз басшыларынан ілгері озып, жаппай баррикадалар жасауға кірiскендігі, оның басшылардан ұдайы неғұрлым батыл қимыл жасауды талап еткендігі, міне, бұл бұрыс болып шығуға тиіс екен...

«Москвада болған оқиға мынаны көрсетеді, — деп жазады құрастырушылар — милитаризм орасан зор дамыған, қазір біз бастан кешіріп отырған тарихи дәуірде көтеріліске шыққан халықтың жеңіске жетуінің қажетті шарты әскердің едәуір бөлегінің көтерілген халық жағына белсене көшуі немесе әскер бұқарасының халыққа қарсы күресте қару жұмсаудан үзілді-кесілді бас тартуы болып табылады...»

Біздің данасынған құрастырушылар қобалжыған әскер үшін күресті байқамаған және оны түсінбеген де. Олар, сірә, әскердің қаражүздік бөлегіне қарсы күрес-

сіз, әскер қатарына іріткі салатын революцияшыл халықтың белсенді күресінсіз көтеріліс жасауға болады деп түсінетін болар. Олар әскердің халық жағына «көшуін» құптауға әзір тұратын, бірақ қарулы көтерілісті және оны уағыздаушылықты «ақылсыздық және қылмыс» деп жариялайтын кадеттердің көзқарасын жақтап отыр...

«...Бірақ армияның мұндай пиғылда болуы тек революцияның аяғында ғана (sic!), онда да жалпы халықтық сипаты бар революцияның аяғында ғана мүмкін нәрсе. Буржуазиялық халық бұқарасы тек енжар түрде (?) тілектес болған пролетариаттың декабрь көтерілісін, олардың *өздерінің меншікті ұрандарын іске асыру үшін бой көрсетулерін* (курсив біздікі) армия қолдай алмайтын еді (!), сондықтан да «жаппай ереуілді қарулы көтеріліске айналдыруға ұмтылу» жемісті бола алмады, сондықтан мұны тарихи қателік деп білу керек».

Міне сіздерге сабақ, Москва жұмысшылары! «Өздеріңнің меншікті ұрандарыңды іске асыру үшін» бой көрсетпеңдер!..

Мұндай педанттыққа, пікірдің мұндайлық кадеттік бейшаралығына және аса күрделі тарихи материалдан шығатын қорытындылардың мұндайлық өңін айналдыруға адамдардың қалай барғандығын көз алдыңа елестетудің өзі қиын. Москва социал-демократтары кітаптың авторларына өздерінің ашу-ызасын білдіріп, партияның барлық мүшелерін және революцияның барлық жақтаушыларын материалдарды жаңадан жинауға шақыратын болсын, сөйтіп декабрь көтерілісін лайықты баяндап, оған байсалды сын айтатын болсын. Күресуші пролетариатқа сабақ болу үшін көтерілістің барлық қателері мен кемшіліктері аяусыз ашылатын болсын, бірақ пролетариат партиясы кадеттер мен әдебиетшіл ұшқарыларға: тарт қолыңды! — деуге тиіс.

«Пролетарий» № 3, 8 сентябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПОЛЯК СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ПАРТИЗАНДЫҚ ҚИМЫЛДАРЫ ТУРАЛЫ [160]

Біздің Бірігу съезі, күмәп жоқ, «экспроприацияның» [161] қандайын болса да үзілді-кесілді мақұлдамады, сондықтан бұл жөнінде Поляк социалистік партиясының РСДРП-ға сүйенуі мүлде дәлелсіз. Тағы бір күмәнсыз нәрсе, 2 (15) августағы «қимылды» ұйымдастырғанда, Поляк социалистік партиясы оның тиімді-тиімсіздігімен де, қалың бұқараның пиғылымен де, жұмысшы қозғалысының жағдайларымен де санасқан жоқ. Осы жағдайлардың барлығымен санасудың қажет екендігі айқын, партизандық қимылдар туралы большевиктік қарардың жобасында да бұл айрықша пункт болып атап көрсетілген. Алайда, біздің ойымызша, жалпы бұл «тактиканың» өзін емес, партизандық қимыл тактикасын Поляк социалистік партиясының *бұрмалағандығын* кінәлау керек. Өткен жылы Питер жұмысшыларының қаражүздік «Тверьді» [162] талқандағаны сияқты партизандық қимылын поляк социал-демократиясындағы біздің жолдастарымыз, сірә, мақұлдаған болар еді.

«Пролетарий» № 3, 8 сентябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БУНДТЫҢ РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫМЕН БІРІГУІ

Таяуда Бундтың, Россия социал-демократиялық еврей жұмысшылары ұйымының, VII съезі болып өтті. Бұл съездің есебі бойынша, Бунд мүшелерінің барлық саны 33 000-ға жетеді, бұлар 257 ұйымда есепте тұрады. Съезде өкілдік демократиялық негізде болды, партияның 300 мүшесінен 1 делегаттан келді. Сайлауға 23 000-ға жуық мүше қатысып, олар съезге шешуші дауыспен 68 делегат жіберген.

Съезде шешілуге тиісті басты мәселе Бундтың РСДРП-мен бірігуі туралы мәселе болды. Жұртқа мәлім, РСДРП Бірігу съезі бірігуді жақтап, бұл бірігудің шарттарын бекіткен болатын. Бундтың VII съезі енді осы шарттарды қабылдап отыр. РСДРП-мен бірігу 48 дауыспен мақұлданды, 20 дауыс қарсы болды. Сөйтіп, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы, ақырында, нағыз бүкіл россиялық және біртұтас партияға айналды. Біздің партия мүшелерінің саны қазір *100 000 адамнан астам:* Бірігу съезіне 31 000 мүшенің атынан өкілдер қатысты, содан соң 26 000-ға жуық поляк социал-демократтары, 14 000-ға жуық латыш және 33 000 еврей социал-демократтары бар.

Бунд Орталық Комитетінің өкілдері РСДРП Орталық Комитетіне кірді. Жергілікті жерлерде Бундтың ұйымдарын РСДРП ұйымдарымен біріктіру ісін жүзеге асыру жөнінде істелетін жұмысымыз оңай емес.

Бунд съезінде талқыланған екінші мәселе қазіргі саяси кезең туралы мәселе болды. Бундтың VII съезі

орасан көпшілік дауыспен қабылданған тиянақты қарарында *құрылтай жиналысын шақыру* ұранын тактикалық ұран деп таныды, бұл ұранды бәсеңдететін «Дума арқылы» деген, т. с. ескертулердің қандайын болса да қабылдамай тастады. Думаға бойкот жариялауды шартты түрде қабылдамай қойған, ягни сайлау науқанын өз алдына жүргізуге пролетариат партиясының шамасы келетін жағдайда сайлауларға қатысу қажет деп танылған.

Үшінші мәселе «партизандық қимылдар» туралы мәселе болды, бұл «экстерге» және террорлық әрекеттерге бөлінбестен тұтас талқыланды. Басым көпшілік дауыспен партизандық қимылдарға *қарсы* қарар қабылданды.

Ақырғы мәселе Бунд ұйымы туралы мәселе болған. Ұйымдық устав қабылданды.

Әзірше осы қысқа заметкамен шектеліп, біз таяу уақытта Бундтың VII съезінің шешімдерімен оқушыларды жақынырақ таныстырамыз деген үміттеміз.

1906 ж сентябрьдің бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЭСЕР МЕНЬШЕВИКТЕР

Эсерлер («социалист-революционерлер») партиясы программасының жобасы «халықшылдықтан марксизмге қарай» * анық өткендік болады деп социал-демократтар 1905 жылдың басында-ақ көрсеткен-ді. Бұлай істеп отырған партияның іштеп ыдырайтындығы сөзсіз екені анық еді.

Социалист-революционерлер партиясының бұл идеялық және саяси ыдырауы қазір іс жүзінде болып та отыр. Үстіміздегі жылы Парижде жеке кітап болып шыққан «Социалист-революционерлер партиясы біріншi съезінің протоколдары» бұл ыдыраудың барлық бағытын анық белгіледі. «Максималистердің» және туып келе жатқан «халықтық-социалистік еңбек партиясы» өкілдерінің күнделікті саяси әдебиеті бұл ыдыраудың нағыз толық ыдырау екендігін ашып берді.

Социал-демократия басынан кешірген ірі-ірі екі жікке бөліну — 1900—1903 жылдардағы «экономистер» мен ескі искрашылдар арасындағы жікке бөліну мен 1903—1906 жылдардағы «меньшевиктер» мен «большевиктер» арасындағы жікке бөліну бүкіл халықаралық социализмге тән екі ағымның, атап айтқанда, Россия революциясының белгілі бір дәуіріне сай келетін өзіндік формадағы оппортунистік ағым мен революциялық ағымның шиеленіскен күресінен туған болатын. Мұның керісінше, социалист-революционерлер

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 203—211-беттер. *Ред.*

партиясы азды-көпті ашық және шын партиялықтың бар екенін азды-көпті көрсете алатын әрекетке тұңғыш рет талаптанғанның өзінде-ақ *үш ағымға* бөлінді: 1) солшыл ағым — «максималистер»[163], 2) центр — ескі типтегі социалист-революционерлер және 3) оңшыл ағым — оппортунистер (басқаша айтқанда: «жариятшылар», «халықтық еңбек социалистері»[164], т. с.), міне, бұл мақалада біз осы ағымдарға тоқталамыз. Социалист-революционерлер партиясы I съезінің протоколдарынан барлық үш ағымның ұзын-ұрғасы анық көрініп тұр. Қазір «центрден» бөлінген (немесе бөлініп жатқан?) ағымдардың айқын әдеби атаулары да бар. Максималистер «Тіке мақсатқа» дегенді және Таг — ин мырзаның «Еңбек теориясының принциптері» деген программалық тиянақты кітапшасын басып шығарды. Эсерлердің оппортунистері Пешехонов мырза мен К⁰-ның шимайларында ойындағысын түгел дерлік айтты. «Центрдің» өкілі, Чернов мырза, «Мысль» газетінде (немесе, бәлкім, «Голос»[165], «Дело Народа», т. т.) максималистерді «тұрпайы социалистер» деп әбден орынды атады, бірақ, қателеспесек, социалист-революционер оппортунистер жайында ол баспасөзде әзірге үндеген жоқ. Сірә, эсерлік «батпақ» пен эсерлік «әсіре оңшылдықтың» жоғарыда аталған газеттердегі кездейсоқ, уақытша ауыз жаласуы тегінге түспесе керек.

«Еңбек негізін» жақтаушылардың, Лавров пен Михайловскийге табынушылардың, үш ағымға бөлінуі орыс ұсақ буржуазиялық радикализмінің тарихында ірі саяси факт болып табылады. Марксистер бұл фактіге барынша мұқият қарауға тиіс, бұл факт оянып келе жатқан орыс шаруаларының ойы қандай саяси бағытта жетіліп келе жатқандығын да жанамалап анықтайды.

Социалист-революционерлердің бүкіл программалық позициясының негізгі қайшылығы халықшылдық пен марксизмнің арасында ауытқу болып табылады. Марксизм программа-максимум мен программа-минимумның арасына айқын шек қоюды талап етеді. Максимум дегеніміз — қоғамды социалистік жолмен қайта құру,

мұндай қайта құру товар өндірісін жоймайынша *мүмкін емес*. Минимум дегеніміз — товар өндірісі шеңберінде-ақ мүмкін болатын қайта құру. Мұның екеуін бір-бірімен шатастыру пролетарлық социализмді әр қилы ұсақ буржуазиялық және оппортунистік немесе анархистік бұрмалаушылыққа сөзсіз әкеп соғады, пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуы арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік революцияның міндетін сөзсіз *күңгірттендіреді*.

Ескі орыс халықшылдығының көзқарасы бойынша, Лавровтың, В. В.-ның, Михайловскийдің және К^{0}-нің принциптері бойынша, программа-максимум мен программа-минимумның арасына шек қоюдың керегі жоқ және түсініксіз, өйткені товар өндірісінің заңдары мен категорияларын орыстың шаруа шаруашылығына қолдануға болатындығын халықшылдық теория теріске шығарады. Лавров пен Михайловскийдің (сондай-ақ В. В. мен Николай — онның, бұларды босқа ұмытып жүр, *өйткені* қазіргі халықшылдарда *экономикалық идеялардың бұдан басқа* қайнар көзі *жоқ)* азды-көпті дәйекті жақтаушылары программаны максимум және минимум деп бұлайша маркстік бөлуге сөзсіз қарсы *көтерілуге* тиіс еді. Ал эсерлердің үйірмешілдіктен партиялыққа көшуге тұңғыш әрекетінің өзі-ақ бұл көтерілістің күші мен бағытын ашып берді. Халықшылдықтың революциялық тенденцияларын жақтаушылар былай деп мәлімдеді: бір ғана жерді социализациялауды неге талап етеміз? Сонымен бірге біз фабрикалар мен заводтарды да социализациялауды талап етеміз! Программа-минимум жойылсын! Біз максималистерміз! Товар өндірісі теориясы жойылсын!

Күткендей-ақ, бұл максималистік ағым шындығында анархизммен ұштасып отыр деуге болады.

Халықшылдықтағы оппортунистік ағымдардың жақтаушылары, сексенінші жылдардағы халықшылдар, былай деп даурықты: программа-максимум, қайдағы бір пролетариат диктатурасы деген не керек? Социализм дегеніміз — алыстай түсетін болашақ! *Бұқараны* үрейлендіретін «социалистер-революционерлер» деген атақ не керек? «Республиканы» талап етіп не керек?

Құпия партия не керек? Бұлардың бәрі жойылсын! Программа-максимум жойылсын! Программа-минимумның «қауіпті» жерлері жойылсын! Программа атаулының орнына ашық, жария, республикалық емес «халықтық-социалистік еңбек партиясының» «платформасы» болсын! *

Эсер центровиктер, бұрынғы эсерлер товар өндірісінің заңдарына сүйенбейінше, істің *шын мәнісіне келгенде* марксизм көзқарасын қабылдамайынша, осы екі ағымнан басқаша қорғана *алмайды*. Сондықтан социалист-революционерлер партиясының I съезінде — эсерлік центр марксизмге салынып, социал-демократиямен жарысқа түскелі отыр, социал-демократияның әуеніне бейімделіп отыр деп оған оңнан да, солдан да тағылған айыптар әбден заңды еді. Бұл центрдің социал-демократияға өтуі туралы мәселе қазір тек қана уақытқа байланысты мәселе. Сондықтан революциялық партиялардың барынша ашық өмір сүру заманы неғұрлым тез туатын болса, бұл уақыт та соғұрлым тез келеді. Маркстік «догматизмге» қарсы бағытталған соқыр сенімдердің қандайы болса да оқиғалардың қатаң логикасына төтеп бере алмайды.

Кадеттік Думаның қысқа уақыт өмір сүруі шаруа бұқарасы өкілдерінің жалпы орыстық саяси аренаға тұңғыш рет шығу заманы болды. Эсерлер бұл өкілдермен жақындасуды көздеп, бұларды *өз* программасы төңірегіне саяси жағынан ұйымдастыруға тырысуға сөзсіз тиіс болды. Оның бер жағында социал-демократтардың *партиялық* социал-демократиялық фракцияны неғұрлым тез құрғандығы анықталды. Ал мұның керісінше социалист-революционерлер әрдайым трудовиктердің панасында ғана әрекет жасай алды. Ұсақ өндірушінің саяси топтасу қабілеті жұмысшы табына қарағанда бірден анағұрлым төмен болып шықты. Ол ол ма: социалист-революционерлер тіпті трудовиктердің панасында тұрып та *бірыңғай* саяси науқан жүргізуге

---

* Әсіресе Пешехонов мырзаның «Русское Богатствоның» [166] июль мен августағы кітабында басылған мақалаларын, сондай-ақ «халықтық-социалистік еңбек партиясының» құрылуы туралы, оның ұйымдастыру комиссиясының немесе Петербург комитетінің мәжілісі туралы газет заметкаларын, т. с. қараңыз.

дәрменсіз болып шықты. Шаруалар үшін түбірлі мәселе болған жер мәселесі жөнінде оппортунистер мен эсер центровиктер арасында жікке бөліну тез байқалды. Бұлардың біріншілері бұқара өкілдері алдында «парламенттік» бой көрсету майданында жеңді: бұлардың оппортунистік аграрлық жобасын[167] 104 трудовик жақтап шықты, ал социалист-революционерлер партиясының программасына жақын аграрлық жобаны кейіннен тек 33 трудовик қана (сол 104-тің ішінен) жақтады.

Бүкіл халық алдында ашықтан-ашық саяси бой көрсеткенде бұл жікке бөлінушілік өзіп туғызған алауыздықтарды жүйеге келтіруге сөзсіз итермеледі. Осындай жүйеге келтіруде эсер оппортунистердің көсемдерінің бірі, Пешехонов мырза, жұрттың бәрінен де асып түсті. Оның көзқарастары мынадай, оның шаруалар кадеттерінің... «платформасының сипаты мен көлемін» баяндауы мынадай:

«Революциялық талаптар революциялық күштерге шақталып, мөлшерленуі керек» («Русское Богатство» № 8, 194-бет). Сондықтан «жер мен ерік бағытын онша алысқа ілгері жылжытуға» болмайды. «Екі социалистік партияның: социал-демократтар мен социалист-революционерлердің» программа-максимум мен программа-минимумның орнына, ұсақ буржуаға «социализмге дейін баратын ұзақ дәуірге арналмаған, тек өте таяу уақытқа арналған науқан жоспары» ретінде біртұтас *«платформа»* керек. Түпкі мақсатқа дейінгі жолдың қалған бөлегі — *«алыстай түсетін болашақ»* (196-бет). Сондықтан «платформадан» *республиканы алып тастау керек:* «біз психологиялық фактормен санасуға тиіспіз... Монархия идеясы халықтың санасына өте берік орнаған»... «Мыңдаған жыл босқа өткен жоқ»... «Қалың бұқараның бұл психологиясымен санасу қажет»... «Республика туралы мәселе барынша сақ болуды талап етеді» (198). Ұлт мәселесі де осындай. «Өзінің мың жылдық тарихымен тәрбиеленген халық психологиясымен біздің тағы да санасуымызға тура келеді»... «Сондықтан біз халық арасына ұлттардың тәуелсіздігі жөніндегі» (және олардың өзін өзі билеуі жо-

ніндегі — деп қосады автор екінші бір жерде) «ұранмен емес, өмірдің өзі қойып отырған талаппен,— ұлттардың автономиялығы талабымен бару қажет деп санаймыз». Бір сөзбен айтқанда, Пешехонов мырза: «Бүкіл ерікті алуға бола ма?» деп тіке сұрақ қояды да: *болмайды,* деп тіке жауап береді.

Содан соң ол: «Бүкіл жерді алуға бола ма?» деп сұрақ қояды да, тағы да: *болмайды,* деп жауап береді. Сақтық, сақтық, сақтық керек, мырзалар! Думадағы шаруалар депутаттары Пешехонов мырзаға былай деген: «Бізді жер алу үшін жіберді, жер беру үшін жіберген жоқ». Шаруалар қазір жерді социализациялауды да (теңестіруді), национализациялауды да тілемейді. Олар бұдан қорқады. Олар тек жер *қосып алуды* тілейді. «Сондықтан «жер» мәселесін платформада ақырына дейін жеткізбеген тиімдірек болар еді» (206-бет). «Қазіргі уақытта жаппай теңестіру туралы мәселе қозғаудың өзі меніңше қауіпті сияқты» (205). 104-тің жобасына сәйкес «үлестік жерлер мен жеке иеліктегі жерлерді еңбек нормасы шеңберінде қазіргі иелерінде қалдыру керек», ал бүкіл жерді жалпы халықтың меншігіне беру ісі кейінге қалдырылуға тиіс,— сірә, бұл да «алыстай түсетін болашақ» болса керек.

Күрес құралдары жөнінде де, ұйымдастыру тәсілі жөнінде де сақтық, сабырлылық, ұқыптылық керек. Қарулы көтеріліс пе? «Мен (Пешехонов) талмастан былай деймін: бізге бұл бақытсыздық кездесе көрмесін!.. Кімде-кім көтерілісті қайғылы мүмкіндік деп қана қоймай, сонымен қатар тағдырдың қажетті жазмышы деп те ойлайтын болса, мұнысы тым өкінішті болар еді»... «Оны абайламай пайдалану... қауіпті... бүкіл қозғалыстың мерт болуы мүмкін» (№ 7, 177—178-беттер). Кезектегі басты міндет — «халық күштерін» ұйымдастыру. «Біздегі өмір сүріп отырған екі социалистік партия бұл міндетті азды-көпті ойдағыдай шеше алады дегенге мен онша сенбеймін. Астыртын ұйымның бұқараны қамти алмайтындығына көз жететін мезгіл болды. Конституциялық-демократиялық партия да бұл іс жөнінде өзінің дәрменсіз екендігін мәлімдеді. Сірә, бұл істі тағы да біреу қолға алуға тиіс, ал бұл

үшін, менің ойымша, ашық социалистік партия керек» (№7, 179—180-беттер).

Оқушы көріп отырғандай, Пешехонов мырзаның көзқарастарында тұтастық, сындарлылық және тиянақтылық жоқ деуге болмайды. Монархияның бұл қорғаушысында, қамшының мың жылдық тарихы бар деп қамшыны ақтайтын бұл саясат құмарда социалист-революционерлердің ресми программасынан онша көп нәрсе қалған жоқ. Ал егер «нағыз» социалист-революционер мырзалар * бүкіл Дума дәуірінде мұндай алауыздықтарды шебер жасырып келген болса, егер олар бұл алауыздықтарды жасыру үшін тіпті бір газеттерде бірігіп жұмыс істеп келген болса, онда мұның өзі бізге *саяси екіжүзділіктің* қандай шекке жете алатындығын ғана көрсетеді.

Эсерлік оппортунизмнің әлеуметтік-экономикалық, таптық негізі неде? Мұның негізі мынада:— Пешехонов мырзалар мен К° *шаруақор мужиктің мүдделеріне бейімделіп отыр,* социализмді соның мүдделеріне ыңғайлап бұрмалап отыр.

Басты мәселені: жер туралы мәселені алыңыз. Пешехонов мырза трудовик шаруалардың: «бізді жер алу үшін жіберді, жер беру үшін жіберген жоқ» деген өзіне өте ұнаған нақыл сөздерін екі рет қайталап, бар ынтасын соған аударып отыр. Шынында да, бұл өте-мөте маңызды сөздер. Бірақ бұл сөздер халықшылдықтың ұсақ буржуазиялық жалған үміттерін бүтіндей бекерге шығарып, марксистердің барлық қағидаларын дәлелдейді. Бұл сөздер орташа мужиктің жеке меншікшілдік сезімінің *қазірдің өзінде-ақ оянып келе жатқандығын* ашық көрсетеді. Саяси бостандық пен халықтың өкімет билігі неғұрлым кең болса, бұл сезімдердің соғұрлым нығайып, дами беретіндігін тек саяси экономия мен батыс европалық тарих жөніндегі мүлдем надандардың ғана білмеуі мүмкін.

Социализмді бос сөз деп есептемейтін адам «бұқара» сайлаған, парасатты шаруақор мужиктің бұл сөздерінен қандай қорытынды жасауға тиіс еді? Сірә, мына-

* Олар қаншама даурықпалы революцияшылдық сөздер айтса да.

дай қорытынды жасауға тиіс: қожайынсымақтардың мұндай табы социализмнің қолдаушысы *бола алмайды*;— социалистер ұсақ қожайынсымақтар табын олардың помещиктерге қарсы күресінде қолдағанда *тек* бұл күрестің буржуазиялық-демократиялық маңызы мен буржуазиялық-демократиялық нәтижелері үшін *ғана* қолдай алады және қолдауға тиіс;— социалист бүкіл жұмысшы бұқарасы мен бұл қожайынсымақтардың мүдделерінің қайшылығын бүркемелемей, қайта *ашып көрсетуге міндетті,* ал бұл қожайынсымақтар *өзінің* шаруашылық жағдайын күшейтіп, нығайтқысы келеді, шаруашылығы жоқтар, қайыршылар, жалаңаштар бұқарасына жерді немесе басқа бір нәрсені «беру» идеясының қандайына болса да қас болады. «Біз жер алғымыз келеді, оны бергіміз келмейді!» Ұсақ буржуазиялық меншікшілдік сезімдер мен құмарлықтың бұдан артық айқын көрінуі мүмкін бе?

Социал-демократ осыдан мынадай қорытынды жасайды: біз бұл ұсақ қожайындарды олардың помещиктер мен самодержавиеге қарсы күресінде осы күрестің революциялық буржуазиялық-демократиялық сипаты үшін қолдауға тиіспіз. Олар жеңіп шықса, бүкіл халықтың жағдайы жақсарады, бірақ жақсарғанда *капиталистік* құрылыстың нығайып, дамуы бағытында жақсарады. Сондықтан біз бұл таптың меншікшілдік *немесе қожайындық* сезімдерін мадақтауға тиіс емеспіз, қайта керісінше бұлардың маңызын пролетариатқа түсіндіре отырып, пролетариатты сақтандыра және оны дербес партия етіп ұйымдастыра отырып, осы сезімдерге қарсы *дереу* күрес жүргізуге тиіспіз. Біздің аграрлық программамыз: ұсақ қожайындардың революциялық жолмен крепостниктерді құлатуына көмектесу, оларға жерді национализациялау капитализм тұсында мүмкін боларлық ең тәуір аграрлық құрылыс деп, мұны жүзеге асыру жағдайларын көрсету және пролетар мен ұсақ қожайынсымақтың мүдделерінің бүкіл айырмашылығын анықтау болады.

Ұсақ дүкеншінің социализмі басқаша қорытындыға келеді: «бұқараның» (шаруашылығы жоқ бұқараның емес, қожайынсымақтар бұқарасының) психологиясы-

мен «санасу» керек, қожайынның помещиктен «алып», бірақ пролетарға «бермеу» ниетінің алдында құлша бас ию керек, қожайынсымақтың мүддесіне бола социализмді күңгірт «алысқа» ысырып тастау керек, қожайынсымақтың қожайындық жағдайын *нығайту* талабын *мойындау* керек;— бір сөзбен айтқанда, ұсақ қожайынсымақтардың қара басының қамы үшін жарамсақтануды және олардың соқыр сенімдерінің алдында құлша бас июшілікті «социализм» деп атау керек.

Монархиялық сезімдер — соқыр сенім болып табылады. Мүмкін, сіз социалистердің міндеті — соқыр сенімдерге қарсы күресу деп ойлайтын шығарсыз? Қателесесіз: «еңбек социализмі» соқыр сенімдерге бейімделуге тиіс.

Мүмкін, сіз монархиялық соқыр сенімнің көптен келе жатқандығы мен «беріктігі» (??) оған қарсы ерекше аяусыз күрес жүргізуді қажет етеді деп ойлайтын боларсыз? Қателесесіз: «еңбек социализмі» қамшының көптен келе жатқандығынан тек қамшыға «мейлінше абайлап» қарау қажет деген ғана қорытынды шығарады.

Расында, кадеттерге қарсы .соғысып отырған — соғысқансып отырған — Пешехонов мырза монархияны жақтаған нақ кадеттік пікірді түгелдей қайталайды. Бірақ мұның не жамандығы бар? Буржуазияшыл радикал буржуазияшыл либералға қарсы соғысқанда оның программасын тіпті де мүлде басқа программамен ауыстыру үшін емес, *тек* оның орнын басу үшін ғана соғысатындығын сіздер осы уақытқа дейін білмедіңіздер ме? Француз кадеттеріне қарсы «соғысқанда» министрлік орынға жетіп алып, дәл француз кадеттерінше әрекет жасау үшін соғысқан француз трудовик-социалистерінің... айтпақшы: радикал-социалистерінің тарихын сіздер ұмыттыңыздар ма? Пешехонов мырзаның Струве мырзадан айырмашылығы Бобчинскийдің Добчинскийден айырмашылығынан ешбір артық емес екенін сіздер көрмей отырсыздар ма?

Пешехонов мырза «жер алу, бірақ *оны бермеу»* ниеті *мен монархия* арасында қайсыбір *материалдық* байланыс бар екендігін, мүмкін, сезетін шығар. «Бермеу»

үшін *қорғау* керек. Ал монархия дегеніміз «бергісі келмейтіндерді» алуға *қабілеті* барлардан қоргайтын полициялық жалдама күзетшінің дәл өзі емес пе *. Кадеттерге монархия ірі буржуазияны қорғау үшін қажет. «Еңбек социалистеріне» монархия шаруақор мужиктерді қорғау үшін керек.

«Еңбек социалистерінің» дүниеге мұндай көзқарасынан котеріліске созсіз педанттық-пасықтық тұрғыдан қараушылық келіп шығатындығы өзінен-өзі түсінікті («қайғылы мүмкіншілік»; Струве мырзаның 1905 жылдың жазында «Освобождениеде» басылган «көтерілісті ақылсыз және қылмысты түрде уағыздау» туралы мақалаларын салыстырыңыз). «Астыртын ұйымды» асқан тәкаппарлықпен менсінбеу жәпе, *1906 жылы августа, «ашық социалистік* партияны» көксеу осыдан туып отыр. Көтерілісті *сөзсіз* ететін объективтік тарихи жағдайлар туралы,— қараңғы бұқараның барлық соқыр сенімдеріне қарамастан оның көкейтесті мүдделері үшін сол бұқараны нақ монархияга қарсы күресуге мәжбүр ететін жағдайлар туралы,— «ашық социалистік партияны» маниловша көксеушілікті Ушаков мырзалардың диірменіне құйылатын суга айналдыратын жагдайлар туралы,— міне осындай объективтік тарихи жагдайлар туралы Пешехонов мырзалар ойламайды, Лавров пен Михайловскийге бас июшілер *күресуші* бұқараның психологиясын *өзгертетін* объективтік жағдайлармен емес, езілген бұқараның психологиясымен санасуга тиіс болып отыр.

Қорытындылар жасайық. Халықтық еңбек социалисі болудың не екенін біз енді білеміз. Еңбек дегеніміз: «алгысы келетін, бірақ бергісі келмейтін» қожайынсымақтардың мүдделері алдында құрдай жорғалау деген сөз. Халықтық дегеніміз: халықтың монархиялық со-

* Меншікшілерді полициялық күзетудің екінші бір құралы *тұрақты армия* деп аталады. Міне, сонымен Пешехонов мырза былай деп жазады: «Демократиялық республика... *бәлкім,* тұрақты әскерді халықты қаруландырумен алмастыруды қалайтын шығар» (№ 8, 197-б.). Лавров пен Михайловскийге бас июші мырзалар, марқабат етіңіздер, осы «бәлкім» деген тамаша сөздің мәнісі не? — бізге ашық түсіндіріңіздерші.

қыр сенімдері алдында, Россиядан кейбір ұлттар бөлініп шығады деген шовинистік үрейленушілік алдында құрдай жорғалау деген сөз. Социалист дегеніміз: социализмді алыстай түсетін болашақ деп жариялау және саясат құмарлар үшін ауыр соғатын, доктринерлік, тар шеңберлі программаны кең, еркін, икемді, жылжымалы, жеңіл, жеңіл киінген, тіпті мүлде жалаңаш «платформамен» ауыстыру деген сөз. «Халықтық еңбек социалистері» жасасын!

Пешехонов мырзалар — орыс шаруалары арасында басталып келе жатқан қоғамдық реакцияның, алғашқы қарлығаштары. Ұсақ өндіруші атаулының екіжүзділік жаратылысы жөніндегі маркстік қағиданы ашық түсіндіру үшін құдай-тағала жер бетіне Пешехоновтарды жіберіпті. Шаруада парасаттылық пен соқыр сенімділік бар, қаналушы адамның революциялық қабілеттілігі бар және «алғысы келетін, бірақ бергісі келмейтін» қожайынсымақтың реакциялық құмартулары бар. Пешехонов мырзалар — шаруа қожайынсымақтың реакциялық жақтарын идеялық тұрғыдан жақтаушылар. Пешехонов мырзалар — орыс мужигінің *«соқын»* бағушылар. Пешехонов мырзалар — Гурко және Стишинский мырзалардың уделдік және қазыналық жерлерді сату арқылы шаруа буржуаларын сатып алып, *дөрекі-материалдық* түрде істеп отырған әрекетінің дәл өзін *идеялық тұрғыдан* атқаруда.

Шиеленіскен күресте бұқараның өз қанаушыларымен сөзсіз соқтығысуын бұл сияқты жамап-жасқау арқылы азды-көпті айтарлықтай әлсіретуге бола ма, жоқ па, бұл әлі үлкен күмәнды мәселе. Шаруа кедейлерінің революцияның от-жалынында оянып келе жатқан ой-сезімін дәстүрлі және әр түрлі оппортунистер жаңартып отырған шаруалық соқыр сенім жеңе ала ма, жоқ па, бұл әлі үлкен күмәнды мәселе. Социал-демократтар шаруалардың *революциялық* сана-сезімін дамыту және тазарту жөніндегі өз борышын қайткен күнде де орындайды.

Ал оң қанаттағы социал-демократтарды Пешехонов мырзалардың қылығы сақтандыратын болсын. Халықтық еңбек социалистерін сынай отырып, біз кейде қайсыбір социал-демократ меньшевиктерге былай деп айтар едік: mutato nomine de te fabula narratur (мысал сен туралы айтылып отыр, тек кісі аты ғана өзгертілген). Ашық партияны көксеп жүрген, программаны платформамен ауыстыруға, бұқараның дәрежесіне дейін төмендеуге дайын адамдар бізде де бар. Бізде декабрь көтерілісіне «Қолға қару алмау керек еді» деп әйгілі баға берген Плеханов бар. Бізде программадан республиканы алып тастауға (рас «Отклики Современностиден» *емес)* оқталып жүрген «Отклики Современностидің» [168] қызметкері Малишевский бар. Бұл адамдарға Пешехонов мырзалардың бүкіл «табиғи әдемілігін» жақсылап қарап алу тіпті де пайдасыз емес.

«Пролетарий» № 4,
19 сентябрь, 1906 ж.

«Пролетарий» газетінің текcті бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Май — сентябрь, 1906)

ПЕТЕРБУРГ ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖИНАЛЫСЫНДА РСДРП IV (БІРІГУ) СЪЕЗІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ОҚЫЛҒАН БАЯНДАМА

Баяндаманы В. И. Ленин 1906 жылы 6 (19) майда Петербург университетінің үйінде оқыды. Осы баяндама туралы 1906 жылы 7 (20) майда «Призыв» газетінің 74-номерінде басылған қысқаша есепте, атап айтқанда, былай делінген: «Съезде барлық мәселелердің алдын ала шешіліп қойғанын, өйткені съезде көпшілік болған меньшевиктік фракцияның ылғи Г. В. Плехановтың ұсыныстарын жақтап дауыс бергенін баяндамашы атап көрсетті. Қазір большевиктер партия ішінде идеялық жаңа күрес бастап отыр.

Баяндамашы меньшевиктердің қазіргі кезеңге берген бағасының қате екенін және осы жағдайдың негізінде олардың келесі кателерінің қалай туындайтынын көрсетіп өтті. Баяндамашының пікірі бойынша, қарулы көтеріліс туралы қарар мен аграрлық программа осындай қате болып табылады. Меньшевиктердің оңға, кадеттерге қарай қатты ауытқып кеткені осылай атап көрсетілді».

ВЫБОРГ ЖАҒЫ ТКАЦКИЙ КІШІ АУДАНЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖИНАЛЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ОҚЫЛҒАН БАЯНДАМА

Н. К. Крупская өзінің естеліктерінде В. И. Лениннің осы баяндамасы туралы (баяндама 1906 жылы 5 және 10 (18 және 23) май аралығында оқылды) былай деп еске алады: «Загородныйдағы инженерлер одағында Выборг ауданының өкілдері алдында Ильич баяндама жасады» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. М., 1957, 121-бет). Бұл жиналыстың қарары «Волна» газетінің 1906 жылғы 10 майдағы 13-номерінде басылды.

ПАНИНАНЫҢ ХАЛЫҚ ҮЙІНДЕГІ МИТИНГТЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗГЕ АРНАЛҒАН ТЕЗИСТЕР

В. И. Ленин әзірлеген бұл тезистер Панинаның Халық үйіндегі митингте А. Г. Шлихтердің сөз сөйлеуі үшін 1906 жылы 9 (22) майда оған табыс етілген. Шлихтер өзінің естеліктерінде былай деп жазды: «Бұл тезистердің дәл тексті есімде сақталмапты, бірақ олардың жалпы мәні революцияны жою үшін, патша өкіметінен күшпен алынған реформаларды әсте еңбекші бұқараның мүдделерін емес, тек буржуазия мен помещиктердің мүдделерін ғана қамтитын шеңбермен «конституциялық» жолмен шектеу үшін кадеттердің билеуші бюрократиямен бірлесіп жұмысшы табы мен шаруаларға қарсы әзірлеген шабуылын әшкерелеуге саяды» (А. Шлихтер. Еңбекшілердің ұстазы және досы (Ленин туралы естеліктерден). М., 1957, 9-бет).

ПЕТЕРБУРГТІҢ МОСКВА АУДАНЫ ЖҰМЫСШЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ЖИНАЛЫСЫНДА РСДРП IV (БІРІГУ) СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

«Волна» газетінің 1906 жылғы 12 майдағы 15-номерінде В. И. Лениннің бұл баяндамасы туралы қысқа заметка бар, онда былай делінген: «11 майда РСДРП-ның 300-ге жуық ұйымдасқан жұмысшы мүшелерінің жиналысы болды, жиналыс партияның Бірігу съезіне арналды. Дан жолдас (меньшевик) пен Ленин жолдас (большевик) баяндама жасады».

ПЕТЕРБУРГТІҢ НАРВА АУДАНЫ ЖҰМЫСШЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ЖИНАЛЫСЫНДА РСДРП IV (БІРІГУ) СЪЕЗІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

1906 жылғы 21 майда (3 июньде) болған бұл жиналыс туралы қысқа хабар «Волна» газетінің 1906 жылғы 24 майдағы 25-номерінде басылды, жиналыстың қарары «Вперед» газетінің 1906 жылғы 26 майдағы 1-номерінде келтірілді. Сонымен бірге С. Марков пен Е. Адамович өздерінің естеліктерінде В. И. Лениннің осы баяндамасы туралы айтады (қараңыз: «Пролетарская Революция», 1925, № 1, 43—44-беттер және «Летопись Революции», 1925, № 1, VII—VIII беттер).

ПЕТЕРБУРГТІҢ САН-ГАЛЬСК КІШІ АУДАНЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖИНАЛЫСЫНДА АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ОҚЫЛҒАН ЛЕКЦИЯ. БОЛЬШЕВИКТЕР МЕН МЕНЬШЕВИКТЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ СОЛ ЖИНАЛЫСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

В. И. Лениннің бұл лекциясы мен сөйлеген сөзі туралы «Вперед» газетінің 1906 жылғы 1 июньдегі 6-номерінде мынадай қысқаша есеп бар: «23 майда Л[енин] жолдас Сан-Гальск кіші ауданының жұмысшыларына арнап аграрлық мәселе жөнінде лекция оқыды. 250-ден астам адам жиналды. Олар лекцияны зор ынта қойып тыңдады... Бұдан кейін баяндамашы социал-демократияның Мемлекеттік думаға көзқарасы туралы айтты, өйткені қатысушылар жұрттың бәрі көбірек назар аударып отырған осы мәселе таяудағы жиналыста талқыланса екен деген пікір білдірді. Баяндамашы қысқа, бірақ тартымды да өткір сөзінде социал-демократтардың Мемлекеттік думаға көзқарасы туралы мәселеде социал-демократияның сол қанаты мен оң қанатын айқын айырып тұрған осы екі фракцияның арасындағы айырмашылыққа сипаттама берді».

ХАЛЫҚ МҰҒАЛІМДЕРІ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЪЕЗІНІҢ БІР ТОП ДЕЛЕГАТТАРЫ АЛДЫНДА АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА МЕН СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

В. И. Ленин 1906 жылы 6 (19) июньде Петербургте Тенишев училищесінің залында мұғалімдер съезінің бір топ делегаттары алдында сөз сөйледі. Бұл туралы Н. К. Крупская өзінің естеліктерінде былай деп әңгімелейді: «Ильичтің бір топ мұғалімдер алдында сөйлеген сөзі де есімде. Ол кезде мұғалімдер арасында эсерлік пиғыл үстем болатын, большевиктер мұғалімдер съезіне жіберілмеді, бірақ ондаған мұғалімдермен әңгіме ұйымдастырылды. Әңгіме бір мектепте өтті... Владимир Ильич аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасады. Владимир Ильичтің сөзінен қайшылық тапқан болып, эсер Бунаков оған қарсы дау айтты, Ильиннің (Ильичтің сол кездегі әдеби бүркеншік аты) еңбегінен алынған цитаттармен Ленинді соққылап көруге тырысты. Владимир Ильич ынта қойып тыңдады, бірдеңені жазып та отырды, содан соң бұл эсерлік демагогияға едәуір ашу-

лы түрде жауап қайтарды» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. М., 1957, 121-бет). Эсерлік «Голос» газеті Ленин баяндамасының мазмұнын басты (№ 15, 8 (21) июнь, 1906 жыл).

ПЕТЕРБУРГТЕГІ БАЛТЫҚ ЗАВОДЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖИНАЛЫСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

РСДРП Петербург ұйымы ауданаралық конференциясының шақырылуы қарсаңында 1906 жылы 11—12 (24—25) июньде болған осы жиналыста В. И. Ленин «жауапты думалық министрлік» деген кадеттік ұранды қолдаған меньшевиктерді сынады. Лениннің сөйлеген сөзі туралы Ф. Семенов-Булкин өзінің естеліктерінде әңгімелейді (қараңыз: «Красная Летопись», 1924, № 1, 39—40-беттер).

1906 ЖЫЛЫ 11—12 (24—25) ИЮНЬДЕ РСДРП ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫ АУДАНАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА «ПАРТИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕГІ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ» ЖӘНЕ «ПАРТИЯ БІРЛІГІ ТУРАЛЫ» ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАЛАР

Бұл конференция туралы 1906 жылы 22 июньде (5 июльде) «Эхо» газетінің 1-номерінде қысқаша есеп басылды. Е. Д. Стасова өзінің естеліктерінде былай деп әңгімелейді: «Мен әуелі Петербургте, Загородный проспектісінде, кейін Териокиде өткен партия конференциясын еске алып отырмын. Териокидегі мәжілісте большевиктерден де, меньшевиктерден де шешендер сөз сөйледі. Федор Данның сөйлеген сөзі есімде. Оның тыңдаушыларға арнап сөз сөйлеуі ескі патша генералының солдаттарға үлкен басымды кіші етіп тұрмын дегені сияқты болды. Одан кейін іле-шала Владимир Ильич сөз сөйледі. Ол айқын, бейнелі сөйледі. Владимир Ильич сөзін аяқтаған соң, оны жолдастары қоршап алды. Владимир Ильичтің біздің басшымыз болғаны өз алдына, ол сонымен бірге біз үшін ең жақын дос еді...» (Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім, М., 1956, 318-бет). Лениннің ауданаралық конференцияда сөйлеген сөздері туралы өзінің естеліктерінде В. Войтинский де айтады (қараңыз: Вл. Войтинский. Жеңіс пен жеңіліс жылдары. 2-кітап. 1924, 67—69-беттер).

ПЕТЕРБУРГ ЖАҒЫ РСДРП АУДАНДЫҚ КОМИТЕТІ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ЖҰМЫСШЫЛАР ЖИНАЛЫСЫНДА АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА МЕН СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

В. И. Лениннің бұл баяндамасы мен қорытынды сөзі туралы «Эхо» газетінің 1906 жылғы 30 июньдегі 8-номерінде мынадай қысқаша есеп басылды: «25 июньде Ленин жолдас аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасады; 200-ге жуық жұмысшы қатысты. Көпшілікке түсінікті түрдегі сөзінде Ленин жолдас кадеттердің, трудовиктердің (эсерлердің) және социал-демократтардың аграрлық программаларына талдау жасады. Өзінің қорытынды сөзінде баяндамашы Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясындағы аграрлық мәселе жөніндегі ең ірі екі ағымға — национализация мен муниципализацияға толығырақ тоқталды».

ПЕТЕРБУРГТІҢ НАРВА АУДАНЫ ЖҰМЫСШЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ЖИНАЛЫСЫНДА АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Бұл жиналыс туралы қысқаша есебінде «Эхо» газеті 1906 жылғы 1 июльдегі 9-номерінде былай деп хабарлады: «28 июньде Нарва ауданында жалпы қалалық конференция қабылдаған шешімдер туралы баяндама жасалды. Жиналысқа 200-ге жуық жұмысшы қатысты...

Социал-демократтарды Еңбек тобының құрамынан шығуға мәжбүр еткен себептер аграрлық мәселе жөнінде де айтыс туғызды, бірақ уақыттың кештігіне байланысты председатель жарыс сөзді тоқтатуға мәжбүр болды және, бүкіл жиналыстың еркіне сәйкес, председатель Л[енин] жолдас аграрлық мәселе жөнінде арнаулы баяндама оқыды».

РСДРП ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫ ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖИНАЛЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯНЫҢ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

В. И. Лениннің 1906 жылы 7 (20) июльде жасаған бұл баяндамасы туралы «Речь» газетінің 1906 жылғы 8 июльдегі 120-номерінде және «Новая Жизнь» газетінің 9 июльдегі 493-номерінде хабарланды.

ПЕТЕРБУРГ БОЛЬШЕВИКТЕР ҰЙЫМЫ АКТИВІНІҢ ЖИНАЛЫСЫНДА АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін 1906 жылы июльде Педагогикалық музей үйінде (Панинаның Халық үйі) В. И. Ленин жасаған бұл баяндама туралы А. И. Гуляев өзінің естеліктерінде былай деп әңгімелейді:

«Баяндама мазмұнының егжей-тегжейлері есімде түгел сақталмапты, есімде қалғаны — тек жұртты ерекше қатты толғандырып жүрген: қарулы көтеріліс жасаудың мүмкіндігі, жауынгерлік жасақтар ұйымдастырудың қажеттігі және партизандық қимылдардың ролі туралы мәселелер ғана. Бұл туралы Лениннің айтқанындай етіп ешкім, ешқашан да айта алған жоқ... Оқиғаларға талдау жасай келіп, Владимир Ильич әр түрлі дәрежеде қаруланған, бірақ қарулы күресті үздіксіз жүргізіп келе жатқан, біріне-бірі қас қарулы күштердің екі лагері бар екенін нанымды етіп айтты. Ол әскери жазалау шараларының жүгенсіз кеткендігі мен олардың масайрауы уақытша масайрау екенін көрсетті. Жұмысшы табы мен шаруалардың көкейтесті талаптары әлі қанағаттандырылған жоқ және, самодержавие Думаны қаншама шақыра берсін, бірақ самодержавие жойылмай тұрғанда, ол талаптарды ешқандай Дума шеше алмайды. Тек жеңімпаз қарулы көтеріліс қана самодержавиені жеңуді қамтамасыз ете алады. Самодержавиеге қарсы күресті әлсіретудің қандайы болса да жұмысшы табының ісіне опасыздық жасаумен бірдей» (А. И. Гуляев. Большевиктердің жауынгерлік жасақтары. Петербург қаласы Нарва заставасы большевиктерінің жауынгерлік ұйымының 1905—1907 жылдардағы жұмысы. Л., 1935, 90—91-беттер).

ПЕТЕРБУРГТЕГІ ШАПШАЛ ТЕМЕКІ ФАБРИКАСЫ ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ЖИНАЛЫСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

В. И. Лениннің 1906 жылы июльде сөйлеген бұл сөзі туралы Шапшал темекі фабрикасының бұрынғы жұмысшысы Сурина өзінің естеліктерінде былай деп әңгімелейді: «Темекі фабрикаларында толқу басталды. Бұрынғы Шапшал фабрикасында жұмысшылар мынадай экономикалық талаптар қойды: сегіз сағаттық жұмыс күні, жалақыны көбейту және әкімшіліктің сыпайы қарым-қатынас жасауы. Әкімшіліктің жұмысшыларды тыңдағысы да келмеді. Бір-ақ жол қалып еді, ол жол: ереуіл жариялау. Бірақ біздің арамызда ауытқушылар көп болды. Солардың тартыншақтығы салдарынан ереуілдің сәтсіздікке ұшырауы мүмкін еді. Бізді жігерлендіру үшін фабрикаға Ленин жолдас келді. Өзінің сөзінде ол патша үкіметінің қанқұйлы саясатын ашып көрсетті. Ол ереуіл жасау туралы ойды қызу

қолдады, мұны қандай да болсын бір нәтижелерге жетудің бірден-бір мүмкіндігі деп есептеді...

Ленин жолдас сөз сөйлеген күннің ертеңінде ереуіл жарияланды, ол бір айға созылды» (Жұмысшылар мен шаруалар Ленин туралы. М., 1933, 82-бет).

РСДРП ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ТЕРИОКИДЕГІ ПАРТИЯ ЖИНАЛЫСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ; ЖИНАЛЫСТЫҢ ҚАРАРЫ

В. И. Лениннің бұл сөзі туралы полиция департаментінің директорына жолданған жандарм хабарламаларының бірінде былай деп жазылған:

«Осы августың 27-сі күні Териокиде 4-шақырымдағы Театр үйінде бір мезгілде 2 жиналыс болды — бірі Лениннің председательдік етуімен өтті, оған 100-ге тарта адам қатысты, ал екіншісі Аксельродтың председательдік етуімен өтті, бұл жиналыста 40-қа тарта адам болды...

Ленин өзінің сөзін Аксельродтың бейпартиялық съезд туралы болжамдарын сынауға арнады. Лениннің пікірі бойынша, мұндай съезд социал-демократиялық партия программасынан мүлде шегінгендік болады және жұмысшы ұйымын партиялық жұмыс жолынан бұрып жібереді. Егер Аксельрод бейпартиялық съезд шақыруды талап ете беретін болса — онда олардың жолы екі бөлек. Сонымен бірге Ленин партияны большевиктік принциптер негізінде қайта құру мақсатымен партияның V съезін шақыру қажет деп талап етті...

Лениннің қарары жиналыста бір ауыздан қабылданды» («Красная Летопись», 1927, № 1, 36—37-беттер).

А. БОГДАНОВТЫҢ «ЭМПИРИОМОНИЗМ» ДЕГЕН КІТАБЫ СЫНАЛҒАН ФИЛОСОФИЯ ЖӨНІНДЕГІ ЕҢБЕК

Өзінің осы философиялық еңбегі туралы В. И. Ленин 1908 жылы 12 (25) февральда А. М. Горькийге жолдаған хатында былай деп жазды:

«Революцияның қызу кезінде философиямен аз шұғылдануға тура келді. 1906 ж. бас кезінде түрмеде Богданов тағы бір нәрсе жазды, — «Эмпириомонизмнің» III басылуы шығар деймін. 1906 ж. жазда ол маған бұл кітабын сыйлады, сөйтіп мен оны оқуға мұқият кірістім. Оқып шығып мен ашуланып, қатты ызаландым: оның маркстік емес, барып тұрған теріс жолмен бара жатқаны маған бұрынғыдан да гөрі айқын болды. Сонда мен оған «ғашықтықты баяндап», философия жөнінде шағын үш дәптер көлемінде хат жазып жібердім. Онда мен оған: мен, әрине, философияда *қатардағы марксиспін,* бірақ оның нақ айқын, түсінікті, тамаша жазылған еңбегі затында оныкі дұрыс

емес екеніне, Плехановтыкі дұрыс екеніне менің біржолата көзімді жеткізді деп түсіндірдім. Бұл дәптерлерді мен кейбір достарға (соның ішінде Луначарскийге) көрсеттім және «Қатардағы марксистің философия туралы заметкалары» деген атпен басып шығармақшы болып едім, бірақ қолым тимеді. Сонда, дереу бастырып шығармағаныма қазір өкінемін. Ол дәптерлерді іздеп тауып маған беріп жіберуді сұрап, жақында Питерге хат жаздым» (Шығармалар, 13-том, 458—461-беттер).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ВОЛНА» ГАЗЕТІ

№ 9 — 5 май, 1906 ж.
№ 10 — 6 май, 1906 ж.
№ 11 — 7 май, 1906 ж.
№ 12 — 9 май, 1906 ж.
№ 13 — 10 май, 1906 ж.
№ 14 — 11 май, 1906 ж.
№ 15 — 12 май, 1906 ж.
№ 16 — 13 май, 1906 ж.
№ 17 — 14 май, 1906 ж.
№ 18 — 16 май, 1906 ж.
№ 19 — 17 май, 1906 ж.
№ 20 — 18 май, 1906 ж.
№ 21 — 19 май, 1906 ж.
№ 22 — 20 май, 1906 ж.
№ 23 — 21 май, 1906 ж.
№ 24 — 23 май, 1906 ж.
№ 25 — 24 май, 1906 ж.

«ВПЕРЕД» ГАЗЕТІ

№ 1 — 26 май, 1906 ж.
№ 2 — 27 май, 1906 ж.
№ 3 — 28 май, 1906 ж.
№ 4 — 30 май, 1906 ж.
№ 5 — 31 май, 1906 ж.
№ 6 — 1 июнь, 1906 ж.
№ 7 — 2 июнь, 1906 ж.
№ 8 — 3 июнь, 1906 ж.
№ 9 — 4 июнь, 1906 ж.
№ 10 — 6 июнь, 1906 ж.
№ 11 — 7 июнь, 1906 ж.
№ 12 — 8 июнь, 1906 ж.
№ 13 — 9 июнь, 1906 ж.
№ 14 — 10 июнь, 1906 ж.
№ 15 — 11 июнь, 1906 ж.
№ 16 — 13 июнь, 1906 ж.
№ 17 — 14 июнь, 1906 ж.

«ЭХО» ГАЗЕТІ

№ 1 — 22 июнь, 1906 ж.
№ 2 — 23 июнь, 1906 ж.
№ 3 — 24 июнь, 1906 ж.
№ 4 — 25 июнь, 1906 ж.
№ 5 — 27 июнь, 1906 ж.
№ 6 — 28 июнь, 1906 ж.
№ 7 — 29 июнь, 1906 ж.
№ 8 — 30 июнь, 1906 ж.
№ 9 — 1 июль, 1906 ж.
№ 10 — 2 июль, 1906 ж.
№ 11 — 4 июль, 1906 ж.
№ 12 — 5 июль, 1906 ж.
№ 13 — 6 июль, 1906 ж.
№ 14 — 7 июль, 1906 ж.

«ПРОЛЕТАРИЙ» ГАЗЕТІ

№ 1 — 21 август, 1906 ж.
№ 2 — 29 август, 1906 ж.
№ 3 — 8 сентябрь, 1906 ж.
№ 4 — 19 сентябрь, 1906 ж.

РСДРП ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫ АУДАНАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАРАРЫ 11—12 (24—25) ИЮНЬ, 1906 ЖЫЛ

«Тактика туралы I қарар», «Партияның бірлігі туралы IV қарар», «V қарар» (Думадағы социал-демократиялық фракция туралы) 1906 жылы июньде РСДРП Петербург комитеті бастырып шығарған жеке листокта басылды.

ЕСКЕРТУЛЕР

1 *«РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)»* деген кітапша ұзақ уақыт бойы цензура мен полицияның қуғынына ұшырады. 1906 жылы 3 (16) июньде осы кітапша басылып жатқан «Дело» (Петербург) баспаханасына тінту жүргізіліп, кітап полицияның қолына түсті. Баспа ісі жөніндегі Петербург комитеті кітапшаға тыйым салып, оны басып шығаруға кінәлы адамдарды жауапқа тарту жөнінде шешім қабылдады. Кітапша авторы сотқа беріліп, ол жөнінде іс қозғалды. Бірақ кітапша Москваға жіберіліп, сол жерде басып шығарылды. 6 жыл өткеннен кейін, 1912 жылы 25 июньде (8 июльде), Петербург сот палатасы кітапшаны оны басып шығару үшін дайындалған стереотиптерімен қоса жоюға шешім қабылдады, ал 1913 жылы январьда Петербург қаласы бастығының баспаханасында кітапшаның қолға түскен даналары жойылып жіберілді.

Кітапша қосымшамен шықты, ол қосымшаға большевиктер мен меньшевиктердің съезге ұсынған қарарларының жобалары, съезд қабылдаған қарарлар және басқа материалдар енген-ді. Қосымша Ленин жазған кіріспемен ашылды (қараңыз: осы том, 72—73-беттер).— *1.*

2 *РСДРП төртінші (Бірігу) съезі* 1906 жылы 10—25 апрельде (23 апрельде — 8 майда) Стокгольмде өтті. В. И. Ленин съездің алдында, февральдың екінші жартысында, большевиктердің тактикалық платформасын — революцияның барлық негізгі мәселелері жөнінде съезд қарарларының жобасын жасады. Большевиктердің қарарлары еңбекші бұқараны самодержавиеге жаңа революциялық тегеурін көрсетуге дайындық жасауга шақырды. Меньшевиктер съезге өздерінің тактикалық платформасын ұсынды, онда олар шын мәнінде революциялық күрестен бас тартты. Съезге сайлау осы платформалар бойынша жүргізілді. Осы екі платформаны талқылау және съезге делегаттар сайлау науқаны екі айға жуық уақытқа созылды. Мұның нәтижесінде партия ұйымдарының көпшілігі большевиктік платформаны жақтады.

Съезге РСДРП-ның жергілікті 57 ұйымынан шешуші дауыспен 112 делегат және кеңесші дауыспен 22 делегат қатысты. Съезде ұлттық ұйымдардан: Польша мен Литва социал-демкоратиясынан, Бундтан және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясынан үш өкілден, Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы мен Финляндия жұмысшы партиясынан бір өкілден болды. Сонымен қатар, съезге Болгар социал-демократиялық жұмысшы партиясының өкілі қатысты. Съезге қатысқандардың жалпы саны, арнайы шақырылғандарды және қонақтарды қоса есептегенде, 156 адамға жетті

Большевик-делегаттардың ішінде В. И. Ленин, В. В. Воровский, К. Е. Ворошилов, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, Ф. А. Сергеев (Артем), И. И. Скворцов-Степанов, И. В. Сталин, М. В. Фрунзе, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский болды.

Меньшевиктер съезде көпшілік болды. Оның себебі бұқараның қарулы бой көрсетулерін бастаған большевиктік партия ұйымдарының көпшілігі талқандалған-ды, сондықтан олар өздерінің делегаттарын жібере алмады. Большевиктердің тірегі — Орталықтан, Уралдан, Сибирьден, Солтүстіктен келген делегаттар саны аз болды. Ал сан жағынан анағұрлым үлкен ұйымдары елдің өнеркәсіпті емес, жаппай революциялық бой көрсетулер өтпеген аудандарында болған меньшевиктер делегаттарды көбірек жіберуге мүмкіндік алды.

Съезд мынадай күн тәртібін қабылдады: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Қазіргі кезең және пролетариаттың таптық міндеттері туралы; 3) Мемлекеттік дума сайлауының қорытындылары жөніндегі және Думаның өзі жөніндегі тактика туралы мәселе; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар; 6) Революциялық уақытша үкімет және революциялық өзін өзі басқару; 7) Жұмысшы депутаттары Советтеріне көзқарас; 8) Кәсіпшілік одақтар; 9) Шаруалар қозғалысына көзқарас; 10) Социал-демократиялық емес әр түрлі партиялар мен ұйымдарға көзқарас; 11) Партия программасындағы ұлт мәселесіне байланысты Польша үшін ерекше құрылтай жиналысын шақыру талабына көзқарас; 12) Партияны ұйымдастыру; 13) Ұлттық социал-демократиялық ұйымдармен (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы, Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы, Бунд) бірігу; 14) Есеп беру; 15) Сайлау. Бірақ күн тәртібі толық талқыланған жоқ. Съезд мына мәселелерді талқылады: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Ағымдағы кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері; 3) Мемлекеттік думаға көзқарас; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар; 6) Ұлттық социал-демократиялық партиялармен бірігу және 7) Партия уставы.

Съезде барлық мәселелер бойынша большевиктер мен меньшевиктердің арасында қиян-кескі күрес болды. Ленин аграрлық мәселе бойынша, қазіргі кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері туралы. Мемлекеттік думаға көзқарас туралы, қарулы көтеріліс туралы және басқа мәселелер бойынша баяндамалар жасады, сөз сөйледі; РСДРП уставының жобасын дайындау жөніндегі комиссияға қатысты. Съезде меньшевиктердің сан жағынан басым болуы съезд шешімдерінің меньшевиктік сипат алуына мүмкіндік берді. Табанды күрестен кейін, съезд Мемлекеттік дума туралы, қарулы көтеріліс туралы меньшевиктік қарарларды бекітті, меньшевиктердің аграрлық программасын қабылдады. Съезд буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе бойынша халықаралық Амстердам конгресінің қарарын қуаттаумен шектелді. Съезд кәсіпшілік одақтар жөніндегі ымырашылдық қарарды және шаруалар қозғалысына көзқарас жөніндегі қарарды талқылаусыз қабылдады.

Сонымен қатар, партия бұқарасының талап етуімен съезд уставтың бірінші параграфының лениндік тұжырымын қабылдады, сөйтіп, Мартовтың оппортунистік тұжырымын алып тастады. Демократиялық централизм туралы большевиктік тұжырым уставқа тұңғыш рет енгізілді.

Съезде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігу мәселесі шешілді, олар РСДРП құрамына сол территориядағы барлық ұлттардың пролетариаты арасында жұмыс жүргізетін территориялық ұйым ретінде кірді. Съезд сондай-ақ Бундпен бірігу шарттарының жобасын қабылдады, бірақ арнаулы қарарда пролетариаттың ұлттар бойынша ұйымдасуына үзілді-кесілді қарсы болды. Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының инициативасымен съезде Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігу жөнінде мәселе қойылды, бірақ оның ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық сипатына байланысты онымен келісім жасалмады.

Съезде сайланған Орталық Комитет құрамына 3 большевик және 7 меньшевик енді. Орталық Орган — «Социал-Демократ» газетінің редакциясы меньшевиктерден ғана құралды.

Съезд партия тарихына «Бірігу» съезі ретінде енді. Бірақ съезде РСДРП-ның формальды түрде бірігуі жүзеге асырылды. Іс жүзінде меньшевиктер мен большевиктердің революцияның аса маңызды мәселелері жөнінде өз көзқарастары, өз платформасы болды және іс жүзінде олар екі партия еді. Съездегі күрес партия бұқарасының алдына большевиктер мен меньшевиктер арасындағы принципті алауыздықтардың мазмұны мен тереңдігін ашып берді. Съезд материалдары партия мүшелерінің, саналы жұмысшылардың идеялық

күресті ұғынуына, большевиктердің революциялық бағытын айқынырақ әрі тереңірек түсінуіне мүмкіндік берді.

Ленин съезд өткеннен кейін іле-шала большевик-делегаттардың атынан партияға арналған үндеуді және осы «Баяндаманы» жазып, IV съездің шешімдеріне принципті баға берді, меньшевиктердің оппортунизмін әшкереледі. — *3.*

[3] *РСДРП екінші съезі* 1903 жылы 17 (30) июльден 10 (23) августқа дейін болды. Съездің алғашқы 13 мәжілісі Брюссельде өтті. Одан соң полицияның қуғындауына байланысты съезд мәжілістері Лондонға ауыстырылды.

Съезді «Искра» әзірледі, ол Лениннің басшылығымен Россия социал-демократтарын революциялық марксизм принциптері негізінде топтастыру жөнінде орасан зор жұмыс жүргізді.

Съезге 26 ұйымнан («Еңбекті азат ету» тобы, «Искра» ұйымы, Бундтың Шетелдік және Орталық комитеттері, «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы», «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» және 20 россиялық социал-демократиялық комитет пен одақ) шешуші дауыспен 43 делегат қатысты. Кейбір делегаттардың екі даусы бар еді, сондықтан съезде шешуші дауыстардың саны 51 болды. Съездің құрамы әр текті еді. Оған «Искраның» жақтастары ғана емес, оның қарсыластары да, сондай-ақ тұрлаусыз, солқылдақ элементтер де қатысты.

Съездегі ең маңызды мәселелер партияның программасы мен уставын бекіту және партияның басшы орталықтарын сайлау болды. Ленин және оның жақтастары съезде оппортунистермен батыл күрес жүргізді.

«Искра» редакциясы әзірлеген және съезде талқыланған партия программасының жобасына, әсіресе партияның жұмысшы қозғалысындағы басшылық ролі туралы қағидаға, пролетариат диктатурасын жеңіп алу қажеттігі туралы пунктке және программаның аграрлық бөліміне оппортунистер тарапынан өршелене шабуыл жасалды. Съезд оппортунистерге тойтарыс беріп, партия программасын бір ауыздан (бір адам қалыс қалды) бекітті, программада пролетариаттың алдағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяудағы міндеттері де (программа-минимум), сондай-ақ социалистік революцияның жеңісін және пролетариат диктатурасын орнатуды көздейтін міндеттері де (программа-максимум) тұжырымдалды. Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейін халықаралық жұмысшы қозғалысы тарихында бірінші рет революциялық программа қабылданды, онда Лениннің табандылығы арқасында пролетариат диктатурасы үшін күрес жұмысшы табы партиясының негізгі міндеті ретінде қойылды.

Партия уставын талқылаған кезде партия құрылысының ұйымдық принциптері туралы мәселе жөнінен қызу күрес болды. Ленин және оның жақтастары жұмысшы табының

жауынгер революциялық партиясын құру үшін күресті және олар барлық тұрақсыз, солқылдақ элементтердің партияға кіруін қиындататын устав қабылдау қажет деп есептеді. Сондықтан уставтың бірінші параграфының Ленин ұсынған тұжырымында партияга мүше болу программаны мойындауды және партияға материалдық көмек көрсетуді ғана емес, сонымен қатар партия ұйымдарының біріне жеке басының қатысуын да шарт етіп қойды. Съезде Мартов бірінші параграф жөнінде өз тұжырымын ұсынды, ол тұжырымда партияға мүше болу программаны және партияға материалдық көмек көрсетуді мойындаумен қатар, партия ұйымдарының бірінің басшылығымен жеке басының партияга үнемі жәрдемдесуін шарт етіп қойды. Барлық тұрақсыз элементтердің партияға кіруін жеңілдететін Мартовтың тұжырымын съезде антиискрашылдар ғана емес, «батпақ» («центр») та, «солқылдақ» (тұрақсыз) искрашылдар да қолдады, сөйтіп съезд оны сәл басым дауыспен қабылдады. Съезд негізінен Ленин дайындаған уставты бекітті. Съезд тактикалық мәселелер бойынша да бірқатар қарарлар қабылдады.

Съезде искралық бағытты дәйекті жақтаушылар — лениншілдер мен «солқылдақ» искрашылдардың — Мартовты жақтаушылардың арасында жік туды. Лениндік бағытты жақтаушылар партияның орталық мекемелерін сайлауда көпшілік дауыс алып, большевиктер деп аталды, ал азшылық дауыс алган оппортунистер — меньшевиктер деп аталды.

Россияда жұмысшы қозғалысын дамытуда съездің орасан зор маңызы болды. Ол социал-демократиялық қозғалыстағы майдагершілдікті, үйірмешілдікті жойды және Россияда маркстік революциялық партияның, большевиктер партиясының негізін қалады. Ленин былай деп жазды: «Большевизм, саяси ой агымы ретінде және саяси партия ретінде, 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» (Шығармалар, 31-том, 8-бет). РСДРП II съезі барлық елдердің революцияшыл марксистері үшін үлгі-өнеге болған жаңа түрпатты пролетарлық партия құрып, халықаралық жұмысшы қозғалысында бетбұрыс пункт болды.

РСДРП үшінші съезі 1905 жылы 12—27 апрельде (25 апрельден 10 майға дейін) Лондонда болып өтті. Оны большевиктер дайындады және В. И. Лениннің басшылығымен өтті. Меньшевиктер съезге қатысудан бас тартты және Женевада өз конференциясын шақырды.

Съезге 38 делегат: шешуші дауыспен — 24, кеңесші дауыспен 14 делегат қатысты.

Съезд Россияда кең етек ала бастаған революцияның түбегейлі мәселелерін қарады және пролетариат пен оның партиясының міндеттерін белгіледі. Съезде мына мәселелер талқыланды: Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы; қарулы көтеріліс: үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы саясатына

көзқарас; революциялық уақытша үкімет туралы; шаруалар қозғалысына көзқарас; партия уставы; РСДРП-ның бөлініп шыққан бөлегіне көзқарас; ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға көзқарас; либералдарға көзқарас; эсерлермен практикалық келісімдер; насихат және үгіт; Орталық Комитеттің және жергілікті комитеттер делегаттарының есептері және басқа мәселелер. Съезд партияның буржуазиялық-демократиялық революциядағы стратегиялық жоспарын белгіледі, оның мәні мынада: пролетариат революцияның көсемі, басшысы болуы керек, буржуазияны оқшау қалдырып, шаруалармен одақтаса отырып, революцияның жеңісі үшін — самодержавиені құлатып, демократиялық республика орнату үшін, крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою үшін күресуі керек. Осы стратегиялық жоспарға сүйене отырып, съезд партияның тактикалық бағытын белгіледі. Партияның басты және шұғыл міндеті ретінде съезд қарулы көтеріліс ұйымдастыру міндетін алға қойды. Съезд халықтың қарулы көтерілісінің жеңуі нәтижесінде революциялық уақытша үкімет құрылуға тиіс, ол үкімет контрреволюцияның қарсылығын басып, РСДРП-ның программа-минимумын жүзеге асыруы керек, социалистік революцияға өту үшін жағдай дайындауы керек деп көрсетті.

Съезд партия уставын қайта қарады; ол — уставтың партия мүшелігі туралы бірінші параграфын лениндік тұжырымда қабылдады; партиядағы екі орталық (Орталық Комитет пен Орталық Орган) жүйесін жойды және басшылық етуші біртұтас партиялық орталық — Орталық Комитет құрды; Орталық Комитеттің правосын және оның жергілікті комитеттермен қатынасын нақты белгіледі.

Съезд меньшевиктердің әрекеттерін, олардың ұйымдық және тактикалық мәселелердегі оппортунизмін айыптады. «Искраның» меньшевиктердің қолына түсіп, оппортунистік бағыт жүргізуі себепті РСДРП III съезі Орталық Комитетке жаңа Орталық Орган — «Пролетарий» газетін құруды тапсырды.

РСДРП III съезінің зор тарихи маңызы болды. Бұл большевиктік бірінші съезд еді. Съезд шешімдерінде ленинизмнің ұйымдық және тактикалық принциптері өзінің шешімін тапты. Съезд партияны, жұмысшы табын демократиялық революцияның жеңісі жолындағы күрес программасымен қаруландырды. Партияның III съезінің жұмысы және маңызы жөнінде Лениннің «Үшінші съезд» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 225—232-беттер). Съезд шешімдерін Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында негіздеді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—140-беттер).— *3.*

[4] *Аграрлық комиссияны* 1906 жылдың басында Біріккен Орталық Комитет РСДРП IV съезіне аграрлық программаны тал-

дап жасау үшін құрды. Аграрлық комиссияның құрамына: В. И. Ленин, П. П. Маслов, П. П. Румянцев, С. А. Суворов, И. А. Теодорович, Г. В. Плеханов, Н. Н. Жордания, А. Ю. Финн-Енотаевский кірді. Комиссия социал-демократия ішіндегі аграрлық мәселе жөнінде аңғарылған көзқарастардың бәрін негізгі төрт типке жинақтап, съезге: Лениннің, Рожковтың, Масловтың, Финн-Енотаевскийдің (комиссия «Күрес» тобының жобасын бесінші етіп белгіледі) жобаларын ұсынды. Комиссияның басым көпшілігі Лениннің көзқарасын қолдады, оның жобасы съезге РСДРП Біріккен Орталық Комитетінің аграрлық комиссиясы көпшілігінің жобасы ретінде ұсынылды. Ленин съезд алдында «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген еңбегінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 251—283-беттер) негіздеген — барлық шіркеулік, монастырьлік, уделдік, мемлекеттік, кабинеттік, помещиктік жерлерді конфискелеу және барлық жерді национализациялау жөніндегі Лениннің жобасы съезге ұсынылатын тактикалық платформамен бірге большевиктердің съезд қарсаңында 1906 жылы мартта болған кеңестерінде бекітілді.— *4.*

5 *Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы* (ПКмЛСД) — поляк жұмысшы табының революциялық партиясы, 1893 жылы әуелі Польша Корольдігі социал-демократиясы ретінде, ал 1900 жылғы августан бастап поляк социал-демократтары мен литван социал-демократтарының бір бөлегі қосылған Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиялық ұйымдарының съезінен кейін, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) деп аталатын болды. Поляк жұмысшы қозғалысын орыс жұмысшы қозғалысымен одақтасуға бағыттап отыру және ұлтшылдықпен күресу партияның көрнекті қызметі болып табылады.

1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы большевиктік партияның ұрандарымен үндес ұрандар көтеріп күрес жүргізді, либерал буржуазия жөнінде ымырасыздық позиция ұстады. Сонымен бірге Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар қателері де болды, ол социалистік революцияның лениндік теориясын түсінбеді, партияның демократиялық революциядағы басшылық ролін түсінбеді, жұмысшы табының одақтасы ретіндегі шаруалардың ролін және ұлт-азаттық қозғалысының маңызын жете бағаламады. В. И. Ленин Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының қате көзқарастарын сынай отырып, сонымен бірге Польшаның революциялық қозғалысына оның сіңірген еңбегін де атап көрсетті. Ол поляк социал-демократтары «Польшада бірінші рет таза пролетарлық партия құрды, поляк және орыс жұмысшысының өздерінің таптық күресінде өте тығыз одақ жасауының орасан зор маңызды принципін жариялады» (Шығармалар, 20-том, 448-бет) деп атап көр-

етті. РСДРП IV (Бірігу) съезінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына қабылданды.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды және Польшада пролетарлық революцияның жеңісі жолындағы күресті өрістете түсті. 1918 жылы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының және Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» Бірігу съезінде екі партия бірігіп, Польша Коммунистік партиясын құрды. — *4.*

6 *Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы* 1904 жылы июньде партияның I съезінде құрылды. 1905 жылы июньде Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезінде партияның программасы қабылданды. 1905—1907 жылдарда Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы жұмысшылардың революциялық бой көрсетулеріне басшылық етті. В. И. Ленин: «революция кезінде латыш пролетариаты мен латыш социал-демократиясы самодержавиеге және ескі құрылыстың барлық күштеріне қарсы күресте алдыңғы қатардағы, аса маңызды орындардың бірінде болды» (Шығармалар, 16-том, 273-бет) деп көрсетті.

IV (Бірігу) съезде (1906) территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына кірді. Съезден кейін Латыш өлкесінің социал-демократиясы деп атала бастады. — *4.*

7 *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде құрылды; Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің көбінесе жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. Бунд РСДРП I съезінде (1898) РСДРП-ға «автономиялы ұйым ретінде кіреді, ол тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым болады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП I съезі белгілеген РСДРП-мен ұйымдық қатынастарды өзгерту жөнінде қаулы алды. Съезд өзінің қарарында: ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірігуі деп қарайды, сондықтан Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруі керек деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундтың оны еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану туралы талабы қабылданбағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы, партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде, Бунд РСДРП құрамына қайтадан кірді.

РСДРП ішінде бундшылдар үнемі партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаз-

дарды) қолдап отырды, большевиктерге және большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия құру талабын қарсы қойды. Столыпин реакциясы жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады, антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюциялық күштермен біржолата тізе қосты. Осымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды көздеген шұғыл өзгеріс аңғарыла бастады. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі жойды, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды. — *4.*

8 *Революциялық украин партиясы* (РУП) — ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық ұйым; 1900 жылдың басында Харьковта құрылды. Революциялық украин партиясының I құрылтай съезі 1902 жылы Киевте болды. 1903 жылдан 1905 жылға дейін Революциялық украин партиясы «Селянин» газетін шығарып тұрды. Н. Порш, В. Винниченко, С. Петлюра, Д. Антонович Революциялық украин партиясының көрнекті қайраткерлері саналды. 1905 жылы декабрьде Революциялық украин партиясының II съезі болды, съезд ұйымды демагогиялық мақсатпен Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы (УСДЖП) деп атады.

Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы Украина территориясында тұратын халыққа қатысты істер жөнінде заң шығара алатын жеке сеймі бар Украина автономиясын құруды жақтады, сонымен қатар Бундтың ізімен мәдени-ұлттық автономия құру талабын да қойды. Аграрлық мәселе жөнінде негізінен меньшевиктік позиция ұстады.

Бунд сияқты Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы да пролетариатты ұлттық белгісі бойынша ұйымдастыру принципін қорғады. Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезі РСДРП-мен федерациялық негізде, егер Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы «украин пролетариатының партиядағы бірден-бір өкілі» деп есептелген жағдайда ғана бірігеді деген талап қойды.

РСДРП IV (Бірігу) съезінде Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының өкілі болған Н. Порш РСДРП-мен федерациялық негізде бірігуді талап етті. Съезд оның бірігу шартын дереу талқылау жөніндегі ұсынысын қабылдамай, бұл мәселені шешуді РСДРП Орталық Комитетіне тапсыру жөнінде қаулы алды. Украин социал-демократия-

лық жұмысшы партиясының РСДРП-мен бірігуі жөнінде келісім жасалмады.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы буржуазиялық-ұлтшылдық контрреволюция лагеріне ауысты.— *4.*

9 Бұл арада съездің бас кезінде (2-мәжілісте) фракциялар бойынша жиналыстар өткізуді тоқтату туралы қабылданған шешім айтылып отыр. Бірақ бұл шешім жүзеге асырылған жоқ. Фракциялық жиналыстар съезд жұмысының өне бойында өткізіле берді. «Съездің ресми мәжілістерінде меньшевиктер дауыс санының басымдығына сүйеніп, күн ілгері дайындап алған шешімдерін өткізе беретін, ондай мәжілістер соншалықты көңілсіз болатын, кейде тіпті адамды мезі етіп те жіберетін болса,— деп еске алады съезге қатысқан М. Н. Лядов,— ал біздің фракциялық мәжілістеріміз барған сайын соншалықты қызықты және үлгі-өнеге аларлықтай болатын. Осы мәжілістерде біз, шын мәнінде дүрмекті революциялық жылдың күллі тәжірибесіне зер салып, өзіміздің алдағы дәуірге арналған большевиктік тактикамызды түбегейлі белгілеп алдық» (М. Лядов. 1903—1907 жылдардағы партия өмірінен. М., 1956, 165-бет). — *5.*

10 *«Начало»* («Бастама») — меньшевиктік күнделікті жария газет; 1905 жылғы 13 (26) ноябрьден 2 (15) декабрьге дейін Петербургте шығып тұрды. 16 номері шықты. Газеттің бастырып шығарушы-редакторлары: Д. М. Герценштейн және С. Н. Салтыков болды. Газетке П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Г. Дейч, Н. И. Иорданский, Л. Мартов, А. Н. Потресов және басқалар қатысып тұрды. — *6.*

11 *«Дневник Социал-Демократа»* («Социал-Демократтың Күнделігі») — мерзімді емес орган, Г. В. Плеханов 1905 жылдың мартынан 1912 жылдың апреліне дейін (ұзақ үзілістермен) Женевада шығарып тұрды. 16 номері шықты. 1916 жылы Петроградта оны шығару ісі қайта қолға алынды, бірақ не бары бір номері шықты.

Алғашқы сегіз номерінде (1905—1906) Плеханов әсіре оңшыл меньшевиктік, оппортунистік көзқарастарды жүзеге асырды, социал-демократияның либерал буржуазиямен блок жасауын қорғады, пролетариат пен шаруалар одағын теріске шығарды, декабрь қарулы көтерілісін айыптады.

1909—1912 жылдары Плеханов «Дневник Социал-Демократаның» 9—16-номерлерінде құпия партия ұйымдарын жою жолына түскен меньшевик-жойымпаздарға қарсы шықты. Бірақ тактиканың негізгі мәселелері жөнінде меньшевиктік позицияда қала берді. «Дневник Социал-Демократаның» 1916 жылы шыққан 1-номерінен Плехановтың социал-шовинистік көзқарасы айқын аңғарылды. — *6.*

[12] *Мандат комиссиясы* съездің бірінші мәжілісінде сайланды. Оның құрамына 2 большевик — В. А. Десницкий (Сосновский), С. Г. Шаумян (Суренин), 2 меньшевик — Н. Н. Жордания (Костров), Л. И. Гольдман (Акимский) және «бейтарап» ретінде, ал іс жүзінде меньшевиктік позиция ұстаған — М. И. Меленевский (Самойлович) (комиссия председателі) енді. Осымен бірге съезд мандат комиссиясының жұмыс регламентін бекітті және В. И. Ленин ұсынған мына қарарды қабылдады: «Съезд мандат комиссиясына есеп беріп отыру міндетін жүктейді, ол есептен съезге сайлағанда ұйымдар қандай дәлелдерді басшылыққа алғаны және партия мүшелігін анықтағанда қандай өлшем қолданғаны көрініп тұруы керек» («РСДРП төртінші (Бірігу) съезі. Протоколдар». М., 1959, 10-бет). Мандат комиссиясының жұмысы және оның баяндамаларын съезд пленумдарында талқылау ерекше шиеленіскен фракциялық күрес жағдайында өтті. Мандат комиссиясының бірінші баяндамасын (4—5-мәжілістер) және оның Петербургтің студенттер ұйымынан келген большевик А. А. Гапеевтің (Молоденковтың) мандатын қабылдамау жөніндегі ұсынысын талқылау үстінде большевиктер мен меньшевиктер арасында қақтығыс болды. Жағдай 6-мәжілісте комиссияның Харьков ұйымының делегаты большевик Ф. А. Сергеевтің (Артемның, съезд протоколдары бойынша — Артамоновтың) мандатының күшін жою жөніндегі ұсынысына байланысты тіпті шиеленісе түсті. Десницкийдің мандат комиссиясының құрамынан шығатыны жөніндегі мәлімдемесінен кейін комиссияның басқа мүшелері де комиссияға қатысудан бас тартты. Съезд жаңа мандат комиссиясын сайлады, оған меньшевиктер мен ымырашылдар кірді. — *7.*

[13] *Тифлис жұмысшыларының* тифлис меньшевиктері делегациясының уәкілдігіне қарсы 200 адам қол қойған *наразылығы* съездің 20-мәжілісінде оқылды (қараңыз: «РСДРП төртінші (Бірігу) съезі». М., 1959, 336—337-беттер). Жұмысшылар мынаны хабарлады: Тифлис меньшевиктері съезде дауыстарын көбейтуді көздеп, партия мүшелерінің тізімін жасағанда РСДРП уставының талаптарын басшылыққа алмай, кездейсоқ адамдарды тізімге енгізіп жіберді. Осының нәтижесінде меньшевиктер Тифлисте 3000-нан астам партия мүшесі «бар деп есептеді». Жалпы өкілдік нормасына сәйкес Тифлис меньшевиктері съезге 11 адам жібермекші болды. Осы айла-шарғыны әшкерелей отырып, жұмысшылар: Тифлис мұнша делегатты съезге өкіл етє алмайды деп мәлімдеді. — *7.*

[14] 1907 жылы басылып шыққан РСДРП IV (Бірігу) съезінің протоколдарында бірқатар елеулі кемшіліктер болды: оларда съездегі кейбір баяндамалар мен сөздердің жазбалары, атап айтқанда, В. И. Лениннің аграрлық мәселе жөніндегі, қазіргі кезең және пролетариаттың таптық міндеттері жөніндегі баяндамаларының, сондай-ақ Мемлекеттік думаға көз-

қарас жөніндегі мәселе бойынша сөйлеген қорытынды сөзінің жазбалары жоқ еді. Ал Лениннің протоколдарға енгізілген сөздері тым қысқа берілді. — *9.*

15 *«Партийные Известия»* («Партия Хабарлары») — құпия газет, большевиктік Орталық Комитет пен меньшевиктік Ұйымдастыру комиссиясы қосылғаннан кейін құрылған РСДРП Біріккен Орталық Комитетінің органы. Газет партияның IV (Бірігу) съезі қарсаңында Петербургте шықты. Не бары 2 номері — 1906 жылы 7 (20) февральда және 20 мартта (2 апрельде) шықты. «Партийные Известия» редакциясы большевиктік («Пролетарий») және меньшевиктік (жаңа «Искра») органдардың сан жағынан бірдей редакторларынан құрылды. Редакцияға большевиктерден В. А. Базаров, В. В. Воровский және А. В. Луначарский кірді. «Партийные Известияда» Лениннің «Большевик» деп қол қойылған «Россияның қазіргі жағдайы және жұмысшы партиясының тактикасы» (№ 1), «Орыс революциясы және пролетариаттың міндеттері» (№ 2) деген мақалалары басылды. РСДРП IV съезінен кейін «Партийные Известияның» шығуы тоқтатылды. — *10.*

16 *Кадеттер* — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның басты партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар кадеттердің көрнекті қайраткерлері болды. Кадеттер еңбекші бұқараны алдау үшін өздеріне «халық бостандығы партиясы» деген жалған ат алды, ал шынында олар конституциялық монархияны талап етуден әрі аспады. Кадеттер өздерінің басты мақсатын революциялық қозғалыспен күресу деп білді және өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуге ұмтылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсенді түрде қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы дәуірінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие бола отырып, кадеттер халыққа қарсы, американ-ағылшын-француз империалистеріне жағымды контрреволюциялық саясат жүргізді. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы қимылдарға және интервенттердің жорықтарына белсене қатысты. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін эмиграцияда болған кадеттер өздерінің антисоветтік, контрреволюциялық әрекеттерін тоқтатқан жоқ. — *13.*

[17] *1861 жылғы «Шаруалар реформасы»* — Россияда крепостниктік правоны жойған реформа, оны патша үкіметі крепостник-помещиктердің мүддесін көздеп жүргізді. Реформаның қажеттілігі елдің экономикалық дамуының бүкіл барысынан және крепостниктік қанауға қарсы бұқаралық шаруалар қозғалысының өсуінен туған еді. «Шаруалар реформасы» крепостниктер жүргізген буржуазиялық реформа болды. Помещиктік жер иеленушілік сақталып қалды. Шаруаның тек заң белгілеген норма бойынша ғана (соның өзінде помещиктің келісімімен) ақы төлеп үлесті жер алуына болатын. Шамамен алынған есептерге қарағанда, реформадан кейін дворяндардың 71,5 миллион десятина жері, шаруалардың 33,7 миллион десятина жері болды. Реформаның арқасында помещиктер шаруалар жерінің $^1/_5$ бөлігінен астамын, тіпті $^2/_5$ бөлігін өздеріне кесіп алды. Шаруалардың үлесті жерлерінің ең жақсы бөлігі («кесінді жерлер», ормандар, шалғындар, суаттар, жайылымдар және басқалар) помещиктердің қолында қалды, ал мұндай жерлерсіз шаруалар дербес шаруашылық жүргізе алмайтын еді.

Шаруалардың өздерінің үлесті жерлерін өз жеке меншігіне ақы төлеп алуы помещиктер мен патша үкіметі тарапынан оларды тікелей тонау болды. Шаруалар үшін патша үкіметіне қарызды 6 процент өсіммен 49 жыл ішінде бөлінбөліп төлеу тәртібі белгіленді. Төлем ақыдан төленбей қалған қарыз жылдан-жылға өсе берді. Тек бұрынғы помещиктік шаруалар ғана патша үкіметіне төлем ақы операциясы бойынша 1,9 миллиард сом төледі, ал шаруалардың қолына өткен жердің рыноктық бағасы 544 миллион сомнан аспайтын еді. Шынында шаруалар өз жерлері үшін жүздеген миллион сом төлеуге мәжбүр болды, мұның өзі шаруалар шаруашылығының күйзеліп, шаруалардың жаппай қайыршылануына әкеп соқты.

В. И. Ленин 1861 жылғы «шаруалар реформасын» егіншілікте туып келе жатқан капитализмнің мүддесін көздеп, шаруаларға алғашқы рет жаппай зорлық жасау, капитализм үшін помещиктік тұрғыдан «жерді тазалау» деп атады. 1861 жылғы реформа туралы Лениннің мына еңбектерін қараңыз: «Крепостниктік правоның құлауының елу жылдығы», «Мереке жайында», ««Шаруалар реформасы» және пролетаршаруалар революциясы» (Шығармалар, 17-том, 71—74, 94—102, 103—112-беттер). — *13.*

[18] Әңгіме 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі жайында болып отыр, манифест Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы әбден шарықтау шегіне жеткен күндерде жарияланды. Патша манифесте «азаматтық бостандық» беруге және «заң шығаратын» дума шақыруға уәде етті. Манифест самодержавиенің саяси айла-шарғысы еді, оның мәнісі: уақыт оздыру, революциялық күштерді жікке бөлу, стачкаларды болдырмау және революцияны басып тастау еді. Манифест

шыққан кездегі жағдайға баға бере келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Самодержавиенің революцияға ашық қарсы шығуға *қазірдің өзінде* шамасы келмей отыр. Жауға үзілді-кесілді соққы беруге *әзірше* революция да дәрменсіз. Тепе-тең дерлік болып отырған күштердің бұл ауытқуы өкіметті сөзсіз састырып, жазалау шараларынан жеңілдік жасауға, баспасөз бостандығы мен жиналыс бостандығы туралы заң шығаруға көшуге әкеліп отыр» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 3-бет). Манифест революцияның патша өкіметінен тартып алған жеңілдігі болды, бірақ бұл жеңілдік, либералдар мен меньшевиктердің пайымдағанындай, революцияның тағдырын тіпті де шеше алмады. Большевиктер манифестің шын мазмұнын әшкерелеп берді. 1905 жылы 18 (31) октябрьде РСДРП Орталық Комитеті «Орыс халқына!» үндеу жариялап, онда патша манифесінің барынша жалғандығын түсіндіріп, күресті жүргізе беруге шақырды. «Ереуіл бізге әлі де қажет,— делінді үндеуде,— бізді құр қағазбен алдарқатуға болмайтынын, сіздердің шын мәніндегі правоға, нағыз күшке ие болғыларыңыз келетінін жаулар білуі керек, сол үшін де ереуіл қажет» («1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы большевиктік ұйымдардың листовкалары», 1-бөлім, М., 1956, 185-бет).

17 октябрьдегі манифест жайында В. И. Лениннің мына еңбектерін қараңыз: «Революцияның бірінші жеңісі» және «Түйін шешілуге жақын» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 28—36, 74—84-беттер). — *18*.

19 *«Вперед»* («Алға») — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; 1904 жылғы 22 декабрьден (1905 жылғы 4 январьдан) 1905 жылғы 5 (18) майға дейін Женевада шығарылды. 18 номері шықты. Газеттің ұйымдастырушысы, идеялық дем берушісі және тікелей басшысы В. И. Ленин болды. Редакция құрамына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский кірді. Газеттің Россиядағы жергілікті комитеттермен және тілшілермен хат-хабар алысуын Н. К. Крупская жүргізді. Ленин газеттің мазмұнын белгілей келіп былай деп жазды: ««Вперед» газетінің бағыты *ескі «Искраның» бағыты* болып табылады. Ескі «Искраның» жолы үшін «Вперед» жаңа «Искраға» қарсы батыл күресуде» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 254-бет). Ленин «Вперед» газетіне басшылыққа алынатын мақалалар жазып қана қойған жоқ, оның қаламынан сондай-ақ көптеген әр түрлі заметкалар және өзі өңдеген корреспонденциялар шықты. Бірқатар мақалаларды Ленин редакцияның өзге мүшелерімен (Воровскиймен, Ольминскиймен, тағы басқалармен) бірігіп жазды. Әр түрлі авторлардың сақталған бірқатар қолжазбаларынан Ленин жасаған үлкен түзетулер мен елеулі қосымшалар айқын сезіліп тұрады. Ленин газеттің әрбір номерінің шыққалы жатқан беттерін міндетті түрде қарап отыратын. Тіпті Лондонда III съезде жұмыс басынан асып

жатқанның өзінде Ленин «Впередтің» 17-номерінің гранкаларын қарауға уақыт тапты. Лениннің Лондоннан Женеваға жүріп кетуіне байланысты газеттің 18-номері ғана оның редакторлық қарауынсыз шыққан болса керек. «Вперед» газетінде Лениннің 60-тан астам мақалалары мен заметкалары жарияланды. Газеттің кейбір номерлерін, мәселен, 1905 жылғы 9 январь оқиғаларына және Россияда революцияның басталуына арналған 4 және 5-номерлерін түгелдей дерлік Лениннің өзі дайындады.

«Вперед» газеті шыққан бойдан-ақ жергілікті партия комитеттерінің құрметіне ие болды, олар оны өздерінің органы деп таныды. Жергілікті партия комитеттерін лениндік принцип негізінде топтастыра отырып, «Вперед» газеті партияның III съезін әзірлеуде үлкен роль атқарды, Лениннің газет беттерінде ұсынған және дәлелдеген нұсқаулары съезд шешімдерінің негізіне алынды. «Вперед» газетінің тактикалық бағыты III съездің тактикалық бағыты болды. «Вперед» газеті Россияның партия ұйымдарымен үнемі байланыс жасап тұрды. Әсіресе РСДРП-ның Петербург, Москва, Одесса, Екатеринослав, Баку және басқа комитеттерімен, сондай-ақ Кавказ одағы комитетімен тығыз байланыста болды. Лениннің «Вперед» газетінде жарияланған мақалаларын большевиктік баспасөздің жергілікті органдары жиі-жиі көшіріп басып отырды, жеке листовкалар немесе кітапшалар етіп шығарып тұрды. Лениннің «Впередтің» 4-номеріндегі «Россияда революцияның басталуы» деген мақаласын РСДРП Одесса, Саратов және Николаев комитеттері, «Пролетариат және шаруалар» («Вперед» № 11) деген мақаласын РСДРП Петербург комитеті жеке листовка етіп шығарды. РСДРП Кавказ одағы комитеті Лениннің «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» («Вперед» № 14) деген мақаласын грузин, орыс және армян тілдерінде жеке кітапша етіп басып шығарды. Партияның үшінші съезі арнаулы қарарында «Вперед» газетінің меньшевизмге қарсы, партиялылықты қалпына келтіру жолындағы күресте, революциялық қозғалыс алға тартқан тактика мәселелерін көтере, жаза білуде, съезді шақыру жолындағы күресте аса көрнекті роль атқарғанын атап көрсетіп, газет редакциясына алғыс айтты. III съездің шешімі бойынша «Вперед» газетінің орнына «Пролетарий» газеті шығарыла бастады. — *21.*

20 *«Пролетарий»* — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; РСДРП Орталық Органы, партияның III съезінің қаулысы бойынша құрылды. Партияның Орталық Комитеті пленумының шешімі бойынша 1905 жылы 27 апрельде (10 майда) Орталық Органның жауапты редакторы болып В. И. Ленин тағайындалды. Газет 1905 жылғы 14 (27) майдан 12 (25) ноябрьге дейін Женевада шығып тұрды. 26 номері шықты. «Пролетарий» ескі, лениндік «Искраның» жо-

лын ұстады және большевиктік «Вперед» газетімен толық сабақтастықты сақтады.

Ленин газетке 90-ға жуық мақала мен заметка жазды. Лениннің мақалалары газеттің саяси бетін, идеялық мазмұнын және большевиктік бағытын белгіледі. Ленин газеттің басшысы және редакторы ретінде орасан зор жұмыс істеді. Оның редакциялық түзетулері аса маңызды теориялық проблемаларды көтеруде және революциялық қозғалыс мәселелерін баяндауда жарияланып отырған материалдарға жоғары принциптілік, партиялылық, айқын да анық сипат берді.

В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский редакцияның жұмысына үнемі қатысып тұрды. Н. К. Крупская, В. М. Величкина, В. А. Карпинский редакцияда үлкен жұмыс атқарды. Газет Россия жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты болды; революциялық қозғалысқа тікелей қатысқан жұмысшылардың мақалалары мен заметкалары газет бетінде жарияланып тұрды. В. Д. Бонч-Бруевич С. И. Гусев және А. И. Ульянова-Елизарова жергілікті жерлерден корреспонденциялар жинап, оларды Женеваға жіберуді ұйымдастырып отырды. Редакцияның жергілікті партия ұйымдарымен, оқушылармен хат-хабар алысуын Н. К. Крупская және Л. А. Фотиева жүргізді.

«Пролетарий» Россиядағы және халықаралық жұмысшы қозғалысының барлық елеулі оқиғаларына дереу үн қосты, меньшевиктерге және басқа оппортунистік, ревизионистік элементтерге қарсы аяусыз күресті.

Газет партияның III съезі шешімдерін насихаттауда үлкен жұмыс жүргізді және большевиктерді ұйымдық, идеялық жағынан топтастыруда маңызды роль атқарды. «Пролетарий» Россия социал-демократиясының революциялық марксизмді дәйектілікпен қорғаған, Россияда өріс алған революцияның барлық негізгі мәселелерін талдап зерттеген бірден-бір органы болды. 1905 жылғы оқиғаларды жан-жақты көрсете отырып, «Пролетарий» еңбекшілердің қалың бұқарасын революцияның жеңісі жолындағы күреске көтерді.

«Пролетарий» жергілікті социал-демократиялық ұйымдарға үлкен ықпал жасады. Большевиктік жергілікті газеттер Лениннің кейбір мақалаларын «Пролетарий» газетінен көшіріп басты, жеке листовка етіп таратты.

1905 жылы ноябрьдің бас кезінде Ленин Россияға жүріп кеткеннен кейін көп кешікпей газеттің шығуы тоқтатылды. Соңғы екі номері (25 және 26) В. В. Воровскийдің редакциялауымен шықты, бірақ бұларға да Ленин бірнеше мақала жазды, олар Ленин Женевадан жүріп кеткеннен кейін жарияланды. — *21.*

21 Әңгіме министрлер советінің председателі С. Ю. Витте жасаған ереже бойынша 1906 жылы 27 апрельде (10 майда) шақырылған *I Мемлекеттік дума* (виттелік деп аталған дума) жайында болып отыр.

1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь стачкасы патшаны 17 октябрьде манифест шығаруға мәжбүр етті, манифесте революция күл-талқан еткен кеңесші булыгиндік Думадан өзгеше, заң шығару функциясы бар Мемлекеттік думаның шақырылатыны туралы жарияланды. Патша үкіметі жаңа Дума шақыру арқылы революциялық қозғалысқа жік салып, әлсіретуді, елдің дамуын бейбіт монархиялық-конституциялық жолға түсіруді көздеді. 1905 жылғы 11 декабрьде үкімет «Мемлекеттік думаға сайлау жөніндегі ережені өзгерту туралы» указ шығарды, ол — булыгиндік Думаға сайлау үшін жасалған мүліктік цензаға және таптық теңсіздікке негізделген сайлау жүйесін өзгеріссіз қалдырды. Енгізілген жаңалық мынау ғана еді: сайлаушылар 3 курияға емес, 4 курияға: егіншілік (помещиктер), қалалық (буржуазия), шаруалар және жұмысшылар куриясына бөлінді. Куриялар оларға берілген дауыс саны жағынан тең емес еді: помещиктің 1 даусы қалалық буржуазияның 3 даусына, шаруалардың 15 даусына және жұмысшылардың 45 даусына теңестірілді. Жұмысшы куриясының сайламшылары Мемлекеттік думаның барлық сайламшыларының 4 проценті ғана болды. Сайлау жалпыға бірдей емес еді. Барлық әйелдер, 25 жасқа дейінгі жастар, көшпелі халықтар, әскери қызметтегілер және 2 миллионнан астам жұмысшы — еркектер (жұмысшы куриясы бойынша сайлауға кемінде 50 жұмысшысы бар кәсіпорындардың жұмысшылары ғана жіберілетін) дауыс беру правосынан айрылды. Сайлау төте емес, көп сатылы еді. Жұмысшылар үшін үш сатылы, шаруалар үшін төрт сатылы сайлау жүйесі белгіленді.

Декабрь көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін, патша үкіметі шақырылатын Думаның бұрын жария етілген праволарына шек қойды. 1906 жылғы 20 февральдағы манифест Мемлекеттік советке Мемлекеттік дума қабылдаған заң жобаларын бекітуге немесе қабылдамай тастауға право берді. 1906 жылы 23 апрельде (6 майда) II Николай бекіткен «Негізгі мемлекеттік заңдар» жарияланды, оларда мемлекеттік саясаттың аса маңызды мәселелерін Думаның қарауынан алу көзделді.

I Мемлекеттік думаға сайлау 1906 жылы февраль — мартта өтті. Большевиктер сайлауға бойкот жариялады. Бойкот Мемлекеттік думаның беделін едәуір түсірді, оған халықтың бір бөлігінің сенімін әлсіретті, бірақ сайлауды болдырмай тастауға шамасы келмеді. Бойкоттың сәтсіз болуының негізгі себебі Думаны шақыруға кедергі бола алатын жаппай революциялық өрлеудің болмауынан еді. Сонымен бірге бойкоттың сәтсіз болуына меньшевиктердің іріткі салушылық нұсқаулары да, шаруалардың белең алған конституциялық жалған үміті де себеп болды. Ал Дума шақырылған кезде, Ленин Думаны революциялық үгіт пен насихат мақсатында, Думаны халық өкілдігінің өрескел боямасы ретінде әшкерелеу мақсатында пайдалану міндетін алға қойды.

I Мемлекеттік думаға 478 депутат сайланды, оның ішінде кадеттер — 179, автономияшылар — 63 (бұған Поляк колосының, украин, эстон, латыш, литван және басқа буржуазиялық-ұлттық топтардың мүшелері кірді), октябристер—16, партияда жоқтар — 105, трудовиктер — 97 және социал-демократтар — 18 еді. Сөйтіп, Думадағы орындардың үштен бір бөлігінен астамына кадеттер ие болды.

Мемлекеттік дума өзінің мәжілістерінде басқа мәселелермен қатар адамның жеке басына ешкімнің тимеуі туралы, өлім жазасын жою туралы, ождан және жиналыс бостандығы туралы, азаматтардың тең праволылығы туралы мәселелер талқылады. Бірақ осы мәселелер жөнінде көпшілігін кадеттер ұсынған заң жобалары шын мәнінде «сөз бостандығына да *қарсы,* жиналыстар бостандығына да *қарсы* және басқа жақсы нәрселерге де қарсы каторгалық заң жобалары» (осы том, 316-бет) еді. Мемлекеттік думадағы негізгі мәселе аграрлық мәселе болды. Думада негізгі екі аграрлық программа ұсынылды: 42 депутат қол қойған кадеттердің заң жобасы, «104-тің жобасы» деген атпен белгілі болған трудовиктердің заң жобасы (қараңыз: № 167 ескерту). Трудовиктерге қарама-қарсы кадеттер помещиктік жер иеленушілікті сақтап қалуға тырысты, тек негізінен шаруалардың құрал-саймандарымен өңделген немесе арендаға берілген помещиктік жерлерді ғана иеліктен айырып «әділ бағамен» төлем құнына беруді ұйғарды.

I Мемлекеттік дума өзінің дәрменсіздігіне, шешімдерінің жартыкештігіне қарамастан үкіметтің үмітін ақтамады. 1906 жылы 8 (21) июльде Дума таратылды. — *22.*

22 *«Народная Свобода»* («Халық Бостандығы») — саяси қоғамдық және әдеби газет, кадеттер партиясының органы; 1905 жылы декабрьде Петербургте П. Н. Милюковтың және И. В. Гессеннің редакциялауымен шығып тұрды. — *23.*

23 Бұл арада Лениннің «Мемлекеттік дума және социал-демократиялық тактика» деген еңбегі айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 169—180-беттер), ол 1906 жылы февральда «Мемлекеттік дума және социал-демократия» деген кітапшада басылды.— *23.*

24 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды; баяу-либерал интеллигенцияның көзқарасын білдірді. 80—90-жылдарда газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалары) қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылып тұрды. 1905 жылдан газет кадеттер партиясы оң қанатының органы болды. Ленин «Русские Ведомости» *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» өзінше ұштастырды деп көрсетті (Шығармалар, 19-том, 120-бет). 1918 жылы «Русские Ведомо-

сти» басқа конрреволюциялық газеттермен бірге жабылды. — *23.*

25 *Халық ерікшілері* — халықшыл-террористердің «Халық еркі» деген жасырын саяси ұйымының мүшелері, бұл ұйым халықшыл «Жер және ерік» ұйымының жікке бөлінуі нәтижесінде 1879 жылы августа пайда болған-ды. «Халық еркін» Атқару комитеті басқарды, оның құрамына А. И. Желябов, А. Д. Михайлов, М. Ф. Фроленко, Н. А. Морозов, В. Н. Фигнер, С. Л. Перовская, А. А. Квятковский және басқалар енді. Халық ерікшілері халықшыл утопиялық социализм позициясында болса да, самодержавиені құлатуды және саяси бостандықты жеңіп алуды ең маңызды міндет деп санап, саяси күрес жолына түсті. Олардың программасы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған «тұрақты халық өкілдігін» ұйымдастыруды, демократиялық бостандықтар жариялауды, жерді халыққа беруді, заводтар мен фабрикаларды жұмысшылардың қолына көшіру жөнінде шаралар дайындауды көздеді. «Халық ерікшілері,— деп жазды В. И. Ленин,— саяси күреске көшу арқылы, бір адым ілгері басты, бірақ олар мұны социализммен байланыстыра алмады» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 191-бет).

Халық ерікшілері патша самодержавиесіне қарсы қаһармандық күрес жүргізді, бірақ олар «белсенді» батырлар мен «енжар» тобыр жөніндегі теріс теорияға сүйеніп, қоғамды қайта құруды халықтың қатысуынсыз, өз күштерімен, жеке террор арқылы, үкіметті қорқытып, іріткі салу арқылы жүзеге асырмақшы болды. 1881 жылғы 1 марттан (II Александр өлтірілгеннен) кейін үкімет аяусыз қуғындау, дарға асу және арандатулар арқылы «Халық еркі» ұйымын талқандады. 80-жылдар бойы «Халық еркін» қайта жандандыру жөнінде қолданылған көптеген әрекеттер нәтиже бермеді. Мәселен, 1886 жылы «Халық еркінің» дәстүрін ұстаған А. И. Ульянов (В. И. Лениннің ағасы) және П. Я. Шевырев бастаған топ пайда болды. 1887 жылы III Александрға қастандық жасау әрекеті сәтсіз аяқталғаннан кейін топ ашылып, оның белсенді қатысушылары дарға асылды.

В. И. Ленин халық ерікшілерінің қате, утопиялық программасын және жеке террор тактикасын сынай отырып, «Халық еркі» мүшелерінің патша өкіметіне қарсы жанқиярлық күресін үлкен құрметпен атады.— *26.*

26 Келтірілген сөздер К. Маркстің «Фейербах туралы тезистерінен» алынған (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 4-бет).— *31.*

27 *«Слово* («Сөз») — буржуазиялық күнделікті газет; 1903 жылдан 1809 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Әуелі — оңшыл земствошылардың органы, 1905 жылғы ноябрьден бастап октябристер партиясының органы болды. 1906 жылғы

июльден газеттің шығуы тоқтатылды. Шын мәнінде октябристерден еш айырмасы жоқ «бейбіт жаңартушылар» партиясының органы ретінде газет 1906 жылы 19 ноябрьде (2 декабрьде) қайта шыға бастады. — *38.*

28 *«Невская Газета»* («Нева Газеті») — күнделікті газет, меньшевиктердің жария органы, 1906 жылғы 2 (15) майдан 13 (26) майға дейін Петербургте П. Б. Аксельродтың, Ф. И. Данның, В. И. Засуличтің, Л. Мартовтың, Г. В. Плехановтың, тағы басқалардың қатысуымен шығып тұрды. Не бары 10 номері шықты. — *47.*

29 *«Праволар және өктем земство»* ұранын В. И. Ленин «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген мақаласында сынады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 23—76-беттер). — *49.*

30 *Еңбек тобы* (трудовиктер) — Россияның Мемлекеттік думаларындағы шаруалардан және халықшылдық түсініктегі интеллигенттерден құралған ұсақ буржуазияшыл демократтар тобы. Трудовиктер фракциясы 1906 жылы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруалар депутаттарынан құралды.

Трудовиктер барлық сословиелік және ұлттық шектеуді жою, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды демократияландыру, Мемлекеттік дума сайлауы үшін жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру талабын қойды. Трудовиктердің аграрлық программасы жерді теңгермелі түрде пайдаланудың халықшылдық принциптеріне негізделді: егер иеліктегі жер көлемі белгіленген еңбек нормасынан асса, қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік, сондай-ақ жеке меншіктік жерлерден жалпы халықтық қор ұйымдастырылды; иеліктен айрылған жеке меншіктік жерлер үшін ақы төлеу көзделді. Кәдімгі трудовик — шаруа, деп көрсетті В. И. Ленин, «монархиямен келісім жасауға ұмтылу, буржуазиялық құрылыс шеңберінде *өзінің* бір жапырақ жерінде тыныштыққа ұмтылу оған жат емес, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр» (Шығармалар, 11-том, 220-бет).

Трудовиктер Мемлекеттік думада кадеттер мен социал-демократтардың арасында ауытқумен болды. Бұл ауытқу сол ұсақ қожайындардың — шаруалардың таптық табиғатына байланысты еді. Әйтсе де, трудовиктер шаруалар бұқарасының өкілдері болғандықтан, большевиктер Думада патша самодержавиесіне және кадеттерге қарсы ортақ күрес жүргізу үшін жекелеген мәселелер жөнінде олармен келісімге келу тактикасын қолданды. 1917 жылы Еңбек тобы «халықтық социалистер» партиясымен бірікті, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік рево-

люциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағында әрекет жасады. — *49.*

[31] Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 198-бет.— *51.*

[32] *«Дума»* — күнделікті кешкі газет, кадет партиясы оң қанатының органы. 1906 жылғы 27 апрельден (10 майдан) 13 (26) июньге дейін Петербургте П. Б. Струвенің редакциялауымен, I Мемлекеттік думаның мүшелері: С. А. Котляревскийдің, П. И. Новгородцевтің, И. И. Петрункевичтің Ф. И. Родичевтің, Л. Н. Яснопольскийдің және басқалардың қатысуымен шығып тұрды. — *51.*

[33] *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет, 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырып шығарушылардың қолында болды, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық газет болды, ал 1876 жылы бастырып шығарушысы А. С. Суворин болғаннан кейін ол реакцияшыл дворяндар тобы мен чиновниктік-бюрократтық топтың органына айналды. 1905 жылдан бастап — қаражүздіктердің органы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдады және большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады. ««Нововремяшылдық» дегеніміз,—деп жазды ол,— шегінушілік, ренегаттық, жағымпаздық деген түсініктермен бір мағыналы сөз болды» (Шығармалар, 18-том, 276-бет).— *51.*

[34] Бұл арада меньшевиктік «Искра» айтылып отыр.

Партияның II съезінде партияның Орталық Органы «Искра» газетінің редакциясы В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және Л. Мартов кіретін құрамда бекітілген еді. Бірақ съездің шешіміне қарамастан, меньшевик Мартов II съезде сайланбаған бұрынғы меньшевик-редакторларсыз (П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич) редакцияға кіруден бас тартты, сондықтан «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциялауымен шықты. Кейін Плеханов меньшевизм позициясына көшті де, съезд сайламай тастаған бұрынғы меньшевик-редакторларды редакция құрамына енгізуді талап етті. Ленин бұған келісе алмады, сөйтіп 1903 жылы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шықты; ол партияның Орталық Комитетіне кооптациялан-ды да, сол жерден меньшевик-оппортунистерге қарсы күрес жүргізді. «Искраның» 52-номері жалғыз Плехановтың редак-

циялауымен шықты, ал 1903 жылы 13 (26) ноябрьде Плеханов партияның II съезінің еркін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына оның бұрынғы меньшевик-редакторларын: Аксельродты, Потресовты және Засуличті өз бетімен кооптациялады. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің жауынгер органы болудан қалды. Меньшевиктер оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрестің органына, оппортунизмді уағыздаудың трибунасына айналдырды. 1905 жылы октябрьде газеттің шығуы тоқтатылды. — *51.*

35 *«Экономизм»* — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы Россия социал-демократиясындағы оппортунистік ағым, халықаралық оппортунизмнің бір түрі. «Экономистердің» баспасөз органдары — «Рабочая Мысль» газеті (1897—1902) және «Рабочее Дело» журналы (1899—1902) болды. Ленин орыс бернштейншілдері деп атаған «экономистердің» программалық документі 1899 жылы Е. Д. Кускова жазған «Credo» дейтін болды.

«Экономистер» саяси күрес либерал буржуазия айналысатын іс деп санап, жұмысшы табының міндеттерін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту және т. б. жолындағы экономикалық күреспен шектеді. Олар партия қозғалыстың стихиялы процесіне сырттай зер салып, оқиғаларды тіркеп отырушы ғана болуға тиіс деп санап, жұмысшы табы партиясының басшылық ролін теріске шығарды. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иген «экономистер» революциялық теорияның, саналылықтың маңызын төмендетті, социалистік идеология стихиялық жұмысшы қозғалысынан пайда бола алады деп пайымдады; олар жұмысшы қозғалысына социалистік сананы сырттан, маркстік партияның енгізуі қажеттігін теріске шығарды, сөйтіп буржуазиялық идеологияға жол ашып берді. «Экономистер» жұмысшы табының бір орталыққа бағындырылған партиясын құрудың қажеттігіне қарсы шығып, социал-демократиялық қозғалыстағы бытыраңқылық пен майдагерлікті қорғады. «Экономизм» жұмысшы табын таптық революциялық жолдан тайдырып, оны буржуазияның саяси шылауына айналдыру қаупін туғызды.

Лениннің мына шығармалары «экономистердің» көзқарасын жан-жақты сынауға арналған: «Россия социал-демократтарының наразылығы» («Credo»-ға қарсы бағытталған, 1899 жылы Сибирьде айдауда жүргенде жазылған, айдаудағы он жеті марксист қол қойған), «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты», ««Profession de foi» жөнінде», «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 260—297, 337—348-беттер; 5-том, 392—400-беттер). Ленин «Не істеу керек?» деген кітабында «экономизмді» идеялық жағынан біржолата талқандады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-

беттер). — «Экономизммен» күресте лениндік «Искра» үлкен роль атқарды. — *51.*

36 *«Освобождение»* («Азаттық») — екі аптада бір рет шығып тұрған журнал, 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5 (18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің редакциялауымен шетелде шықты. Журнал орыс либерал буржуазиясының органы болды және баяу-монархиялық либерализм идеяларын дәйекті түрде жүзеге асырды. 1903 жылы журнал төңірегінде «Азаттық одағы» топтасып (1904 жылғы январьда қалыптасты), 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. Земствошы-конституцияшылдармен қатар «освобожденшілдер» 1905 жылы октябрьде құрылған конституциялық-демократиялық партияның (кадеттердің) ұйтқысы болды.— *51.*

37 *«Без заглавия»* — саяси апталық; 1906 жылы 24 январьдан (6 февральдан) 14 (27) майға дейін Петербургте шықты. Журнал С. Н. Прокоповичтің редакциялауымен, Е. Д. Кускованың, В. Я. Богучарскийдің, В. В. Хижняковтың және басқалардың етене қатысуымен шығып тұрды. «Беззаглавияшылдар» — орыс буржуазиялық интеллигенциясының жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік тобы. Өздерінің формальды бейпартиялығын желеу еткен «беззаглавияшылдар» буржуазиялық либерализм мен оппортунизм идеяларын уағыздаушылар болды, россиялық және халықаралық социал-демократияның ревизионистерін қолдады. — *51.*

38 *Эсерлер* (социалист-революционерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың бас кезінде әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», «Социалист-революционерлер партиясы», т. б.) бірігуі нәтижесінде пайда болды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми органы болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иелерінің арасындағы таптық айырмашылықты көрмеді, шаруалар ішіндегі таптық жіктелуді және қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін жоққа шығарды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың кем-кетігін» «марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен бітеуге» тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Эсерлер самодержавиемен күресудің негізгі әдісі ретінде уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен зиян келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және оның қауымдардың қарамағына көшуін, жерді пайдалануда «еңбек негізін» және «теңгермелі» әдісті қолдануды, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер

«жерді социализациялау» деп атаған осы программада шынында социалистік дейтіндей түк жоқ еді. В. И. Ленин эсерлер программасын талдай келіп, товар өндірісі мен жеке меншік шаруашылықты ортақ жерде сақтау капитал үстемдігін жоя алмайды, еңбекші шаруаларды қаналу мен күйзелістен құтқара алмайды; капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін құтқарып қалатын құрал бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясының баюына қызмет етеді деп көрсетті. Сонымен қатар Ленин социалистік емес болса да жерді теңгермелі түрде пайдалану талаптарының тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болды, өйткені ол талаптар реакциялық помещиктік жер иеленушілікке қарсы бағытталды деп көрсетті.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер атын жамылмақ болған әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал жасау жолында эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор жасау тактикасының жұмысшы қозғалысына тигізетін зиянын ашып көрсетті. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен белгілі бір жағдайда уақытша келісім жасасудан қашпады.

Шаруалардың таптық әр тектілігі эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздықты, ұйымдық ыдыраушылықты, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқып жүруін тудырды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оң қанаты бөлініп шығып, өзінің көзқарасы жағынан кадеттерге жақын жария Халықтық-социалистік еңбек партиясын (энестер) құрды, ал сол қанатынан жартылай анархистік «максималистер» одағы қалыптасты. Столыпин реакциясы дәуірінде эсерлер партиясы бүтіндей идеялық және ұйымдық күйреуді басынан өткерді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) әлгі үкіметтің құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жер помещиктік меншікте болуын сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өз ықпалын сақтауға тырысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп кешікпей Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер ел ішінде де және эмиграциядағы ақ гвардияшылар қосынында жүріп те Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекетін тоқтатпады. — *51.*

39 *Конвент* — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кезіндегі үшінші Ұлттық жиналыс. Конвент монархияны құлатқан 1792 жылғы 10 августағы халық көтерілісінің нәтижесінде Франциядағы жоғары өкілдік мекеме ретінде құрылды. Конвентке сайлау 1792 жылы август пен сентябрьде болды. Сайланған Конвент депутаттары үш топқа: якобиншілдерге — сол қанатқа, жирондистерге — оң қанатқа, «батпаққа» — тұрлаусыз көпшілікке бөлінді. 21 сентябрьде Конвент халық бұқарасының қысымымен елде корольдік өкіметтің жойылғандығын хабарлады, 22 сентябрьде Францияны республика деп жариялады. Конвенттен жирондистер қуылғаннан кейінгі якобиндік диктатура дәуірінде Конвент аса жемісті қызмет істеді. Конвент феодализмді біржолата жоюды жүзеге асырды және барлық контрреволюциялық, келісімпаз элементтерді аяусыз жазалады, шетел интервенциясына қарсы күрес жүргізді. Сонымен қатар Конвент жеке меншік правосының мызғымастығын қуаттады.

Якобиндік диктатураны құлатқан 1794 жылғы 27 июльдегі контрреволюциялық төңкеріс Конвентті буржуазиялық контрреволюцияның қол шоқпарына айналдырды. III жылғы конституция дейтіннің қабылдануына байланысты 1795 жылы 26 октябрьде Конвент таратылды. — *59.*

40 *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; партияның Галль съезінің қаулысы бойынша, 1884 жылдан шығып келген «Berliner Volksblatt» газетінің («Берлин Халық Газетінің») жалғасы ретінде, 1891 жылдан бастап «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен Берлинде шығып тұрды. Ф. Энгельс газет бетінде оппортунизмнің қандай да болсын көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына өтіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. «Vorwärts» РСДРП-дағы оппортунизмге және ревизионизмге қарсы күресті бір жақты көрсете отырып, «экономистерді» қолдады, ал партия жікке бөлінгеннен кейін меньшевиктерді қолдады. «Vorwärts» реакция жылдарында Троцкийдің жа-

лақорлық мақалаларын басты, Ленинге, большевиктерге оларды теріске шығаруға және партиядағы жағдайды объективті тұрғыдан бағалауға өзінің бетінен орын бермеді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. — *63.*

41 1905 жылғы 24 октябрьде «Vorwärts»-тің 249-номерінде герман социал-демократиялық партиясы басқармасының «Vorwärts» газеті редакциясының құрамын өзгерту туралы 1905 жылғы 23 октябрьдегі хабары жарияланды. Партияда ревизионистік бағыт ұстаған алты редактор орнынан алынды, жаңартылған редакция құрамына партияның сол қанатына жататын адамдар енгізілді. Газеттің басшылығына Р. Люксембург те қатыстырылды.

Оппортунистер орнынан алынған редакторларды қорғап науқан ашуға тырысты, бірақ партияның қалың бұқарасы герман социал-демократиялық партиясы Басқармасының бағытын мақұлдап, қолдады. — *63.*

42 *II Интернационалдың Амстердамдағы халықаралық социалистік конгресі* 1904 жылы 14 августан 20 августқа дейін болып өтті. Конгресс мына мәселелерді талқылады: 1) социалистік тактиканың халықаралық ережелері; 2) отарлық саясат; 3) жаппай стачка; 4) әлеуметтік саясат және жұмысшыларды қауіпсіздендіру; 5) трестер мен жұмыссыздық және басқа мәселелер.

Буржуазиялық партияларға көзқарас «Социалистік тактиканың халықаралық ережелері» туралы қарарда бейнеленді. Қарар социалистердің буржуазиялық үкіметтерге қатысуына тыйым салды және «буржуазиялық партиялармен жақындасуды жеңілдету мақсатында қазіргі таптық қайшылықтарды бүркемелеуге тырысудың қандайын болса да» айыптады. Конгрестің шешімдері алға басқан кейбір қадамдарына қарамастан, тұтас алғанда жартыкеш болды, оппортунизмнің ырқына одан әрі көнгендік болды. Конгресс бұқаралық стачканы қарулы көтеріліске ұластыру жөнінде мәселе қойған жоқ, империалистік мемлекеттердің отарлық саясатын ақтамақ болған оңшыл оппортунистерге тойтарыс берген жоқ. Конгресс ревизионизмді сөз жүзінде айыптай отырып, өз қарарында одан іргені аулақ салу жөнінде түк айтқан жоқ, пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасы туралы мәселені ауызға алған жоқ.— *63.*

43 *Бүкіл россиялық шаруалар одағы* — 1905 жылы пайда болған революциялық-демократиялық ұйым. Шаруалар одағын құрудың инициаторы Москва губерниясының шаруалары болды. 1905 жылы 31 июльде — 1 августа (13—14 августа)

Москвада шақырылған құрылтай съезі Бүкіл россиялық Шаруалар одағының негізін салды. 1905 жылы 6—10 (19—23) ноябрьде Шаруалар одағының екінші съезі болып өтті. Бұл съездерде Одақтың программасы мен тактикасы жасалды. Шаруалар одағы саяси бостандықты және дереу құрылтай жиналысын шақыруды талап етті, I Мемлекеттік думаға бойкот жасау тактикасын ұстанды. Одақтың аграрлық программасы жерге жеке меншікті жою, монастырьлік, шіркеулік, уделдік, кабинеттік және мемлекеттік жерлерді шаруаларға төлем ақысыз беру талабын қойды. Эсерлер мен либералдардың ықпалында болған Шаруалар одағы ұсақ буржуазиялық шалағайлық, солқылдақтық және тартыншақтық көрсетті. Одақ жерге помещиктік жеке меншікті жою талабын қоя отырып, помещиктерге ішінара ақы төлеуге келісім берді. Лениннің сөзімен айтқанда, бұл ұйым «әрине, шаруалардың бірсыпыра соқыр сенімдерін қостайтын еді, шаруаның ұсақ буржуазиялық жалған үміттерін көпгіш еді (біздің социалист-революционерлердің де оларға көнгіштігі сияқты), бірақ ол бұқараның сөзсіз «тиянақты», нақты ұйымы, өзінің негізінде сөзсіз революциялық күрестің нағыз революциялық әдістерін қолдана алатын ұйымы еді» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 351-бет). Шаруалар одағы өзінің алғашқы қадамынан бастап полицияның қуғынына ұшырады. 1907 жылдың басында Одақ өзінің өмір сүруін тоқтатты. — *69.*

44 Бұл арада «Волна» газеті айтылып отыр.

«Волна» («Толқын») — большевиктік күнделікті газет, 1906 жылғы 26 апрельден (9 майдан) 24 майға (6 июньге) дейін Петербургте жария шығып тұрды. 25 номері шықты. «Волнаны» 9-номерінен бастап іс жүзінде В. И. Ленин редакциялады. Редакция жұмысына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов және басқалар қатысты. Газетте Лениннің 25-ке жуық мақалалары жарияланды, олардың көбі бас мақала ретінде басылды. «Волна» большевиктердің бұқараның революциялық күресіне басшылық етуінде, пролетариаттың саналылығы мен ұйымшылдығын арттыруда үлкен роль атқарды.

Қоғамдық-саяси бөлім газеттің едәуір бөлігін алды, бұл бөлімнің материалдары саяси оқиғаларды талдауға және түсіндіруге, пролетариаттың революциядағы тактикасын жасауға және насихаттауға арналды. Партия өмірі бөлімінің «Саяси партиялар өмірінен» және «Аудандарда» деген екі рубрикасы болды. Бірінші рубрикамен көбіне партияның қарарлары және басқа басшылыққа алынатын документтері, сондай-ақ ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың қызметтері туралы хабарлар жарияланып тұрды. Екінші рубрикамен — аудандық және бастауыш партия ұйымдарының өмірі туралы материалдар берілді. Газет елдегі жұмысшы

қозғалысын жазуға көп көңіл бөлді. Бұл материалдар «Фабрикалар мен заводтарда», «Кәсіпшілік одақтарда», «Жұмысшылар арасында» деген рубрикалармен берілді. «Мемлекеттік дума» бөлімінде Дума мәжілістері жөнінде есептер, Дума мәжілістерінен тысқары әңгімелерден репортаждар басылды. «Газеттер мен журналдар әлемінде» бөлімінде баспасөзге шолу жасалды.

Патша үкіметі «Волнаны» қуғынға салды: редактор бірнеше рет сотқа тартылды, газеттің көптеген номерлеріне тыйым салынды; Петербург сот палатасы 1913 жылы 26 июньде (9 июльде) газеттің 10, 18, 19, 22, 23, 24, 25-номерлерін оларды басып шығаруға дайындалған стереотиптермен бірге жойып жіберуге қаулы алды. 1906 жылы 24 майда (6 июньде) патша үкіметі газетті жауып тастады. «Волна» жабылғаннан кейін Петербургтің Коппель заводының жұмысшылары былай деп жазды: «Полиция жауып тастаған социал-демократиялық «Волна» газеті жұмысшы табының түбегейлі талабы мен мақсатын толық білдіре және қорғай отырып, сонымен қатар басымыздан кешіріп отырған кезеңдегі таптық міндетіміз жөнінде бізге, жұмысшыларға, мейлінше анық, түсінікті етіп айтты, кадеттердің әрекеттерін, біздің оларға және Мемлекеттік думаға көзқарасымызды мейлінше түсінікті етіп әрі дұрыс ұғындырды, осыны түсіне отырып, біз жабылып тасталған «Волнаға» өзіміздің жолдастық тілектестігімізді білдіреміз және «Волнаның» орнына шығатын газетті асыға күтеміз» («Вперед» № 2, 27 май, 1906 ж.). «Волнаның» орнына «Вперед» газеті, одан соң «Эхо» шықты. — *74.*

45 *«Жаңа өрлеу»* деген мақала 1906 жылы 6 майда «Волна» газетінің 10-номерінде бас мақала болып басылды. Петербургтің баспасөз жөніндегі комитеті бұл мақалада «қылмыс заңының 129-статьясының 1-пунктінде қаралған қылмыстың нышаны бар» деп тауып, бастырып шығарушы-редакторды және мақаланың басылып шығуына кінәлы басқа да адамдарды жауапқа тартуға қаулы алды, сондай-ақ газеттің 10-номеріне тыйым салды. 1906 жылы 12 (25) майда Петербург сот палатасы баспасөз жөніндегі комитеттің жарлығын бекітті. — *78.*

46 *Октябристер партиясы* (немесе «17 октябрь одағы») — Россияда 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифест жарияланғаннан кейін құрылды. Бұл — ірі буржуазия мен шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіретін және қорғайтын контрреволюциялық партия еді; оны белгілі өнеркәсіпші және Москвадағы үйлер ұстаушы А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын қолдап отырды. — *81.*

47 Әңгіме *кадет партиясының III съезі* жөнінде болып отыр, съезд 1906 жылы 21—25 апрельде (4—8 майда) Петербургте, I Мемлекеттік Думаның ашылар қарсаңында өтті. Съезд кадет партиясының Думадағы тактикасы туралы мәселеге баса назар аударды. Осы мәселе бойынша П. Н. Милюков баяндама жасады, ол партияның Думадағы қызметінің жоспарын ұсына отырып, қазіргі қолданылып отырған патша заңдарымен санасудың қажет екені жайында айтты. Съезд қабылдаған «Партияның Мемлекеттік думадағы тактикасы туралы» қарарда кадеттер өздерінің «тиісті заң жобаларын ұсыну және оларды Думада талқылау арқылы» демократиялық бостандықтар алмақшы екені жөнінде көпірме мәлімдеді. Съезде кадеттік аграрлық комиссия дайындаган «Аграрлық реформаның негізгі ережелерінің жобасы» талқыланды, бұл жоба («42-нің жобасы» ретінде белгілі болған) кейін біраз өзгерістермен Мемлекеттік думаның қарауына ұсынылды. — *82.*

48 *«Речь»* («Сөз») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) бастап Петербургте іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциялауымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың белсене қатысуымен шығып тұрды. 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. 1918 жылғы августқа дейін: «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген әр түрлі атпен шығып келді. — *85.*

49 *«Наша Жизнь»* («Біздің Өмір») — либералдық бағыттағы күнделікті газет; 1904 жылгы 6 (19) ноябрьден 1906 жылғы 11 (24) июльге дейін Петербургте үзілістермен шығып тұрды. — *90.*

50 1906 жылдың көктемі мен жазында большевиктік жария газеттерде — «Волнада», «Вперёдте», «Эхода» — «Газеттер мен журналдар әлемінде» деген бөлім болды, ол бөлімде баспасөзге шолу беріліп тұрды. Осы бөлімнің көптеген мақалалары мен заметкаларын Ленин жазды. — *95.*

51 *Мильераншылдар* — социал-демократиядағы оппортунистік агымының — француз социалист-реформисі А.-Э. Мильеранның есімімен аталған мильеранизмнің өкілдері, Мильеран 1899 жылы Францияның реакциялық буржуазиялық үкіметінің құрамына кірді және оның халыққа қарсы саясатын қолдады. Мильеранның буржуазиялық үкіметке кіруі социал-демократияның оппортунист лидерлерінің буржуазиямен таптық ынтымақ жасау саясатының айқын белгісі, олардың революциялық күрестен бас тартуы, еңбекші таптардың мүддесіне опасыздық етуі болды. Ленин мильеранизмді ре-

визионизм және ренегаттық ретінде сипаттай келіп, социал-реформистер буржуазиялық үкіметке кіре отырып, капиталистер үшін жанды қуыршақ, бүркеніш болды, сол үкіметтің бұқараны алдап-арбауының құралы болды деп көрсетті. — *95.*

52 Заметка «Волна» газетінің 1906 жылғы 9 майдағы 12-номерінде басылған «Мемлекеттік дума туралы» қарардың жобасына соңғы сөз ретінде жазылды; жобаны В. И. Ленин РСДРП IV (Бірігу) съезіне ұсынған болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 398—399-беттер). — *97.*

53 *Граф Гейденнің тобы* — I Мемлекеттік думадағы октябристер фракциясының «сол» қанаты, бұл қанатқа кейбір оңшыл кадеттер де қосылды. Думаның 1906 жылғы 5(18) майдағы мәжілісінде, патшаның салтанатты жиында сөйлеген сөзіне жауап ретінде жолданатын адресті талқылау үстінде, кадеттердің конституциялық-монархиялық рухта дайындаған адрес текстін тым ұшқары деп есептеп, Гейден тобы оны қуаттап дауыс беруден бас тартты да, мәжіліс залынан кетіп қалды. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін, топ октябристерге ұқсас «бейбіт жаңарту» партиясы болып қалыптасты. В. И. Ленин «Граф Гейденді еске түсіру» деген мақаласында Гейден мен оның тобына саяси сипаттама берді (қараңыз: Шығармалар, 13-том, 38—46-беттер).—*100.*

54 Бұл арада М. Ю. Лермонтовтың «Ой» деген өлеңінен алынған сөздер келтіріліп отыр (қараңыз: М. Ю. Лермонтов. Шығармаларының алты томдығы, 2-том, 1954, 114-бет).— *101.*

55 В. И. Ленин заметканы «Ұйымдық мәселе жөнінде» деген мақалаға «Редакциядан» соңғы сөз ретінде жазды.— *103.*

56 Петербургте Панинаның Халық үйінде патшаның салтанатты жиында сөйлеген сөзіне Дума жолдаған жауап адреске байланысты митинг ұйымдастырылды. Митингіге үш мыңдай адам қатысты, олардың едәуір бөлігі жұмысшылар еді. В. И. Ленин (Карпов деген фамилиямен) Россияда бірінші рет бұқаралық жиналыста ашықтан-ашық сөз сөйледі. Лениннің сөзі кадеттер патша үкіметімен астыртын сөз байласты деген айыпты өз сөздерінде жоққа шығаруға тырысқан кадеттік шешендер В. В. Водовозов пен Н. А. Огородниковқа қарсы, сондай-ақ кадеттермен блок жасасуды жақтаған «халықтық социалист» В. А. Мякотин мен меньшевик Ф. И. Данға (Берсеневке) қарсы бағытталды. Ленин халық есесінен самодержавиемен мәмлеге келу жөніндегі кадет-

тік саясатты әшкереледі. Митингіге қатысқан А. Г. Шлихтер өзінің естеліктерінде былай деп жазды:

«Мінеки Ильич сөзін бастап кетті:

— Огородниковтың айтуынша, келісім болмаған, тек қана келіс сөздер жүргізілсе керек. Сонда келіс сөздер деген не? Келісімнің басталуы. Ал келісім деген не? Келіс сөздердің аяқталуы.

Айтыстың мәнін бұлай етіп тым қарапайым, бірақ сондай айқын және дәлме-дәл тұжырымдау барлық, шын мәнінде барлық тыңдаушыларды күтпеген жерден таңдандырып, сүйсіндіргені есімде сайрап тұр. Келісімге, мәмлеге келумен тынған келіс сөздер жайында тағы да бірер сөз, бірер тарихи анықтама айтылған кезде,— үлкен залда тыңдаушылар әдетте сөйлеп тұрған адамға барынша зейін қойып тына қалған жағдайда болатын кәдімгі, ерекше тыныштық орнады... Ильичтің большевиктік сенімді дәлелдері орасан зор митингіні баурап алды, митинг Ленин ұсынған қарарды үлкен бір ауыздылықпен, аса зор көпшілік дауыспен қабылдады» (А. Шлихтер. «Еңбекшілердің ұстазы және досы. (Ленин туралы естеліктерден)». М., 1957, 10—11, 12-беттер).

Лениннің 1906 жылы 9(22) майда митингіде сөйлеген сөзі буржуазияны абыржытып тастады. Кадеттердің шабуылына жауап ретінде Ленин «Қарар және революция» деген мақала жазды, онда былай деді: «Панинаның үйінде болған халық жиналысы кадет мырзаларды өте-мөте ызаландырды. Бұл жиналыста сөйлеген социал-демократтардың сөздері осы сасыған батпақтың астан-кестеңін шығарды» (осы том, 117-бет). Үкімет митинг жөніндегі есепті және онда қабылданған қарарды басқаны үшін «Волна», «Призыв» газеттерінің редакторларын жауапқа тартты. 9 (22) майдағы митингіге қатысқандардың сотқа берілетіні жөнінде хабарлады және жалпы митинг жасауға тыйым салды.— *104.*

57 «Волна» газетінде жаңсақ басылған. Митингіде Берсенев (Ф. И. Дан) сөйледі.— *105.*

58 Бұл арада И. Л. Горемыкиннің ішкі істер министрі П. А. Столыпинмен амнистия туралы мәселе жөніндегі әңгімесі айтылып отыр. Бұл әңгіменің мазмұны «Голос» газетінің 1906 жылғы 3(16) майдағы 5-номерінде бір хроникердің «Горемыкин «жақсы адамдар» туралы» деген заметкасында баяндалды.— *108.*

59 *«Страна»* («Ел») — күнделікті газет, демократиялық реформалар партиясының органы; 1906 жылғы 19 февральдан (4 марттан) 1907 жылға дейін Петербургте шығып тұрды.— *116.*

60 В. И. Ленин өзінің мақаласында пайдаланған Петербург телеграф агенттігінің Тифлистегі сайлау жөніндегі мәліметте-

рі дәл емес еді. Тифлисте 81 емес, 80 сайламшы сайланды, олардың 71-і социал-демократ, 9-ы кадет болды.— *123.*

61 Әңгіме Кутаисиден сайланған сайламшылар жайында болып отыр. Мемлекеттік думаға мүшелер сайлау кейінірек жүргізілді; Кутаиси губерниясынан І Мемлекеттік думаға үш депутат: И. Г. Гомартели, С. Д. Джапаридзе, И. И. Рамишвили өтті — бәрі де меньшевиктер еді.— *123.*

62 Ленин «Мемлекеттік думаға көзқарас туралы» қарарды айтып отыр, онда: «...барлық жерде, әлі де сайлау болатын жердің бәрінде және РСДРП басқа партиялармен блок жасамай, өз кандидаттарын ұсына алатын жердің бәрінде, РСДРП Думаға өз кандидаттарын өткізуге тырысуға тиіс» делінген («РСДРП төртінші (Бірігу) съезі». «Қазақстан» баспасы, 1971, 188-бет).— *123.*

63 Әңгіме РСДРП меньшевиктік Армавир комитеті жайында болып отыр, ол І Мемлекеттік дума сайлауы кезінде, РСДРП IV (Бірігу) съезінің буржуазиялық партиялармен блок жасасуға тыйым салу туралы шешіміне қарамастан, социал-демократтарға немесе, ең болмағанда, «кадеттерден оңшыл емес» кандидаттарға дауыс беруге шақырған үндеу жариялады.— *123.*

64 *«Биржевые Ведомости»* («Биржа Ведомостары») — 1880 жылы коммерциялық мақсатпен құрылған буржуазиялық газет. Петербургте әуелі аптасына үш рет, сосын төрт рет, содан соң күнде шығып тұрды. 1902 жылғы ноябрьден бастап күніне екі рет: таңертең және кешке шықты. Жалтақтығы, сатқындығы, принципсіздігі газеттің атын жалпы атауға («биржевка») айналдырды. «Биржевые Ведомостиді» 1917 жылы октябрьдің аяқ кезінде Әскери-революциялық комитет жауып тастады.— *130.*

65 Бұл мақаланы В. И. Ленин Дума жұмысшы депутаттарының «Россияның барлық жұмысшыларына» арнаған үндеуіне «Редакциядан» соңғы сөз ретінде жазды.

Үндеу 1906 жылы 19 майда «Волнаның» 21-номерінде соңғы сөзбен бірге басылды. Бұл материалдарды басқаны үшін «Волнаның» редакторы сотқа тартылды.— *135.*

66 Бұл арада Еңбек тобы депутаттарының жеке кеңесі әзірлеген *«Негізгі жер заңының жобасы»* айтылып отыр. Жоба 1906 жылы 6 (19) июньде 33 депутаттың (негізінен трудовиктердің) қолы қойылып, Думаның қарауына ұсынылған болатын. «33-тің жобасы» эсерлердің тікелей қатысуымен жасалды және солардың аграрлық мәселе жөніндегі көзқарасын білдірді. Алайда «33-тің жобасына» қол қойғандар «104-

тің жобасына» (№ 167 ескертуді қараңыз) қосылып; оған бірқатар елеулі өзгерістер енгізді. «33-тің жобасы» жерге жеке меншікті дереу және толық жоюды негізгі талап етіп қойды, жерді пайдалануда барлық азаматтардың тең праволылығын және тұтыну және еңбек нормасы бойынша жер теңгермелі түрде қайта бөлінетін қауымдық жер пайдалану принципін жариялады. Барлық жердің халық меншігіне біртіндеп көшуін ұсынған және жердің бір бөлігіне ақы төлеуге болады деп есептеген «104-тің жобасына» қарағанда «33-тің жобасы» жерге жеке меншікті дереу жоюды неғұрлым батыл талап етті және помещиктік жерлерді төлем ақысыз конфискелеуді ұйғарды.

«33-тің жобасы» кадеттер тарапынан қызу қарсылыққа кездесті, олар тіпті мұны материал ретінде Думаның аграрлық комиссиясына беруге де қарсы шықты. Жоба Дума мәжілісінде 78 дауысқа қарсы көпшілік 140 дауыспен қабылданбай тасталды.— *139.*

67 *«Народный Вестник»* («Халық Хабаршысы») — эсерлік күнделікті газет; 1906 жылғы 17(30) майдан 31 майға (13 июньге) дейін Петербургте шығып тұрды, осы атпен аталатын журналдың жалғасы болды. 13 номері шықты.— *139.*

68 *Горемыкиншілдер* — сол кездегі министрлер Советінің председателі И. Л. Горемыкин бастаған патшалық Россиядағы реакциялық-бюрократиялық үкімет топтарының өкілдері. Қаражүздік газет — «Новое Время» осы топтардың органы болды.— *142.*

69 1906 жылы 11 (24) майда Петербургтегі Москва ауданының социал-демократ жұмысшыларының РСДРП IV (Бірігу) съезінің қорытындыларына арналған жиналысы болып өтті. Бұл жиналысқа 300-ге жуық адам қатысты. Большевиктерден — В. И. Ленин, меньшевиктерден — Ф. И. Дан баяндама жасады. Жиналыстың соңында Бірігу съезінің шешімдерін баспасөз бетінде және жұртшылық жиналыстарында сынауға бола ма деген мәселе жөнінде большевиктер мен меньшевиктер арасында қызу айтыс болды. Меньшевиктер съезд шешімдері төңірегіндегі идеялық күресті шектеуге тырысып, тек партия жиналыстарында ғана сынауға болады деп есептеді және осы рухта қарар ұсынды. Ленин қарарға түзету енгізді, онда: съездің барлық шешімдері партия жиналыстарында ғана емес, сонымен қатар «социал-демократиялық газеттер беттерінде және халық жиналыстарында» талқылануға тиіс деп көрсетілді («Волна» № 15, 12 май, 1906 ж.). Қарар Лениннің түзетуімен басым көпшілік дауыспен (39 адам ғана қарсы дауыс берді) қабылданды. Лениннің түзетуіне жауап ретінде меньшевиктік Орталық Комитет қарар қабылдады, осы мақалада Ленин соны сынайды. Орталық Комитеттің қарарына Петербургтегі партия ұйымдарының бәрі дерлік наразылық білдірді. IV съездің шешімдерін сынау

жөніндегі мәселеде большевиктердің позициясын басқа социал-демократиялық ұйымдар да қолдады. Пермьнің социал-демократтары РСДРП Бірігу съезінің барлық қаулыларын кең партия, халық жиналыстарында, митингілерде және социал-демократиялық газеттердің беттерінде сынауды өздерінің правосы деп білетінін мәлімдеді. Иваново-Вознесенск ауданының партия конференциясы, басқа да көптеген ұйымдар осындай шешім қабылдады.— *144.*

70 *«Жаман кеңестер»* деген мақала «Волнаның» 1906 жылғы 21 майдағы 23-номерінде бас мақала ретінде басылды. Мақаланы жариялағаны үшін газеттің номеріне тыйым салынды, ал редактор қылмысты деп табылып, жауапқа тартылды.— *147.*

71 *«Курьер»* — күнделікті жария газет, меньшевиктердің органы, бұрын шығып тұрған «Невская Газетаның» орнына 1906 жылғы 17 (30) майдан 13 (26) июньге дейін Петербургте шықты. 25 номері жарық көрді. «Курьердің» жалғасы «Голос Труда» газеті болды.— *147.*

72 *«Дело Народа»* («Халық Ісі»)—эсерлер партиясының күнделікті жария газеті; 1906 жылғы 3(16) майдан 12(25) майға дейін Петербургте шығып тұрды. 9 номері шықты.— *147.*

73 *«Правительственный Вестник»* («Үкімет Хабаршысы») — күнделікті газет, патша үкіметінің ресми органы; 1869 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды.—*153.*

74 *«Каутский Мемлекеттік дума туралы»* деген мақала «Вестник Жизни» журналының 6-номерінде басылды.

«Вестник Жизни» («Өмір Хабаршысы») — ғылыми, әдеби және саяси журнал, большевиктердің жария органы. 1906 жылғы 30 марттан (12 апрельден) 1907 жылғы сентябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. Жиырма номері: 1906 жылы он үш және 1907 жылы — жеті номері шықты. Журналдың жұмысына В. И. Ленин, В. Д. Бонч-Бруевич, В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов және басқалар қатысты. «Вестник Жизнидің» 12-номерінде Лениннің «Орыс радикалының ақылы кейін келеді!» деген мақаласы басылды. Актуальды саяси тақырыптарға жазылған мақалалармен қатар, журналда әдеби сынға, өнерге, философияға көп орын берілді.

«Вестник Жизни» сан рет полицияның қуғынына ұшырады: редактор бірнеше рет сотқа тартылды. 1906 жылғы 5, 10, 11, 12-номерлеріне, 1907 жылғы 1, 3, 5-номерлеріне тыйым салынды. Петербург сот палатасының 1907 жылғы 24 сентябрьдегі (7 октябрьдегі) қаулысы бойынша журналды шығару тоқтатылды. — *155.*

75 Бұл арада «Волнаның» 1906 жылғы 19 майдағы 21-номеріндегі «Мемлекеттік дума және шаруалар депутаттары» деген бас мақала айтылып отыр.— *162.*

76 Цитат Еңбек тобының 1906 жылы 26 апрельде (9 майда) Думаның 130 депутатының кеңесінде қабылданған программасынан алынған («Наша Жизнь» газетінің 1906 жылғы 27 апрельдегі (10 майдағы) 430-номерін қараңыз).— *162.*

77 *«Плеханов жолдас социал-демократияның тактикасы туралы қалай пайымдайды?»* деген еңбек бірінші рет 1906 жылы 26 майда «Вперед» газетінің 1-номерінде жарияланды, біраз кейініректе сол жылы, жеке кітапша болып шықты. Лениннің мақаласы басылған газеттің номері де, кітапша да полицияның қудалауына ұшырады. «Впередтің» 1-номеріне Лениннің мақаласын, темір прокаттайтын кіші аудан жұмысшыларының қарарын және бас мақаланы басқаны үшін тыйым салынды, ал газеттің редакторы бір жылға қамалда тұтқында отыруға кесілді. 1911 жылы 6(19) октябрьде Петербургтің баспасөз жөніндегі комитеті Лениннің кітапшасына да тыйым салып, оны басып шығаруға кінәлы адамдарды қылмысты деп тауып, жауапқа тартуға қаулы алды. 1912 жылы августа Петербург сот палатасы кітапшапы жойып жіберу жөнінде шешім шығарды.— *165.*

78 *«Колокол»* («Қоңырау») — социал-демократиялық күнделікті жария газет; 1906 жылғы 18(31) январьдан 8(21) июньге дейін Полтавада шығып тұрды. Газетке көбінесе меньшевиктер қатысты.— *165.*

79 К. Маркстің ««Rheinischer Beobachter» газетінің коммунизмі» деген мақаласын қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 194—207-беттер.— *173.*

80 *Франкфурт парламенті* — жалпы герман Ұлттық жиналысы; Германиядағы 1848 жылғы март революциясынан кейін шақырылды және өзінің мәжілістерін 1848 жылы 18 майда Майндағы Франкфуртте бастады. Жиналыстың басты міндеті саяси бытыраңқылықты жою және жалпы герман конституциясын дайындау болды. Бірақ Жиналыстың либерал көпшілігінің қорқақтығы мен қорғалақтығынан, ұсақ буржуазиялық сол қапатының тартыншақтығы мен дәйексіздігінен Жиналыс елде жоғарғы өкіметті өз қолына алудан қорықты және 1848—1849 жылдардағы герман революциясының негізгі мәселелерінде батыл позиция ұстай алмады. Ол жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жеңілдету үшін түк істеген жоқ, Польша мен Чехиядағы ұлт-азаттық қозғалысына қол ұшын бермеді, құлдыққа түсірілген халықтар жөнінде Австрия мен Пруссия жүргізіп отырған езушілік саясатты қолдады. Контрреволюцияның шабуылына тойтарыс

беру үшін және 1849 жылы мартта өзі дайындаған империя конституциясын қорғау үшін халық күштерін жұмылдыруға жиналыстың батылы бармады.

Көп ұзамай Австрия, одан кейін Пруссия үкіметтері өздерінің депутаттарын кері шақырып алды, олардың ізінше басқа да герман мемлекеттерінің либерал депутаттары Франкфурт жиналысын тастап кетті. Жиналыстың құрамында қалған ұсақ буржуазиялық сол қанаттағы депутаттар Жиналыстың орнын Штутгартқа көшірді. 1849 жылы июньде Вюртемберг үкіметінің әскері Жиналысты қуып таратты.— *173.*

81 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 10—14, 20—22, 38—42, 62, 101—102, 335—388-беттер; сонымен бірге қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 315—316-беттер.— *173.*

82 *Радикалдар мен радикал-социалистердің республикалық партиясы* — Францияның буржуазиялық партиясы; ұйымдық жағынан 1901 жылы қалыптасты, іс жүзінде XIX ғасырдың 80-жылдарынан өмір сүре бастады. Бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін негізінен ұсақ және орта буржуазияның мүдделерін көздеді. Бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстар аралығындағы кезеңде партия ішінде ірі буржуазияның ықпалы күшейді. Партияның лидерлері талай рет француз үкіметін басқарды.— *175.*

83 *«Свобода и Культура»* («Бостандық және Мәдениет») — апта сайын шығып тұрған журнал, кадет партиясының оң қанатының органы; 1906 жылғы 1(14) апрельден 31 майға (13 июньге) дейін С. Л. Франктың редакциялауымен Петербургте шықты; журнал жұмысына П. Б. Струве белсене ат салысты. 8 номері шықты. Оны шығару тиражының тым төмендеп кетуі салдарынан тоқтатылды.— *178.*

84 *Мемлекеттік совет* — революцияға дейінгі Россиядағы жоғары мемлекеттік органдардың бірі. 1810 жылы М. М. Сперанскийдің жобасы бойынша заң жөніндегі кеңесші мекеме ретінде құрылды, оның мүшелерін патша тағайындап, бекітіп отырды. 1906 жылғы 20 февральдағы (5 марттағы) заң бойынша Мемлекеттік совет қайта құрылды да, заң жобалары Мемлекеттік думада талқыланғаннан кейін оларды бекітуге немесе қабылдамауға право алды. Бірақ негізгі заңдарды өзгерту және бірқатар ерекше маңызды заңдарды шығару правосы патшаның қолында қалды.

1906 жылдан бастап Мемлекеттік советтің тең жартысы сайланып қойылған дворян, дін басылары, ірі буржуазия өкілдерінен, тең жартысы — патша тағайындаған сановниктерден құралды. Осының салдарынан Мемлекеттік совет

мейлінше реакциялық мекеме болды, ол тіпті Мемлекеттік дума қабылдаған баяу заң жобаларын да қабылдамай тастап отырды.— *182.*

85 *«Призыв»* («Үндеу») — көпшілікке арналған күнделікті газет; 1906 жылғы 15(28) январьдан 15(28) июньге дейін Петербургте шығып тұрды. Марттың аяқ кезінен бастап газетке большевиктер қатысты. Газет Петербург сот палатасының 1906 жылғы 14(27) июньдегі қаулысы бойынша жабылды.— *183.*

86 *«Русское Государство»* («Орыс Мемлекеті») — үкімет газеті, С. Ю. Витте құрды, 1906 жылғы 1(14) февральдан 15(28) майға дейін Петербургте шығып тұрды. — *184.*

87 *Зубатовшылдық* — «полициялық социализм» саясаты, бұл саясат Москва охранка бөлімшесінің бастығы жандарм полковнигі Зубатовтың есімімен аталды, 1901—1903 жылдарда Зубатовтың инициативасы бойынша жұмысшылардың назарын самодержавиеге қарсы саяси күрестен басқа жаққа аудару мақсатымен жария жұмысшы ұйымдары құрылды. Жария жұмысшы ұйымдарын құру жөніндегі Зубатовтың қызметін ішкі істер министрі В. К. Плеве қолдады. Зубатовшылдар жұмысшы қозғалысын тар экономикалық талаптар арнасына бағыттауға, үкімет бұл талаптарды орындауға дайын отыр деген пікірді жұмысшылардың санасына сіңіруге тырысты. Алғашқы зубатовтық ұйым «Механикалық өндірістегі жұмысшылардың өзара жәрдем көрсету қоғамы» деген атпен 1901 жылы майда Москвада құрылды. Зубатовтық ұйымдар сондай-ақ Минскіде, Одессада, Вильнода, Киевте және басқа қалаларда құрылды.

Революцияшыл социал-демократтар зубовшылдықтың реакциялық сипатын әшкерелей отырып, самодержавиеге қарсы күреске жұмысшы табының қалың тобын тарту үшін жария жұмысшы ұйымдарын пайдаланды. Революциялық қозғалыстың өрлеуі ықпалымен патша үкіметі 1903 жылы зубатовтық ұйымдарды жоюға мәжбүр болды.— *186.*

88 *РСДРП Петербург комитетінің Мемлекеттік думаға көзқарас туралы қарары* және соның ізінше басылған В. И. Лениннің *«Думалық министрліктің ұраны туралы»* деген мақаласы Мемлекеттік дума туралы мәселе жөніндегі большевиктердің меньшевиктермен күресін бейнелейді, бұл күрес РСДРП Орталық Комитеті мен Петербург комитетінің арасындағы жанжал формасына айналды.

1906 жылғы 13(26) майда жарияланған декларацияда үкімет кадеттік Думаның адресінде баяндалған оның талаптарын қабылдамай тастады. Бұған жауап ретінде Дума қарар қабылдап, онда Горемыкиннің министрлігіне «сенімсіздік» білдірді, сөйтіп оны Мемлекеттік Думаның сеніміне ие бола-

тып министрлікпен ауыстыруды талап етті. РСДРП-ның меньшевиктік Орталық Комитеті партия ұйымдарына қарар жіберіп, онда Думаның думалық, яғни кадеттік министрлік құру талабын қолдауды ұсынды. В. И. Ленин басқарған Петербург комитеті бұл қарарға қарсы шықты. 1906 жылғы 24 майдағы (6 июньдегі) мәжілісінде Петербург комитеті Орталық Комитеттің меньшевиктік қарарын қабылдамай, Лениннің қарарын қабылдады. Петербург комитетінің құрамына енген 9 меньшевик бұл мәселені Орталық Комитет немесе аудапаралық жалпы қалалық конференция шешкенге дейін большевиктік қарардың жүзеге асырылуын тоқтата тұруды талап етті. Меньшевиктердің бұл талабын да Петербург комитеті қабылдамады. Сонымен қатар Петербург комитеті аудапаралық конференция шақыруға қаулы алды; мәжілістің протоколдары мен документтерін аудандарға мәлім етуді, ал Лениннің қабылданған қарарын және Петербург комитетінің мүшелері — 9 меньшевиктің мәлімдемесін алдағы конференция қарсаңында айтыс өткізуге арналған материал ретінде баспасөзде жариялауды ұйғарды. Жұмысшылар Петербург комитетінің қарарын қызу қолдады. Мәселен, 30 майда (12 июньде) Васильев аралында 5 мыңнан астам адам қатысқан митинг болды. Петербург комитетінің қарары қол шапалақтаумен қарсы алынды. Нақ сол күні Александров заводында митинг болды. Петербург комитетінің қарары бір ауыздан қабылданды. «Жігерленген 2000 адам қызыл ту көтеріп, «Марсельезаны» айтып, заводтан шықты да, жұмысшының бостандық әнінің әуендерін жер-жерге тарата отырып, Нева заставасының тар орамдарына тез сіңіп кетті» («Вперед» № 6, 1 июнь, 1906 ж.).— *189.*

89 Мақала «Вперед» газетінде басылған РСДРП Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің Мемлекеттік думаға көзқарас туралы қарарларына және Петербург комитетінің 9 мүшесінің дәлелдеген мәлімдемесіне «Редакциядан» соңғы сөз ретінде жазылды.— *191.*

90 1906 жылы 24 майда (6 июньде) Мемлекеттік думаның 14-мәжілісінде трудовиктер жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын сайлау правосы негізінде сайланған жергілікті жер комитеттерін дереу құру жөнінде 35 депутат қол қойған ұсыныс енгізді. Жер комитеттері аграрлық реформа жасау үшін дайындық жұмысын жүргізуге, сондай-ақ Думаға ұсынылған аграрлық мәселе жөніндегі жобаларды талқылауға қатысуға тиіс болды. Жергілікті комитеттер жөніндегі және төлем ақы жөніндегі мәселе, В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «аграрлық мәселенің нағыз өзегі» еді, өйткені әңгіме реформаны кім жасайды: шаруалар ма әлде помещиктер ме дегенге тіреліп отыр еді.

Кадеттер Еңбек тобының ұсынысын Думада да, баспасөз бетінде де қатты сынға алды. 35-тің мәлімдемесі жарияланғаннан кейін, келесі күні-ақ кадеттердің орталық органы «Речь» трудовиктердің жобасына үзілді-кесілді қарсы шығып, мұндай комитеттер мәселенің шешімін «солға» қарай ойыстыра алады деп жазды.

Большевиктер жергілікті комитеттер құру идеясын қолдады, мұны бұқараны одан әрі революциялық күреске ұйымдастыру формаларының бірі деп білді. Ленин былай деп жазды: «Қалаларда жұмысшы үкіметтері, деревняларда шаруа комитеттері (белгілі бір кезеңдерде жалпыға бірдей және т. с. дауыс беру арқылы сайланатын орындарға айналатын),— міне, жеңімпаз революция ұйымының, ягни пролетариат пен шаруалар диктатурасының бірден-бір мүмкін формасы осындай. Бостандық үшін күресіп жатқан таптардың ұйымының бұл формаларын либералдардың жек көруі таңданарлық нәрсе емес!» (Шығармалар, 13-том, 400-бет).— *195.*

91 *«Le Temps»* («Заман») — консервативтік күнделікті газет; 1861 жылдан 1942 жылға дейін Парижде шығып тұрды. Францияның билеуші топтарының мүддесін көздеді және іс жүзінде сыртқы істер министрлігінің ресми органы болды.— *197.*

92 Горемыкин министрлігінің отставкаға шығуы жөніндегі хабар 1906 жылы 27 майда (9 июньде) «Биржевые Ведомостидің» кешкі басылымының 9311-номерінде жарияланды. 28 майда (10 июньде) бұл хабар ресми түрде теріске шығарылды.— *197.*

93 *«Тақ пен алтарь»* («Thron und Altar») деген сөздер «Вперед» газетінде әдейі цензуралық мақсатпен жазылды. — *204.*

94 *«Вперед»* («Алға») — большевиктік күнделікті жария газет; 1906 жылғы 26 майдан (8 июньнен) үкімет жауып тастаған «Волна» газетінің орнына шыға бастады, сол газеттің жалғасы болды. Газетте В. И. Ленин басшылық роль атқарды; редакцияның жұмысына М. С. Ольминский, В. В. Воровский, А. В. Луначарский белсене қатысты. Газетте Лениннің 15 мақаласы басылды. Газет үнемі қудалауға ұшырады; 17 номерінің 10-ына тыйым салынды. Полицияның қуғындауына байланысты большевиктер өздерінің жария органын басқа атпен шығаруға күн ілгері дайындалған болатын. 2 (15) июнь күні «Вперед» газетінде «жақын арада Петербургте күнделікті жұмысшы газеті — «Эхо» шыға бастайтындығы» туралы хабарландыру жарияланды. Бұл хабарландыру номер сайын, газет жабылғанға дейін басылып тұрды. 1906 жылы 14(27) июньде Петербург сот палатасының қаулысымен газеттің шығарылуы тоқтатылды. «Впередтің» орнына «Эхо» газеті шыға бастады.— *209.*

95 Цитат «Биржевые Ведомости» газетінің 1906 жылғы 1(14) июньдегі 9318-номерінде (таңертеңгі басылым) басылған «Сенуге бола ма?» деген заметкадан алынған.— *215.*

96 Бұл қарардың Мемлекеттік думаға көзқарас туралы мәселе жөнінде РСДРП Орталық Комитеті мен Петербург комитетінің арасындағы жанжалмен байланысы бар. Ол Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі РСДРП Петербург комитетінің қарарымен (қараңыз: осы том, 189—190-беттер) бірге большевиктердің тактикалық платформасын құрды, осының негізінде айтыс жүргізілді және Петербург ұйымының аудандаралық конференциясына сайлау өткізілді. Қарар «Вперед» газетінде мынадай редакциялық ескертпемен басылды: ««Вперед» редакциясы осы қарардың негізгі қағидаларын тұтасынан қолдайды және оны жұмысшылар жиналыстары мен митингілеріне ұсыну жөнінде жолдастарға кеңес береді».— *225.*

97 *«Қарсаңда»* деген мақаланы В. И. Ленин Киевте шығарылуға дайындалып жатқан большевиктік күнделікті жария газет — «Работникке» арнап жазған болатын. Мақала газет редакциясына телеграф арқылы берілді және 1906 жылы 8(21) июньде газеттің бірінші номерінің бірінші бетінде басылды.

«Работниктің» не бары екі номері шықты. Бірінші номері конфискеленді, әйтсе де полиция келгенге дейін газет тиражының үлкен бір бөлігін баспаханадан алып шығып үлгерді. 1906 жылы 9 (22) июньде екінші номері шыққаннан кейін (ол да конфискеленді) газет жабылды.— *227.*

98 Бұл арада, сірә, 1906 жылы 8 (21) июньде «Наша Жизнь» газетінде жарияланған және сол күні-ақ «Биржевые Ведомостидің» кешкі басылымында көшіріліп басылған заметка айтылып отырса керек, онда былай делінген: «7 июньде мынадай сыбыс тарады, соғыс министрі патшаның атына записка тапсырыпты, онда ол армияда толқу бар екенін көрсете келіп, тәртіпсіздіктерді басудың ойдағыдай болатынына қауіптене қарайтынын, сондықтан Думаны таратудың да қауіпті екенін айтыпты».— *230.*

99 Дума туралы ереженің 13-статьясы енгізген *«салтанатты уәдеге»* Мемлекеттік думаның барлық мүшелері қол қоюға тиісті еді. Онда депутаттардың өздеріне жүктелген міндеттерді патшаға деген «адалдықпен» орындайтындығы жөніндегі міндеттемесі айтылған. Кавказ социал-демократтары — I Мемлекеттік думаның депутаттары — «салтанатты уәдеге» қол қойылғаннан кейін В. И. Ленин цитатқа алған мәлімде-

мені баспасөзде жариялады (қараңыз: «Курьер № 20, 8 (21) июнь, 1906 ж.).— *233.*

100 *«Жұлдызды палата»* деп Россияда 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде және реакция жылдарында II Николайға астыртын үлкен ықпал жасаған сарай маңындағы сұрқиялар тобы — ат төбеліндей реакцияшыл ұлықтар аталды. «Жұлдызды палата» революцияға қарсы өршелене күрескен және өздерінің барлық пұрсатты дербестігін қорғаған крепостник-помещиктер мен бюрократияның жоғары тобының мүддесін көздеді; ол ағылшынның «Жұлдызды палатасына» — Англияның XV—XVII ғасырларда король тарапынан кең уәкілдік берілген, саяси және діни істерді қараумен шұғылданған жоғары сот-әкімшілік мекемесіне сәйкестендіріліп аталды.— *235.*

101 *«Volkszeitung»* («Халық Газеті») — күнделікті газет, Бундтың органы; 1906 жылғы 19 февральдан (4 марттан) 1907 жылғы 19 августқа (1 сентябрьге) дейін еврей тілінде Вильнода шығып тұрды.— *236.*

102 Үкіметтің қоғамға *«сенім» дәуірін* 1904 жылдың күзінде ішкі істер министрі П. Д. Святополк-Мирский жариялады. Патша үкіметі революциялық қозғалыстың өрістеуіне байланысты халықты алдауды және либерал буржуазияны өз жағына тартуды көздеп, бірқатар екінші дәрежедегі жеңілдіктер жасауға барды: цензураны шамалы бәсеңдетті, ішінара амнистия жасады, земство қайраткерлерінің съезіне рұқсат берді. Либералдар үкіметтің бұл, өздерінің ойлағанындай «жаңа» бағытын құттықтады; өздерінің банкеттерінде конституция жөнінде, өкіметке жақындау қажеттігі жөнінде айта бастады. Меньшевиктер осы «банкет науқанына» үлкен үміт артып, либерал буржуазияға ықпал жасау, сөйтіп, либералдардың халық атынан патша үкіметіне саяси талаптар қоюына жету жоспарын ұсынды. Большевиктер меньшевиктік жоспарға қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізді. Олар: либерал буржуазияға үміт арту — буржуазиялық қозғалыстың соңында салпақтап жүру деген сөз деп көрсетті, сөйтіп жұмысшыларды самодержавиеге қарсы күресуші барлық революциялық күштерді бастауға шақырды. Большевиктер үкімет саясатының «сенім» дәуірі туралы мылжың сөздердің бүкіл екіжүзділігін әшкереледі. «Земствоны алдап-сулап, оған болмашы жеңілдіктер (және тек сөз жүзінде дерлік) жасай отырып.— деп жазды Ленин 1904 жылдың күзінде,— үкімет іс жүзінде халыққа әлі еш нәрсе берген жоқ қой; белгілі бір патшаның өткінші либералдық лебінен кейін Русьте нешеме ондаған, жүздеген рет осындай болғаны сияқты, үкімет реакцияға әлі талай-талай әбден қайта орала алады (дұрысырақ айтқанда, реакцияны жалғастыра алады)» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 89-бет). 1904 жы-

лы 12(25) декабрьде II Николай указға қол қойып, онда «империяның негізгі заңдарының мызғымайтынын» атап көрсетті және «өз бетімен іс-қимыл жасаудың бәрін» қатаң жазалауды талап етті. Указда земстволық және қалалық мекемелердің праволарын біраз кеңейту жөнінде көмескі уәделер айтылса да, Россияға конституция беру жөніндегі мәселе тіпті ауызға алынған жоқ. Патшаның Ленин «либералдардың шапалақ жеуі» деп атаған бұл указы үкіметтің «сенім» дәуірін мүлде тоқтатуға ұйғарғанын дәлелдеді.— *244*.

103 1905 жылы 6(19) августа патша манифесі, Мемлекеттік дума құру туралы заң және Дума сайлауы туралы ереже жарияланды. Дума ішкі істер министрі А. Г. Булыгиннің есімімен Булыгин Думасы деп аталды, патша оған Думаның жобасын жасауды тапсырған-ды. Думаға сайлау үшін тек помещиктерге, капиталистерге және аздаған үй иесі-шаруаларға ғана сайлау правосы берілді. Заң бойынша белгіленген 412 депутаттық орынның не бары 51 орны шаруаларға берілді. Халықтың көпшілігі — жұмысшылар, кедей-шаруалар, батырақтар, демократияшыл интеллигенция сайлау правосынан айрылды; әйелдер, әскери қызметтегілер, оқушылар, жиырма бес жасқа толмағандар және патшалық Россияның бірқатар езілген ұлттары сайлауға қатыстырылмайтын болды. Мемлекеттік думаның ешқандай заң қабылдауға правосы болған жоқ, ол тек патшаның жанындағы кеңесші орган ретінде ғана кейбір мәселелерді талқылай алатын еді. Ленин Булыгин Думасын сипаттай келіп, бұл ««халық өкілдігін» барып тұрған арсыздықпен қорлаушылық» деп жазды (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 196-бет).

Большевиктер бүкіл үгіт науқанын: қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген ұрандар төңірегіне шоғырландырып, жұмысшылар мен шаруаларды Булыгин Думасына белсенді бойкот жасауға шақырды. Меньшевиктер Дума сайлауына қатысуға болады деп санады және либерал буржуазиямен ынтымақтасу жағында болды.

Булыгин Думасына бойкот жасау науқанын большевиктер барлық революциялық күштерді жұмылдыруға, бұқаралық саяси стачкалар өткізуге және қарулы көтерілісті әзірлеуге пайдаланды. Булыгин Думасына сайлау өткізілмеді, сондықтан үкімет Думаны шақыра алмады; революцияның күшейіп, өрге басуы және 1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы Думаның талқанын шығарды. Булыгин Думасы туралы мәселе жөнінде В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: «Конституциялық базар», «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс», ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»», «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революция-

шыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» және т. б. (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 72—77-беттер, 11-том, 176—185, 192—202, 211—225-беттер).— *244*.

104 Мақала 1906 жылы 16(29) июньде Мемлекеттік думаның 28-мәжілісінде социал-демократиялық фракция декларациясының жариялануына байланысты жазылды. Социал-демократиялық депутаттардың думалық қызметінің программасы баяндалған бұл декларацияны Думада жиналыс бостандығы жөніндегі заң жобасы талқыланып жатқан кезде С. Д. Джапаридзе оқып берді. Декларацияны дайындау үстінде құрамында меньшевиктер болған думалық социал-демократиялық фракция, декларацияның В. И. Ленин жазған большевиктік жобасын қабылдамай (Ленин ол жобаны біраз қысқартулармен осы мақалада келтіріп отыр), меньшевиктік Орталық Комитет мақұлдаған декларация жобасын қабылдады.— *247*.

105 Бұл арада 1906 жылы 9 (22) июньде Думаның 24-мәжілісінде Вологдадағы, Калязиндегі, Царицындағы, Россияның және басқа қалаларындағы еврей ойрандары мен полицияның жүгенсіздігі жөніндегі мәселе талқыланғанда И. И. Рамишвилидің социал-демократиялық фракция қарарының жобасын ұсынып, сөйлеген сөзі айтылып отыр. Рамишвили өзінің сөзінде, атап айтқанда, Белостоктағы ойранға тоқтала келіп, бұл қырғын ішкі істер министрінің және жалпы өкіметтің істеп отырған ісі деді. Думалық социал-демократиялық фракция ұсынылып отырған қарарда жоғары әкімшіліктің бүкіл құрамын істеген қылмыстары үшін сотқа беруді талап етті.

Кейініректе, 1906 жылы 29 июньде (12 июльде) Думаның 35-мәжілісінде, социал-демократиялық фракция Белосток ойранына әдейі арналған қарар ұсынды (қарар жобасын С. Д. Джапаридзе ұсынды). — *247*.

106 1906 жылы 12 (25) июньде Мемлекеттік думаның 25-мәжілісінде ішкі істер министрі П. А. Столыпин аштықпен күресуде қолданылып жатқан шаралар жөнінде сұраққа жауап бере келіп, Думадан ашыққандарға көмек беру үшін үкіметке қаржы бөлуді өтінді. Жарыс сөзде сөйлеген трудовик А. Ф. Аладьин ашыққандарға көмек беру ісін Дума өз қолына алуы үшін «министрлікке бір тиын да бермеуге» шақырды. Бірақ кадет В. Д. Набоков бұл мәселені басқа мәселемен (бөлінген қаржыны пайдалануға бақылау жасау жөніндегі мәселемен) ауыстырып, өз атынан және Аладьиннің атынан кезектегі істерге көшу жөніндегі кадеттік формуланы өткізіп жіберді. Социал-демократ депутаттар бірден қарсылық білдірген жоқ және өздерінің қарарын да ұсынбады. Думалық социал-демократиялық фракцияның бұл қатесін В. И. Ленин «Ашығушыларға жәрдем және Думаның такти-

касы» деген мақаласында атап көрсетті (қараңыз: осы том, 260—265-беттер). Бұдан былай социал-демократиялық фракция бұл мәселеде дұрыс позиция ұстады; ол 23 июньде (6 июльде) Мемлекеттік думаның 32-мәжілісінде қарар енгізіп, онда ойраншылар үкіметіне ақша бермеуді, ал ашыққандарға көмек беру үшін Дума жанынан азық-түлік комитетін құруды ұсынды, ал комитет мүшелері жергілікті жерлерге барып, ашыққандардың ішінен жергілікті комитеттер құруға тиіс болды. Ленин «Кадеттік Дума ойраншылар үкіметіне ақша берді» деген мақаласында осы жөнінде айтады (қараңыз: осы том, 279—283-беттер).— *247.*

107 *«Мысль»* («Ой») — күнделікті саяси және әдеби газет, эсерлер партиясының жария органы; жауып тасталған «Голос» газетінің орнына 1906 жылғы 20 июньнен (3 июльден) 6 (19) июльге дейін Петербургте шығып тұрды. 15 номері шықты.— *254.*

108 *Праволық тәртіпшілер* — «праволық тәртіп» партиясының— ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының, помещиктердің және бюрократияның жоғары топтарының контрреволюциялық партиясының өкілдері. Партия 1905 жылы күзде құрылып, 17 октябрь манифесі жарияланғаннан кейін біржолата қалыптасты. Партия «праволық тәртіп» дегенді желеу етіп, шынында патшалық режимді үзілді-кесілді қорғады. Партия I Мемлекеттік думаның таратылуын құттықтады: II Мемлекеттік дума сайлауы кезінде ол қаражүздік «Нағыз орыс адамдарының одағымен» блок жасасып, октябристерге де осы блокқа кіруді ұсынды. 1907 жылы партия тарап кетті, оның мүшелерінің бір бөлегі октябристерге, қалған бір бөлегі — барып тұрған қаражүздіктерге қосылды. — *254.*

109 *«Голос Труда»* («Еңбек Үні») — меньшевиктік күнделікті жария газет; бұрынғы «Курьер» газетінің орнына 1906 жылғы 21 июньнен (4 июльден) 7 (20) июльге дейін Петербургте шығып тұрды. 16 номері шықты.— *268.*

110 *«Светоч»* («Шырақ»)—күнделікті саяси газет, большевиктердің жария органы. Газет 1906 жылғы 11 (24) майдан бастап Москвада шығарылды. 17 номері шықты. Газет редакциясына И. И. Скворцов-Степанов, М. Н. Покровский, Н. А. Рожков және басқалар кірді. Бірінші номерін өкімет орындары конфискеледі. Газет 1906 жылы 31 майда (13 июньде) Москва сот палатасының қаулысы бойынша жабылды. 1906 жылғы 1 (14) июньнен «Светоч» газетінің орнына «Свободное Слово» газеті шыға бастады (4 номері шықты).— *270.*

111 *ДРП* (Демократиялық реформалар партиясы) либерал-монархиялық буржуазияның партиясы; 1906 жылдың басында

I Мемлекеттік дума сайлауы кезінде кадеттер программасын тым солшыл деп санаған элементтерден құрылды. Партияның басшылығына К. К. Арсеньев, И. И. Иванюков, М. М. Ковалевский, В. Д. Кузьмин-Караваев, А. С. Посников және басқалар белсене ат салысты. 1907 жылдың аяғына таман партия өмір сүруін тоқтатты.— *272.*

112 *Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бесінші съезі* 1906 жылы 18—24 июньде Закопанда (Галиция) өтті. Съезде шешуші дауыспен 51 делегат, кеңесші дауыспен 13 делегат болды. Съездің жұмысына большевиктік «Вперед» газетінің өкілі В. В. Воровский қатысты. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының есепті баяндамасын Ф. Э. Дзержинский (съезде — Франковский) жасады (қараңыз: Ф. Э. Дзержинский. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1957, 95—117-беттер). Съезд революцияның бір жарым жылы ішіндегі Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының қызметіне қорытынды жасады. Осы кезең ішінде Польша Корольдігі мен Литва Социал-демократиясының мүшелерінің саны күрт көбейді: мүше саны 1904 жылғы 1000-нан 1906 жылдың жазына қарай 30 мыңға дейін жетті. Съезд революциядағы большевиктердің тактикасын қолдады, РСДРП меньшевиктік Орталық Комитетінің оппортунистік әрекетіне қарсы шықты, сондай-ақ РСДРП IV (Бірігу) съезінің меньшевиктік шешімдерін сынға алды. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы V съезінің қарарында Мемлекеттік думаға көзқарас жөнінде: «Думаны революция дамуының бел орталығы деп санап, РСДРП бірігу съезі қателесіп отыр» деп атап көрсетілді («Эхо» № 4, 25 июнь, 1906 ж.) — *285.*

113 *РСДРП Петербург ұйымының аудан аралық конференциясы* 1906 жылы 11—12 (24—25) июньде болып өтті. Конференция өзінің жұмысын Петербургте бастап, ал кейін құпиялылықты сақтау мақсатымен мәжілістерін Финляндияға, Териокиге көшірді. Конференцияны Петербург комитеті Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі пролетариаттың тактикасын жасау үшін шақырды. Конференцияға сайлау алдында екі тактикалық платформа туралы: кадеттік думалық министрлікті қолдау туралы Орталық Комитеттің меньшевиктік қарары және «Мемлекеттік думаға көзқарас туралы» және «Думалық министрлік туралы мәселе жөнінде» В. И. Ленин жазған Петербург комитетінің большевиктік қарарлары (қараңыз: осы том, 189—190, 225—226-беттер) туралы айтыс болды. Айтыстың нәтижесінде большевиктердің тактикалық бағытын жақтап 1760 дауыс, меньшевиктік Орталық Комитеттің платформасын жақтап 952 дауыс берілді.

Конференцияға партияның 4 мыңға жуық мүшесінің атынан 80-ге тарта делегат қатысты. Ленин конференцияның

председателі болып сайланды және оның жұмысына басшылық етті. Ол РСДРП Петербург комитетінен «Партияның Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі тактикасы туралы» баяндама жасады. Ф. И. Дан меньшевиктік Орталық Комитеттің позициясын қорғап, Ленинге қарсы сөйледі. Петербург комитетінің тактикасын қолдаған қарар көпшілік дауыспен қабылданды.

Ленин конференцияда сондай-ақ «Партия бірлігі туралы» баяндама жасады. Конференция осы баяндама бойынша қабылданған қарарында: РСДРП IV съезі сайлаған Орталық Комитет тек партия азшылығының ғана пікірін білдіреді деп атап көрсетіп, партияның жаңа съезін шақыру талабын қойды. Конференция сондай-ақ Петербург партия ұйымы мен думалық социал-демократиялық фракция арасында берік байланыс орнату туралы шешім қабылдады. — *285.*

114 *РСДРП Москва облыстық конференциясы* (солтүстік комитеттердің конференциясы), 1906 жылы июньнің бірінші жартысында болып өтті. Конференцияға 14000 ұйымдасқан жұмысшы атынан Москва, Москва округтік, Вологда, Ярославль, Кинешма, Кострома, Владимир округтік, Иваново-Вознесенск, Борисоглебск, Нижний Новгород, Орел, Козлов комитеттерінің және Шуя қаласындағы социал-демократиялық топтың өкілдері қатысты.

Конференция думалық министрліктің талаптарын қолдаған меньшевиктік Орталық Комитеттің тактикасын айыптап, мынадай қарар қабылдады: «Солтүстік одақ Орталық Комитеттің платформасымен келісе алмайтынын, өйткені оны партия съезінің директиваларына сай деп санамайтынын мәлімдейді, сондықтан ең солшыл Думаны қолдауды ұсынады» («Эхо» № 3, 24 июнь, 1906 ж.). Конференция ең солшыл Думаға халыққа манифест арнауды ұсынды, ол онда «Думаның бүкіл осалдығын, мүлдем түк те істей алмайтынын түсіндіріп, халықты дербес бой көрсетуге шақыруға тиіс» болды (бұл да сонда).— *285.*

115 *«Эхо»* («Жаңғырық») — большевиктік күнделікті жария газет, үкімет жауып тастаған «Вперед» газетінің орнына 1906 жылғы 22 июньнен (5 июльден) 7 (20) июльге дейін Петербургте шығып тұрды. 14 номері шықты. Газеттің редакторы іс жүзінде В. И. Ленин болды. Әрбір номерінде Лениннің мақалалары басылып тұрды; газетте Лениннің барлығы жиырмадан астам мақалалары мен заметкалары жарық көрді.

«Эхо» газетінің барлық номерлері дерлік қудалауға ұшырады: шығарылған он төрт номерінің он екісіне өкімет орындары тыйым салды.— *301.*

116 *Мұғалімдердің және халыққа білім беру ісі қайраткерлерінің Бүкіл россиялық одағы* 1905 жылдың көктемінде пайда болды. Одақта эсерлер партиясының өкілдері басым болды,

олардың ұсақ буржуазиялық өресіздігі, революциялық сөзуарлыққа үйірлігі Одақтың программасына әсер етті. Өзінің қызметін кәсіпшілік күрес мүдделерімен шектеу тенденциясы Одақта айқын білінді. Дегенмен бұл ұйым жалпы саяси мәселелерге соқпай өте алмады, сөйтіп революциялық ағымдардың ықпалымен революциялық демократияның ұрандарына үн қосты. Одақ мүшелері халықтың жер, ерік және өкімет үшін күресіне өздерінің қатысу ниеті бар екенін мәлімдеп, мұғалімдерді «халық санасын жетілдіруге және еңбекші халықтың ұлы мұраты жолындағы күресті ұйымдастыруға жәрдемдесуге» шақырды («1906 ж. 7—10 июньдегі мұғалімдер мен халыққа білім беру ісі қайраткерлерінің Бүкіл россиялық одағының III делегаттық съезінің протоколдары» 1906, 135-бет). Одақ «жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде, жынысына, ұлтына және дін тұтынуына қарамай» (бұл да сонда) құрылтай жиналысын шақыру талабын қолдады. Одақ Россияда халық ағарту ісін түбірінен қайта құруды: жалпыға бірдей ақысыз және міндетті бастауыш білім беруді және ақысыз орта және жоғары білім беруді, ана тілінде оқытуды енгізуді, барлық мектеп типтерін үйлестіріп, жалпы білім беретін жоғары типті мектеп төменгі типті мектептің тікелей жалғасы болуын, т. б. өзінің негізгі міндеттерінің бірі деп білді. Жарияланған мақсаттарға жету үшін ұсынылатын құралдар ретінде: қазіргі мектеп құрылысын ашық сынау, оқу ісі жөніндегі бастықтардың бассыздықтарына қарсы мұғалімдер мен оқушылардың коллективтік наразылығын ұйымдастыру, Одақтың идеяларын халық арасында кең насихаттау, т. т. хабарланды.

1906 жылы 6 (19) июньде В. И. Ленин Карпов деген фамилиямен халық мұғалімдерінің Бүкіл россиялық съезінің бір топ делегаттары алдында аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасады. Лениннің осы баяндамасының мазмұнын эсерлердің «Голос» газеті (№ 15, 8 (21) июнь, 1906 ж.) берді.— *305.*

117 *Бүкіл россиялық темір жол одағы* 1905 жылы 20—21 апрельде (3—4 майда) Москвада өткен I Бүкіл россиялық темір жол съезінде құрылды. Съезд саяси бостандықтарды жүзеге асыру, құрылтай жиналысын шақыру, темір жолдарда еңбек жағдайын жақсарту және т. б. бірқатар саяси және экономикалық талаптар қойды. 1905—1907 жылдардағы революция дамыған сайын Темір жол одағында большевиктік ықпал да күшейе берді. 1905 жылы 22—24 июльде (4—6 августа) Москвада өткен II Бүкіл россиялық темір жол съезі бүкіл россиялық саяси темір жол ереуілін өткізу үшін үгіт жүргізуге дереу кірісу жөнінде шешім қабылдады. 1905 жылы сентябрь — октябрьде Петербургте өткен Бүкіл россиялық темір жол съезі (делегаттық деп аталатын съезд) революциялық бұқараның тегеурінімен бірқатар талаптар да-

йындап, үкіметтің алдына қойды, ол талаптар: 8 сағаттық жұмыс күні, темір жол әкімшілігінің жоғарыдан төменге дейін сайланып қойылуы, ереуілге қатысқаны үшін тұтқынға алынғандарды дереу босату, соғыс жағдайын және күшейтілген күзетті жою, саяси бостандық беру, амнистия жасау, ұлттың өзін өзі билеуіне ерік беру, жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде сайланған құрылтай жиналысын дереу шақыру. В. И. Ленин Октябрь жаппай саяси стачкасында темір жол жұмысшылары мен Темір жол одағының жетекші роль атқарғанын атап көрсетті. 29 темір жол өкілдерінің Бүкіл россиялық конференциясы большевиктердің Москва жалпы қалалық конференциясының жаппай саяси ереуіл жариялау туралы шешімін қолдады және 1905 жылғы 6 (19) декабрьде ереуілге қосылу туралы және бүкіл россиялық темір жол стачкасын дереу жариялау туралы қаулы алды. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін Темір жол одағы іс жүзінде астыртын жағдайға көшті. 1906 жылы августа темір жолшылардың конференциясы болып өтті, онда I Мемлекеттік думаның таратылуына байланысты жаппай ереуіл жасау және көтерілісті дайындау туралы мәселе қойылды (№ 143 ескертуді қараңыз). 1906 жылдың аяғына қарай Темір жол одағы эсерлердің ықпалына түсіп, өзінің революциялық мәнін жойып алды. 1907 жылы февральда РСДРП Орталық Комитеті шақырған ең маңызды социал-демократиялық темір жол ұйымдарының конференциясы барлық революцияшыл социал-демократтардан Темір жол одағынан шығуды талап етті.— *305.*

118 Бұл арада I Мемлекеттік дума сайлауы кезеңінде 1906 жылы 11 (24) мартта жарияланған 8 (21) марттағы патша указы айтылып отыр. Думаға бойкот жасауға қарсы бағытталған заң «Мемлекеттік совет немесе Мемлекеттік дума сайлауына қарсы әрекет жасауға немесе осы сайлауға қатысудан жаппай бас тартуға шақырған» айыптыларды 4 айдан 8 айға дейін түрмеге жабуды көздеді («Россиядағы Мемлекеттік думаның документтері мен материалдары». М., 1957, 136-бет).— *307.*

119 Бұл арада 1906 жылғы 29 июньде (12 июльде) меньшевиктік «Голос Труда» газетінің 8-номерінде басылған «Думаның халыққа үндеуі» деген бас мақала айтылып отыр.— *311.*

120 1906 жылы июньде эсерлер Петербургте жұмысшы депутаттары Советін қалпына келтіру жолында үгіт жүргізе бастады. Меньшевиктер бұл идеяны қолдады. Большевиктер қарсы шықты. 1906 жылы 21 июньде (4 июльде) РСДРП Петербург комитеті шешім қабылдады, онда жұмысшы депутаттары Советінің жауынгерлік маңызын атап айтып, оны құрудың мезгілі әлі жетпегенін көрсетті және эсерлердің үгітінің

арандатушылық сипатын әшкереледі. Петербург комитетінің шешімі («Эхо» газетінің 1906 жылғы 27 июньдегі 5-номерінде жарияланды) жиналыстар мен митингілерде кең талқыланды және жұмысшылардың басым көпшілігі оны мақұлдады. 1905 жылғы октябрь — ноябрьдегі жұмысшы депутаттары Петербург Советінің бұрынғы председателі меньшевик Г. С. Хрусталев-Носарь эсерлердің үгітін жақтап, Петербург комитетінің шешіміне қарсы шықты.— *318.*

121 Бұл арада әңгіме *I Мемлекеттік думаның* жер мәселесі бойынша заң жобасын жасау үшін құрылған *аграрлық комиссиясы* жайында болып отыр. 1906 жылы 6 (19) июньде Думаның 22-мәжілісінде комиссияға 91 мүше (олардың ішінде кадеттер басым болды: 41 адам) сайланды, одан соң, қабылданған шешімге сәйкес, оның құрамы тағы да 8 адамға толықтырылды (Кавказдан — 3, Сибирьден — 3 және Орта Азиядан — 2). Аграрлық комиссияның председателі кадет А. А. Муханов болды.— *326.*

122 *«Россия»* — реакциялық, қаражүздік сипаттағы күнделікті газет; 1905 жылғы ноябрьден 1914 жылғы апрельге дейін Петербургте шығып тұрды. 1906 жылдан — ішкі істер министрлігінің органы. Газет үкіметтің ішкі істер министрінің қарамағына берілген құпия («сатқын») қорынан қаржыландырылып тұрды. В. И. Ленин «Россияны» «полициялық-сатқын газет» деп атады.— *333.*

123 В. И. Лениннің *«Думаның таратылуы және пролетариаттың міндеттері»* деген кітапшасын Москвада «Новая волна» баспасы басып шығарды. 1906 жылы 12 (25) августа Москваның баспасөз жөніндегі комитеті кітапшаға тыйым салып, авторын және кітапшаны басып шығаруға қатысқан адамдарды сотқа тарту жөнінде іс қозғады. Сол жылы 6 (19) сентябрьде Москва сот палатасы кітапшаға тыйым салуды бекітті. Бұған қарамастан, «Думаның таратылуы және пролетариаттың міндеттері» деген кітапша Москвада, Петербургте және провинцияларда тарап кетті. Подольск губернаторы баспасөз жөніндегі Бас басқармаға жолдаған шағым хаттарының бірінде губернияның кітап магазиндерінде «басылып тұрған революциялық сипаттағы және тіпті қарулы көтеріліске ашық шақырған кітапшалар сатылып жүр» деп хабарлап, осындай әдебиеттің мысалы ретінде Лениннің «Думаның таратылуы және пролетариаттың міндеттері» деген кітапшасын атайды (қараңыз: «Красный Архив», 1934, № 1, 195—196-беттер).— *337.*

124 I Мемлекеттік думаны тарату жөніндегі патша указына 1906 жылы 8 (21) июльде қол қойылып, 9 (22) июльде жарияланды. Указда жаңа Мемлекеттік дума шақырылатын

күн 1907 жылғы 20 февральға (5 мартқа) белгіленгені туралы да хабарлапды.— *339.*

125 В. И. Ленин I Мемлекеттік думаның бұрынғы мүшелерінің «Халыққа халық өкілдерінен» деп аталатын үндеуін айтып отыр, ол Выборг үндеуі ретінде белгілі болды. Үндеу Дума таратылғаннан кейін, 1906 жылы 9—10 (22—23) июльде Выборг қаласында болған кеңесте қабылданды, мұнда 200-ге жуық депутат бас қосты, олардың көпшілігі кадеттер еді. Үндеудің текстін сол кеңесте құрылған, құрамына кадеттер, трудовиктер және меньшевиктер кірген комиссия дайындады. Үндеу Думаның таратылуына қарсылық көрсету ретінде халықты салық төлеуден бас тартуға, рекруттар бермеуге, Думаның келісімінсіз жасалған заемдарды мойындамауға шақырды. Осы сияқты «енжар қарсылық» шараларымен кадеттер бұқаралық революциялық қозғалыстың тасқынын тыпыш арнаға түсірмекші болды. Кейініректе В. И. Ленин былай деп атап көрсетті: «Артқы есіктен Треповке жасырын жүгіргіштеп, трудовиктер мен жұмысшы депутаттарына қарсы күресе отырып, либерализм бірінші Думада халық бостандығы туралы мылжыңдады. Ол Выборг манифесі арқылы екі қоянды бірдей өлтіруге тырысты, өзінің мінез-құлқын — ретіне қарай — революцияны қолдау рухында да, революцияға қарсы күресу рухында да түсіндіруге тырысты». (Шығармалар, 15-том, 54-бет). Өздерінің 1906 жылғы сентябрьдегі съезінде-ақ кадеттер «енжар қарсылық» жасауға қарсы шығып, Выборг үндеуі қойған талаптардан бас тартты (157-ескертуді қараңыз).— *340.*

126 *«Московские Ведомости»* («Москва Ведомостары») — орыстың ең байырғы газеттерінің бірі; 1756 жылдан бастап Москва университеті (бастапқы кезде кіші-гірім листок түрінде) шығарып тұрды. 1863—1887 жылдары «Московские Ведомостидің» бастырып шығарушы-редакторы барып тұрған реакционер әрі шовинист М. Н. Катков болды. Бұл жылдары газет монархиялық-ұлтшылдық органға айналды, помещиктер мен дін басыларының ең реакциялық топтарының көзқарастарын жүргізді; 1905 жылдан бастап «Московские Ведомости» — қаражүздіктердің ең басты органдарының бірі. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін шығып тұрды.— *341.*

127 *«Гражданин»* («Азамат») — реакциялық журнал; 1872 жылдан 1914 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. XIX ғасырдың 80-жылдарынан — барып тұрған монархистердің органы; князь Мещерский редакциялады, үкімет қаржыландырды. Онша көп тараған жоқ, бірақ чиновниктік-бюрократтық топтарға ықпал жасады.— *341.*

128 *«Потемкин» броненосеціндегі көтеріліс* 1905 жылы 14 (27) июньде басталды. Көтеріліс жасаған броненосец Одессаға келді, осы кезде мұнда жаппай стачка болып жатыр еді. Бірақ Одесса жұмысшылары мен матростардың бірігіп қимыл жасауына болатын қолайлы жағдай пайдаланылмады. Одесса большевиктік ұйымы көптеген тұтқындалудың салдарынан әлсіреген еді, онда бірлік болмады. Ал меньшевиктер қарулы көтеріліске қарсы болып, жұмысшылар мен матростарды пәрменді күрестен тежеп отырды. Патша үкіметі «Потемкиндегі» көтерілісті басуға бүкіл Қара теңіз флотын жіберді, бірақ матростар көтеріліс жасаған кемеге оқ атудан бас тартты да командирлер эскадраны кейін алып кетуге мәжбүр болды. Он бір күн теңіз кезіп, азық-түліктен, көмірден тарыққан «Потемкин» Румыния жағалауына барып, Румыния өкімет орындарына берілуге мәжбүр болды. Матростардың көпшілігі шетелде қалды. Ал Россияға қайтып келгендері тұтқынға алынып, сотқа берілді.

«Потемкин» броненосеціндегі көтеріліс сәтсіз аяқталды, бірақ аса ірі соғыс кемесі командасының революция жағына шығуы самодержавиеге қарсы күрестің дамуы жолындағы маңызды қадам болды. Осы көтерілістің маңызына баға бере келіп, Ленин: бұл *«революциялық армияның ұйтқысын* құру әрекеті» (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 357-бет) болды деп көрсетті.— *351.*

129 *Свеаборг қамалындағы көтеріліс* (Гельсингфорс маңында) 1906 жылы 17 (30) июльден 18 (31) июльге қараған түнде басталды. Көтеріліс едәуір дәрежеде эсерлердің арандатуымен стихиялы түрде және мезгілінен ертерек бұрқ ете қалды. Партияның Петербург комитеті Свеаборгтегі жағдай және қарулы көтерілістің болып қалуы жайында мәлімет алысымен, Свеаборгке дереу делегация жіберу жөнінде қаулы алып, бой көрсетуді кейінге қалдыруға әрекет жасауды, егер олай істеу қолдан келмеген күнде, көтерілісті басқаруға мейлінше белсене қатысуды ұйғарды. Қаулының текстін В. И. Ленин жазды (қараңыз: осы том, 362-бет). Стихиялық бой көрсетуді кідіртуге болмайтынына көздері жеткен соң, большевиктер көтерілісті басқарды. Көтерілістің басшылары РСДРП әскери ұйымының мүшелері — подпоручиктер А. П. Емельянов пен Е. Л. Коханский болды. 7 артиллерия ротасы (10 ротадан) көтеріліске белсене қатысты. Көтерілісшілер самодержавиені құлату, халыққа бостандық беру, жерді шаруаларга беру ұранын көтерді. Көтерілісшілерді Финляндияның жұмысшы табы қолдады: 18 (31) июльде Гельсингфорсте, одан соң басқа қалаларда жаппай ереуіл басталды. Көтеріліс үш күнге созылды. Алайда жалпы бой көрсетудің дайындалмағандығы білінді, сөйтіп 20 июльде (2 августа) соғыс кемелері қамалды атқылағаннан кейін, Свеаборг көтерілісі басып тасталды. Көтеріліске қатысушылар сотқа берілді. Соттың үкімі бойынша 43 адам дарға

асылды және жүздеген адам каторгаға айдалып, түрмеге жабылды.— *361.*

130 В. И. Лениннің қолжазбасында қаланың аты (Свеаборг) құпиялықты сақтау мақсатында белгімен ауыстырылған. — *362.*

131 В. И. Лениннің *«Дауыл алдында»* деген мақаласы «Пролетарий» газетінің бірінші номерінде бас мақала ретінде басылған.

«Пролетарий» — большевиктік құпия газет. 1906 жылғы 21 августан (3 сентябрьден) 1909 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) дейін В. И. Лениннің редакциялауымен шығып тұрды; 50 номері шықты. Редакцияның жұмысына М. Ф. Владимирский, В. В. Воровский, И. Ф. Дубровинский, А. В. Луначарский белсене қатысты; газет шығаруға байланысты техникалық жұмысты А. Г. Шлихтер, Е. С. Шлихтер және басқалар жүргізді. Газеттің алғашқы жиырма номері Выборгте басуға дайындалып, терілді (жіберілген матрицалардан басып шығару Петербургте жүргізілді; құпиялықты сақтау мақсатымен газетте ол Москвада шығады деп көрсетілді). Кейін, құпия органды Россияда басып шығару жағдайы өте-мөте қиындап кеткендіктен «Пролетарий» редакциясы РСДРП Петербург және Москва комитеттерінің шешімдеріне сәйкес газетті шығаруды шетелге көшірді (21—40-номерлері Женевада, 41—50-номерлері Парижде шықты).

«Пролетарийдің» 1—2-номерлері РСДРП Москва және Петербург комитеттерінің органы ретінде; 3—4-номерлері РСДРП Москва, Петербург және Москва округтік комитеттерінің органы ретінде; 5—11-номерлері РСДРП Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь және Курск комитеттерінің органы ретінде; 12—20-номерлері РСДРП Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь, Курск және Қазан комитеттерінің органы ретінде; 21-номерінен (редакцияның шетелге көшкен кезінен бастап) ең соңғы номеріне дейін қайтадан РСДРП Москва және Петербург комитеттерінің органы ретінде шығып тұрды.

«Пролетарий» іс жүзінде большевиктердің Орталық Органы болды. «Пролетарий» редакциясындағы негізгі жұмыстардың бәрін Ленин жүргізді. Газеттің көптеген номерлерінде Ленин жазған бірнеше мақаладан басылды. «Пролетарийде» жұмысшы табының революциялық күресінің аса маңызды мәселелері жөнінде Лениннің 100-ден астам мақалалары мен заметкалары жарияланды. Газетте тактикалық және жалпы саяси мәселелер кеңінен жазылды, онда РСДРП Орталық Комитетінің қызметі жөнінде есептер, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының шешімдері, партия қызметінің түрлі мәселелері бойынша Орталық Комитеттің хаттары және басқа бірқатар документтер жарияланды. Газеттің 46-номеріне қосымшада 1909 жылы 8—17

(21—30) июньде Парижде өткен «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі жөнінде хабарлау, сонымен қатар сол кеңестің қарары басылды. Газет жергілікті партия ұйымдарымен тығыз байланыста болды.

Столыпин реакциясы жылдарында «Пролетарий» большевиктік ұйымдарды сақтап, нығайтуда, жойымпаздарға, шақырымпаздарға, ультиматистерге және құдай жасампаздарға қарсы күресте аса көрнекті роль атқарды. 1910 жылы январьда РСДРП Орталық Комитетінің пленумында келісімпаздардың көмегіне сүйенген меньшевиктер фракцияшылдықпен күресу дегенді желеу етіп, «Пролетарий» газетін жабу жөнінде шешім қабылдатты.— *365.*

132 *Бүкіл россиялық октябрь стачкасы* — Россияда 1905 жылы октябрьде болған жаппай саяси стачка, ол 1905—1907 жылдардағы революцияның аса маңызды кезеңдерінің бірі болды. Стачка пролетариаттың 1905 жылғы революциялық күресінің бұған дейінгі бүкіл барысында әзірленді. Москва қаласының аса ірі кәсіпорындарының бәрін қамтыған сентябрь стачкалары Бүкіл россиялық октябрь стачкасының прологы болды. 6 (19) октябрьде Қазан, Ярославль және Курск темір жолдарының большевиктік ұйымдары өкілдерінің жиналысы большевиктердің Москва комитетінің нұсқауына сәйкес 7 (20) октябрьде теміржолшылардың ереуілін бастау жөнінде қаулы алды. Көп кешікпей ереуіл елдің барлық темір жолдарын, почта мен телеграфты, фабрикалар мен заводтарды қамтыды. Стачка бүкіл россиялық стачкаға айналды, ереуілші жұмысшыларға ұсақ қызметшілер, студенттер, адвокаттар, дәрігерлер және басқалар қосылды. Стачкаға Россияның түрлі ұлттарының жұмысшылары қатысты. *«Бүкіл россиялық саяси стачка,—* деп жазды Ленин,— бұл жолы шынында да бүкіл елді қамтыды, ең езілген, ең алдыңғы қатарлы таптың ерлік өрлеуіне қарғыс атқан Россия «империясының» *барлық халықтарын* біріктірді» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 2-бет). Стачкашылардың саны екі миллион адамнан асты. Октябрь стачкасы самодержавиені құлату, Булыгин Думасына белсенді бойкот жасау, құрылтай жиналысын шақыру және демократиялық республика орнату ұранымен өтті. Стачкамен қат-қабат бұқаралық митингілер мен демонстрациялар өтті, олар полициямен, әскермен қарулы қақтығыстарға жиі ұласып отырды. Бүкіл россиялық октябрь стачкасының барысында елдің көптеген қалаларында жұмысшы депутаттары Советтері пайда болды. Жұмысшы табының революциялық творчествосынан туған Советтер алғашқы кезде экономикалық және саяси стачкаларды басқару үшін құрылды; күрес үстінде олар көтерілісті әзірлеу органдарына айналды, сөйтіп жаңа өкіметтің бастамасы болды. Советтерді құру жұмысшы табының аса ұлы тарихи жеңісі болды.

Революциялық қозғалыстың қарқынынан зәресі ұшқан патша үкіметі 17 (30) октябрьде манифест жариялап, «азаматтық бостандықтар» беруге, «заң шығаратын» Дума шақыруға уәде етті. Большевиктер патша манифесінің жалғандығын батыл әшкереледі және жұмысшыларды күресті жүргізе беруге шақырды. Ал тап сол кезде меньшевиктер мен эсерлер манифестің шығуын қанағаттанғандықпен қарсы алып, стачканы дереу тоқтатуды талап етті. Манифест жариялағаннан кейін буржуазия тарапынан қолдау тапқан патша үкіметі меньшевиктер мен эсерлердің опасыздығын пайдалана отырып, революцияға қарсы батыл шабуылға шықты. Елді ойрандар мен арандатулар толқыны жайлады. Барлық контрреволюциялық күштер шабуылға шыққан соң ереуіл қозғалысы бірте-бірте бәсеңдей берді. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, РСДРП Москва жалпы қалалық партия конференциясы 22 октябрьде (4 ноябрьде) жаппай стачканы тоқтатуға және неғұрлым қолайлы кезде бой көрсетіп, стачканы қарулы көтеріліске айналдыру үшін жаңадан жаппай саяси стачка әзірлеуді қолға алуға шешім қабылдады.

Бүкіл россиялық октябрь стачкасы жұмысшы табының күшін, оның саяси санасының өскенін көрсетті, ол деревняда, армия мен флотта революциялық күрестің өрістеуіне қозғау салды, пролетариатты қарулы көтеріліске алып келді.— *368.*

133 Бұл арада I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін 1906 жылы июльде шығарылған мына үндеулер: Думаның Еңбек тобы мен социал-демократиялық фракциясы атынан «Армия мен флотқа» манифест; Думаның социал-демократиялық фракциясы комитеті мен Еңбек тобы комитеті, Бүкіл россиялық шаруалар одағы, РСДРП Орталық Комитеті, эсерлер партиясының Орталық комитеті, Бүкіл россиялық темір жол одағы мен Бүкіл россиялық мұғалімдер одағы қол қойған «Россияның барлық шаруаларына манифест»; Думаның социал-демократиялық фракциясы мен Еңбек тобының комитеттері, РСДРП Орталық Комитеті, эсерлер партиясының Орталық комитеті, Поляк социалистік партиясының Орталық комитеті және Бунд Орталық комитеті қол қойған «Бүкіл халыққа» үндеуі айтылып отыр. Үндеулерде қарулы көтерілістің қажеттігі атап көрсетілді.— *371.*

134 Әңгіме Свеаборгтегі (129-ескертуді қараңыз) және Кронштадттағы көтерілістер жайында болып отыр.

Матростар мен солдаттардың Кронштадттағы көтерілісі 1906 жылы 19 июльде (1 августа), Свеаборгтегі көтеріліс жайында хабар алынғаннан кейін басталды. 1906 жылдың көктемі мен жазында большевиктердің басшылығымен Кронштадтта жұмысшылардың, солдаттар мен матростардың қарулы көтерілісіне дайындық жүргізілді. Алайда 9 (22) июльде РСДРП-ның әскери және жұмысшы ұйымының үлкен

бір бөлегінің қамауға алынуына байланысты көтеріліске дайындық едәуір дәрежеде қиындай түсті. Дегенмен де басшы активтің аман қалған бөлегі бой көрсетуді мезгілінен ерте жасатып арандатқан эсерлерге тойтарыс бере отырып, Петербург комитетінің және оның өкілі Д. З. Мануильскийдің қолдауымен қарулы көтеріліске дайындықты жүргізе берді. Свеаборгте көтеріліс стихиялы түрде бұрқ ете қалған тұста Кронштадтта қарулы бой көрсетуге дайындық әлі аяқталмаған еді, алайда Свеаборг оқиғасына байланысты Кронштадтта көтерілісті мезгілінен бұрын бастауға тура келді. Большевиктер көтеріліске басшылық етіп, оған мейлінше ұйымшылдық сипат беруге тырысты. Келісілген белгі бойынша минерлер, саперлер, электр-мина ротасының солдаттары және 1, 2-флот дивизияларының матростары күреске бір мезгілде дерлік көтерілді; оларға қарулы жұмысшылардың бір бөлегі де қосылды. Бірақ үкімет арандатушылар арқылы көтерілістің басталар кезін біліп алып, ұрысқа күн ілгері дайындалған болатын. Көтерілістің сәтті болуына эсерлердің іріткі салушылық әрекеттері де кедергі жасады. 20 июльде (2 августа) таңертең көтеріліс басып тасталды.

РСДРП Петербург комитеті 20 июльде (2 августа) Кронштадт пен Свеаборгтегі көтерілістерді қолдау мақсатында жаппай саяси ереуіл жасауға шешім қабылдады, бірақ келесі күні көтерілістердің басып тасталғаны жөнінде хабар алғаннан кейін, Петербург комитеті бұл шешімді бұзды.

Патша үкіметі көтерілісшілерді аяусыз жазалады. Кронштадт көтерілісіне қатысқан 2500-ден астам адам тұтқынға алынды. Әскери-далалық соттың үкімі бойынша 36 адам дарға асылды, 130 адам каторгаға айдалды, 316 адам түрмеге жабылды, 935 адам түзеу-тұтқын бөлімшелеріне жіберілді.— *371.*

135 В. И. Ленин М. Горькийдің «Дауылпаз туралы жырынан» алынған сөздерді келтіріп отыр (қараңыз: М. Горький. Шығармалар жинағы, 5-том, 1950, 326—327-беттер).— *372.*

136 *«Товарищ»* («Жолдас») — буржуазиялық күнделікті газет; 1906 жылғы 15 (28) марттан 1907 жылғы 30 декабрьге (1908 ж. 12 январьға) дейін Петербургте шығып тұрды.

Газет формальды түрде ешбір партияның органы болып саналмады, ал іс жүзінде солшыл кадеттердің органы болды. Газетке С. Н. Прокопович және Е. Д. Кускова белсене ат салысты. Газетке меньшевиктер де қатысып тұрды.— *377.*

137 *«Око»* («Жанар») — кадеттік бағыттағы либерал-буржуазиялық күнделікті газет; бұрын шығып тұрған, бірін-бірі алмастырған: «Русь», «Молва», «Двадцатый Век» газеттерінің орнына 1906 жылғы 6 (19) августан 31 октябрьге (13 ноябрьге) дейін Петербургте шықты.— *384.*

138 *Поляк социалистік партиясы (ППС)* (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшылдық партия. Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы Польшаның тәуелсіздігі жолындағы күрес ұранын бетке ұстап, поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді және олардың назарын орыс жұмысшыларымен бірлесіп самодержавие мен капитализмге қарсы күресуден басқа жаққа аударуға тырысты.

Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойында қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар пайда болып отырды. Олардың бірқатары кейін поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдарға» және оңшыл, шовинистік, Поляк социалистік партиясы-«революциялық фракция» дейтін ге бөлінді.

Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының ықпалымен, сондай-ақ ПКмЛСД-ның (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының) ықпал жасауымен бірте-бірте дәйекті революциялық позицияға көше бастады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» үлкен бөлегі интернационалистік позиция ұстады; ол 1918 жылы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (1925 жылға дейін Польша Коммунистік партиясы осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде ұлтшылдық-шовинистік саясатты жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, олар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты.

Поляк буржуазиялық мемлекетінің құрылуына байланысты 1919 жылы оңшыл Поляк социалистік партиясы бұрын Германия мен Австрия басып алған Польша территориясында болған Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Партия үкімет басына келген соң, өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына өтуіне жәрдемдесті, үнемі антикоммунистік насихат жүргізіп, Совет еліне қарсы агрессия жасау саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алып, езгіге салу саясатын қолдап отырды. Бұл саясатпен келіспеген Поляк социалистік партиясының ішіндегі жекелеген топтар Польша Коммунистік партиясына қосылды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен кейін (май, 1926) Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік

оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік режимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік, антисоветтік насихатты жүргізе берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері поляк коммунистерімен ынтымақтасты, бірқатар науқандарда бірыңғай майдан тактикасын қолдады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы қайтадан екіге бөлінді. Оның реакциялық, шовинистік бөлегі «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталып, Лондондағы поляк эмигранттарының реакциялық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының басқа, солшыл бөлегі өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атап, 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлерлік оккупанттарга қарсы күрестің халықтық майданына қосылды, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді және СССР-мен достық байланыс орнату позициясын ұстады.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс оккупациясынан азат етілгеннен кейін және Поляк ұлт азаттық комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталып, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны құруға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.— *386.*

139 Әңгіме Орталық Комитеттің большевиктік бөлегінің 1906 жылғы 20 июльдегі (2 августағы) «Орталық Комитеттің 3 мүшесінің РСДРП Орталық Комитетіне мәлімдемесі» деген тақырыппен жеке листовка болып басылған мәлімдемесі жайында болып отыр. Бұл документте меньшевиктік Орталық Комитеттің I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейінгі іріткі салу әрекеттерінің фактілері тізіп айтылды және меньшевиктердің оппортунистік тактикасына қарсы үзілді-кесілді қарсылық білдірілді (қараңыз: «1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы большевиктік ұйымдардың листовкалары», 3-бөлім, М., 1956, 40—43-беттер),— *386.*

140 Бұл арада РСДРП IV (Бірігу) съезіне ұсынылған «Революциялық уақытша үкімет және революциялық өкіметтің жергілікті органдары» туралы қарардың большевиктік жобасының екінші параграфы айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 166-бет).— *389.*

141 *«Полярная Звезда»* («Темірқазық») — апта сайын шығып тұрған саяси және философиялық журнал, кадет партия-

сының оң қанатының органы; 1905 жылғы 15 (28) декабрьден 1906 жылғы 19 мартқа (1 апрельге) дейін Петербургте П. Б. Струвенің редакциялауымен, Н. А. Бердяевтің, В. М. Гессеннің, А. С. Изгоевтің, А. А. Кауфманның, Д. С. Мережковскийдің, И. И. Петрункевичтің, С. Л. Франктың және басқалардың қатысуымен шығып тұрды. Барлығы 14 номері шықты. «Полярная Звезда» өзінің революцияға өшпенділігін ашық мәлімдеді, революциялық-демократиялық интеллигенцияға қарсы күрес жүргізді. — *392.*

142 Әңгіме РСДРП Курск, Калуга, Москва округтік комитеттерінің, Орталық аудан Облыстық бюросының және Кострома партия конференциясының қарарлары жайында болып отыр. Қарарлар 1906 жылы 21 августа (3 сентябрьде) «Пролетарий» газетінің 1-номерінде жарияланды. — *394.*

143 Бұл арада 1906 жылы августа І Мемлекеттік думаның таратылуына байланысты жаппай ереуіл жасау мәселесі жөнінде шақырылған темір жолшылардың конференциясы айтылып отыр.

Конференцияға 23 темір жолдың жұмысшылары мен қызметшілерінен делегаттар, Бүкіл россиялық темір жол одағының Орталық бюросынан, Мемлекеттік думаның Еңбек тобынан, РСДРП Орталық Комитетінен, Бундтан, эсерлердің Орталық Комитетінен, Бүкіл россиялық шаруалар одағынан және басқалардан өкілдер қатысты. Бүкіл россиялық темір жол одағы Орталық бюросының конференцияға ұсынған баяндамасында былай делінген: жаппай темір жол ереуілін жариялау және оның ойдағыдай өтуі тек еңбекшілердің ең қалың тобы жауынгерлік пиғылда болғанда ғана мүмкін болады. «Осындай жағдайда,— деп көрсетілді баяндамада,— темір жол ереуілі еңбекші шаруалар мен қала пролетариаты бастаған істі аяқтайтын шешуші соққы болады және үкіметті толық тізе бүгуге әкеледі» («Пролетарий» № 1. 21 август, 1906 ж.). Қабылданған қарарда конференция былай деп атап көрсетті: «Алдағы болатын жаппай ереуіл өкімет билігін самодержавиелік үкіметтің қолынан жұлып алуға тиісті халық күшінің тегеуріні болады» (бұл да сонда).—*395.*

144 Әңгіме 1906 жылғы 2 (15) августағы оқиғалар жайында болып отыр. Бұл күні Поляк социалистік партиясының (ППС) ұйымдастыруымен Варшавада, Лодзьде, Радомда, Плоцкіде және Польшаның басқа да кейбір қалаларында полицияға шабуыл жасалды, бірақ мұндай қимыл жасауға қажетті жағдайлар жоқ еді. Поляк социалистік партиясының мұндай тактикасына Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) үзілді-кесілді наразылық білдірді. Польшадағы 1906 жылғы 2 (15) августағы оқиғалар жөніндегі корреспонденция «Пролетарий» газетінің 1906 жылғы 8 сентябрьдегі 3-номерінде берілді. Поляк социалистік партиясы-

ның 2(15) августа «қимыл жасауды» ұйымдастыруы айыпталған В. И. Ленин жазған редакциялық заметка да осы номерде басылды (қараңыз: осы том, 433-бет).— *402.*

145 1906 жылы 12 (25) августа эсер-максималистер министрлер Советінің председателі П. А. Столыпинге қастандық жасады. Бомбаның жарылуы нәтижесінде бірнеше адам өлді және жараланды, бірақ Столыпиннің өзі аман қалды.

Москвадағы декабрь қарулы көтерілісін басуға басшылық еткен генерал Г. А. Минді 1906 жылы 13 (26) августа эсер З. В. Коноплянникова өлтірді. — *402.*

146 П. Б. Аксельрод ұсынған және басқа меньшевиктер қолдаған «жұмысшы съезі» дейтінді шақыру идеясының мәні мынадай еді: әр түрлі жұмысшы ұйымдары өкілдерінің съезін шақырып, онда социал-демократтар, эсерлер және анархистер кіре алатын жария «кеңейтілген жұмысшы партиясын» құру керек еді. Іс жүзінде бұл РСДРП-ны жойып, оны бейпартиялық ұйыммен ауыстыру болып шығатын. РСДРП V (Лондон) съезі «жұмысшы съезі» жөніндегі меньшевиктік идеяны үзілді-кесілді айыптады және оны шақыру жолындағы үгітті пролетариаттың таптық санасының дамуы үшін зиянды деп тапты. Большевиктермен бірге поляк және латыш социал-демократтары да «жұмысшы съезіне» қарсы күресті.

«Жұмысшы съезі» жөніндегі меньшевиктік идеяға айтылған сынды В. И. Лениннің мына шығармаларынан қараңыз: «Революцияшыл ортадағы тоғышарлық», «Меньшевизм дағдарысы», «Интеллигенцияның үстемдігіне қарсы интеллигент күресушілер», «Ашулы сасқалақтық (Жұмысшы съезі туралы мәселе жөнінде)» (Шығармалар, 11-том, 238—249, 345—365-беттер және 12-том, 306—309, 310—323-беттер).— *406.*

147 *Жауынгер жасақтардың коалициялық Советі* Москвада 1905 жылдың аяғында пайда болды. Әуелі «қаражүздікке» қарсы практикалық күрес жүргізу үшін құрылған бұл орган декабрь көтерілісі кезінде де сақталып қалды. Жасақтардың коалициялық Советінің құрамына РСДРП Москва комитетінің, социал-демократтардың Москва тобының, эсерлер партиясы Москва комитетінің партиялық жасақтарының, сондай-ақ «Ерікті аудандық», «Университеттік», «Баспаханалық», «Кавказдық» деп аталатын жасақтардың өкілдері кірді. Жасақтардың коалициялық Советіндегі эсерлік-меньшевиктік көпшілік Советтің қызметіне іріткі салды; декабрь қарулы көтерілісі күндерінде жасақтар Советі революциялық оқиғалардың соңында қалды және көтерілістің жалпы оперативті штабы ролін атқара алмады. — *408.*

148 В. И. Ленин қағиданы К. Маркстің «Францпядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген еңбегінен келтіріп

отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 7-бет). — *408.*

149 1905 жылы 8 (21) декабрьдің кешінде солдаттар мен полиция «Аквариум» бауын (Садово-Триумфальная алаңында) қоршап алды, онда осы кезде театр үйінде көп адам қатысқан митинг өтіп жатыр еді. Митингіні күзетіп тұрған жұмысшы жасақтарының жанқиярлық қимылы арқасында қан төгіс болған жоқ; қаруы бар адамдарға дуалды бұзып шығып кетуге мүмкіндік берді, бірақ митингіге қатысушылардың қақпадан шыққандары тінтілді, соққы жеді, көбі тұтқынға алынды.— *408.*

150 Фидлер училищесінің үйі (Чистые Прудыда) партия митингілері мен жиналыстарының тұрақты орны болатын. 1905 жылы 9 (22) декабрьдің кешінде митинг өтіп жатқан Фидлердің үйін әскер қоршап алды. Митингіге қатысушылар, олардың ішінде жасақшылар басым болатын, берілуден бас тартып, үйді баррикадалап алған соң, әскерлер үйге артиллериядан, пулеметтен оқ атты. Үйді қирату кезінде отыздан астам адам қаза тапты, жараланды; 120 адам тұтқынға алынды.— *408.*

151 *«Искра»* («Ұшқын») (ескі) — 1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаған бірінші жалпы орыстық маркстік құпия газет, ол Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарды.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте шықты, одан кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен бастап Женевада шығып тұрды. Газетті жолға қоюда (құпия баспахана ұйымдастыруға, орыс шрифтерін тауып алуға және т. т.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искраның» редакциясына: В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич кірді. Редакцияның секретары бастапқыда И. Г. Смидович-Леман, одан соң, 1901 жылдың көктемінен бастап, Н. К. Крупская болды, ол сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысуын жүргізіп отырды. «Искра» басты назарын Россияның пролетариаты мен барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне аударды, халықаралық өмірдің, ең алдымен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына көп көңіл бөлді. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы және басшысы болды, партия құрылысының және Россия пролетариаты

таптық күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазды.

«Искра» партиялық күштерді біріктірудің, партия кадрларын жинап, тәрбиелеудің орталығы болды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара, т. б.) лениндік-искралық бағыттағы РСДРП топтары және комитеттері құрылды; 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада өткен съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. «Искра» ұйымдары Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылып, жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искраның» редакциясы партия программасының жобасын дайындады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП II съезін әзірледі. Съезд шақырылар шақта Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасы мен ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд өзінің арнаулы қаулысында партия үшін күрестегі «Искраның» ерекше ролін атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп кешікпей меньшевиктер Плехановтың қолдауымен «Искраны» өз қолдарына қаратып алды. «Искра» елу екінші номерінен бастап революциялық марксизмнің жауынгер органы болудан қалды.— *412.*

152 Бұл арада Ф. Энгельс жазған «Германиядағы революция және контрреволюция» деген еңбек айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 100-бет). «Германиядағы революция және контрреволюция» 1851—1852 жылдары Маркстің қолы қойылып «New-York Daily Tribune» газетінде сериялы мақалалар болып жарияланды; бұл шығарманы алғашқыда Маркстің өзі жазбақшы болды, бірақ экономикалық зерттеулерден қолы тимегендіктен, мақалаларды жазумен шұғылдануды Энгельске берді. Бұл шығарманы жазу үстінде Энгельс Маркспен үнемі ақылдасып отырды, сондай-ақ мақалаларды басуға жіберер алдында оған қаратып алды. Тек 1913 жылы ғана Маркс пен Энгельстің жазысқан хаттарының жариялануына байланысты «Германиядағы революция және контрреволюцияны» Энгельстің жазғаны белгілі болды.— *412.*

153 Бұл қағиданы Ф. Энгельс бірқатар шығармаларында, атап айтқанда, «Анти-Дюринг» деген еңбегінде талай рет дамытты.— *413.*

154 Бұл жөнінде В. И. Ленин өзінің «Орыс революциясы және пролетариаттың міндеттері» деген еңбегінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 224—225-беттер) толығырақ айтады.— *413*.

155 Карикатура 1905 жылы 8 августа Штутгарттың «Der Wahre Jacob» («Аңқау Яков») деген сықақ журналында басылды.— *422*.

156 *Әскери-далалық соттар* 1906 жылы 19 августа (1 сентябрьде) революциялық қозғалыспен күресу үшін Министрлер советінің ережесі бойынша құрылды. Бұлар генерал-губернаторлардың, бас басқарушылардың немесе солардың міндетін атқарушылардың талап етуі бойынша соғыс жағдайы немесе төтенше күзет жағдайы жарияланған жерлерде енгізілді. Әскери-далалық сот председатель және әскердің немесе флоттың офицерлерінен төрт мүше бар құрамда құрылды және оған кең уәкілдік берілді. Әскери-далалық соттар туралы ереже өкімет орындарына айыпталушыны сотқа беріп, «тиісті жағдайларда соғыс кезіндегі заң бойынша жаза қолдануға» право берді («Өтпелі кезеңдегі заң шығару актілері. 1904—1906 ж. ж.» СПБ., 1907, 621-бет). Сот мәжілістері жабық өткізілді, ал оның үкімі дереу күшіне еніп, еш кідіріссіз орындалуға тиісті болды.— *424*.

157 Әңгіме П. А. Столыпин тыйым салған *кадет партиясының* болғалы жатқан *IV съезі* жайында болып отыр. Әйтсе де съезд 1906 жылы 24—28 сентябрьде (7—11 октябрьде) Гельсингфорсте, Финляндияда болып өтті, онда Россияда қолданылатын жиналыстар туралы заңдар әлі енгізілмеген еді. Съезде кадеттер партиясының тактикалық бағыты талқыланды. Съезд I Мемлекеттік думадағы кадет партиясының парламенттік фракциясының қызметін мақұлдады. Выборг үндеуі жөніндегі мәселе талқыланғанда кадет партиясының оң қанаты жеңіп шықты. Съезд «енжар қарсылық» іс жүзіне аспайды деп тауып, көпшілік дауыспен (89 дауысқа 53 дауыс қарсы) Выборг үндеуін жүзеге асыруға қарсы қарар қабылдады.— *425*.

158 Бұл арада патша үкіметінің екі указы: 1906 жылғы 12 (25) августағы және 1906 жылғы 27 августағы (9 сентябрьдегі) — аренда шартының аяқталуына сәйкес уделдік (патша әулетіне тиесілі) және қазыналық (мемлекеттік) жерлердің бір бөлегін сату туралы айтылып отыр. Жер сату жөніндегі барлық операциялар Шаруалардың жер банкісі арқылы жүргізілуге тиісті болды.— *425*.

159 Әңгіме *«Известия Московского Совета Рабочих Депутатов»* («Жұмысшы Депутаттары Москва Советінің Хабарлары») газеті жайында болып отыр, ол 1905 жылғы 7 (20) декабрьден 12 (25) декабрьге дейін Москвадағы жаппай стачка мен

қарулы көтеріліс кезінде шықты. Газет бұқараны қарулы көтеріліске жұмылдырған нағыз жауынгер орган болды. «Известияда» жұмысшы депутаттары Москва Советінің қаулылары және декабрь қарулы көтерілісінің барысы бейнеленген басқа да материалдар басылды. Газет түрлі жария баспаханаларда (Сытиннің, Мамонтовтың, Кушнеревтің, Чичериннің баспаханаларында) олардың иелерінің рұқсатынсыз, жасақшылар күзетіп тұрғанда, күшпен басылды. Мәселен, «Известияның» бірінші номері басылып жатқан кезде баспахана иесі И. Д. Сытин мен оның қасындағы полицейлерді баспаханаға келген жерінде жұмысшылар тұтқынға алып, қарусыздандырды; тұтқынға алынғандарға газет шығарылып біткенге дейін басқарушының кабинетінде бола тұру ұсынылды. «Известияның» тиражы 5 мыңнан 10 мың данаға дейін болды. Газеттің барлығы алты номері шықты.— *429.*

160 В. И. Лениннің *«Поляк социалистік партиясының партизандық қимылдары туралы»* деген заметкасы «Пролетарий» газетінің 1906 жылғы 8 сентябрьдегі 3-номерінде «Польшадан» деген мақалаға редакциялық ескерту ретінде берілді.— *433.*

161 Бұл арада РСДРП IV (Бірігу) съезі қабылдаған «Партизандық қимылдар туралы» қарар айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 190—191-беттер).— *433.*

162 *«Тверь»* — Петербургтегі Нева заставасы сыртындағы шайхананың аты. Шайхана қаражүздіктердің жиналатын жері болды.— *433.*

163 *«Максималистер»* — ұсақ буржуазиялық жартылай анархистік террористік топ, ол 1904 жылы эсерлер партиясынан бөлініп, 1906 жылы октябрьде Абодағы (Финляндия) құрылтай съезінде «Социалист-революционерлер максималистер одағы» болып ұйымдық жағынан қалыптасты. «Максималистер» революцияның буржуазиялық-демократиялық кезеңін елемеді; олар эсерлердің жерді «социализациялау» жөніндегі талабымен қатар фабрикалар мен заводтардың да дереу «социализациялануын» талап етті. «Максималистер» еңбекші шаруаларды революцияның басты қозғаушы күші деп санай отырып, сонымен бірге революциялық қозғалыста «инициативалы азшылық» басты маңыз алады, ал күрестің негізгі құралы жеке террор болады деп мәлімдеді. В. И. Ленин «максималистердің» саяси дәйексіздігін көрсете отырып былай деп жазды: «Революцияның бүкіл ұзына бойына эсерлерден бөлінуге тырысып, бірақ біржолата бөліне алмай қойған максималистердің бөлініп шығуы халықшылдық ре-

волюцияшылдықтың таптық тұрақсыздығын ғана дәлелдеді» (Шығармалар, 15-том, 143-бет). 1907 жылы бірқатар террорлық қимылдар сәтсіз аяқталғаннан кейін және жаппай тұтқынға алынудан кейін «максималистердің» ұйымдары ыдырай бастады.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «максималистер» партиясы қайтадан жанданды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін «максималистер» біраз уақыт Советтерге және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне еніп жүрді. Көп кешікпей «максималистер» партиясы жікке бөлінді: біреулері Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті, басқалары большевиктердің программасын мойындап, 1920 жылы апрельде РКП(б) қатарына кірді.— *437*.

164 *Халықтық еңбек социалистері* (энестер) — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшелері, бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер партиясының (эсерлер) оң қанатынан бөлініп шықты. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлердің арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені программадан республиканы да, бүкіл жерді талап етуді де шығарып тастап отыр» (Шығармалар, 11-том, 219-бет) деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін халықтық социалистер партиясы трудовиктерге қосылып кетті, буржуазиялық Уақытша үкіметтің қызметін белсене қолдап, оның құрамына өзінің өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін энестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық заговорларға және қарулы қимылдарға қатысты. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде партия өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *437*.

165 *«Голос»* («Үн») — эсерлер партиясының күнделікті саяси және әдеби газеті; 1906 жылы апрель — июньде Петербургте шығып тұрды. 27 апрельден (10 майдан) 7 (20) майға дейін газеттің 1—9-номерлері, 2 (15) июньнен 10 (23) июньге дейін — 10—17-номерлері шықты.— *437*.

166 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — ай сайын шығып тұрған журнал, 1876 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шықты. 90-жылдардың басында Н. К. Михайловский бастаған либерал халықшылдардың қолына өтті. 1906 жылы «Русское Богатство» Халықтық-социалистік еңбек партиясының (энестер) органы болды. «Русское Богатство» атын бірнеше рет өзгертті («Современные Записки», «Современ-

ность», «Русские Записки»; ал 1917 жылғы апрельден бастап қайтадан — «Русское Богатство»).— *439.*

167 Мемлекеттік думаның 104 мүшесі қол қойған аграрлық заң жобасын 1906 жылы 23 майда (5 июньде) Думаның 13-мәжілісінде трудовиктер ұсынды. Заң жобасы «барлық жер қазынасымен, суымен бүкіл халықтың иелігінде болатын тәртіп орнатуға ұмтылуды, сонымен бірге ауыл шаруашылығына қажетті жер оны өз еңбегімен өңдейтін адамдардың ғана пайдалануына берілетін болуын» жер заңының мақсаты етіп қойды («Россиядағы Мемлекеттік думаның документтері мен материалдары». М., 1957, 172-бет). Бұл үшін «жалпы халықтық жер қорын» жасау талабы ұсынылды, оған барлық қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік және шіркеулік жерлер кіруге тиісті болды; жеке иеліктердегі жер көлемі осы жергілікті жерге белгіленген еңбек нормасынан артық болғандықтан, помещиктік және басқа жеке меншік жерлер күштеп иеліктен айыру арқылы әлгі қорға берілуі тиіс еді. Иеліктен айырылған жеке меншік жерлерге біраз ақы төлеу көзделді. Үлесті жерлер және ұсақ жеке иеліктегі жерлер уақытша иелерінде қалдырылуға тиіс болды; сонымен қатар заң жобасы одан әрі бұл жерлердің де біртіндеп жалпы халықтық меншікке көшуін көздеді. Аграрлық реформаны жалпыға бірдей дауыс беру жолымен сайланған жергілікті комитеттер жүргізуге тиіс болды. Бұл талаптар жерге деген жеке меншікті дереу және толық жоюдан қорыққан және иеліктен айыру арқылы алынған жерлерге ақы төлеуді дұрыс деп тапқан ауқатты шаруалардың мүддесін көздеді. В. И. Ленин: «104-тің жобасында» «ұсақ меншікшінің тым қауырт төңкеріс жасаудан, халықтың тым көп және тым кедей бұқарасын қозғалысқа тартудан *қорқушылығы* бар» (Шығармалар, 11-том, 480-бет) деп көрсетті. «104-тің жобасы» дәйексіздігіне және утопиялығына қарамастан, Ленин атап көрсеткендей, езілген шаруалардың әлді бөлегін еркін фермерлікке айналдыру жолындағы күрес платформасы болды. — *440.*

168 *«Отклики Современности»* («Замана Үндері») — меньшевиктік жария журнал, 1906 жылы марттан июньге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналдың 5 номері шықты.— *447.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Аграрная программа, [принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП]. — В листовке: Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Спб.], тип. Центрального Комитета, [1906], стр. 1. (РСДРП). — *21, 22, 26—27, 29—30, 31, 34, 68, 86—88, 113, 162—163.*

Аграрный вопрос и Трудовая группа.— «Курьер», Спб., 1906, № 5, 21 мая (3 июня), стр. 1.— *163.*

Аграрный проект 104-х в I Государственной думе — қараңыз: Проект основных положений земельного закона, внесенный 104 членами Государственной думы.

Аграрный проект 33-х в I Государственной думе — қараңыз: Проект основного земельного закона, внесенный 33 членами Государственной думы.

Алексеенко. [Письменное заявление на 21-м заседании IV (Объединительного) съезда РСДРП].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 302.— *40—41.*

[Алексинский, Г. А.] Новый каторжный законопроект.— «Волна», Спб., 1906, № 22, 20 мая, стр. 1, в отд.: Вопросы дня. Подпись: Петр Ал.— *150.*

Андреев, Л. Н. К звездам.— *430.*

[Базаров, В.] Государственная дума и крестьянские депутаты.— «Волна», Спб., 1906, № 21, 19 мая, стр. 1. Подпись: В. Ба — ров.— *161—162.*

— 1906, № 9, 4 июня, стр. 1.— *236—237.*

— 1906, № 10, 6 июня, стр. 3.— *320.*

— 1906, № 14, 10 июня, стр. 1.— *241.*

— 1906, № 17, 14 июня, стр. 1.— *241.*

Временное правительство и революционное самоуправление. [Проект резолюции меньшевиков к IV (Объединительному) съезду РСДРП].— «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 11. Под общ. загл.: Проект резолюций к предстоящему съезду, выработанный группой «меньшевиков» с участием редакторов «Искры».— *389—390.*

**Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии.* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904]. 397, II стр. (РСДРП).— *3, 7—9, 28—30, 149, 162, 172—173, 242, 250—251, 344—345, 447.*

Выборгское воззвание — қараңыз: Народу от народных представителей.

Высочайшие повеления [об учреждении военно-полевых судов]. 19 августа (1 сентября) 1906 г.— «Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 190, 24 августа (6 сентября), стр. 2.— *424—426.*

Ген. Трепов о положении дел.— «Биржевые Ведомости». Утренний выпуск, Спб., 1906, № 9360, 25 июня (8 июля), стр. 1, в отд.: Наши телеграммы и известия.— *286.*

[*Гессен, И. В.*] *С.-Петербург, 20-го декабря.*— «Народная Свобода», Спб., 1905, № 5 (9144), 20 декабря (2 января 1906), стр. 1.— *23.*

Гоголь, Н. В. Мертвые души.— *393—394, 445.*

— *Ревизор.*— *425—426, 444.*

Головин, К. По усам потекло, да в рот не попало.—«Россия», Спб., 1906, № 171, 6 июля, стр. 2—*333, 335—336.*

Голод и «политика».— «Речь», Спб., 1906, № 108, 24 июня (7 июля), стр. 2.— *284.*

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді, булар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

думе на IV (Объединительном) съезде РСДРП]. — В кн.: Протоколы объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 302. — *50—51.*

[*Жордания, Н. Н.*] *Костров и* [*Лурье, М. А.*] *Ларин.* [*Поправка, внесенная при обсуждении проекта аграрной программы на IV (Объединительном) съезде РСДРП*]. — Там же, стр. 156. — *34.*

За Думу против камарильи!—«Голос Труда», Спб., 1906, № 5, 25 июня (8 июля), стр. 1. — *286, 287—289.*

Закон о Государственном совете — қараңыз: Указ правительствующему Сенату о переустройстве Государственного совета.

Закон против бойкота — қараңыз: Указ правительствующему Сенату о временных правилах в связи с проведением выборов в Государственный совет и Государственную думу.

Законопроект о печати, вносимый партией народной свободы в Государственную думу.—«Речь», Спб., 1906, № 75, 17 (30) мая, стр. 4; № 76, 18 (31) мая, стр. 5. — *149, 182, 194, 316.*

Законопроект о собраниях. — «Речь», Спб., 1906, № 89, 2 (15) июня. Приложение к № 89 «Речи». Государственная дума, стр. 4. — *213—214, 247, 288—289, 316.*

[*Законопроект об отмене смертной казни, обсуждавшийся на заседании Государственной думы 18 мая 1906 г.*]. — В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). Спб., гос. тип., 1906, стр. 421—422. (Государственная дума). — *130, 131, 142, 194—195.*

Запрос Государственной думы по поводу белостокского погрома қараңыз: Интерпелляция о белостокском погроме.

Заседание [*Государственной думы*] *24 мая* [*1906 г.*]. — «Речь», Спб., 1906, № 82, 25 мая (7 июля). Приложение к № 82 «Речи». Государственная дума, стр. 1.—3. — *259, 324.*

Заседание [*Государственной думы*] *26 мая* [*1906 г.*]. — «Речь», Спб., 1906, № 84, 27 мая (9 июня). Приложение к № 84 «Речи». Государственная дума, стр. 1—2. — *200.*

Заседание [*Государственной думы*] *2 июня* [*1906 г.*]. — «Речь», Спб., 1906, № 90, 3 (16) июня. Приложение к № 90 «Речи». Государственная дума стр. 1—3. — *221—224.*

Интервью с Д. Ф. Треповым. — «Новое Время», Спб., 1906, № 10876, 25 июня (8 июля), стр. 4. Подпись: Reporter. — *286—287.*

Интерпелляция о белостокском погроме.— «Речь», Спб., 1906, № 90, 3 (16) июня. Приложение к № 90 «Речи». Государственная дума, стр. 2. — *221, 222—224.*

[*Иорданский, Н. И.*] *Негорев, Н. Объединение российской социал-демократии.*— «Невская Газета», Спб., 1906, № 1, 2 (15) мая, стр. 1—2. — *69—70, 155, 156, 157—158.*

«Искра» (старая, ленинская), [Лейпциг — Мюнхен — Лондон — Женева]. — *174, 412, 436.*

«Искра» (новая, меньшевистская), [Женева]. — *50—52.*

— Отдельное приложение к №№ 73—74 «Искры», [Женева, 1904, № 73, 1 сентября; № 74, 20 сентября], стр. 6. — *50—52.*

К. П.—в — қараңыз: Попов, К. А.

К армии и флоту. От социал-демократической фракции и Трудовой группы Государственной думы. 12 июля 1906 г. [Листовка]. Спб., тип. ЦК РСДРП, 1906. 2 стр.— *368—371, 381, 384, 385, 395, 399.*

К вопросу о рабочем съезде.—«Товарищ», Спб., 1906, № 35, 15 (28) августа, стр. 4. — *406.*

[*К вопросу о свободе критики*]. [Листовка]. Б. м., тип. ЦК РСДРП, [20 мая 1906]. 1 стр. (РСДРП). Подпись: Центральный комитет РСДРП. — *144—146.*

К земельной реформе. (Новый проект Трудовой группы). — «Речь», Спб., 1906, № 94, 8 (21) июня, стр. 4—5. —*314, 324, 439—440.*

К моменту. — «Речь», Спб., 1906, № 125, 13 (26) июля, стр. 1. — *340—341.*

К партии. [Листовка]. [Спб.], тип. Объединенного Центрального Комитета, [январь 1906]. 1 стр. (РСДРП). Подпись: Объединенный Центральный Комитет РСДРП. — *308—309, 376—377.*

К смене министерства.— «Голос Труда», Спб., 1906, № 6, 27 июня (10 июля), стр. 1. — *295.*

— 1906, № 5, 21 мая (3 июня), стр. 1, 2—3. — *163—168, 169—183, 184—188, 374—375.*

— 1906, № 13, 31 мая (13 июня), стр. 2—3, 5—6. — *212—214.*

— 1906, № 20, 8 (21) июня, стр. 3. — *233.*

— 1906, № 21, 9 (22) июня, стр. 1. — *234—237, 240—241.*

— 1906, № 22, 10 (23) июня, стр. 1. — *240—241.*

Л. М.— қараңыз: Мартов, Л.

Ларин, Ю. [*Лурье, М. А.*] [*Письменное заявление в бюро IV (Объединительного) съезда РСДРП*]. — В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 197. — *58.*

— [*Поправка, внесенная при обсуждении проекта аграрной программы на IV (Объединительном) съезде РСДРП*].— Там же, стр. 150. — *34.*

[*Ленин, В. И.*] *Бойкот булыгинской Думы и восстание.* — «Пролетарий», Женева, 1905, № 12, 16 (3) августа, стр. 1.— *20—21, 373.*

— [*Большевистский проект думской декларации РСДРП*] [1]. — *228—229, 251—252, 253.*

— *Борьба за власть и «борьба» за подачки.* — «Вперед», Спб., 1906, № 17, 14 июня, стр. 1. — *240—241.*

— *В хвосте у монархической буржуазии или во главе революционного пролетариата и крестьянства?* — «Пролетарий», Женева, 1905, № 15, 5 сентября (23 августа), стр. 1—2. — *21.*

— *Вооруженное восстание.* [Проект резолюции к IV (Объединительному) съезду РСДРП]. — «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 6. Под общ. загл.: Проект резолюций. К Объединительному съезду Российской социал-демократической рабочей партии. — *53—54, 56, 57.*

— *Временное революционное правительство и местные органы революционной власти.* [Проект резолюции к IV (Объединительному) съезду РСДРП]. — Там же, стр. 7. —*389—390.*

[1] Бірінші рет «Эхо» газетінде В. И. Лениннің «Біздің думалық фракцияның декларациясы жөнінде» деген мақаласында жарияланды, Спб., 1906, № 1, 22 июнь, 2—3-беттер.

*_Государственная дума и социал-демократическая тактика._ — В кн.: Государственная дума и социал-демократия. [Спб., «Пролетарское Дело»], 1906, стр. 1—8. Подпись: Н. Ленин. — _23, 61—62, 373._

— _Две тактики социал-демократии в демократической революции._ Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. VIII, 108 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — _167—168, 169._

— _Две тактики социал-демократии в демократической революции._ Изд. ЦК РСДРП. [Спб.], [1905]. IV, 129 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — _167—168._

[_Ленин, В. И._] _Доклад об Объединительном съезде РСДРП._ Письмо к петербургским рабочим. М. — Спб., тип. «Дело», 1906. 111 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин. — _57—58, 63—64, 67, 72, 389—390._

— _Доклад по аграрному вопросу на IV (Объединительном) съезде РСДРП_[1]. — _10—12, 17—18._

— _Доклад по вопросу о современном моменте и классовых задачах пролетариата на IV (Объединительном) съезде РСДРП_[1]. — _34, 35, 36, 37—38._

— _Еще о думском министерстве._ — «Эхо», Спб., 1906, № 6, 28 июня, стр. 1. — _289—290._

— _Заключительное слово по аграрному вопросу_ [_на IV Объединительном) съезде РСДРП_]. — В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 103—110. — _17—20, 24, 26—27, 28, 30—31._

— _Заключительное слово по вопросу о современном моменте и классовых задачах пролетариата_ [_на IV (Объединительном) съезде РСДРП_]. — Там же, стр. 201—203. — _37—39, 82—83._

— _Заключительное слово по вопросу об отношении к Государственной думе на IV (Объединительном) съезде РСДРП_[2]. — _52—53._

— _Избирательная победа с_[_оциал_]-_д_[_емократов_] _в Тифлисе._ — «Волна», Спб., 1906, № 17, 14 мая, стр. 1. — _247._

— _К единству!_ — «Вперед», Спб., 1906, № 14, 10 июня, стр. 1. — _240—241._

[1] Баяндама тексті сақталмаған.
[2] Қорытынды сөздің тексті сақталмаған.

— *Победа кадетов и задачи рабочей партии.* Спб., «Наша Мысль», [апрель 1906]. 79 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *27—28, 51—52, 168—169, 340—341, 399—400.*

— *Помощь голодающим и думская тактика.* — «Эхо», Спб., 1906, № 2, 23 июня, стр. 1.— *280—281.*

— *Последнее слово «искровской» тактики или потешные выборы, как новые побудительные мотивы для восстания.* — «Пролетарий», Женева, 1905, № 21, 17 (4) октября, стр. 2—5. —*20—21.*

[*Ленин, В. И.*] *Проект большевистской резолюции о временном правительстве и местных органах революционной власти.* Временное революционное правительство и местные органы революционной власти. — В кн.: [Ленин, В. И.] Доклад об Объединительном съезде Российской социал-демократической рабочей партии. Письмо к петербургским рабочим. М. — Спб., тип. «Дело», 1906, стр. 92—93, в отд.: Приложения. — *389—390.*

— *Проект первоначальной большевистской резолюции об отношении к буржуазным партиям.* Отношение к буржуазным партиям. — Там же, стр. 89—90. —*63—64.*

— *Проект резолюции о Государственной думе, внесенный на Объединительный съезд—қараңыз:* Ленин, В. И. Резолюция большинства о Государственной думе.

— *Пусть решают рабочие.* — «Вперед», Спб, 1906, № 6, 1 июня, стр. 2—3. — *192.*

— *Рабочая группа в Государственной думе.* — «Волна», Спб., 1906, № 13, 10 мая, стр. 1. — *108, 180—181.*

— *Реакция начинает вооруженную борьбу.* — «Вперед», Спб., 1906, № 9, 4 июня, стр. 1. — *236—237.*

— *Резолюция большинства о Государственной думе.* — «Волна», Спб., 1906, № 12, 9 мая, стр. 3, в отд.: Из жизни политических партий.— *41—43, 44—45, 46—47, 97, 98—99, 123, 157—158, 169—171, 309—310.*

— *Резолюция II-ая ПК РСДРП.* — «Вперед», Спб., 1906, № 2, 27 мая, стр. 2—3, в отд.: Из жизни политических партий. — *191, 209—210.*

— *Резолюция ПК РСДРП об отношении к Государственной думе — қараңыз:* Ленин, В. И. Резолюция II-ая ПК РСДРП.

Междурайонная городская конференция. — «Эхо», Спб., 1906, № 1, 22 июня, стр. 2, в отд.: Из жизни политических партий. — *285.*

Меньшиков, М. На левом фланге. — «Новое Время», Спб., 1906, № 10825, 4 (17) мая, стр. 2. — *74—76.*

— *Нужна поддержка.*—«Новое Время», Спб., 1906, № 10846, 26 мая (8 июня), стр. 2. — *197.*

— *Сильная власть.* — «Новое Время», Спб., 1906, № 10844, 24 мая (6 июня), стр. 2—3. — *197.*

Милюков, П. Н. Первый месяц думской работы. — «Речь», Спб., 1906, № 86, 30 мая (12 июня), стр. 2. — *208, 215.*

[*Милюков, П. Н.*] *С.-Петербург, 6 мая.* [Передовая].—«Речь», Спб., 1906, № 66, 6 (19) мая, стр. 1. — *85—87.*

— *С.-Петербург, 17 мая.* [Передовая]. — «Речь», Спб., 1906, № 75, 17 (30) мая, стр. 1. — *126—129.*

— *С.-Петербург, 21 мая.* [Передовая]. — «Речь», Спб., 1906, № 79, 21 мая (3 июня), стр. 1—2.—*165.*

— *С.-Петербург, 25 мая.* [Передовая]. — «Речь», Спб., 1906, № 82, 25 мая (7 июня), стр. 1. — *199.*

— *С.-Петербург, 27 мая.* [Передовая]. — «Речь», Спб., 1906, № 84, 27 мая (9 июня), стр. 1. — *195—197.*

— *С.-Петербург, 28 мая.* — «Речь», Спб., 1906, № 85, 28 мая (10 июня), стр. 1. — *199—201.*

«Министерство Горемыкина вчера вечером подало в отставку. Ответ пока неизвестен». [Аншлаг]. — «Биржевые Ведомости». Вечерний выпуск, Спб., 1906, № 9311, 27 мая (9 июня), стр. 1. — *197, 199.*

Москва в декабре 1905 г. Изд. Кохманского. М., 1906, 246 стр. — — *407, 429—432.*

«Московские Ведомости». — *340—341.*

«Мысль», Спб. — *254.*

— 1906, № 2, 21 июня (4 июля), стр. 3. — *254.*

— 1906, № 5, 24 июня (7 июля), стр. 2—3. — *437.*

Новый кабинет министров. — «Наша Жизнь», Спб., 1906, № 477, 21 июня (4 июля), стр. 4. — *254.*

О вооруженном восстании. [Проект резолюции меньшевиков к IV (Объединительному) съезду РСДРП]. — «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 10. Под общ. загл.: Проект резолюций к предстоящему съезду, выработанный группой «меньшевиков» с участием редакторов «Искры». — *6—7, 26—27, 53—54.*

О вооруженном восстании. [Проект резолюции меньшевиков, предложенный на IV (Объединительном) съезде РСДРП][1]. — *6—7, 53—55, 56—59.*

О вооруженном восстании. [Резолюция, принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП]. — В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 416—417, в отд.: Приложение II. Постановления и резолюции съезда. — *57—59, 60—61, 71—73, 86, 88, 399—400.*

[*О выходе в свет книги Акимова* [*Махновца, В. П.*] *«К вопросу о работах Второго съезда Росс. соц.-дем. раб. партии»*]. — «Освобождение», Штутгарт, 1904, № 52, 19 июля (1 августа), стр. [3, обл.], в отд.: Библиографический листок «Освобождения». — *51—52.*

О значении представительных учреждений в революционную эпоху. [Проект резолюции меньшевиков к IV (Объединительному) съезду РСДРП]. — «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 10—11. Под общ. загл.: Проект резолюций к предстоящему съезду, выработанный группой «меньшевиков» с участием редакторов «Искры». — *373—375.*

О партизанских выступлениях. О партизанских действиях. [Резолюция, принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП]. — В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 417—418, в отд.: Приложение II. Постановления и резолюции съезда. — *60—61, 402, 403—405, 433.*

---

[1] Бірінші рет «РСДРП төртінші (Бірігу) съезі. 23 апрель — 8 май (10—25 апрель), 1906 ж.» деген кітапта жарияланды. Редакциясын басқарған О. А. Варенцова. М., Партиялық әдебиет баспасы, 1934, 589—590-беттер. (ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Маркс — Энгельс — Ленин институты. ВКП(б) съездері мен конференцияларының протоколдары).

[1] Жоба сақталмаған.

Организационный устав, [принятый на IV (Объединительном) съезде РСДРП]. — В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 419—420. — *61—63, 145—146.*

«Освобождение», Штутгарт, 1904, № 52, 19 июля (1 августа), стр. [3, обл.]. — *51—52.*

— Париж, 1905, № 71, 31 (18) мая, стр. 337—343. — *392—393.*

— 1905, № 73, 19 (6) июля, стр. 371—372. — *392—393.*

— 1905, № 74, 26 (13) июля, стр. 398—402. — *392—393, 445.*

От редакции. — «Голос Труда», Спб., 1906, № 7, 28 июня (11 июля), стр. 2. — *301—302.*

Ответ Государственной думы на тронную речь. — «Речь», Спб., 1906, № 66, 6 (19) мая, стр. 2. — *99—102, 120, 132—134, 151—152, 277—278, 424.*

«Отклики Современности», Спб. — *447.*

«Парламентские обычаи». — «Курьер», Спб., 1906, № 4, 20 мая (2 июня), стр. 1, в отд.: Политическое обозрение. — *150—151.*

«Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 5—9, 9—11, 12. — *6—7, 9—12, 13—14, 20—21, 26—27, 28—30, 31—38, 40—42, 45—49, 53—54, 56—57, 61—65, 73, 81—83, 85, 113, 159, 170—171, 272, 373—375, 389—390, 399—400, 433.*

Первый инцидент. — «Невская Газета», Спб., 1906, № 6, 8 (21) мая, стр. 2. — *100—102.*

Первый сборник. Спб., Карчагин, 1906. 322 стр. (Освободительная б-ка). — *447.*

Петербург, 28-го мая. [Официальное опровержение извещения об отставке Горемыкина]. — «Русские Ведомости», М., 1906, № 140, 30 мая, стр. 4, в отд.: Телеграф и телефон. — *199.*

Печать.— «Дума», Спб., 1906, № 11, 10 (23) мая, стр. 2.—*50—51.*

Печать. — «Речь», Спб., 1906, № 82, 7 июня (25 мая), стр. 2. — *197—198.*

Печать. — «Речь», Спб., 1906, № 84, 9 июня (27 мая), стр. 2. — *197—198.*

Печать. — «Речь», Спб., 1906, № 115, 2 (15) июля, стр. 2. — *322—323.*

Пешехонов, А. В. На очередные темы. Наша платформа (ее очертания и размеры). — «Русское Богатство», Спб., 1906, № 8, август, стр. 178—206. — *444—446, 447.*

— *Хроника внутренней жизни.* — «Русское Богатство», Спб., 1906, № 7, июль, стр. 164—181. — *437—438, 439, 441—442, 444—445, 447.*

Пиленко, А. В. Государственной думе. — «Новое Время», Спб., 1906, № 10840, 19 мая (1 июня), стр. 2—3. — *142—143.*

Письмо к партийным организациям. [№ 4]. 14 июля 1906 г. [Листовка]. [Спб., 1906]. 5 стр. (РСДРП). Подпись: ЦК РСДРП. — *385—386, 387—394, 395, 396—397, 399—400, 403.*

Письмо к партийным организациям. № 5. 29 июля 1906 г. [Листовка]. Б. м., тип. ЦК РСДРП, [1906]. 4 стр. Подпись: ЦК РСДРП. — *385—386, 387—388, 394—395, 396—397, 399—400.*

Плеханов, Г. В. Еще о нашем положении. (Письмо к товарищу X.). — «Дневник Социал-Демократа», Женева, 1905, № 4, декабрь, стр. 1—12. — *24, 26, 53—54, 409—410, 447.*

— *Наше положение.* — «Дневник Социал-Демократа», Женева, 1905, № 3, ноябрь, стр. 1—23. — *179—180.*

— *О выборах в Думу.* (Ответ товарищу С.). — «Дневник Социал-Демократа», Женева, 1906, № 5, март, стр. 32—39. — *20—21.*

— *«Общее горе».* — «Дневник Социал-Демократа», Женева, 1906, № 6, август, стр. 1—12. — *416—421.*

— *Письма о тактике и о бестактности.* Письмо первое.— «Курьер», Спб., 1906, № 4, 20 мая (2 июня), стр. 2—3; № 5, 21 мая (3 июня), стр. 2—3. — *165—173, 174—188, 375—376.*

— *Письмо Г. В. Плеханова.* — «Курьер», Спб., 1906, № 4, 20 мая (2 июня), стр. 1. — *147, 148, 149—152.*

Погром в Белостоке. (От нашего корреспондента). Белосток, 2 июня. — «Дума», Спб., 1906, № 31, 2 (15) июня, стр. 3. — *220.*

Погром в Белостоке. (Официальное сообщение). — «Новое Время», Спб., 1906, № 10854, 3 (16) июня, стр. 2. — *224.*

Положение о выборах в Государственную думу. — «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 2—4. — *244—245.*

— 1905, № 15, 5 сентября (23 августа), стр. 1—2. — *21.*

— 1905, № 16, 14 (1) сентября, стр. 2. — *23.*

— 1905, № 21, 17 (4) октября, стр. 2—5. — *21.*

«Пролетарий», [Выборг]. На газ. место изд.: М. — *406.*

— 1906, № 1, 21 августа, стр. 4—7. — *394—396.*

— 1906, № 2, 29 августа, стр. 1—2. — *428.*

— 1906, № 3, 8 сентября, стр. 2—3. — *407.*

— 1906, № 5, 30 сентября, стр. 3—5. — *402.*

[*Протест тифлисских рабочих против полномочий тифлисской меньшевистской делегации, зачитанный на IV (Объединительном) съезде РСДРП*]. — В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 284. — *7—8.*

Протест 3-х членов ЦК — қараңыз: Заявление 3-х членов ЦК.

Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907. VI, 420 стр. — *5—22, 24—51, 52—65, 68—69, 71—73, 81—83, 86—89, 97, 98—100, 103—105, 110—111, 113, 123, 137, 138—139, 145—146, 152, 161, 169—171, 191, 195—196, 202, 209, 210—214, 233, 252—253, 375—376, 377—379, 399—400, 402, 403—405, 433, 434.*

Протоколы первого съезда партии социалистов-революционеров. Изд. ЦК п. с.-р. Б. м., тип. партии социалистов-революционеров, 1906. 368 стр. (Партия социалистов-революционеров). — *436, 438.*

Протоколы III съезда партии народной свободы (конституционно-демократической). Изд. секретариата центрального комитета партии народной свободы. Спб., 1906. 176 стр. — *81—82.*

Протопопов, Д. Д. Все о том же. — «Дума», Спб., 1906, № 12, 11 (24) мая, стр. 1. — *118—119, 147.*

— *Нужно другое министерство.* — «Дума», Спб., 1906, № 6, 4 (17) мая, стр. 1. — *79.*

Прямо к цели. Спб., «Максималист», 1906. 16 стр. — *437—438.*

— 1906, № 70, 11 (24) мая, стр. 1. — *116.*

— 1906, № 73, 14 (27) мая, стр. 2. — *120—122, 133.*

— 1906, № 74, 16 (29) мая, стр. 2—3. — *126.*

— 1906, № 75, 17 (30) мая, стр. 1, 4. — *126—129, 149, 181—182, 194—195, 316.*

— 1906, № 76, 18 (31) мая, стр. 5. — *149, 181—182, 194—195, 316.*

— 1906, № 78, 20 мая (2 июня), стр. 1. — *153.*

— 1906, № 79, 21 мая (3 июня), стр. 1—2. — *165.*

— 1906, № 82, 25 мая (7 июня), стр. 1—2. — *197, 199.*

— 1906, № 82, 25 мая (7 июня). Приложение к № 82 «Речи». Государственная дума, стр. 1—3. — *259, 324—325.*

— 1906, № 84, 27 мая (9 июня), стр. 1, 2. — *195—197, 198.*

— 1906, № 84, 27 мая (9 июня). Приложение к № 84 «Речи». Государственная дума, стр. 1—2. — *200.*

— 1906, № 85, 28 мая (10 июня), стр. 1, 2. — *199—200.*

— 1906, № 86, 30 мая (12 июня), стр. 2. — *208, 215.*

— 1906, № 88, 1 (14) июня, стр. 2. — *216.*

— 1906, № 89, 2 (15) июня. Приложение к № 89 «Речи». Государственная дума, стр. 4. — *213—214, 247, 288—289, 298—299, 316.*

— 1906, № 90, 3 (16) июня. Приложение к № 90 «Речи». Государственная дума, стр. 1—3. — *221—224.*

— 1906, № 94, 8 (21) июня, стр. 4—5. — *314—315, 324—325, 439—440.*

— 1906, № 96, 10 (23) июня. Приложение к № 96 «Речи». Государственная дума, стр. 1—4. — *238—240, 247.*

— 1906, № 98, 13 (26) июня. Приложение к № 98 «Речи». Государственная дума, стр. 1—4. — *247, 260—262.*

— 1906, № 102, 17 (30) июня. Приложение к № 102 «Речи». Государственная дума, стр. 1. — *247—249, 252—253.*

— 1906, № 106, 22 июня (5 июля), стр. 1, 2, 3. — *260, 263—264, 266—267.*

— 1906, № 108, 24 июня (7 июля). Приложение к № 108 «Речи». Государственная дума, стр. 1—4. — *279—282.*

— 1906, № 108, 24 июня (7 июля), стр. 2. — *284.*

— 1906, № 110, 27 июня (10 июля), стр. 1. — *296.*

— 1906, № 111, 28 июня (11 июля). стр. 1—2. — *298, 299, 313.*

— 1906, № 113, 30 июня (13 июля). Приложение к № 113 «Речи». Государственная дума, стр. 1—4. — *311—312.*

— 1906, № 114, 1 (14) июля, стр. 1—2. — *316—317.*

— 1906, № 115, 2 (15) июля, стр. 2. — *322—323.*

— 1906, № 117, 5 (18) июля. Приложение к № 117 «Речи». Государственная дума, стр. 1. — *324—328, 329—331, 332, 333.*

«Речь», Спб., 1906, № 118, 6 (19) июля, стр. 1. — *333, 336.*

— 1906, № 125, 13 (26) июля, стр. 1. — *340—341.*

— 1906, № 130, 19 июля (1 августа), стр. 1. — *384.*

— 1906, № 136, 12 (25) августа, стр. 1. — *380.*

Розанов, В. В. Из-за деревьев не видим леса. — «Новое Время», Спб., 1906, № 10848, 28 мая (10 июня), стр. 3—4. — *199.*

«Россия», Спб. — *333.*

— 1906, № 170, 5 июля, стр. 1—2. — *333—334, 335.*

— 1906, № 171, 6 июля, стр. 1, 2. — *333, 335.*

«Русские Ведомости», М., 1905, № 210, 5 августа, стр. 3. — *23.*

— 1906, № 140, 30 мая, стр. 4. — *199.*

«Русское Богатство». Спб., 1906, № 7, июль, стр. 164—181. — *437—439, 441—442, 445—446, 447.*

1906, № 8, август, стр. 178—206. — *437—439, 440—441, 442—443, 444—445, 446—447.*

Социал-демократия и пролетарская фракция Государственной думы. — «Колокол», Полтава, 1906, № 85, 6 мая, стр. 1. — *165—167, 173—176.*

Среди газет и журналов. — «Новое Время», Спб., 1906, № 10832, 11 (24) мая, стр. 3. — *50—51.*

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). Спб., гос. тип., 1906. XXII, 866 стр. (Государственная дума). — *130—131, 142, 194—197, 200, 233, 439—441.*

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. II. Заседания 19—38 (с 1 июня по 4 июля). Спб., гос. тип., 1906, стр. 867—2013. (Государственная дума). — *247, 314, 439—440.*

«Страна», Спб., 1906, № 68, 10 (23) мая, стр. 1. — *116.*

— 1906, № 94, 9 (22) июня, стр. 1. — *314.*

Струве, П. Б. Безумие и глупость.—«Свобода и Культура», Спб., 1906, № 7, 18 мая, стр. 514—517. — *132—133, 178—180.*

— *Два забастовочных комитета.* — «Полярная Звезда», Спб., 1905, № 3, 30 декабря, стр. 223—228. — *392.*

— *Как найти себя?* Ответ автору письма «Как не потерять себя!» — «Освобождение», Париж, 1905, № 71, 31 (18) мая, стр. 337—343. — *392.*

— *«Князь Потемкин» и что же дальше?* — «Освобождение», Париж, 1905, № 73, 19 (6) июля, стр. 371—372. Подпись: П. С. — *392.*

— *Корона и Государственная дума.* — «Дума», Спб., 1906, № 34, 7 (20) июня, стр. 1. — *230.*

— *Не в очередь.* О моей преступной привязанности к ст. 129.— «Дума», Спб., 1906, № 23, 24 мая (6 июня), стр. 1. — *194—196.*

— *Необходимое опровержение.* — «Дума», Спб., 1906, № 25, 26 мая (8 июня), стр. 2, в отд.: Последние известия. Подпись: П. С. — *194—196.*

— *Необходимый отпор.* — «Дума», Спб., 1906, № 12, 11 (24) мая, стр. 1. — *116.*

— *Непринятие думского президиума государем.* — «Дума» Спб., 1906, № 9, 7 (20) мая, стр. 1. — *101—102.*

нительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 345—348. — *60—61.*

Устав партии, [принятый на III съезде РСДРП]. — В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. XXVIII—XXIX. (РСДРП) — *61—62, 103.*

Учреждение Государственной думы. 6 (19) августа 1905 г. — «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1—2. — *244—245.*

«Фольксцейтунг», Вильно. — *236—237.*

— 1906, № 84, 8 (21) июня. — *236—237.*

Хижняков, В. В. О местных органах и Думе. — «Наша Жизнь», Спб., 1906, № 460, 1 (14) июня, стр. 2. — *216—218.*

Хроника. — «Правительственный Вестник». Вечернее прибавление к «Правительственному Вестнику», Спб., 1906, № 4, 19 мая (1 июня), стр. 2. — *153.*

Хроника. — «Речь», Спб., 1906, № 106, 22 июня (5 июля), стр. 3. — *266, 267.*

[*Хрусталев-Носарь, Г. С.*] *Быть или не быть новому Совету рабоч. депутатов?* — «Эхо», Спб., 1906, № 11, 4 июля, стр. 2—3. Подпись: Хрусталев. — *318, 319—321.*

Чернов, В. М. Вульгарный социализм. — «Мысль», Спб., 1906, № 5, 24 июня (7 июля), стр. 2—3. — *437.*

— *Надпольные и подпольные.* — «Мысль», Спб., 1906, № 9, 29 июня (12 июля), стр. 1—2. — *303.*

[*Шаумян, С. Г.*] *Суренин. [Проект резолюции в дополнение к проекту условий объединения Бунда с РСДРП, внесенный на IV (Объединительном) съезде РСДРП].* — В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 384—385. — *60—61.*

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. 1876—1878 гг. — *412—413.*

Hegel, G. W. F. Grundlinien der Philosophie des Rechts. Berlin, 1821. XXVI, 355 S. *36.*

— *Vorrede [zum Buch von G. W. F. Hegel «Grundlinien der Philosophie des Rechts»].* In: Hegel. G. W. F. Grundlinien der Philosophie des Rechts. Berlin, 1821, S. III—XXIV. — *36.*

Internationale Regeln der sozialistischen Taktik. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Amsterdam]. - In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904, S. 31—32. *62—65, 170—171.*

Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904. 78 S. — *62—65, 170—171.*

Kautsky, K. Die Aussichten der russischen Revolution. — «Vorwärts», Berlin, 1906, № 23, 28. Januar, S. 1. Unterschrift: K. K. — *412—413, 414.*

Lassalle, F. Über Verfassungswesen. Ein Vortrag, gehalten [am 16. April 1862], in einem Berliner Bürger Bezirks-Verein von Ferdinand Lassalle. Berlin, Jausen, 1862. 32 S. — *230.*

Liebknecht, W. Über die politische Stellung der Sozialdemokratie insbesondere mit Bezug auf die den Reichstag. Ein Vortrag, gehalten in einer öffentlichen Versammlung des demokratischen Arbeitervereins zu Berlin am 31. Mai 1869. 3-te unveränd. Aufl. Mit einem Vorwort und einem tragikomischen Nachspiel. Leipzig, Genossenschaftsbuchdruckerei, 1874, 24 S. — *310.*

«Le Temps», Paris. — *196—197.*

— 1906, № 16412. 28 mai, p. 1. — *196—197.*

«Volkszeitung» — қараңыз: «Фольксцейтунг».

«Vorwärts», Berlin.—62—63, 203—205, 207.

— 1905, № 249, 24. Oktober, S. [4]. — *62—63.*

— 1906, № 23, 28. Januar, S. 1. — *412—413, 414.*

— 1906, № 124, 31. Mai, S. 1; № 125, 1. Juni, S. 1. — *203—207.*

«Der Wahre Jacob», Stuttgart, 1905, № 497, 8. August, S. 4775. — *422.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

А. Л—ий—қараңыз: Луначарский, А. В.

Акимов (Махновец), В. П.* (1872—1921) — социал-демократ, «экономизмнің» көрнекті өкілі, барып тұрған әсіре оппортунистердің бірі. 90-жылдардың орта шенінде Петербургтегі халық ерікшілері тобына қосылды, 1897 жылы тұтқынға алынып, 1898 жылдың апрелінде Енисей губерниясына жер аударылды. 1898 жылдың сентябрінде шетелге қашып кетіп, онда «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі болды, «Еңбекті азат ету» тобына, ал кейін «Искраға» да қарсы шықты. РСДРП II съезінде «Одақтан» делегат, антиискрашыл, съезден кейін — меньшевизмнің әсіре оң қанатының өкілі. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде бейпартиялық жұмысшы ұйымын құру жөніндегі жойымпаздық идеяны қорғады, бұл идея бойынша социал-демократия әлгі ұйымның ішіндегі идеялық ағымдардың бірі ғана болып қалуға тиіс еді. РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына кеңесші дауыспен қатысып, меньшевиктердің оппортунистік тактикасын қорғады, кадеттермен одақ жасауға шақырды. Реакция жылдарында социал-демократиядан шеттеп кетті. —*4, 26—28, 50—52, 172.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 70-жылдарда — халықшыл, «Жер және ерік» жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліс» тобына қосылды; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан — «Искра» мен «Заря» редакциясының мүшесі; РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Съезден кейін — белсенді меньшевик. 1905 жылы кең көлемді «жұмысшылар съезін» шақыру жөнінде оппортунистік идея ұсынып, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарама-қарсы қойды. Реакция жылдарында — жойымпаздық басшыларының бірі, жойымпаз меньшевиктердің «Голос Со-

* Жақшаның ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

циал-Демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист; Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысып, оларда оң қанатқа қосылды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды насихаттады.— *4, 27, 42, 43, 44, 51, 70, 406.*

Аладьин, А. Ф. (1873 ж. туған) — трудовиктер лидерлерінің бірі. Қазан университетінің студенті кезінде-ақ құпия үйірмелердің жұмысына араласты. XIX ғасырдың 90-жылдарының ортасында қамауға алынып, Университеттен шығарылды; тоғыз ай түрмеде отырғаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті, онда 9 жыл болды. Россияға қайтып келісімен Сибирь губерниясының шаруалар куриясынан I Мемлекеттік думаға мүше болып сайланды және Еңбек тобына кірді. Лондондағы парламент аралық конференцияға делегат етіп жіберілді, Думаның таратылғаны жайындағы хабарды сонда жүріп естіді. 1917 жылға дейін шетелде тұрды, одан соң Россияға қайтып оралды. Октябрь социалистік революциясынан кейін контрреволюция жағында белсене әрекет жасады, одан соң шетелге эмиграцияға кетті. — *130, 143, 247, 260—261.*

III Александр (Романов) (1845—1894) — орыс императоры (1881—1894). — *14.*

Андреев, Л. Н. (1871—1919) — орыстың белгілі жазушысы. Творчествосының алғашқы кезеңінде (1898—1906) озық әдебиетке жақын болды, оның көптеген әңгімелері мен пьесалары орыс сыншыл реализмінің классикалық дәстүрлері рухында жазылды. Осы кезеңдегі шығармаларын халық бұқарасының самодержавиеге қарсы күресіне іш тарта жазды, бірақ сол кездің өзінде-ақ жазушының саяси мәселелерді түсінуге шорқақтығы сезілді, үмітсіздік пен пессимизм сарыны көріне бастады. Мұндай торығу пиғылдары 1907—1910 жылдарда, жазушы Россияның үстем таптарының күйзеліске ұшырап, ыдырауын бейнелей отырып, реакциялық әлеуметтік-философиялық көзқарастарды уағыздай бастаған кезде, мейлінше толық көрінді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде шовинистік позиция ұстады; реакциялық «Русская Воля» газетінің редакциясына кірді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады, эмигрант. — *430.*

Б

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. Саяси қызметін

60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; бірнеше рет рейхстагқа депутат болып сайланды, Германияны демократиялық жолмен біріктіру үшін күресті, кайзерлік үкіметтің реакциялық ішкі және сыртқы саясатын әшкереледі. Франция-Пруссия соғысы кезінде интернационалистік позиция ұстап, Париж Коммунасын қолдады. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясының қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар, 19-том, 294-бет) деп санады. Талантты публицист және асқан шешен Бебель герман және Европа жұмысшы қозғалысының дамуына едәуір ықпал жасады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипаттағы бірқатар қателіктер жіберді (оппортунистермен жеткілікті дәрежеде күрес жүргізбеу, күрестің парламенттік формаларының маңызын асыра бағалау және т. б.). — *203.*

Бернштейн (Bernstein), *Эуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап қатысты. Дюрингтің ықпалында болды. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының құпия орталық органы — «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899) деген кітап болып басылып шықты; бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресі жөніндегі маркстік теорияны, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді теріске шығарды. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деп жазды В. И. Ленин Бернштейн жайында (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бернштейннің және оның ізбасарларының теориялық көзқарастары мен практика жүзіндегі оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей сатқындық жасауға әкеліп соқты, ал мұның өзі бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде II Интернационалдың күйреуімен тынды.

Бұдан кейінгі жылдарда Бернштейн марксизмге қарсы күресін тоқтатқан жоқ, империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетіне қарсы шықты. — *38—39, 169, 175, 177, 178, 180, 390.*

Берсенев — қараңыз: Дан, Ф. И.

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты, Герман империясының «темір канцлер» атанған тұңғыш канцлері. 1862 жылы — Пруссияның министр-президенті және сыртқы істер министрі. Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру болды. 1871 жылы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті. 1871 жылдан 1890 жылға дейін ол Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда болымсыз садақа беру арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салу әрекеті нәтижесіз болды. 1890 жылы мартта орнынан түсті. — *127—129, 292, 295.*

Бланк, Р. М. (1866 ж. туған) — орыс публицисі, мамандығы — химик. 1905 жылға дейін шетелде тұрды, «Освобождение» журналында қызмет істеді. Россияға қайтып оралғаннан кейін «Наша Жизнь» газеті редакциясының құрамына енді, содан соң іс жүзінде газеттің редакторы болды; сонымен кадеттік «Товарищ» газетіне қатысып тұрды; 1909—1912 жылдарда кадеттердің, халықтық социалистердің және жойымпаз меньшевиктердің журналы — «Запросы Жизниді» шығаруға мықтап ат салысты; өзінің еңбектерінде тап күресі мен пролетариат диктатурасы туралы маркстік ілімді бұрмалады. В. И. Ленин Бланкті кадеттік саясат жаршысының нағыз типтік бейнесі ретінде типаттай келіп, бірқатар мақалаларында оның көзқарастарының контрреволюциялық мәнін әшкереледі. — *27.*

Блюм, О. В. — қараңыз: Рахметов, Н.

Борис Николаевич — қараңыз: Соловейчик, Б. И.

Борисов — қараңыз: Суворов, С. А.

Булыгин, А. Г. (1851—1919) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1900 жылға дейін сот тергеушісі

болды, ал кейін бірқатар губернияларда губернатор болды. 1900—1904 жылдары — Москва генерал-губернаторының көмекшісі; Зубатов охранкасының істеріне белсене көмектесті. 1905 жылғы 20 январьдан — ішкі істер министрі. Сол жылы февральда патшаның тапсыруымен ел ішінде өсіп келе жатқан революциялық өрлеуді әлсірету мақсатымен кеңесші Мемлекеттік думаны шақыру туралы зац жобасын әзірлеуге басшылық етті. Алайда бұл дума шақырылмай қалды, революция толқыны оны жойып жіберді. 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесінен кейін Булыгин Мемлекеттік советтің мүшесі болып қала отырып, отставкаға шықты және іс жүзінде саяси сахнадан кетті. — *380.*

Бурбондар — 1589 жылдан 1792 жылға дейін, 1814—1815 және 1815—1830 жылдарда Францияда билік жүргізген корольдер әулеті. — *16, 17.*

В

В. В. — *қараңыз:* Воронцов, В. П.

Варский (Warski), *Адольф (Варшавский, А. С.)* (1868—1937) — поляк революциялық қозғалысының ең байырғы және көрнекті қайраткерлерінің бірі. 80-жылдардың аяқ кезінде «Поляк жұмысшылары одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды, Польша Корольдігі социал-демократиясын, одан соң Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясын құруға белсене қатысты. 1893 жылы шетелге эмиграцияға кетті, онда Р. Люксембургпен және басқалармен бірге поляк социал-демократтарының тұңғыш органы — «Sprawa Robotnicza» («Жұмысшы Ісі») газетін, одан соң «Przeglad Socjaldemokratyczny» («Социал-Демократиялық Шолу») журналын шығара бастады. Польша және Литва социал-демократиясынан партияның IV (Бірігу) съезіне кеңесші дауыс правосымен делегат болды. Съезден кейін РСДРП Орталық Комитетінің құрамына енді. Партияның V съезінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. 1909—1910 жылдарда — РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газеті редакторларының бірі. В. И. Ленин осы кезеңде Варскийді «тәжірибелі әдебиетші, ақылды марксист және тамаша жолдас» (Шығармалар, 36-том, 145-бет) деп сипаттады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты. 1916 жылы Польшаға қайтып келді, бірақ соғысқа қарсы үгіт жүргізгені үшін немістер тұтқынға алды; 1917 жылы тұтқыннан босағаннан кейін Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының басшылығы құрамына енді. Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі, оның съездері мен конференцияларына қатысты. Поляк сейміне депутат болып сайланды, сеймнің ком-

мунистік фракциясының председателі болды. 1929 жылы СССР-ге эмиграцияға кетті; Маркс—Энгельс—Ленин институтында поляк жұмысшы қозғалысының тарихын зерттеумен шұғылданды. — *10.*

Варшавский, А. С. — қараңыз: Варский, А.

Виноградов, П. Г. (1854—1925) — тарихшы, Москва, ал кейін Оксфорд университеттерінің профессоры. Оның ғылыми еңбектерінің көпшілігі Англияның орта ғасырлық тарихына арналған. Өзінің саяси сенімдері жөнінен кадеттерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революцияны либерал буржуазия позициясынан қарады, бұл оның 1905 жылы 5 августа «Русские Ведомости» газетінде жарияланған «Саяси хаттарынан» көрінеді. Осы хаттарында ол. В. И. Ленин көрсеткендей, «құлқыншыл буржуазияның мүдделерін, тактикасын, психологиясын сирек кездесетін айқындықпен көрсетіп берді...» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 244-бет). Октябрь социалистік революциясы мен Совет өкіметіне дұшпандықпен қарады.

«Англияның орта ғасырлардағы әлеуметтік тарихы жөніндегі зерттеу» (1887), «Англиядағы орта ғасырлық поместье» (1911) деген және басқа еңбектердің авторы. — *23.*

Винтер — қараңыз: Красин, Л. Б.

Витте, С. Ю. (1849—1915) — орыстың мемлекет қайраткері; Витте патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін білдіруші болды, самодержавиені жанын сала жақтады, либерал буржуазияға болмашы жеңілдіктер жасап, уәделер беру және халықты аяусыз қудалау арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль — август, 1892), финанс министрі (1892—1903), министрлер Советінің председателі (октябрь, 1905 — апрель, 1906) бола отырып, Витте финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрика заңы саласындағы шаралары арқылы, шетелдік капиталдың енуін барынша қолдау арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелді болуының күшеюіне себепші болды. «Министр-маклер», «биржаның агенті» — міне В. И. Ленин оған осындай сипаттама берді. — *52, 116, 197, 299.*

Власов — қараңыз: Рыков, А. И.

Водовозов, В. В. (1864—1933) — либералдық-халықшылдық бағыттағы экономист және публицист. 1904 жылдан «Наша Жизнь» газеті редакциясының мүшесі; 1906 жылы солшыл кадеттік «Товарищ» газетіне жазып тұрды, II Мемлекеттік дума сайлауы науқаны кезінде трудовик болды. 1912 жылы кадеттердің, халықтық социалистер мен жойымпаз меньшевиктердің журна-

еді. Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі идеалистік диалектиканы терең және жан-жақты талдап жасауы болды, мұның өзі диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі еді. Гегельше, бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүние үздіксіз қозғалыста, өзгерісте, қайта туудa және дамуда болады; алайда Гегель объективтік дүниені, өмір шындығын «абсолюттік рухтың», «абсолюттік идеяның» жемісі деп қарайды. В. И. Ленин «абсолюттік идеяны» идеалист Гегельдің теологиялық ойдан шығарған өтірігі деп атады. Диалектикалық метод пен шын мәнінде дамуды тоқтатуды талап еткен консервативтік, метафизикалық система арасындағы терең қайшылық — Гегель философиясына тән сипат. Әлеуметтік-саяси көзқарастары жөнінен Гегель реакционер болды.

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин Гегельдің диалектикалық методын сын көзбен қайта қарап, объективтік дүние мен адам ойы дамуының неғұрлым жалпы заңдарын бейнелейтін материалистік диалектиканы жасады.

Гегельдің негізгі шығармалары мыналар: «Рух феноменологиясы» (1806), «Логика ғылымы» (1812—1816), «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы» (1817), «Право философиясы» (1821). Қайтыс болғаннан кейін жарық көрген еңбектері: «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» (1833—1836) және «Эстетика жөніндегі лекциялар, немесе өнер философиясы» (1836—1838). — *36.*

Гейден, П. А. (1840—1907) — граф, ірі помещик, земство қайраткері, октябрист. 1895 жылдан — Псков губерниясында уездік дворяндар жетекшісі. 1904—1905 жылдары земство қозғалысына белсене қатысты. Либерализмді бүркеніш етіп, буржуазия мен помещиктерді өрлеп келе жатқан революциялық қозғалысқа қарсы күресте біріктіруге тырысты. 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесінен кейін ашықтан-ашық контрреволюция лагеріне ауысты. I Мемлекеттік думада оңшыл депутаттар тобын басқарды. Ленин Гейденді өз табының ортақ мүдделерін шеберлікпен қорғаған «кәдуілгі контрреволюцияшыл помещик» деп сипаттады (қараңыз: В. И. Лениннің «Граф Гейденді еске түсіру» деген мақаласы — Шығармалар, 13-том, 38—46-беттер). — *100, 159, 187, 247, 266, 267, 282.*

Гельфанд, А. Л. — қараңыз: Парвус.

Герценштейн, М. Я. (1859—1906) — буржуазияшыл экономист, Москва ауыл шаруашылық институтының профессоры, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі және оның аграрлық мәселе жөніндегі теоретигі. I Мемлекеттік думаның мүшесі. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Финляндияда қаражүздіктер өлтірді. — *254, 269.*

Гессен, И. В. (1866—1943) — орыстың буржуазияшыл публицисі. Кадет партиясын құрушылардың және оның лидерлерінің

бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. Милюковпен бірге кадет партиясының органдары — «Народная Свобода» (декабрь, 1905), содан соң «Речь» газетін редакциялады. II Мемлекеттік думаның мүшесі, оның заң комиссиясының председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің жауы; шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Юденичке белсене көмектесті, кейінірек ақ эмигрант. Өзінің публицистік қызметінде большевиктерге өршелене жала жабумен көзге түсті. — *23*.

Гомартели, И. Г. (1875—1938) — социал-демократ, меньшевик, кәсібі жөнінен дәрігер. РСДРП Кутаис комитетінің мүшесі болды. 1906 жылы Кутаис губерниясынан I Мемлекеттік думаға сайланды. Дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, сол үшін 3 ай түрмеге қамалуға кесілді. Жазасын өтегеннен кейін социал-демократиялық ұйымның жұмысына белсене қатысқан жоқ. Октябрь социалистік революциясынан кейін Грузияның меньшевиктік үкіметінде қызмет істеді, 1919 жылы — меньшевиктерден Тифлис қалалық думасының мүшелігіне кандидат. 1921 жылдан бастап меньшевиктерден қол үзді, дәрігерлік жұмыспен және публицистикалық қызметпен шұғылданды. — *247*.

Горемыкин, И. Л. (1839—1917) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, реакцияшыл бюрократияның типтік өкілдерінің бірі, барып тұрған монархист, 1895—1899 жылдары — ішкі істер министрі, өз ізашарларының 60—70-жылдардағы реформаларды шектеуге және жоюға бағытталған реакциялық саясатын жүргізді; жұмысшы қозғалысын аяусыз тұншықтырып отырды. 1906 жылғы апрельден августқа дейін және 1914 жылғы январьдан 1916 жылғы январьға дейін Министрлер советінің председателі болды. — *108, 120, 127, 128, 129, 133, 196, 197, 199, 215, 254, 256, 257, 259, 324—325*.

Гофштеттер, И. А. (1863 ж. туған) — либерал халықшылдықтың өкілі, өзін В. П. Воронцовтың ізбасарымын деп есептеді. Марксистерді капитализмді «өрбітуге» және «шаруаларды жерсіз қалдырып, ұсақ қожайындарды күйзелтуді жеделдетуге» ұмтыласыңдар деп айыптай отырып, Гофштеттер патша үкіметінің ақылға қонымды саясатына үміт артты; оның пікірінше, патша үкіметі салықтар мен кредиттің дұрыс жүйесі арқылы ірі өндірістің есебінен ұсақ өндірісті дамытуға көмектесуге тиіс болды. Гофштеттердің көзқарастары оның «Капитализмнің доктринерлері» (1895) деген кітапшасында баяндалды; бұл кітапша П. Б. Струвенің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» деген кітабына қарсы бағытталған еді. — *143*.

Гредескул, Н. А. (1864 ж. туған) — юрист және публицист, профессор, кадет. 1905 жылы «Мир» газетін шығаруға қатысты,

бұл газет «үкіметке қарсы» сипаттағы мақалаларды жариялағаны үшін сол жылы декабрьде жабылды, ал Гредескул қамауға алынып, 1906 жылы Архангельск губерниясына жер аударылды. Айдауда жүріп, I Мемлекеттік думаға мүше болып сырттан сайланды, Петербургке қайтып келіп, Дума председателінің орынбасары болды. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, қамауға алынды. Бірқатар буржуазиялық-либералдық газеттерге жазып тұрды. 1916 жылы кадеттер партиясынан шықты. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін большевиктер партиясына қарсы үгіт жүргізген буржуазиялық «Русская Воля» газетін шығаруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін солға қарай ойысып, өз көзқарастарын «Бұрынғы және қазіргі Россия» (1926) деген еңбегінде баяндады. Ленинградтың жоғары оқу орындарында профессор болды. — *153, 298, 299.*

Гурвич, Ф. И. — *қараңыз:* Дан, Ф. И.

Гурко, В. И. (1863—1927) — патшалық Россияның реакцияшыл қайраткері. 1902 жылы Ішкі істер министрлігінің земство бөлімінің басқарушысы, ал 1906 жылы ішкі істер министрінің орынбасары болып тағайындалды. I Мемлекеттік думада крепостник-помещиктердің мүдделерін жақтап, аграрлық заң жобаларына қарсы шықты. Горемыкин үкіметінде көрнекті роль атқарды, В. И. Ленин бұл үкіметті «дворяндық-буржуазиялық программасы бар» Гурко — Горемыкин кабинеті деп атады. Кейін Гурко қазына мүлкіне қол сұғып, талан-таражға салғаны ашылып, Сенаттың үкімі бойынша қызметінен босатылды. 1912 жылы — Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады, Россияның оңтүстігінде Совет өкіметіне қарсы күресті, одан кейін шетелге эмиграцияға кетті. — *260, 261, 446.*

Гучков, А. И. (1862—1936) — орыстың ірі капиталисі, октябристер партиясының ұйымдастырушысы және лидері. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде жұмысшы табы мен шаруалар жөнінде үкіметтің аяусыз жазалау саясатын жүргізуін жақтап, революциялық қозғалысқа барынша қарсы шықты. Реакция жылдарында — Мемлекеттік қорғаныс комиссиясының председателі және III Мемлекеттік думаның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Орталық соғыс өнеркәсібі комитетінің председателі және қорғаныс жөніндегі Ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — Уақытша үкіметтің бірінші құрамының соғыс және теңіз министрі, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беруді жақтады. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты, майданда тұтқынға алынды, бірақ Уақытша үкімет босатып жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті; ақ эмигрант. — *425.*

Д

Дан, Ф. И. (Гурвич, Ф. И., Берсенев) (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен дәрігер. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» енді. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды; 1903 жылы сентябрьде шетелге қашып барып, онда меньшевиктерге қосылды. Дан РСДРП IV (Бірігу), V съездеріне және бірқатар конференцияларына қатысты. Реакция жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — барып тұрған қорғампаз; 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару Комитетінің мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің жауы. Совет мемлекетінің бітіспес жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуып жіберілді. — *9, 10—11, 62, 105, 373.*

Даниельсон, Н. Ф. (Николай — он) (1844—1918) — орыстың экономист-жазушысы, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдықтың идеологтарының бірі. 60—70-жылдары революцияшыл әртекті жастар үйірмелерімен байланыста болды. К. Маркс «Капиталының» Г. А. Лопатин бастаған орыс тіліндегі тұңғыш аудармасын аяқтады, осыған байланысты К. Маркспен және Ф. Энгельспен хат жазысып тұрды. Хаттарында Россияның экономикалық даму проблемаларын да сөз етті. Алайда Даниельсон марксизмнің мәнін ұқпады, сөйтіп ақырында оған қарсы шықты. 1893 жылы «Реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» деген кітабын бастырып шығарды, бұл кітап В. П. Воронцовтың еңбектерімен бірге либерал халықшылдықтың теориялық негізі болды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Даниельсонның көзқарастарын қатаң сынға алды. — *438—439.*

Демьян — қараңыз: Теодорович, И. А.

Джон — қараңыз: Маслов, П. П.

Долгоруков, Петр Дм. (1866—1945) — князь, ірі помещик, земство қайраткері, кадет. Суджан уездік земство басқармасының председателі болды. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. Кадет партиясын ұйымдастырушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. I Мемлекеттік думаның депутаты және оның председателінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант. — *131, 151.*

Дубасов, Ф. В. (1845—1912) — генерал-адъютант, адмирал, патшалық реакция басшыларының бірі, 1905—1907 жылдардағы

орыс революциясын тұншықтырған қанішер жендет. 1905 жылы Чернигов, Полтава және Курск губернияларындағы аграрлық қозғалысты басуға басшылық етті. 1905 жылғы ноябрьден — Москва генерал-губернаторы, Москвадағы декабрь қарулы көтерілісін талқандауға басшылық етті. 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі, 1907 жылдан — Мемлекеттік қорғаныс советінің мүшесі. — *14, 26, 29, 69, 408, 411.*

Дурново, П. Н. (1844—1915) — патшалық Россияның ең реакцияшыл мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1884—1893 жылдарда полиция департаментінің директоры болды; 1900—1905 жылдарда — ішкі істер министрінің орынбасары. 1905 жылы октябрьде ішкі істер министрі болып тағайындалып, бірінші орыс революциясын басуға қатал шаралар қолданды, қаражүздік ұйымдарды ойрандар жасауға рухтандырып отырды. 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі. — *116, 197, 260, 299, 425.*

Е

Ерманский (Коган), О. А. (1866—1941) — социал-демократ, меньшевик. Революциялық қозғалысқа 80-жылдардың аяғында келді. 1905 жылы РСДРП Петербург ұйымында, одан соң — Одесса комитетінде істеді. Партияның IV (Бірігу) съезінде — Одесса ұйымынан делегат. Реакция жылдарында — жойымпаз; меньшевиктік баспасөзге белсене қатысып тұрды. III Мемлекеттік думаның социал-демократиялық фракциясының жұмысына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылы — меньшевик-интернационалист. 1918 жылы — меньшевиктер Орталық Комитетінің мүшесі, олардың орталық органы — «Рабочий Интернационал» журналы редакторларының бірі. 1921 жылы меньшевиктер партиясынан шықты; Москвада ғылыми жұмыста болды. — *50.*

Ермолов, А. С. (1846—1917) — патша үкіметінің чиновнигі. 1893 жылы — мемлекеттік мүліктер министрлігінің басқарушысы, 1894 жылдан 1905 жылға дейін — егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрі, содан соң Мемлекеттік советтің мүшесі. 1886—1888 жылдары Ерікті экономикалық қоғамның вице-президенті болды. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде біркатар еңбектер жазып, оларда крепостник-помещиктердің мүделерін білдіруші болды. 1892 жылы ол «Егіннің шықпай қалуы және халықтың күйзелуі» деген кітап шығарды, онда ашығушы шаруалар жөніндегі патша үкіметінің әрекеттерін ақтауға тырысты. — *254, 263, 266, 267.*

Ефименко, А. Я. (1848—1919) — халықшылдық бағыттағы тарихшы, профессор, Украина тарихын зерттеуші ретінде белгілі болған. 70-жылдардың бас кезіне дейін Архангельск губерниясындағы Холмогорыда мұғалима болды, кейін Харьковке көшіп

келді. 1907 жылдан бастап Петербургте Жоғары әйелдер (Бестужевтік) курстарында сабақ берді. «Знание» ғылыми-көпшілік журналына, «Дело» журналына және басқа мерзімді басылымдарға жазып тұрды. Өзінің еңбектерінде фактіге негізделген бай материалдар берді. «Оңтүстік Русь», I — II-томдар (1905), «Украин халқының тарихы» (1906) деген және басқа еңбектердің авторы. — *15*.

Ещин, Е. М. (1865 ж. туған) — публицист, адвокат, кадет. 1890 жылдан «Русские Ведомостиде» қызмет істеді, газетте 1894—1896 жылдары провинциялық өмірге шолу жасап тұрды. 1906 жылы «Речь» газетінде қызмет істеді. — *263*.

Ж

Жилкин, И. В. (1874—1958) — журналист, трудовиктер лидерлерінің бірі. «Уралец» газетінің редакторы, «Неделя» журналының секретары болып істеді, «С.-Петербургские Ведомостиге», одан соң солшыл кадеттердің «Наша Жизнь» және «Товарищ» газеттеріне жазып тұрды. 1906 жылы Жилкин Саратов губерниясынан шаруалар депутаты ретінде I Мемлекеттік думаға сайланды. В. И. Ленин оған саяси мінездеме бере келіп, былай деп жазды: «Жилкин — «либерал» помещиктердің соңына ерген, ...санасы ашылмаған аумалы-төкпелі трудовиктің нақ өзі» (Шығармалар, 11-том, 404-бет). I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, сол үшін жазаға тартылды. Жазасын өтегеннен кейін белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті, әр түрлі буржуазиялық басылымдарға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін әр түрлі совет мекемелерінде істеді, 1925 жылдан журналистикамен шұғылданды. — *216, 217, 330, 332*.

Жордания, Н. Н. (Костров) (1870—1953) — социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 90-жылдары бастады. Грузиядағы тұңғыш маркстік «Месаме даси» тобына кірді, онда оппортунистік қанатты басқарды.

РСДРП II съезіне кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. Съезден кейін — Кавказ меньшевиктерінің лидері. 1905 жылы меньшевиктік «Социал-Демократи» газетін (грузин тілінде) редакциялады, буржуазиялық-демократиялық революциядағы большевиктік тактикаға қарсы шықты. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. РСДРП IV съезінің жұмысына қатысты; V съезде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Реакция жылдарында формальды түрде партияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына қатысып тұрды, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917

жылғы Февраль революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі болды, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан — ақ эмигрант. — *21, 34, 123.*

Жорес (Jaurés), *Жан* (1859—1914) — француз социалистік қозғалысының және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, тарихшы.

80-жылдарда — буржуазияшыл радикал, кейін «тәуелсіз социалистер» тобына қосылды. 1902 жылы Жорес және оның жақтастары Француз социалистік партиясын құрды, бұл партия 1905 жылы Франция социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деген ат алды. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары парламент мүшесі; парламенттік социалистік фракцияның лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетін ұйымдастырып, оны өмірінің ақырына дейін редакциялады; бұл газет 1920 жылы Француз Коммунистік партиясының орталық органы болды. Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция кезінде ол орыс халқының күресін құптады. Жорес тынбастан демократияны, халық бостандығын қорғап, бейбітшілікті жақтап, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы болды. Соғыстар мен отарлық езгіні тек социализмнің ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді.

Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі жолымен емес, демократиялық идеяның гүлденуі нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Пролетариат диктатурасының идеясы оған жат болды, езушілер мен езілушілердің арасындағы таптық татулықты уағыздады, кооперацияның дамуы капитализм жағдайында біртіндеп социализмге өтуге жағдай жасайды-мыс деген прудоншылдық жалған үмітке сенді. В. И. Ленин Жорестің оны оппортунизм жолына итермелеген реформистік көзқарастарын қатты сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған деген өшпенділігін тудырды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың қарсаңында Жоресті реакцияның жұмсаған адамы өлтірді.

Жорес — «Ұлы француз революциясының тарихы», «Европаның саяси және әлеуметтік идеялары және ұлы революция» деген және басқа еңбектердің авторы. — *203.*

И

Игнатьев, А. П. (1842—1906) — граф, патшалық Россияның мемлекет қайраткері. 1859 жылдан 1885 жылға дейін әскери қызметте болды. 1885 жылдан 1896 жылға дейін — әуелі Иркутскіде, одан соң Киевте генерал-губернатор. 1896 жылы Мемлекеттік советтің мүшесі болып тағайындалды, 1898 жылдан 1905 жылға дейін заң департаментінде қызмет істеді, мемлекеттік тәртіпті қорғау жөніндегі және дін тұту мәселесі жөнінде-

К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатаң сынады. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектер жіберілген қателіктеріне қарамастан марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті. Центризм, яғни бүркемелі оппортунизм идеологиясын уағыздады, ашық оппортунистерді партияда қалдыруды жақтады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Каутский социал-шовинизм позициясында болды, оны интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Әсіре империализм теориясының авторы болды; бұл теорияның реакциялық мәнін Ленин «II Интернационалдың күйреуі» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» (1916) деген және басқа еңбектерінде әшкерелеген болатын. Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция» (1917), «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (1918) деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды» (Шығармалар, 21-том, 316-бет). — *70—71, 155—158, 413.*

Кауфман, А. А. (1864—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі және статистигі, профессор, публицист; кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі. 1887 жылдан 1906 жылға дейін егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінде қызмет істеді. Өзінің «Қоныс аударту және отарлау» (1905) деген кітабында патша өкіметінің қоныс аударту саясаты тарихының очеркін жазды. «Шын «либерал» болғандықтан автор крепостниктер бюрократиясына өлшеусіз құрмет көрсетеді»,— деп жазды Ленин ол туралы (В. И. Ленин. Шығармалар, 13-том, 432-бет). Аграрлық реформаның кадеттік жобасын жасауға қатысты, «Русские Ведомостиге» белсене араласып тұрды; шаруалар мен помещиктер арасындағы таптық татулықты уағыздады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Кауфман орталық статистикалық мекемелердің жұмысына қатысты. — *25.*

Кедрин, Е. И. (1851 ж. туған) — адвокат, 1905—1906 жылдардағы либералдық-буржуазиялық қозғалыстың көрнекті қатысушысы, кадет. I Мемлекеттік думаның депутаты. — *384.*

Клемансо (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. Саяси қызметін III Наполеон империясына дұшпандық пиғылдағы солшыл республикашыл ретінде бастады. 1871 жылғы Париж Коммунасы күндерінде, Париждің бір округінің мэрі болып тұрып, пролетариат пен буржуазияны ымыраға келтіруге әрекет жасады. Одан кейінгі жылдарда муниципалитеттік қызметпен шұғылданды, Париж муниципалитетінің председателі, ал 1876 жылы Францияның Депутаттар палатасының мүшесі болып сайланды. 80-жылдардан — радикалдар басшыларының бірі. 1902 жылы Сенатқа сайланды, ал 1906 жылдан 1909 жылға дейін француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. В. И. Ленин былай деп жазды: «Францияны капиталистердің атынан билеп отырған радикал Клемансо пролетариат арасындағы республикалық-буржуазиялық жалған үміттердің ақырғы қалдықтарын жою жөнінде ерекше қимыл көрсетуде. «Радикалдық» үкіметтің бұйрығы бойынша әскерлердің жұмысшыларды атуы,— Клемансоның тұсында, сірә, бұрынғыдан жиілене түспесе, кеми қойды ма екен» (Шығармалар, 15-том, 181—182-беттер). Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында радикалдар партиясынан қол үзді. Соғыс кезінде барып тұрған шовинист болды. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо француз үкіметін қайтадан басқарды, елде соғыс диктатурасы режимін енгізді. Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция ұйымдастырушылардың және оған дем берушілердің бірі болды, орыс контрреволюциясын қолдап отырды, Совет республикасын «экономикалық қоршауға» алуды және тұншықтыруды жүзеге асыруға тырысты. 1919 жылы Париж бейбітшілік конференциясында француз империалистерінің мүдделерін қорғады, бірақ өз мақсатына толық жете алмады. 1920 жылы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеп кетті. — *391.*

Ключевский, В. О. (1841—1911) — тарихшы, орыс буржуазиялық тарихнамасының ең ірі өкілдерінің бірі, Москва университетінің профессоры, кадеттер партиясының мүшесі; баспасөз бетінде жарияланған көптеген еңбектердің авторы, бұл еңбектері идеализмді тұрпайы материализм элементтерімен ұштастыратын эклектикалық сипатта болды. Аса маңызды еңбектері: 5 томдық «Орыс тарихы курсы» (соңғы томды Ключевский қайтыс болғаннан кейін шәкірттері өңдеп, бастырып шығарды), «Ежелгі Русьтегі боярлар думасы» және басқалар. — *15.*

Ковалевский. М. М. (1851—1916) — тарихшы, буржуазиялық-либералдық бағыттағы саяси қайраткер. 1880 жылдан — Москва университетінің профессоры. 1887 жылы шетелге кеткен. 1901 жылы Робертимен бірге Парижде Қоғамдық ғылымдардың жоғары орыс мектебінің негізін салған. 1905 жылы Россияға қайтып келді, I Мемлекеттік думаға, ал кейінірек Мемлекеттік со-

веттің мүшелігіне сайланды. Кадеттерден гөрі оңшылдау тұрған «демократиялық реформалар» партиясының негізін салушылардың бірі. 1906—1907 жылдары «Страна» газетін шығарып тұрды, ал 1909 жылдан «Вестник Европы» журналының иесі және редакторы болды. Оның ғылыми еңбектерінен қауымдық құрылыстың ыдырау проблемаларына және рулық қатынастарды зерттеуге арналған еңбектерін атауға болады. Ф. Энгельс «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбегінде Ковалевскийдің осы салада сіңірген еңбегін атап айтқан.

Ковалевский — «Қауымдық жер иелену, оның ыдырауының себептері, барысы және салдары», «Семьяның және жеке меншіктің шығуы мен дамуының очеркі», «Қазіргі демократияның шығуы», «Социология» деген және басқа еңбектердің авторы. — *127, 128.*

Коган, О. А. — қараңыз: Ерманский, О. А.

Коковцов, В. Н. (1853—1943) — патшалық Россияның көрнекті мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1904 жылдан 1914 жылға дейін (1905—1906 жылдарда азын-аулақ үзіліс болды) — финанс министрі, 1911 жылдан бастап, Столыпин өлтірілгеннен кейін, Министрлер советінің председателі болып та істеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Коковцов ірі банк епшілі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант. — *197, 279, 280, 282.*

Костров — қараңыз: Жордания, Н. Н.

Котляревский, С. А. (1873—1940) — профессор, публицист. Өзінің саяси сенімі бойынша — кадет, кадет партиясын құрушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі. I Мемлекеттік думаның мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — Уақытша үкіметтің христиан дінінің православиелік түрінен басқа және өзге діндерді тұту істері жөніндегі комиссары, ал 1917 жылдың июлінен — синод обер-прокурорының орынбасары және дін тұту министрінің орынбасары. Октябрь социалистік революциясынан кейін әр түрлі контрреволюциялық ұйымдарда болды. 1920 жылғы «Тактикалық орталық» дейтіннің ісі бойынша сотқа тартылып, шартты түрде 5 жылға түрмеге жабылуға кесілді. Кейініректе Москва университетінде істеді, Советтік право институтының мүшесі болды. — *178, 331.*

Красин, Л. Б. (Винтер) (1870—1926) — профессионал революционер, кейініректе совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1890 жылы Петербургте Брусневтің социал-демократиялық үйірмесінің мүшесі болды. 1891 жылы полиция Красинді Петербургтен Қазанға және Нижний Новгородқа жер аударды. 1895 жылы қайтадан тұтқынға алынып, Иркутскіге 3 жылға жер ауда-

рылды. Жер аударылу мерзімі аяқталғаннан кейін (1897) Харьков технологиялық институтына түсіп, оны 1900 жылы бітірді. 1900—1904 жылдарда Бакуде инженер болып істеді, онда В. З. Кецховелимен бірге «Искраның» құпия баспаханасын ұйымдастырды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, партияның Орталық Комитетіне кооптацияланды, онда меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позиция ұстап, олардың үш өкілін Орталық Комитетке кооптациялауға көмектесті; алайда көп кешікпей меньшевиктерден қол үзді. Красин РСДРП III съезіне қатысты; съезде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. 1905 жылы — большевиктік бірінші жария газет — «Новая Жизньді» ұйымдастырушылардың бірі; Орталық Комитеттің өкілі ретінде жұмысшылар депутаттарының Петербург Советіне енді. РСДРП IV (Бірігу) съезінде большевиктерден қарулы көтеріліс туралы мәселе жөнінде баяндама жасады; съезде Орталық Комитеттің мүшелігіне қайтадан сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Реакция жылдарында біраз уақыт шақырымпаздардың «Вперед» тобында болды; кейінірек саяси қызметтен қол үзіп, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастырушылардың бірі, содан соң Халық Шаруашылығы Жоғары Советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп, қатынас жолдары халық комиссары. 1919 жылдан дипломаттық жұмыста болды. 1920 жылдан — сыртқы сауда халық комиссары әрі 1921—1923 жылдарда Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді, Генуя және Гаага конференцияларына қатысты, 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкіл. Партияның XIII және XIV съездерінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. — *54*.

Кузьмин-Караваев, В. Д. (1859—1927) — әскери юрист, генерал, кадет партиясының оң қанаты басшыларының бірі. I және II Мемлекеттік думалардың мүшесі, патша өкіметінің 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаныштауында көрнекті роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — земство қайраткерлерінің бірі және соғыс өнеркәсібі комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне белсене қарсы шықты. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде — ақ гвардияшы, Юденичтің жанындағы саяси кеңестің мүшесі. 1920 жылдан — ақ эмигрант. — *254, 281*.

Куропаткин, А. Н. (1848—1925) — генерал, 1898 жылдан 1904 жылға дейін — соғыс министрі. 1904—1905 жылдардағы орыс-жапон соғысында Қиыр Шығыста Россияның құрлықтағы күштерінің, ал кейін бүкіл қарулы күштерінің бас қолбасшысы болды; өзінің жігерсіз және дарынсыз әскер бастығы екенін көрсетті. Бірінші дүние жүзілік соғыста (1916 ж.) Солтүстік майданға қолбасшылық етті, Түркстанда генерал-губернатор

шесі. 1906 жылы партияның Петербург біріккен комитетінің құрамына кірді; РСДРП IV (Бірігу) съезінің шешуші даусы бар делегаты. Жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны қорғады, «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Партияның V съезінің делегаты болды. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін — жойымпаздықты ашық және белсенді уағыздаушылардың бірі. Бірқатар меньшевиктік-жойымпаздық орталық басылымдарда істеді. Лариннің жойымпаздық көзқарастарын В. И. Ленин «Меньшевизм дағдарысы» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар, 11-том, 341—365-беттер) жан-жақты сынады. Ларин антипартиялық Август блогына белсене қатысты; оның ұйымдастыру комитетінің құрамына кірді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін меньшевик-интернационалистер тобын басқарды, бұл топ «Интернационал» деген журнал шығарып тұрды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктер мен эсерлер қатысатын «біртекті социалистік үкімет» дейтінді құру жөніндегі оппортунистік позицияны қолдады. Рыковтың және басқа оппортунистердің халық комиссарлары Советінен шығу туралы мәлімдемесіне қосылды. Кейініректе совет және шаруашылық жұмысында болды. — *58.*

Лассаль (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі — лассальшылдықтың негізін қалаушы. Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін қалаушылардың бірі болды. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға түсірді. Лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу жолымен, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру жолымен «ерікті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакцияшыл Пруссияның гегемониясымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың жұмысына және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшыларда таптық сананы қалыптастыруға бөгет жасады.

Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алынды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар). — *230.*

Левин, Ш. Х. (1867 ж. туған) — кадет, Вильно қаласынан I Мемлекеттік дума депутаты. «Новая Заря» және басқа буржуазиялық әдеби органдарға қатысып тұрды. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, қуғындаудан қорқып, шетелге эмиграцияға кетті. — *223.*

Ледницкий (Lednicki), *А. Р.* (1866—1934) — адвокат, кадет партиясының белсенді қайраткері, I Мемлекеттік думаның мүшесі. «Русская Мысль», «Вестник Партии Народной Свободы» және басқа басылымдарға қатысып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — Россиядағы поляк буржуазиялық ұйымдарының басшы қайраткерлерінің бірі. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкімет құрған Польша патшалығы істері жөніндегі ажырату комиссиясының председателі. 1918 жылы — Советтік Россиядағы поляк Регенттік советінің өкілі. Кейінгі жылдары Польшада тұрды, Совет Одағына қарсы бағытталған паневропалық идеяларды жақтады. — *330, 331, 332.*

Ледрю-Роллен (Ledru-Rollin), *Александр Огюст* (1807—1874) — француз публицисі және саяси қайраткері, ұсақ буржуазияшыл демократтар көсемдерінің бірі, кәсібі жөнінен адвокат. «La Réforme» газетінің редакторы. 1848 жылғы революция кезінде — Уақытша үкіметтің ішкі істер министрі, Құрылтай және Заң шығарушы жиналыстардың депутаты, онда Гора партиясын басқарды. Париж жұмысшыларының июнь көтерілісі кезінде де оны басып-жаншуға белсене қатысты. Гора депутаттары ұйымдастырған 1849 жылғы 13 июньдегі демонстрация қуып таратылғаннан кейін Англияға эмиграцияға кетіп, одан 1870 жылы қайтып келді. Ұлттық жиналыстың мүшесі болып сайланды, бірақ 1871 жылғы Франкфурт бітім шартының ауыр талаптарына наразылық белгісі ретінде, депутаттық уәкілдіктен бас тартты. 1871 жылғы Париж Коммунасына дұшпандықпен қарады. — *348.*

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Карпов) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер. — *3—5, 7—9, 10—14, 16—18, 21—31, 32—39, 43—50, 51—56, 59—62, 104, 105, 167, 255, 340, 361, 373, 389.*

Либкнехт (Liebknecht), *Вильгельм* (1826—1900) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, герман социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның көсемдерінің бірі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға белсене қатысты, бұл революция жеңіліске ұшырағаннан кейін әуелі Швейцарияға, кейін Англияға эмиграцияға кетіп, мұнда К. Маркспен және Ф. Энгельспен жақын танысты; солардың ықпалымен социалист болды. 1862 жылы Германияға қайтып оралды. I Интернационал құрылғаннан кейін — оның революциялық идеяларының ең белсенді насихатшыларының бірі және Германияда Интернационал секцияларын ұйымдастырушы болды. 1875 жылдан өмірінің ақырына дейін Либкнехт герман социал-демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі және оның орталық органы «Vorwärts»-тің («Алға») жауапты редакторы болды. 1867 жылдан 1870 жылға дейін — Солтүстік герман рейхстагының депутаты, ал 1874 жылдан герман рейхстагының депутаты болып бірнеше рет сайланды; Пруссия юнкерлерінің реакцияшыл сыртқы және ішкі саясатын әшкерелеу үшін парламент трибунасын шебер

пайдаланды. Революциялық қызметі үшін талай рет түрмеге қамалды. II Интернационалды құруға белсене қатысты. К. Маркс пен Ф. Энгельс Либкнехтті жоғары бағалады, оның қызметіне бағыт беріп отырды, бірақ сонымен бірге оның оппортунистік элементтер жөніндегі ымырашылдық позициясын сынға алды. — *309—310*.

Липкин, Ф. А. — *қараңыз*, Череванин, Н.

Луначарский, А. В. (А. Л.—ий, Воинов) (1875—1933) — социал-демократ, профессионал революционер, кейін Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді. В. И. Лениннің тапсыруымен партияның III съезінде қарулы көтеріліс туралы баяндама жасады. Партияның IV (Бірігу) және V съездеріне қатысты. 1907 жылы Штутгарт халықаралық социалистік конгресінде большевиктердің өкілі болды. Реакция жылдарында марскизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жанастыру жөнінде талап қойды. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде (1909) Луначарскийдің қате көзқарастарын көрсетіп, оны қатты сынға алды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде интернационализм позициясын ұстады. 1917 жылдың басында «ауданаралықшылар» тобына кірді, сол топпен бірге РСДРП VI съезінде партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1929 жылға дейін — халық ағарту комиссары, одан соң СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Өнер мен әдебиет жөніндегі бірқатар еңбектің авторы. — *25, 26, 58, 59, 317*.

Лурье, М. А. — *қараңыз:* Ларин, Ю.

М

Малахов, Н. Н. (1827 ж. туған) — патша генералы. 1849 жылы Венгер революциясын басуға қатысты. 1877—1878 жылдарда орыс-түрік соғысына қатысты. 1903 жылдан 1905 жылға дейін — Москва соғыс округі әскерлері командашысының көмекшісі, ал 1905 жылғы февральдан 1906 жылғы январьға дейін — командашысы болды; 1905 жылғы Москвадағы декабрь қарулы көтерілісін басуда патша үкіметінің жарлығын тікелей орындаушылардың бірі. 1906 жылдан бастап Соғыс министрлігінде қызмет істеді. — *412*.

Малишевский, Н. Г. (1874 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. 1894—1895 жылдарда Петербургтегі социал-демократиялық топтардың бірінде болды. 1895 жылы қамауға алы-

нып, жазасын түрмеде және айдауда өтеді. 1906 жылы меньшевиктік «Отклики Современности» журналында қызмет істеді; Россияда республика жолындағы күрес екінші кезекке қалдырылады деген оппортунистік тезис ұсынып, соны қорғады. В. И. Ленин Малишевскийдің көзқарастарын қатты сынға алып, оны «бейшара мещандық оппортунист» деп атады. 1907 жылдан бастап Малишевский саяси қызметтен қол үзді. — *447.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, кемеңгер ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз) — Шығармалар, 21-том, 31—81-беттер. — *31, 169, 172—173, 401, 408, 412.*

Мартов, Л. (*Цедербаум, Ю. О.*, Л. М.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардың бірінші жартысында араласты. 1895 жылы Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастыруға қатысты, осы одақтың ісі бойынша 1896 жылы тұтқынға алынып, 3 жылға Туруханскіге жер аударылды. Айдаудан оралғаннан кейін 1900 жылы «Искраны» шығаруды әзірлеуге қатысты, оның редакциясы құрамына кірді. РСДРП II съезінде — «Искра» ұйымынан делегат, съездің оппортунистік азшылығын басқарды, содан бастап — меньшевиктердің орталық мекемелері басшыларының бірі және меньшевиктік басылымдардың редакторы. Реакция жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократаны» редакциялады, антипартиялық август конференциясына (1912) қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында центристік позицияда болды, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты, 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін меньшевик-интернационалистер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметінің ашық жауларының лагеріне өтті. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды. — *95—96, 212—214.*

Мартынов, А. (Пикер, А. С.) (1865—1935) — «экономизм» лидерлерінің бірі, меньшевизмнің көрнекті қайраткері, кейінірек Коммунистік партияның мүшесі. 80-жылдардың басынан халық ерікшілерінің үйірмелеріне қатысты, 1886 жылы тұтқынға алынып, Шығыс Сибирьге жер аударылды, айдауда жүргенде социал-демократ болды. 1900 жылы эмиграцияға кетіп, онда «экономистердің» «Рабочее Дело» журналының редакциясына кірді, лениндік «Искраға» қарсы шықты. РСДРП II съезінде — «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағынан» делегат, антиискрашыл; съезден кейін меньшевиктерге қосылды. Реакция жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позицияда болды, 1917 жылғы Февраль рево-

люциясынан кейін — меньшевик-интернационалист. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді, 1918—1920 жылдарда Украинада мұғалім болып істеді. 1923 жылы РКП(б) XII съезінде партияға қабылданды, К. Маркс пен Ф. Энгельс институтында істеді; 1924 жылдан — «Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі. — *34, 35, 110, 172.*

Маслов, П. П. (Джон) (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; ол бұл еңбектерінде марксизмді ревизиялауға тырысты; «Жизнь», «Начало» және «Научное Обозрение» журналдарына жазып тұрды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды, жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны ұсынды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде меньшевиктер жағынан аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасады, съезд оны Орталық Орган редакциясына сайлады. Реакция жылдарында — жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен қол үзді, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — СССР Ғылым академиясының толық мүшесі. — *11, 20, 21, 28—29, 30—31, 32—33.*

Махновец, В. П. — *қараңыз:* Акимов, В. П.

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. 1886 жылдан — Москва университетінің приват-доценті. Саяси қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында бастады; 1902 жылдан буржуазияшыл либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына белсене қатысты. 1905 жылғы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі, «жеңіске жеткенге дейін» соғысты соза беру керек деген империалистік саясат жүргізді; 1917 жылдың августында контрреволюцияшыл Корнилов бүлігін дайындауға белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі және ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды. 1921 жылдан бастап Парижде «Последние Новости» газетін шығарып тұрды. — *23, 47, 82, 101, 127, 128, 208, 215, 282.*

Мин, Г. А. (1855—1906) — полковник, гвардиялық Семенов полкінің командирі. Москвадағы 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін басып-жаныштауға басшылық етушілердің бірі.

«Тұтқынға алмау керек, аяусыз жазалау қажет» деген нұсқаудың авторы, бұл нұсқау Москва-Қазан темір жолында әрекет еткен жазалау экспедициясына берілген еді. Миннің бұйрығы бойынша 1905 жылғы 17 (30) декабрьде жасақшылардың негізгі күші шоғырланған Прохоров мануфактурасы артиллериядан атқыланды. Көтерілісшілерді қанға бояп жазалағаны үшін II Николай оған генерал-майор атағын берді. Эсерлер өлтірді.— *402.*

Михайличенко, М. П. (1872 ж. туған) — жұмысшы, социал-демократ, Екатеринослав губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. Думада жұмысшы тобының лидері болды. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды. 1912 жылы тұтқынға алынып, жазасын түрмеде өтеді. — *99.*

Михайловский, Н. К. (1842—1904) — либерал халықшылдардың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі. Михайловскийдің әдеби қызметі 1860 жылдан басталды; 1868 жылы ол «Отечественные Записки» журналының қызметкері, кейінірек редакторларының бірі болды. 70-жылдардың аяғында «Халық еркі» ұйымының басылымдарын құрастыруға және редакциялауға қатысты. 1892 жылы «Русское Богатство» журналын басқарды, оның беттерінде марксизмге қарсы қызу күрес жүргізді. Михайловскийдің көзқарастары В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» (1894) деген және басқа шығармаларында сыналған. — *437, 438, 445.*

Муромцев, С. А. (1850—1910) — кадеттер партиясының көрнекті қайраткері, юрист, Москва университетінің профессоры. 1879 жылдан 1892 жылға дейін либерал-буржуазиялық «Юридический Вестник» журналының редакторы болды. 1904—1905 жылдарда земство съездерінің жұмысына қатысты. Кадеттер партиясын құрушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның депутаты және оның председателі. 1908—1910 жылдарда публицистік қызметпен шұғылданды. Муромцевке мінездеме бере келіп, Ленин былай деп жазды: ол «керек десе демократ емес те еді. Ол бұқараның революциялық күресінен қорқатын. Ол Россия үшін бостандықты мұндай күрестен емес, патша самодержавиесінің қайырымдылығынан, орыс халқының осы мейірімсіз, қас дұшпанымен жасалатын *келісімнен* күтетін» (Шығармалар, 16-том, 384-бет). — *151, 259, 263.*

Мякотин, В. А. (1867—1937) — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы лидерлерінің бірі, тарихшы және публицист. 1905—1906 жылдарда пролетариаттың назарын революциялық күрестен басқа жаққа аударуға тырысқан буржуазиялық-интеллигенттік «Одақтар одағы» ұйымы басшы-

Н

рылыспен ымыраға келтіру идеясын уағыздады, императорлық күшті өкіметтің болуын жақтады, отарлық басып алушылықтың батыл «ұлттық» саясатын жүргізуді, күшті соғыс-теңіз флоты мен армия құруды талап етті. 1896 жылы «Ұлттық әлеуметтік одақ» құрды, ол 1903 жылы таратылып жіберілді. 1907 жылдан 1919 жылға дейін, аз-кем үзілістермен, рейхстагтың депутаты болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде империалистік позиция ұстады, Германияның қамқорлығына сүйенген «Орта Европа» құру идеясын ұсынды, іс жүзінде Орталық Европа елдерін басып алу саясатын уағыздады. Өзінің көзқарастарын «Mitteleuropa» («Орта Европа») деген кітабында (1915) баяндады. 1919 жылы Науман Демократиялық партия құрып, оның председателі болды; Веймар конституциясын дайындауға қатысты. Науманның кейбір идеяларын кейін герман фашизмінің идеологтары пайдаланды. — *391.*

Негорев — қараңыз: Иорданский, Н. И.

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылға дейін патшалық құрды. 1918 жылы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловскіде) атылды. — *422.*

Николай — он — қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

Ноги, Марязуке Китен (1849—1912) — жапон генералы, 1894—1895 жылдардағы жапон-қытай соғысына қатысты. 1896 жылы — Тайвань (Формоза) аралының генерал-губернаторы. 1904 жылы, орыс-жапон соғысының бас кезінде, 3-армияның командованиесін қабылдап алып, Порт-Артурды қоршауға басшылық етті. Қаланы алғаннан кейін Мукден түбіндегі ұрысқа қатысты. — *419—420.*

О

Ойяма, Ивао (1842—1916) — жапон фельдмаршалы, Жапонияның бас штаб бастығы (1881—1904) және соғыс министрі (1885—1891, 1892—1894); орыс-жапон соғысы кезінде — Маньчжуриядағы жапон әскерлерінің бас командашысы. — *80.*

П

Парвус (Гельфанд, А. Л.) (1869—1924) — меньшевик. 90-жылдардың аяғы — 900-жылдардың бас кезінде Германия социал-демократиялық партиясының қатарында жұмыс істеп, оның сол қанатына қосылды; «Sächsische Arbeiter-Zeitung»-тің («Саксон Жұмысшы Газеті») редакторы болды; дүние жүзілік

шаруашылық мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезінде Россияда болды, меньшевиктік «Начало» газетіне жазып тұрды. Булыгин Думасына қатысуға шақырды, кадеттермен ұсақ келісімдер жасасу тактикасын жақтады және т. с. Парвус антимарксτік «перманенттік революция теориясын» ұсынды, кейін оны Троцкий ленинизмге қарсы күрестің құралына айналдырды. Реакция жылдарында социал-демократиядан шеттеп кетті; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, герман империализмінің агенті, ірі алып-сатарлықпен айналысып, әскерге жабдық жеткізуден байыды. Парвус 1915 жылдан бастап «Die Glocke» («Қоңырау») журналын шығарып тұрды, оны Ленин «Германиядағы ренегаттықтың және жиіркенішті малайлықтың органы» (Шығармалар, 21-том, 432-бет) деп сипаттаған болатын. — *6.*

Петражицкий (Petrazycki), *Л. И.* (1867—1931) — кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, юрист және социолог. 1899 жылдан Петербург университетінің профессоры. I Мемлекеттік думаның депутаты; «Правоның» және «Вестник Праваның» редакторларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Польшаға эмиграцияға кетті; 1930 жылы Варшава университетінің профессоры болды. Заң жөніндегі бірқатар юридикалық еңбектердің авторы. — *329, 331.*

Петрункевич, И. И. (1844—1928) — помещик, земство қайраткері, кадет. 1904 жылы «Азаттық одағының» председателі болды. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысушы. Кадеттер партиясының негізін салушылардың және оның көрнекті лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің председателі, партияның Орталық Органы — «Речь» газетін бастырып шығарушы. I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. Петрункевичтің қоғамдық қызметі либерал буржуазияның саяси жағынан самодержавие алдында құрдай жорғалауының мейлінше типтік бейнесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант. — *25, 31.*

Пешехонов, А. В. (1867—1933) — буржуазияшыл қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдарда — либерал халықшыл; «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либерал-буржуазиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне қатысып тұрды. 1903—1905 жылдары «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылдан бастап — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап — ақ эмигрант. — *437, 439, 440, 441, 442, 444, 445, 446, 447.*

Пикер, А. С. — қараңыз: Мартынов: А.

Плеве, В. К. (1846—1904) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, 1881—1884 жылдары — полиция департаментінің директоры; 1902 жылдан — ішкі істер министрі. Оның тұсында Полтава және Харьков губернияларында шаруалар қозғалысы аяусыз басылып тасталды, бірқатар земстволар талқандалды; Плеве Россияның шет аймақтарында реакциялық орыстандыру саясатын қолдап отырды. Бұқараның назарын самодержавиеге қарсы күрестен басқа жаққа аудару үшін орыс-жапон соғысын тұтандыруға түрткі болды; осы мақсатпен еврей ойрандарын ұйымдастырып отырды, «зубатовшылдықты» қолдады. Өз саясаты арқылы өзіне деген орыс қоғамы қалың топтарының өшпенділігін туғызды 1904 жылы 15 июльде эсер Е. С. Сазонов өлтірді. — *425.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, Плеханов халықшылдармен, Петербург жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық қызметке араласты; 1877 жылы халықшылдық «Жер және ерік» ұйымына кірді, ал 1879 жылы, бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» атты ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. XIX ғасырдың 90-жылдарында Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында В. И. Ленинмен бірге «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады. РСДРП II съезін әзірлеуге қатысты. Съезде — «Еңбекті азат ету» тобынан делегат, көпшілік жағындағы искрашыл.

1883 жылдан 1903 жылға дейін Плеханов дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда үлкен роль атқарған және ғылыми социализмнің қазынасына бағалы үлес болып қосылған мынадай бірқатар еңбектер жазды: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және басқалар.

Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының бастамасы болатын. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияларда болды; шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазиямен одақтасуды талап етті, пролетариаттың гегемондығы идеясын сөз жүзінде мойындай оты-

рып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін айыптады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, «партияшыл-меньшевиктер» тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды, меньшевиктік қорғампаздық тактиканы қорғады, марксизмнен біржола қол үзді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып келіп, меньшевик-қорғампаздардың барып тұрған оңшыл «Бірлік» тобын басқарды, социализмге көшу үшін Россия пісіп жетілген жоқ деп есептеп, большевиктерге, социалистік революцияға белсене қарсы шықты. Октябрь революциясына теріс козқараста болды, бірак Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

В. И. Ленин Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін жоғары бағалады; сонымен бірге ол Плехановты марксизмнен ауытқығаны үшін және саяси қызметіндегі ірі қателері үшін қатты сынады. — *4, 6—7, 8, 11, 15, 16, 17, 19—20, 21, 22, 24, 25, 26, 27—28, 31, 33, 38—39, 48, 52, 53, 54, 55, 59, 110, 145, 147, 149—152, 156, 165—188, 255, 269, 309, 375, 376, 400, 410, 416—421, 447.*

Победоносцев, К. П. (1827—1907) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, синодтың обер-прокуроры, III Александр патшалық құрған кезде іс жүзінде үкімет басшысы және жүгенсіз кеткен крепостниктік реакцияның басты дем берушісі; ол II Николай тұсында да көрнекті роль атқарды; революциялық қозғалысқа қарсы қасарыса күрес жүргізді. 60-жылдардағы буржуазиялық реформаларға үзілді-кесілді қарсы шықты, тежеусіз билік ететін самодержавиені жақтады, ғылым мен оқу-ағарту ісінің жауы болды. 1905 жылғы октябрьде, революцияның өрлеуі кезінде, отставкаға шығуға мәжбүр болды да, саяси қымзеттен қол үзді. — *286, 425.*

Попов, К. А. (К. П — в) (1876—1949) — социал-демократ, революциялық қозғалысқа 1899 жылдан бастап қатысты; бастапқыда «экономист» болды. 1901 жылдан 1903 жылға дейін — искрашыл. РСДРП II съезінен кейін — меньшевик, 1906 жылдан — большевик. РСДРП V съезіне Омск ұйымынан делегат. Революциялық қызметі үшін сан рет қамауға алынды, жер аударылды, түрмеге жабылды. 1910 жылдан 1917 жылға дейін РСДРП Омск комитетінде істеді. 1917 жылы большевиктерден уақытша қол үзіп, социал-демократ интернационалистерге қосылады. 1917 жылғы марттан ноябрьге дейін — жұмысшы және солдат депутаттары Омск Советінің және Батыс-Сибирь облыстық атқару комитетінің председателі, Сибирьде Совет өкіметі орнағаннан кейін — Омск Советінің мүшесі. 1919—1920 жылдарда — Колчактың және Иркутскідегі Колчак үкіметінің ісі жөніндегі Төтенше тергеу комиссиясының председателі. 1920—1922 жылдарда — әуелі Омск губерниялық атқару комитеті

председателінің орынбасары, кейін председателі. 1922—1928 жылдарда — ВКП(б) Орталық Комитетінің насихат бөлімшесінің меңгерушісі және үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары. 1928 жылы — Қызыл профессура институты ректорының орынбасары. 1929 жылдан — Ленин Институтының ғылыми қызметкері; 1938 жылдан 1948 жылға дейін жоғары оқу орындарында сабақ берді. КПСС тарихы жөніндегі бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. — *302*

Порш, Н. В. (1879 ж. туған) — 1905 жылы декабрьде Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы (УСДЖП) деп аталған Революциялық украин партиясы басшыларының бірі. Ұсақ буржуазиялық-ұлтшылдық позиция ұстады, бундшылдардың үлгісімен мәдени-ұлттық автономия дегенді алға тартты. РСДРП IV (Бірігу) съезіне кеңесші дауыспен қатысты, Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясын РСДРП-мен федерациялық негізде біріктіруді ұсынды, бірақ съезд оның ұсынысын қабылдамай тастады. 1917—1918 жылдарда контрреволюциялық Украин орталық радасының құрамына кірді. — *4.*

Поярков, А. В. (1868 ж. туған) — священник, партияда жоқ, Воронеж губерниясынан І Мемлекеттік думаға депутат. — *130, 131.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ кезінде — «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек либерал-монархиялық «Азаттық одағы» ұйымының белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының бастырып шығарушы-редакторы, «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері, жұмысшы мәселесі жөнінде бернштейншілдік-либералдық позициядан жазылған кітаптардың авторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды. — *51.*

Протопопов, Д. Д. (1865 ж. туған) — публицист, земство қайраткері, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Самара губерниясынан І Мемлекеттік думаға депутат. Екі аптада бір рет шығып тұрған «Земское Дело» журналын бастырып шығарушы, «Русские Ведомостиге» және басқа басылымдарға қатысып тұрды. Октябрь революциясына және Совет өкіметіне дұшпандықпен қарады. 1920 жылы «Тактикалық орталық» дейтіннің ісі бойынша, сотқа тартылды. — *79, 119.*

Р

ция жылдарында партиядан қол үзді, статистикалық қызметпен шұғылданды. Шетелде қайтыс болды. — *11.*

Рыжков, С. М. (1874 ж. туған) — мұғалім, ата-тегі — шаруа, Екатеринослав губерниясынан I Мемлекеттік думаға мүше болды. Жексенбілік мектептер құрды, өздігінен білім көтеру үйірмелерін ұйымдастырды. I Дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, сол үшін сотталды. — *223.*

Рыков, А. И. (Власов) (1881—1938) — 1899 жылдан РСДРП-да болды. РСДРП III және IV съездерінің делегаты. Реакция кезінде жойымпаздар, «впередшілдер» және троцкийшілдер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін партияның социалистік революцияға бағыт алуына және В. И. Лениннің Апрель тезистеріне қарсы шықты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Халық Шаруашылығы Жоғары Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі, Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, СССР және РСФСР Халық Комиссарлары Советтерінің председателі; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты; 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады; 1928 жылы — партиядағы оңшыл оппортунистік уклон лидерлерінің бірі. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды. — *213.*

Рьяншев, В. — «Курьер» газетінің 1906 жылғы 31 майдағы (13 июньдегі) 13-номерінде жарияланған «Жиналыс бостандығы туралы кадеттік заң жобасы» деген мақаланың авторы. — *213.*

С

Святополк-Мирский, П. Д. (1857—1914) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик, октябрист. Россияның бірқатар қалаларында губернатор болды. 1904 жылдың августынан — ішкі істер министрі; елде революциялық дағдарыстың өрістеуін бәсеңдетуге тырысып, амалдау саясатып жүргізді, цензураны шамалы жеңілдетуді, ішінара амнистия жасауды, земство қайраткерлерінің съездеріне рұқсат беруді және т. с. көздеп, үкіметтің қоғамға «сенім дәуірін» жариялады. Осы саясаты сәтсіздікке ұшырағаннан кейін 1905 жылы январьда отставкаға шығуға мәжбүр болды.— *244.*

Скирмунт, Р. А. (1868 ж. туған) — помещик, реакционер. Минск губерниясынан I Мемлекеттік думаға мүше; автономияшылдар одағы фракциясында болды. 1910 жылы октябрьде Мемлекеттік советке мүше болып сайланды. — *331.*

Соловейчик, Б. И. (Борис Николаевич) (1884 ж. туған) — социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылы қосылды; меньшевик, Россияның оңтүстіктегі қалаларында, кейін Москвада істеді. РСДРП IV (Бірігу) съезіне Москва округтік ұйымынан делегат. 1909 жылдан бастап саяси қызметтен қол үзді. 30-жылдарда Жеңіл өнеркәсіп халық комиссариатында істеді. — *37.*

Стахович, М. А. (1861—1923) — баяу либерал, 1895—1907 жылдары — Орел губерниясы дворяндарының жетекшісі; земство қозғалысында көрнекті роль атқарды. Әуелі кадеттер партиясына қосылды, содан соң — октябристер партиясын ұйымдастырушылардың бірі. I және II Мемлекеттік думалардың депутаты, Мемлекеттік советтің мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Финляндияның генерал-губернаторы, содан соң Уақытша үкіметтің шетелдегі өкілі. — *254, 267.*

Стишинский, А. С. (1857 ж. туған) — патша чиновнигі, реакционер, помещиктер мүддесін жан-тәнімен қорғаушы. 1873 жылдан 1882 жылға дейін Мемлекеттік кеңседе, кейін Ішкі істер министрлігінде қызмет істеді. 1896 жылдан — Мемлекеттік секретарьдың орынбасары, 1899—1904 жылдары — ішкі істер министрінің орынбасары. Горемыкин үкіметінде қоныстандыру мен егіншілік істерінің бас басқарушысы болды. Қаражүздік «Орыс халқы одағына» дем берушілердің бірі. 1904 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі. — *133, 446.*

Столыпин, П. А. (1862—1911) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик, 1906 жылдан 1911 жылға дейін — Министрлер советінің председателі және ішкі істер министрі; 1911 жылы Киевте эсер Богров өлтірді.

Революциялық қозғалысты басып-жаныштау мақсатымен өлім жазасы кең қолданылған аса қатал саяси реакция кезеңі (1907—1910 жылдардағы «Столыпин реакциясы») Столыпиннің есімімен байланысты. Столыпин деревняда патша самодержавиесіне тірек боларлық кулактардың мықты шаруашылығын құру мақсатымен аграрлық реформа жүргізді. Алайда самодержавиені сақтай отырып, буржуазия мен помещиктердің мүддесін көздеп, жоғарыдан кейбір реформалар жасау арқылы буржуазиялық-помещиктік құрылысты нығайтуға тырысу әрекеті сәтсіздікке ұшырады. — *262, 348, 402, 418, 425, 426, 427.*

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдарда — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және «Жизнь» (1900) журналдарының қызметкері және редакторы. Өзінің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» (1894) деген тұңғыш еңбегінде-ақ Струве халықшылдықты сынай отырып,

К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», буржуазиялық тұрпайы саяси экономиянын өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағызлады. В. И. Ленин Струвені «ренегаттықтың ұлы шебері» деп атады (Шығармалар, 13-том, 503-бет). Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағы» (1903—1905) теоретиктерінің және ұйымдастырушыларының бірі және оның құпия органы — «Освобождение» журналының (1902—1905) редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант. — *49, 51, 101, 116, 132, 133, 174, 178, 179, 230, 392—393, 444, 445.*

Струмилин (Струмилло-Петрашкевич) С. Г. (1877 ж. туған) — социал-демократ, кейіннен көрнекті совет экономисі және статистігі, академик. Революциялық қозғалысқа 1897 жылдан қатыса бастады. 1899 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді, талай рет қамауға алынып, жер аударылды. 1905 жылы және одан кейініректе Петербургте меньшевиктік ұйымдарда істеді, ымырашылдық позиция ұстады. 1906 және 1907 жылдарда РСДРП IV және V съездеріне делегат болды. РСДРП IV съезінде аграрлық мәселе жөнінде ерекше пікір айтып сөз сөйледі, жалпы аграрлық программаның қажеттігін теріске шығарды; бірқатар принциптік мәселелер бойынша большевиктерді жақтап дауыс берді. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді, 1923 жылдан — КПСС мүшесі. СССР Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінде (1921—1937; 1943—1951), СССР Ғылым академиясында істеді, Москва университетінде және басқа жоғары оқу орындарында сабақ берді. Социалистік жоспарлау, СССР халық шаруашылығының тарихы, статистика және басқа мәселелер жөніндегі көптеген ғылыми еңбектер мен мақалалардың авторы. — *34.*

Струмилло-Петрашкевич — қараңыз: Струмилин, С. Г.

Суворин, А. С. (1834—1912) — реакцияшыл журналист және бастырушы. 1876 жылдан 1912 жылға дейін реакцияшыл дворяндар мен чиновниктік-бюрократтық топтардың органы — буржуазиялық сатқын «Новое Время» газетінің бастырушы-қожасы. Ол журналистік қызметті провинциялық баспасөзде бастады, содан соң Москваға, одан кейін Петербургке ауысты, «Отечественные Запискиге» және «Современникке» қатысып тұрды; 1876 жылдан бастап реакция жағына күрт бет бұрды. В. И. Ленин Суворинге «өзінің өмір жолының бас кезінде кедей, либерал және тіпті демократ,— ал осы жолының ақырында

миллионер, пaң, буржуазияны ұятсыздықпен мақтаушы, дәулеттілер өкіметі саясатының әрбір бұрылысының алдында құрдай жорғалаушы» (Шығармалар, 18-том, 275-бет) деген сипаттама берді. — *340.*

Суворов, С. А. (Борисов) (1869—1918) — революциялық қызметін 90 жылдары халық ерікшілері қатарында бастады. 1900 жылдан — социал-демократ; 1905—1907 жылдарда Россияның бірқатар қалаларындағы большевиктік ұйымдарда істеді. РСДРП IV (Бірігу) съезіне делегат болды. Съезде аграрлық мәселе жөніндегі баяндамашылардың бірі болды, помещиктік жерді бөлу және оны шаруалардың жеке меншігіне беру талабын жақтады. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін марксизм философиясына қарсы жорық ашқан партиялық интеллигент-махистер тобына қосылды; олардың «Марксизм философиясы жөніндегі очерктер» (1908) деген жинағына қатысты. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген еңбегінде Суворовтың антимарксттік философиялық көзқарастарын қатты сынады. 1910 жылдан кейін Суворов партиядан қол үзіп, статистик болып істеді. 1917 жылы меньшевик-интернационалистерге қосылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Москва мен Ярославльде істеді; 1918 жылы июльде Ярославльдегі контрреволюциялық бүлік кезінде қаза тапты. — *11, 13, 30.*

Т

Таг — ин — қараңыз: Троицкий, А. Г.

Теодорович, И. А. (Демьян) (1875—1940) — социал-демократ; революциялық қызметті 1895 жылдан бастады, Москвадағы «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді; талай рет қамауға алынып, жер аударылды. РСДРП II съезінен кейін—большевик. 1905 жылы — большевиктердің Орталық Органы—«Пролетарий» газеті редакциясының мүшесі. 1905—1907 жылдары — РСДРП Петербург комитетінің мүшесі. РСДРП IV (Бірігу) съезінің делегаты, протоколдарды редакциялау жөніндегі комиссияға сайланды. Кейінірек, 1917 жылға дейін Москвада, Петербургте, Смоленскіде, Сибирьде істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — азық-түлік халық комиссары; меньшевиктер мен эсерлер қатысатын «біртекті социалистік үкімет» дейтінді құру жөніндегі оппортунистік позицияны жақтады; Рыковпен және басқа оппортунистермен бірге Халық Комиссарлары Советінен шығу жөніндегі мәлімдемеге қол қойды.

Азамат соғысы жылдарында Колчакқа қарсы күрескен партизан отрядтарының қатарында болды; 1920 жылдан Егіншілік

Халық Комиссариатында істеді; 1928—1929 жылдарда өз жұмысында оңшыл оппортунистік қателер жіберді. 1928—1930 жылдарда — Шаруалар интернационалының бас секретары, Халықаралық аграрлық институттың директоры; одан кейінгі жылдары — саяси каторгаға айдалғандар қоғамы баспасының бас редакторы, «Каторга и ссылка» журналының жауапты редакторы. — *16, 17.*

Тимирязев, В. И. (1849 ж. туған) — патшалық Россияның өнеркәсіп және финанс қайраткері, В. И. Лениннің берген мінездемесі бойынша — «Россия көпестерінің сүйікті кісісі». 1894 жылдан — финанс министрі Советінің мүшесі, министрліктің Берлиндегі және Венадағы агенті. 1902 жылдан — финанс министрінің орынбасары, ал 1905 жылдан — сауда және өнеркәсіп министрі. 1906 жылы отставкаға шықты, өз бетінше сауда-өнеркәсіп қызметімен шұғылданды; Мемлекеттік советтің мүшесі. 1909 жылдан бастап қайтадан сауда және өнеркәсіп министрі болып тағайындалды. 1912 жылы «Лена алтын өнеркәсібі серіктігі» басқармасының директоры болып тұрғанында, прииск жұмысшыларын жазалауды (Лена қырғынын) ақтамақ болды. — *254, 267.*

Ткачев, П. Н. (1844—1885) — революцияшыл халықшылдық идеологтарының бірі, публицист және әдебиет сыншысы. 1861 жылдан бастап студенттер қозғалысына белсене қатысты, біркатар прогресшіл журналдарға жазып тұрды, патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. 1873 жылдан бастап эмиграцияда болды; біраз уақыт П. Л. Лавровтың «Вперед!» журналына қатысып тұрды; 1875—1881 жылдары поляк эмигранттарының бір тобымен бірлесіп, «Набат» журналын шығарды, 1880 жылы О. Бланкидің «Ni Dieu, ni Maître» («Құдайдың да, мырзаның да керегі жоқ») газетіне қатысып тұрды.

Ткачев революцияшыл халықшылдықтағы бланкизмге жақын бағытты басқарды; ол саяси күресті революцияның қажетті алғы шарты деп есептеді, бірақ халық бұқарасының шешуші ролін жете бағаламады. Ткачевтің пікірі бойынша, революцияшыл азшылық саяси өкіметті басып алып, жаңа мемлекет құруға және халық мүдделеріне сай революциялық өзгерістер жасауға тиіс, сонда халыққа осы дайын нәтижелерді пайдалану ғана қалады. Ол Россияда самодержавиелік мемлекеттің әлеуметтік негізі жоқ және ол қандай да бір таптың мүдделерін білдірмейді деп қателесті. Ткачевтің ұсақ буржуазиялық козқарастарын Ф. Энгельс «Эмиграниттық әдебиет» деген мақалаларында (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 241—264-беттер) сынады. — *35.*

Трепов, Д. Ф. (1855—1906) — 1896—1905 жылдары — Москва обер-полицмейстері; В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша, ол «патша өкіметінің бүкіл Россияға ең бір жек көріншті

Трубецкой, С. Н. (1862—1905) — князь, саяси көзқарастары жөнінен — либерал; философ-идеалист. Баяу конституция енгізу арқылы патша өкіметін нығайтуға тырысты. В. И. Ленин «патшаның буржуазиялық малайлары» деп атаған земство қайраткерлері делегациясының құрамында 1905 жылы июньде II Николайға барған депутацияға қатысып, оның алдында программалық сөз сөйледі; земствошылардың осы саяси жорығын Ленин буржуазияның патша өкіметімен ымыраласу, сөз байласу әрекеті деп, самодержавиенің алдындағы итаршылық деп сипаттады. 1905 жылы Трубецкой Москва университетінің ректоры болып сайланды; студенттердің университет қабырғасында революциялық ашық бас көтеруінен қауіптеніп, университетті жабуға келісім берді. Өзінің философиялық еңбектерінде материализмге қатты қарсы шықты. — *182.*

Турати (Turati), ***Филиппо*** (1857—1932) — итальян жұмысшы қозғалысының реформист қайраткері. 1891 жылы «Critica Sociale» («Әлеуметтік Сын») журналының негізін салды, Итальян социалистік партиясын (1892) ұйымдастырушылардың бірі және оның оң, реформистік, қанатының лидері болды. 1896 жылы парламентке сайланды, онда социалист-реформистер тобын басқарды. Пролетариаттың буржуазиямен таптық ынтымақтасуы саясатын жүргізді; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позицияда болды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады, Италия еңбекшілерінің революциялық қозғалысына қарсы шығып отырды. Итальян социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партияны басқарды. 1926 жылы фашистік Италиядан Францияға эмиграцияға кетті. — *178.*

У

Ульянов, В. И.— қараңыз: Ленин, В. И.

Урусов, С. Д. (1862 ж. туған) — князь, ірі помещик; өзінің саяси көзқарасы жағынан парламенттік монархияны жақтады; баяу конституция енгізу арқылы патша өкіметін нығайтпақшы болды. 1903 және 1904 жылдарда — Бессарабияның генерал-губернаторы. 1905 жылы біраз уақыт Витте кабинетінде ішкі істер министрінің орынбасары болды. 1906 жылы I Мемлекеттік думаға Калуга губерниясынан сайланды. Кадеттерден де оңшыл «демократиялық реформалар» партиясының мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін, марттан июньге дейін Урусов Уақытша үкіметте ішкі істер министрінің орынбасары бол-

Хомяков, Н. А. (1850—1925) — ірі помещик, октябрист. 1886—1896 жылдары — Смоленск губерниясының дворяндар жетекшісі. 1896 жылдан 1902 жылға дейін — Егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінде егіншілік департаментінің директоры. 1906 жылы Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды. II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты; 1910 жылғы мартқа дейін III Мемлекеттік думаның председателі болды. — *182.*

Хрусталев-Носарь, Г. С. (1877—1918) — адвокаттың көмекшісі, бастапқыда партияда болған жоқ, кейін меньшевиктерге қосылды. 1905 жылы меньшевиктердің қолындағы жұмысшы депутаттары Петербург Советінің председателі болды. 1906 жылы жұмысшы депутаттары Петербург Советінің ісі бойынша сотқа тартылып, Сибирьге жер аударылды, ол жерден шетелге қашып кетті; РСДРП V (Лондон) съезіне қатысты. Реакция жылдарында — жойымпаз. «Бейпартиялық жұмысшы съезі» дейтінді шақыру және «бейпартиялық кең көлемді жұмысшы партиясын» құру жөніндегі оппортунистік идеяны қорғады; меньшевиктік «Голос Социал-Демократа» газетінде қызмет істеді. Большевиктерге қарсы жиі-жиі мақалалар жазды, оларда, В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «бейпартиялық буржуазиялық интеллигенттердің дағдылы ашу-ызасынан басқа» (Шығармалар, 12-том, 504-бет) түк те жоқ еді. 1909 жылы партиядан шығып, күдікті финанстық істермен шұғылданды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Россияға қайтып оралды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинада белсенді контрреволюциялық әрекеттер жасады, гетман Скоропадскийді және Петлюраны қолдады. 1918 жылы атылды. — *318—321.*

Ц

Цедербаум, Ю. О. — *қараңыз:* Мартов, Л.

Цирин — еврей ойранының басталғаны жайында I Мемлекеттік думаға телеграмма жіберген Белосток азаматтарының сайламшысы. — *220.*

Ч

Череванин, Н. (Липкин, Ф. А.) (1868—1938) — меньшевизм лидерлерінің бірі, барып тұрған жойымпаз. РСДРП IV және V съездеріне қатысты. Жойымпаздық басылымдардың қызметке-

Я

Якушкин, В. Е. (1856—1912) — Москва университетінің приват-доценті, земство қайраткері, кадет. «Вестник Европы», «Критическое Обозрение» журналдарына жазып тұрды, «Русские Ведомости» редакциясының мүшесі болды, Москвада «Народное Дело» газетін шығарды, сондай-ақ басқа да бірқатар газеттер мен журналдарға белсене қатысып тұрды. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. I Мемлекеттік думаға Курск губерниясынан депутат. — *331.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Май — сентябрь, 1906)

Май—сентябрь. Ленин Петербургте тұрады; августа Финляндияға келеді.

Кеш дегенде 4 (17) май. Ленин РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысы аяқталысымен Стокгольмнан Финляндияға келіп, мұнда біраз уақыт болғаннан кейін Петербургке қайтып оралады.

4 (17) май. Ленин «Бостандық үшін күрес және өкімет үшін күрес» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 5 майда «Волна» газетінің 9-номерінде бас мақала болып жарияланды.

6 (19) май. Ленин Петербург партия қызметкерлерінің жиналысында РСДРП IV (Бірігу) съезінің қорытындысы туралы баяндама жасайды.

Ленин «Съездің қорытындылары жөнінде» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 7 майда «Волна» газетінің 11-номерінде бас мақала болып жарияланды.

«Волна» газетінің 10-номерінде Лениннің «Жаңа өрлеу» деген мақаласы бас мақала болып жарияланды.

5 және 10 (18 және 23) май аралығында. Ленин Выборг жағы Ткацкий кіші ауданының жұмысшы социал-демократтарының жиналысында Мемлекеттік дума туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды.

9 (22) май. Ленин Карпов деген фамилиямен Панинаның Халық үйінде болған митингіде Мемлекеттік думаға көзқарас туралы мәселе жөнінде сөз

сөйлейді. Жиналыс Ленин ұсынған қарарды қабылдайды.

Ленин Конторшылар мен бухгалтерлер одағына барады, Одақ басқармасының мүшелерімен әңгімелеседі.

Ленин «Мемлекеттік думадағы жұмысшы тобы» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 10 майда «Волна» газетінің 13-номерінде бас мақала болып жарияланды.

«Волна» газетінің 12-номерінде Лениннің мына еңбектері: «Дума және халық» деген бас мақаласы, «Газеттер мен журналдар әлемінде» деген заметкасы және большевиктердің РСДРП IV съезіне ұсынылған Мемлекеттік дума туралы қарарының жобасына жазған редакциялық соңғы сөзі жарияланады.

10 (23) май. Ленин «Шаруалар тобы немесе «Еңбек» тобы және РСДРП» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 11 майда «Волна» газетінің 14-номерінде бас мақала болып жарияланды.

«Волна» газетінің 13-номерінде «Ұйымдық мәселе жөнінде» деген мақалаға Ленин жазған «Редакциядан» деген соңғы сөз жарияланады.

11 (24) май. Ленин Петербургтегі Москва ауданының жұмысшы социал-демократтарының жиналысында РСДРП IV (Бірігу) съезі туралы баяндама жасайды. Жиналысқа ұсынылған қарарға түзетулер енгізеді. Лениннің түзетулерін жиналыс қабылдайды.

Ленин Петербургтің Француз-Орыс кіші ауданындағы жұмысшы социал-демократтардың жиналысында РСДРП IV (Бірігу) съезінің қорытындысы туралы сөз сөйлейді.

12 (25) май. Лениннің «Думадағы жер туралы мәселе» деген мақаласы «Волна» газетінің 15-номерінде бас мақала болып жарияланады.

13 (26) май. Ленин «Жер де жоқ, ерік те жоқ» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 14 майда «Волна» газетінің 17-номерінде бас мақала болып жарияланды.

Лениннің «Қарар және революция» деген мақаласы «Волна» газетінің 16-номерінде жарияланады.

14 (27) май.	Лениннің «Социал-демократтардың Тифлисте болған сайлаудағы жеңісі» деген мақаласы «Волна» газетінің 17-номерінде басылды.
Майдың бірінші жартысы.	Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)» деген кітапша жазады. Кітапша 1906 жылы июньде басылып шықты.
17 (30) май.	Ленин «Үкімет, Дума және халық» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 18 майда «Волна» газетінің 20-номерінде бас мақала болып жарияланды.
18 (31) май.	Ленин «Думаның халыққа сөз салуына кадеттер бөгет жасап отыр» деген мақала және Мемлекеттік дума жұмысшы-депутаттарының «Россияның барлық жұмысшыларына» деген үндеуіне «Редакциядан» деген соңғы сөз жазады. Мақала мен соңғы сөз 1906 жылы 19 майда «Волна» газетінің 21-номерінде жарияланды.
19 май (1 июнь).	Ленин «Жер туралы мәселе және бостандық жолындағы күрес» және «Горемыкиншілдер, октябристер және кадеттер» деген мақалалар жазады. Мақалалар 1906 жылы 20 майда «Волна» газетінің 22-номерінде жарияланды.
	Лениннің «Саудаласқысы да келмейді!» деген мақаласы «Волна» газетінің 21-номерінде жарияланады.
20 май (2 июнь).	Ленин «Жаман кеңестер» (бас мақала) және «Мемлекеттік думаның таратылуы туралы қауесеттер мен лақаптар» деген мақалалар жазады. Мақалалар 1906 жылы 21 майда «Волна» газетінің 23-номерінде жарияланды.
	Лениннің «Сын бостандығы және қимыл бірлігі» деген мақаласы «Волна» газетінің 22-номерінде жарияланады.
21 май (3 июнь).	Ленин Петербургтің Нарва ауданы жұмысшы социал-демократтарының жиналысында РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысы туралы баяндама жасайды.
23 май (5 июнь).	Ленин Петербургтің Сан-Гальск кіші ауданы жұмысшыларының жиналысында аграрлық

мәселе жөнінде лекция оқиды; осы жиналыста жұмысшылардың сұрауы бойынша большевиктер мен меньшевиктердің Мемлекеттік думаға көзқарасы туралы сөз сөйлейді.

Лениннің «Каутский Мемлекеттік дума туралы»деген мақаласы «Вестник Жизни» журналының 6-номерінде жариялапады.

24 май (6 июнь). Лениннің «Кадеттер, трудовиктер және жұмысшы партиясы» деген мақаласы «Волна» газетінің 25-номерінде бас мақала болып жарияланады.

РСДРП Петербург комитеті Мемлекеттік думаға көзқарас туралы Ленин жазған қарарды көпшілік дауыспен қабылдайды.

26 май (8 июнь). Ленин өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын екінші рет басып шығару жөнінде О. Н. Попова баспасымен жасалған шартқа қол қояды.

Лениннің «Плеханов жолдас социал-демократияның тактикасы туралы қалай пайымдайды?» деген мақаласы «Вперед» газетінің 1-номерінде жарияланады. Мақала 1906 жылы Петербургте «Вперед» кітап баспасында жеке кітапша болып басылып шығады.

27 май (9 июнь). Ленин «Қазіргі саяси жағдай туралы» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 28 майда «Вперед» газетінің 3-номерінде бас мақала болып жарияланды.

«Вперед» газетінің 2-номерінде Ленин жазған РСДРП Петербург комитетінің Мемлекеттік думаға көзқарас туралы қарары (қарар сондай-ақ 1906 жылы майда және июньде РСДРП Петербург комитетінің жеке листовкалары болып шықты), «Вперед» газетінде басылған РСДРП Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің Мемлекеттік думаға және Петербург комитетінің 9 мүшесінің мәлімдемесіне көзқарас туралы қарарларына «Редакциядан» деген соңғы сөз басылады.

30 май (12 июнь). Лениннің «Пролетариат тактикасы және кезеңнің міндеттері» деген мақаласы «Вперед» газетінің 4-номерінде жарияланады.

31 май (13 июнь).	Ленин «Жұмысшылар шешсін» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 1 июньде «Вперед» газетінің 6-номерінде жарияланды.
	Лениннің «Неміс социал-демократиясы кадеттер туралы» деген мақаласы және «Газеттер мен журналдар әлемінде» деген заметкасы «Вперед» газетінің 5-номерінде басылды.
Май.	Ленин Думадағы жұмысшы-депутаттардың ниғылдары мен позицияларын білу мақсатымен I Мемлекеттік думаның депутаты М. И. Михайличенкоға жолығады.
Май — 7 (20) июльге дейін	Ленин большевиктік жария газеттер — «Волнаны», «Впередті», «Эхоны» редакциялайды.
1 (14) июнь.	Ленин «Жоғары қарамау керек, төмен қарау керек» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 2 июньде «Вперед» газетінің 7-номерінде бас мақала болып басылды.
3 (16) июнь.	Ленин «Реакция қарулы күрес бастады» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 4 июньде «Вперед» газетінің 9-номерінде бас мақала болып жарияланды.
6 (19) июнь.	Ленин Карпов деген фамилиямен Петербургтегі Тенишев училищесінің залында халық мұғалімдерінің Бүкіл россиялық съезінің бір топ делегаттары алдында аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасайды.
	«Вперед» газетінің 10-номерінде Ленин жазған РСДРП Петербург комитетінің думалық министрлік туралы мәселе жөніндегі қарары жарияланады (оның үстіне қарар 1906 жылы июньде РСДРП Петербург комитетінің жеке листовкасы болып шықты).
8 (21) июнь.	Ленин «Жоғарыдағы ауытқу, төмендегі батылдық» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 9 июньде «Вперед» газетінің 13-номерінде бас мақала болып басылды.
	Лениннің Петербургтен Киевке телеграф арқылы берілген «Қарсаңда» деген мақаласы Киевтегі большевиктік газет — «Работниктің» 1-номерінде жарияланды.
9 (22) июнь.	Ленин «Бірлікке!» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 10 июньде «Вперед» газеті-

нің 14-номерінде бас мақала болып жарияланды.

10 (23) июнь. Ленин «Дума және халық» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 11 июньде «Вперед» газетінің 15-номерінде бас мақала болып жарияланды.

11 (24) июньнен ертерек. Ленин Петербургтегі Балтық заводы социал-демократиялық ұйымының жиналысында «жауапты думалық министрлік» деген кадеттік ұранды қолдаған меньшевиктерді сынайды.

11—12 (24—25) июнь. Ленин РСДРП Петербург ұйымының аудан-аралық конференциясының жұмысын басқарады (конференция өзінің жұмысын Петербургте бастап, кейін мәжілістерін Финляндияда, Терпокиде өткізді). Ленин конференцияда «Партияның Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі тактикасы туралы» және «Партия бірлігі туралы» баяндамалар жасайды.

11 және 15 (24 және 28) июнь аралығында. Ленин Думадағы социал-демократиялық фракция декларациясының жобасын жазады. Ленин жобаны 1906 жылы 22 июньде «Эхо» газетінің 1-номерінде басылған, кейін 1906 жылы 23 июньде «Северная Земля» газетінің 1-номерінде жарияланған «Біздің думалық фракцияның декларациясы жөнінде» деген мақаласында келтіреді.

14 (27) июнь. Лениннің «Өкімет үшін күрес және қайыр-садақа үшін «күрес»» деген мақаласы «Вперед» газетінің 17-номерінде бас мақала болып жарияланды.

Июньнің бірінші жартысы. Ленин Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының өкілі — В. Ледермен кездесіп, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясындағы істің жағдайы туралы, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының алда болатын V съезі және съезге қонақ ретінде большевиктерден өкіл жіберу туралы әңгімелеседі.

18 июньнен (1 июльден) ертерек. Ленин Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының V съезіне «Вперед» газетінің өкілі ретінде В. В. Воровскийді жібереді.

21 июнь (4 июль).	Ленин ««Не істесең де, тез істе!»» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 22 июньде «Эхо» газетінің 1-номерінде басылды.
22 июнь (5 июль).	Ленин «Ашығушыларға жәрдем және Думаның тактикасы», «Министрлік туралы келіс сөздер» деген мақалалар және «Эхо» газетінің «Газеттер мен журналдар әлемінде» деген бөліміне заметка жазады. Мақалалар мен заметка 1906 жылы 23 июньде «Эхо» газетінің 2-номерінде басылды. Лениннің «Біздің думалық фракцияның декларациясы жөнінде» және «Пайдалы айтыс» деген мақалалары «Эхо» газетінің 1-номерінде басылды.
23 июнь (6 июль).	Ленин «Кадеттермен одақтасуды кім жақтайды?» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 24 июньде «Эхо» газетінің 3-номерінде бас мақала болып басылды.
24 июнь (7 июль).	Ленин «Эхо» газетіне арнап «Кадеттік Дума ойраншылар үкіметіне ақша берді» деген бас мақала және «Газеттер мен журналдар әлемінде» бөліміне заметка жазады. Мақала мен заметка 1906 жылы 25 июньде «Эхо» газетінің 4-номерінде жарияланды.
25 июнь (8 июль).	Ленин РСДРП Петербург жағы комитеті ұйымдастырған жұмысшылардың жиналысында аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасайды. Жиналысқа 200-ге жуық жұмысшы қатысты.
27 июнь (10 июль).	Ленин «Эхо» газетінің «Газеттер мен журналдар әлемінде» деген бөліміне заметка жазады. Заметка 1906 жылы 28 июньде «Эхо» газетінің 6-номерінде жарияланды. Лениннің «Кадет сөзін сөйлеушілер» деген мақаласы «Эхо» газетінің 5-номерінде бас мақала болып жарияланды.
28 июнь (11 июль).	Ленин Петербургтің Нарва ауданы жұмысшы социал-демократтарының жиналысында председательдік етеді, аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасайды. Жиналыс Лениннің ұсынысы бойынша РСДРП Петербург ұйымының ауданаралық конференциясының шешімдерін

	мақұлдаған қарар қабылдайды. Жиналысқа 200-ге жуық жұмысшы қатысты.
	Ленин «Эхо» газетінің 7-номеріне арнап «Газеттер мен журналдар әлемінде» бөлімін жазады.
	Лениннің «Тағы да думалық министрлік туралы» деген мақаласы «Эхо» газетінің 6-номерінде бас мақала болып жарияланды.
29 июнь (12 июль).	Ленин «Газеттер мен журналдар әлемінде» бөліміне арнап «Эхо» газетінің 8-номеріне заметка жазады.
Июньнен кешірек.	Ленин Б. Радиннің «1905 ж. 13 октябрь — 3 декабрьдегі тұңғыш жұмысшы депутаттары Советі» деген кітапшасымен танысады, оған белгілер салып, қажетті жерлерін сызып отырады.
1 (14) июль.	Лениннің ««Бейпартиялық» бойкотшылардың қате пікірлері», «Буржуазияның сөгістері және пролетариаттың шақырулары» деген мақалалары «Эхо» газетінің 9-номерінде жарияланды.
2 (15) июль.	Лениннің «Армия және халық» (бас мақала) деген мақаласы және «Газеттер мен журналдар әлемінде» деген заметкасы «Эхо» газетінің 10-номерінде басылды.
4 (17) июль.	Лениннің «Бұқараны ұйымдастыру туралы және күрес кезеңін таңдап алу туралы» деген мақаласы және «Газеттер мен журналдар әлемінде» деген заметкасы «Эхо» газетінің 11-номерінде басылды.
5 (18) июль.	Ленин «Думадағы партиялар және халық» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 6 июльде «Эхо» газетінің 13-номерінде бас мақала болып жарияланды.
	Лениннің «Батыл шабуыл және жасқаншақ қорғаныс» деген мақаласы «Эхо» газетінің 12-номерінде бас мақала болып жарияланды.
6 (19) июль.	Ленин «Реакцияның заговорлары және ойраншылардың қоқан-лоққысы» деген мақала жазады. Мақала 1906 жылы 7 июльде «Эхо» газетінің 14-номерінде бас мақала болып жарияланды.

7 (20) июль. Ленин Карпов деген фамилиямен РСДРП Петербург ұйымы партия қызметкерлерінің жиналысында социал-демократиялық фракцияның Мемлекеттік думадағы тактикасы туралы баяндама жасайды. Жиналысқа 120 ға жуық адам қатысты.

8—10 (21—23) июль. Ленин Надежда Константиновна Крупскаямен бірге Саблинода (Петербургке іргелес елді мекен) өзінің анасы Мария Александровна Ульянованың үйінде дем алады. 10 июль күні таңертең I Мемлекеттік думаның таратылғанын ести сала, партиядағы жолдастармен осы жағдайды талқылау үшін және осыған байланысты большевиктердің тактикасын белгілеу үшін Ленин Надежда Константиновнамен және қарындасы Мария Ильинична Ульяновамен бірге Саблинодан тез жүріп кетеді.

10 (23) июль. Ленин Куоккалада (Финляндия) I Мемлекеттік думаның таратылуына байланысты партияның міндеттері туралы мәселе жөнінде партия қызметкерлерімен кеңес өткізеді.

10 (23) июльден кешірек. Ленин Луганск партия ұйымының өкілімен кездесіп, I Мемлекеттік думаның таратылуына байланысты большевиктердің тактикасы туралы әңгімелеседі. Ленин Луганск большевиктеріне жалынды сәлем жолдап, революциялық күресте сергек және табанды болуды тілейді.

13 және 17 (26—30) июль аралығында. Ленин «Думаның таратылуы және пролетариаттың міндеттері» деген кітапша жазады. Кітапша 1906 жылы августа Москвада басылып шықты.

16 (29) июль. Ленин Свеаборгтегі солдаттар мен матростардың стихиялық революциялық бой көрсетуі дереу басталуы мүмкін деген хабар ала салып, көтерілісті басқару үшін Свеаборгке тез делегация жіберу жөнінде РСДРП Петербург комитеті Атқару комиссиясының қаулысының жобасын жазады.

17 (30) июль. Ленин В. Р. Менжинскаяны Финляндияға әскери ұйымның мүшесі А. Г. Шлихтерге жібереді; ол онда Шлихтердің көтерілісті басқа-

	ру үшін Свеаборгке тез жүріп кетуі жөніндегі тапсырманы айту үшін барды.
19 июль (1 август).	Ленин «Вена» ресторанының үйінде Свеаборг көтерілісіне байланысты Петербургтің партия қызметкерлерімен астыртын кеңес өткізеді.
20 июль (2 август).	РСДРП Петербург комитеті Лениннің ұсынысы бойынша Свеаборг және Кронштадт көтерілістерін қолдау жөнінде жаппай саяси ереуіл өткізу туралы шешім қабылдайды.
21 июль (3 август).	Ленин Свеаборг және Кронштадт көтерілістерінің басылып тасталғаны туралы хабар алып, РСДРП Петербург комитетіне жаппай саяси ереуіл өткізу жөніндегі ұранды алып тастауды ұсынады.
Июль.	Ленин Педагогикалық музей үйінде (Панинаның Халық үйінде) большевиктердің Петербург ұйымы активінің жиналысында ағымдағы кезең туралы баяндама жасайды. Ленин Петербургтегі Шапшал темекі фабрикасы жұмысшы әйелдерінің жиналысында сөз сөйлейді; жұмысшылардың экономикалық талаптарын қанағаттандырудан әкімшіліктің бас тартуына жауап ретінде жұмысшылардың ереуіл жасамақшы болған инициативасын қолдайды.
Июльдің аяғы.	Ленин Петербургте партияның басшы большевик қызметкерлерінің жиналысына қатысады, онда партияның тактикасы туралы мәселе талқыланады. Жиналыста Ленин Р. Люксембургпен кездеседі.
6 және 21 август (19 август пен 3 сентябрь) аралығында.	Ленин Выборгте болған кезінде «Пролетарий» газетінің 1-номерін шығаруға әзірлік жұмысын басқарады, бұл номер 1906 жылы 21 августа шықты. Ленин Выборгтің шет аймақтарымен танысады, ескі бекіністің төңірегіндегі орларды және қаланың басқа да көрікті орындарын көреді.
12 (25) август.	Ленин «Бойкот туралы» деген мақала жазады.

20 августан (2 сентябрь-ден) кешірек.	Ленин Финляндияға, Куоккалаға, большевик Г. Д. Лейтейзен мен оның семьясы тұрған «Ваза» дачасына көшіп келеді.
21 август (3 сентябрь).	Лениннің «Дауыл алдында» (бас мақала), «Бойкот туралы», «Саяси дағдарыс және оппортунистік тактиканың күйреуі», «Күнделікті оқиғалар жөнінде» деген мақалалары және ««Жұмысшы съезі» туралы» заметкасы «Пролетарий» газетінің 1-номерінде жарияланды.
27 август (9 сентябрь).	Ленин Териокидегі театр үйінде РСДРП Петербург комитеті ұйымдастырған партия жиналысында председательдік етеді, меньшевиктердің «жұмысшы съезі» жөніндегі ұранын қатты сынайды және РСДРП V съезін шақыру қажеттігін талап етеді. Ленин ұсынған қарар бір ауыздан қабылданады.
29 август (11 сентябрь).	Лениннің «Москва көтерілісінің сабақтары» (бас мақала) және «Тактикалық ауытқулар» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 2-номерінде жарияланды.
28 август пен 1 сентябрь (10 және 14 сентябрь) аралығында.	Ленин Женеваға Г. А. Куклинге хат жазып, өзі Женевада қалдырып кеткен, маңызды материалдар салынған пакетті Петербургтегі адресіне жіберуді сұрайды.
Жаз.	Ленин «Вперед» большевиктік кітап баспасының үйінде шақырылған партия қызметкерлерінің жиналысында сөз сөйлейді. Ол партия жұмысын қаладағы қызметті әлсіретпейтіндей етіп, деревнядағы жұмысты күшейтетіндей етіп ұйымдастыруды ұсынады.
	Ленин А. Богдановтың «Эмпириомонизм» деген кітабын сынға алып, философиялық еңбек жазады, оны «Қатардағы марксистің философия туралы заметкалары» деген атпен басып шығаруды ойлайды.
	Ленин Ф. А. Сергеевті (Артемді) партия жұмысын жолға қою үшін Уралға жібереді.
	Ленин Териокидегі В. Д. Бонч-Бруевичтің дачасына бірнеше рет келеді; онда Л. Б. Красиннің дачасында да болады.
Жаздың аяғы.	Ленин «Ваза» дачасында (Куоккала) РСДРП Москва комитетінің өкілі М. М. Эссенмен

	кездесіп, Москва партия ұйымындағы істің жағдайы жайында әңгімелеседі.
	Ленин Петербургке келіп жүрген кездерінің бірінде Г. М. Кржижановскийге жолығып, онымен партияның тактикасы және орыс революциясының перспективасы туралы әңгімелеседі.
8 (21) сентябрь	Лениннің «Үкіметтің саясаты және болашақ күрес» (бас мақала), «Тарт қолыңды!» деген мақалалары және Поляк социалистік партиясының партизандық қимылдары туралы «Редакциядан» деген заметкасы «Пролетарий» газетінің 3-номерінде жарияланды.
Сентябрьдің бірінші жартысы.	Ленин «Бундтың Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігуі» деген заметка жазады.
19 сентябрь (2 октябрь).	Лениннің «Эсер меньшевиктер» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 4-номерінде жарияланды.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

СУРЕТТЕР

Л е н и н, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды, 55 томдық, Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1976.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 13. Май — сентябрь 1906.
632 бет.

Томды баспаға дайындағандар:
И. М. Бутулова мен *В. В. Горбунов*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Н. Д. Шахновская

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Ю. Г. Никифоров

Редактор *В. Я. Зевин*

Сканерлеу: *Т.Қ. Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 12/V 1975 г. Подписано к печати 8/IV 1976 г. Формат 84×108 $^1/_{32}$—20,625+1 вкл. $^1/_{16}$ печ. л.=34,75 усл. печ. л. (32,45 уч.-изд. л.) Тираж 15000 экз. Бумага № 1. Цена 65 коп.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ 840. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли. г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.